

Батырбек МЫРЗАБЕКОВ

АМАНАТ

Роман



«Кәусар» баспасы
Нұр-Сұлтан – 2020

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84(5 Қаз)

М 18

*Роман «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС-ның қолдауымен,
«Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық бірлестігінің
тапсырысымен жазылып, кітап болып шықты*

М 18 Мырзабеков Батырбек

**Аманат. Роман. – Нұр-Сұлтан: «Кәусар» баспасы, 2020. –
384 бет.**

ISBN 978-601-7875-11-4

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, жазушы Батырбек Мырзабековтің «Аманат» романына шамамен ХІХ ғасырда Ұлытау өңірінде өмір сүрген, ел ішінде «Төрт босаға» атауымен танымал болған, аймақ жұртының бейбіт, берекелі тірлігі үшін тер төккен, бірлікті, татулықты ту еткен Сандыбай батыр Төлекұлы, Қадір би Түрікпенбайұлы, Шегір би Шалабайұлы, Бабыр би Бөкеншіұлы мен Ерден батыр Сандыбайұлы сияқты тарихи тұлғалардың тағдырлы өмір жолы мен сол кезеңнің қилы-қилы оқиғалары арқау болады. Роман оқиғасы негізінен кейіпкерлер туралы ел ішінде айтылып жүрген ауызша деректер мен тарихи оқиғаларға негізделген.

Шығарма көпшілік оқырманға арналған.

ISBN 978-601-7875-11-4

© Мырзабеков Б., 2020

© «Кәусар» баспасы, 2020

БІРІНШІ БӨЛІМ

БАҚАН ТАҢБАЛЫ ЕЛ





Ауылдарынан ертелете шыққан екеудің жүрістері суыт. Түрлері суық. Екпіндері қатты. Бірінен бірі оза түсіп, аттың басын тартпай, шамасы келсе бірінен бірі ұзап-ақ кеткісі келеді. Бірақ екеуінің де аттары жарамды. «Ерте шапса, кешке озған» дегендей, алдына қара салдырар емес. Қалай болғанда да, ретін тауып, озып кетудің қисынын келтіре алмаған сіліңгір қараторы жігіт, біраздан кейін атының жүрісін баяулатып, «Осы сен-ақ бірінші болып бара бер» дегендей, тізгінді тарта бастады. Алғашқыда дес берместей көрінген оның аяқ астынан шегіншектей қалғанын түсіне алмай қалған боз аттылы да «Қой, болмас» дегенді іштей айтып, кілт тоқтады да:

– Әй, Тоқтарбай, не, бармайын дедің бе, ә? – деп мойын бұра қарағанда ол:

– Неге бармаймын, барамын. Тек саған айтарым мынау: үш жүзге аты шыққан бағаналы Өтебай бидің немересі Қадір бидің шешімінен кейін де «Жоқ, болмайды» деп тағы да дау қуатын болсаң, мен осы жерден кейін қайтамын. Осыған тұрсаң, әрі қарай жүремін. Әйтпесе...

– Әйтпесе немене, маған сен бірдеңе істей аласың ба?

– Әне, айттым ғой. Сенің іздегенің – дау. Ал менікі – әділдік. Әйтпесе, өзіміз-ақ бітіре салсақ болмас па? Айтшы құдайшылығыңды. Бидің алдына барып, ұятқа қалып жүрсек, бізге, екеуімізге лайық па? – дегенде, боз аттылы кілт тоқтап:

– Әй, сенің сөзіңнің жаны бар. Екеуімізге де «Сенікі жөн», «Сенікі жөн» деп, бізді шаптан түртіп жібергендерге, әрине, қызық керек. Рас, сенің ойыңа қосыламын. Бірақ «Биге барамыз» деп шығып қалдық, оны не істейміз?

– Е, оның жарасы жеңіл. Екеуіміз бітиссек, басқаның бізде несі бар? «Өлетұғын тай үшін, көшетұғын сай үшін» таласқандар аз емес. Мен жеңілдім дейін. Ақ байталды сен-ақ ал. Соныменен бітисейік.



– Жоқ. Мен байталға қызыққаным жоқ. Екеуміздің араздығымызда бір тай әрі-бері жүрер. Өзінде қала берсін. Маған берсең, мен оны саған сыйладым. Осыменен бітісейік, – деп, ауылдан бір тайға бола таласып шыққан Тоқтарбай мен Сәдір екеуі лезде мәмілеге келіп: «Енді не болса да, бидің өзіне барып, сәлем бере кетейік», – деп шешті.

Ауылы аралас жатқан таманың бұл екі жігітінің: «Арнайы сәлем бере келдік», – дегенін естіген Қадір би оларды күтіп, кетерлерінде: «Өздерің бітискен екенсіңдер. «Береке – бірлікте» деген. Жолдарың болсын!» – деп шығарып салды. Былай шыққан ол екеуі де: «Япырай-ай, мынау «Қадір би, Қадір би» дегенге егде тартқан кісі десем, уылжып тұрған жап-жас екен-ау. Шіркіннің-ай, ә, түсі жылы, сөзі жатық, лебізі майда. Екеуміздің даумен келгенімізді ол қалай біліп отыр? Әруағы басым екен», – деп ауылдарына барғанша ауыздарынан бір тастамады.

Ауылдағылар өз билеріне: «Сен анаған тартасың, сен мынаған бұрасың», – деп сенбей, Қарабала Қадір биге жүгінуге кеткен екеудің елге жарқылдап, түк болмағандай күліп келгенін көргенде: «Апыр-ай, заманында бір бағаналыға ғана емес, Орта жүзге билік айтқан Өтебай бидің орны құр болмады. Өтебайдың орнын оның ұлы Түрікпенбай жалғастырған болса, енді Түрікпенбайдың Қадірінің де даңқы өсіп тұр», – деп, әділдікпен танылған билердің жалғасқан жақсы істерін тілдеріне тиек ете айтты. Бұлар сонда-ақ: «Бағаналының бір босағасын ұстап тұрған Қадір бидің кемел күндері алда», – деп бір қайырған.

Өтебайдың үлкен ұлы Түрікпенбай «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» дегенді алға ұстап, әкесінің жолынан жаңылмаған. Сол әділдіктің туын енді оның баласы Қадір би де тік көтергендей.

Өз заманында тұтас Орта жүзге билік айтқан бағаналы Қарабала Өтебай бидің арты құр емес. Арғы атасынан бері жалғасқан биліктің ұшы Түрікпенбайдың үлкен ұлы Қадірге келіп тұрақтағандай. Бала кезінде-ақ оның айтқаны әділ, шешкені шындық болып, тұтас бағаналы былай тұрсын, ауылы аралас,



қойы қоралас, төскейде басы қосылған арғын мен қыпшақ та, қоңырат пен керей-уақтан да: «Уа, Қадір би, өзіңе арнап келдік», – дегенде: «Мен шындықтың жағындамын. Менің туысым – шындық. Осыған тұрсаңдар қалыңдар, оған шыдама-саңдар мені де, өздеріңді де бос әурелемей қайта беріңдер», – деуден танбаған. Турашылдығына тәнті болғандардың талайы: «Шіркін-ай, ө! «Шөп те шығатын жеріне шығады» деген. «Қу тақырға қақ тұрмайды» деуші еді. Қарашы мына құданың құдіретіне, Қарабала Өтебайдың әруағының Қадірге келіп қонуын», – дегенді сүйсіне айта бастаған.

Жас та болса, елге бас болып, бағаналыдай байтақ елдің бір билігін қолына ұстаған Қадір бидің ақылы мен парасаты, әділдігі мен турашылдығы жайлы тараған әңгіме қайда барса да, оның алдынан өзінен бұрын шығып, «Қарабала Қадір би келді!» деген сөздің сүйіншілей айтылатынына алғашқыда Қадірдің өзі ептеп қысылатын. Бірақ кімнің аузына кім қақпақ болған? Әсіресе, қыз-қырқын, жігіт-желеңнің арасында «Қарабала Қадір би – осы» дегенді біріне-бірі дауыстай айтып жатқанда екі бетінің ұшы қызарып кететін-ді.

Өлгі «Үш күннен кейін тозаққа да үйренесің» дегенді қазақ біліп айтқан ғой. Кейінгі кезде оның да құлағы «Қадір би», «Қадір би» деген қошеметті ести-ести оған да үйреніп, келе-келе оны енді тіпті елемейтін де болған. Бірақ бұл жолы ол, қалай дегенде де, тіптен үнсіз қала алмады. Жасынан тай-құлындай тебісіп бірге өскен досы әрі құрдасы, Асан атаның баласы, Жақсылық ұстаның немересі Сарт пен бекболат руының бетке ұстар белдісі әрі сөз ұстар шешені Қабылан құрдасы екеуі бұған:

– Мынау қоңырат ағайындарда үлкен бір той болады екен, соған барайық, – деп екі жақтан қолқа салды. Бұл екеуіне де:

– Оу, сендердің айтып тұрғандарың кімнің тойы, не той? Танымайтын, білмейтін жерге не деп, қалай барасыңдар? – деп көздің қиығын тастай қарағанда:

– Оу, сен де айтады екенсің ғой. Ортамызда Орта жүзге билік айтқан Өтекенің немересі Қадір би тұрғанда бізді кім танымайды? Кім білмейді? Сауын айтып, «Келіңдер, бәйгеге ат-



тарың болса, әкеліп қосындар» деген хабарды жалпақ жұртқа жариялаған солардың өздері емес пе, – деп, қос құрдас бірін-бірі қоштап, мұның дегбірін алған. Алғашқыда «Ойындары шығар, мені сөйлеткісі келгендері ғой» деген. Енді байқаса, жоқ, қайта алдын ала келісіп, енді мұның мойнын ешқайда бұрғызбай, тойға топ еткізіп алып барулары ғана қалғандай. Көңілдері қалмай қатар өскендердің «Бармаймын» десе жабырқап қалатынын ойлағанда «Қой, екеуі де мені арқа тұтып тұр-ау» дегенге тоқтаған. Мұның жауабын күтіп тұрған екеуіне бірдей:

– Ал, жарайды, барайық, тек тіке барып, тіке қайтайық, – дегенде Сарт:

– Қадеке, осы жолы Торықасқаны алып барып, «Бағаналы Қарабала Қадір бидің тұлпары» деп бәйгеге қоспақ ой бар. Оған сізден кедергі болмас, – дегенде бидің айтары қалмағандай аңтаң қалыпта тұрып:

– Оу, ол қалай? Бәйгеге ат қосу оңай емес қой, – деп шыр ете түсті. Оның енді болмаса «Жоқ, мен бармаймын» дегенді тақ еткізерін іші сезген Қабылан:

– Қадеке, Сарттың бетін қайтармаңыз. Рас айтамын. Аты жүйрік. Барайық, – деді. Оның «Барайық» дегені тым салмақты естілді. Енді еш амалы қалмағандай болған Қадір би:

– Онда кеттік ендеше! – деп келісімін берді.

Айтса айтқандай-ақ екен, келгендерді қарсы алып жүрген асаба «Бағаналы Қарабала Қадір би келді!» дегенді ауылының үлкендеріне заматында-ақ жеткізіп үлгерді. Сол-ақ екен, әлеңкедей жаланған жігіттер бұлардың аяқ-қолын жерге тигізбей күтіп алып, арнаулы тігілген бөлек үйге орналастырды. Артынша қоңыраттың бар тірлігін өз қолына ұстаған Абақ төренің өзі келіп, сәлем беріп, олармен бірге отырып, табақтас болып: «Ертеңгі бәйгеде жолдарыңыз болсын», – деген тілегін білдіріп кетті.

«Бәйгеге Қарабала Қадір бидің Торықасқасы да қатысады» дегенді естіген сыншылар мен қызығушылығы басым ат қосушылар: «Атты көрейік», – деп келгіштей бастады. «Біреудің сөзінде, біреудің көзінде сұқ бар», – деп Сарт атты жабулап,



оларға көрсетпей, бөлектеу ұстап, маңайына ешкімді жолатпай: «Ертең бөйгеге келіңдер, – деп шығарып салып жатты.

Ат бөйгесі қашанда айғай-шу мен қиқуға толы. Бұл жолы да алысқа айдалған аттардың келуін күткендер енді бір сәтте: «Әне, әне, алды көрінді!» – деп гу-гу ете қалды. Алысқа көз тіге тесіле қарап тұрған Сарт сәлден кейін: «Әне, Торықасқаның маңдай қасқасы көрінді. Бірінші келді!» – деп Қадірді мәреге қарай тарта жөнелді. Онша-мұншаға елең ете қоймайтын Қадір бұл жолы мәреге қарай бет алды. Шанды бұрқыратып, алыстан ағызып келе жатқан жүйріктерді қолпаштап, алдынан айғайлап, шуылдай шыққан көптің қарқыны қатты. Атқа мінген асабаның ащы айғайы ғана жұрттың бетін қайтарып, сабырға түсіргендей.

Әне-міне деп әупіріммен тұрғандардың қай-қайсысы болса да өз жүйрігін көргісі келеді. Қадір би де екі құрдасының: «Келді, келді, енді не болар екен?» – деп үлгергенін, құлақ тұндырар шудың арасынан мәреге жеткен жүйріктің үстіндегі баланың: «Бағаналы! Қарабала Қадір би!» – деп бар даусымен даланы жаңғырта айтқан үні манадан бергі барлық дүбірді басып кеткендей. Кең даладағы тұнық ауада баланың айтқан «Бағаналы! Қарабала Қадір би!» деген бір ауыз сөзі аспанда қалықтап, шарықтап, шырқалып тұрып алғандай. Естігендердің бәрі де сол сөзді дауыстай қайталап, біріне-бірі: «Бағаналы! Қарабала Қадір би!» – деп айғайлап айтып жеткізіп жатыр. Мынадай қалың нөпірдің арасынан елінің, жерінің аты аталып, оны естігендер іліп ала қайталай айтып жатқанын естіген бидің көңілі кәдімгідей-ақ босап, толқып: «Е, Алла, шыныңмен бер! Елімді аман, жұртымды тыныш ет!» – деген тілегінен жаңылмай, дұғасын оқып, он сегіз мың ғаламды жаратқан жалғыз хаққа тәубә етті.

Бас бөйгеге тігілген екі үйір жылқыны алған Сарт:

– Құрдас, мынау – жүйріктің табысы, – дегенде ол:

– Оны мына өзімізбен бірге ере келген жігіттерге қылдай етіп, теңдей бөліп бер, – деді. Өзі де «Солай болар-ау» деп ойлаған Сарт та:



– Солай деп жобалағам, – дегенде:

– Солайы солай, бірақ оны бөліп, осы жерде талапайлатпай, ауылға түгел жеткізіп, барғаннан кейін көпке көрсетіп берерсің, – деді Қадір. Оған Қабылан:

– Дұрыс-ақ, әйтсе де ертең артымыздан «Бағаналы бәйгені алып, қашып кетіпті» дегізбейік. Бүгін осындағы алтыбақанға барайық, – деуі мүң екен, Сарг:

– Ой, Қабеке, бәрекелді, менің ойымнан дәл түстің. Ел ішінде «Бағаналылар бәйгені алып, сытылып кетті» демесін. Сол дұрыс. Қалсақ, қалайық, – деп келісті. Екеуіне би бұл жолы қарсы болмады.

«Алтыбақанға Қадір де келіпті» дегенді естіген қыз-жігіттерде ес жоқ. Бәрі де атын сырттай естіп, атағына қанық болып жүрген жігіттің енді өзімен жүзбе-жүз кездесуге, сөйлесуге асыққандай. Өлгі қазақтың «Жігітті ел мақтаған – қыз жақтаған» дегендей, бұрын мұндайда елп ете қоймайтын Айсара сұлу да қыздардың «Жүр, көрейік» деген пейілдерін кейін қайтара алмады. Оның үстіне қоңыраттың игі жақсылары әлпештеп отырған қыздың туған інісі Абақ төре «Бәйгенден Қарабала Қадір бидің аты бірінші келіп, бас бәйгені жеңіп алды» деп биді өзінің көзімен көргенін әңгімелеуі, «Оның бойына да, ойына да бұл маңайда тең келер ешкім жоқ» деген бір ауыз сөзі де себеп болғандай.

Алтыбақан басталғалы бірнеше жұп қол ұстасып шығып, шырқау көкке тербеле ұшқанда жердегілердің қошеметінен жер теңселіп, аспанда ай дөңгелеп, жұлдыз біткен жымың-жымың етіп, жастарға тілектестік білдіріп, жарқ-жүрқ етіп, нұрын шашып, шырайлана түскендей. Жарасымды жұптардың енді бірі алтыбақаннан түскенде, топ бастап жүрген қоңырат жігіті:

– Оу, ағайын, бүгін бізде қонақ бар. Манағы бәйгеде аты топ жарған бағаналы Қарабала Қадір би ортамызда. Атам қазақ қонағын күткен. Ендеше Абақ төренің туған апасы Айсара сұлу мен Қадір биді алтыбақан тебуге шақырайық, – дегенде, манағы манағы ма, әбден-ақ еттері қызып, дуылдаған жастар:



– Жарайсың, кәне, қошемет! – дегенде кең даланы көңілді бір күй кернеп ала жөнелгендей. «Осының бәрі сенің істегің-ау, ә?» дегендей қасындағы құрдасы Сартқа бұрылып қарағанша болған жоқ, ол мұның қолынан ұстай көтеріп:

– Міне, Қадір мырза мұнда тұр! – деп, оның шегіншектенгеніне қарамай, алтыбақанға қарай жақындай берді. Екеуі алдын ала келісіп қойғандай, ана жақтан бір қыз, сәмбі талдай бұралған, қаз омырау, қайқытөс, қас сұлуды жетектей:

– Айсара сұлу да келді, – деп ортаға шыға берді.

Дуылдаған жастар қоя ма? Екеуін екі жақтап, алтыбақанның арқанына қолдарын қатар ұстатып, биікке самғатып, ырғалта тербеп, биіктен биікке серпілте, самғата көтеріп жіберді. «Қайтсек құлап қалмаймыз...» деген екеуі керілген арқаннан қыса ұстағанда, саусаққа саусақ түйісіп, өн бойларына ыстық леп оттай лаулап өртеп бара жатқандай. Тіл байланып, екеуінің көздері біріне бірі ерекше бір ықылас, пейілге толы сезіммен төне түйісті. Екеуі де ләм-лим деп тіл қатпаса да, жүрек түкпіріндегі әдемі сөзді оймен айтып, үнсіз ұғысқандай.

Алтыбақаннан кейін Айсара мен Қадірдің әңгімесі жарасып, екеуі «қашан кездесемізге» келгенде Қадір:

– Ауылға барысыменен құдалыққа кісі жіберемін, – деді. Оған Айсара қыз:

– Ол енді сіздің шаруаңыз, – деп, айтқан сөзін құптағандай болып оған наздана қарады. Қоштасарда бір-біріне: «Амандықпен жүздесуге жазсын!» – деп, тілекке тілек жалғады.

«Бағаналы мен қоңыраттар құдаласыпты» дегенді естігендер арасында «Кіммен кім құда болмақ екен?» деп қазбалай сұрап, «Қарабала Қадір би қоңырат Абақ төренің туған апасы Айсараны айттырып, енді оны алып кетуге келе жатыр» дегенді тәптіштей айтып, жаңалықты жұрттан бұрын білгенін кәдімгідей-ақ мақтаныш көретінін аңғартатындар көбейді. Дегенмен де айтылған сөздің шындық екеніне көп кешікпей, Арқадағы қазақтарды былай қойып, түстік пен терістіктегілердің де көздері жетті. Бағаналылар төрт босағасының игі жақсыларын алға салып, қоңыраттардың шаңырағына ат басын



тірегенде басы айтулы Абақ төренің өзі болып құрақ ұшып, қарсы алуға шықты. Қазақы салт-дәстүрдің бәрі сақталып, ырым-жоралғысы атқарылып, Айсараны қоңыраттар құтты жеріне қондырды. Қадір бидің ақ отауына ай мен күндей, әмбеге бірдей, ақылына көркі сай Айсара сұлу: «Біссіміллә», – деп еңкейіп, аяғын сәндей басып, ақырын аттап кіре берді.

Қадірдің құрдасы әрі туысы болып, үнемі онымен бірге жүретін Сарт біразға дейін мұнда келе алмай жүріп-жүріп, бір күні «Қой, болмас» деп, есіктен аңқылдай сөйлеп, екпіндей кірді. Жайшылықта байсалды, тым салмақты Сарттың бұл ісін өзгеден бұрын Қадір түсінді. Түсінді де мырс етіп күліп жіберді. Жұбайының бұл күлкісіне таңырқай қараған келіншегі екеуіне кезек-кезек қарап, «Бұл қалай?» дегенді айтпай-ақ, көз қарасынан аңғартып өтті. Оның осы бір жымия қарағанын бос жібергісі келмегендей:

– Бағаналының бетке ұстаған белгілі биін тұтқыннан босатып алуға келдім, – дегенде, Айсара:

– Бостан-босқа босата салмаймын. Төлеуіне не бересің? – деді. Сарт:

– Осы жолы бірге баруға жіберсең, келесіде мазанды көп алмауға уәде берейін, – дегенде Қадір би оған құшағын ашып:

– Әй, қайран құрдас-ай, мені сен іздеп келмесең, кім іздейді, кім мені босатып алады деп едім, келші бері, ризамын, – деп қаусыра құшақтап, жарқылдап күліп, жайнап сала берді. Қадір биге келген шаруасының жобасын айта бастағанда, екеуінің сөзіне бөгет болмайын дегендей, сыртқа беттей берген Айсараға:

– Күйеуіңді алысқа алып кеткелі келді деп өкпелеп барасың ба? Отыра бер. Құпия жоқ. Мына өзіміздің шағатай Әйтiмбет бай той жасап, бәйге жариялап жатыр. Соған бірге барайық деп Қадекеңе келдім. Бәйгеге Торықасқаны қоссам деген ой бар еді, – дегенді баппен, байыппен айтып шықты. Айсара да оған:

– Бұдан былай есінде болсын, жүдә, еркектің қайда барып, қайда тұрарын әйелінен кім сұраушы еді? Әлде бұл жақта солай қалыптасқан ба? Бізде ол басқаша, – дегенде не дерін білмей абдырап қалған Сарт:



– Айыптымын, айыбымды төлейін, – деді. Қадір би:

– Рас айтады, айыбың бары рас енді. Бүгін асықпай осында болып, қонып, сыбағанды жеуіңе тура келеді. Келдім-кеттім деген жоқ. Айсара қашан «Ал боссың» дегенше осындасың. Бұл бірінші айыбың болар, – дегенде, Сарт:

– Оу, қара қылды қақ жарған Қарабала Қадір би, «Тура биде туған жоқ» деуші еді, бірге туған асан-шұңғырдан да қасыңда жатқан қатын жақын, соған бұрып жіберген жоқсың ба? – деп зыр-зыр еткенде, Айсара:

– Әне, көрдің бе? Би қайта саған болысып, айыбыңды жеңілдетті. Менің билігіме салсаң, осы жаздан қалмай үйленуіңді міндеттер едім. Көрдң бе, туысым би деп жеңілдетіп бергеніне де риза болмай тұрғанын, – деді. Әңгіменің астарын түсінген Сарт сөзді одан әрі созбай:

– Мақұл, болды. Осы жаздан қалмай біздің үйден де бір ақ жаулықтының қолынан дәм татарсыздар. Бұл әлгі айыбымың өтеуі болсын, – деп жуып-шайған болып, Қадірге қарағанда ол үнсіз жымиып, басын изеп құптағанын білдірді.

«Уәде – құдай аты» деген қазақ. Сарт та айтқан сөзінде тұрды. Кешікпей отау көтеріп:

– Екеуіңнің алдыңдағы айыбымды өтедім, – деп жайнаң қағып, жадырап, жайнап келгенде Айсара да:

– Жігіт деген осындай сөзінде тұруы керек. Айттың, орындадың. Енді бұдан былай биді қайда алып кетсең де мұның қалай демеймін, – деп, ойын-шыны аралас, әзілін астарлай жеткізді.

Қадір бидің құрдасы әрі туысы, асан-шұңғырдың мықтысының бірі, білгірі, атбегі атанып, елге танылып қалған Сарттың да осылайша аяғы тұсалып, енді бұрынғыдай емес, ауыл арасындағы болмаса, «Ана жақта бәйге бар екен» деп еңтігіп жетуді де азайтты. Бірақ Қадір би ешкімге де ескертпестен, қасына атқосшы Жолдаяқты да ертпестен, жалғыз өзі: «Жыланды өзенінің бойындағы құрдасымның халін біліп қайтайын», – деп таң ата атқа қонған. Оның себебі де бар. Бірде Сарт бұған: «Әлгі біздің үйдегі «Осы сен қит етсе құрдасқа барамын, құрдасыма кеттім дейсің. Сол құрдасың осында келетін жолды біле



ме, әлде біреу оны жетектеп келуі керек пе?» деп екі қайтара айтты. Мен оған не дерімді білмей, тұңғыш рет әйелдің алдында тұтылып қалғаным», – деп қарқылдай күлген. Ойын сөзге салса да, ойындағысын айтқанын Қадір ұққан. Ұққан да: «Жә, бір қисыны келер. Көп адам ертіп, әбігерге салмай, жалғыз өзім бір барамын», – деген. Міне, енді соның реті келгендей.

Ауылдан ертелете шығып, Сарттың үйінің алдына келгенде күн бесінге ауа бастапты. «Құрдас келді!» – деп екеуі де қалбақтап қарсы алды. «Мал соямын», – дегеніне бұл: «Жо-жоқ. Оны кейін, Айсараны алып келгенде соярсыңдар. Мен, әншейін, жол-жөнекей өтіп бара жатып, соға кетейін дегенім», – деп қаймақ құйған қою күрең шайды мейірлене іше бастағанда Сарттың келіншегі де қарап отырмай:

– Құрдас-ау, біздің үйге дұрыс келдіңіз. Келген екенсіз, мына шаңырағымызға бір көз сала кетіңіз, – дегенде Қадір би түндіктің ескіріп, шұрық-тесік болып, арғы жағынан жылтырап күн сәулесінің шашырай түскенін көзі шалды. Құрдасының әйелі нені меңзегенін заматында-ақ түсінді. Түсінгені сол:

– Құрдас, – деді ол, Сартты өзіне қарата сөзге тартып. Оның жайдан-жай бұлай демейтінін білетін Сарт оған жалт қарады да:

– Тыңдап отырмын, – деді.

– Тыңдасаң да, тыңдамасаң да, саған айтарым бар, – деп Қадір де сөзін бастап кетті. – Сәке, – деді.

– Әу.

– Әлгі жүйрігің бабында ма?

– Е, әрине, бабында. Керек болса, қосымша терін алып, баптаймыз.

– Оған қанша ай, қанша күн, әлде қанша жыл керек?

– О не дегенің? Бір бес-он күнде түлеп шыға келеді. Қазірдің өзінде де жарау тұр. Күтімі мен бағымы келісті, бабында кемдік жоқ. Бәйгенің аты шығып тұрған жер бар ма еді?

– Бар. Жүйрігіңді баптап, дайындала бер. Өзім хабар айтқанда атқа шабар балаңды және Торықасқаны алып шыға берерсің. Баратын жерді сонда айтамын, – деді де үнсіз қалды. Бұл – оның «Осымен сөз бітті» дегені.



Қадір бидің сөзінен «Алда аламан бәйге болады. Соған дайындал» дегенді ұққан Сарт құрдасы сол күні-ақ жүйрігін ерекше баптауға кірісіп, ащы терін бірнеше рет алып үлгерді. «Кел» деген күні жолға шықты. Бидің өзі күтіп алып:

– Ал, қайда барамыз деп сұрамайсыз ба? – деді. Мұның жауабы да қысқа екен:

– Несін сұрайын? Өзің білесің. Бастап жүре бер. Біз ере береміз, – дегенінде, Қадір:

– Жә, іргедегі Сарысудың бойындағы Кіші жүздің тамалары «Үлкен ас беріледі» деп маған хабар айтқан. «Бәйге атыңызды ала келіңіз» деген. Қайдан білсін олар, аттың өзі сенікі, атағы менікі екенін. «Қарабала Қадір бидің Торықасқа тұлпары да келеді» деп күтіп отырған шығар. Барайық. Көрейік. Содан кейін саған алдын ала айтып қоятын бір шартым бар, сен соған келісетін шығарсың? – деп Сартқа атының тізгінін тарта қарағанда ол еш мүдірместен:

– Қай шартың болса да мен дайын екеніме шәгің бар ма? – деп, сауалына сауалмен жауап қайырды. Оның дәл осылай дерін күн ілгері біліп тұрғандай би:

– Олай болса, осы жолы Алла қалап, бәйгеден атымыз келсе, олжаны бөле-жармаймыз.

Басқа-басқа, дәл Қадірдің аузынан мұндай «Олжаны бөлмейміз» дегенді естимін деп әсте ойламаған ол:

– Сонда не? Бұрынғыдай ортаға шығармаймыз ба? Қалай болғаны сонда? – деп таңырқай қарады. Оған Қадір би мырс ете күліп:

– Иә, бір-ақ адам алады, – деп жауап берді.

– Бір-ақ адам болғаны қалай, оны кімге бермексің?

– Оны ма, мен білетін бір-ақ адам алады.

– Кім сонда, көздегенің бар ма?

– Бар.

– Ол кім сонша, үлкен олжаға бір деннен күмп ете қалатын?

– Оны әзір айтпаймын. Әуелі атымыз озып келіп, содан кейін оны кімге беретінімізді білесің. Келістік пе осыған?



– Келістік, келістік. Өзің солай десең, әрине, тек «Сол сізден олжа алатын жан кім екен?» деген сұрақ көңілді мазалап тұрғаны.

– Оған еш алаң болма. Торықасқа озып келсін де, алдын ала олжаны бөліскен де жөн бола қоймас. Әлгі, түлкіні қуып келе жатып «Сырты мұның табылды, іші қайдан табылар?» деген аңшыға жолдасы «Әй, қойсайшы, әуелі жеттің де, ұрғаның қалды ма?» дегенін естіп пе едің?

– Ие, ие, естігенмін.

– Естісең сол, соларға ұқсап, атты қоспай тұрып, бәйгесін бөліспей-ақ қояйық. Дегенменен де ақ тілеулі ниетті де жасырып қала алмаспыз. Алдағы бәйгенің олжалы болғанын тілей бер, – деді де, атын сипай қамшылап, алға озып жүре берді.

Ас беруші Сарысу бойындағы тамалардың дайындығы таңғаларлықтай-ақ екен. Келген меймандарды арнайы тігілген үйлерге түсіріп, аттарына айрықша жағдай жасап қойыпты. «Бағаналы Қарабала Қадір би Торықасқасын әкеліпті» деген сөз де бұлар келгенде осындағылардың бәрін елең еткізді. Бұрындары да ат қосып, әбден сырын алып қалған Сарт жүйрігінің тұла бойын тұяғына дейін қымтай жауып, жабуының бауын тізбектей түйіп, сырттың сұқ көзінен сақтаудың бар амалын алдын ала жасап қойған. «Бәйге атын көрейік, биге сәлем берейік» деп келгендерге «Ат тынығуда, би мына жақта» дендер», – деп жігіттерге қатаң тапсырған. Сарттың мұндайда бетіне ешкім де қарсы келе алмайды. Жайшылықта жадырап, күлімдеп тұратын жанары түйінді істің түбірін түгендей келгенде от шашып, тік қарағанды жалынға орап, өртеп жіберердей өткірленіп кетеді. Ондайда оған ешкім де қарсы келіп, «Мұның не?» дей алмайды. Оның осындай бір өткір де шалымдылығына Қадір би кейде риза болып: «Мынандай ірі, алып тұлғаңмен сен ашу шақырып, зор даусың шыққанда көл шайқалып, тау теңселіп кететіндей. Байқа, даусыңды сәл бәсеңдетсең де жарар. Әйтпесе, біреудің екіқабат әйелі бала тастап, құн төлеп жүреміз», – деп әзілдеп алатын. Оған ол не былай, не олай демейді. Оның бұл әзіліне жауап та қатпай, ойына алған шаруасын күйттеп кете



беретін-ді. Бұл жолы да сол бетінен қайтқан жоқ. Әсіресе: «Бидің тұлпарын көрейік», – дегендерге: «Онда ертең ат бәйгесіне кел. Бәйге ертең, бүгін емес», – деп дік еткізіп, төбеден қойып қалғандай жауап бергенде, не істерін білмей, дабдырап қалғандар: «Иә, жарайды», – деп кейін шегініп кетеді. Сартқа да керегі сол. «Тек ертеңгі бәйгеге дейін атты сырт көзден тасалау ұстасам болды» дегеннен ол таймайды.

Түн баласына атты күзетіп, құс ұйқылы қалпында, таңды кірпік ілмей қарсы алды. Құрдасының бірбет, қайратты мінезіне Қадір би әр кезде де сүйсініп: «Осындай алып адамға аз ұйықтаған жарасады. Ал алыптар ұйықтаса, апталап жатып алады. Ұйқы – дұшпан, ұйықтама», – деп талай рет оған қалжыңын көлденендете тастаған.

Алыс-жақыннан жүзге жуық жүйрік қосылған бәйгеден бағаналы Қарабала Қадір бидің Торықасқасы бірінші келгенін естігендер: «Уай, бұл әруақ қонған жерге дау жоқ екен ғой, шашасына шаң жұқпайтын шын жүйріктердің біразы бәс тігіп еді, қалды ғой шаң қауып», – деп, Қарабала Қадір бидің дауға түссе жеңетінін, бәйгеге ат қосса озатынын, арғы атасынан бері үзілмей жалғасқан берекелі құттың, басқа қонған бақтың таймағанын ду-ду сөз етіп жатты.

Бас бәйгеге тігілген нар бастаған отыз түйе мен отыз құндызды алған бағаналылар жігі бұзылмай ауылға қайтқанда, жолай Қадір би ешкімге ештеңе деп тіс жармады. Бұрындары мұндайда: «Ал жігіттерге олжаны теңдей бөліңдер», – дейтін. Бұл жолы олай емес. Онысына ешкім де «Оу, бұл қалай?» демеді. «Бидің өзінің бір білегіні бар шығар» деген ойға бәрі де бекіген.

Десе дегендей-ақ. Ел шетіне келгеннен кейін Қадір би атының басын іркіп, соңындағыларды күтіп алып, Сартты:

– Бері кел, – деп жақын тартып, қасына шақырып алды. Қасына елпілдей келген оған күлімсіреп: – Уай, құрдас, бас бәйгені алдық па? – деді. Оның не айтысы келіп тұрғанын толық әлі түсіне қоймаса да, ол да:

– Алдық, алдық, – деді.



– Өткенде ауылдан шығардағы жолда менің айтқандарым есіңде болар?

– Есімде, есімде.

– Есіңде болса, осы жолы бәйгені қалай бөлеміз деген едік?

– Құрдас-ау, бұл жолы бөлмейміз, бір-ақ адамға тиесілі демеп пе едің?

– Дұрыс-ақ. Ұмытпаған екенсің. Ендеше, кәне, жігіттер, түгел құлақ салып тыңдаңдар. Менің мынандай ойым бар.

– Айтыңыз.

– Айтыңыз.

– Айтсам, осы уақытқа дейін Торықасқа бес рет бас бәйгені жеңіп алыпты. Рас па?

– Рас.

– Рас.

– Рас болса, осы жолғы бәйгеге алынған нар бастаған отыз түйе мен отыз құндыз түгелімен, еш бөлініп, бөлшектенбестен, аттың негізгі иесі Асан атаның баласы, Жақсылық атаның немересі, менің бір жылғы туған құрдасым, аталас туысым Сартқа бұйырсын. Мен солай ұйғарып тұрмын, – дегенде, «Бұл не айтар екен?» деп құлағын тосып тұрған Сарт:

– Оу, құрдас, биеке, – деп оған әлдене айтқысы келіп тамағын кеней беріп еді, Қадір би:

– Немене, менің билігіме көңілің толмай тұр ма? – дегенде ол кілт тоқтап:

– Жо-жоқ. Келістім. Болсын солай, – деп ыңғайына тез жығыла қалды.

Қадір би өзгелерге де естірте:

– Құрдас-ау, сен де бүгінде атың алысқа кеткен ердің бірісің. Сенің де артыңда Асаннан, Жақсылықтан тараған бір қауым ел тұр. Оның бер жағында, ертең біреу-міреу «Қадір бидің құрдасының үйіне түсейік» деп ат басын тіресе, «Анау ескірген туырлықты жаңалай алмаған бұлардың елдігі қайда?» деп, саған емес, маған мін тағар. «Елім, елім» деп қолда барыңды ортаға салып, шашып келесің. Дұрыс дейік оныңды. Енді үй-жайыңды да бір ойлап қой. Анау балаларың «Әкеміз бізге не қалдыр-



ды?» деп жүрмесін. Бұл бәйге ырысыңды молайтып, керегеңді кең етіп, туырлығыңды жаңалап, дастарханыңды майлы, балаларыңды малды етуге жол ашсын, – деп, бетін сипап батасын берді. Бұған бекболат руынан Қабылан бастап келген басқалары да:

– Әумин! – деп қосылды.

Құрдасының бұл ұсынысынан Сарт шыныменен де бас тарта алмады. «Жә, аузы дуалы, айтқаны айдай келетін, әруақты азаматтың дегені болсын» деп, ол ризалық пейілімен құрдасына:

– Енді үйге жүрсейші, – деді. Ол:

– Жоқ, оған ренжіме, асығыс бір шаруам бар, ертең бір дауды қарайтын едім, – дегенінде құрдасы:

– Жә, одан да анау Айсараға асығамын десейші, – деп жымың етті. Оның сөзін жауапсыз қалдырғысы келмеген Қадір би:

– Жо-жоқ. Олай деме. Ауыл арасының дауын қарап болып, одан кейін, Сандыбай батырдың сырқаттанып жатқанына көп болған, соған Шегір мен Бабыр үшеуміз бірге баруға уағдаласқанбыз. Соған барамын, – деді.

Ауылдағыларға Қадір бидің тамаларға барып, бәйгеге нар бастаған отыз тайлақ пен отыз құндызды олжалап, оның шып-шырғасын шығармай Сарттың өзіне беріп: «Алдымен шаңырағыңды көтеріп, түндігінді бүтінде. Одан қалды, үйірлеп жылқы, келелеп түйе, отарлап қой өсір. Ақ орданың іші жанға, сырты малға толсын!» деп батасын беріпті» дегенді қалың елге соққан жел жеткізгендей. Олардың сөзін құлақ түре тыңдаған Қадір би: «Ойпырмай, бұл даланың желі сөйлеп, көлі көріп, ұшқан құсы сайрап, не болып, не көргенін өзіңнен бұрын үйіңе жеткізерін бұрын қалай байқамағанмын? Әлде байқасам да назар салмаған шығармын. Қалай біліп отыр бұл ел?» – деп аң-таң қалды.

Ауылына кештете жетті. Жетісімен Қадір қасындағы атқосшысы Жолдыаяққа: «Арзықұлды шақыр», – деп, оны жұмсап жіберді. Туған інісі Арзықұл да ағасы келсе алдымнен өзін іздейтінін біледі. «Келді» дегенді сырттай естіген бойда атына мініп, ағасына қарай келе жатқан. Жолдыаяқты жолай жолықтырып:



– Ал ендеше жүріңкіре. Бой қыздырып алайық, – деді де, өзі атына қамшы басып, шаба жөнелді. Шауып отырып екі белден өткенше қалыспай ілесіп келе жатқан Жолдыаяқты Арзықұл тосып алып:

– Жолкен, осы сен Қадірдің баласымын дейсің. Сол рас па? – деді. Ол да атының басын ірке тартып:

– Көке, не, күмәнің бар ма? Рас, туған әкемнің аты – Қыдыр, руым – қарабала. Ес білгелі Қадір бидің қасындамын. Кішкентайымнан оның атын ерттеп, еріп келемін. Өзің айтшы, қаншама жыл, күндіз-түні қасында жүріп, сарқытын ішіп, бір сөзін екі етпеген мен оның баласы болмағанда кімі боламын, ә? Айттыңызшы, қай баласы мен інісі мен сияқты кебісін дайындап, кесесін алып беріп жүр екен? Анау ауылнай енді «Кім кімнен туды?» деп жазып жатыр деп естідім. Өзім болысқа барып, «Жолдыаяқ – Қадір бидің ұлы» деп жаз дедім. Дайын болғанда қолыма алып, басқадан бұрын, аға, сізге көрсетемін, – дегенде Арзықұл әрі қарай оны сөйлетпей:

– Болды, болды. Жолкентай, болды. Мен жеңілдім. Сен жеңдің. Айыбыма ат-шапаным дайын. Өз қолыммен алып келемін. Тек мұны би ағама айта көрме, – деп шыр-пыры шықты.

Ағасының шын көңіліне риза болған Жолдыаяқ:

– Айтпа дейсіз. Айтпайын, сонда әлгі шапаныңыз бен атыңызды қайтеміз? Ат мініп, шапан жамылып шыға келсем, әкей «Мұны кім берді, пара емес пе?» десе не деймін? «Арзықұл ағам айыбына берді» дейін бе, ә? – деп оны тұқырта түсті. Жолдыаяқтың мынадай ділмар, мұндай шешен деп ойламаған Арзықұл:

– Ойпырмай-ай, «Сынықтан өзгенің бәрі жұғады» деп қазақ қалай біліп айтқан? Қойдым, қойдым. Енді екінші қайта алдыңнан кесіп өтпеспін. Мен тағы да жеңілдім, – дегенде Жолдыаяқ:

– Аға, жеңілген жоқсыз. Жеңілдеп қалдыңыз. Ойыңыз серпіліп, бойыңыз жазылып, шауып қырға шықтыңыз. Енді аттың басын тартып, ауылға ақырын аяңдап барайық. Әйтпесе, ағам «Бұл не дүрбелең?» деп далаға шықса, алқынып тұрған бізді



көріп, «Ең болмаса ана атты аямайсыңдар ма?» деп қабағын кіржің еткізерін білесіз бе? – деп, Арзықұлды өзінің айтқанына лезде көндіріп, ыңғайына жығып, атын аяңдата түсті. Жолды-аяқтың сөзінен мін таба алмай, «Апыр-ай, бидің қасына бос адам ермейді. Мұның осындай қасиеті бар болғаннан кейін ағам қалдырмай, «ұлым» деп еркелетеді екен-ау» деп, тұңғыш рет көріп тұрғандай оған сұқтана әрі сүйсіне қарады.

Арзықұл келісімен ауыл-аймақтың бар жаңалығын одан тәптіштеп, өзі жоқта мұнда кімдер келіп, кімдер кеткенін сұрағанда ол:

– Аға, бәрі де тыныш, тек әлгі жайылымға таласып, дау қуып жүрген ағайынды екеуі кешеден бері екі рет келіп кетті, – дегенде:

– Оларға мен бүгін келуді айтып едім ғой. Олары несі, ерте келіп? – дегенде Арзықұл:

– Кеше бесінге қарай екеуі бірге келіп, маған «Біз бидің алдына бармай-ақ келістік. Елден ұят болатын болды. Дала кең, жайылым жетер. Оның артындағы әңгімеден үйірлі жылқыны беріп құтыла алмаспыз. Кейінгі ұрпаққа «Ол екеуі кезінде жайылымға таласқан» деген ат қалмасын деп шештік. Енді биге көрінуге бізде бет жоқ. Ат-шапан айып – бізден. Соны биекеңе жеткізіңіз. Оның алдына келе алмаймыз» деп кетіп қалды.

– Е, кеш болса да ақылдары кірген екен. Дұрыс болған. Асылы, ағайын арасында, оның ішінде бір туған жанға дау қуған жараспас. Ол – дінге де жат. Дұрыс болған екен олары, – деп, иығынан ауыр бір жүк түсіргендей Қадір би жеңілдеп қалды да, келесі сөздің ретіне орай:

– Бабыр мен Шегір би екеуі «Көп болды, Сандыбайдың ауылына барып, оның көңілін сұрамадық. Бірге барайық» деген еді. Келіскенбіз. Мен ертең таң бозынан жолға шығамын. Оны саған ауызба-ауыз айтып тапсырайын дегенмін. Оның сыртында, ел ішінде «Сандекемнің сырқаты ауырлап, жүріп-тұрудан қалды. Басында молда дем салып отыр екен» деген сөз де гулеп кетті. Кім біледі? Егер біз тілдесе алсақ жақсы. Ал барғаннан кейін, қайтыс болса, саған арнайы тапсырма сол – батасына



жол-жоралғысын жасап, осы елдің игі жақсыларына хабар салып, жедел жетерсің. Сол үшін апаратын кәдеңді дайындап, сырттан іздетпей, солай қарай жылқыны бағыттатып жібер. Жылқышыларға адам жіберіп ескерт. Бір үйірді бөлек айдасын, – дегенде інісі:

– Елде кім-кімдерге айтайын? – деді. Оның бұл сөзіне таңырқай қараған би:

– Сен не, елдегі игі жақсылардың аттарын ұмтып қалдың ба? Жоқ, әлде «Айт дегендеріңе ғана айттым» деген сылтау керек пе? Екі мың түйесі бар Шағатай Әйтімбетке, Есалының Құлшығына арнайы сәлемімді жеткіз. Одан кейінгісін өзің білесің. Қарабала, Төртқара, Сарғалдақ болысына қарайтын мыңға жуық шаңырақ бар. Соларың ішіндегі рубасыларына арнайы адам жібер. Сандыбайдың балалары жалпы хабар айтар. Дегенменен, сен өзің біздің адамдардың тұтас баруын қадағалап, жинап алып барудың қамын осы қазірден бастап қолға ал, – деді.

Ағасының бұл айтқандарын көңіліне түйіп алған Арзықұл тапсырманы орындауға тап-тұйнақтай кірісіп кетті.

Айтқандай-ақ, Қадір би таң намазынан кейін атқа қонды. Бағыты – Сандыбайдың ауылы.

Жалғыз Арқаға ғана емес, иісі қазаққа танылған Сандыбай батырдың сырқаттанып жатқаны жайлы жайсыз хабар лезде тез тарап кеткен. Алыс-жақыннан батырдың көңілін сұрауға келгендердің шегі жоқ екен. Бірі келіп, бірі кетіп жатыр.

* * *

Үш жүздің игі жақсылары Ұлытаудың осы бір шұрайлы пұшпағы саналатын Кеңгір бойындағы келісті жердің сұлулығына таңғалып, таңдай қаққандай. Көсіле аққан Қаракеңгір мен алыстан манаурай көрінетін Арғанаты тауларының арасындағы айнадай жарқыраған Барақкөлдің бергі бетіндегі биік шоқының етегіне ел қондырған батыр, кейде ақпанның ақ боранындай бет қаратпас қаһарына мініп: «Жау қайда?!» – деп осы далада талай рет атой салған. Енді ол кез, міне, көзден бұл-бұл ұшқандай.



Төсекке таңылып жатқанына да біраз болған. Алғашқыда «Әлдеқалай шығар-ау» деп ойлағандар, келе-келе оның кей күндері сыртқа шыға алмай қалғанына да көздері үйрене бастаған. Құс жастықты жауырын тұсына тірей жатып, сәлем бере келгендерге ойындағысын айтып, бойы бір сергіп-ақ қалатын. Сондайда ойына анау бала кезінен бергі басынан өткендері тізбектеле өтіп, біріне бірі жалғаса кететін.

Бүгін түнімен көз ілмей шықты. Ойына қай-қайдағылар түсіп, мазасы кетті. Өзі ес білгеннен бергілердің бәрі де дәл күні кешегідей көз алдында. Елес пе, әлде Алланың аяны ма? Ол жағын елеп-екшеуге халі де, қабілеті де жетер емес. Көзін жұмып, сәл тыныстаса болды, сансыз суреттер сәулеленіп, санасынан саңылау таба қалады. Амалсыздан енді сол терең ойға беріле берді. Бұрынғылардың «Жас кезінде жан денеге сыймады» дейтіні рас екен. Он алтыға жасы жетер-жетпесте Қоқан хандығының әскерінің бас батыры Нұртайға қарсы шықты. Оның өзінде де бұған ешкім де «Ал, көне, сен шыға қой» деген.

«Бағаналының ханы Барлыбай Қоқанға қарсы аттанды» дегенді естіген бетте Сандыбай әкесі Төлек батырға келіп: «Әке, батаңды бер, жауға аттанайын!» – деген. Баласының тұлғасы ірі, қабағы қалың, түрі сұсты, күші қанша мол болса да, әлі де оның бұғанасы қатпаған жас жеткіншек екені айтпай-ақ байқалады. Сан жорықты басынан өткізіп, Қаракерей Қабанбаймен қаба-қатар жауға найза тіреген Төлек батыр жас баланың меселін қайтармай, «Ал жолың болсын!» дейін десе, оның уылжыған жүзіндегі шуақты нұрды көріп, өзін-өзі тоқтатып: «Әлі он екіде бір гүлі ашылмаған ұлды көпе-көрнеу ажалға айдағандай болармын» деп үнсіз отырып қалған. Әкенің қиналғанын сезген ұлы да: «Әке, батаңды бер. Атыңа дақ түсірмеймін. Ажал жетсе, үйде, отбасы-ошақ қасында отырсам да өлемін. Ал ажалсыз болсам, елге аман-есен келемін», – деп, қос алақанын алға соза, тізерлей қалған. Екінші мәрте бата сұрап, «Өлмесем келермін» дегені мұның да өзегін өртеп кеткендей.

Өзі де шайқастың түр-түріне қатысқанда өлермін-ау дегенді ойына бір алмапты. Сөйтсе, жастықтың буы тоқтатпайды-ақ



екен ғой. «Қой, болмас, бабаларымыз «Болам деген балаңның белін бу да, бата бер» дегенді бекер айтпаған шығар. Не болса да бір Алланың жазуынан асып ешкім ешқайда да қашып құтыла алмас. Баламның бетін қақпайын» деп бұл да алақанын жайып:

– Уа, болмадың-ау, балам. Балам, жауға бармас болар, барса жаудан қайтпас болар, қолға түссе, сырын айтпас болар. Балам, жаудан өлмес болар, өлсе де адамшылық арын бермес болар. Балам, амандығыңды Тәңірге тапсырдым, адамшылығыңды өзіңе тапсырдым, – деп батасын беріп, – әумин! – деп бетін си-паған.

Әкесінен бата алып, алдында кеткен Барлыбай ханның қолына келіп жеткенде екі жақ «Жекпе-жек» деп егесіп тұрғанының дәл үстінен түскен. Жау жақтан майдан алаңына шойыннан құйғандай алып тұлғалы, алтын дулығалы, қарақасқа атты қас батыр:

– Уа, қазақтар, ажалыңа асыққандарың келіңдер! Қинамай өлтірем, ха-ха-ха! – деп екіленіп, найзасын көкке шаншып, атының ауыздығын кере тартып, алдыңғы екі аяғын тік көтертіп, секіртіп-секіртіп, ойқастап жүр. Алабұртып жетіп келген жас батырдың байқағаны бағаналы жағынан әлі ешкімнің де оған қарсы шығуға жүрегі дауаламай тұрғаны болды. Үстіне сауытты киіп, атының басын жау тұрған алаңға қарай бұрған Барлыбай ханның жекпе-жекке өзі шығуға ниеттенгенін білген Сандыбай әй-шәйға қарамай: «Сандыбай! Сандыбай!» – деп, Қоқан батырының қарсы алдынан бір-ақ шықты. Бағаналылардан бәрін күтсе де, дәл мынадай көріне-көзге ажалға жас баланы жібереді-ау дегенді ойға алмаған жау батыры атының тізгінін тартып:

– Уай, қазақтар, не деген қатыгез едіңдер?! Мына сары уыз балапанды сендер аямағанда, мен аяйды дейсіңдер ме, ә?! Жоқ! Мен қазір-ақ оның басын шауып, денесін сүйретіп апарып аш иттердің алдына тастаймын! Ал ендеше! – деп Сандыбайға қарай тіке шапты. Оның әр қимылын бағып тұрған Сандыбай бетпе-бет келгенде найзасын тірей, қалқанын кейін қарай қайырып өтті. Баланың тегеурінді күшін байқаған қарсыласы «Қайтеді-ей?!»



деп қайта ұмтылғанда, оның омырау тұсына найзасын бұрын сілтеген Сандыбай, ол жалт етіп бұрылғанда шұрқылтайынан шаншыған бойы атынан аударып, әудем жерге дейін сүйретіп апарып, алмас қылышпен алтын дулыға киген басын көз ілеспес шапшаңдықпен шауып түсті де, қайтадан «Сандыбайлап», қалың қолдың алдында «А, Құдайлап» тұрған Барлыбай ханның аяқ астына:

– Хан ием! – деп, жаудың басын домалатып тастай салды. Жас баланың өз атын өзі шақырып, жаудың батырын жапырып, жеңіске қол жеткізгенге көңілі көтеріліп, көзіне ып-ыстық жас іркіле қалған хан Барлыбай:

– Уа, Алла, жаратқан! Ризамын. Уылжыған жас батыр жауымның басын шауып, алдыма әкелді. Еліне жеңіс алып берді. Бағаналы өсірген екен бір намысты ерді. Алла аузыма салған батамды берейін. Ертеңіме сенейін. Алшы түсті кенейім. Ерлігіңді жас ұлан, әкең Төлектің ерлігіне теңейін. Бағаналы – басты орда, өсе берсін мерейің. Уай, жас батыр! «Сандыбайлап» өзіңнің атыңды өзің шақырып, жауға шаптың. Аузыңа Құдай салған шығар. Бұдан былай, қарағым, руың да Сандыбай, ұраның да Сандыбай болсын! Алла бұл тілекті қабыл етсін. Әумин! – деп батасын берді.

Сол сол-ақ екен, тұтас бағаналы қолы дуылдап, әр тараптан да «Сандыбай!», «Сандыбай!» деп ұрандаған қуатты дауыстар кең даланы кернеп кетті. Бұрын-соңды мұндай дуыл мен құлақ тұндырар шуылды естіп көрмеген Сандыбайдың өн бойы қызып, алып денесі теңселіп, бір орында еркін тұра алмай, екі жағына кезекпе-кезек шайқала берді. Мұндай қошаметке бойы үйренбеген баланың дел-сал күйін аңғарған Барлыбай хан оң қолын жоғары көтере түсіп:

– Уай, сарбаздар! Бағаналы наймандар! Осыған дейін біз жауға «Қаптағайлап» шаптық. Енді мына баланың аузына Алла жаңа есім, жаңа ұранды салған екен. Төрт босағасы тең бағаналы балалары, бұдан былай қасарысқан қас жауға «Сандыбайлап» шабайық. Сонда біздің бағаналы балаларының бірлігі, батырлығы, намысы мен қайрат-жігері асып, жаудың берекесі



қашып, құты кететін болады. Сол үрдіс, міне, дәл осы қазірден бастап еншіміз болсын. Шаптық жауға! Аттан, батырлар! – деп Барлыбай хан қалың қолды Қоқан күшіне қарсы бастап шықты.

Жау жеңілді. Елге қайтарда Барлыбай ханға іш тартатын жақындарының бірі:

– Уа, хан ием, жас балаға батаңның бәрін бердің. Өзіңе де бірдеңе қалдырмадың ба? – дегенде хан атының басын ірке тартып:

– Өй, мынау не дейді, ей, ә? Оған батаны бергенім болмаса, оны бергізіп, аузыма салған жалғыз хақ – бір Алла екенін қалайша білмейсіңдер? Алла аузыма салмаса, «Ал осыны елге жеткізе айт» демесе, мен оны айтар ма едім, айтпас па едім? Бұл Алланың қалауы дейік. Ертеңгі күні осы бағаналының төрт босағасының біреуінің тіреуі де осы бүгінгі бала батыр Сандыбай болар. Бабадан қалған жолдан жаңылмай, төрт босағаның беріктігін сақтау – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасар асыл аманат. Ұрпаққа мұны кім жалғап, кім жеткізеді? Атадан қалған «Бағаналы – басты орда» дегенді ұмытпауымыз керек, – деп қасындағыға өңменінен өтетіндей етіп тесіле қарағанда, ол:

– Хан ием, түсіндім. Түсінікті етіп айттыңыз. Тек менің ғана емес, осы кейінгі жастар да толық біле бермейтін бір жайдың басын ашып бере кетсеңіз, – деді.

– Ол қандай жайт? – деп дауысын бұрынғыдан да қаттырақ көтеріңкіреп шығарды. Ханның үні қанша қатты естілсе де, ызғары бой тоңдыратындай емес. «Ал сұрайтыныңды сұра!» деп дес беріп тұрғандай. Осыны пайдаланып қалғысы келген ол да:

– Хан ием, бала кезімізден естіп келеміз. Осы Ұлы жүзге барсақ та, Кіші жүзге барсақ та, өз ортамызда да «Бағаналы – басты орда» дегенді естиміз. Басқалардың бағаналы ордасын басты санауының сыры неде дейсіз? – деді.

Хан оған жауапты бірден беруге асықпады. Тек сәлден кейін:

– Жалғыз сен ғана емес, мына жүргендердің де көбісі мұны біле бермейді, – деді.

– Неге?



– Неге екені белгілі. Оны іздеп, білгенін ортаға салып, жас-тарға айтып беретін бұрынғының дуалы ауыз үлкендері дүниеден өтіп кетті. Ел басынан бірнеше қиқулаған күндер өтті. Ал білгенді кейінгіге айтып, құлақтарына құйып кету керек екені анық. Әсілі, ойға дұрыс салдың-ау сен. Бүгін мына жас батырдың жекпе-жектегі тұңғыш жеңісін атап өту керек шығар. Оған бағаналының батырлары түгел қатысар. Сонда білгенімді айтармын. Әрине, сонау заманда не болғанын мен де көзбен көрген жоқпын. Атадан балаға жалғасып келе жатқан, өзімізге жалғаны жоқ жақсы әңгіменің тиегін ағытып көрейін, – дегенде хан Барлыбайдың жүзі бал-бұл жайнап, көздері от шашып, еңсесі кәдімгідей-ақ көтеріліп сала берді. Жекпе-жектегі батырының жеңісі, ерлерінің рухының көтеріліп, Қоқанның қалың қолын қаққа жарып өткені – бәрі-бәрі оның туған жеріне, еліне деген ерекше бір қуаныштың күйін көңіліне күмбірлете құйғандай.

Ханның сөзі қашаннан да екі болып көрген бе? Барлыбай хан да бағаналының қалың қолын еру жасап, жан-жағына күшейтілген күзет қойып, жеңіс тойын атап өтуді бастап кетті. Ханның бұл ықыласына батырлар риза болды:

- Барлыбай ханға Алла ғұмыр берсін!
- Ханның даңқы дәуірлесін!
- Хан иеміздің қылышы өткір, өмірі әділ болсын!

Жау жығасын құлатып, жағасын жыртқан Барлыбай ханның қалың қолының рухты үні кең даланы жаңғыртты. Ерлердің қуанышты үндерінен далада еркін ұшып-қонып жүрген бозторғайдың сыбызғыша сызыла жеткен шырылы қосылып, әдемі бір қайталанбас әуен аспан астын шарлап кетті. Қуаныштың үстінде Барлыбай хан:

– Уай, батырлар, мұндайда үндемеуге болмас. Мен әсілі көп сөзді көпіртуге құмар емеспін. Бірақ бүгінгі «ақ түйенің қарны жарылғанда», Алла тілекті беріп, Қоқан ханның атақты Нұртай батырын біздің жас қыран, бала бүркіт Сандыбай бүріп түскенін көз көрді. «Жекпе-жекке енді кім шығар-ау?» деп қиналғанымда Алланың өзі жас балаға жігер беріп, аузына өзінің



атын салып, ортаға ойқастата шығарды. Бұл – Алланың біздің тілегімізді бергені. Бұл – біздің бағаналы балаларының бағы ашылып, бірлігі бекемделгенінің де белгісі. Жеңіс қашанда бірлігі берік, біріне бірі серік болғанның қолында. Бұл – біздің сонау ата-бабамыздан бері келе жатқан жеңісті жолдың жалғасы.

Осы бүгін маған қасымдағы қорғаушымының бірі «Хан ием, «Бағаналы – басты орда» деген сөз қайдан шыққан?» деген сауал қойды. Қуанғаннан, жеңістің туы көтерілгеннен кейін, ішкі толқынысын тежей алмай қойғанын біліп тұрдым сол сауалды. Әрі сол сөзді өзім де ойға алдым, ойландым. Шынында да, бар қазақ біздің осы бабамыз тіккен басты орданы бәрі де бірдей құрметтейді. Алдымызда Ұлы жүздей үлкен ағамыз бар. Қара шаңыраққа ие болар Кіші жүздей білегіне семсер ілген інісі бар. Орта жүздің өзінде де еңсесі биік, керегесі кеңге жайылған кең орда аз ба, ә? Айтыңдаршы, – дегенде қалың қол:

– Рас, рас, – деп оны қоштай түсті.

– Олай болса, бұл қасиетті сөздің төркіні тым әріде, сонау бақан таңбасын еншілеп алған Кетбұқа бабамыздың кезінде жатқандай. Бала кезімізде үлкендер бас қосқан жерде айтатын бір әңгіме бар-ды. Шыңғыс ханның оң жақ тізесінен найманның сол кездегі бас батыры лайықты орын алған дейтін. Оның олай отыруға қақысы болған. Шыңғыс ханның әкесі Есугей – найман ханының төс қағыстырған досы. Бірін бірі қатты сыйлаған. Сол Есугей жаулары берген удан өлгеннен кейін, оның артында қалған жесірі Олуэн сұлу мен ұлдарына ағайындары тарыншылық жасап, елден қуып, Темушіннің мойнына құрым іліп, арбаға жегеді. Құлдық қамыт кигізеді. Қорлыққа шыдай жүріп, одан қашып шыққан бетте анасының ақылын тыңдап найман ханына барып тығылды. Кешегі ел мақтаған ерлердің ері атанған Есугейдің ұлын құлдыққа салғанына ашуланған найман ханы өзінің бас батырын шақырып, «Есугейдің ұлын қасыңа алып, ауылының атқамінерлерін, қысым көрсеткен ағайындарын тізерлетіп тұрып оның алдына жығып, Темушінді билікке отырғыз» деп әмір береді. Хан әмірі екі болмаған. Ба-



тыр соңына жасауылын ертіп, қасына Есугейдің ұлын алып, айтылған ауылға дабылды қағып, ат ойнатып, жетіп барады.

Найманның дүрілдеп тұрған кезі. Оған қарсы ешкім шықпайды. «Айтқаныңа құлдық» деп, Темушінді төрге шығарып, оған бағынғандарын айтады. Елге келісімен батыр найман ханына «Хан ием, айтқаның орындалды. Темушіннің қолы билікке жетті. Бірақ...» деп кідірістей бергенде Таян хан «Не бірағы бар?» деп дік етеді. Ол да тіл ұшына келгенді ірікпейді. Ханға тіке қарап, «Бірақ мына Темушіннің көзінде қан толып тұр, ол қайырман жасалған жақсылығыңызға қайырымсыздықпен жауап беретін, нағыз қаныпезердің өзі ме дедім. Ағайыны аяғына жығылып, кешірім сұрап жатқанда оларды бір-бірлеп бастарынан теуіп, «Шетіңнен шеге қағып, дар ағашқа іліп қоямын!» дегенде беті бүлк етпеді. Жанары от шашып, көзі шатынап, қанын ішіне тартып, ««Мен, міне, мына менмін! Ешкімді де аямаймын!» деп, сол жерде өз бармағын өзі тіліп, өз қанын өзі сорып, жалап ант ішті. Мен одан шошындым. Одан сақ болуымыз керек. Қажет болса, басқан ізін аңдып, асып бара жатса, сабасына түсіріп, салқындатып алармыз» деп, ханға өзінің көңіліне түйгенін жасырмай айтады. Оның бұл сөзіне найман ханы мән бермей, «Қойшы, тәйірі, өзіміз қолдан қойып, одан өзіміз қорқамыз ба? Бекерден-бекер шошыма, батыр» деген.

Талай жаумен шайқасып, талайды көз алдынан өткізген найман батырының күдігі кейіннен расқа айналды. Ойдағы мен қырдағыны маңайына жинап, әжептәуір күшейген Темушін «Осы қалай?» дегендерге тізе батыра бастайды. Өзіне-өзі келдім дегенінде, бас батырдың айтқанындай, найман ханына шабуылдап, оны қаққа бөліп, талқанын шығарады. Екіге бөлінген найманның күші әлсіреп, оныменен қаша соғыс салады. Осылайша, жеті жыл наймандармен шайқастан соң Темушін найман батырына елші жіберіп, «Уа, қаһарлы батыр! Найман мемлекеті құлады. Енді кімнің сойылын соғасың? Одан да келіп менің оң жағымнан орын алып, ұлдарыңды ұлдарымның қасына қосып, тоз-тоз болған найманыңның басын құра» деп сәлем айтады. Оның бұл ұсынысын батыр қабыл алып, Кетбұқа мен



Келбұқаны Темушіннің үлкені Жошының қасына қосады. Батырдың Темушінге қадірі өтпесе Кетбұқа мен Келбұқа Жошының қасына қалайша өз беттерінше емін-еркін келіп, қолын бастап, қобызын тартар еді?! Хан ұлының қасына кімнің ергісі келмейді дейсіз? Темушіннің бір ауыз сөзі – «Оң жағымнан орын ал, ұлдарыңды ұлыма қос» дегені осылайша орындалды.

Сол кезде тарыдай шашылған найман руының басы бірігеді. Кейін Темушінді ақ киізге көтеріп, «Шыңғыс хан» деп ат беріп, ардақтаған салтанатта күйшілер күмбірлете күй тартты. «Найман ұлысының басын қоссам» деді. Оның бұл ойы тек Жошының өзін жеке хан еткен сайлаудан кейін ғана жүзеге асты. Найманның басын қосып, оларға жер бөліп, жеке-жеке таңба беруді Жошының өзі атқарып, «Енді, кәне, кім қалды?» дегенде Кетбұқа мен Келбұқаның аты аталады да, екеуіне «Таңбаларың қандай?» деген сауал қойылады. Сонда Кетбұқа «Маған – «Бақан таңба» десе, Келбұқа «Балта» деп қалауын айтады. Жошы «Кетбұқа, сен неге бақан таңбасын таңдадың?» дегенде ол «Аты аңызға айналған Ер Үрбі бабамның таңдағаны бақан болған. Мен сол бұрынғы өткен батыр бабамның таңбасын қалаймын» дегенде қалың найман «Ой, өркенің өссін, жарайсың, жарайсың!» дегенді толқи тұрып айтады. Осылайша Кетбұқа бақан таңбаны алып, оның ауылы, үрім-бұтағы «Бақан таңбалы бағаналы» аталады.

Әрине, әңгіме мұныменен де бітпейді. Бұланты өзенінің бойында бағаналы Кетбұқаның ақ ордасы олай-бұлай өткеннің көз жауын алады. Найзасы күнге шағылысып, атқан жебесі алысқа кеткен бағаналы сарбаздары орданы төрт жағынан қоршап, қорғап тұрады. Төрт құбыласы тең тұрған бағаналы Кетбұқаның ордасына жылжып жылан да өтпейді. Төрт жағы түгел тұрған қамалдай. Оған келген де, кеткен де қай жағынан болса да саңылау таба алмай, «Ой, мұның төрт босағасы тең екен» деп әрі сүйсініп, әрі қызғана айтады. Бұл хабар алыстағы Шыңғысқа да жетеді. Қарақорымнан шығып, Жошының ауылын бетке алған Шыңғыс жолай Бұланты бойындағы Кетбұқаның ордасына соға кетуді жөн көреді. «Айтса айтқанындай-ақ екен» деп, орданың



көркі мен күзетіне көңілі толған Шыңғыс сол жолы Кетбұқаға өзінің әйгілі ризашылық хатын береді. Қаһарлы Шыңғыс Кетбұқаға берген хаттың төрт бұрышына өзінің жеке мөрін басып, «Төрт құбыласы тең болсын!» деген тілегін білдіріп, қасындағыларына «Бұл – бағаналы орда – басты орда» деп батасын береді. Міне, сол сөз бүкіл Шыңғыс жұртына түгел тарайды. Көз көріп, құлақ еститін жердегілер «Бағаналы – басты орда» деп бабасынан баласына дейін аманатын жаттатып, қасиеттеп, құрметтеуді қатал тапсырады. Сол үрдіс кейінге дейін сақталды. Қазіргі біздегі «Бағаналының төрт босағасы» деуіміз – сол із, сол дәстүр, сол аманатқа адалдықтың белгісі, – деп Барлыбай хан жан-жағына мейірлене, ерекше бір шабыттты шуағын шаша көз сала келіп: – Сол төрт босағаның беріктігін сақтаған бабаларымыздың ұрпақтары, міне, мына отырған өздерің. Бүгінгі жау түсірген жас батыр Сандыбай да бір босаға емес пе? Кешегі тұтас бір Орта жүздің биі атанған қарабала Өтебай бидің ұрпақтары, олар да бір босаға болса, Тәуке ханнан Аталық деген ат алған Ақтаз атаның орны да бір төбе десек, заманында аты шыққан Бектемір биді қалай ұмытамыз? Төрт босаға – міне, түгел тұрған, тұтас тұрған бүгінгі мына біздер және біздің ісімізді әрі қарай жалғастыратын өнегелі де өркенді ұрпақ. Бүгін мен мұны бәріңе айта тұрып батамды берген Сандыбай балама:

*Уай, жас батыр!
Жалын шашқан жүзің бар,
Тау қопарар күшің бар.
Ақылыңа айлаң сай,
Атағыңа атың сай
Азамат болған екенсің.*

Енді сен төрт босағанды түгендеп, ынтымағын ыдыратпай, «Ат сатсаң – ауылыңмен» деген қағиданы алға ұстап, бағаналы Кетбұқа бабаңның жасаған ісін жалғап, жетіміңді жылатпай, жесіріңді жібермей, жеріңді жауға таптатпай, төрт босағаның тұтастығын сақтау – саған Алла алдында аманат дегім келеді! –



дегенде, жүзі алабұртып, алаулап тұрған Сандыбай тізесін бүге хан алдында тағзым етіп:

– Уа, хан ием, аманатқа адал болуға ант етемін! Ант етемін! Ант етемін! – деп үш қайтара айтқанда жанарына жас толып, дауысы дірілдеп, тұла бойы селкілдеп, егіліп сала берді. Жас батырдың «Ант етемін!» деген үніне сол жердегі сансыз қол: «Ант етеміз!» – деп қайталай айтқанда, гулеген жел оны кең далаға іліп ала жөнелгендей. Аспан асты жадырап, биік таулар асқақтап, бағаналы балаларының бөтуәлі сөзін бар аймаққа жеткізуге асыққандай. Мұны бөтуәлі бірліктің беріктігі анттасуға жалғасқанын жақсы бір ырымға балаған Барлыбай хан: «Алла әрқашан елдің амандығын берсін! Батырлардың бірлігі, тыныш елдің тірлігі бұзылмасын!» – деп батасын берді.

Сондағы сол бір сөт Сандыбайдың санасына енді мына талмаурап, өлер шақта тағы бір қайталай оралып, құлағына Барлыбай ханның: «Саған осы аманат», – дегені қайталай естіліп, жаңғырып тұрып алды.

...Талықсып жатып есін енді бір жинағандай болғанда қасына үлкен ұлы Дүзен келіп, көңіл сұрай келгендерді айта бастады. Бәрін тізбелей шығып: «Төрт босаға билері де келіп тұр», – дегенде ол орнынан тұруға ұмтылып, кеудесін көтере қозғалақтай қалды. Онысы «Келсін, көрсін» дегені екенін ұққан ұлы сыртқа шығып, Қарабала Қадір би мен Ақтаз Аталықтың ұрпағы Шалабайдың Шегірін, Жылкелді ұрпағы Бектемірдің Бөкеншісінің ұлы Бабырды ішке шақырды. Бұрынғы салтпен есіктен: «Ассалаумағалейкум!» – деп сәлем бере енген үшеуіне тарамысы шығып, сүйегі сойдиган салалы саусақтарын саудырата созған Сандыбай батыр бір сөт сауығып кеткендей серпіліп: «Ағалейкумассалам!» – деп сәлемге сәлем қайтарды.

Көптен бері тілден қалып, үнсіз жатқан әкесінің мына үшеуіне ықыласы ауып, сау кезіндегідей сәлемдескеніне көңілі кәдімгідей көтеріліп қалған Дүзен сыртқа шығуға ыңғайлана бергенде оған Шалабайдың Шегірі:

– Қайда барасың? Сен де отыр ортада. Ендігі кезекте сенің бізден бөлінерге қақың жоқ, – деп, оның жолын бөгегендей



тіл қатты. Оны қасындағы екеуі де үнсіз қостағандай бастарын изеп, «Отыр» деген ишараны танытты.

Қаншама жыл ыстық-суықты бірге өткеріп, елдің тыныштығы мен бірлігін, татулығын сақтауда тізе қосып тер төккен үзеңгілестерінің бұл келгендеріне ризашылық білдірген Сандыбай олардың үшеуіне де мейірлене қарап, сәлден соң тамағын қырнай бір кенеп алып, сөйлеп кетті. Алғашқыда әлсіздеу шыққанымен, батырдың дауысы шамалыдан соң кәдімгі сау кезіндегідей күмбірлеп, зорайып естілді.

– Алладан тілеген тілегім көп еді. Шүкір, Жаратқан бәрін қабыл еткендей. Тек бұрынғылар «Батыр үйде туып, түзде, ат үстінде өледі» деуші еді ғой. Мен де ат үстінде өмірден өтсем деп едім. Сарып болып, төсекте жатуды қаламадым. Алайда Алла осылай жазған екен. Бұған да тәуба. Өздеріңді көріп, тілдесуге мүмкіндік берген бір Алла әр нәрсенің де қисынын келтіреді. «Көре алмай, тілдесе алмай қалам ба...» деп қорқып едім. Шүкір. Тәуба. Көрдім, тілім сөзге оралды.

Азамат болып, атқа мінгелі орталарыңда болдым. Артық-кем кеткен жерім болса, кешірім сұраймын. Алыс-беріс болса, қарыз болмасын. Ағайынның татулығын таразының басына қойдық. Бұл жолда бәрі де ойлағандай болды деп те айта алмаймын. Қылыш сілтеп, найза тіреп, атой салып жауға шаптым. Сондағым – мына менің жеке өз басымның қамы емес, қалың елдің жайы болатын. Төккен терімді, аққан қанымды бұлдамаймын да, құндамаймын да. Мен батасын берген Барлыбай ханның маған арнайы тапсырған аманатын қал-қадірімінің жеткенінше атқардым. Төрт босағаның бірлігіне өздеріңменен бірге тізе қоса отырып, «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаруға» атсалыстым. Айтқан сөзімде тұрдым. Берген сертімді бұзбадым.

Рас, бұл жолда бас та жарылды, қол да сынды. Білемін. Бірақ, «Қол сынса, жең ішінде, бас жарылса, бөрік астында» деп, сыртқа сыр алдырмадық. Төрт босағаның сөзі әр кезде де бір болды. Жақсымызды асырдық, жаманымызды жасырдық. Осылай төсекке таңылғаннан бері соның бәрі де көз алдымнан тізбектеле өтіп жатыр.



Алладан ашық айқаста, ат үстінде ажал құшсам, батырлық атымды ақтап өтсем дегенді тілеген едім. Бәрі де Алланың қалауы. Әкем Төлек те «Ат үстінде өтпедім-ау» деп еді. Менде де сол. Бұл – Алланың қалауы. Оған еш өкінбеймін. Қайта, осы көз алдарыңда, алаңсыз аттансам, өз қолдарыңмен жөнелтесіздер. Алыс-жақыннан шын қайғырып келетіндер де, сынау үшін келетіндер де болады. Кім келсе де қабақ шытпай кетуін қалаймын. «Ақым кетті, тілі тиді, қолы тиді» дегендер болса, сұрағанын беріп, ризалығына жетуді ойладым. Енді менің орныма төрт босағаның бірі етіп, қалағандарыңызды қатарға аларсыздар. Менің балам, менің тұқымым болсын демеймін. Бағаналының бағына туған бағыландар аз емес. Әр атадан да текті тұяқ, тегеурінді қыран табылар. Тілегім де, айтар аманатым да – бағаналының төрт босағасының бірлігі босамасын. Қайта бірлікті нығайтып, араға от тастайтын оспадарларға жол бермеңіздер. Бұл – менің соңғы өтінішім, соңғы аманатым болсын, – деп, Сандыбай ентіккен үнін сәл бәсеңдетіп, бір тыныстап алды. Осы сәтте көңіл сұрай келген Бабыр, Шегір, Қадір би – үшеуі де бірдей бірінен соң бірі бақұл сөздерін айта бастады:

- Батыр, адамның емес, Алланың дегені болған.
- Алла қалай бұйырса, солай болар.
- Ат үстінде өміріңіз өтті. Өлі де сол аттан түспей кетіп барасыз.
- Ағайынның бірлігі үшін аз тер төккен жоқсыз.
- Батыр, атың алысқа айбар болды. Елге қалқан, ерге нұсқа болды.
- Сыртқа ақың кетпеді.
- Арыстандай айбатың, жолбарыстай қайратың бағаналының беделі еді.
- Әкең Төлек, бабаң Өтеп, арғы жағы Жырықтан бері жалғасқан батырлық атқа дақ түсірмедің.
- Уай, батыр, мына аз күн тірлікте қатар жүргенде артық-ауыс сөзіміз өтсе, өксікті өкпеміз өшсе – кешу ет. Ет пен сүйектен жаралған пендеміз. Қателік, білместік, кейістік болса, кешіртуді берерсің, – деп Шегір би жорғалата түскенде Сандыбай оң жақ қолын сәл қозғап, қайтадан:



– Менен кетсе, Сіздер кешірім етіңіздер. Іштеріңдегі тентектерің мен едім, Сіздерден, Сіздердің үрім-бұтақтарыңыздан да, оспадар мінезім болса, ойсыз шешімім болса, кешірім сұрай өтті деңіздер. Сіздердің де сөздеріңіз орынды. Мен де бәрін кештім. Бәрімізге кешірім бір Алладан болсын, – деді де төсегіне сылқ етіп құлай түсті. Әлгінде ғана «Енді не болады?» деп отырғандар оның аяқ-қолы суынып, жау ықтырған таудай денеден жан кетіп бара жатқанын байқады. «Арты қалай болады?» деп күтіп отырған молда жеңілдік айтып, дем сала бастады. Молда дем салған сайын кірпігі дір-дір еткен батырдың бұрынғы сұсты жүзі балбырап, бетінің ұшы қызыл шырайланып, ғажайыптың күшіменен нұрланып сала берді. Сол сәтте молда да үнін бәсеңдетіп барып, батырдың соңғы демімен бірге дұғасын бітіріп, өзіне қарап отырғандарға бетін бұрып:

– Алланың бұйрығымен батыр о дүниеге аттанды, – деді. Осы сөзді күтіп отырғандай бәрі:

– Алла алдынан жарылқасын!

– Иманы жолдас болсын!

– Жаны жаннатта болсын!

– Топырағы торқа болсын! – дегенді қайталай айтып, қамыққан көңілдің бірлігін танытты.

Бағаналының бас батыры Сандыбайдың қазасы қалың елді қамықтырды. Батырды туған-туыстары енді төрт босағаның тұтқасы атанған Бабыр, Шегір және Қарабала Қадір бидің айтарын күтіп, Сандыбайды қалай жөнелтудің жай-жапсарын ортаға салды. «Батыр ортақ, оны жерлеудің жайына біз де ақыл қосамыз», – деп қатар-қоныс отырған арғын-қыпшақтың игі жақсылары да ақылдасудың ішіне енді. Ұлы жүздің де, Кіші жүздің де кіл қаймақтары: «Қайғыда біргеміз», – деп алыстан әдейі ат арытып, батасын жасай келіпті.

Үш жүздің не асылдары «Енді батырдың жамбасы тиер жерді анықтайық» дегенге келгенде, Жырықтың балалары:

– Әкесі Төлектің қасына апарайық, – деді.

– Төлек қайда жатыр?

– Төлек – Түркістанда.



– Е, әкесінің қасына апарған жөн.

– Өтерінде өзі қайда апар деп еді? – деп игі жақсылар ойды ортаға салғанда, Терісаққан бойын жайлаған қалың арғынның ақсақалы:

– Уай, ағайын, маған да құлақ салыңдар, – деді де, сөзін әрі қарай жалғай беріп: – Уай, жақсылар, қазақта «Батыр ортақ» деген сөз бар ма? – деді. Оған көбісі:

– Бар, бар, – деп қоштай жауап берді. Осыны күтіп тұрғандай арғын ақсақалы:

– Ендеше Төлекұлы Сандыбай батыр бағаналы найманға ғана тән деп, кәне, кім айтады? Айтатындарың бар ма? – деп маңайын көзбен бір шолып өтті. – Жоқ. Айта алмайсыңдар. Оу, бұл бір бағаналы найманның ғана батыры болса, осыншама қазақтың бетке ұстар батыры мен бектері, шешендері мен билері, байлары мен бағыландары келер ме еді, келмес пе еді? «Е, өздерің қойып алыңдар» деп, үйде жатпас па едік, ә? Олай жасамадық, себебі иісі қазақтың қамын жеген батыр – бір рудың, бір елдің ғана емес, иісі қазақтың ары мен намысы. Олай болса, оны ақтық сапарға шығарып салуға, оның мәңгілік мекенін, жамбасы тиер жерін де ортаға салып, ойланып айтайық.

Біз – мына Терісаққан бойын жайлаған арғын, түптеп келгенде, Сандыбайға бөтен емеспіз. Әкесі Төлек батыр – иісі қазаққа танылған Шақшақ Жәнібектің жездесі. Демек, Сандыбай батыр – Шақшақ Жәнібек Тарханның ағасы, қырықмылтық Ақбастың туған жиені. Арғы жағы арғынға жалғасқан Сандыбайдың өзі мына Терісаққан мен Есілдің екі ортасындағы, Кеңгірдің кең қолтығында ен жайлап, Арғанатыны аралап, Ұлытаудан қуат алып, оңы мен солына бірдей тел өскен өрен емес пе? Әсілі, Сандыбай батыр «Арғын – аға баласы» дегеннен жазбай, жаңылмай, бабалар жолын жалғап өтті. «Арғындарға жиенмін» демеді. «Ағаның баласы» деп ардақтап, барсақ төрін ұсынды. Құшағын ашып, жайрандай қарсы алды. Бұл – бөтен еместігін білгендігі.

Сөз ретіне орай айта кетейін, Арқаның осы төсіндегі Орта жүздің балалары ішінде «Арғын – аға баласы» деп жалындап,



жарқылдап, төбесінен орын беретін – осы найман балалары, «Аға баласы» деуден жаңылмай келеді. Бұл сөзді әлгі «Арғын-қыпшақ бір туған» дегенді күнде айтатын қыпшақ ағайыннан да, қоңырат пен уақ, керейден де естіген жоқпыз, олар бізді бұлай әспеттеп, «Ағаның баласы» демейді. Ойып тұрып орын алатын ортаның ішінде жалғыз ғана Найман ата ұрпақтарының арғынды «Аға баласы» деуі ойы барды ойландыруы тиіс. Бұл Арғын мен Найманның кіндіктес, бір туған егіз ұл екенін, Арғынның дүние есігін бірінші болып ашып, аға атанғанның дәлелі болса керек. Әйтпесе, қаймана қазақ әлдекімді «аға» деп алақанға салып, аспандата көтере ме? Жоқ. Бір туған ғана жақын тартып, жаны ашып, алдына түсіп, ақылыңды алып, «ағалап» тұратыны анық. Ендеше, алыстатсақ – жиенім, жақын тартсам – туғаным, інім найманның баласы Сандыбай батырды «анда апарамын, мында апарамын» дегенді айту бекер.

Мына Терісаққан мен Есілдің ортасы, Кеңгір мен Ұлытаудың арасында Алланың өзі осы жерді Сандыбай батырға арнап жаратқандай, жотасы таудай, төбесіне қалықтап барып қыран ғана қонатын биік шоқы тұр. Шоқы болғанда да шоқылардың ішіндегі шоқысы. Төбесіне шыққан жан төрт тараптың күндік жерін көз алдына алақанға салғандай етіп, анықтап көре алады. Мына жағы – айнадай жарқырай толқыған Барақтың көлі. Кешегі көкжал Барақ бабасы жайлаған. Мына жағы – Арғын атасының құтты қонысы – Арғанаты таулары. Есілген Есіл, көсілген Кеңгір төрт босағасын бекемдеп, «Еліңе, жеріңе алаң болма, батыр» деп құшағына алып, мәңгілік бауырына басса деймін. Батырдың жамбасын арғын мен найманның тең тұрған шоқысына тигізуді ұсынамын. Менің сөзім – осы өңірдегі атқа мінген арғындардың сөзі деңіздер. Мен айтарымды айттым, – деп абыз ақсақал тізесін бүге отыра берді. Азаға келген арғын ағайындар абыз ақсақалының сөзін қоштады.

– Біздің ойымыз да осы.

– Батыр – ортақ.

– Екі елге тел батыр.

– Біздің жерден алып қайда барасындар? – деп арғын ағайынның бетке ұстарлары ашық айтты. Әлгінде ғана: «Санды-



бай батырды әкесі Төлек батыр жатқан Түркістанға апарамыз», – деп қалған ақы иелері де, басқа да ақыл қосуға келгендер де, «Сендер не ойлайсындар?» дегендей, қаз-қатар отырған Шегір, Бабыр, Қадір биге еңсеріле қарады. Кесімді сөзді өздеріне қалдырғанын сезінген «Бағаналының төрт босағасы» атанған атақты билер де біріне бірі «Не дейміз?» дегенді көзбен ұқтырды. Қашанда сөзді түйдектетіп, төгіп-төгіп тастайтын, сонысына орай ортасында «Бозжорға» атанған Шалабай Шегір би:

– Уай, ағайын, ортаға ой салу – бірліктің белгісі. Арғын – аталасымыз екені рас. Иісі найман, арғынды «Аға баласы» деп алға ұстайтының да бар. Осыған дейін ой қорытқанда Түркістандағы Төлек батыр жатқан жер көңілде тұр еді. Ол ойдан әлі де бас тартпай, негізгі шешім алған жоқпыз. Сіздерден бөлек, бөлініп кетпей, орталарыңызда отырып ақыл қоссақ артық емес. Ал енді нақты тоқ етерін біздің бағаналының құты, биі, пірі, шешімді сөзін айтар шешені Қарабала Қадір би тұрғанда, біз оның алдына түспейміз. Міне, орталарыңызда отыр. Сыртқа шықпай, «Сен былай, мен былай» демей-ақ, осы Қадір биіміздің сөзіне құлақ асайық. Қадір би, Қадір пір не айтса, соған тоқталайық. Сөздің түйіні сонда, – дегенде манадан бері орнында міз бақпай салмақтана отырған Бабыр би де:

– Бозжорға дұрыс айтады. Бізде Қадір биден асып кетер ешкім жоқ. Биеке, кесімді сөзіңізді айтыңыз. Түркістан десеңіз де, мына шоқыға шығарамыз дейсіз бе? Сіздің қалауыңыз – біздің қалауымыз, – деді.

Сөздің тізгіні өзіне тигенін білген Қадір би орнынан қозғала көтеріліп, оң тізесіне салмақ сала, қамшысын жерге тірей тастап, сөзге ыңғайлана берді. «Қадір би айтса қазып айтады, қазықша қағып айтады», «Тауып айтады. Айтқаны еш қате кетпей, орнына барып айтады», – деп әділ билігіне, діни сауатының молдығына сай, бар бағаналы өздерінің пірі тұтатын Қадірдің не шешім айтарын күткен жұрт тынши қалған.

«Қадір бидің сөз саптауы мен пайымдауы, бағалауы мен бағамдауы тура бабасы Өтебай биден аумай қалған» деген сөз жиі айтылатын ел ішінде. Әсіресе, ескікөз қариялар сүйсінетін.



«Бұрынғылардан естігендерін кейінгілердің көңіліне қондыра айтып кеткендей. Қадірдің атасы тек бағаналыға ғана емес, аты иісі қазаққа «Қарабала Өтебай би» деп танылғанда небәрі он үштегі бала екен» дегенді үлкендер ерекше еске алады. Қадір бидің өзі де оны талай рет естіген. Ол туралы туған әкесі Түрікпенбай Қадір биді алдына алып отырып: «Бабаңа тартсаң, би боларсың. Би болмасаң да, би түсетін үлкен үй боларсың», – деп айналып-толғанып, желкесінен иіскеп-иіскеп қоя беретін. Бірде ол әкесінен: «Би боларсың. Би болмасаң да, би түсетін үлкен үй боларсың» деген не сөз? Би деген кім?» – дегенде әкесі: «Би – атаң Өтебай», – деп, білгені мен естігенін оған айтып берген. Ол оны беріле тыңдаған.

Атасы Өтебайдың би атануы да өте қызық екен. Ауылға жан-жақтан атқа мінген топты адам бір мезетте келіп, бөлек тігілген ақ үйге жиналып, әңгімені таңның атысы мен күннің батуының арасында біріне бірі дес бермей, даудың ұшына жете алмай екі күнді батырып, үшінші күні тағы да сөзге кіріскенде, үш күн бойы олардың маңайында, киіз үйдің сыртында жүріп, сөздің мәнісіне құлақ түрген Өтебай бала тура алдындағы күндеріндегідей тағы да есіп сөйлей бастаған бас бидің алдына келіп:

- Ата, мен бір нәрсені түсінбей тұрмын, – дейді. Ол:
- Нені? – дейді.
- Өлген бала аттың астына қалай түскен?
- Қалайы несі, байлаулы аттың артынан өткен.
- Дұрыс қой, білейін дегенім, ат қайда байланған сонда?
- Е, оның несін сұрайсың? Қайда болса да байланды ғой.
- Мәселенің өзі де сонда болар.
- Қалайша?

– Ол енді былай: егер ат иесі атын кермеге байласа, ол – бір бөлек әңгіме, ал егер олай болмай, үйдің іргесіне әкеліп байласа, ол тіптен де бөлек, – деген балаға дауға қатысып отырған небір сақа билер:

– Бұл баланың сөзінің де жаны бар, кәне, тыңдайық, айта бер, – деп оны енді шындап тыңдауға ниет танытады. Сонда он үштегі ойын баласы:



– Уа, жақсылар, егер ат иесі атын үйден бөлек тұрған мама ағашқа байласа, ол жерге барған баласын байқамаған, балаға ие болмаған сол баланың әкесі кінәлі, егер де ат иесі атын ат байлайтын орын бола тұрса да оған апармай, үйдің дәл іргесіне әкеліп байласа, оған ойын баласы байқамай барып, ат теуіп, таптап өлтірсе, сөз жоқ, аттың иесі кінәлі. Менің білгенім осы еді, жақсылар, – дегенде төрде отырған төбе би:

– Уа, жарандар! Мына қаршадай қара бала біздің қаншама күннен бері шеше алмай жүрген дауымызды екі ауыз сөзбен шешіп берді. Бұл қара бала енді бұдан былай Қарабала би атансын, – деп сол жерде оған батасын береді.

Содан бері Өтебай бидің аты «Найман Бағаналы Қарабала Өтебай би» атанады. Сол Қарабала Өтебайдан Түрікпенбай, Атан, Болтан туады. Бидің бұл үш баласы да ауыз толтырып айтса, айтуға тұрарлық, ақылына көркі сай, біліміне білігі сай атпал азаматтар болып өседі. Елге он үш жасынан танылған Өтебай би балаларына жақсы тәрбие, терең білім беруді ерте ойластырған.

«Әке – балаға сыншы» деген емес пе, ұлы Түрікпенбайға үміт артады. «Ата көрген оқ жонар» дегендей, Түрікпенбай да жасынан құймақұлақ, сөз ұғатын ұл болып өседі. Бала кезінен ат үстінде садақ атып, қылыш сермеп, найза тіреудің түрлі айла-тәсілдерін шебер меңгерген. Сайыскерлігімен қатарының алдына шығады. Сан рет күреске түсіп, қара күшіне көпті тәпті етеді. Жортуылға шығып, барымташылардың бетін қайтарады. Қайраты тасып, қара күші асып, алыс-жақынға «Қарабала Түрікпенбай палуан» атанады. Міне, осындай түп-тегінен тектілік Түрікпенбайдың үш ұлына да дариды. Түрікпенбайдан туған Арзықұл, Қадір, Қазыбай да бірінен-бірі өткен ерен жүйрік ерлердің қатарынан табылады.

Әкесі Өтебайдан алған тәрбиенің жемісі болар, Түрікпенбай ортаншысы Қадірді ерекшелеп, оны оқуға беріп, тіл сындырып, хат танығанынан бастап, арнайы ұстаз жалдап, дін оқуына береді. Зерек те алғыр бала дала сырын, ел жайын зерделеп, зерттеуде шарифат шартын басты ұстанымына алып, аққан



су, соққан жел, жердегі шыққан шөп пен аспандағы бұлттың сырын ұғынып, түн ішінде жол табар ізшілдігі, тұлпардың тұяғынан түскен жерден оның бағытын білетін бағдаршылық қасиетімен баршаны тәнті етеді. Міне, осындай тәлімді әкенің тәрбиесін алған Қадірдің есімі де елге ерте танылды. Ауыл арасындағы кішігірім дау-шарға билік айтып, әділдігімен де талайдың таңдайын қақтырған ұлдың «Тура биде туған жоқ» қағидасынан айнымай, әділдікті туыстық пен таныстықтан тым жоғары қойғаны үлкеннің де, кішінің де көңіліне шуақ құйғандай нық сенімді берік орнатады. Алғаш рет ауыл арасындағы «Түлкінің дауы» деген атпен екі жігітке берген билігі оның дала сырын жетік білетіндігін танытады. Онда ол қашқан түлкіні қуып жетіп, соғып алғанның алдынан екінші бірі қарсы шығып: «Бұл менің бағып жүрген түлкім еді, неге алдың, өзіме қайтар», – дегенге анау: «Жоқ, бермеймін», – деп, екеуі таласып, ақыр аяғы биге жүгінуге келгенде жас би Қадір: «Бұл түлкі ұрғашы ма, еркек пе?» – дейді. Оған екеуі де: «Білмедік», – деп без-без етеді. Сонда би тұрып: «Егер ұрғашы болса, мына бағып жүргендікі, еркегі болса, қуып жеткендікі», – дейді. Ондағысы «Түлкінің ұрғашысы інін бағады, еркегі дала кезіп, тау жағалайды» дегені екен. Түлкі ұрғашы болып, бағып жүргенге беріледі.

Әділдігі осылай елге тараған Қадір би бағаналының төрт босағасының түп қазығы – пірі, әділқазы би болғаннан бері ардың сызығын аттап өтпеген. Енді, міне, сол беделі мен бекемдігіне сай мынадай үлкен ортада ұранға шыққан Сандыбайдың жамбасы тиетін жердің жайын анықтауға түйінді сөздің түбірі Қарабала Қадір биге келіп тіреліп тұр. Ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермейтін небір дүлдүлдер мен шашасына шаң жұқпас жүйріктер түгелдей-ақ дерлік «Ал сені тыңдайық» дегендей, үнсіз ғана мұның әр қимылы мен сөзін қас-қабақпен бағып отыр. Оны Қадір бидің де іші сезеді. «Елдің намысы, ерлігі сыналар сөтте сүрінбесем екен» деп Аллаға сиынып сөзін бастап берді:

– Уа, ағайын! Игі жақсылар! Үш жүзге ортақ батырымызға бата жасап, алыстан ат терлетіп келген бауырлар, бұл – біздің әлгі аталарымыздың «Бірі өліде, бірі тіріде» дейтіні ғой. Біз



қашаннан-ақ торқалы той мен топырақты өлімде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарған халықпыз. Қаза – баршамызға ортақ. Алла артының жақсылығын берсін. Батырдың иманы саламат болып, жаны жұмақтан жай тапсын. Әрине, осы отырған бәріміздің де көңіліміз осыған саяды. Ол көпшіліктің тілегі дейік. Ал енді, негізгісі – батырдың мәңгілік мекенін, жатар жерін анықтайық десек, осыған дейін екі-үш ойдың ұшы шықты. Соның ішінде әлгіндегі «арғын – аға баласының» айтқан уәжі көңілге қонады.

Шыны керек, айтып тұрған сонау көз ұшындағы биік шоқы кімнің болса да назарын өзіне аударары хақ. Олай өткенде, былай өткенде оған бір қарамай кетпейді. Оның сыртында, шоқының мына ағайынды екі рудың тура шекарасының дәл ортасынан орын алғанын айтсаңызшы. Сөздің шынына келсек, осы үш жүздің ішінде «арғын – аға баласы» дегенді мына біздің найман ұрпағы, оның ішінде осы біздің бағаналылар құрметпен айтар, сол ізетінен әлі күнге жаңылған жоқ. Бұл – сонау ілгеріден келе жатқан ізгі іс. Кешелі-бүгінгі емес. Кетбұқа бабамыздан бергі жерде «арғын – аға баласы» дегенді осы біздің аталарымыз санамызға құйып, жеткізіп, жіліктің майлы басын аға баласына ұстатты. Басты да аға баласы алды. Төр де соныкі. Солай болса, сол аға баласымен қатар қонысымыз, өрген өрісіміз бір. «Торқалы тойда, топырақты өлімде» де біргеміз. Аты ұранға шыққан Сандыбай батыр Шақшақ Жәнібектің жиені болса, сүйегі найманнан тұрса, әлгінде айтылған шоқының төбесі – батырдың мәңгілік мекені болар-ақ жер. Батырдың «Арғын менен найманға тең ортада есендіктеріңе, біріліктеріңе тілектеспін» деп, шоқыдан маңайды шолып жатқанын мен де қалаймын. Оған Бозжорға Шегір мен Бабыр би де қарсы бола қоймас, – дегенде ол екеуі де:

– Пірдің сөзі – біздің сөз. Қадір би біздің сөзді өзі айтты, – деп қоштай түсті.

Ол екеуінің де осылай айтарын іштей өзі де сезіп тұрған Қадір би енді Сандыбайдың үлкен ұлы Дүзенге қарай мойын бұрып:

– Бұған батырдың ұрпағы не дейді? – дегенде, қашаннан-ақ жер қозғалса да қозғала қоймайтын мінезі ауыр, салмақты Дү-



зен мына отырған игі жақсылардың әрқайсысына бір зерделей көз жүгіртіп алып:

– Әсілі, әке біздікі болғанымен, батыр – елдікі. Біз өзіміз шешіп, өзіміз пішіп, өзімізбен өзіміз болатын болсақ, ортаға мұны саламыз ба? Салмаймыз ба? Себеп Сандыбай батыр – иісі қазаққа ортақ. Содан да оның қазасын естіп сонау Алтай мен Алатаудан, Жайық пен Жемнен «қаным қазақ» деген өңкей мықтылар, жақсы мен жайсаңдар келдіңіздер. Алла қадамдарыңызды сауаптан жазсын. Менің айтарым – бір-ақ сөз. «Ақы иесі» дейсіздер. Дұрыс. Менің ойым, сол жаңағы әкем Сандыбайдың өзі пір тұтқан биі Қадір бидің байламына тоқтадым. Арғын-найманға ортақ болып биік шоқыны алып жатса, ол да бірліктің кейінгіге берген үлгісі болар. Соған келісемін, – деді.

Дүзеннің сөзін ақылдасуға кіргендер түгел қолдады. Түйінді сөз айтылып, Сандыбайдың жамбасы тиетін орын айқындалғаннан кейін сол пәтуаға «ия» дескендер: «Батырдың орны жайлы болсын», – деп бата жасады.

* * *

Екі күннен бері «Анда-мында қоямыз» деп бір пікірге тоқтай алмағандардың көңілдері жайланып, енді оның қырқы мен алдағы берілер жылының жай-жапсары жайлы әңгімеге кірісе бергенде, есіктен еңкейе енген, төңкерілген қазандай басы шойдығып, белі бүгілгенде үйдің ортасына жеткен, екі аяғы табалдырықтан енді ғана өткен жігітке отырғандар жалт қарады. Тым ебедейсіз, жойдасыз ұзын жігіт Дүзеннің үлкен ұлы Жанұлы болатын. Ол әкесінің иығынан төне түсіп, әлденені сыбырлай бастады. Онсыз да сұсты түсі лезде түтігіп шыға келген Дүзен оған тікелей қарап, дауысын қаталдата:

– Кім екенін білдіңдер ме? – деді.

Бұл сөз төр жағалай отырғандарға түгел анық естілді. Көптің құлағы елең етіп, «Не болып қалды?» дегендей Дүзенге үрпиісе қарады. Мінезі қашан да бір қалыптылығынан танбайтын Дүзеннің оқыс дауыс көтере сөйлегенін бұрын-соңды байқа-



мағандар біріне-бірі сұраулы жүзбен, «Тыныштық болса екен» дегендей қарады. Көптің елең ете қалғанын байқаған Дүзен сәлден соң барып:

– «Адамнан жасырғанды Алладан жасыра алмайсың» деген. Бүгін жасырғанмен де, бәрібір ертең, ел – құлағы елу, естиісіздер. Ендеше осы қазір сіздерге жаңа болған оғаш бір оқиғаны айтайын. Мынау – менің үлкен ұлым Жанұлы, осы айтып келді, – деп, бойы шаңыраққа тіреу болардай сорайған, екі жағына екі кісі қатар отырардай, кең иықты, жауырыны жалпиған, жұдырықтары тоқпақтай, жақ жүндері үрпиген, түсі суық жігітті таныстырды.

«Дүзеннің Жанұлы деген алпамсадай бір ұлы бар. Оның түрін түсінде көрген адам ұйқысынан шошып ояматындай алыптың өзі» деп сыртынан естігендер енді өзін көзбе-көз көріп ерекше таңғалды. Шынында да, Жанұлын айдалада жеке көрген жан шошынғаннан жүрегі тоқтап қалатындай. Ел ішінде небір ірі жігіттерді көріп жүргендер оның мына алпамсадай, алқам-салқам, алып кейпін көріп: «Ойпырым-ай!» – деп тереңнен бір дем алды. Бір орында тыпыршып тұрған Жанұлының тынышталуының өзі де екіталай. Сөйлегенде де «әп» деп бастағанда біразға дейін тұтығып, айтар ойын жинақтағанша да денесі теңселе қозғалып, қарсы алдындағысының зәресін ұшырады. Тұтығып, тұншығып, көпке дейін кекештеніп алып, артынша бір тоқтамай сөйлей беретін. Бұл жолы да ендігін баса алмай, алқынғанына қарамай, кекештенсе де: «Ұс-стап ал-алды-дық», – деді.

Әлгінде ғана «Негізгі шаруаның бетін ашып, ертеңгі күннің жайын анықтадық» деп отырғандар да енді Дүзеннің аузын баға бастады. Ұлының айтарын оның емеурінінен түсінетін Дүзен оған «Бара бер» дегенді қабағымен ұқтыртып, қолын қағып, мойынын есікке қарай бір кекжең еткізді де:

– «Алладан жасырмағанды адамнан жасырма» деген рас. Әлгінде маған ұлым келіп, батырға бөлек тігілген ақ орданың жабығын тіліп, бетіне жабылған ақтығын алмақшы болған біреудің ұсталғанын айтып кетті, – дегенде, басқа қандай да бір



суық сөзді күтсе де, дәл мынадай «Дүниеден өткен жанның бетіне жапқан ақты алып кетпекші болды» дегенді естігендер шүте қалды.

– Кім екен?

– Кім жіберген?

– Қашан, қайдан келген?

– Ол жалғыз болмас.

– Өзін осында алып келсін.

– Иә, иә, көрейік.

– Кімнің жансызы екенін білейік.

– Иісі қазақтың бетке ұстарлары көрсін.

– Иә, иә, көрейік.

– Қай елдің атына дақ түсіргісі келгенін білейік.

– Әкелсін осында, – деп дауыс көтере дуылдаса бастаған дарға Дүзен оң жақ қолын соза жоғары көтеріп:

– Сәл сабыр етейік. Қазақта жоқ қаныпезерлікті, қатыгездікті, жауыздықты кім жасаса да жасады. «Он алты жасынан атқа мініп, жау түсірген әруақты батырға тиісуге тірісінде әлі жетпей, өлгенінде оның атын қаралауға әлдебіреулер мүдделі болар-ау» дегенді ойға алып, күзетті күшейткенбіз. Өлгі Жанұлы өзі қадағалап жүріп, кірпік қақпай, көз ілмей, бақылаудың басы-қасында жүрді. Сол дұрыс болды. Ал жаннан безген жауыздың өзі кім, оған мұндай қарабеттікті кім тапсырды, оның жазасы қандай болмақ, бұрын-соңды осындай оспадар, оғаш қылмыс жасағанға шарифат не дейді – ендігі сөз осы болса керек, – деп ойын ортаға салды. «Бұған шарифат не дейді?» дегенде көбісі бағаналының төрт босағасы атанған билеріне, оның ішінде бұлардың пір тұтып, алға ұстағаны Қарабала Қадір биге «Дін жолында бұған кесім қандай?» дегендей қарады.

Өлгінде ғана Сандыбай батырдың мәңгілік мекенін анықтауға ойын ойып тұрып айтқан Қадір би енді тағы да суырыла, солқылдата сөйлеудің қисыны қандай болар екен дегендей қатар отырған Шегір мен Бабыр биге кезек-кезек бұрыла қарап, олардың «Жол сіздікі, шарифаттың шарттарын сіз айтасыз» дегенді қас пен қабақтың қатар қимылымен білдіргенін ұқты.



Ұқты да үнсіз қалуға болмасын білді. Өзінен пәтуалы бір сөз күтіп отырғандарға қарата:

– Уай, ағайын, мына жеті қараңғы түнде ордасының туырлығын тіліп, батырдың ақ жабығына қол салған кім екен, алдыменен соны білейік. Оны жіберген, жұмсаған кім? Бұрынғылар «Жарға біткен жантақты жанынан безген нар жейді» демеуші ме еді? Сондай-ақ, бұл жанын шүберекке түйіп, басын бөйгеге тігіп келген пақырдың ар жақ, бер жағын білейік.

Бәрімізге мәлім, Сандыбай батырдың ақ ордасына жайдан-жай сүйкенгеннің де айыбы болған. Ал ордаға апарар жалғыз аяқ жолдың жан-жағындағы көк шалғынды жапырып жүргенге де жаза бар. Оның сыртында батырдың ақ ордасының туырлығын тіліп, бетіне жапқан ақтығын алуға әрекет еткені – жанынан безген, бұл дүниеден о дүниеге асыққанның ісі, білем. Иә, әлі де оның алар жазасы қалай боларын ойланармыз. Ақылдасармыз. Айтармыз, – деп байыпты қалпында барынша сабыр шақыра ойын айтып шықты. Қадір бидің сөзі бітер-бітпесте-ақ әр жерден шыққан күбір-күбір соңында анық та ашық айтыла бастады.

– Тірідей көму керек.

– Төбесі терімен тартылсын.

– Үлектің табанына салынсын.

– Тік қазыққа қадалсын, – дегендей әр түрлі жазаның аты атала келе «Қалай да оған өлімнің ең ауыр түрі таңдалсын» дегенді көпшіліктің қолдайтыны көрініп-ақ қалды. Солардың ішінен әлдебіреуі: «Жә, алдын ала даурыға бермейік. Ең алдыменен оның өзін көрейік. Кімнің адамы, кім жіберді? Кеткен кегі қандай? Басын өлімге тігіп келген бейбақ қай елдің жыртысын жыртқан жан?» – деді.

Осы сөзден кейін гуіл лезде сап тыйылды. Ондағысы белгілі. Мына отырғандардың ешқайсысы да оның қайдан келгенін, оны кімнің жұмсағанын әлі білмейді. Азаға келгендерімен де іштерінде ешкім білмейтін құпиялары қатпар-қатпар болып қалыңдап жатқандары қаншама. Сырт көзге «Ой, бауырымдап» келгендерімен де, тіршілікте «Әп, бәлем!» деп тіс қайрап,



қамшы сілтеп, білек сыбанғандардың да аз болмағаны анық. «Сандыбай! Сандыбай!» деп атын шақыртып жауға шапқанын әлдеқандай ететін бағаналыларды қалай жерге қаратып, беттеріне күйе жағармыз дегендердің түйген жұдырығының жазылмай, «Кезі қалай келеді?» дейтін қазақы көреалмаушылықтан да ада болғанын ешкім айта алмайды. Өлімге қарамай-ақ, «Тай күнінде тепкен тұяқтың тыртығын есіне алып, есесін қайтарсам» дейтін есерлердің де есеп айырысар тұсы – осы сөт.

Осы отырған игі жақсылардың ішінен «Ұсталған бұл пәле біздің рудан, біздің елден болмаса екен. Елге қарабет болып, жердің үстімен келіп, астымен қайтып жүрмесем екен» деген неше түрлі ойға беріліп, «А, құдайлап» күбірлей бастағандар да байқалды.

Көптің ойы шынында да «Бұл шіркін бетке шіркеу болар, қалың елге қарай алмайтын халге түсірер қара күйе болмаса игі еді» деп, күпті көңілдерінің ауанын аңдай бастағандай. Олардың бұлай ойлауына негіз жоқ емес. Жастайынан атқа мініп, жауға шапқан батыр елдің ішінде де, алыс-жақыннан да қиянат пен кемсітушілікке қарсы тұрып, бай демей, батыр демей, көпшіліктің ортасында талайының төлкегін шығартып, тәубасына келтірген. Әлсізді қолдап, әділеттің туын көтеріп жүргенінде: «Әй, бәлем, көрермін сені де...» – деп кіжінгендердің барын батырдың өзі естіген. Бірақ, «Хан сыртынан – жұдырық» дегендей, мұның алдына келіп, «Әй, сені ме...» деп тікетірескен бірі жоқ. «Ашу үстінде кім не демейді...» деп, ондайларға батырдың өзі қайырылып барып, қамшы сілтеп, найза тіремеген. Күндердің күні болып о дүниеге аттана қалсам, бұлардан сүйегімді қорлайтын іс шыға қоймас дегенді сан рет ой елегінен өткізіп, сырқаты жанға батып, әлсіреген шақта үлкен ұлы Дүзенге: «Бұрынғы батырлар «Сүйегімді жау қорламасын» деген. Тіпті Шыңғыстың қайда жатқаны – әлі күнге құпия. Неге дейсің? «Жау басымды басынбасын, қабірімді қорламасын» дегені. Ертең менің де өлгенімді естіп, есігімді андитындар табылар, сақ бол», – деген. Ондағысы – кімнің ішіне кім кіріп



шыққан? Ешкім келіп шырқын бұзбаса, құба-құп. Алда-жалда жанкешті біреу жансыз болып келіп, жабығын тіліп кетсе, өлген батырға да, қалған ағайынға да таңба емес пе? Осыны ол қатаң тапсырған.

Дүзен әкесінің бұл ойын түсінген. Содан да болар, үлкен баласы Жанұлыға жағдайды түсіндіріп: «Оң жаққа атаңды салғаннан кейін олай қарай жылжып жылан кірмесін», – деген. Әкесінің әр айтқанын қашан да екі қайталапайтын Жанұлы содан бері күндіз-түні кірпік қақпай күзетті өзі басқарған. Енді, міне, соның ізі шығып тұр.

Дүзенге барып, жағдайды айтып келген бетте аяқ-қолы байлаулы жатқан жансызды жағасынан ұстап тік көтеріп алды да: «Е, с-е-сен кі-кім? Кім-сі-сің? Кім-нің кісі-с-і-сің сен, ә-ә?» – деп алқымын қыса езіп жібергенде оның аузынан ақ көбік ағып, талықсып, мұның қос қолына салмағын сала сылқ ете түсті. «Бұл пәлені өлтіріп алған жоқпын ба өзі?» деп жүрегі зырқ ете түскен Жанұлы құлағын оның кеуде тұсына тосып, тыныс алуын тыңдағанда ғана барып көңілі орнына түсті.

Алқымынан қатты қысып жіберген Жанұлының қолы босағаннан кейін барып есін жия бастаған ол алып адамның сұсты жүзінен шошынғаны сондай, аузы ашылып, жанары жасып, жақ жүндері үрпие қалды да, есі шығып шыңғырып жіберді. Оның шиқылдай шыққан үнін Жанұлының: «Тірі екен», – деген даусы тұншықтырып тастағандай. Өлгінде ғана «Өлтіріп алдым ба?» деп қорыққан Жанұлы енді оны желкесінен сілкілей тартып екі аяғынан тік тұрғызды да, белінен қыса көтеріп, көзден таса жердегі жан-жағы шегенделген тас зынданға әкеліп, бетіндегі темір қақпақты көтере тартып, оны төменге сылқ еткізіп тастап кеп жіберді.

Тұтқын көзін ашып, жан-жағына қарай бастады. Түбі көрінбей жатқан ордың іші таспен дөңгелене өріліп, табанына шиыршық құм төселіпті. Үңгірден төбеге қанша тесіле қарағаныменен де самсаған жұлдыздардан басқа ештеңе де көрінбейді. Қолын созып еді, зынданның жиегі бұл ойлағаннан да биікте, әріде жатқанын білді. Білді де әлгіндегі дүлейдің тырнағынан бұл



жолы тірі қалғанына қуанып: «Бір ажалдан қалдым, ендігісін таң ата көрерміз», – деді де, өзінің де осындай тар қапасқа он шақты жыл бұрын бір бейбақты алып барып лақтырып тастағаны ойына түсті.

Сонда күндердің күнінде өзі де сол тұтқынға ұқсап, біреуге пенде боламын-ау дегенен. Сырдың бойындағы Кіші жүздің шағын бір ауылын шауып, қаз-қатар отырған он шақты үйдің шаңырағын ортасына түсіріп, қарсы келгенді өлтіріп, ажарлы қыз-келіншектерін ат артына өңгеріп, жеңіске масайрап қайтқан. Сонда қою қараңғылықта жанған үйлердің жалынымен бірге лапылдап, қолына бақан ұстап бұларға қарсы ұмтылған орта жастан асқан қазақтың қайратына ерекше таңғалған. Ат үстінде тізгінді тарта шыр айнала тұрып, өзіне қарай ұмтылған оны қамшымен сабап, мұрттай ұшырған. Ол ұшып түсіп, сәл жатты да, қайтадан алға ұмтылған. Денесі қызып, өруақ шақырып, ақырып жүргенді көріп, Қоқанның сол жолғы қолын бастап шыққан ханның жиені Дүрді мұны шақырып алып: «Ананы өлтірмей ұстап алып жүріңдер», – деген. Заматта оған тоғыз өрім торды төбесінен көтере тастап, аяқ-қолын қимылдатпай, тырп еткізбей ұстап алған. Атқа өңгеріп елге әкелгеннен кейін де сол Дүрді бұған: «Апарып зынданға таста, ертең таң атсымен ханның алдында сөйлесеміз», – деген. Бұл: «Құп», – деп, оны қазылған терең шұңқырға апарып, төмен қарай қанар қапты домалатқандай, дүңк еткізіп тастап жіберген. Сонда оның талықсып шыққан үніне құлақ аспастан, қапастың қақпағын жауып, табанымен оны тепкілеп-тепкілеп, үстінен бір-екі рет секіріп-секіріп кете берген. Ертесінде Дүрді бұған: «Бар, кешегіні алып кел, датқаға апарамыз», – дегенде ғана оның жұланы үзіліп, сілейіп жатқанын көрген. Бірақ оның өліміне онша өкіне қоймаған.

– Е, мейлі, керек болса тағы біреуін барып ұстап әкелемін, – деп кеңк-кеңк күлген. Бәрінен де оның серейген, түніменен қатып-сіресіп қалған жансыз денесін сыртқа шығару оңай болмады. Тіптен тар жерде айналу да қиын. Сонша терең қазған да, түскен адамның ішінде олай-бұлай қимылдап, жүріп-тұруы



қиынның қиыны. Ұзыны мен көлденеңі бірдей төрт қабырға аяқ созып жатуға ғана шақталғандай. Тіп-тік. Бүк түсіп, тізесін бүгіп жатқанға болмаса, созыла жатуға да келмейді. Сонда: «Қапас осындай қиыншылығы болмаса, ол қапас бола ма, керек болса, тізесін бүгіп, еңкейіп, мейлі жантайып жатсын. Керіліп-созылатындай әкесінің үйі емес қой», – деген де, өзі іштей соны мақұлдаған.

Мұның кешіккенінен әлденені бүлдіргенін білген Дүрді өзі келіп:

– Әне, осылай болған шығар дегенім дұрыс шықты ғой. Әсілі, сенің жүрегің жоқ. Тас шығар. Ойламайсың ба? Адам баласы ғой бұл да, – деп жекіп, желкесінен ұстап, кері итеріп жіберген. Сонда ғана бұл:

– Ей, осы Дүрдіде еш ақыл жоқ өзі. Жауға жаны ашитын болса, атқа мініп, қылыш сілтеп, найза неге тірейді? Ондайда айқайлап, атойлап, қарсы келгеннің басын қарбыз тілгендей қаққа бөліп өте береді де, мынандайда әлдекімге жаны аши қалатыны несі? – деп басын шайқаған.

Әлгінде Жанұлы өзін қолтығына қысып, осында еңкейе беріп: «Та-та-таңертеңге дейін жат мұнда», – деп тастай салғанда тура сол он шақты жыл бұрынғы өзінің істегені айна-қатесіз алдынан шыққанына қайран қалды. Тек айырмашылығы – бұл тереңге төбесімен емес, бір қырынан жамбастай құлаған және бір байқағаны – мыналардың қапасының іші кең. Кәдімгідей аяқ-қолды созып, құданың үйінде жатқандай керіліп, шірене шалқайып жатуға келеді. Тар қапасының өзіне де екі-үш адам сыятындай. «Бұл бағаналылар жауларына да даладай кең жүректерін ұсынады екен» дегенде құлағы шыңылдап, таңдайы құрғап, тілі кебіртіктене кеуіп, көмекейі бітеліп, дем ала алмай тұншығып қалды.

Бұл жолдан аман қайтпасын осылай қарай шыққанда өзі де білген. Аттанарда ағасы мен інісіне:

– Олай-бұлай бола қалсам, құнын іздейміз деп әуре болмаңдар. «Құн іздеген құнсыз кетеді» деген. Мен де сол тірі кезінде кегімізді ала алмай, енді Нұртай батырдың құнын



жоқтап барамын. Басқа емес, бағаналыларға. Олардың босағасынан шыбын да ұшып өте алмайды дейтін. «Төрт босағасының күзеті мықты, ынтымағы бұзылмаған» дегенді күнде еститін едім. Содан да шығар, тірісінде ешкім батып бетіне келе алмаған Сандыбайға кетіп барамын. Енді, міне, тұтас Қоқан хандығының ішінен мыңның бірі етіп, мені таңдағанын көрмейсіңдер ме? Екі-үш жылдан бері Дүрді деген соңыма түсіп алған. Арты осы болды. Амал жоқ. Бас тартсам да өлім. Барсам да сол. Бала-шағаның амандығы үшін басымды бөйгеге тіктім. Бет алғаным – он алты жасында Нұртай батырға, иә, иә, белгілі Нұртай ноянға жекпе-жекте шұрқылтайынан найзасын өткізіп, алтын дулығалы басын Барлыбай ханына тарту еткен бағаналы Сандыбай батырдың ауылы. «Сол әл үстінде жатыр, бүгін-ертең өледі» деген хабар жеткен. Бұл хабар қоқандықтарды ойландырып, датқаның өзі «Сандыбай өлгеннен кейін оны оң жаққа салып, бетіне ақ жауып қояр. Сол бетіне жапқан ақ атласты, ақ ордасының жабығын тіліп, алып келуге Нұртайдың өзінің аталастарынан кімді жібереміз?» дегенде, құдай төбеңнен ұрғыр Дүрді «Нұртайдың өз кіндігінен тұқым қалған жоқ. Аталасынан атқа мініп, әруақ шақырып жүрген Алапан бар» деп мені атапты. Сол сөзді басқалары да қоштап, орталарына шақыртып алып, «Ал аттан!» деді. Сол үшін кетіп барамын. Мені іздемеңдер, – деп екеуіне есейіп қалған жалғыз ұлын тапсырып атқа мінген. Енді, міне, терең шұңқырға қамалып, аспаннан жұлдыз санап, өткенін ойға алып, бармағын тістеп, өкініп отыр.

«Кім біледі, енді қашан шұңқырдан шығарады? Әлде осы жерге көме сала ма? Бір құдай білер. Десе де «Бұл кім? Мұны кім жіберді? Не үшін келді?» деген сауалдардың жауабын алмай, олар бостан-босқа көме салмаса керек. Ал сұрай қалса, бар білгенімді жасырмай жайып салармын» деген тұтқынның бойы жеңілдегендей, желкесінен әлдебір жылы леп сипап өткендей болды.

«Кеудеден шыбын жан шыққанша адамның үміті үзілмейді» дегенді Алапан бұрын талай рет әркімдерден естіген. Бірақ соның бірде-біреуінен «Бұл не сөз?» деп зер салып



сұрап көрмеді. Басына түспегендер қайдан білсін? Өз күшіне өзі сеніп, «Кім маған қарсы келер?» деп жүргенде небір «Мен қалаймын?!» дегендерді кездестірген. Еңгезердей бойына сай жуан тоқпақ жұдырығының күшіне сеніп, белдескеннің белін майыстырып, басынан асыра лақтырғанда орнында опат болғандарды да көзі көрді. Дүлей күшке сай қатарластары оның азан шақыртып қойылған Даруыхтай атын бұрып алып, «Алапан» деп атап кеткен. Олардың «Алапан» дегені өн бойында күш бұлағының алапатын меңзегендері сияқты. Алғашқыда бұл: «Әй, менің атымды Нұртай ағама ұқсастырып «Даруыхтай» деп қойғанын неге ұмытасыңдар сендер?!» – деп қарсы дүрсе қоя беретін. Әйтсе де, іштей өзі солай атағанын қалайтын-ды, тек Нұртай ағасындай жекпе-жекке шығып, жау түсіріп көрмегені ғана бетіне шіркеу. Талай жерде: «Әй, мықты болсаң ағаң Нұртайды өлтірген бағаналы Сандыбайдан барып кегіңді алмайсың ба? Ала алмасаң, жаның ағаңнан артық па, сол жақта қалмайсың ба?» – дегенді әркімдерден-ақ естіген. Кімнің аузына қақпақ қойғандай?

Бағаналы найманның бірлігі берік, бірі бөрі үшін өре түрегеліп, жақынын жауға тастамайтын ұйымшылдығына қызығатын. «Шіркін-ай, бауырластықтың үлгісі бағаналыда екен. Бізде неге сондай болмайды?» деп басын талай ауыртқан.

Аталас ағасы Нұртайдың ерлігін де бала кезінде естіген. Бір ауыл ғана емес, тұтас тұрған қарақалпақтың сөз ұстаған үлкендері: «Нұртай тұрғанда төбемізде шам жанғандай еді», – деп күрсіне еске алғанын естіп өсті. Өзі ержетіп, ат жалын тартып мінгенде «Сандыбайдан бір кек алмасақ болмайды» дегенді көңілінің төріне әбден-ақ қондырып, орнықтырған. Арқа мен Сырдың арасындағы Қаратаудың ішкі бетінен қазақ ауылдарын шауып, жермен-жексен еткенде, біреуін әдейі тірі қалдырып: «Барыңдар, Сандыбайға сәлем айтыңдар», – дегенді құлақтарына құйып кететін. Тағдырдың жазуы шығар, бірақ Сандыбаймен не бағаналылардың бірімен қылыш сермесіп, найза тіреспеді. «Бұлардың біреуімен күш сынасуым керек» деп іштей қанша айтса да, соның сәті түспегеніне өкініп жүргенде,



аяқ астынан, ойламаған жерден оның немересінің қолына түсті. Талай күші асқанды көрген. Бірақ әлгі төбесі көк тіреген жойдасыз жанның мұны желкесінен бұре қысып, жоғары көтеріп алғанда аспан айналып бара жатқандай күйге түсіп, табаны жерге тимей, ауада екі аяғы сереңдеп, екі қолы ербеңдеп, желменен желбіреген шапанша желп-желп ете қалған. Бұрын-соңды мұндай күштіні көрмепті. Желкесінен қысқан қолдың қуатына шыдап тұра алмады.

«Бағаналыларға барамын», – дегенде оған Дүрді: «Барарсың. Онда Сандыбайдың үлкені Дүзеннің Жанұлы дегені бар. Кімнің қолына түссең, оның қолына түс. Әсілі, түспегеніңді қалайық. Ал түсе қалсаң, тек сол Жанұлының қолына түспе. Ол ұрмай, соқпай, аспай, атпай, шаппай, сүйретпей-ақ, сирағыңнан қысып ұстап, аспанға қарай шиырып-шиырып, «Тух!» деп құлаштай лақтырса, сүйегің қайда түсерін бір құдай білсін. Тасқа түсесің бе, суға батасың ба, отқа күйесің бе? Әйтеуір ол сенің екінші рет жағаңа жармаспайды. Сенің үгітілген сүйегіңе ол түкірмейді де», – деп мұның үрейін алдын ала алып қойған.

Сол сөз осында келгенінше ойынан бір кетпеген. «Тіпті, сол Жанұлының өзін көзбен көріп, реті келсе күш байқасам ба?» дегенге де көңілі бөліне берген. Бірақ, «Алдымен негізгі шаруаны бітірейін, содан кейін оның да қисынын келтіремін» деп, өзінің басты жұмысынан былай-былай мойын бұруға мұршасы болмасын түсінген.

Әлдеқалай бейсеует бір жоқ іздегенге ұқсап, бағаналылардың ауылына кіргенде мұндағылардың бөтенмен ісі жоғын байқады. Бірімен-бірі жайдары, жарқын амандасып, құшақтары босамай жарқ-жұрқ еткен жастарына қарап: «Бұл шіркіндер шетінен бір үйдің балаларындай бауырмал екен. Бұл да бесіктен берілген тәрбиенің жемісі ғой», – деп тамсанған. Енді ғана әлгі «Бағаналының төрт босағасы» деген сөздің де төркінін түсінген. Балалары тату-тәтті өскен елдің үлкендерінің үлгісі ұлғайып, бірлігі беки береріне мұның еш күмәні қалмады.

Терісаққанның бергі қарсы бетіндегі Қаракеңгір өзенінің жасындағы шалғынды жайлауға қаз-қатар отырған Сандыбай



батырдың ауылына жақындағанда бұған «Әй, сен кімсің, қайда барасың?» деп бір адам да жолын бөгеген жоқ. Әрлі-берлі жүрген көп жолаушының бірі десе керек, ешкім тоқтатпады.

Апақ-сапақ, екі кештің арасында қаз-қатар тігілген ақ шаңқан үйлердің дәл ортасына басқаларынан бөлек, еңселі он екі қанат ақбоз үйді әкеліп, апыл-ғұпыл тіге бастады. Шаңырағын көтеріп, уығын тіреп, ұсталмаған аппақ ақ киізді әкеліп жапқанда «Бұл бекер емес» деп жорамалдаған. Сол ойы алдамапты. Батырды осы үйдің оң жағына әкеліп салғанын да көрді. Содан кейін жан-жақтан «Ой, бауырымдап» ат қойып жатқандардың қатары көбейді. Сандыбайдың дүниеден өтуін күтіп, соған дайындалып отырғанда-ақ жан-жақтан ұбақ-шұбақ келіп жатқандарға қарап, «Осы бір абыр-сабырды пайдаланып қалайын» деп, ақ ордаға қарай жақындай түсті. Өудем жер қалғанда байқады, ақ ордаға күзетті мықтап қойыпты. Небір апай төс алып жігіттердің күміс қынды алмас қылыштары жарқ-жүрқ етеді. Найзасын көкке тіреп, бес-алтауы біріне бірі таяу тұр. Араларынан қыл өтпейтіндей. «Әлгі «Бағаналының төрт босағасының арасынан жылжып жылан, шауып құлан өте алмайды» дегені де осы болар» деп ой түйген ол мысық табандап ақ ордаға жақындай берді. Күзетшілердің түрі мен түсін ажырататындай жерге жеткенде демін тереңнен бір алып тыныстады. Ендігі жайын ойға алып, «Не істеуім керек?» дегенді ішінен қаншама қайталағанын өзі де білмей қалды. Қалай болғанда да анау орданың туырлығын тіліп, батырдың бетке жапқан ақтығын жұлып алып, бағаналылардың масқарасын шығару әрі сол арқылы ағасы Нұртайдың кеткен кегін қайтарудың қолайлы кезін күтуге бекінді. Отыра-отыра екі тізесі талып, белі майысып, жауырыны құрысып, мойны сіресіп, қатып қалды. «Дәл осылай отыра берсем орнымнан тұра алмай, осы жерде домалап қалармын» деген бір ойдың ұшы үрейін ұшырып «Бол, тез, жылдамдат» дегенді құлақ түбінен қайта-қайта күмбірлетіп айта бастағандай. Мынау кең дүниеде аққан су да, соққан жел де, шырылдаған торғай мен сонау аспандағы жымыңдаған жұлдыздар да оған сол сөзді сыбырлап қайталап айтатындай.



Басы айналып, тұла бойы дуылдап, өн бойына қан жүрмей, жүрегінің тұсы шаншып, еріндері жыбырлап, көзінің түбі тартып, тілі құрғай бергеннен-ақ алда бір сойқанның тұрғанын ішкі түйсігімен түсініп тұр. Бірақ, әлгі «Шешінген судан тайынбас» дегендей, о бастан-ақ елінен шыққанда басын бөйгеге тіккені есін тез жиғызды. Аттанарда бұған: «Сен өлімге бара жатырсың», – деген Дүрдінің сөзі ойына түсіп, бойын тез қатайты.

Сол жақ бүйіріне қарай көтере таққан күміс зерлі белбеуінің үстінен басып тұрған төрт қырлы алмас кездігін қынынан алып, «Иә, сәт» деп, ақ орданы бетке алды. Орнынан жеңіл тұрып, осы ауылдың жігіттерінің өзі сияқты аяғын алшаң-алшаң басып, ақбоз үйді бір айналып шықты. Жан-жағындағы қойылған күзетке сенді ме, әлде «Кім келер?» деген бейқамдықтары ма, бір адам бұған «Әй, сен кімсің?» деп тоқтатқан жоқ. Әркім өзіменен өзі болып, алыс-жақыннан келгендерді күтудің қамымен жүр. Күзеттегілері де манағыдай емес. Тұрған орындарында қаққан қазықтай қатып қалыпты. Сірә, «Кім тіктеп келер дейсің?» деген бір ойға бекіп алғандай.

Көзімен көргендерін саралай келіп, ақбоз үйден әріректегі екі-үш үйді де бір оралып өтті. Үшінші рет тым жақындай түсіп, туырлыққа қолы жететіндей жерге дейін барды да, сол тұрған жерінде ақ алмаспен ақ киізді сыр еткізіп жоғарыдан төмен қарай тіліп өтті. Қолындағы кездік қылпып тұр. Бұдан әрі тұрудың қауіптілігін сезген ол, тілінген туырлықты түріп жібергенде ар жағындағы төс ағаштың үстінде арулап бетіне кіршіксіз қылаудай дағы жоқ аппақ ақ жібекпен жабылған Сандыбайдың алып денесі анық көрінді. «Керегінің өзі де осы емес пе!» деп, керегеден қолын өткізіп ақтықты жұлып алып, енді бұрылғанша болған жоқ, әлдебір жойқын күш мұны кеудесінен қысып, жерден іліп алып, көтеріп жүре берді. Қарулы қолдың қысымына шыдамай қолына ұстаған ақтықты тастай салды. Жаны мұрнының ұшына келіп, шиқ-шиқ етіп тұншығып барады. Одан кейінгісі есінде жоқ. Есін жиғанда сойылатын қойдай аяқ-қолы буулы жатқанын білді.



«Қолға түскенде де Жанұлыға жолықтыра көрме» дегеніне орай, тура соның қолына түскенін өзін тік көтеріп, серендетіп қысып әкеткенде-ақ түсінген.

Бір өзін екі-үш жігіт тыпыр еткізбей күзетіп тұрғанын байқады. «Енді мені қашан өлтіреді екен бұлар?» дегенді ойына оралтқан сайын, ауылдағы қатын-балалары мен қарт әке-шешесіне де дұрыстап «Бақилыққа кеттім» деп айта алмағанына өкінді. Өкініштің уыты өзегін өртеп жіберердей. Сонда: «Неге мен осыған келістім? Нұртайдың кегін неге мен ғана іздеуім керек? Түбі бір өлім болғаннан кейін, не болса да, сол өз елімнің ішінде өлгенім керек еді. Енді, міне, ит жемеде, айдалада жаназамды да шығармай, шыбын жанымды қинап өлтіретін болды-ау», – дегенде көзінен аққан мөп-мөлдір тамшылар иегінің ұшымен жағалай кеудесіне тырс-тырс етіп тамып жатты.

«Өлген жерім осы шығар» деп жатқанда әлдебіреу келді де, қол-аяғын байлаған арқанды шешіп тастады. «Бұл қалай?» дегенінше болған жоқ, алғашқы желкесінен қысқан әлеуетті қол сирағынан қысқан бетте, жерде тулақ тартқандай дырылда-та жөнелді. «Енді қайда апарады?» деуге шамасын келтірмей, желкесінен бүре, сүйреп әкеліп төмен қарай тастап жіберді. Жоғарыдан төмен түскенде ғана зынданға түскенін білді. Не пәле болса да оны енді осы тар қапаста күтіп аларын ұқты. Басын көтергенде жоғарыдан жұлдыздардан басқа көзіне ештеңе де көрінбейді.

Қалың ойдан қажып қалғып кеткен екен, дабыр-дұбырдан селк етіп оянып кетті. «Келді» деді. «Енді ажал құшатын шығармын» деген. Жоқ. Жоғарыдағылардың мұныменен тіпті ісі болмады. Мұның бар-жоғын ұмытып та кеткендей. Бірақ бәрі де оның ойлағанындай емес еді.

Қолға түскен жансыздың жайын алдыменен Сандыбай ұрпақтары өздері талқылап: «Оған өлім!» – деп өзеурей түскен. Тек Сандыбайдың үлкен ұлы Дүзен оларға: «Мұны енді біз шешпейміз. Төрт босағаның билері біледі. Солардың талқысына саламыз. Ал олар билікті өздері айта ма, жоқ, осында келген үш жүздің жақсыларының алдынан өте ме? Оны бір құдай біледі», –



деп өрекіпген туыстарын тыныштандырғаннан кейін, үш биге арнап жеке-жеке тігілген үйлерге бет алған. Үш бидің үшеуі де: «Асықпайық. Алдыменен батырды құтты мекеніне қондырайық. Содан кейін де үлгереміз», – дегенді бірінің аузына бірі түкіргендей қайталай айтты. «Үшеуі алдын ала келіскен бе, әлде ойлары үнемі дәл осылай бірдей шыға ма?» – деп Дүзен таңғалғанын жасыра алмады.

– Не болды? – деп еңтігіп келген Жанұлыға:

– Асықпа, алдыменен атаңды жөнелтейік. Билер солай деді, – дегенде ол:

– Оны өзім-ақ мойнын бұрай саламын. Оларға несіне айтасың? – деп дүңк етті.

Баласының бұл сөзі Дүзгенге ұнамады. Әкесі Сандыбайдың жамбасы жерге тимей жатып «Оларды неге тыңдайсың?» деген сөзді естігенде «Япыр-ай, мынау мынадай дегенде кейінгілер не демейді? Сүттей ұйыған бағаналы балаларының бірлігіне селкеу осылай түсіп жүрмесін, ынтымақ ыдырамаса екен» деп бойын тез жинап, ұлының сөзін естімегендей болып жүре берді.

«Шоқының басы тастақты, қазылуы қиын болар-ау» деп Жырық атаның балалары қабір қазуға ең мықты, қарулы жігіттерді таңдап, шебер ұсталарға арнаулы құралдарды, қайла мен күректі, сүймен мен сүйір қазықты мұқалмайтын асылдан соқтырды. «Шоқы дегенің де тау емес пе, асты толған тас болар...» – деп, күңкілдегендердің де сөзі шығып қалды. Алайда, ауыл молдасы: «Біссіміллә!» – деп шоқыны бетке алғанда, Терісаққан бойын жайлаған қалың арғын мен Торғайдан топтала келген қыпшақтар, Түркістан жақтың қоңыраттары, Көкшенің керей, уағының, Сыр мен Жайықтағы ағайындардың, Алатаудың атқамінерлерінің азаға келгендері: «Үйін қазуға қол тигіземіз», – деп олар да шоқының төбесіне шықты.

Көптің көңілінде «Қайламыз шынында да шын тасқа тірелсе не болар?» деген күдік те жоқ емес. Әйтсе де, «Көп тілегі – көл» деген, үш жүздің балалары түгелдей дерлік қаз-қатар тұрып, құрыш білектерін түріп, қолға алған күректерін «Е, Алла!» деп қара жерге тірей қадағанда жан-жақты топырақ босап сала



берді. Кеше ғана: «Оу, шоқының ұшы тастақ болса үйі дайын болмай қала ма?» – дегендер: «Бұл да болса Алланың сүйген құлына жасаған бір жеңілдігі», – деп, көңілді демдеді.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл», бесін ауа Сандыбайдың лақабы дайын болды. Енді тек ақ жуып, арулап қою ғана.

Келесі күні ата-баба салтымен, мұсылмандықтың барлық жол-жоралғысы жасалып, жаназасы шығарылып, батырдың денесі қара жердің қойнына табысталды. Қашанғыдағыдай «Ерім» деп келгендер бағаналылықтарға: «Енді әлгі туырлықты тілген қараниет қаныпезердің жайын шешейік», – деді.

Қолға түскеннен бері ешкім келіп тіл қатпаған тұтқын қақпақ ашылып, төбеден түсірілген сатыны көргенде өлгені тірілгендей қуанды. Сатының табаны жерге тиер-тиместен-ақ оған жармаса, жанталаса ұмтылды. Дәл қазір ұмтылып ұстап алмаса, сатыны жоғарыға қайтадан көтеріп алып кететіндей. «Не болса да осынау жарық дүниенің бетін көріп өлейін» дегендей. Жоғарыда өзін ажал күтіп тұрғанын білсе де, соған жеткенше асықты. Жан адамға керексіз болып терең шұңқырда жападан-жалғыз қалғанда: «Келетін ажал тез келсе екен», – деп егілгені де есінде. Енді, міне, Алла мұның сол тілегін бергендей.

Жорғалап жоғарыға шыққанда жарқыраған күннің шуағынан көзі қарығып, басы айналып, тұрған жерде құлап түсті. Бір байқағаны – мұның қолын қайырып, көтеріп алғандардың арасында Жанұлының жоқтығы. «Е, Алла, Жанұлының қолына түсірме», – деп күн-түннен бері жанталасып, жылағаны да зая кетпегендей.

Қолтығынан демеп, аяғын жерге сүйрете тартқан екі жігіт мұны ақ орданың алдына алып келді. Іштегілердің: «Бері әкел, көрейік түрін», – дегенінен кейін оны табалдырыққа аяғын тигізбей, өкшесінен көтеріп, қырындатқан бойы, төселіп қойған тулақтың үстіне дік еткізіп тастай салды. Сонда ғана Алапан есін жиды. Төр жағалай отырғандарға тіктеп қарай алмай, көзімен жер шұқып, басын төмен ие берді. Жазаның қай түріне болса да мойынұсынып отырған кейпі анық. Екі-үш күннен бері «Бұл кім? Кім жіберген?» деген сауалға жауап таба алмай,



«Алдымызға бір келер, сұрармыз, білерміз» дегендер енді бірінен соң бірі оны тергеуге ала бастап, жан-жақтан сауалдарын жаудырды:

– Кімсің сен?

– Сені кім жіберді?

– Мақсатың не?

– Ата-тегіңді, ауылыңды айт.

– Қандай жаза күтесің? – деген сауалдың астында қалған ол еңсесін тіктеп, жауап бере бастады.

– Алдымен, қазаның артының қайыры болсын. Батырдың топырағы торқа, жаны жұмаққа өтсін, Аллаһ кешірсін мені. Менің қалауым бұл емес еді. Мен мұнда келмесем бала-шағам, үрім-бұтағым түгел ажал құшатын болды. Ал келсем жеке өзім өлетінімді білдім де, осы соңғысын таңдадым.

Мені Алапан дейді. Азан шақыртып қойған атым – Дарухытай. Сандыбайдың қолынан қаза тапқан қарақалпақ Нұртай батырдың аталас туысымын. Қоқан хандығына қараймыз. «Сандыбай батыр әл үстінде жатыр. Жақында өледі. Онда кеткен Нұртайдың кегін тірісінде ала алмадық. Енді, өлгеннен кейін болса да, оң жақта жатқанда оның бетіне жапқан Меккеден әкелінген ақтықты сыпырып, жалаңаш тастап, елін масқаралау керек» дегенді жүзбасы Дүрді деген қалмақ бастап, басқалары оны қоштады. «Ал оны кім орындайды?» дегенде, бұрыннан екеуара кикілжіңіміз бітпей келе жатқан ол мені нұсқап, «Міне, мынау – Нұртайдың аталасы» деп иегін қағып көрсетті. Ондайда «Мен бармаймын» деуге мұрша жоқ. Олай болғанда сол жерде жаныңды алып, отбасыңның ойранын шығарады. Ол осылайша менен құтылудың жолын тапты. Мен байғұс лажсыздан көндім. Көндім де осылай қарай атқа қондым. Жолдағы елге жоқ іздеген жолаушымын дедім. Бағаналының ішіне енгеннен кейін ешкімнің көзіне көрінбей, күндіз ұйықтап, түнде жүріп, Сандыбайдың ауылына жетіп, оның өлгенін күттім. Сол сәтті күн туды. Ойдағы-қырдағы бар қазақ «Ой, бауырымдап» өкіріп келіп жатты. Оның бәрін мен сырттай бақылап, байқадым. Жеке тігілген ақ ордаға денесін әкелгенін көрдім. Қойылған



күзеттің күшті екеніне көзім жетті. Орайы келер кезді тостым. Сондай бір сәт туды. Еңбектеп ордаға жетіп, туырлықты тіліп, ар жағына қолымды соза бергенімде бір әлеуетті қол желкеменен қысып, күшік көтергендей жерден жұлып алды. Осы уақытқа дейін өзімді екі-үш жігітке әл бермейтін күшім бар деуші едім. Мен де талайдың желкесінен бүргенмін. Бірақ әлгідей алыпты кездестірмеппін.

Міне, бар жағдай осы. Алдарында тұрмын. Жазаның қай түрі болса да лайықпын. Өлтірсеңдер өкінбеймін, – деп Алапан сөзін бітірді.

Сөзін ақырын бастап, соңына қарай жігерленіп, екпінде-те бітірген Алапанның жүзі күреңітіп, мына жалған тірлікке деген бар өкпе-ренішін өзіменен бірге ана дүниеге ала кеткісі келетіндей кейіпті аңғартып, елінен бері қарай шыққанда-ақ алдында дәл осы жайдың күтіп тұрғанына сенімділігі де оның жігерін жанып, бойына қуат беретіндей. Басын өлімге тігіп келгеніне еш өкінбейтінін барынша дәлелдегісі-ақ келеді. Содан да шығар, ең болмаса бір рет «Жаныма сауға беріңіздер» дегенді тіл ұшына оралтпады. Қайта: «Еш өкінбеймін», – деп еңсесін көтере береді. Бірақ, арғы жағындағы азды-көпті татып қалған тірліктің тәтті дәмі тамағын жыбырлатып, кеудесін белгісіз бір жылы леп кеулеп, шыбын жанының шырылдап, жанарынан сансыз тамшы болып тамып кеткелі тұрғанын қанша жасырғысы келсе де, өңешіндегі өксіктің үні оны аңғартпай қойған жоқ. «Мейлі, мен айтарымды айттым» дегендей үнсіз, дыбыс шығармай, тілін жұтып қойғандай мелшиіп қалған оның «Енді сендер не айтсаңдар да маған бәрібір» дегені өн бойынан сезіліп-ақ тұр.

Мына тіршілікке түк қатысы жоқ, одан өзін бөлек сезініп тұрған оған Дүзеннің:

– Міне, Нұртайдың кегін аламын деп алашапқын болып келген бейбақтың сөзін естідіңіздер, ағайын. Енді бұған не дейміз? Баршаға белгілі, Сандыбай батырдың ақ ордасына одыраңдай келгеннің де алатын бір жазасы болған. Атынан түспей дауыс көтерген де дүреленген. Табалдырығына табанын тіреп, есігі-



не етігін тигізіп алғанының айыбы да айтарлықтай еді. Ал енді оның оң жақтағы жатқанын пайдаланып, сүйегін қорлап, түндігін тіліп, бетіне жапқан ақтығына қол салғанға қандай жаза? Ата-баба салтында қалай? Шариғат бұған не айтады, ағайын? Кесімдеріңізді айтыңыздар, – дегені жүрегін шаншып өткендей болды.

Дүзеннің онша-мұншаға қозғала қоймайтын салмақты мінезін білетіндер оның үнінен «Қайтсеңдер де мұны маған жығып беріңдер» дегенді емес, қайта «Сабыр сақтап, әділі қайсы, жазасы не?» дегенді аңғарды.

Алғашқыда-ақ оған қандай жаза беру туралы сөз қозғалғанда бағаналының игі жақсылары Шегір мен Бабырға, ал ол екеуі қатарындағы Қадір биге қараған. Бозжорға аталып кеткен Шегір би:

– Шариғат жолын да, ата-баба салтын да ортамызда Қарабала Қадір биден артық білетін ешкім жоқ. Бағаналының пірі әрі әділ би аталған Қадір би мұның төрелігін айтады, – деген.

Шегірдің сөзін тыңдап отырған Бабыр би де үнсіз ғана басын изеп, «Осыған келісемін» дегенді білдірген. Қадір би сонда:

– Иә, алдыменен батырды құтты орнына қондырайық. Содан кейін де күн бар ғой, – деген. Сол сәттің келгенін сезген, енді олай-бұлай соза берудің қисыны жоғын да ол біліп тұр. «Осы қалай?» деген жақсылардың бәрі де мұның шешімін күтіп, «Ал не айтар екен?» дейтіндей.

Бабасы Өтебай биден бері жалғасып келе жатқан биліктің жолында жүрген Қадір би кешеден бері:

– Күні ертең «Ал бұған не айтасыз?» дегенде қалай болар екен? – деп, алдын ала Шегір және Бабыр бимен бір орайда тіл қатысып қалған. Сонда ол екеуі де:

– Биеке, қалай шешсеңіз де, біз сізді қолдаймыз. Қисынын сіз білесіз. Әділіне бұратын да, айтқан сөзде тұратын да – сіз, – деген.

Сол сөз оған ерекше қуат, ерекше бір сенімділік сыйлағандай болды. Әйтсе де, жеті атасынан бері батырлық үрдісті үлгі етіп, қылышы мен қалқанына кір түсірмей жүрген Жырықтың



балалары не ойда? Олар не дейді? Ол жағы әлі белгісіз. Сандыбайдың үлкені Дүзеннің сөзі әлгіндей. Не де болса, осы бір сыннан сүрінбей өтудің жолын іздеген Қадір би жансызға көзін тіге қарап, біраз үнсіз отырды да, бірден:

– Ал, көне, бастайық, – деді. Жұрттың бәрі оған бұрылды. Би жазалыны сұрақтың астына ала бастады:

– Көне, сен кімсің? Қайдан келдің? Айт бәрін.

– Нені айтайын? Қоқан хандығына қарайтын қалмақ қонысындағы Дүрдінің нөкерімін. Атым – Алапан, азан шақырып қойған атым – Дәрухытай. Қарақалпақ Нұртай батырдың аталас туысымын.

– Мұнда неге келдің?

– Дүрдінің тапсырмасымен.

– Не үшін?

– Нұртай ағамды өлтірген Сандыбайдан кек алуға.

– Өлгеннен кейін бе?

– Ия, тірісінде онымен тіресетін батыр табылмады.

– Содан кейін?

– Сандыбайдың көптен сырқат, өлейін деп жатқанын естідік.

– Солай дейік.

– «Өлгенде бетіне жапқан ақтығын сыпырып әкетіп, ағайын-туысын, ел-жұртын масқаралайық» дедік.

– Сенен басқа ешкім шықпады ма?

– Неге шықпасын, бар ғой, бірақ...

– Не бірағы бар, айта бер.

– Бірағы сол, қалмақ Дүрді мені өте жек көреді.

– Не үшін?

– Білмеймін. Оның айтқанына менен басқа ешкім қарсы жауап қайтармайды. Ал мен теріс жерін бетіне басамын.

– Сол ғана ма?

– Әрине, одан басқа не болсын. Қалың қосынның ішінде өз қатарымнан күшім басым. Беделім де бар. Ешкімге жалынп-жалбақтамаймын. Бәрі оған «Дүке, Дүке» деп бас ие жүгіреді. Ал менде ондай жоқ.

– Жә, ол енді өзіңнің шаруаң. Отбасың бар ма? Бала-шағаң, әке-шешең, аға-інің?



– Бар, бар. Бәрі де бар. Үш балам бар. Ұлым он беске шықты. Қызым он үште, кенжем тоғызда. Үлкен ағам момын. Ауылдан алысқа ұзап шықпаған. Отбасында отырған жан. Бір қолы кем. Қылышпен шауып кеткен. Інім ержүрек. Отбасылы. Келін – қалмақ қызы. Содан да болар, ол үйге қалпақтардан да қалмақтар көп барады. Әке-шешем ағамның қолында. Оларда еш билік жоқ. Жайым осы.

– Олар осылай кеткеніңді біле ме?

– Біледі. Әке-шешеммен қоштасып кеттім. Мүгедек ағам «О дүниеде кездесейік» деп жылап қалды.

– Неге?

– Енді менің бұл келісім – өзімнің ажалымды іздеп келу. Ажалыма асыққандаймын.

– Неге олай дейсің?

– Құтырған қалмақ мені көрер көзге ажалға айдап салды.

– Бармаймын демедің бе?

– Олай деуге болмады.

– Себеп?

– Онымды қорқақтық, кек алудан бас тарту деп өлімге бұйырады.

– Қандай кекті айтасың?

– Нұртай батырды Сандыбай жекпе-жекте өлтіріп, басын кесіп, Барлыбай ханға тарту етті емес пе?

– Ие, ие, солай болғаны рас.

– «Сол үшін Нұртайдың кегін алу керек» деді.

– Онда Сандыбайдың көзі тірісінде, онымен жекпе-жекке шығып, кеткен кегіңді алуың керек еді ғой.

– Солайы солай болғаныменен де Сандыбайға оның көзі тірісінде кім қарсы шыққандай? Айбынды батыр Нұртайдан асқан кім бар еді? Сол Нұртайды шаншып өлтірген батыр кімді аяйды?

– Олай болса, қуатын кектің қандай қисыны бар?

– Бар. Артынан бір адам «Қанға – қан» деп атойлап шығуы керек еді. Топты қолдың ішінен ешкім шықпады. Сол Нұртайдың басы шабылған шайқаста Дүрді қалмақтың әкесі де болған.



Ол да сол жолы ажал тапты. Жүрегіне қан қатқан Дүрді мені көптен бөліп, бір оқпен екі қоянды атқандай жасады. Менен де құтылды. Кекті қуған текті ұл болып танылды. Ал мен міне, қолға түсіп, ажалымды күтіп отырмын.

– Өзіңе қандай жаза лайықты дейсің?

– Қандай жазаға болса да дайынмын. Білем, әруақты ердің ақ ордасына рұқсатсыз кіргеннің де өз айыбы бар. Ал мен туырлығын тілдім. Ақтығына қол создым. Өлтірсеңдер де ризамын. Тек өлер алдында бір тілегім бар. Соны беріңіздер.

– Ол қандай тілек?

– Өзекті жанға бір өлімнің бары даусыз. «Ерте ме, кеш пе, әр пенде өлімнің дәмін татады» деген. Менің де кезегім келді, білем. Оған сендерді кінәламаймын. Мұнда мені ажал айдап келгені анық. Өкінішім жоқ. Өтінішім бар.

– Нендей өтініш?

– Өтінішім – өлігімді қорламай, сүйегімді сайға тастамай, бөлшектеп-бөлмей, жаназамды шығарып, адамша көмсеңіздер. Ол, әрине, менің ойым. «Өлгеннен кейін саған бәрібір емес пе?» десеңіздер, өздеріңіз білесіздер. Бетімді топырақпен жапсаңыздар разымын.

– Ә, сенің айтып тұрғаның – о дүниенің қамы ғой. Біз әлі бұл дүниенің сөзін айтып тауысқан жоқпыз. Сонша неге асықтың? Мүмкін, сені еліңе астыңа ат мінгізіп, үстіңе шапан жауып жіберерміз, оған не дейсің?

– Онда да мені құшақ жайып ешкім күтіп тұрған жоқ. Онда барсам да мені ажал күтіп тұрғаны анық.

– Бұл қалай?

– Мен не болса да ақтықты алып, елді у-шу етуім керек еді. Олай ете алмадым. «Қолға түсіп, тірі қалдым» дегенге олар сене ме?

– Неге сенбейді?

– Сенбейтіні «Сандыбайдың сүйегін қорлап, туырлығын тілген тентекті ұстап алып, аман-сау жібере салатын олар ақымақ па?» деп өзімді келемеждеп, керегеге керіп, күннің көзіне қақтап, жұтым су бермей таңдайымды кептіріп, қаңсытып



өлтірмей ме? Ұрмай-соқпай, ат құйрығына сүйретпей, отқа салмай-ақ, бұл өмірге келгеніме өкіндіріп-ақ өлтіреді. Онан да осында сендердің қолдарыңда өлсем, ата-анам да, балаларым да «Құн даулап барып ажал құшты» деп құрметтейді. Ал оларға тірі барғанша... Осында қалғаным – ондағы тірлігімнен де құндырақ, – дегенде Алапанның көзінің алды кілкілдеп, тамағы бүлкілдеп, үні тұншыға шықты.

Көптің алдында сауалды жылдамдата қойып, айтқан-айтқанынша оның ой жиып үлгеруіне жол қалдырмай есін тандыра жауап алған Қадір би, «Енді бұдан әрі қинамайын» деді ме, үнсіз қалды. «Не болар екен?» деп аңтарылып отырғандарда да дегбір жоқ. Жансыз қолға түскеннен бері: «Бұл шіркінді неменеге соза береді? Берсін қолыма, мойнын жұлып тастайын, берсін маған», – деп күпініп жүрген Жанұлы шыдамады білем:

– Не-не-неменеге қа-қа-қар-ап о-отыр-сыңдар? Ә-ә, мағ-а-ан бе-е-еріңдер. Құша-а-а-ғы-ым-ыма қыс-сып-ақ құр-т-а-ай-ғын, – деп бастырмалата берді. Ұлының қызбалығына мән бермегендей Дүзен:

– Биеке, шешім сізде, – деді. Бұл енді мұның тоқ етері қандай дегенін бәрі де түсінді.

Қадір би саспай, салмақтана түсіп, бұрынғысынан да маңызданғандай болып:

– Уай, ағайын, жауаптасу көз алдарыңызда өтті. Көңілде сұралмай қалды-ау дегендерің бар ма? – деп маңайына ортақ сауалды ашық тастады. Ешкім ләм демеді. Тым-тырыс. Қадір би сауалын тағы бір қайталап өтті. Үнсіздік. Үшінші рет қайталағанда ғана Шегір би мен Бабыр би:

– Қойылмай қалған сауал жоқ, – деп екеуі бірдей үн қатты. Сол сол-ақ екен, отырғандардан да үн шыға бастады:

– Сұрай беретін несі қалды?

– Жазасын беру керек.

– Дарға асылсын.

– Суға тастайық.

– Жанұлының қолына берілсін, – дегенді естірте, екілене, еліге айтқандардың біреуіне де Қадір би «Әй, бұларың не, не айтп отырсыңдар?» демеді.



Сұрақ сұйылып, күбір-күбір тыйылғаннан кейін би жансызды өзіне қаратып:

– Көрдің ғой? Естідің ғой? Елдің айтқаны – осы. Өзің осының қайсысын таңдайсың? – дегенде, ол:

– Мен бәріне де дайынмын, тек әлгі анау Жанұлының қолына бермеңіз, – деп зар еңіреп қоя берді.

Ұсталған бетте оған Жанұлының тізесі қатты батқанын бәрі де түсінді. Оның сыртында әлгіндегі Жанұлының: «Маған беріңдер, торғайдың мойнын жұлғандай басын жұлып алайын», – дегенді кекештене тұншыға айтқаны да оның ұшқалы тұрған үрейін одан сайын алып кеткендей. Жан беру оңай ма? Шыбын жаны кеудесінде тұрғанда шырылдап, «Қалай болғанда да аман қалсам-ау» дегенді тіл ұшына оралтпаса да, ойының төрінен әлі де кете қоймаған. Ол ойы «Үміт ең соңынан үзіледі» дегеннің рас екенінің айғағындай сезілді. Кесімді шешімін айтуға асықпаған Қадір би:

– Естідіңдер ғой, қай жазаны болса да бұл қабылдауға әзір екен, – деді.

– Естідік.

– Тыңдадық.

– Соза беретін несі қалды? – деп дауыс көтерген жаққа мойнын бұра қараған Қадір би тамағын кеней:

– Бұл – адам тағдыры, асығатын не бар? Адамның өмірі қыл үстінде тұрғанда асығыстық жасауға болмайды, – деп, он ойлап, жүз толғанып, түпкі шешімді асықпай қабылдау керегіне мән бере айтты да:

– Шарифатта «Асығыстық – шайтанның ісі» дейді. Оны білесіңдер ме? – деді. Бәрі бір ауыздан:

– Білеміз, білеміз, – дегендері сенімдірек естілді.

– Білсеңдер, айтыңдаршы маған, Сандыбайдың ақ ордасының туырлығы тілінді ме?

– Тілінді.

– Тілінді.

– Ә, тілінсе, оны тілген қарақшы қолға түсті ме?

– Түсті.



– Түсті.

– Ә, түссе, ол туырлықты тілгенін мойындады ма?

– Мойындады.

– Мойындады.

– Мойындаса, оған қандай жаза береміз?

– Өлім.

– Өлім.

– Сандыбайдың ақ ордасының туырлығын тілгенді өлімге кессек, тілінген жер бүтінде ме?

– Неге?

– Қалай?

– Қалай?

– Түсінбейсіңдер ме?! Мына қаныпезер қарақшыны өлімге кессек, сол заматында ақ орданың тілінген туырлығы бүтінде ме?

– Жо-жоқ.

– Жоқ.

– Ә, ендеше, мұның өлгені не, тірі жүргені не, одан кімге пайда, кімге зиян? Егерде жанын алғанда ақ орданың жыртқы бүтінделіп, тілінгені түгелденсе құба-құп. Олай болмаса, бұл күнөһар өзі о баста-ақ өлсем өлейін деп келді емес пе? Келді. Енді мұны өлімге бұйырсақ, онда оның алғашқы ауылынан шыққандағы тілегін орындаған болмаймыз ба? Сандыбай өлгенде қарақалпақты құрбандыққа шалған бағаналы атанбаймыз ба? Солай болса, бұл өз еліне барса, ондағылар мұның жайын өздері-ақ табады. «Сен тіпті өлтіруге де тұрмадың» деп кеудесін тіліп, жүрегін жарып, жанын алатын жалаң қылыштар мұны сау қоймайды. Осының бәрін ойлай келе, бұл шіркіннің жанын алып, Аллаға қарсы келмейік.

Адамға жан беретін – бір Алла. Адамның жанын алатын да – бір Алла. Ендеше Алланың берген аманатына біз қол сұқпайық. Күнәсін де Алланың алдында өзі көтерсін. Өлгі Жанұлының айтқаны рас. Бірақ біздің бағаналыда адам жанын алып, Жаратушыға қарсы келуге жол берілмеген. Жазаның ең ауыры – мұны өлтірмей, елдің шекарасынан аман-есен өткізіп, қалпағы-



на ма, қалмағына ма, қоқанына ма – қоқитып тірі жеткізу керек. Өлтірсек, оның қолдан келетініне мұның көзі жетіп тұр. Ал тірі жіберсек, өле-өлгенше өзегі өртеніп, өксікпен өмір кешеді. Кәрі әке-шешесі де, қатын-баласы да бұдан күдер үзіп отырған шығар. Барсын. Алланың жазған ғұмырын кешсін. Бақиға бағаналының қолынан кетпесін. Менің шешімім: мұны босатып, елдің аумағынан шығарып, еліне аман-сау жеткізу, – дегенде, бес-алты жігіт:

– Оу, биеке! Биеке! – деп, орнынан дауыс көтере түрегеле бергенде, Шалабай Шегір би тізесін бүге көтеріліп:

– Жә, шуламаңдар, – деді де өзі әрі қарай жалғап кетті. – Қарабала Қадір би – бағаналының пірі әрі биі. Айтылған сөз, кесілген шешімде қате жоқ. Сандыбайдың ордасына одыраңдап аяқ баса алмайтындар туырлығына тұмсығын тірегені – баршамызды басынғаны, басын бәйгеге тігіп, «Түбі бір өлерім анық, қанымды шашып өлейін» деген қаныпезердің ісін ешкім де дұрыс демейді. Бірақ өзін-өзі құрбандыққа шалып, «Міне, мені көрдіңдер ме, ал ұстандар да өлтіріңдер» дегеннің түпкі ойы «Әне, бағаналылар басқа жаза таппағандай, батыры өліп, қаралы болып жатып қан төкті» деген атты жауып кеткісі келген мынаны екі көзі жоқ пәле дейік. «Сипалап тауып алатын пәлекеттің арандатуына түспейік» деген бидің шешімі шешім-ақ. Босағаны қандамай, құдайдан безгенді елімізден, жерімізден бездірейік. Пәлекеттің өзі тұрмақ, арам денесі адал даламызда жатпасын. Төрт босағадан төрт жарамды жігіт мұның қашып кетуіне жол бермей, тура еліне аман-есен апарып тастасын. Ал ондағылар мұны пісіріп жей ме, қуыра ма – өздері білсін. Бидің шешімін қолдаймын, – деп Шегір кейін қарай шегініп, жібек шапанының бір жақ жиегін иығына қарай көтере тастады.

Бидің мұнысы, қандай да бір шешімге риза болса иығындағы шапанының тым болмаса жағасын тіктеп, я иығына қомдап қайта қондыратын жасынан бойына сіңген әдеті болатын. Ал алда-жалда көңіліне қонбаған іске тап болса, шапанының ілгегін ағытып, бір жақ жеңін бос тастап, кейін қарай қисая кететіні де көпшілікке белгілі.



«Қолға түскен қаскүнемді өлтіру керек» деп өзеуреп отырғандар Қадір бидің: «Еліне жіберейік», – дегеніне түсіне алмай, «Сонда бұл жазасыз кетпек пе? Мұны неге тірі жібереміз біз?» деп кеуделерін кернеген кектің отын үрлеп, санасына суды лықылдата құйғандай болды. Әр сөзді бағып отырған Жанұлы «Кеше-ақ өзім мойнын бұрай салсамшы» деп іштей жұлқынып, жұтынып, «Мен бұған келіспеймін» дегенді ашық білдіріп, Қадір биге «Мұның не?» дегісі келіп, қарсы сөйлеуге ыңғайланғанша Шегір би одан бұрын пірін қоштады. «Қой, бұл болмас» деп, енді орнынан тұра бергенде, жер қозғалса қозғала қоймайтын Бабыр би сөзді бастап кетті.

– Билердің бұл шешімі – шешім. Біз, бағаналы балалары, кісі қанын төгуді қаламаймыз. Кісіні өлімге кесу соңы жақсылыққа апармайды. Қолға түскен бұл байғұстың артында ғаріп ата-анасы, қатын-баласы аңырап, ішкені ірің, жегені желім болып, езіліп отырғаны анық. Лажсыздан, әлгі «Жапалақты тасқа ұрсаң да, таспен жапалақты ұрсаң да өлетін жапалақ» дегендей, бұл шіркінде таңдау қалмады. Осыны көре-біле тұра қанын төккеніміз – атқа сын, адамдыққа мін. Дәл мұның тірі жүргенінен не өлгенінен мына дүние өзгермейді. «Бағаналының төрт босағасы өлім жазасына үкім шығарыпты» деген сөз жалпақ елге жайылғаны кімге керек? Қоқандықтардың көздегені де сол сөз, іштерінен мұның басын оққа байлап жіберіп отырғаны – қолға түседі, қазақтар оны өлтірсе – кейінгіге кекке кек жалғауға керек дегенін кім түсінбейді? Кәне, кім бар?

Істің басы мен соңына көз салған Қадір би осының бәрін екшеп, елеп, еліне аман қайтаруды ойға алды. Дұрыс. Кетіп бара жатқанда, ия болмаса, еліне барар-бармаста мұны аңдып, өлтіріп кетпеу үшін, «Әне, олар елінен шығарып, айламен жанын алды» демес үшін, төрт босаға мұны аман-есен әке-шешесіне, отбасы-ошақ қасына жетуін қарастырайық.

Бұған қазір еліне қарабет болып барғанынан да осы жақта өлгені әлдеқайда жеңіл, әлдеқайда пайдалы. Ендеше біз неге мұның пайдасына іс жасауымыз керек? Бағаналының биі әрі дін жолын ұстаған пірі, кесімді сөздің тұтқасы Қадір би-



дің шешімі – менің де шешімім, – деп Бабыр қолға түскен қарақшыны тірі жіберудің арғы жағында екі елдің арасындағы келешекке кететін қарым-қатынасқа да байланысы барын білдіріп өтті.

Әкесі Сандыбаймен бірге сан түрлі шешімді істердің басын қайырған үш бидің, үш босағаның тірегі де тіреуі саналатын Қадір, Шегір, Бабырдың «Әкенің орнында енді сен қалдың, айтарың не?» дегенді үнсіз ұқтыртып, «Сөйле» дегенді қас-қабақтарымен байқатқан билердің ойын Дүзен де түсінді. Түсінді де мүдірмеді.

– Ағайын, әкем Сандыбайдың қазасына иісі қазақтың «Осы қалай?» деген жақсылары келді. Батырды қолымен қойды. Қайғыны жеңілдетті. Ежелден-ақ белгілі жайт. «Атқа мінгенің – ажалға мінгенің» деген бұрынғылар. Артынан жақсы-жаман сөз ереді. Қызғаныштың қызыл итін үргізіп, балағыңнан қаптырғысы келетіндер де табылады. Елдің елдігін бұзғысы келетіндерді де көріп келеміз. Ондайға берекелі бірлік төтеп берерін тірлік дәлелдеді. Оны осы отырған бөріңіз де білесіздер. Он алтысында жауға шауып, ел қорғаған Сандыбайдың да жауы аз болды дегенге ешкім сенбейді. Оның дәлелі – міне. Арты дауға ұлассын деп жыммысқы жансызын жіберді. Ұсталатынын білді. Білді де «Мұны қайтсе де өлтіреді» деді.

Шынында да, қатаң жазаға лайықты. Бірақ бағаналының пірі әрі биі Қарабала Қадір би, Шалабай Шегір мен Бабыр билердің «Қолымызды қандамайық. Алланың берген аманат жанына қиянат болмасын» дегенін естідіңіздер. Бұл бір жағынан дұрыс шығар. «Батырдың жамбасы жерге тиер-тиместен-ақ оның табалдырығын қандамайық, итке – ит өлімі, жанын өз елінде өздері алсын» дегенге қосылмасқа амал жоқ. Мен осы үш бидің сөзіне «иә» деймін. Елден аман-есен шығарып жіберуге де мақұлмын. Бұл сөз осымен бітсін. Осыған келіскендеріңіз батаға қол жаяйық. Кәне, бата, – деді.

Көптің қас-қабағын бағып отырған Шегір мен Бабыр би:

– Қадір би береді батаны, – деп алақандарын жайып, жоғары көтере берді. Қашаннан бері сыралғы серігі болып келе жатқан



бұл екі бидің өзіне жол беріп, алға ұстайтынына көзі қаныққан Қадір би бөгелген жоқ.

– Е, Алла, құдірет, тілегімізді қабыл ет, айтқанымды әділ ет! Сандыбайдай батырдың жатқан жерін жайлы ет! Саламат болсын иманы. Мынау фәни жалғанда біліп һәм білмей еткен қателігін, күнәсін кешірім етуін тіледік. Тозақтың отынан сақтасын. Артында қалған қалың еліне береке бер, бірлік бер. Мамыражай тірлік бер. Азаматтар аман болсын, қой үстіне бозторғай жұмыртқалар заман болсын. Еліміздің бекем, берік бірлігі болсын. Әр шаңыраққа ырыс-дәулет, құт қонсын. Елді сыртқы жаудан сақта, ішін ірітер даудан сақта. Ұрпаққа ынтымақ бер, ыждаһат пен сабырлық бер! Бір ауызды бірліктің биік болсын тұғыры, өсіп-өнер ұрпақтың ұзақ болсын ғұмыры! Қабыл болсын пәтуа, қабыл болсын ақ тілек! Е, Алла, жаратқан, бірлігімізді нығайтып, тірлігімізді тыңайтып, атқан әрбір таңымды, шуақ шашқан күнімді, айлы жарық түнімді жақсылықпен нәсіп етіп бере бер! Е, Алла, оқылған құран дұғаларын қабыл етіп, Сандыбай батырдың ауыр топырағын жеңіл етіп, қабірін нұрға бөлеп, алдын ақ жайма пейіш етіп, артын ынтымақты-ырысты, кеніш етсін! Әумин! – дегенде Қадір бидің үні қоңыраудай күмбірледі.

Билердің ұйғарымы бір болып, қолға түскен қарақшыны Қоқанның іргесіне, онда да оған ие болар есі бар біреуіне табыстау үшін төрт босағаның жарау атқа мінген жарамды жігіттері оны еліне алып кетті.

Бұрынғылардың «Тірі адам тірлігін істейді» дегені рас. Әркім өзінің шаруасына бет алды. Қадір би мен Шегір, Бабыр аттардың алдында Сандыбайдың үлкен ұлы Дүзенді ортаға алып, ел жайлы, ертеңгі тірлік жайлы ақыл қосудың жай-жапсарына тоқталды. Бұрын әкесі Сандыбайдың отыратын орнына:

– Ал анау жер – батырдың орны, ол енді бос тұрмасын, сол жерге отыр, – дегенде, Дүзен бірден:

– Айтарым бар, – деп қолын көтеріп, сөз сұрады. – Уа, ағайын! «Өлгеннің артынан өлмек жоқ» деген. «Әкенің ісін баласы жалғар» дегенді де бабаларымыз айтып кеткен. Оның бәрі рас. Шындық. Менің айтарым мынау.



Әкем Сандыбайдың маған тапсырған аманаты бар еді. Соны айтайын алдымен. Ол маған «Орныма отыр» демеді. «Аманатым – анау жүрген Ерденім. Сен соны ержеткізіп, ел тізгінін қолына ұстат» деген-ді. Мен «Мақұл» деп оған уәде бердім. Сол Ерден есейіп өсіп, ержетіп келеді. Торғай бойындағы Қылышты қожаның ұрпағы Қоңыр қожаны алдыртып, бір-екі жылдан бері оған араб, парсы, шағатай тілдерін оқытып жатырмын. Батырдың өзінің көзінің тірісінде Омбыдан Әбдірей мен Әзизаны алдырдым. Елдегілер оларды солай атап кетті. Өздері бір-бірін Андрей, Елиза деп атайды. Ол екеуі де Ерденді орысша, немісше, ағылшынша оқытып жүр. Айтуларынша, «Ерденнің оқуға ықыласы басым. Ұғымы мол. Зерделі де зерек» дейді. Ұстаздарының тәлімін алып, қазақы болмысымыздың жол-жоралғысыменен де танысып, бойына да, ойына да оны сіңіруде. Сол Сандыбайдың сары Ерденін «Сіздерге сәлем берсін, сіздер оны көрсін, батасын берсін» дегенді осындағы ағайын-туыс дұрыс көрді. Сіздерден рұқсат болса, сол Ерденжанды шақырсам, осында оны алдырсам қалай қарайсыздар? – деп Дүзен үш биге кезек-кезек көз жүгірте қарап өтті. Үш бидің үшеуі де келісті.

– Келсін.

– Сәлемін берсін.

– Батамызды берейік.

– Бар бітім-болмысын көрейік, – деп Дүзеннің сөзін қоштады.

Өзі де осыны күтіп отырған Дүзен даусын шығара, сырттағыларға естірте:

– Ерденжан, келе ғой, қарағым, – деді.

Киіз үйдің есігі ашылып, ішке екі иығы еңселі, шекесі торсықтай, қабағы қалың, көзі өткір, ақсары жүзді бозбала:

– Ассалаумағалейкум! – деп сәлем бере кірді де, оң жақтан бастап билердің қолын алып, ізетті ілтпатын білдірді.

Жас баланың балғын үні кіршіксіз таза. Әлгіндегі Дүзеннің: «Ол әлі бала», – дегеніне қарап, кішкентай, бәкене бойлының бірі шығар деп ойлаған үш би мына баланың сырықтай ұзын бойы мен сүйегінің ірілігіне, бой-бітімінің, тұрқының тұ-



тастығына еріксіз таңғалғандарын жасыра алмады. Содан да шығар, Дүзенге бірінен соң бірі сауалды сауылдата бастады.

– Сары Ерденнің жасы нешеде?

– Бала ғой деп едің, жігіт қой бұл.

– Маңдайы жазық, жауырыны жалпақ...

– Көзі өткір, қолы ұзын екен.

– Шын жасы нешеде өзі? – дегенді бірінен бірі асыра, асығыс қоя бергенде Дүзен тамағын кенеп:

– Шын жасын айтайын. Жетіден асты, сегізге өтті. Топты жарар тоғыздың табалдырығын аттағалы тұр. Тұлғасы – туғалы ірі. Батырдың басқа балаларынан да бөліп, осыны аманат етіп тапсыруының мәні де осында жатқандай. Шыр етіп дүниеге келгенде-ақ батырға «Найзаңды ұстайтын бір батыр ұл дүниеге келді» деген екен сүйінші сұрағандар. Сол сөз шындыққа айналып келеді. Өз қатарының ішінде мұнымен алысып ойнайтыны жоқ. Үлкендерінің өзі бұдан қашады. Өлгі ағасы Жанұлының жанында жүріп жаттығады. Қалқан ұстап, қылыш шабады. Кейінгі кезде орыстың кішкентай қол қаруынан оқ атуға машықтанып жүр. Шапқан аттың жалынан ұстап, үстіне секіріп мініп, әрі қарай жайдақ шауып жүре береді.

Міне, бұл бала қыранды осылай баулып, қанатын қатайтып, көкке еркін самғатсам, әкемнің тапсырған аманатын орындағандығым болар еді. Білем, бірақ қазір мұның бұғанасы бекіп, қанаты қатайған жоқ. Сондықтан да бұл жолы назарларыңыз түсіп, түрін танып, түптің түбінде «Батырдың орнына қосамыз» десеңіздер көрсін, білсін деген жай бар. Ал оған дейін төрт босағаның отырысында Сандыбайдың орнына ешкім бізден отырмайды. Алда-жалда, босағаның беріктігі үшін, «Кел, ортада бол, әңгімені естіп, біл» десеңіздер мен келейін. Көмегімді берейін. Менің көмегім сол – қаражат па, қаржы ма, мал ма, адам ба – әкейдің барындағы бергенімді тоқтатпаймын. Тек мына сары ұлды ортаға алсаңыздар деймін. Мен сырттай тілекші, айтқан тапсырманы орындаушы болып қала беремін, – деп Дүзен түпкі ойын бүкпесіз, ашық айтты. Дүзеннің сөзін бөлмей тыңдаған үш би:



– Айтқаның жөн екен, – деп, оған жауапты созбай, нақтылай қайтарды. Бұлардың сөзіне құлақ асып, тыңдап тұрған Ерден ағасына қарады. Ондағысы – «Мен тұра беремін бе?» дегендегісі. Бала неменің ойын ұғып отырған билер де:

– Жақсы, бара берсін, пісіп-жетілгенде өзі-ақ келер ортаға, – деп, Дүзгенге «Ініңді көрдік» дегендей ыңғай танытты.

Бір-бірінің ойын айтқызбай-ақ ұққан үш би де Сандыбайдың сары Ерденінің есіктен сәлем бере енгенінен, тізе бүгіп, сөзге құлақ түргенінен бастап, тіл қатқанына дейін оны ой елегінен өткізіп үлгерді. Үшеуі де ойын ірікпей ортаға салғысы келгеніменен де, «Өзір оған ертеректеу-ау» дегенді қабақтарымен қағысып аңғартты. Талай кеңестің ішінде болып, талай түйіні қиын даулар мен түбірі түйілген істерді талдап-талдап, ашып, аршып тастайтын үш бидің әр қимылын байқап отырған Дүзен де олардың «Айтқаны жөн» деген бір ауыз сөздерінен де көп жайды ұққандай болды. Тек көңілінде – әкесінің аманаты. «Інім Ерденімді азамат етіп, атқа мінгізіп, тірлікке ерте араластырсам» деген ойына бір табан болса да жақындай түскеніне қуанды.

Ондағысы, қалай дегенмен де, Ердені балауса көк құрақтай желкілдеп өсіп келе жатса, мұның өзі қырықтың қырқасынан асып бара жатқаны, екеуі бір әкеден туғаныменен шешесі бөлек екені де әмбеге аян.

Олай болатыны, Сандыбай батыр аты дүрілдеп, ұранға шығып, ширығып жүргенінде өзіне батасын берген Барлыбай ханның ауылына барып, Әппақ сұлуға сөз салып, құда жіберіп, ақылына көркі сай Әппақ сұлуды алды. Әппақ көргеннің көзі сүйсінетіндей үш ұлды бірінен кейін бірін туып, хас сұлу Сандыбайдың шаңырағын бұрынғыдан да биіктете түсті. Үш ұлдың үшеуі де нағыз «Сен тұр, мен атайынның» өзі болып өсті. Үлкені – осы Дүзен. Одан кейінгі Кеңесбай, Шүртенің де атақтары елге ерте танылды.

Үш ұлдың анасы атанған Әппақ бәйбіше бірде Сандыбай батырға:



– Батыр, айтарым бар, – дейді. Жайшылықта бір ауыз сөздің өзін өзгер айтатын Әппақтың «Айтарым бар» дегеніне аң-таң қала қараған Сандыбай:

– Не айтасың? – дейді. Әппақ та мүдірмеді.

– Айтарым, батыр, жан-жағыңа қарайсың ба?

– Нені қарауым керек?

– Қатарластарыңа деймін де.

– Оларға не болыпты?

– Ештеңе де.

– Енді нені айтасың?

– Айтарым, батыр, үш ұлыңды туып бердім бе?

– Оны неге айттың?

– Айтарым сол, атың ұранға шығып, алысқа кетті, рас па?

– Рас дейік.

– Рас болса, «Атағы жер жарған Сандыбай батыр бір қатыннан аса алмай қалды» дегенді құлағың шалған жоқ па?

– Жоқ.

– Ендеше мен естіп жүрмін.

– Кімнен?

– Кімнен болушы еді. «Ел құлағы елу» деген. Айтатын ауыз айтып жүр.

– Оның кім екенін айтшы маған.

– Айтсам не істей аласың?

– Әуелі айт. Не істейтінімді кейін білесің.

– Олай болса, айтайын.

– Ал айта ғой. Кім ол?

– Ол ма, ол – ең әуелі мына мен – Әппақ.

– Не дейді-ей мынау? Не деп кеттің сен?

– Солай, үш жүзге аты шыққан Сандыбай бір қатынмен тұрғаны естігенге күлкілі емес пе?

– Несі күлкі?

– Күлкілісі сол, бір әйелді кім алмайды? – деді. Әппақ әрі қарай сөзін жалғай берді. – Кемеліңе келіп, кертіңе толып тұрғанда, бойға қуат, ойыңа жігер беретін, ай десе аузы, күн десе көзі бар бір сұлуды алмайсың ба? Оған қазіргі дәулетің де, күшің



мен қуатың да жетіп тұр. «Батыр, батыр» дейсіңдер, үйіндегі бір қатыннан аса алмаса, оның несі батыр?» деп құрдас-қатарластарың сенің көзіңше айтпаса да, сыртыңнан күңкілдейтінін құлағың естімей жүр ме? Оны өзіме де сан рет әзіл-шыны аралас айтқандарды мен естіп, іштей «Бұл не сөз?» деп жүрген едім. Онда жастығым да шығар, енді мына үш ұл үш ауыл болып жеке шықты, енді кезі келді. Мұны батырға айтайын дегенімнің сәті, міне, бүгін түсті, – дегенде Сандыбай тізесін бүгіп отыра кетті де, сәлден соң барып:

– Е, не сонда? Мен Сандыбай осы жасыма келгенде кімнің үйінде қыз бар екен деп есік жағалап жүруім керек пе, ә? Маған сол лайықты дейсің бе? «Әне, анау батырыңды қара, қатын іздеп жүр» деп күледі емес пе, түге. Күлетіндер қатын алсам да, алмасам да күле береді. Қатын іздеп, қаңғитын жайым жоқ, – деп ентіге сөйлегенде даусы қоюланып, қабағының үсті жиырыла бастады. Отағасының мінезіне әбден қанық болған Әппақ мырс етіп күліп жіберді.

– Неге күлесің?

– Күлгенім – жайыңды білгенім.

– Қандай жай?

– Өз бетіңше тоқал іздемесең, ерікті маған бер.

– Қандай ерік?

– Саған жар болатын сұлуды өзім таңдап қойдым. Тек мынаған келісейік.

– Неге?

– Үлкен ұлым Дүзенді ертіп, ел аралап шықсам, қайда болдың демейсің.

– Сосын?

– Сосынғы жағдай, таңдаған адамымызға тоқтайсың. «Мынауың не?» демейсің. Осыған басынан бастап келісіп алайық.

– Келіскенде Дүзенді бұған неге араластырмақсың? Ұят болмай ма?

– Жоқ. Елдің жайын, істің мәнін Дүзеннен артық ешкім біле бермейді. Ол бір көргеннен кімнің кім екенін дөп басып, дәл айтады. Кісінің де, аттың да сырына ол жетік. Сол үшін де



оны қасыма аламын. Онымен сөйлесуді өзіме қалдыр, – дегенде Әппақтың жүзі бұрынғысынан да нұрланып, сұлуланып, ажарланып жүре берді. Осы уақытқа дейін Әппақтың ешуақытта да орынсыз іске араласпайтын байыптылығын, бабасы Барлыбай ханға ұқсаған ұстамдылығына көзі әбден жеткен Сандыбай оған енді не дерін білмей аң-таң қалып, оның «Ал бұған не дейсің?» деген сұраулы жанарына қарап:

– Мейлің. Өзің біл. Ұлым мен екеуің кімді, қайдан әкелсеңдер де енді маған бәрібір, – деді де есіктен екпіндете шығып кеткен.

Болған жайды Дүзенге айтқанда, ол да:

– Қолдаймын. Өзіңіздің көңіліңізде жүрген жан бар ма? – деп анасынан нақтылай түскен. Ол:

– Жоға, қайдан болсын? Мен ел аралап жүр дейсің бе? Тек бұл маңайда ондай ел аузына іліккеннің атын естімеппін. Астыңда атың бар, жолдас-жораң бар, ел көріп, жер шолып, жүріп қайт. Көзің түсіп, көңіліңе ұнаған, теңі мен тегі, ақылы мен көркі сай болсын, – деп мұның өзіне салмақ сала жүк артқан.

Айтса айтқандай, бұл маңайда «Сондай бір ару бар» дегенді Дүзен де естімепті. Дүзеннің енді алыс-жақыннан сыр тартып, «Кімде? Қайда?» деген сауалға жауап іздеп, күрең атқа ер салып, жер шолып, ел танып қайтуға бел бұғаннан басқа амалы қалмағанын білді, оның бұл ойын анау қатарластары естігенде: «Ал кеттік!» – деп өре түрегелген. Өзімен тел өскен қатарластарына бұл сонда: «Оу, қайда барамыз?» – дегенде, сыралғы серігі Сейтін сері: «Екі Кеңгірдің жайы белгілі, ендеше қос Торғайды шарлайық», – деген. Ондағысы – қатар аққан Қараторғай мен Сарыторғай. «Бұл да жөн екен», – деп бұлар оны қоштап, солай қарай бет алды.

Жарамды ат мінген жігіттердің жүрістері суыт. Қайда барса да көп кідірмей, әрі қарай жүріп кетеді. Ішке қарай дендей енгенде Сарыторғайдың құйғанындағы Батпаққарада орта дәулеті бар, ел ағасы жастағы Жомарт дегеннің аты құлаққа шалынды. Жас кезінде атқа мініп, алыс-алыс жерлерге жолға шығып, барымта мен қарымтада күш сынасқан, күреске түсіп,



«Қара палуан» атанған қыпшақ жігітінің «Ай десе аузы, күн десе көзі бар, сұлу қызы бар» дегенге Дүзеннің құлағы елең етті.

«Жақсыны көрмек үшін» деген. Бұлар кешікпей-ақ сол ауылға ат басын тіреді. Келгендердің ішінде найман бағаналы Сандыбайдың үлкен ұлы Дүзеннің өзі барын естіген сол жердегі қалың қыпшақ қысырдың тайын сойып, күтіп, оны төрге шығарды. «Ел аралап жүрміз» деген сөздерінің астарында одан да маңызды бір шаруа жатқанын қыпшақтар да сезгендей. Әр түрлі әңгімені айта отырып, палуанның астарламай, тіке бетке айтарын да аңғарды. Сөз ретіне орай Дүзен:

– Оу, палуан, күніңіздің көбі күреспен, далада өтіпті. Қанша балаңыз бар? – деп қалды. Дүзеннің бұл сөзіне көмекейін аша қырылдай күлген палуан:

– Пәй деген-ай! Сұрауын келтірген жан сұрайды-ақ екен-ау, ә? Сондағыңыз «Үйде көп болмайсыз» дегенді меңзегеніңіз шығар. Үлкен ұлым он алтыдан асты. Қатты қайырым шаруаға қазірдің өзінде-ақ жарап қалды. Екінші қызым Туғанай он үшке шықты. Кішкентайым сегізде. «Жүгіріп жүріп бұған қалай үлгердіңіз?» десеңіз, оны да айтайын, – дегенде Дүзен:

– Жо-жоқ. Керек емес, рақмет. Әшейін сөз ретіне қарай айтқаным ғой. Балаларыңыздың өсіп-өнгеніне тілектеспіз, – деп ар жағындағысын тілінің ұшына іліп тастады. Дүзеннің нені меңзеп, нені көздегенін палуан да біліп отыр. Бәйбішесіне қарай:

– Анасы, қайда әлгі Туғанай балам? Қымыз әкеліңдер! – дегенді көтере айтты. Ондағысы «Келсін, мыналардың іздегені қымыз емес, қыз болар» дегені екенін Дүзен де сезді.

Палуанның жуан даусын естіген бәйбіше:

– Қазір, қазір, – деді.

Бәйбішенің сөзінен кейін іле ішке сәмбі талдай бұралған, қылдай белі қыналған, қалайы қасық, қайқы төс, қаз омырау, ақ маңдай, қолаң шашты, қой көзді жас ару есіктен еңкейе, сәлем сала кірді. Жоғалтқанын тапқандай болып, Дүзеннің жүзі жайнап, жанары оған қадалған қалпында тұрып қалған. Палуанның:



– Мырза, – деген даусын естігенде ғана есін жиғандай бойын тіктей қалған Дүзен қасындағыларға «Көрдіндер ме?» дегендей қарады. Олар да үнсіз ғана бас изеп, «Таптың» дегенді білдірді. Бұл белгіні Жомарт палуан да қапысыз байқап қалды. Енді бұдан артық әңгімені созудың еш қисыны жоғын сезген Дүзен алыстан орағытпай, келген шаруасының басын ашып айта бастады.

Қатар жатқан екі елдің арасында не сыр болсын? Бағаналы Сандыбайдың атақ-даңқына қанық бұлар да «Ол кім? Не? Неге?» дегенді қазбалаған жоқ. Дүзеннің сөзінен ұққаны – қос Кеңгір мен екі Жезді бойын, Есіл-Нұраны шарлап жүріп іздегенін Торғай бойынан зорға тапқанын, енді соны сұраудың қисынын қалай келтіріп айтамызға ойысқанын палуан көңіліне түйе отырып, Дүзеннің:

– Қазақта «Сүт сұрай келіп шелегіңді жасырма» деген бір сөзі бар ғой, – деп сөзін әрі қарай сабақтай бергенінде палуан:

– Мырза, – деді де, – мен өзі сөзді созбай, төтесінен туралап айтқанды қалайтын жанмын. Айтарым, Туғанайымды әкең Сандыбайға айттырғың келіп отыр ма, ә? Айтшы жұмбақтамай, – деп қолындағы оюлы тостағанын дастарханның шетіне қисайта тастай салды. Оның бұл қимылы шарт кететін шатақ мінездің де барынан хабар бергендей. Істің жайын қашан да байыппен шешетін Дүзен:

– Е, палуан, дөп басып, тура түстің. Мен осыны қалай айтып жеткіземін деп отыр едім. Алла жарылқасын. Ісіміз оң, жолымыз сәтті болады екен. Аузыңызға Алла салған шығар. Айтайын деп отырғанымды өзіңіз айттыңыз. Келген шаруамыз сол еді, – дегенде палуан не дерін білмей әбдіреп қалғандай болып, қаз-қатар отырған меймандарын көзімен сүзіп өтті.

– Оу, мырза, әлгіде айттым емес пе? Туғанайым әлі жас. Он үшке енді толады дедім бе, ә? – деді. Дүзен де басын изеп:

– Ия, ия, – деді.

– Ендеше әлі бұғанасы қатпаған баланы қалай сұрайсыңдар?

– Отағасы, сөзіңіз орынды. Бұл біз бастап, біз шығарып отырған жол-жоба емес. Бұрыннан бар. «Он үште отау иесі» демей ме?



– Ал, десін. Сонда не, он үшке толар-толмастан бере бер деген кім бар, ө, айтшы?

– Сөзіңіз орынды. Сөз байласып, құдалық рәсімді жасап, құдай қалап Туғанайыңызды қолдан ұзатсаңыз, оның өзінің отауын бөлек тігіп, бойы өсіп, бұғанасы бекіп, оңы мен солын әбден еркін танығанша алақанға салып, бетіне жел тигізбей мәпелеп өсіруге батырдың дәулеті де, әулеті де жетеді. Біздің бағаналы сөздің қадірін біледі. «Айтылған сөз – атылған оқ». «Уәде – құдай аты». Сіз «Иә» десеңіз, ата-баба жолымен келіп, қалыңын төлеп, қалыңдықты алып кетудің сәтті күнін белгілейік. Тек сіздің бір ауыз «Ия» деуіңіз, – дегенде Дүзеннің сөзі салмақты әрі сенімді естілді. Ауыр денесімен өзіне бұрыла қарап, «Ал, не айтасың?» дегенді ұқтырған Дүзенді палуан да көп күттірмеді.

– Ұқтым. «Ат сатсаң – ауылыңмен» деген емес пе, ағайын-туыспен ақылдасайын. Жауабын кешіктірмеймін. Бесінге дейін бір хабары болады, – деді де, – дастархан батасын беріңдер, – деп екі алақанын алға соза ұмтылды.

Палуанның нені айтса да ештеңені бүкпей туралап, бетің бар, жүзің бар демей лақ еткізе ақтара салатынына көзі жеткен Дүзен әр түрлі ойға беріле берді. Бірақ, көңілі қанша қобалжығанымен де, арғы жағында оның кіршіксіз таза мінезіне сенгені, жаны кетсе де жалғандыққа бармайтын мәрттігіне де үміт артқан ішкі түйсігі «Сабыр, сабыр» деп тоқтықтың күйін шерткендей. Көңілінің түбінде әлдебір қуаныштың лебі есетіндей.

Айтарын айтса да, «Ендігі хабар қалай болады?» дегенді ойынан сырып тастай алмай отырғанда есіктен палуанның өзі көрінді. Қасында екі-үш үлкендері бар. Тәрізі, әңгімені пісіріп келген сияқты. Амандық-саулықтан кейін палуан ешкімге сөз берместен, Дүзгенге қарата:

– Мырза, – деді. – Мырза, ағайынмен ақылдастым. Мынау – ет жақындарым. Бұлардан жасырар сырым жоқ. «Қыз – жат жұрттық» деген. Оны білеміз. Бірақ ол «бауыр етің балаң» екенін де естен шығаратын кім бар? Осы тірлік бәрі де бала үшін. Аты



алты алашқа шыққан Сандыбай батыр адам аламын десе, о жақ, бұ жақта қыз табылмады дегенге кім сенеді? Тек тектілігі мен тазалығына бәс тіккен шығар. Алланың жазуы солай болса, ел-жұрт ризалығын берді. Енді бір сөз: сертте тұратын батырдың ұрпағы едіңдер. Туғанайым толысқанша отауын бөлек тігіп, оң-солын танытып, некесін содан кейін қиғызамыз деген сөзіңіз сөз бе? – деді. Дүзен бұған:

– Бізде екі сөз жоқ. Бағаналының үлкені де, кішісі де «Сөзім өлгенше, өзім өлейін» дегенді серт ұстайды. Солай болған. Солай болып қала береді. «Айтылған сөз – берген уәде», ол бұзылмайды. Біз бұздырмаймыз да, – деп әр сөзін шегелеп, мықтап айтты.

Дүзеннің сөзі көптің көңілін көтеріп жібергендей. Құдалықтың жай-жапсары мен қалыңмалдың көлемі, қызды ұзатар күн мен оған лайықты ырым-жырымдары, жол-жобасы бұге-шігесіне дейін талданып, талқыланып, құда түсу салтының алғашқы сыны ойдағыдай өткеніне екі жақ та қуанды. Пәтуаның беріктігіне, сөздің мәні мен құнына зер салып, қазақы салтпен екі жақтың да келісімі құпталып, алғашқы құда табақ та тартылды.

Ата-баба салтымен қырық жетіні қырқа матап беріп, басқа да құдалықтың барлық ырым-жоралғысы сақталып, қызды ұзатуы ғана қалды. Көп кешіктірілмей ол да атқарылды. Он үшке енді шыққан Туғанай осылайша Сандыбай батырға ұзатылды. Қыз әкесінің: «Ол әлі жас, бұғанасы да қатқан жоқ», – дегеніне: «Ол жағына уайым жеменіз», – деген Дүзен сөзінде тұрды. Үлбіреген жас баланы Әппақ бөйбіше екі-үш жыл өзінің қасына ұстап, қызындай аялап, мәпелеп, бар білгенін үйретіп, он алтыдан асқаннан кейін Сандыбай мен екеуінің некесін қидырды. Жеке отау тіктіріп, үлде мен бұлдеге орап, кірген адам шыға алмастай қызыл-жасылмен жайнатып, ақ шымылдыңтың шашағын желбіретіп, кең жазылған төсағашқа мамық төсекті былқылдата төседі. Енді тек Сандыбайдың жас отауға қымсынбай енуі ғана.



Ә дегеннен-ақ: «Өздерің біліңдер», – деп қашқақтап, қызға жақындамай, тек сырттай қарап сүйсініп: «Жақсы», – деп басын изегені болмаса, екі-үш жылдың ішінде ең болмаса бір рет те білегінен ұстап, бұғағынан сипап көрмепті. Қарсы алдында қанша жау тұрса да қайтпай ұмтылатын жүрегі қыз алдында әлсіздік танытып, тынысын тарылтып, дыбысын шығармай, тілін күрмелтіп, тұншықтыра берген. Бәйбішесі Әппақтың: «Болды енді, ел-жұрттан тек сен ғана емес шығарсың тоқал алып жатқан. Шира», – дегенінен кейін ғана қамал бұзардай болып қатайған.

Сандыбайдың «Батыр, батыр» деген атына жасынан құлағы қанық болып өскен Туғанай осында келгеннен бері онымен кездесер күнді де асыға күткен. Сұңғыла қыз батырдың мінезіне де әбден қаныққан. Содан да шығар, алпамсадай алыптың есіктен еңкейе кіріп, шымылдыққа жақындағанында оны қаймықпай қарсы алған. Сұлудың бал мінезі, күміс күлкісі, отты жанары Сандыбайды бірден-ақ өзіне баурап алып жүре берген. Бастапқыда: «Өздерің қалағанына тоқтаңдар», – деген сөзін растады.

Әппақтың айтқанынан шыға алмай, амалсыздан тоқал алған Сандыбай енді бірте-бірте жас отауға қоныс аударып алғандай, күнделікті шаруаның қамымен сыртқа шығып, ел мен жердің жайына араласқаны болмаса, кеш түсе Туғанайдың табалдырығынан аттап: «Әрең жеттім», – деп төрге жантая құлайтын болды. Оған өзінің де, өзгелердің де көзі де, бойы да үйренгендей.

Ай-күні жетіп, Туғанай шекесі торсықтай, арыстандай ұл туды. Сандыбай оған Ерден деп ат қойды. Ерденнен кейін де Туғанай Берден, Байұлы есімді ұлдарды дүниеге әкелді. Бұл екі ортада Сандыбай жеңгедей алған Құндыздан туған Кеңпейілді де басқаларымен тең өсірді. Әйтсе де, Туғанайдың тұңғышы Ерденге батырдың ықыласы бөлек болғанын басқалар да, тіпті өзі де біліп, кейде: «Оу, бұл қалай?» – деп өзіне өзі сұрақ қоятыны бар-ды.



Батырдың еркелеткені, басқа ағайындарының да беттен қақпауы Ерденнің еркін, бұла болып өсуіне ерекше ықпал еткендей. Тәй-тәй басып, апыл-ғұпыл жүргенінен бастап Ерденді үлкен ұлы Дүзенге: «Дүзенжан, мынау інің Ерден – саған аманат. Сен осыған қамқор бол. Бұл мына басқа інілерің сияқты емес. Менің білетінім, мұнда ерекше бір күш-қуат бар. Оны мен қолыма алғанда байқадым. Өттең, жасым келіп қалды. Енді мұны өсіріп, қатарға қосу – сенің міндетің», – дегенді бір емес, бірнеше рет айтқан. Сол сөз Дүзеннің санасында сақталып қалды. Ерденді оқыту үшін нағашылары жағынан Қара молданы арнайы алдыруы да содан. Омбыдан оқыған орысты отбасымен көшіріп әкелді. Осылайша Ерденнің әрбір аттап басқан қадамын қадағалап, күннен-күнге өскенін бақылап, бағытын айқындауын қапысыз бақты. Енді, міне, Сандыбай батырдың жетісін беріп, арғы жағдай туралы үш бимен келісіп, шаруа жайын қозғағанда оларға Ерденді әдейі көрсетуінің арғы жағында «Көріп, біліп, танып алыңдар» деген бір түпкі ойдың да төркіні бар еді.

Үш бидің де Ерденнің бой-пішімі мен ой-өрісіне көңілдері толды. Жас болса да бас болуға лайықты белгілерін байқаған билер: «Бағың өрлеп, байлығың тасып, атақ-абыройың елден асып, еліңе пайдаң, жауыңа найзаң тиісін!» – деп Ерденге батасын берген.

Содан бері де жылдар жылжып, күндер сырғып өте берді. Сандыбайдың жылын бергенде де, Ерденнің есейіп, өзін-өзі еркін ұстап, шаруашылық жайын білуге ұмтылысы мен құлшынысы артқанын аңғарған бағаналының үш биі «Әлі де ертерек, асықпайық» дегенді біріне бірі дауыстап айтпаса да іштей ұқтырған. Оны Дүзенге сездірген. Әр нәрсеге де асықпай байыппен қарап үйренген Дүзен де «Бала неме, қалай дегенде де әлі бала ғой. Ойын, бойын жинасын» дегенге тоқталған. Әйтсе де, «Ерденнің өзі олар айтқандай ойын баласы дегеннен өтіп кеткенін бұларға қалай білдірsem?» деген ойдан арыла алмады.

Ерден өзінен жасы әлдеқайда үлкен жігіттермен бірге жүруді қалады. Қарулы, мықты, күшті жігіттерді жолдас етіп, олармен алысып, күресіп, тіресіп, күш сынасып, барымтаға бірге баруға



құлшынысы арта түсті. Інісінің бұл әрекетін Дүзен құптамады. Оны әдейі алдына шақырып алып, оған:

– Сенің мақсатың ат шығару ма, әлде шатақ шығару ма? – дегенді ашық айтты. Ағасының сөзі Ерденнің есін жиғызғандай. Бұрынғыдай артық-ауыс жүретін жүрісінен тыйылды. Ұстазы Әбдірей мен оның әйелі Әзиза: «Сен жақсы білім алдың, ішке Ресейге барып оқуыңа болады. Ағылшынша оқыдың. Орыс тілін үйрендің. Қай қалаға барып, одан әрі оқимын десең ағаңның дәулеті жетеді», – дегенді екі-үш рет айтқан. Ол ұстаздарының өзіне айтқандарын сол қалпында ағасына айтқанда:

– Сен әуелі сол ірі қалаларды көзіңмен көріп қайт. Ондағы тірлік қандай, салыстыр, – деген де, артынша Андрейді шақырып алып:

– Әй, Әбдірей, сен мына менің інімді Омбыға алып бар. Сенен басқа тірі орыстың да барын біліп, оның көзі көрсін. Сөйлессін. Тілдессін. Немісті де көрсет. Ағылшынша біледі дейсің, оны сенен басқа кім айтады? Сөйлессін онымен де. Қаражаттан қысылма, – деді. Әбдірей:

– Дүзеке, – дегенде ол:

– Қолыңан келе ме? – деген. Бұл сұраққа Әбдірей:

– Әрине, келеді. Ақысын төлесе, оның өзін тіпті ояздың өзіне алып барып, кіргізіп, тірі ұлық орыстың өзіменен тілдестірейін. Бәрі де мынаған қарайды ғой, – деп қалтасын сыртынан сипап өткен. Оған Дүзен:

– Сен қысылма. Ол жағынан қысылма, – деп оны көңілдендірген.

* * *

Орыстың жайын орыс білмегенде, басқа кім біледі? Андрейдің айтқаны – шын. Сібір генерал-губернаторының көмекшісі Андреймен тілдесіп, ең соңында:

– Неге болмасын, болады ғой. Тек мынаған қыстыратының мол болсын, – деп алақанын алдына жайып, бір-біріне ысқылай берген. Андрей мырс ете күліп, оң қолына бір түйіншекті ұстата салғанда ол алды-артына қарамай:



– Болды, болды. Өзім хабарласамын, – деп жүгіре жөнелген.

Ол да сол сөзінде тұрды. Андрей мен тұлғасы ірі, денелі, көрер көзге сымбатты балаң жігітті ол генерал-губернатордың алдынан бір-ақ шығарды. «Арқа төсіндегі айтулы батыр Сандыбайдың ұлы Ерден Сандыбайұлы келіп тұр. Сізге сәлем бергісі келеді», – дегенде оған ләм деместен: «Келсін», – деген.

Бұрындары «Бәленше келіп тұр» дегенде: «Е, ол неге келді, оған не керек?» – деп қазбалай түсетін генералдың бұл жолы ештеңе деместен «Келсін» дегеніне қуанып кеткен көмекші Андрейге асыға жеткен.

Батыс Сібір генерал-губернаторы Арқа төсінен келген балаң жігіттің уылжыған жүзіне, келісті келбетіне сүйсіне қарап, оның қасындағы Андрейге:

– Сен оның тілмашысың ба? – деді. Андрей жауап бергенше болған жоқ, Ерденнің өзі таза орыс тілінде:

– Аса жоғары мәртебелі генерал-губернатор мырза! Сізді аман-сау көргеніме өте қуаныштымын, – деді де, одан әрі: – Бұл кісі – менің ұстазым. Мен – оның шәкірті Ерден Сандыбайұлы, руым – бағаналы, – деді.

Үні ашық. Тілі жатық. Жанары от шашып, жүзі нұрланып, маңайына ерекше бір жылылық пен шуақ сеуіп тұрғандай. Жас жігіттің өткірлігі, кісіге тайсалмай тіке қарайтыны губернаторға ұнап кетті. Әсілі, алдына келген қазақтың не байы, не батыры, биі болса да жасқаншақтап, жалтақтап, қисыны келсін-келмесін мақтауға, мақтануға бейім болатынына еті үйреніп қалған генералға мына балаң жігіттің орысша мүдірмей, кідіріссіз әрі кіршіксіз таза сөйлеуі, өзіне өзінің тым сенімділігі «Мұндай да болады екен-ау» деген ойды көңіліне еріксіз оралтқандай. Бұл бала тұрмақ, мың сан қолды айтқанына бағындырып, айдауына жүргізіп үйреніп қалған орыс қолбасшыларының да мұның алдында төменшіктеп, иіліңкірей именіп тұратынына көзі қаныққан ояз «Жастың ішіндегі жалыны мол бұл баланы назарыма алып, өзіме жақын тартсам болады екен» дегенді де ойлап үлгерді.



Талай мықтылармен иық тірестіріп, билігін де, байлығын да салыстырып, ақ патшадан басқаға мойын бұрмайтын ояздың алдында тұрған Ерден ештеңеден де қымсынып, қысылатын түрі жоқ. Еркін. Ширақ. Оқалы шапанының жағасындағы алтын желекті оюы терезеден төгілген жарыққа шағылысып, жалт-жұлт еткен жарқылына көзі түсіп кеткен Ерден өзіне сынай қарап тұрған генералға:

– Аса мәртебелім, – деді де, ол «Кел» демесе де оған қарай қадам басып, жақындай берді. «Бұл қазақ не ойлап тұр?» дегенше, ол мақпал шапанының қалтасынан алқызыл барқытпен оралған жұдырықтай түйіншекті алып, оған қарай иіле тұрып ұсынды. Таңырқай қараған генералға:

– Аса мәртебелім, бұл біздің бағаналылардың сізге жіберген сыйы еді, қабыл алыңыз! – деді. Баланың меселін қайтарғысы келмеген ояз оның қолындағыны алып жатып:

– Бұл не? – деді. Ерден тосылмады:

– Бұл – біздің қос Кеңгірдің қосылған жерінен шеберлер сүзіп алған сом алтын.

– Қайдан дедің?

– Кеңгірдің суынан.

– Таза алтын дейсің бе?

– Ие, ие, бұл – таза алтын. Сізге деген тазалықтың, адалдықтың құрмет белгісі бұл.

– Суда алтын бар ма?

– Әрине, бар.

– Қалайша, қайдан келген?

– Қос Кеңгірдің бойы, екі Жездінің арасы – алтын менен күміс, мыс пен мырыш дегенді бабалар айтқан.

– Рас шығар.

– Дәлелі – қолыңыздағы таза алтын.

– Көрдім. Сендім. Алдымен ата-бабаларыңа, бағаналыларға рақмет. Солай ма?

– Солай, солай.

– Солай болса, Ерден Сандыбайұлы, менің сізге ұсынарым сол, сіздей жасқа оқу керек.



- Қандай оқу?
- Сіз орысша таза сөйлейсіз.
- Сөйлеймін.
- Жаза білесіз.
- Жазамын.

– Міне, міне, енді одан әрі немісше, ағылшынша оқып, білім алсаңыз. Ғалым болуға жол ашылады. Мен сізге осында қалып оқуға қол ұшын созайын. Қызметке алуға ықпал етемін.

– Рақмет. Мен басқа тілдерде де оқып, жаза аламын.

– Оны қайдан үйрендіңіз?

– Ұстазым айтсын. Сол үйретті, – дегенде манадан бері үнсіз тұрған Андрей сөзге араласты.

– Уа, мәртебелім, шәкіртімнің айтып тұрғаны рас. Бұл еуропалықтың сыртында шығыстың парсы, шағатай, араб тілдерін де үлкен қари молдалардан оқып үйренген. Жауынгерлік өнерді де меңгерген, – дегенде, генерал оған:

– От қаруды да ата ала ма? – деп оның сөзін аяқтатпай сұрай қалды. Андрей:

– Иә, – деп қысқа қайырды. Манадан бері аң-таң болып тұрған ояз:

– Жүріңдер, – деп сыртқа беттей берді. Оның соңынан ергендер «Бұл қайда бастап барады?» деген сауалды арқалай, ізін ала ілесе кетті.

Биік дуалдың ішіндегі ашық алаңқайда қаз-қатар қағылған қадаларға түрлі жануарлар мен адам суреттері салынған тақтайларды көргенде Ерден шыныменен де таңғалды. Қасындағы Әбдірейге бұрыла қарап:

– Әбе, бұл не? Біз қайда келдік? – деді ауылдағыша. Бұлардың қазақша сөйлескенін құлағы шалған ояз кілт тоқтап:

– Бұл жер – майдан, атыс алаңы. Сынақ өтетін орын, – деп орысша лекілдете-лекілдете, лепіре айта бастады. Оның бөрінен де «Сынақ алаңы» дегеніне қызыққан Ерденге Әбдірей:

– Мырза, сөл шыдаңыз. Қазір сізге мылтық беріп, «Ананы ат, мынаны ат» деп оқыс бұйрық берсе қапы қалып жүрмеңіз. Да-



йын болыңыз, – дегенге барынша салмақ сала айтты. Оның бұл сөзінен Ерден алдында әлдебір жұмбақ сынақ тұрғанын сезді.

Шынында да, оның айтқаны рас болып шықты. Ояздың айтуы бойынша Ерденге майы толық сүртілмеген су жаңа мылтық ұсынылды. Бұрын мұндайды көрмеген ол оған бөлендей мән бергісі келмегендей күй танытқаныменен де, ішкі түйсігінде «Атсам, көрсем» деген бала көңілдің құштарлығын да, енді сәл тұрса, бұдан әрі жасыра алмайтынын ұқты. Қолындағы алақанның көлеміндей қаруды олай бір, бұлай бір аудара, төңкере қарай бастағанда Әбдірей:

– Бұл – сенікіндей ұңғысы ұзын болмаса да, атудағы тәсілі бірдей мылтық. Тек мұны ұсынған бетте шүріппесін басып қалсаң болды. Салмақ қос қолға емес, біреуіне ғана түседі, – дегенді қазақша ұғындыра айта бастағанда генерал:

– Кәне, бала батыр, бері кел, – деді де, бір көрініп, бір жасырынып тұрған түрлі суреттерді нұсқады. – Аналарды көздеп атып көр. Тек асықпа. Бұл қаруды пистолет дейді. Алып жүруге оңай. Жеңіл. Жеті оқты. Бірінен соң бірі атылады, – деді де, оң қолын жоғары көтере: – Дайындал! – деп бұйрық берді. Әдеттегіден даусы зорайып, тіпті алыстан күмбірлей естілгендей болды. Сөйткенше болған жоқ, тақтайға ілінген қабанның суреті қарсы бетке қарай баяу жылжып кете берді. Мұны неге көрсетті дегенше болған жоқ: «Ат!» – деген бұйрық саңқ ете қалды. Ерден оң қолын солай қарай көтере түсіп, шүріппені басып қалды. Қарағайға қағылған «қабан» әрі қарай құлап түсті.

– Тиді!

– Тиді!

– Жарайсың!

– Мерген екенсің! – деген сөздердің кімге айтылып жатқанын алғашқыда аңғара қоймаған Ерден көптің назары өзіне ауа қалғанын байқағанда ғана мадақтаудың бәрі өзіне екенін білді. Ояздың өзі келіп:

– Міне, жарадың! – деп қолын алып: – Қалай, мылтық ұнады ма? – деді. Ерден жасырған жоқ.



– Ұнады. Ұнағанда қандай! – дегенде екі көзі шоқтай жайнап шыға келді. Жас баланың ептілігі мен қайсарлығына, құштарлығына сүйсінген генерал-губернатор:

– Олай болса, саған андағы мылтық менен сыйлық болсын. Ала кет. Оқ-сауытын, басқа керек-жарағын да қосымша аласың, – деп бетінің ұшы қызарып, бал-бұл жанып тұрған Ерденді екі иығынан қаусыра ұстап, бауырына қарай тартты. Ояздың риза болғанын көргендер алыста тұрып-ақ бастарын изеп, «Жарайсың» дегенді ілтисипатпен ұқтырып жатты. Әсіресе, Әбдірейдің екі езуі екі жағында. Қуанышты-ақ. Өзінің тәрбиесін көріп, үйреткенін ұққан, ұғып қана қоймай, оны ұштап, жетілдірген жеткіншекке деген ризашылығы оның төбесін көкке жеткізгендей.

* * *

Сандыбай батыр қайтыс болғаннан бері өткен жеті-сегіз жылдың ішінде қоқандықтардың бағаналы іргесіне тікелей келмесе де, соның маңайындағы елдің мазасын алып, малын шауып, адамын алып, үйлерін өртеп кетуі жиілеп кетті. Кешегі төрт босаға тұтас тұрғанда қоқандықтар мұндай жақыннан жанжал жасамайтын. Жасағысы келсе де батырдың аты олардың мысын басып, бетін қайтаруға жарап жататын. Енді, міне, мысық табандап жақындай түскені Қадір бидің де, Шегір мен Бабырдың да мазасын алып, ұйқысын қашырып бітті.

«Сандыбайдың өзі жоқ болса да орны бар», – деп үш би бұл жолғы кеңесті екі Кеңгірдің түйіскен тұсы, Әбілқайырдың ордасы тігілген хан аралының алқымындағы көк шалғында өткізбек болды. Терісаққан мен Есілдің екі арасындағы айтылған жерге Дүзен де кешікпей жетті. Үш бидің де жігіттері орынды жайлап, бар керек-жарақты әзірлеп, түйінді сөздің түбегейлі шешімі шығар сәтті асыға күтуде.

Сарыкеңгірдің ұзына бойын жайлаған Қарабала Қадір би мұнда алдымен келіп, басқаларын күтіп алуды қолға алды. Ырғайлыдан ырғала жеткен Шегір де ширақ. Көңілі көтеріңкі. Қасындағы Ақтаздың алты баласының ішіндегі сөз ұстар, осы



қалай дейтіндері де біркелкі. Кәдімгі «Сен тұр, мен атайын» дейтіндей. Шетінен епті. Шешен. Бірден-ақ маңайдағыларын барлап, байқап қалатын қырағылықтары да ғажап. Шегірдің алды-артына шығып, оның ыдығын табудың бар әдісін меңгерген. Бидің айтарын оның қас-қабағынан-ақ танып, біліп алған.

Қос Жездіні тел емген Бабыр бидің де қосыны қомақты. Найзасын көкке көтеріп, аттарының құйрық-жалын шарт түйген жарау жігіттердің түрлері сұсты. Сауыттары күнге шағылып, қараған көзді қарықтырады. Қарақасқа аттың үстіндегі Бабыр бидің отырысы мығым. Жанары отты. Көңіліне түйіп келгені де аз емесі аңғарылады. Ал осы жерді жайлап отырған Қадір бидің салтанаты анау. Қаз-қатар тігілген үйлердің ара-арасында қалқанын көтеріп, найзасын нықтап тұрған сақшылардың бөрі де қарабаланың жасақтары. Айналасы ат шаптырым жазықтың о шеті мен бұл шетіне көз салып, қатар тұрған қос шоқының үстіндегі сарбаздар да етектегілерді жіті бақылауға алған.

Қос шоқы болғанда да, аты шоқы дегенмен, биіктігі кішігірім таудай жоталы Жуантөбенің тарихы тым тереңде. Ол – кешегі Әбілқайыр ханның ақ ордасын тігіп, билігін жүргізген заманында күнделікті бір мезет төбеге шығып, тапсырмасын қасына ере шыққанға сыбырлай айтып: «Мұны тек өзің ғана біл», – деп құпиясын ашатын айрықша орны болған жер. Дәл осы екі төбеге кезек шығып, бірде біреуінде, келесіде екіншісінде отырып, жеке жиын өткізетінін маңайындағылар білген. Кейде бұл төбеге ере шыққанның сол жерде мәңгілікке қалып, ханның төменге жалғыз түскен кездері де аз болмаған. Сондай бір төбедегі кездесуде Қарақыпшақ Қобыланды батырды қасына ерте шығып, оған елдің тыныштығы, бірлігі, бүтіндігі үшін Қотан бидің жалғыз Ақжол батырдың басын алуды тапсырады. «Оу, бұл қалай, хан ием?» – деген Қобыландыға: «Хан жарлығы екі болғанын қайдан естіп едің?! Ал оны орындамағанның жазасын білетін боларсың?» – деп сес көрсетіп, соңында: «Мен мұны тек саған ғана сеніп тапсырып отырмын. Сенімімді ақтайтын боларсың», – деп оған жымия күліп жылылық танытқан.



Хан бұйрығын орындауға бекінген Қобыланды бейқам жүрген Ақжолды қапыда өлтіріп, артынша өз ісіне өзі өкініп, өкіре жылағанын елі көрген.

Міне, сол қос шоқының үстінде алысқа көз тігіп енді Қарабала Қадір бидің жарамды, жігерлі жасауылдары кірпік қақпай күзетте тұр. Билердің қауіпсіздігіне мән берген Қадір бидің алыстан болжап, тереңнен толғайтыны қалың елге құпия емес. Дәл осындай сақтық, салмақтылықтың түп-төркінінде оқыс оқиға болдырмау жатқанын баршасы да ұққандай.

Билердің өздерімен бірге еріп жүрген сарбаздарының сыртында, қастарында мынандай күзет бұрын болмайтын. Рас, сырттан шолып, алыстан қарап, ордаға жақын келмейтін жасақтың мына сақтығы «айтылар әңгіменің маңыздылығын» тіптен де асырып жібергендей. Қай істі болса да әбден елеп-екшеп алып ортаға салатын бағаналы билері бір-біріне хабар сала отырып, әңгіменің өзегі «Сақтық, сақтық» дегенге ерекше мән бергені байқалады.

Кеңестің басында бағаналының төрт босағасының ішкі жайы туралы Қарабала Қадір би аз айтқан жоқ. Соңғы төрт-бес жылдың ішінде сыртқа есе кетпеді десе де, іштегінің де қордаланып қалғанына алаңдаушылық білдіріп:

– «Төртеу түгел болса, төбедегі келеді» дегеннің шын екеніне көзіміз бұрынғыдан да жете түсті. Кешегі Сандыбай батырдың орны, міне, қашаннан бері бос тұр. Ол орынға үлкен ұлы Дүзеннің отырар жөні бар еді. Себебін өзі біледі, бірақ ортаға келгенімен ол орынға отырмады. Отырмағанның жайы белгілі. Әрине, салмақтанып отырған мен түрегеп тұрған бірдей болмайды. «Тұрғанның бойы биікте, отырғанның ойы ортада» деген. Сырт айналдың демейін, әйтсе де бұл орынды енді қанша тостырып, бос ұстай береміз? Мұның бір шеті мен шегі болар, білем, – дей келіп, – төрт жағымыз түгенделмей, тірлігіміз түзеліп, түтініміз түзу шыға қояр ма? – дегенді қадаңқырап айтты.

Бидің дәл осылай түйін түйіп, қайырып тастайтынын көптен тосып жүргендей Шегір мен Бабыр:



– Дұрысы дұрыс, бірақ Дүзен мырза өткен қай кеңестен болса да қалған жоқ. Қай шаруадан болса да бойын алып қашпады. Әкесінің орнына не өзі отырмауы, не сол жерге лайықтыны ұсынбауы қалай демесек, басқа не дейміз? Бұл туралы Дүзеннің ойын біліп алсақ қайтеді? – деп бірін бірі қоштай сөйледі.

Дүзен бірден жауап беруге асықпады. Өткенді ой елегіне салып, отырып қалды. «Әке аманатына адалдық танытамын. Орнына Ерденді отырғызамын» дегенді көңіліне мықтап түйіп алған Дүзен оны баяғыда-ақ ортаға салып, «Кейін бір кезі келер» деп тоқтаған еді. Содан бері өткен жылдарға зер сала келе, Ерденнің де ат жалын тартып, алысқа шыға бастағанын ел көріп-біліп отыр. Жаздың басында Омбыдағы оязға кетерінде:

– Ал жолың болсын. Байланысты бекітіп кел, – деп осы билер оған баталарын беріп жіберген. «Бағаналының ішкі жайын нығайту үшін генерал-губернатор не көмек береді, соны айқындаудың да реті осы жолы ашылар» деген үмітін арқалап ол кеткен. Ерденнің не бітіріп келгені туралы бұларға толық айтып бермегені көңілдеріне дық болып тұрғаны осы әңгімені қоюлауға жарап қалғанын Дүзен біледі. Еркелеу өскен Ерденнің Омбыдан келгеніне ай жарым өтіп кетсе де бұлардың алдына келіп, кімге қалай жолыққаны жайлы ашып айтпағаны, жастықтың буымен аттан түспей, Есілдің бойын өрлей, Торғай өтіп, нағашыларының ауылына кеткені Дүзенге де оңай тиген жоқ. «Торғай бойына барып келемін. Кешікпеймін», – деген сөзіне иланып, осы жолғы кеңесте ойын айтар деген еді. Енді, міне, балалық па, әлде жолда бірдеңеге ұшырап қалды ма, қалай болғанда да келе алмауы мұны да алаңдатты. Әйтсе де, сабырлы қалпын сақтап, үш бидің ауанын аулап, сөздің соңын күткен сыңайын жасырмады. Қарабала Қадір бидің:

– Әрине, төрт құбылаң тең, төрің кең болғанына не жетсін. Әйтсе де Дүзендей мықтының өзі ортада отырғанын ұмытпайық. Ал төртінші босағаның тұтқасын ұстатуды, Дүзен мырза, күздің басындағы кеңестен қалдырмай шешуіміз керек. Ерденің бе, әлде Берденің бе, біреуіне ен тағып, ортаға қосарсың. Әлде басқадай ойың болса, оны да айтарсың, – деп бір тоқта-



ды. Бұл «Басқа шаруаға көшейік» дегендегісі екенін аңғартты. Ұқты. Ұққаны емес пе, Шалабай Шегірі:

– Қоқандардың қолы жақында тағы да анау Сырдан қырға шығар жолдағы ағайындарды шауып, үйлерін өртеп, малын айдап кеткенін естіген шығарсыңдар? – деп негізгі шаруаның жайына қарай сөз қозғады.

Шегірдің бұл айтып отырғаны, осы жаздың басында жүз шақты сарбазы бар Қоқан ханының қолы Арқа мен Сырдың бойын бір жайпап өткен болатын. Содан бері ел іші дүрлігіп, «Ағайынға қайтсек қол ұшын береміз?» деп ойдағы да, қырдағы да қазақтар біріне бірі хабар салған. Қоқанның қайқы қылышынан жүрегі шайлығып қалғандар үнсіздік танытып, «Біздің қолдан не келедімен» үнсіз қалған. Бастап шығар бір батыр табылмай, езілген үстіне езіле түскен. Бұрын мұндайда Сандыбай батыр атой салып, соңынан қуып жетіп, Қоқанға қырғын салатын. Енді, міне, Сандыбайдың жоқтығы Қоқанға жол ашқандай. Ырғыз бен Жемнің бойындағылар мұнда келіп жеткенше қоқандықтар білгенін істеп, ойранын салып кетеді. Бұлай бола берсе, бір күні бағаналының да етегін түріп, найза тіреуі анық. Билердің: «Енді не істеу керек?» – деп абыржуларының астарында «Қапыда қырылып қалмаймыз ба?» деген үреймен қоса сақтықты нығайту жатқаны анық.

Көңіліне түйгенін әбден ой елегінен өткізіп барып, жіктеп-жіктеп, жүйелеп алып ортаға салатын қашанғы әдетінше Қадір би қолына қыса ұстаған қамшысын жоғары көтере берді. «Би не айтар екен?» дегендей қасындағылар оған қарап қалды. Қадір би бөгелмеді:

– Бәріміз де біліп отырмыз, бір күні болмаса бір күні, қаннен-қаперсіз отырғанда Қоқанның қолы келіп шабарын. Рас емес пе?

– Рас.

– Рас.

– Ендеше ертерек есімізді жияйық. Етек-жеңді жинайық. Ол үшін төрт босаға Қоқанның жолын тосатын төрт жерге тосқауыл топты жасақтайық.



– Қалай?

– Қайда?

– Қандай болушы еді, әр босаға өзінің аумағы жағынан жа сауыл тұратын мекен салып, сол жерден күзетті күшейтіп, кемінде қарулы деген 100 сарбазды мұздай қаруландырып, жүйрік атпен, қару-жарақпен, киер киім, ішер тамақпен та-рықпайтындай жағдай жасайық. Күндіз-түні күзетті күшей-тіп, Қоқанның шабуылын қарсы алатындай, жолын бөгеп, ішкі жақтан көмек келгенше өткізбей ұстайтындай болуы керек. Ол үшін осы төрт босағаның ең мықты деген жігіттері іріктеліп, шекараның шебінде тұрсын. Маған қарасты қара-балалар – төртқара-сарғалдақтар екі жерден күзет бекетін са-луды міндетіне алады. Бір бекет Қызылжыңғылдан Аймырза Бәтеш бастаған топқа, енді бір бекетке шолушы топ орнала-сады. Бұлар дабыл қағылған алғашқы белгі білінісімен негізгі қалың топқа жол бастап, жауға тұтқиылдан тию керек. Осылай етпесек, ертеңгі күні опық жеп қаларымыз сөзсіз, – деп Қадір би Дүзенге бір, Шегір мен Бабырға бір қарап, «Бұл сөзім қалай әсер етті?» дегендей сыр тарта тоқтады. Талай топты көріп, неше түрлі даудың ортасынан судағы жайындай жайрандап жалт-жұлт етіп шыға келетін Шалабай Шегір би оны бірден қоштады.

– Дұрыс, өте дұрыс. Бекет салып, күзетті күшейту деген менің де ойымда көптен жүрген. Төрт босаға ара қашықтықты тең ұстап, жау көрінсе қарауыл төбелерден от қойып, белгі беретін бабалардың жорық тәсілін жаңғыртуы қажет. Әрі әр қос-тың басшысы етіп ел мен жерге жаны ашитын ержүрек батыр-ларды бекіткен жөн.

Екі биді тыңдап отырған Бабыр:

– Шолушы топ арғы жақ пен екі жақты бақылаушы болса күба-құп. Бұған Бабыр би де бөтен қарамас, – деді де: – Енді тек төрт босағадан жер жағдайына жетік, шайқас болса жауды тосып алатын қолайлы орынды таңдай алатын білікті жігіттер шекара бойлап, күзет тұрар орынды нақтылағаны керек, – деді.

Билердің сөзі көңіліне қонған Дүзен де:



– Олардың ішіп-жемі, сойыс-малын да теңдей көтерейік. Жасақты жабдықтау, қару-жарағын жеткізіп тұратын қосымша топтың да адамдарын таңдап, оларды сүзгіден өткізіп алайық, – дегенде билердің көңілдері жайланып, арқа-бастары кеңіп қалды.

Қоқанның жолын бөгер бекеттер салу кешікпей қолға алынды.

* * *

Омбыдағы ояздың алдында болып, көңілі көтеріліп қалған Ерден елге тіке қайтамын дегеннің ертесіне Торғай жақтағы өзін оқытқан қари ұстазының: «Қолы тисе келіп кетсін», – деген сәлемін естіп, Андрейге:

– Әбе, сен ауылға қайта бер, болмаса, Өзиза екеуің күзгі салқынға дейін осында боларсыңдар. Қалай десеңдер, солай болсын. Мен ұстазыма соғып, одан әрі Жыланшықты бойлай Ырғайлыға өтіп, қос Жездіні кесіп, елге жақындармын, – деп аяқ астынан бағытын өзгертуінің сырын ашты. Оған Әбдірей не десін:

– Мақұл, тек жалғыз-жарым жол жүрудің жайы қалай болады? – дегеніне:

– Е, тәйір-ай, маған кім тиісе қояр дейсің? Генерал берген мылтық бар. Оқ жетеді, белде қылыш, ат жүйрік, көңіл ояу, қайда барсам да қасымда Бозай ағам бар. Ол мені Атбасардан алдымнан шығып күтіп алады. Ауылдан шыққанда оған «Атбасардан күтерсің» дегенмін. Екі көзі төрт болып, қашан келеді деп, күнде күтіп жүрген шығар, – деп жайраң қаққан.

Жас неменің алабұртқан көңілі көктемгі тасыған судай. Дәл қазір оған «Сен былай істе» деуге болмасын білген Әбдірей:

– Мейлі, ендеше күзге дейін рұқсат берсең, біз осында бола берейік. Оның сыртында ояздың келіскен қағаздарын толтырып, ауылға күзетке солдат алудың жайын нақтылап, қаржысын санап, қару-жарақ сатып алмақшы болған істі тындыра берейін. Ал ол шаруа ертерек бітсе, онда күзге қалмай, қайта беремін, – деп Ерденге ойын айтып, мұнда да тындырар істің ауқымының аз еместігін сездіріп өтті.



Ат жалын тартып мінгеннен бері Бозай ағасы оның қасында. Дүзен ағасы оған: «Ерденді алдымен Аллаға, одан қалды өзіңе тапсырдым. Еркелігі болса кешіріп, қателігі болса түзерсің. Жетпегенін жеткізіп, білмегенін білдір», – дегенді қайта-қайта айтқан соң: «Ерденжан, мына Бозай ағаң – қожастың ішінде аға баласы байназардың білімдісі, білектісі де, жүректісі де, тілдісі. Соңына еріп, тілін алып, тәрбиесін көріп, талабыңды ұштарсың. Мен үнемі сенің қасыңда бола бермеймін. Бозай ағаң қасыңда. Қамқоршың, алдыңа шығарсаң – ағаң, бағалай білсең – бағдарың болар. Ағаңның бір айтқанын екі етпе. «Бозай білмей айтпайды» деп Байекеңнің балалары бекер айтып жүрген жоқ. Соны есінде ұстағайсың», – дегенді санасына ұмытылмастай қондырған.

Содан бері Бозай ағасы бұның қасында. Осы жолы Омбыға барғанда ғана оны: «Қайтарда Атбасарға соғамын, сол жерден күтпейсің», – деп оны әрі қарай ертпей кеткен. Бірақ онда дәл бұлай бұрылып кетем деген ой үш ұйықтаса түсіне кірмеген. Мұндағы ырду-дырдудың дүрмегіменен жүріп, Батпаққарадағы ұстазының ауырып, төсек жатып қалғанын естігенде ғана барып: «Көңілін сұрайын. «Ұстазын ұмытқан – құдайын ұмытады» деуші еді ғой. Өзім барайын», – деп бекінген. Сол бетте алды-артына қарамай аттанып кеткен. «Айналды-ау өзі, бұрынғылар «Аңшының айналғанына сүйін» деуші еді. Жолы болып, ісі алға басса болар», – деп өзін-өзі жұбатып, әр күнді күтумен жүрген Бозай Ерденнің келісіменен: «Ал кеттік!» – дегеніне «Қайда?» деп те сұрамастан, соңына ере берген. Кең далаға шығып тыныстап, кеудені кере дем алып, өзіне-өзі келген Бозай атын тебіне түсіп, тізгінін босатпай, лекілдете суыт жүріп, сар желіспен жер апшысын қуыра түскен Ерденге:

– Ерденжан, айтшы, осы біз біреуді қуып келеміз бе, әлде біреуден қашып келеміз бе? – дегенде ол кілт тоқтап:

– Екеуі де бар, – деді.

– Қашқанда кімнен қаштық біз?

– Өзімізді қамалаған қалың ойдан.

– Кімді қуып келеміз?



– Жеткізбейтін жүйрік, ұшқыр қиял мен көзге көрінбейтін арман дейтін арғымақты.

– Әп, бәрекедді! Қашқанға да жетерміз, қуғаннан да кетерміз. Тек...

– Неге тек дедің?

– Тек Алла ғұмыр берсін. Қашқан мен қуғанның ізінде жүріп, бағытымыз бен бағдарымыздан жаңылмасақ болар.

– Алла сақтасын, Алла деп атқа міндік. Тілімізде де, жүрегімізде де Алла тұрса, азғырғанға ермесек, ал тілдіге сенбесек, көргеніміз қанық, айтқанымыз анық болсақ деп тілейік. Ғұмыр берсін дейік. Ғұмырды Алла береді. Оны қашан қайтып алады? Оған уайымдамаңыз. Ол – Алланың ісі. Ал Алланың ісіне араласпау керек. Аманат жанға қиянат жасамай, әркез әділдікті алға ұстасақ адаспаймыз, бағытымыздан жаңылмаспыз. Сол үшін де тынымсыз тірліктің тізгінін қолға алу керек емес пе?! – деп, Ерден атын кілт тоқтатып, Бозайға бұрыла қарады.

Жасы жас, дегенмен де, тұлғасы ірі, мойны жуан, жауырыны жап-жалпақ. Ат үстінде отырғанда төмпешік таудай төбесі, шодырайған жотасы оны тіптен ірілендіріп жібергендей. «Қолда өскен бұқаның бұзау аты қалмайды» дегендей, кішкентайынан көз алдында болған жігіттің бүгінгі келбеті оның балалығын ескен желге ертіп жібергендей.

Кешегі бала Ерден есейіп, елдің жайын есептеп, ерлік іске ерекше құлшыныс таныта ұмтылатынын Бозай бұрыннан-ақ байқайтын. Әрі осы жолы өзінің сол ойының тура екеніне көзі әбден жете түсіп, бірақ «Батырдың ерке баласының бетіне жел болып тимейін, тірлік өкпесі өзі-ақ оның өзегін өртеп, әлі-ақ солығын басар-ау» дегенді тіл ұшына әлденеше оралта берген Бозай онысын сыртқа шығармай, іште бүгіп келеді.

Ерден ұстазының ауылында көп болған жоқ. Келесі күні:

– Ұстазым, көрдім, сәлем бердім. Алла сырқатыңызға шипа берсін, маған тапсырарыңыз бар ма? Мен, рұқсат етсеңіз, аттанамын, – деді. Құран Кәрімді жатқа оқитын ұстазы тарамысы шыққан арық қолын созып:



– Ерденжан, рақмет келгеніңе. Рұқсат – Алладан. Жолың болсын! Ал айтарым: бұрынғылар «Атқа міндің – ажалға міндің» деп айтқан екен. Бұл менің сөзім емес, бабалар айтқан. Көптің көз алдында үнемі көрініп жүру де оңай емес. Албырттығың бар, білемін. Шешімің шұғыл, тілің – орақ, қиялың жүйрік жансың. Күшің көп, ақылың бір тайпа елге жетерлік. Тек әділдіктің туын тік ұстасаң жарарсың. Кісіге қиянат жасама. «О дүниеде қиянатшылдың қанаты қырқылып, жоны жыртылып, желкесі қиылып, шыбын жаны пана таппай қиналады» дегенді өзің де оқыдың, оқыттым. Абай бол! Сені көрсем, соны айтсам деп едім. Алла ол тілекті берді. Енді қайыр-қош! «Бұл шіркіннің әкесі кім?» дегеннен гөрі «Ұстазы кім?» дегеннің жақсылығына жет. Затыңа да, атыңа да кір келтірме! – деп, еті қашқан қолын алға созып, батасын беріп, бетін сипады. Ұстазының жүдеу түріне қарай қалған Ерден:

– Ұқтым, ұстазым, ұқтым! Атыма да, затыма да дақ түсірмеуге уәде беремін! – деп ант етті.

Ұстазы «Саған сенемін» дегендей, әлсіз ғана дыбыс беріп, басын изеп, ишарат танытты. Одан әрі бұл жерде тұра берсе, көзден аққан жасына ие болмасын білді ме, Ерден шалт қимылдап, сыртқа қарай жүре берді.

Хан аралындағыдан кейін Ақтаздың алты баласының басын қосып, Шегір де кеңес жасады. Шақырғандар түгел келді. Бас-аяғы жиналғаннан кейін-ақ кеңес басталды. Алдымен түгел амандасып алғаннан кейін Шегір би өзі сөз алды:

– Уай, ағайындар! Төскейде малы, төсекте басы қосылған бауырлар! Әңгімені төтесінен бастайын. Сонау Хан аралында өткен бағаналының төрт босағасының кеңесіне мына Уәйіс би екеуіміз қатыстық. Сөздің төркіні – мынау. «Ұзында өшім, қысқада кегім кетті» дейтін Қоқанның қоқималары іргені түріп, төрге озып, шабындығыңды басып, шаңырақты шағып, «Ұлыңды құл, қызыңды күң қыламын» дегенінен танбай келеді. Барлыбай хан қалың жасақ жиып, алдын тосып, бір жаусатып еді. Содан бері де не заман. Туралай келіп ат қойып, найза тірей шаппаса да, түн жамылып от қойып, қарақшылық жасауды тоқтат-



пады. Бүгін бір жерден, ертең тағы солай. Олардың келгенін білмей, кеткенін, қиратып шауып өткенін, ауылды өртеп, малды айдап, адамды алып кеткенін естиміз. Кешегі өткен кеңесте «Бұған не айла?» дегенде, Қарабала Қадір би «Әр босаға өзінен кем дегенде 100 сарбазды тұрақты ұстап, күн демей, түн демей, «ө» дегенде атқа қонатын, жауды жайпап өтетін шұғыл топты ұстау керегін ұсынды. Мұның сыртында, әр босаға өз іргесіндегі шекара маңынан бақылау бекетін ашып, онда да жауды күтіп алып, бергі жаққа белгі беретін жедел жасақ ұстауды айтты. Мұны біз қоштадық. Ендігі әңгіме былай: сол жасақты құру, оны дайындау, ұстау.

«Бұл жайлы Уәйіс би не айтар екен?» деп сөз күтіп, тамағын кенеп тыпыршып отырған Бабас Уәйіс биге қарады. Уәйіс би де осыны күтіп отыр екен. Бөгелмеді.

– Иә, ағайын! Шегір бидің айтып отырғаны – шындық. «Жау жоқ деме, жар астында» дегендей, Қоқанның шапқыншылары бірде мына Кіші жүздің жігіттері сияқты киініп, атойлап келіп, арандатып кетеді. Бірде ашық түрде Қоқан болып қоқияды. Олардың бұл жымысқылығына алданып, Кіші жүздің ауылына шауып барған да кезіміз болды. Ұмытпаған шығарсыздар?

– Есімізде.

– Рас.

– Рас.

– Рас болмағанда, мен не, өтірік айтады дейсіңдер ме? Рас дейді ғой, түге. Рас емес, солай болған. Әлі де ол жалғасып келеді. Бетіміз ашылып, екі ортада барымта, қарымта көбейді. Шындығына келгенде, бұл – Қоқанның бір қазақты бір қазаққа айдап салуы. Алдандық демейік. Аңғалдық. Енді не? Қарабала Қадір бидің ауылында тұрақты 100 сарбаз қаншама жылдар бойы жұбын жазбай келеді. Бізде, Ақтазда, атқа мінер азамат аз ба? Кешегі Бесбалық қаласын бес рет шауып алған Ақтаз Үрбі бабамызды Ер Манастың өзі құрметтеген. Одан кейінгі Кетбұқа бабамыздың бақан таңбасын сол Үрбіден қалған мұраға санағаны рас қой? Шыңғыс ханнан «Бағаналы орда – басты орда» деген ат алған Кетбұқа бабамыздың жауынгерлік рухы өшкен



жоқ. Тәуке ханның балаларына тәрбие беріп, «аталық» атанған атамыздың әруағын көтерген Құтымбет пен Құтан атаның ұрпағы осында отыр. Әр атаның өзінің бір иесі мен кие тұтқаны болды. Олардың ерлігі өшпесін. Қол бастайтын батырлар бізде де аз емес. Мына отырған Дүтбай батырдың бір өзі неге тұрады? – дегенде көптің назары төмпеш таудай төңкеріліп, жауырыны тоқпақтай, шүйдесі керегемен шендесіп отырған алып тұлғалы жас жігітке ауа қалды.

Көпшіліктің өзіне бұрыла қарағанын онша ұната қоймаған Дүтбай:

– Неге қарай қалдыңдар, түге? Не, адам көрмеп пе едіңдер? – деп гүрс ете қалғанда бәрі де тым-тырыс, демдерін іштеріне тарта тына қалды. Өзі де дәл осылай болар-ау деп болжап тұрған Уәйіс би:

– Әне, бір Дүтбайдың екпіні екі-үшеуіңді бірдей ұшырып жіберетіндей. Көрдіндер ме? Өлі де дәл осы Дүтбайдай алып күштің иелері жүрген жоқ па? Міне, енді біздікі – осындай сом білекті, атан жілікті, апай төсті алыптарды атқа мінгізу, елдің қорғаны болуға дайындау. Оған лайықты деген, қару ұстап, атқа мінуге жарамды дегендерді сұрыптап, Дүтбайдың алдынан өткізуіміз керек. Дүтбайдың көңіліне толғандар жасаққа алынады. Ал аты жігіт, өзі мігіттерді текке өуре етпеңдер. Ас ішіп, аяқ босататындар ауылда қалсын. Өзіне өзі сенгендер Дүтбайдың қасына барсын, – деп Дүтбайға «Осы айтқаным дұрыс па?» дегендей бұрыла қарады.

Көптің ішінде төбесі жеке көрінетін Дүтбайға қасындағылар тағы да бір бұрылды. Бұл жолы олардың жүзінен алғашқыдағыдай таңырқау мен таңданудан да бөлек «Біздің осындай батырымыз бар екен-ау. Батырды құрметтеп, көтерейік. Жеткіншектерге оны үлгі етейік» деген бір мейір мен сүйсініс байқалды. Оны өзгелермен бірге Дүтбай да сезді.

Осы уақытқа дейін бойындағы күшіне Дүтбай мақтана алмайтын. Қара күштен әзірге Дүтбай еш пайда көріп жүрген де жоқ. Бала болып қатарластарымен де алысып-жұлысып ойнай алмады. Қатары тұрмақ, жасы үлкендердің өзі де одан



қашқақтап, маңайына жолатпады. Өз тұрғылыстарының жа-лаң аяқ жүгіріп, жардан суға секіріп, тау-тасты кезіп, алы-сып-жұлысып жүргеніне қызығып кетіп, солармен бірге бо-луға ынтығып қанша соңдарынан жүгіріп жетсе де, олар бұдан бойларын тартып, қорқып, шегіншектеп, шеттей берді. Кейін есейгенше сол балаларға қызығып, «Шіркін-ай, қатарыңмен күресіп, жаяу жарысып, суға секіріп, асық атқанға не жетсін» дегенді армандамаған күні жоқ шығар. Ауылдастарының ішінде өзіне жақын аталас туыстарының балалары да бұған: «Ойнасаң ойна, бірақ сенімен алысып, күреспейміз. Оған рен-жіме», – дегенді ашып айтатын.

Бірде әкесіне:

– Мені неге осындай ебедейсіз үлкен етіп тудыңдар? Өне, көрмейсіңдер ме анау жұрттың балаларын. Судағы балықтай, жалт-жұлт етіп, жүгіріп, ұстатпай, шапқылап жүргені. Мені-мен олардың біреуі де алысып, араласып кете алмайды, – деген-де, әкесі оған:

– Дүтбайжан, балам, қай ата-ана өз баласын былай болсын, олай болсын дейді екен? Алла қалай жаратса, адам солай жара-тылады. Алла саған алып тұлға – бой берді. Соған сай Алла ой берсін де. Алысып алысқа барған кім бар? Алланың қалауы елге қара күшің мен қаруың да керек болар күн туар, сонда сенің қасыңда да қара-құра көбейіп, атыңды ерттеп, ербеңдеп, елпең қағатын кімдер болады дейсің?

– Білмеймін ғой.

– Білмесең сол, біліп қой. Олар – осы күні өзіңмен бірге ой-наудан қашқақтап, бойларын тартып тырбыңдап жүргендер. Солар күні ертең сенің соңыңнан ермегенде, саған бір жақтан біреу жігіт жинап бере ме? Бермейді. Ал «Олардың бәрі де әлсіз еді, менімен кішкентай кезімде ойнамай қашып жүрген» десең, ел күлмей ме саған. Ендеше, бүкіл қатарластарың мен аңғал аға-ларыңа ренжіме. Қайта оларға өзің барып сәлем бер. Олар тіпті саған сәлем беруге де жасқанатын болуы керек. Кішілік сенен болсын, – деген.



Әкесінің сол сөзі оған үлкен әсер еткен. Содан да болар, ол кейінгі кезде ешкімге де өкпе айтып: «Әй, менен неге қашқақтайсың? Неге сәлем бермейсің?» – демейтін болды. Өзілдегісі келсе де аузына келгенін іркіп, өзін-өзі тежейтінді шығарды.

Жасындағыдай емес, бұғанасы қатқан сайын түрі де сұс танып, көзқарасы өткірленіп, жанарының жалыны тіктеп қараса қара жерді де тесіп жіберердей. Даусында да бір сес бар. Орнынан тұрып, теңселе басып жүргенде табаны тиген тұсы ойылып кететіндей. Зіл батпан салмағын қара жердің өзі әзер-әзер көтеріп тұрғандай.

Үйдегі әкесі мен шешесіне де бала болып еркелеп көрмепті. Өзіменен өзі болып қалай өскеніне, басқалардан бұрын, бүгіндері өзі де таңғалады. Сондайда әкесінің: «Алла сені солай жаратқан екен. Соған да шүкір де. Жан бергеніне дән берем деген Алла құр тастамас», – деп айтқаны ойына оралып, жүрегінің түбіне бойлай береді.

Ауылдағы інісі Медебай: «Атқа Алла деп мін», – деп, бұл бір жаққа баруға бет алса, қасына ыңғай жүгіріп келетін. Өзінен жасы кіші інісінің бұл сөзді анасынан үйренгені, анасының оған: «Ана ағаңа да айтып қой», – деп құлағына құйғанынан болар, ол мұны аңдып тұрғандай: «Аға, Алла дедің бе?» – деуден еш жаңылып көрген жоқ.

Бұл жолы да солай, атқа мініп, енді аттанайын деп жатқанда қасына келіп:

– Алла дедің бе, аға? – деді. Оның жайдары жүзіне, нұрланған көзіне сүйсіне қарап:

– Дедім, Меде, дедім. Алла амандығын берсін, – деп оған естірте тағы қайталап айтқан. Оған ол қуанып:

– Дұрыс аға, Алла десең аман боласың, – деп, жайраң қағып қала берген. Оның сол сөзі Уәйіс бидің ауылына келіп жеткенше құлағының түбінен кеткен жоқ.

Тек ауылда мұны күтіп отырған Уәйіс биге сәлем бергенде ғана ойы жаңарып, жанары жайнап, от шаша жігерлене түскен. Уәйіс би оның келгеніне қуанып:



– Ал кеттік! – деп үзеңгіге аяғын сала бергенде інісінің сөзі есіне түскен Дүтбай:

– Алла! – деді. Оның гүр етіп естілген үнін аңғарып қалған Уәйіс би:

– «Алла деген адамның – адамдық бір белгісі, Алласын есте ұстайды ақылы бар ер кісі» деген ғой бұрынғылар, Дүтбайжан, айналайын, Алланы аузыңа алғаныңа қуанып қалдым. Жолымыз болады екен, – деп құла жорғасын тайпалтып, алға түсе берген. Оның соңынан ерген Дүтбай «Қайда барамыз, бағытың қай жақ?» демеген. Демегені – Уәйіс би бекер жолға шықпайды. Жолға шыққан екен, шаруаның болғаны. Осылай деген ойға бекінген Дүтбайды бидің:

– Шегір ауылында бұрын болып па едің? – деген үні жалт қаратты. Ол қысқа ғана:

– Жоқ, – деді.

– Олай болса енді боласың. Сонда барамыз, – деп бұған күлімсірей қарап: – Барғанда босағада тұрып қалмай, менің маңайыма, оң жақ тіземді баса қасымда отыр. Жасы үлкендердің өзі де саған жол береді. Себебі сен Мамай атаның ізісің. Көзісің. Бүгінгі өзісің, – деп түсіндіріп өткен.

Сол сөз – сөз. Айтқанындай-ақ, Дүтбай Уәйістің оң жағынан орын алған. Енді сол Уәйіс көпті өзіне қаратып алып, мұның атын атап өтуі де қалай болды өзі дегенше болған жоқ, Шегірдің ұлы Абайділда оң қолындағы қамшысын көтеріп сөз алды.

Абайділда – тілді де, бетті. «Әкем отыр екен» демейді. Көңілдегісін көлгірсімей, түйдек-түйдегімен төгіп-төгіп өтетіні бар. Оған ағайын-туыс ішінде: «Әкең тұрғанда тесіліп, теріп сөйлей бермесейші. Әкең жоқ болса бір сәрі. «Әкесі тұрып ұл сөйлегеннен без» деген», – деп талай айтқан. Бірақ оларға Абайділда: «Әке тұрып ұл сөйлесе – жетілгені» деген, әркім өзінің ойын айтады. Мен айтсам Шегірдің емес, Абайділданың ойын айтамын. Кәне, қайсың айтасындар маған, сен Шегірдің сөзін айтып қойдың деп, кәне, айтатындарың болса айтыңдаршы», – дегенді көлденең тартатын. Ондағысы – Абайділда Шегірден туғанымен



де атасы Шалабайдың бауырында өсіп, Шегірді аға тұтатыны. Еркін сөйлейтіні де содан.

Отырғандарды бір шола қарап өтті де:

– Сөзді көпке соза беріп керегі қанша осы? Жасақ құрудың өзін осылай ұзын арқан, кең тұсауға салсақ, құрылған жасақтың жайы қалай болады? «Болбырдан болбыр туар былжыраған» дегендей, шымыр да ширақ, батыл қимыл жасай алатын, қуса жететін, атса оғын өткізетін, жаттыққан жігітер әр ауылда да бар. Рас, Қарабала Қадір бидің қолында жарамды жүз жігіт күндіз-түні аттан түспей, елдің о шеті мен бұ шетін шолып, маңайына шыбын ұшырмай келе жатқаны кешелі-бүгін ғана емес. Ол – Барлыбай ханның сарбаздары салған сара жол дейік. Ал оларға от қаруды оңтүстіктегі Түркістан жақтағы орыс әскерінің генералының тілмашы болып жүрген Қадір бидің туған інісі Арзықұлдың ұлы Арыстанбай арқылы молынан алдырған дегенді естідім. Барсын. Алсын. Ендеше біздің қауқарымыз қандай? Қолдағы қаруымыз жете ме? Қоқанның жендеттерінің бес қаруы сай. Оныменен айқасу үшін одан артық болу шарт. Тең түсу керек емес. Сонда не істемек керек? Меніңше, Орынбордан от қару сатып алудың жолын табайық.

– Қалай?

– Қайтіп?

– Кімнен?

– Кім алады? – деп оның сөзін бөле шыққан дауыстарды елең етпеген ол әрі қара сөйлей берді.

– Бізге ешкім «Мә, сендерге мылтық керек екен» деп әкеліп бермейді. Өзіміз барып, іздеп тауып, сатып алудың жолын табайық.

– Кім табады?

– Оны бір тапса, мына Уәйіс би табады.

– Қалай?

– Қалайы сол, бидің нағашылары Кіші жүз екенін ұмытып қалдыңдар ма?

– Жоқ.

– Жоқ.



– Жоқ болса, Кіші жүздің жігіттері Орынбормен, ондағы бай көпестермен байланыс орнатып, сауда-саттық жасап жүр.

– Е-е...

– Солай.

– Солай.

– Солай болса, Уәйіс бидің қасына еріп барайық. Пұлын төлеп, қару-жарақ, оқ-дәріні молынан сатып алайық. Қаражат жағынан ешкімнің де қиналмағаны керек. Негізгі салмақты мен өзім көтеремін. Бұған қалай дейсіздер? Егер де «Иә» десеңдер, кешікпей жолға шығу керек шығар. Жолай бекет соғар орынды да белгілеп, анықтап қайтуға болады.

Абайдәлданың сөзіне ден қойғандар оның ойын құптап:

– Дұрыс, дұрыс! – дегенді енді қаттырақ дауыстарын шығара айтты.

Сөздің төркіні өзіне ауғанын іші сезген Уәйіс би қамшысын көтеріп, «Сәл тынышталыңдар» дегендей белгі берді де, әрі қарай ойын ашық айта бастады.

– Абайдәлданың айтқаны рас. Бізде де қару бар. Бірақ жеткіліксіз. Оның сыртында жігіттерді жаттықтырып, от қаруды атудың тәсілін үйрететін, оның тілін білетін адам керек. Оны қайдан табамыз? Әрине, орыстың өз ортасынан табылады. Осыған келіссек, бір-екі адам Омбыға, екі-үш адам Түркістан жаққа және сондай адам Орынборға бару керек. Әлгінде менің атым аталды ғой. Олай болса, Кіші жүздің жігіттеріне, Есет батырдың ауылына, одан әрі орыс қалаларына барып қайтайын. Алла хош көрсе, иншалла, жолымыз болар. Осыған келіссек, бәтуаға қол жайып, бата жасайық, – деп әр сөздің мәніне үңіліп отырған Шегірге қарады. «Би, бата беріңіз» дегенді оның көзқарасынан-ақ ұқты. Сөйтті де алақанын аша жайып, қос қолын соза бата беруге ыңғайлана берді.

Шегірдің батасын ұйып, тілекке ортақ болған ағайын-туыстар кейін тағы да дәл осында қайта бас қосуға келісті. «Осы қалай болар екен?» деп көптен бері көңілі қобалжып жүрген Шегір би иығынан үлкен бір жүк түскендей күй кешті. Ондағысы «Алдағы төрт босағаның кеңесіне не деп барамын?» деп мазасын алатын ой енді тынышталды.



* * *

Көңілі жайлап, «уһ» деп тереңнен дем ала тыныстаған Шегір би кеңестен кейін әр рубасы өздеріне жүктелген шаруасын орындауға кірісіп кеткенін естіп: «Алла хош көрсін», – деп екі раһат нәпіл намазын оқып, өткен-кеткендерді еске алып отырғанда сырттағы атқосшысы жігіт есіктен ендіге жетіп:

– Биеке, – деді.

Жаратылысында тым салмақты жігіттің елпілдей қалған түріне қарап, «Бұған не болды екен?» деп оған тіктей қарағанша ол да сөйлеп қоя берді.

– Биеке...

– Не болды сонша ендігіп?

– Айтайын дегенім ғой.

– Нені?

– Ауылға екі атты кісі келе жатыр.

– Е, несі бар, келсін. Кісі келмей жүр ме еді?

– Не ғой енді...

– Не?

– Екеуінің де жүрістері суыт. Абайділда мырзаның ауылының іргесінен өтіп, ат басын онда бұрмай, тіке осылай қарай келе жатқанын айтамын да.

– Е, шаруасы осында шығар.

– Дегенмен де ауылдың шетінен аттап өткені ыңғайсыздау ма дегенім...

– Мейлі, келсін. Кім болса да көрейік. Бар, тура осында келетін болса, біл кімдер екенін. Ал адасып жүрсе, жолға салып жібер.

– Мақұл онда, – деп жігіт кейін шегініп, есіктен сыртқа шығып кетті де, сәлден кейін барып қайтып кірді.

– Биеке, білдім кім екенін.

– Сандыбай батырдың ұлы Ерден мырза.

– Бола-ақ қойсын. Ол не дейді?

– «Сәлем бере келдім» дейді.

– Келсін. Сендер қонақ күтудің қамын жасаңдар. Қысырдың тайын алдырыңдар.



– Абайділдаға айтайын ба? Шақыртайын ба?

– Қоя тұр. Әңгімесінің ауанын байқайық. Сенің сол Абайділда ағаң «Әй, сен неге келдің?» деп оның бетінен алып тастап жүрер. Сәл-пәл күтіндер, – дегенше сыртттан:

– Биеке, сәлем бере келдім. Мен Ерденмін, – деген Ерденнің жуан даусы да саңқ етіп естілді. Би:

– Кел, келе бер, – деп оң шырайлы жылы жауап қайырды.

Есіктен еңкейе кіріп:

– Ассалаумағалейкум! – деп шаңыраққа сәлем берген Ерденнің алыс жолдан келгенін Шегір би бірден аңғарды. Жас болса да көзі қарақты, тұлғасы ірі, жанары өткір, кең кеуделі, бөкен сан, қыран қабақты жігіттің тал бойынан мін таппағандай сүйсіне қараған Шегір оны бауырына тарта қысып, маңдайынан иіскеп, мейірленіп:

– Хош келдің, мырза! – деп Шегір би келген мейманына төрден орын ұсынып, оған көз жүгіртіп және бір қарап өтті.

Қонақтың уылжыған түріне қарсаң, әлі аузынан ана сүті кеппеген жас болса да, серейген бойы, бура сан, бұқа қабағы, шой желке, шот маңдайы, екі иығына екі кісі мінгендей алып тұлғасы жасын әлдеқайда есейтіп, қатарынан тым ересек етіп көрсететінін би бірден аңғарды. Бидің өзін сынай қарап өткенін Ерденнің де іші сезді. «Биеке, жоғыңызды таптыңыз ба?» деп айтып қала жаздап, өзіне-өзі сабыр шақырып, үндемей қалғанымен, арғы жағындағы бүлк ете қалған көкейіндегісін ұстап тұра алмады.

– Би аға, сізге келе жатқанда ойымда бір-ақ сауал бар еді. Ауылыңыздың төбесі көрініп, жақындағаннан кейін екінші бір ой және келді. Соның қайсысынан бастасам боларын біле алмай отырғаным, – деді. «Бала десең де, дана десең де өзің біл» деп әңгімені әріден шалып тастағанын аңғарған би:

– Е, Ерденжан, оның дұрыс. «Соңғы келген қонақ бұрынғы қонақты қуып шығады» демеуші ме еді. Ендеше алдыңғыңды соңғың түртіп, өзі-ақ алып шығар, екіншіңнен бастасаң қателесе қоймассың, әлде ондайды...

– Түсіндім, биеке, түсіндім. «Тісі шыққан балаға шайнап берген ас болмас» деген ғой. Ұқтым. Олай болса, айтайын.



– Е, айта ғой.

– Айтсам, сонау белден асып, ауылдың төбесі көрінгенде «Е, биекең ауылына адаспай келген екенмін» дедім.

– Қалайша?

– Қалай дейтін несі бар? Сырт көзге мұндағы қарбаласы мол қара-құра жүргендердің ширақ қимылдары бірден шалынады екен. Олардың әлдебір шаруаның жайымен зыр қағып жүргенін байқадым. Одан бері келгенде шаңыраққа төмен жабылған түндіктің үстіндегі ою-өрнекті, алтын түстес жібек тудағы бақан таңбалы белгіні көрдім. Көрдім де, әкем Сандыбайдың ақ ордасының шаңырағының төбесінен де дәл осындай бақан таңба салынған алтын жалатқан туды әлі күнге дейін ерекше күтіммен тоздырмай ұсталуы дер едім. Бұл бақан белгінің шаңырақтан бастап, сықырлауықты қоса біріктіріп жабылуында бір ұқсастық бар сияқты. Оның бәрін былай қойғанда, анау оң жақ босағадағы тұғырлы орында тұрған бақанды көргенде дәл бір өзімнің ауылыма келгендей болдым, дәл бір өзімнің ауылыма келгендей күй кештім. Көңіліме қуаныш ұялап, «Е, биекең үйінде екен» дегенге тоқталдым. Сөйттім де, алыстан келе жатқаным да есімнен шығып, осында жеткенше асықтым. Сонда мені асықтырған сонау бақан ба, әлде бақан таңбаны жамылып жатқан шаңырақ па?

Жолай талай ауылдың үстінен өттім. Сонау Атбасар мен Торғайдың Батпаққарасының арасындағы қалың қыпшақ, арғын мен керей-уақтың ауылынан өттім. Олар да дәл осы біздікіндей киіз үйді сәндеп тігіп, шаңырағын көтеріп отыр. Бірақ бақан таңбасын биікке ұстап, әспеттеп отырған жоқ. Оларға таңғалмағаным бақан таңбасын тек Сандыбай ордасында ғана көргендігім болар. Басқа жерде ол белгі болмас дегенім ғой. Солай десем, алдымнан, міне, мына сіздің шаңырақтан да түндігі мен сықырлауығына сән берген алтын оюлы бақан таңбаны көрдім. Көрдім де, әу бастағы осында келе жатқандағы алғашқы ойымды ол басып озды. Өзіңіз айтқандай, «соңғы қонақ бұрынғы қонақты қуып шыққандай». Ал, негізгісі, сұрайын дегенім де, айтатыным да бұл емес болатын.



Ерденнің байсалды айтқан әр сөзін мүлт жібермей тыңдап отырған Шегір оның не айтқысы келгенін түсінгендей. Селдір сақалын салалай тарап, сипап өткен би Ерденің «Бұған не айтасыз?» дегенін күтпей-ақ, сөзді өзі жалғап кетті.

– Ерденжан, пайымыңа да, аңғаруыңа да ризамын. Айтуыңа қарағанда, Омбыдан бері де, әрі де біраз жерге атыңның тұяғын тигізген екенсің. Біраз елдің салтын-дәстүрін көзбен көрген сияқтысың. Сонда ашасы алыстан көзге түсетін ай жүзді, нұр шуақты, күміс шашақты, алтын балдақты, айыр тармақты бақан таңбаны іздегенің айқын. Оған бала кезіңнен көзің үйренген. Барған жағыңнан оны іздеуің орынды. Өкең Сандыбайдың да, Қарабала Қадір бидің де, Бабыр бидің де және осы өзің ат басын тіреген шаңыраққа бақан таңбасын жабу келгеннің де, кеткеннің де назарын өзіне аудармай қоймайды. Бұл – біздің бақан таңбалы бағаналы екенімізді, аталған төрт шаңырақ сол рудың төрт босағасы екенінің айғағы.

Бақан таңба басқа жерлерден кездеспесе, оған ренжіме. Ол барған жерлерде де өз белгілерін құрметтейді, ол – бір. Ал біздегі бақанға құрмет жалпыдан бөлек. Елдіктің, еркіндіктің, бақыттың, бірліктің белгісін айқындайтын, соған шақыратын, соны берік сақтауды міндеттейтін, атадан балаға жалғасқан киелі үрдіс, қасиетті ұғымның ұғынықты ұстанымы. Сандыбайдан бұрын оның әкесі Төлек бабаның шаңырағында да сол бақан таңба бар болатын. Менің әкем Шалабайдан әрі де, сонау Ақтаз Аталық атамнан бері де осы бақан таңбаға тіл тигізбей, көз өткізбей, күйе жақпай, басқаға күйе жақтырмай келеміз. Бұдан хабарың бар болар?

– Бар. Бар.

– Бар болса, боса да басталып кетті ғой, білерсің, білгеннің еш артықтығы болмас, соншама аталардан бері қасиет-қадір тұтып жүрген бақан таңбаның арғы түбінде не жатыр? Айтайын дегенім, иісі қазақ бақанды жерге тастамай, бөлек ұстайды. Бұдан не хабарың бар?

– Қасиеттеу ғой.



– Ия, ойыңның еш бөтендігі жоқ. Түптеп келгенде, иісі қазақтың шаңырақты көтеретін бақанды кие тұтатыны рас. Ал біздің бағаналы аталуымыз басқа емес, түп-тура осы бақанмен байланысты.

– Ол қалай болғаны? Ашып айтсаңызшы. Бұрынғы естігеніммен салыстырып көрейін.

– Оны сенен бұрынғылар да сан рет салыстырып, сан рет ой да, сөз де жарыстырып көрген. Сонда айналып келгендегі тоқтам не дейсің ғой...

– Ия, ия, соны айтамын да.

– Ол тамыры тереңге кеткен әңгіменің өзегі көз жетпес, көңілден кетпес бабалар ізімен жалғасады. Көп сөйлеп мазаңды алатын болсам, оны жасырмай айтып қой. Себеп не дейсің ғой?

– Ие, ие.

– Себеп сол, ол ұзаққа кетеді. Мен білгенімше айтайын. Біріншіден, білгің келгені де, білетінің де «Біз неге бақан таңбалы болдық?» дейсің. Рас па?

– Рас.

– Рас болса, ал тыңда. Аты жеткен жердің бәрін жаулаған Шыңғыс хан туралы естіп-білгенің бар шығар?

– Бар.

– Бар болса, сол Шыңғыс ханның қалың әскеріне, басып алған жеріндегі еліне хат танытып, қалам ұстатқан Тататунға деген ғалым болған. Сол Тататунға туралы тарих жазғандар «Оның түп-тегі найман болатын, ол сонау Тоныкөктің он екінші ұрпағы болатын» дейді. Естіп пе едің?

– Солай дейді. Ия, естігенім бар.

– Десе, сол Тоныкөк бабаң «Ашты тоқ етемін, жаяуды атты етемін деп түн ұйықтамадым, күн тыным таппадым» дегенді бекер айтты деймісің. Найман атының таралып, ұрпағы өсіп-өнген кезінде кең сахараны қоныстанып, керегесін керіп, шаңырағын көтеріп, мықтысын басшы еткен кезеңі өткен. Сол Шыңғыстың әкесі Есугей өлгеннен кейін ағайындары шетқақпайлап, елден қуатын жайға жетеді. Мойнына қамыт кигізіп, құл етеді. Әкесінің тірісінде сыйласы болған найман Таян ханға қашып



барып, мұңын шағады. Таян хан оның қасына бас батыры Домбауылды қосып, шағын жасақпен оны еліне аттандырады.

Домбауылдың аты жер жарып тұрған шағы. Есугейдің туыстары Темушінді басшы етіп қабыл алады. Темушіннің содан былай дәурені жүріп, жер қайысқан қол жинап, ақырында өзіне жақсылық жасаған Найман хандығын шабады. Таян ханның балалары таққа таласып, екі жарылып, бөлініп жатқанда Темушін олардың тоз-тозын шығарды. Найман хандығы жойылды. Бірақ оның ержүрек, батыр қолбасшысы Домбауыл баһадүр екі ұлы Келбұқа мен Кетбұқаны ертіп, шағын қолмен Темушінге қарсы аттай жеті жыл шайқасты. Домбауылдың ерлігіне сүйсінген, бір кезде өзінің атқа мінуіне ықпал еткені де болар, Темушін оны өзінің оң жағынан орын алуға шақырады. Сәлемші жігіті Домбауылға: «Оның ерлігін жоғары бағалаймын. Енді оның қорғайтын Найман мемлекеті жоқ. Менің қасымнан, оң жағымнан орын алып, екі ұлыңды ұлдарымның қасына ертіп, шашылған найманның басын қосып, жинап ал оларды», – деген сәлемін айтып келеді. Ақылы бар батыр ойлана келіп: «Мақұл» – деп, оған келіседі. Айтылғандай, Домбауылдың екі ұлы, үлкені Келбұқа мен кішісі Кетбұқа екеуі бірдей Жошының қасынан табылады.

Домбауыл – даңғайыр күйші, асқан мерген, алапат күштің иесі. Ақылгөй әрі дана адам. Оны Темушін-Шыңғыс ханның маңайы мен оған бағынғандар түгел құрметтейді. Шыңғысты хан көтерген салтанатында «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» дейтін иісі қазаққа есімі ортақ Майқы би ханға бата беріп, Домбауыл оған арнап күй төгеді.

Әсілі, Шыңғыс ханның қанша ұлы болғанымен де Жошының жөні бөлек. Ол оның көзінің тірісінде-ақ хан болып сайланған. Басқалары ол деңгейге жеткен жоқ. Ал Жошыны хан сайлаған Домбауылдың маңайына жиналған, соны сағалап, қасына топтасқан Найман хандығының шашырап қалған ұрпақтары болатын. Негізінен солар бас болып Жошыны Арқаның кербез сұлу, көрікті тауының етегіндегі көк майсалы, сылдыр сулы, қалың нулы жерде ақ киізге көтеріп хан сайлады. Оған бүгінгі қазақ



елінің қазығы саналатын бар рудың ұрпағы түгел қатысты. Риза болған Жошы сол жолы қазақ ұлысының ру басшыларына таңба таратты. Осы үрдіс кейінде де жалғасын тапты. Домбауыл да бар найманға сауын айтты. Ұлан-асыр той өткізді. Тоғыз найманға түгел таңба таратты. Сол шақта екі ұлы Келбұқа мен Кетбұқа, бұл екеуі де екі ауыл болып, шаңырағынан шуақ төгілген, шаттықтың шырайына бөленген жеке-жеке ауыл болып қалған еді. Екеуі де:

– Оу, біз ше? – дейді. Домбауыл көпке қарайды. Көпшілік Домбауылға қарайды. Сол сәтте таңба алған ағайындар түгелдей дерлік:

– Уай, батыр, екі ұлың екі рулы ел болды. Бер таңбаны, – дейді. Көпшіліктен кім асады? Домбауыл:

– Ал, олай болатын болса, кәне, Келбұқа ұлым, сенің таңдағаның не? – дейді. Ол кідірместен белінде қыстырулы жүрген, ұзын сапты, ақ жүзді, арай нұрлы айбалтаны жоғары көтеріп, көпке көрсете:

– Таңдағаным – балта! – дегенде дауысы кең далаға жеткендей саңқ ете түседі.

Баласының өзіне бір, қолындағы жүзі өткір, сабы ұзын айбалтаға бір қарап:

– Мына елің естісін, таңбаға балтаны не үшін таңдадың? Басқа ойыңа келмеді ме, әлде қолыңа түспеді ме? – деп сауалды төтесінен қойғанда, ол да осыны тосып тұрғандай:

– Жоқ, бұл менің ойымда көптен жүрген. Жатсам-тұрсам қолымда жүрген, соғыссам – қаруым, тіресем – тірегім, жүзі – жүрегім, сабы – білегім. Таңнан тұрып, ойдан қырға шыққанда, айғайлап жауға шапқанда қолыма күш, бойыма қуат сыйлаған бес қаруым ішіндегі бастысы, бағалысы, жақсысы. Ұрпағым ұғып жүрсін. Балтадай өткір, берік болсын дегенді үмітіме ұштап, қиялыма қондырдым. Таңдауымның сыры сол, – деді.

Келбұқаның бұл сөзі қолдау тапты. Көпшілік арасынан шыққан:

– Дұрыс! Таңдауыңда мін жоқ! Таңбаң құтты болсын! – деген дауыстар анық естілді.



Кезек Домбауылдың екінші ұлы Кетбұқа ноянға келді. Дулығасын күн сүйген, ақ сауыты жарқырап, айдай жүзі нұрланып, теңселе басып, ырғалып, таңба басып, бөліп беріп жатқандарға жақындай түсті. Ұлының кербез де келісті түріне сүйсіне қараған батыр:

– Кәне, қалауың? – деп иегін көтере қозғалды. Әкесінің мінезін білетін Кетбұқа мүдірмеді. Сәл кідірсе, онда ол «Ал, мә, мынаны» деп қолына түскен өлдебір затты ұсына салуы мүмкін. Сондықтан да енді кідіріс болмауы керек деген жас ноян:

– Таңдауым – бақан! – дегенде, манадан гуілдеп тұрған ел тып-тыныш болып, тына қалды. Ұлының бұл сөзіне Домбауылдың да таңғалғаны жүзінен байқалды. Ешқашан да, ештеңені де бостан-бос айтпайтын, айтар сөзін салмақтап, саралап барып сыртқа шығаратын батыр ұлының таңбаға бақанды сұраған сырын білгісі келді.

– Дұрыс екен. Ал айтшы, себебі не?

– Себебі біреу емес, бірнешеу.

– Неге?

– Негесі сол, киіз туырлықты, ағаш шаңырақты елміз. Отанымыз – от басы. Әрқайсымыз да жеке шаңырақ көтердік. Негемен? Айтыңыздаршы? Түсінгенім – шаңырақ көтерілсе, өмірің, көңілің көтеріледі. Ал шаңырақ – біз үшін киелі. Жаратушы шаңырақ арқылы адамзат баласына көкте күннің барын білдіреді, тірлік күннің нұры мен шуағында екенін сездіреді. Сол үшін де әлемді жаратушы шаңырақты әр үйдің тірегі, жүрегі, құты, ырысы, бақыты, байлығы, барлығы ретінде адам баласына сыйлаған. Осындай қасиет пен құт қонған шаңырақты күні бүгінге дейін көтеру құрметі тек абыройлы, ардақты, айтқаны әділ, адамдығы көміл жанға беріліп келе жатқаны рас емес пе?

– Рас.

– Рас.

– Дұрыс-ақ.

– Дұрыс.



– Әне, еркектің де ішінде ері, қатарластарының бәрі сыйлайтын, үлкенге де, кішіге де беделді, байсалды, бір үйдің ғана емес, тұтас рудың тұтқасы болар азаматқа шаңырақ көтеруді тапсыру – бар тірлікті, берекелі бірлікті сол қолға, сол көтерген шаңыраққа тапсырғаны деп білем. Шаңырақ көтерілгенде оған жеті уық шаншылғанша еш адам дыбыс шығарып, сөз сөйлемейі шаңыраққа көктегі күннен құйылар құтты үркітпей, үндемей күтіп алуды білдіреді. Ал осының бәрі, айналып келгенде, көтерілген шаңырақтан шықты ма? Шаңырақ болмаса, үй болмас. Үйі жоқтың күйі жоқ. Ендеше осынау қасиетті де қымбат бағалы шаңырақты көтеретін бақаннан асқан байлықты көріп тұрғаным жоқ. Оның сыртында, бұл бақан — біздің найманның бұрыннан бергі таңбасы.

– Қалайша?

– Қалай?

– Айтайын. Осынау жалпақ далада небір дүлдүл жүйріктер, небір сайраған бұлбұлдар, баһадүр-батырлар өтпеді дейсің. Бүгінгі біздің салтанат құрып, шапқылап жүрген жеріміз – кешегі өткен Тұранның сұлтаны Апрасяптың жаз жайлауы. Бұл жерде алып Манастың атын төрткүл дүниеге жеткізген, оның құрметі мен алғысына бөленген Ер Үрбі мен Ер Қосай бізден бірнеше ғасыр бұрын өткеніне Манастың жыры дәлел. Сол жырда ардақты батыры болған Көкенайдың асына шақырылғандардың ішінде ең алдымен сол Ер Үрбі, Ер Қосай аты айтылады. Алып Манас Көкенай батырдың асына жіберген жыршыға «Одан әрі сен барсаң, Ұлытауға барарсың, Кішітауға барарсың. Ұлытауға барғанда, Кішітауға барғанда заты найман төресі, Ақтартаздың баласы Ер Үрбіге сәлем айт» дейді. Сол жыр әлі де кең далада көшпенді елдің аузынан түспей келеді. Сол жырды таңнан таңға дейін айтатын жыршылар осында да бар болар.

– Бар.

– Бар.

– Айтамыз.

– Айтылып жүр.



– Ендеше сол жырдағы Ұлытау мен Кішітау, міне, мынау да-
лаға тіреу болғандай, көк аспанның аса құдіреті бақаны іспеттес
екеуі иықтасып, қабаттасып, жұптасып қатар тұрған жоқ па?

– Тұр.

– Тұрғанда қандай.

– Ия, айтайын дегенім тіптен де ол емес еді.

– Енді не?

– Не айтпақ едің?

– Айтпағым сол, Ер Үрбінің ақ ордасын көтерген бақан
оның бар байлығы, құты болған еді. Түндігінің төбесіне ту бай-
лап, оған бақан таңбасын салып, ұшқан құсқа, жүгірген аңға,
шапқан атқа түгел дерлік «Әне, көріңдер» дегендей желмен
желбіреп, сол киелі бақанды атадан балаға аманаттап, кейінгі
ұрпағына тапсырды емес пе? Сол үрдіс үзілмей бізге дейін келді.
Шапқыншылықты көп көрген қалың найманның тоз-тоз болған-
нын кімнен жасырамыз, кешегі тірегіміз болар деген Таян хан
екі ұлына ие бола алмай, қалың елді ыдыратты. Күн дидарлы,
ай нұрлы Шыңғыс хан, оның айбынды да айбарлы, қаһарлы
да қажырлы ұлы Жошы бізге мүмкіндік берді. Басымыз қайта
қосылды. Бізді өзінің қасына алды, сенімді серігі етті. Қалың
найманның бас біріктіріп, ел болуына, киіз туырлықты, ағаш
шаңырақты елдің іргесі берік, бірлігі бекем болуына күш қос-
ты. Міне, ақ түйенің қарны жарылған күн осы. Найман тоғыз
таңбасын тапты. Таңдау түсті. Менің таңдауым осы бақанға неге
түскенін енді түсінген боларсыздар. Бабамыз Үрбінің таңдаған
таңбасы маған бөтен болмас. Сол бақан таңбаны беріңіздер, –
деп Кетбұқа ноян толқып кетті.

Баласының осыншама көптің алдында байсалды, байыпты
түрде, даусын бұзбай, өңін өзгертпей, жайдарлы қалпында жай-
раң қағып, бар ойын айтқанына қанша сүйсіне тұрса да Домба-
уыл сыртқа сыр бермеді. Бар айтқаны:

– Оу, ағайындар, бұл екі бала таңдауын айтты. Дұрыс-ақ.
Қолдаңыздар. Қоштаңыздар, жарайды. Бірақ мені бір жай
толғандырады.

– Ол не?



– Жасырма, айт.

– Бүкпесіз болсын.

– Жасыратын да жай емес. Менің қиналып тұрғаным – бұл екеуіне таңбаны қай жағынан басарым. Тоғыз таңба, алғашқы таңдау бойынша, атадан балаға жалғасқан жолмен оң жақтан деген тоқтамды бұзуға хақым жоқ менің. Бұған не дейсіздер? – деген Домбауыл таңба бөлуді бастап берген Жошы ханға бұрыла қарады. Жошы жымың ете түсіп:

– Оның қиындататын түгі де жоқ. Бастысы, басатын таңбаң бар емес пе? – деді. Оған қалың нөпір:

– Бар! Бар! – деп үн қосқанда, хан әрі қарай:

– Бар болса, ол таңба тек оң жақтан ғана болсын деп кім айтты? Таңбаны сол жақтан басып, бұларды теріс таңбалы десек болмай ма? – деді. Ханың сөзін қоштаған қалың найманың үні кең даланы кернеп кетті.

Міне, осылайша балта мен бақан таңба екеуіне беріліп, сол жақтан басылды. Содан бері Кетбұқа нояның ұрпағы бақан таңбалы бағаналы болып келеді. Ал әлгідегі айтқан шаңырақты көтеріп, үйіңе тіреу болатын бақанды қазақ баласы бөлек ұстап, мал баспайтын, бала-шаға ұстамайтын, келін-кешпек аттап өтпейтін көтеріңкі, көрнекті жерге қою баршаға ортақ десек те, бақанды кие тұтқан бағаналы балалары оның тұғырлы орнынан басқа жерге ауыстырмай, ерекшелейтіні рас. Сандыбай батырдың да, Бабыр мен Қадір бидің де шаңырақтарының киесі – бақан. Оның ешқашанда жерде көлденең жатпай, тік тұрғанын аңғарған боларсың?

– Ие, ие.

– Ие болса, сол. Сол үрдіс бізде де бар. Ал бақан таңбаны ауылдағы барлық киіз үй біткеннің бәріне бірдей іліп қою мүмкін емес. Ол шаңырақтың үстінен басталып, есіктегі сықырлауықтың арасын жалғап, көз жетер жерден көрінетіндей етіп жабыла жатады. Ол «Сол аймақтың, сол босағаның билігі, міне, осында» дегенді білдіреді. Осылай десем сауалыңа лайықты жауап алдым деп білерсің.

Шегір би бір тыныстап алды.



– Алладан қайтсын, аға, естігенімді тағы да бір нақтыладым. Бала кезімде де үлкендер дәл осылай айтатын. Қабыл алдым.

– Иә, оның алдында «Тағы бір негізгі шаруам бар еді» деп те қалдың білем.

– Рас, айтқанмын.

– Оның да мәнісін айта отыр ендеше. Естиік.

– Ол енді өзіңіз білетін, ел ішінің жайы туралы болатын.

– Қандай?

– Әкем Сандыбай елі үшін аттан түспеді. Таңның тыныш, еркін атуын қалады. Әділдікті ту етті. Төрт босаға болып ел билеуді қолға алдыңыздар. Рас па?

– Рас болғанда қалай. Бұл төрт босаға не үшін керек болғанын білесің бе?

– Ештеп.

– Ештеп емес, толық біліп ал. Мен өзімнің көргенім мен естігенімді ойға алам, төрт босаға Кетбұқа атамыздың салған жолын жалғап келеді. Қалың найман ішінде бақан таңбасын таңдап алған бабамыз өзінің кіндігінен тараған ұрпағын ұйыстырып, бір орталыққа бас біріктіріп, бір тұқымның татулығын сақтау үшін ауылының іргесін бекітіп, босағасын нықтаған. Сол кездің заманында Шыңғыс хандай алыптың қасында болып, оның сөзін естіп, әңгімесін тыңдаған, үлкен ұлы Жошының сенімді серігі болу – ол екінің бірінің қолынан келмейді әрі ешкім де оны бермейді. Ал Кетбұқаның әкесі Домбауыл, Шыңғыс хан болмай тұрғанда мойнына қамыт іліп, арбаға жегіліп жүрген жерінен оны құлдықтан босатып, атқа мінгізіп, айбарын асырып, беделін көтеріп, айбынын асқақтатқан жоқ па?

– Солай дейді ғой.

– Ол солай деген емес, солай болған. Оны мен бүгін айтып отырғаным жоқ.

– Сөзіңіз аузыңызда, осы Кеңгірдің жағасында Жошының күмбезді мазары тұр. Соның арғы жағында тастан қаланған бейітті Домбауылдікі дейді. Сондағы Домбауыл сол Домбауыл болғаны ма?



– Айтамын оны да. Оған да кезек келеді. Алдыменен сол бабамыз Кетбұқаның өзі бір ауыл болып, тоғыз найманға Келбұқа екеуі қосылып, он бір болған жоқ па? Болды. Сонда шаңырағының саны таңба алуға жеткен. Кетбұқаның ауылы алыстан көрінетін, іргелі елдің біріне бірнеше жылдың ішінде айналып шыға келеді емес пе? Аты шығып, ноян атанып, Жошының сенімді серігі болды. Елдің ішкі-сыртқы шаруасын басқарып жүрген Кетбұқаға сұқтана қарап «Әп, бәлем!» дейтіндері де аз болмаған. Өзі ойға-қырға шапқылап шауып жүргенде ауылын қорғау үшін, тыныштығын сақтау үшін, ортаға тігілген өзінің ақ ордасының оңы мен солын, батысы мен шығысының бүтіндігін, тыныштығын сақтауды басқа емес, сол өз ұрпағынан тарағандарды төрт тарапқа топтап-тоғыстырып отырғызады. Өзін-өзі қорғау, өзін-өзі басқарып, іргенің бүтіндігін бекемдей берген. Содан да барып оның ауылына оңынан келген де, солынан келгендер де, батысы мен шығыс жағынан оралғандар да «Ойпырмай-ай, мынаның төрт босағасы бүтін тұр екен. Төрт құбыласы тең тұрған екен» деп таңдай қағып таңғалғанмен, өздерін өздері жаттай күтіп, жағдайласқаны жайлы естиді де, «Көп естігеннен бір көрген артық» деп, әдейі арнайы келгендер де көп болған.

Ескі әңгіменің сорабына түскен Шегір би осы тұста тіпті төгіле түсті. Ақтарыла сөйледі. Кешегі оқиғаны бүгін болғандай етіп тарқата сөйледі.

– Бұлантының бойында отырған Кетбұқа ноянның ауылына ат басын бұрғандардың ішінде «түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» дейтін Майқы би де болды. Етек-жеңі кеңге жайылған, бір түстес аппақ, ақ шаңқан ауылды көргенде ол ат үстінде тұрып, «Мынау ауылдың байы қайсы, кедейі қайсы, орташасы мен дәулеттісі қайсы екенін ешкім де сырттан тұрып шамалай алмайды екен. Барлық үйі бір қолдан, бірдей етіп жасалып шыққаны көрініп тұр. Тек анау ортада тұрған жиырма төрт қанат ақ үйдің төбесіндегі шаңырақта ғана өзгешелік бар. Түндіктің үстіндегі – алтын түстес бақан таңба. Бұл жалау осы елдің «Бақан таңбалы бағаналы» екенін білдіреді. Ал сол үй таң-



ба иесінің ордасы болар» деп аттың басын солай бұрғанда оңы мен солына, алды мен артына көз салып, «Төртеу түгел болса, төбедегі келеді» дегенді бұл ел тұтас ұстаныпты. Төрт босағасы тең тұр ғой. Төрі кең, төбесі түгел, бұл ел белгілі басты орда болуға лайықты екен» дейді сүйсіне.

Ол ас ішіп, бата қайырғанда «Бұл бақан таңбалы бағаналы бұдан былай «Бағаналы орда – басты орда» деп аталсын» дегенді тереңнен толғай қайырды. Бидің сол сөзі бүкіл елге жетеді. Сол сөз содан бері үзілмей, киіз туырлықты, ағаш шаңырақты кие тұтқан көшпенділердің бәріне-бәріне үлгі болып, жадында сақталып, ұмытылмай келеді. Бақан таңбалы Кетбұқа ауылы содан беріде «бағаналылықтар» болып аталып келеміз.

Кетбұқа ноянның бірнеше әйелінен туған ұлдың өсіп-өнгені сонша, атқа мінсе қалың қол, сапқа тұрса ұзыннан ұзақ, көкке тұзақ болғандай. Шетінен бай. Көңілдері жай. Біріне бірі жанын үзіп бергендей. Ұзынға өшін, қысқаға кегін жібермеген. Төрт босағадағы білімді де білгірі, шебері де шешені, батыры мен байы да бірін бірі бауырым деп сыйлаған. Барын мейманының алдына тосқан. Мыңғыртып өскен малда есеп жоқ. Сол дәулет әлі де үзілмей жалғасып келеді емес пе? Кешегі өзің барып келген Омбыдағы орыстар бағаналының малы қандай, жаны қандай деді ме? – деп Ерденге қарады.

– Дегенде қандай!

– Әрине, «Құдай берген дәулет тепкілесек кетпейді» деген. Бүгінгі бағаналының әр шаңырағының үйір-үйір жылқы, келе-келе түйе, отар-отар қой, табын-табын сиыры бар. Соның бәрі де берекелі елдің бәтуәлі бірлігінің белгісі. Ал бірлікті сақтау, ынтымақты бұзбау, жастарды жеткізіп, елі мен жерінің жанашыры болуды көненің көзін көрген аузы дуалы, айтқаны уәлі билері де, ақыны да, атқа мығым батыры да есте ұстаса, қараша халық алаңсыз тірлік кешпей ме?

– Әрине, әрине, дұрыс айтасыз. Осының бәрі де әріде Домбауыл биден бастала ма? Әлгіде өзіңіз де «Е, ол Домбауыл туралы кейін айтармын» деп едіңіз.



– Е, ол – өзі бір ұзақ әңгіме. Оны түгел айтып тауыса да алмаспыз. Айтайын дегенім, Жошының мазарының қасындағы тас мола Домбауылдікі ме дедің бе?

– Ие, ие.

– Олай неге сұрадың? Әлде күмөнің бар ма?

– Жо-жо-жоқ. Неге күмөнданайық? Еске алып кетейін дегенім де.

– Онда айтайын. Сайын даладан Жошыға топырақ Кеңгірдің жағасынан бұйырды. Ол жерде Жошының ордасы тігілген. Ал ханның ордасын өзгеден оқшау, адам аяғы тие бермейтін жерге тігетінін және ол маңайға басқаның кіруі де, шығуы да бақылау мен күзетте болғаны белгілі. Міне, содан да Домбауыл оның іргесіне сұғынбай, сырттай орын тепкен. Ал енді батыр бабамыз жайлы қысқаша айтқанда былай.

Атадан балаға ауызша айтылып келе жатқан сөзде қате кетпейді. Әкесі баласына бар білгенін айтады. Әкеден естігенін бала да баласына дәл солай жеткізеді. Ата мен балаға жалғасқан желіде жалғандық көрмедім. Кетбұқаның аты шығып, Шығыс ханның өзі оған «Ғо Уан» деп атақ беріп, әспеттеп, үлкен ұлы Жошының қасына қосты ғой.

– Қосты.

– Қосса, сол Жошының аңға шығып, мерт болған қазасын естіртуге ешкімнің дәті бармайды. Жан баласының жүрегі дауаламайды. Хан да естірткеннің көмейіне қорғасын құямын деп алдын ала әмір береді. Осындай қысылтаянда Кетбұқа ноян Шыңғыстың алдында күй тартты. Ол күй бүгінгі күні ел ішінде «Ақсақ құлан» аталып келді. Осы ауылда да, өзіңнің маңайыңда да ол күйді тартатындар бар шығар.

Сөзіне орай домбыраның шанағына қорғасын құяды. Бірақ іс онымен бітпейді. «Баламды теуіп өлтірген құланға қырғын келсін» деп, кең даладан құланды қууға жарлық беріп, бүкіл елге құлан жүрер жердің алдынан ор қаздырады. Хан әмірімен Домбауыл батыр атқа мініп, құланды орға жығып қырады. Қашқанын қуады. «Құланөтпес», «Бесқұлан», «Ескей»,



«Құланжолақ» деп аталатын жерлер – сол құлан қырғаннан қалған белгілер.

Арқадан асып, Шуға дейінгі кең жазықтан құланды қырып, кек алған Домбауыл да кейін дүниеден озады. Өтерінде «Мен мәңгілік мекенімде хан иемді алыстан қарап жатайын. Сонау төбеден орын беріңдер» деген екен. Сол аманат орындалып, Домбауылдың бейіті Кеңгірдің жағасында жалпақ тастан қаланып, үш бүйірлі, үшкіл есікті, кейінгіге үлгі етіп салынды. Оны олай-бұлай өткенде өзің де көріп жүрген шығарсың? Сондай дене топырағының өзі есік пен төрді қатар алып жатқан жоқ па?

– Шынында да деймін-ау, ханды сыйлағаны ғой. Әйтпесе, сонадай қырдың басында жалғыз жатпай, жақыннан, іргесінен орын алса да болар еді ғой.

– Е, ол – мына сенің бүгінгі ойың. Ол кездің азаматы антына адал, сертіне берік. Жошының мазары салынғанда маңайдың бәрі бос. Жошыдай хан біреудің ескі жұртына барып жатпайды. Оны әлдебіреудің іргесіне қоймайды. Шыңғыстың ұлы кімге кіріптар? Көңілі кеткен жерге ордасын көтерген. Ханның бұйрығынсыз ол маңайға кім бара алған? Жошыны сол жерге оның ордасы тұрғаннан кейін қойған. Әйтпесе, кең даладан оған басқа жерден орын табылмады деймісің? Домбауыл да сол тірісінде сыйластығын сақтап, көзкөрім жерден қарауыл болып, қорған болып жатайын деген, сірә. Бұл сөз осыменен тәмам. Басқа сұрарың бар ма? Әлде ағаңның осы айтқанына тойдың ба? – деп Шегір Сандыбайдың сары Ерденіне жымия қарады. Онысы «Арғы жағындағыны айтасың ба, әлде осы тойғаныңмен кейін қайтасың ба?» дегенді де меңзеп өткендей.

Осылай қарай аттың басын бұрғандағы көңілін мазалаған негізгі сауал бұл емес екенін Шалабайдың Шегірі ол айтпаса да біліп отыр. Әйтсе де, түрі уылжыған жас көрінгенмен тұрқы бөлек, тұрпаты ірі, тұлғасы тұтас, шомбал жігіттің жанары оттай жанып, қараған жерін тесіп өтердей ежірейе түскен болмысына қарап, оның түпкі ойын өзінің айтуына қалдырғандай. Ерденің «Ә» деп лып етіп, «Тағы да сұрайтыным бар» демей, үнсіз отырып қалуын да Шегірдің іштей «Сөзін өзі айтсын, қаншаға



шыдайды екен, ендігіні өзінен күтейін» деп үнсіз қалғанын Ерден де ұқты. Ол да «Әлдекімдерге ұқсап, лақ етіп бар ойымды ақтарып салмайын, күтсін, қанша күте алады?» деген іштей түйсікке сүйеніп дыбысын шығармай отырып қалған. Қабағын түйіп, түксиіп отырып, сәлден кейін барып:

– Күнде келіп жатқаным жоқ. Арнайы ат басын бұрғандығым – ең алдыменен сәлем беру, одан қалды әрі сауал, әрі тілек дейсіз бе, білейін дегенім де бар болатын.

– Қысылма. Қазақ «Сүт сұрай келіп, шелегіңді жасырма» дейді ғой. Көңілге келгенін кейінге қайтарма. «Тіл ұшына келген сөз – қайта жұтсаң мәкүрік» деген де бар. Іркілме. Білсем, айтармын. Білмесем, кінә тақпассың. Айта бер. Құлағым сенде, – деп Шегір енді оның бір жағынан шықты.

Бидің осы бір алғыр сөзі жас жігіттің жігерін жанып өткендей. Шынында да «Мен кімнен, неден жасқанамын?» деген ой оны бүйірінен түртіп өтті. Түрткілей берді. Отырған орнынан алға қарай бір ырғала жылжи қозғалып алып:

– Көп әңгіме айттыңыз. Рақмет. Омбыға барып, оязбен ауыз-ба-ауыз сөйескенде оның «Бағаналының төрт босағасы мықты. Өз билігін өзгелерге берген жоқ. Өздерін өздері жақсы басқарып отыр. Әкең Сандыбай бір босағасын ұстаған. Ол өлгеннен бері орны бос. Оған лайықтыны әлі де таңдай алмай келе ме, ә? Сенің ақылың, білімің жетеді. Сен неге әкенің орнын баспайсың? Әлде саған сенбей ме?» деді. Мен ойланып қалдым. «Жаспын» дедім. «Сен жас болсаң да бас болуға жарайсың. Қоқан, Жырық, Байназар болысын басқаруға қалай қарайсың?» деп және бір шалып өтті.

– Сен оған не дедің?

– Менің ол жерде «Басқарайын» дегеннен басқа айтарым бар ма? Оның сыртында, ояз «Қасыңа орыс солдатын беремін. Олардың от қаруы болады. Жігіттеріңді жаттықтырады» деді емес пе...

– Ә, солай деді ме?

– Ие, ие, солай деді.



– Олай болса, ол да бір орайы келген іс дейік. Әсіресе, орыстың от қаруын ұстағандары біздің балаларға алыстан оқ атудың жолын үйретіп, әдісін алдырса, ол да олжа екен. Ал енді бұл жақсылыққа бастасын. Алла ниетті қабыл етсін. Одан басқа бұған не айтуға болады?

– Дұрысы дұрыс қой, бірақ...

– Не бірағы бар оның?

– Айтайын дегенім – сол ояздың алдында тосылып қалғаным. «Әкең Сандыбайдың орны қашанғы бос тұрады?» дегені ғой. Расында да, менің сол әкемнің орнына баратын кезім келген жоқ па, ә?

– Ол ойың жақсы-ақ. Бірақ төрт босағаның ісін осы уақытқа дейін бір адам жеке өзінің бетінше «Былай болсын, айттым, бітті» деп шешім алып көрген жоқ. Бұл – бағаналының төрт босағасының тұтастығына да, тазалығына да, бабалар алдындағы антқа адалдығына да сын. Сол сыннан әзірге сүрінбей келеміз. Сүрінбейтін де шығармыз. Алла адастырмасын дейік. Айтқаның орынды. Жөн сөз. Алла жазса, төрт босағаның алдағы отырысы Бабыр бидің белгілеген жерінде өтеді. Ол жайлы ағаң Дүзгенге айтылар. Осыған дейінгі кеңесімізден ағаң қалып көрген жоқ. Сол кеңесте сенің келгеніңді, айтқан әңгімеңді ортаға салармын. Көптің сөзі – сөз деген. Бұған келісетін шығарсың?

– Келіспегенде де, келіскенде де бабаларымыз «Өлімнен басқаның бәрінің де тез келгені жақсы» деген екен. Жақсылық болса, тез болса дегеннен асып қайда барамыз?

– Сөзің – сөз. Мен айтарымды айттым. Қадір би мен Бабыр бидің не дегенін сонда естірісің.

– Келістік. Қашан, қайда өтсе де сол кеңеске келуге, сауалдарыңызға жауап беруге әзірмін.

– Әзір болсаң да әзірлен. Төрт босаға былжырағанды, болбырды, босбелбеулікті қаламайды. Осыны ойыңа бекем ұстап ал. Содан кейін менен бақан таңба мен бағаналы жайлы бекер сұрамаған боларсың?

– Әрине, әрине.

– Ендеше есіңнен мынаны шығарма.



– Нені?

– Бағаналы дегеніңде – найман Кетбұқаның, оның әкесі Домбауылдың, оның арғы жағында тұтасқан тоғыз таңбалы найман елінің жатқанын ұмытпа. Бір сөзбен айтқанда, «Мен бағаналымын» дегенің – «Найман Кетбұқаның үрім-бұтағымын» дегенің. Жалауына бақан таңба белгілеген елді көрсен, атына теріс жағынан бақан таңбасын басқанға жолықсаң, оны – бауырым, туысым, туғаным, қаным-жаным дегейсің. Бақан таңбаны басқалар баспайды. Ал бағаналының балалары, Кетбұқаның көп әйелінен туған ұлдардың ұрпақтары басқалардан бұзылмас бірлігімен, тату-тәтті тірлігімен, төрт босағаның теңдігімен, төрт құбыласының кеңдігімен, әділдігімен, әлділігімен ерекшеленіп, бостекі сөзді айтпайтын, айтылған сөзінен қайтпайтын қайсарлығымен танылған. Кең далада қанша ел бар. Бағаналының әр шаңырағы бақанын бағалап, баласынан баласына аманат жүгін артып келеді. Ол жүк – жерді сыртқа бастырмау, жесірді жатқа жібермеу, жетімді жылатпау. Осыған күшім, қайратым, қуатым, дәтім, дәрменім жетеді десең, төрт босағаның кеңесіне келерсің. Ол енді өзіңе өзің сенсең кел дегенді білдіреді. «Төртеу түгел болса – төбедегі келеді» дегенді естіп пе едің?

– Естігенмін. Білемін.

– Білсең сол, «төбедегі келеді» дегені – қазақ шаңырақтан құт келеді, несібе-ырыс келеді, байлық, бақыт келеді дейді. Осының бәрі Алланың шаңыраққа құйған нұрымен беріледі. Ал «төртеу түгел болса – төбедегі келеді» деуі, міне, шаңырақтан түсер шуаққа, нұрға абай бол, шаңырағыңды шайқалтпа дегенді үлкеннің де, кішінің де жадында сақтауға міндеттейді.

– Білем, білем. Мен де осы жолда, бірлікті бекемдеу жолындамын дегенді қай жерде болса да айта аламын. Бақан таңбалының бәрі – туған бауырым. Бір білерім – біздің қазақ біреудің таңбасын біреуге бастырмайтыны, баспайтыны. Осылай десем, әкем Сандыбай ұстаған, ағам Дүзен жүрген жолдан адаспаспын, – деп Сандыбайдың сары Ердені екі алақанын жайып, Ше-



гірден бата тілеген ишаратын білдірді. Жастың меселін қайтармай, Шегір:

– Жүзің жарқын, жолың ашық болсын! – деп батасын берді.

Шегірдің ауылына Сандыбайдың Ерденінің келіп кеткенін бұл маңайдағылардан да бөлек, алыстағылар да естіпті. Ал Шегірдің ұлы Абайділда: «Ауылымды айналып өтіп, үйімді аттап барып әкемнің шаңырағына түскен екен. Ең болмаса «Дәмнің ішінде болсын» демегендері қалай? Мені жан екен деп көзге ілмегендері ғой», – деп іштей кіжініп, Шегірдің алдына шала бүлініп келді.

Баласының түтіккен жүзінен, дірілдей шыққан даусынан, екпіндете берген сәлемінен оның өзіменен бірге дауыл ала келгенін сезген би танауы делдиіп, екі иығынан екілене дем алып тұрған ұлының сәлемін алып, қасына таман орын нұсқап:

– Кел, отыр, – деді. Оған ол иіле қоймады. Түрегеліп тұрған қалпы:

– Келіп кеткен кім? – деді.

Шегірдің де шалқайғанға шалқаятын мінезі бар. Баласы болса да шекесінен қарап, шіренген ұлына:

– Өзің де естіп, біліп келіп тұрған шығарсың, – деді.

– Естідім, бірақ соны өзіңнен, өз аузыңнан естиін деп едім. Мейлі. Ол тоқалдан туған томар бастың неге жар жағалап жүргенінен де хабарым бар.

– Қандай жар? Қандай хабар?

– Белгілі ғой, Сандыбайдың тоқалынан туған томар басы «Әкем Сандыбайдың орнын басайын, төрт босағаның бірі болайын» деген шығар.

– Десе, оның несі айып?

– Оның еш айып-шамы жоқ. Тек біздің де енді билікке араласуымыз үшін әкеміздің өлгенін күтуіміз керек екен ғой, – деді де, келген ізімен кері бұрылып, есіктен шығып жүре берді.

Ұлының нені айтып, нені меңзегенін Шегір ұқты. Сөйлер сөзден тосылмайтын, бетті, мінезді, ақылы, ойы озық ұлының: «Қартайғанша билікте отыра бермексің бе? Жастарға орынды өлмей бермейсің бе? Ол үшін сенің өлгенінді тілейік пе?» – деген



сөзі түйреп өткендей болса да, «Оның сөзінің де жаны бар-ау» деп, бір сәт «Ертеңім не болады?» деген ойға беріліп кетті.

* * *

Төрт босағаның кезекті кеңесін өткізу реті өзінде екенін білетін Бабыр би соңғы дайындықты бір тексеріп болғаннан кейін билер түсетін жеке үйлерден бөлек үлкен орданың орналасқан жерін көзімен көріп шығып, ойдағыдан да жоғары орындалғанын көңіліне медеу тұтып, енді оларды күтіп алудың қамына кірісті. Бұрыннан қалыптасқан дәстүр бойынша, билер бірімен бірі алдын ала келісіп алып, бір-ақ күнде, бірдей мезетте жететін. Сол ретпен Қадір бидің: «Шықтым», – деген сәлемін алған Шегір де атқа мініп, Бабыр ауылына бет түзеген. Қасындағы атқосшы жігіттерге:

– Сендер алға түсіп жүре беріңдер. Кім біледі алда кімді кім күтіп тұрғанын, – деп оларды ілгерілетіп жіберді де, қасындағы Уәйіске қарата:

– Не ойлап келе жатырсың? Ойыңның ұшын ұстатасың ба, әлде өзіңмен-өзің болатының бар еді, ішінде бүгіп қала бересің бе? – деп сыр тарта сөз тастады.

Уәйіске оның бұлай деуінің түп-төркіні өзінің ұлы Абайдіданың: «Билікке келу үшін әкенің өлуін күтейік пе?» – деген сөзіне оның қалай қарайтынын білу болатын. Бидің бұл сөзінің төркінін Уәйіс те түсінді. Әудем жер үнсіз жүріп келіп, атының басын кілт тарта тастаған Уәйіс:

– Биеке, Абайдідлаға өкпелемеңіз. Ерденнің әкесінің орнына отыруға ұмтылғаны оны да бей-жай қалдырмаған болар. Қатарластары оған «Ерденнен қай жерің кем? Тек әкеңнің тірі тұрғаны болмаса. Жасы келген әкең бір күні далада ат үстінде өліп қалсын дейсің бе? Үйде неге тыныш жатпайды?» деп әзіл-шыны аралас шымшылайтынын сіз естімесеңіз де, біз естіп жүрміз. Ол сол сыпсындардың сөзінен мезі болған шығар, – деп әлдебір ойдың ұшын бұған ұстата салды.

– Оны мен де білемін. Түсінемін. Артымнан ергендер ағалап, өздерің сияқты сыйластар бағалағаннан кейін қалай шеттеп,



шегіне қалайын? «Шегір шегініпті» деген атақ маған да жақсы емес. Күшім барда, ақылым да, атым да барда аттан түсер жайым жоқ. Күні келгенде Абайділда ініңнің де бір босағаны басқаратын кезі келер. Оған дейін алаөкпе болып, алқынбасын.

Уәйіс Шегірдің бұл сөзінен кейін әңгімені әрі қарай өрбіткісі келмей:

– Әрине, – деп қысқа қайырды. Бұл «Әңгіме осымен бітті» дегенін екеуі де түсінді. Түсіне тұра Абайділданың да арғы жағында әкесіне деген өкпесі айтарлықтай емес, әшейін бір елдің күңкіліне орай: «Өзіңнен кіші Ерден босағаға ие болғанда сенікі не?» – деген сөздің оңменінен өтіп кеткенін көтере алмай жүргені деп қабылдаған Уәйіс: «Жүре-жүре бәрі де түзеледі», – дегенді іштей әлденеше рет қайталап та үлгерді.

Бөкеншінің Бабырын былайғы ел осы төрт босағаның биі, мырзасы, болашақты болжай алатын көріпкелі деп те біледі. Елдің сөзінде қате жоқ. Мырзасы десе, дегендей. Мыңғырған малы жер қайыстырады. Бауырынан өрген жиырма төрт ұлдың бәрі де шетінен «Сен тұр, мен атайын» дейтіннің өзі. Қалыңын төлеп, айттырып алған жегі әйелінен туған сол ұлдардың бәрі бірдей атқа мінгенде самсаған қалың қолға бергісіз. Кейінгі Әлпешті аларда үлкен ұлының өзі бұл хабарды естігеннен кейін әкесіне сәлем бере келіп:

– Естідім, – деп сөз бастаған. Ұлының «Естідім» дегеніне құлақ түре қараған Бабыр аспай-саспай, байыпты түрде оған анықтай қарап:

– Нені естідің? – дейді. Ол да сәлден соң барып жауап қатты.

– Үйленейін деп жатқаныңды.

– Сенен рұқсат сұрауым керек пе еді?

– Жо-жоға, әншейін айтқаным да.

– Нені?

– Нені болушы еді. Жасың болса біразға келіп қалды.

– Келсе қайтеді?

– Қайтуші еді, жас қызды алып, артынан елге күлкі болып жүрмесек.

– Неге күлкі боламыз?



– Негесі несі, ол жас. Сіздің жасыңыз асқан. Жастың жалынына шыдай алмай күйіп қалсаңыз қайтеміз?

– Қалай шыдамаймын?

– Соны енді мен айтайын ба?

– Е, айт. Нені айтқың келіп еді? Айт, іркілме.

– Айтсам да, айтпасам да бұл әңгіме шыққалы сырттағылар «Жас байталға көрі айғыр қалай болады?» деп ашық айта бастағанын құлақ шалды. Бұл – әлі әкелмей тұрғандағы шыққан сөз. Ал әкеліп, алқынып қалсаң, «Елдің сөзіне қаламыз» дегеннің көкесі сонда болмай ма?

– Е, балам, сен оған қам жеме. Менің түріме қара, тұлғама қара. Анау ілулі тұрған түйе жүн шапаныма қара. Бір шапаным сол «менмін» деген төрт жігіт қатар сыйып кетпесе атымды өзге қой. Оның сыртында, жасымнан бері табанымнан сыз өткен жоқ. Бетіме жел тимеді. Төбемнен күн өтпеді. Айтшы, сонда менің күшім қайда кетеді? – дегенде ұлы:

– Қойдым, болды. Түсіндім. Тойдың қамына енді алаңсыз кірісе берейін, – деген.

Шынында да, дәл сол Бабырдың айтқанындай, Терісаққан бойындағы аға баласы атанған арғын мейрам Жанайдар әлпештеп, аялап, алақанға салып отырған Әлпешті алып, одан туған ұлдар ерте есейіп, ес жияды. Қатарынан төрт ұлды бірінен соң бірін туғаннан кейін Әлпешті бір ғана Жылкелдінің әулеті емес, тұтас бағаналы: «Бабырдың бағы бұл», – деп бағалаған. Әкесіне алғашқыда барып бетіне келетіндей сөз айтқан үлкен ұлы да кейін «Бетіме жел тимеді, төбемнен күн, табанымнан сыз өтпеді» дегенінің мәнісін кеш болса да ұққандай.

Әкесі Бабыр жаздың аптап ыстығында басындағы бөрігін шешпейді. Қысы-жазы етігінің ішіне салғаны бар, кебісінің табанындағы тоғыз қабат ұлтарағы үзілмеген. Ал бетіме жел тимеді дегені – көңілінің кеңдігі мен ел ішіндегі еркіндік екенін, ағайыннан не сырттан біреуі де беттен алып шапылдап не шаңқылдап шықпағанын кеш болса да ұққанына қуанды. Қайта, тұтас бағаналыны былай қойып, алыс-жақындағы көршілестердің өзі: «Болсаң, әне, Бабырдай бол. Бір өзінен – жиырма



төрт ұл. Жер қайысқан қол емес пе?» – деп Бабырдың беделін бұрынғыдан да асырып, көтере түскен. Елдің өзінің ішінде де, сыртында да: «Бабыр болашақты болжап айтады. Айтқаны айдай келеді», – дегенді баса айтады.

Бабырға Алланың берген қасиеті шығар, ол көрген кісісін «ө» деп сәлем бергенінен-ақ оның кім екенін, мінезін бірден байқап, танып, көңіліне түйіп ала қояры бар. Тіпті сыртқы жүрісі мен тұрысына қарап та оны біліп, танып қоятыны құпия емес. Оның қасиетін білетіндер сәлем бере барғанның өзінде де сақтанып, «Қай жерімізден мін тауып, ескерту жасайды?» деп тұратынын Бабыр да біледі. Біле тұра жан баласына «Әй, сен сондайсың!» деп мінін бетіне баспайды. Атын атамайды. Өзге тұрмақ, өзінің кіндігінен тараған ұлдарының өзіне де «Әй, сен!» деп дауыс көтеріп көрген емес. Олар да әкесінің бір қарағанынан оның ойын ұғып, айтарын айтқызбай-ақ аңғара қалады. Ал қатарластары «Биеке, мырза» дегенінен әзірге бірде-біреуі жаңылысып көрмеген. Қаншама жыл тізе қосып, сан түрлі мәселелер мен қиын дауларды ортаға салып, «Оның шешімі қалай?» дегенде де Бабыр бәрінің соңынан ойын айтып, «Оның жөні былай шығар» дегенде қасындағы үш би де «Әй, ол олай емес» деп мұның бетін қайтарып көрмепті.

Көңтерлі, салмақты, жер қозғалса да қозғалмайтын ауыр мінезі де ірі денесіне лайықты-ақ. Екі иығына екі-екіден төрт кісі қатар сыятындай, кең кеудесі дарқан даладай, көл-көсір көңілінің көрінісіндей. Ұзын бойы биік шаңыраққа тіреу болғандай. Жұдырығы тоқпақтай. «Жасында ұйыққа түскен өгізді бір өзі алып шығыпты» деген де бір әңгіме бар. Бүгінде ондай жойқын күші жайлы ешкім ештеңе де демейді. Әйтсе де, осынау буылтық-буылтық бұлшық еттері бүйрек тастай ойнап тұрған білектерден саусылдаған қара күш әлі де сарқылмағаны көрер көзге бірден байқалады.

Қолына алған қай істі болса да орта жолда тастап көрмеген. Бұл жолы да солай. Бәрі де дәл өзінің ойлағанындай, балалары айтылған жерге үйлерді рет-ретімен тігіпті. Ортадағы ақ орда-



ның шаңырағына жабылған түндік үстіндегі бақан таңбасы бар ақ жамылғы кімнің болсын назарын өзіне тартып алары анық.

Күні ертең осында көптен күткен келелі кеңес өтеді. Бұл жолы да олардың бір мезгілде, бірдей келеріне титтей де күмәні қалмаған Бабыр би саба-саба қымызды күн ілгері дайындатты. Сойыс малын да алдырып, кермеге байлатты. Ондағысы – бастары қосылған бетте батасын алып, жайғасқанша астың қамына ертерек кірісу. «Бабырдың күтімі бөлек» дегенді билер де бірнеше рет айтқан.

Билердің дәл осы Бабыр ауылында кеңес өткізуі де бұл бірінші емес. Талай жиын өткен. Қайсында болса да Бабыр жолынан жаңылмаған. Билердің қасына ере келгендердің өзі де астарына ат мініп, иықтарына шапан жамылып, құрметті бірдей көретін. Бұл өзiрге Бабырдың бұзылмаған жолы болып та қалыптасып қалғандай.

* * *

Билердің алдынан күтіп алуға дайындаған жігіттері де шетінен мықты. Сайдың тасындай іріктелген. Мінген аттары мен киген киімдері де біркелкі. Аттарына басылған бақан таңбасы бұлардың бір елдің – бағаналының жігітері екенін ешкімнен сұрамай-ақ танытатындай. Астындағы аттары да, бастағы бөріктері мен етіктері де, тіпті қолдарындағы қамшыларының өзі бұлардың бағаналының бағыландары екенін баршаға білдіріп, «Міне, біз бағаналымыз» дегенді ұқтырғандай.

Атқа отырыстарында да бір мықтылық пен бекемдік, өздеріне деген шексіз сенімділік байқалады. Мінген аттары да бір түсті. Шетінен су төгілмес жорғаны жаратып, жолға салғандай. Аяқтарын сәндей басып, майпаңдаған боз жорғалардың тұяқтары да жерге бірдей, қатар түскенде алысқа әдемі ырғақты дыбыс тарайтындай. Топ-топ етіп тиген тұяқтан далаға керемет күй төгіледі. Аттың үстіндегі бозбалалар да ән салғысы келетіндей, ат тұяғынан шыққан әсем дыбысқа елітіп, тербеле шалқиды.

Жаңа тігілген үйлерді және бір байқап, өзі қарап шыққан Бабыр би: «Әне, келе жатыр», – деген дауыстарға қарай қалды.



Шынында да екі би – Қарабала Қадір би мен Ақтаз Шалабайдың Шегірі көзге қатар түсті. «Е, жарықтықтарым-ай, сонау алыстан, елдің қамын жеп атқа қондыңдар-ау. «Елім, елім» деп бабаларымыз да өтіп еді. Ендігі кезек бізге де тиді», – деп билерге күн сала қараған Бабыр бидің көңілі босап сала берді. Бұрын-соңды мұндай босамайтын. Тәрізі, оларды сағынғаны болар. «Көптен бері құшақ жая амандасып, емен-жарқын әңгімелесуге де қол тимей кетті. Енді осы жолы, Алла сәтін салса, аяқ-қолды созып демалсақ та жарасар» деп Бабыр ойлап үлгергенше, билер де ауылға келіп жетті.

Өздеріне арнап тігілген үйлерге жайғасқан билер демалып, кеңесті ертең ертеменен бастауға келісті. Ас ішіліп, азды-көпті әңгіменің тиегі енді ағытыла бергенде сырттағылардың абыр-дабыры көбейіп: «Қуып кетті! Қуып кетті!» – деген дауыстары естілді. Кім кімді қуып кетті? Ол жағы белгісіз. Тек «Қуып кетті!» деген сөз ғана. Беймезгіл кезде шыққан бұл шудың мәнісін білуге билердің бәрі де мүделі екені белгілі. Әйтсе де, «Бұл не шу?» деп ешқайсысы да дауыс көтеріп, дабыраға үн қоспады. «Ауыл арасында әлдебір тентектің ісі шығар», – деген Бабыр қасындағы жігітердің біріне: «Бар, біліп кел, кім болды екен?» – дегенді жайлап тапсырды.

Денесі жеңіл жігіт орнынан жылдам тұрып, сыртқа жедел шығып кетті де, артынша көп кешікпей-ақ қайтып келіп, бидің құлағына әлденені сыбырлай бастады. Ол айтып болғанда Бабыр мырс етіп күліп жіберді де:

– Абыржитын ештеңе жоқ. Бөтен емес, өзіміз. Осы кеңеске әдейі арнап шақырту алмадым деп, «Мені ұмыттыңдар ма, мен бармын» деген Сандыбайдың сары Ердені кермеден үш-төрт атты шылбырынан шешіп, жетегіне алып кетіпті. Міне, бар болғаны осы. Артынан қуғыншы жіберіп қуатындай емес. Сіздер бұған не дейсіздер? – деді.

Бабырдың сөзін мұқият тыңдаған екі би біріне бірі қарады. Шегір би Қарабала Қадір биге қарата:

– Бағаналының әрі пірі, әрі биісіз. Не дейсіз? – деді. Ол ақырын ғана жымия күліп:



– «Қасқа айғырдан қасқа тумаса да, төбел туады» деген. Сандыбайдың сары Ердені «Мен бармын, әкемнің орнын басуға жарап қалдым. Мен, мен» дегендегісі ғой. Шынында да, Сандыбайдың орны – бір босаға босап, ойсырап қалғаны рас. Үлкен ұлы Дүзен «Әкеме берген сертім бар. Ерденді оқытып, атқа мінгізіп, ел басқарту ісіне қосамын» деп өзі бұл орыннан әу баста-ақ бас тартты. Оны бәріміз де білеміз. Енді сол сары Ердені өскен екен. Өскендігі, тізгін тартуға жарап қалғаны – кермеден аттарды алып кеткені – «Ал не айтасыңдар?» дегені ғой. Шақырайық, келсін. Көрсін. Талабымызға көніп, сертте тұрса, ел үшін тынымсыз тер төгуге келсе көрейік. Ол дәл қазір жауап күтіп, келесі қырда тұрған шығар. Жігіттерді жіберейік, – деді Қадір би. Екі бидің сөзіне Шалабайдың Шегірі де:

– Ия, – деп үн қосты.

Билерден тапсырма алған екі-үш жігіт атқа қонып, Ерден кеткен бетті бағытқа алып, «шу» деп жүріп кетті. Қадір бидің айтқанындай, ауылдың сыртындағы қос шоқының түбінде астындағы Күйеуқасқа атын ойнақтатып, Сандыбайдың Ердені тұр екен. Шылбырынан шалып байлаған екі-үш ат оның қатарында. Екпіндей жеткен жігіттер оған дауыс жетер келгенде:

– Асслаумағалейкум! – деп сәлем берді. Олардың сәлеміне:

– Уағалейкумассалам! – деп жауап қайырған ол қасына келген жігіттің біріне: – Мә, мынаған ие бол, – деп жетегіндегі аттардың шылбырын ұстата салды. Оның бұл қимылын көзімен бағып тұрған жігіт:

– Мен аттарды алуға келген жоқпын. Билердің айтқан сөзін жеткізуге келдім, – деді. Оның бұл сөзіне елең ете қалған Ерден:

– Олар не дейді? – деп оған қарады.

Шалт қимылына көз ілеспейді. Ат үстінде отырысы да мығым. Өн бойында бес қаруы сайма-сай. Белдігіндегі алтын сапты қанжарының қыны да шебер қолдың жұмысын паш еткендей. Оның бергі жағындағы қоңыр тысты тері қында орыстың бесатарының түбі көрінеді. Басындағы құндыз бөркінің өзі – бір қаралық. Жас болса да әлдеқайда егде кісідей көрсететін алып тұлғасына киген киімі де, асынған қару-жарағы да жарасып-ақ тұр. Жігіттердің сөзін күтіп:



– Ал не деді? – дегенді тағы бір қайталап айтты. Қолына атың шылбырын ала берген жігіт:

– «Келсін. Сәлем берсін» деді.

Оның «Сәлем берсін деді» деп айтқанын естігенде, «Әп, бәлем, осыным қате болды ма, ә? Сәлем беріп, алдарынан өтуім керек пе еді? Қап! Өттеген-ай!..» деп іштей демін тереңнен тарта тыныстап барып:

– Жарайды, барайық. Жүріңдер, – деді де, өзі Күйеуқасқаны ақырын тебініп алға түсе берді. Астындағы атының жүрісі де бөлек. Тұрқы ғажап. Шоқтығы биік. Жаясы жазылып, танау тұсы қусырылып, құлағының қуысына қос жұдырық қатар сыйғандай.

«Ерденнің Күйеуқасқасындай ат жоқ» дегенді талай естіген жігіттер оған әлден-ақ ауыздарының суын ағыза, қызыға қарады. Күрең де қызықса қызығатындай-ақ. «Күйеуқасқа» десе, дегендей. «Айшылық жердің апшысын қуырып, шыр айналдырып, алдыға алып келеді» деп мақтанатындардың да жөні бар. Сонау Аралдың құмынан таң бозында шығып, ел орынға отыра бере Арқадағы Дүзен ауылына жеткен күреңге кім қызықпасын? Көзі көрмегендер сенбесе де, Дүзеннің өзі күреңмен келген жігітті күтіп алғандағысын айтқанда естігендер естен танып қала жаздаған. Ол әңгімені Дүзеннің ауылындағылардың бәрі де жыр етіп айтады.

Дүзеннің қалың жылқысы кең далада еркін жайылып, шүйгінді шөп пен мөлдір суға емін-еркін қанып, жазыққа беттеп шыққанда ұшқан құс төбелерінде шыр айналып шырылдап, саршұнақтар ін аузына қарай томпаң қағып, домалай жүгіріп, әптер-тәптері шыға қалады.

Жылқышылардың бағыт-бағдарын сырттай қарап, сүйсініп, төбе басынан төменге көз салатын әдетінше Дүзен сол жолы да Жуантөбенің үстіне шыққан. Жылқылар әбден ұзап, көзден тасаланып, үш қағылды айналып кеткенде: «Алла амандығын берсін, енді ауылға қайтайын», – деп атының басын бұра бергенде, сонадайдан салып ұрып, ұшып келе жатқан жалғыз атты жолаушыны байқап қалады. «Бейуақта бұлай жүрген кім бол-



ды екен? Ауылдан сыртқа шыққан ешкім де жоқ еді ғой» деп ойлап үлгергенше, ол да жақындап келіп қалды. «Кім де болса қарсы алайын. Көріп тұра қашқандай болмайын» деп оған қарай көлденеңдей бергенін ол да байқап қалған болса керек, жақындап келіп, атының тізгінін тарта кілт тоқтап:

– Ассалаумағәейкум! – деп сәлем берді. Сәлемге сәлем – мұсылманның парызы. Дүзен де:

– Уағалейкумассалам! – деп жауап қайыра, іле: – Жол болсын! – деді. Жігіт те мүдірмей:

– Әлей болсын! – деді де қайырды.

– Беймезгіл уақытта қайдан жүрсің? Қайдан шықтың, қайда барасың?

– Бағытым – бағаналы елі.

– Е, онда кімің бар еді?

– Бағаналы Дүзенді естуіңіз бар шығар?

– Бар, бар. Ол кімің болады?

– Ол ма, ол – менің қайын атам.

– Дүзен қайын атам дедің бе? Қалайша қайын атам дейсің?

– Қайын ата қалай болушы еді? Кәдімгідей. Мен оның қызы Айсараны айттырған күйеу жігітімін. Сонау Аралдан таң атпай шыққаным содан.

– Содан?

– Содан төтелетіп жеткенімше осы болды. Айтарым сол, айттырған қалыңдығыма ұрын келе жатқан жайым бар. Алла жарылқасын сізді, білсеңіз, сол ауылға жол сілтеп жібересіз бе?

– Е, оның да дұрыс екен. Жөн сілтегенмен тура тауып бара да алмассың. Өзім ауылының тура төбесінен түсірейін. Ер соңымнан, – деп Дүзен атының басын бұра берді. Жігіт те ләм деместен ере берді.

Алға түскен Дүзен жігіттің түр-түсіне, киген киімі мен тұлғасына бұрыла бір қарап алды. Киімі де, сөз төркіні де Кіші жүздің жігіті екенін айтпай танытқандай. Астындағы күрең-қасқа атының шекесіне шоқайта қойған келте кекілі шоқпардай болып түйіліпті. Жігіттің де екі иығына екі кісі еркін мінгедей. Аққұба жүзі ұзақ жүрістен күн күйдіріп, жел қағып, тер-



ге малшынып, беті мен мойнына жабысқан шаңмен күреңітіп, алыс жолдың табын сездіргендей.

Ауылына жақындай бергенде Дүзен тізгінін тарта тоқтап, қасындағы жолаушыға: «Әне, анау – қайын жұртыңның ауылы. Сен өз бетіңше кімге, қайда жетіп барасың? Мен барып, қыз-қырқындар мен жігіт-желеңдерге айтайын. Алдыңнан шығып күтіп алсын. Күте тұр», – дейді де өзі желе шоқытып жүріп кетеді. Келе ұлы Жанұлының отауындағы үлкен келініне: «Анау белдің артында Айсараны айтырған Кіші жүздегі күйеу жігіт ұрын келіп тұр. Күтіп алыңдар, тек оның өзін бір бөлек, астындағы атын бір бөлек үйге кіргізіп, таң атқанша ас-су бермей күтіңдер. Алыс жолдан келген неме асты көтере алмас. Таң ата сый-сыбағасын тартарсыңдар», – дегенді тапсырып, өзі оның орындалысын сырттай бақылауға кіріседі.

Дүзен айтқан сөз далада қала ма? Әп-сәтте екі жерге екі ақ үй жеке тігіледі. Біріне ұрын келген күйеу, екіншісіне оның астындағы қасқа аты күтіледі. Ә дегенде алдынан шығып: «Хош келдің!» – деген жеңгелер сыйлыққа қарық болып, күйеуді көтермелеп, киіз үйге қолтықтай кіргізіп: «Ал енді жолдан шаршап келдің, таң атқанша демал», – деп, есікті сырттан мықтап жауып, бәрі бірдей жым-жылас жоғалады.

Алғашқыда «Жолдан келгенге бірінші кезекте шөл басарға қымыз берер, жоқ болса қара су ұсынар» деген күйеу оның бірін де көрмейді. Тіпті есікті қағып: «Су, су», – деп дауыстаса да оған еш жауап естілмей дал болып, сілесі қатып, серейіп түсіп, сіресіп жатып қалады. Сол жатқаннан таң атқанша дыбысы шықпай, «Үнсіз қалғаны несі мұның?» деп қыз жеңгелері әлсін-әлсін қарап, бақылап тұрады. Дем алысы бір қалыпты, кеудесі үрлеген көріктей көтеріліп түсіп, гүр-гүр ете тереңнен алған демі киіз үйдің түндігін ұшырып жіберердей естілгеннен «Әбден шаршаған екен» деген қыз жеңгелері ел орнынан тұрған бетте ішке еніп, әлі де ұйқыдан оянбаған күйеуді мұрнынан қысып, маңдайынан сипап: «Таң атты, таң атты. Өтеш мана шақырды. Тұрмайсың ба орныңнан? Мұнда ұйқыңды қандыруға келдің бе?» – деп шымшылап оятып алды.



Қызыл-жасыл киінген қыз-келіншектердің қайсына қараса да көркіне көз тоймайтындай. Сыңғырлаған күлкілері, жарасымды әзілдері күйеудің көңілін әп-сәтте-ақ көтеріп сала берді. Кеше түннен бері бір жұтым су деп кенезесі кеуіп, құрғап қалған таңдайы да жібіп, тұла бойына лыпып ыстық қан ойнап шыға келгендей. Олардың қайсына «Әй, кешеден бері қайда қалдыңдар?» деп әлдекімдерше әңгіме айтуды артық көрген ол орнынан еркін тұрып, керіліп-созылып, есік пен төрдің арасын екі-ақ аттап сыртқа шықты.

Күн күлімдеп, нұрын төгіп тұр. «Арқаның ақ таңы дейтін осы екен-ау» деп ойлағанша болған жоқ, әлеңкедей жалаңдаған екі жігіт:

– Жездеке, жүріңіз, Кеңгірдің суына беті-қолыңызды жуыңыз. Қажет десеңіз тереңіне бойлаңыз. Ал өз бетімше түсуге қорқамын десеңіз, онда айтыңыз, өзіміз сүңгітіп алайық, – деп жымың-жымың етеді. Екеуі де еркін. Тым батыл. Сөздері де нық. Қимылдары да ширақ. Өткір пышақтай жарқ-жұрқ етеді. Жастықтың әсері алды-арттарына қаратпай, реті келсе мұнымен алысып, күш сынасып та көргісі келетіндей. Мұның мырс ете қалғанын алдымен аңғарған ұзынтұрасы:

– Неге күлесің, суға кетіп қаламын-ау деп тұрсың ба? – деді. Сонда ғана бұл:

– Жо, жоға. Мен судан қорықпаймын. Мен сендердей суға тапшы жерден емеспін. Арал теңізінің тереңіне сүңгіп өстім емес пе? – деді.

Оның «Сендердей суға тапшы жерден емеспін» дегеніне орай, оның қасындағы қалжыңбасы:

– Бізге су тапшы деп кім айтты? Мына жағы – Сарысу, мына жағы – Торғай-Есіл, қос Кеңгір мен қос Жездінің өн бойында үйрек ұшып, қаз қонған айдынды көлдер қаншама! Неге су тапшы дейсің, ө? – деді. Ол оған бұрыла қарап:

– Айтайын, кеше кештетіп келдім. Ұзақ жолдан шаршадым. Шөлдедім. Осында жақындағанда бір үлкен кісіге жолықтым. Жөн сұрастық. Дүзеннің қызына ұрын келе жатқан болашақ күйеубаласы екенімді айттым. Ол «Соңымнан ер» деді. Ердім.



Осы араға алып келді. Жастар қарсы алды. Келісті күтті. Аяқ-қолымды жерге тигізбей әкеліп ақ отауға кіргізді. Ғажап жиһаз, болыскей керует, қалы кілем. Бәрі-бәрі бар. Бейне бір әлгі ертедегі хан сарайы сияқты бәрі де бар. Тек онда менің іздегенім, сұрағаным жоқ екен.

– Сұрағаның не еді?

– Кенезем кеуіп, таңдайым жабысып, тілім аузыма сыймай шөлдеп «Су, су беріңдер!» дедім. Бір адам, тірі пенде жауап бермеді. Маңайыма келмеді. Есікті сырттан жауып, жау қамағандай бекітіп, тілдеспей кетіп қалды. Айғайлауға да шамам келмей, сөйлеуге тілім көнбей, көнім кеуіп, құлап түстім. Сонда ойладым, «Оу, бұл қандай ел, бір жұтым суға тапшы ел екен» дедім. Әйтпесе, қай мұсылман бір жұтым суға тарыншылық жасаушы еді? «Не аса қатыгез, не аса сараң, не бұрын-соңды қонақ күтіп көрмегендер-ау» деген ойдан әлі де арыла алмай тұрмын, – дегенде, қасындағы екеуі бірдей бар дауыстарымен ішек-сілесі қатқанша ағыл-тегіл, естері шыға күлді. Көпке дейін күлкілерін тоқтата алмай, іштерін баса селкілдеп барып, аңтаң қалып тұрған оған енді тіке қарап:

– Сен сол жолыққан кісінің кім екенін білесің бе? Аты-жөнін сұрадың ба? – деді. Оның жауабы қысқа болды:

– Жоқ.

– Жоғы қалай?

– Кімсің, атың кім демедім.

– Неге?

– Келбеті келіскен, елге сыйлы екені көрініп тұр.

– Елге сыйлы екен деп атын білмей кете бересің бе?

– Енді өзі де «Жұр, оның ауылына алып барайын» деп алға түсе берді ғой.

– Өзің бұрын-соңды Дүзенді көріп пе едің?

– Жоқ, көрмедім.

– Сырттай естіп, болжамадың ба?

– Қайдан, кімді болжайын?

– Дүзенді.

– Бұрын көрмесем, қалай оны көз алдыма келтіре аламын?



- Дұрыс екен, сол кісі неге сені өз үйіне апарып түсірмеді?
– Білмедім.
– Сұрамадың ба?
– Не деп сұраймын?
– «Ел орынға отырып қалды. Үйіңізге түсейін» демейсің бе?
– Олай дей алмадым.
– Неге?
– Енді, өзім ұрын келе жатып, біреуге міндет салғым келмеді.
– Сонда сен танитын ең жақын жанашырың кім?
– Ол, әрине, Айсара.
– Солай-ақ болсын. Одан басқа тағы кімнің жаны ашиды саған?
– Ол енді белгілі ғой. Қызын айттырғаннан кейін, болашақ күйеубалам деп Дүзеннің жаны аштытын шығар.
– Дүзенің жаны аштытынына сенімің мол ма?
– Мол, естуімше, ол – әділ, адал, қамқор мырза.
– Ендеше неге сондай адамды сен «сараң» дедің?
– Қашан айттым?
– Әлгіде ғана «Бұл ауыл суға тапшы, сараң, кісі күтіп көрмеген ел екен деп ойладым» дедің емес пе?
– Ие, ие, солай дедім.
– Солай десең, біліп қой, саған бір жұтым суды бергізбеген, таң асырып, қамап қоюға әмір берген – сол атаң Дүзеннің өзі.
– Сонда қалай болғаны? Ол менің келгенімді түн ішінде қайдан естіп, қайдан біліп, қалай әмір береді? Түк түсінсем бұйырмасын. Сонда бұл қалай болғаны?
– Оның ешқандай да құпиясы жоқ, жездеке.
– Құпиясы жоғы қалай?
– Солай, жолыққанда жөн сұраған кісінің кім екенін білмедім дедіңіз.
– Ие, білмедім.
– Енді біліңіз. Біліп жүретін де болдыңыз.
– Кім деп?
– Ол кісі бөтеніңіз емес.
– Кім сонда?



– Ол ма, ол – сол өзің іздеп келе жатқан Айсараның әкесі, атақты Сандыбай батырдың ұлкен ұлы Дүзен мырзаның дәл өзі.

– Дүзен дейсіңдер ме?

– Ие.

– Ие.

– Сол Дүзеннің өзі екені анық па?

– Анық болғанда да қандай!

– Анық.

– Сонда мені өз ауылына өзі алып келгені ме?

– Солай. Алып келіп, «Атын да, өзін де жеке үйге бөлек орналастырыңдар. Алыс жолдан арып-ашып, шөлдеп-шалдығып келді. Ас-су бермей, таң атқанша нәр татырмай күтіңдер. Су ішіп, іші кеуіп өліп кетер. Атты да жеке үйге байлаңдар» деп жігіттерге арнайы тапсырып, өзіңді де, атыңды да түнімен күзеттіріп, күттірді. Енді қазір бар мәзір, жоқ-жайын жасатып, жол-жоралғымен қам-қарекетке кірісті. Біз де, міне, өзіңе арнайы келдік. Кеңгірдің суына жалдап алайық деп.

– Е, енді түсінікті болды.

– Несі түсінікті дейсің? Шөлдедің бе? Алыстан қыз таңдап нең бар еді?

– Ой, дейді екенсіңдер, қыздарыңды бабаларың мақтады емес пе!

– Қай баба?

– Сіздердің Орта жүз Бұқар жырау аталарың емес пе? Сол аталарың «Бағаналыдан қыз алмаған ер – жетім» деген екен. Жетім болғым келмеді. Әйтпесе...

– «Әйтпесе, елде шөлдемей жатар едім» дейсің бе?

– Жо, жоға, су ішпегенім де дұрыс болған екен деймін. Атты бөлек бақтырғаны да жөн. Енді келіп мені суға салып аламыз дегендерің де дұрыс. Ел ішінде «Бағаналылар үйірге қосар айғырын тереңге жалдап жаратады» деуші еді, сол рас болды ғой. Жүріңдер ендеше, – дегенде, қасындағы екеу:

– Ал кеттік. Өзің де біліп тұр екенсің. Тереңге сүңгітейік, төңірекке қарап ал, – деп оны екі қолынан тарта алға қарай жүгіре жөнелді.



«Дүзеннің Аралдағы күйеубаласы ұрын келіпті» дегенді естіген Ерден де ертелей тұрып, ағасына сәлем бере келген. Інісінің жәй келмегенін іші сезіп тұрған Дүзен орнынан көтеріліп, сыртқа беттеген бойы: «Ерденжан, жүр. Барып көрейік», – деді. Ағасынан «Нені көрейік?» деп сұрамаса да, «Әйтеуір бекер шаруа емес шығар» деп топшылаған Ерден үнсіз соңынан ере берді.

Ауыл сыртынан бөлектеу жерге тігілген киіз үйді күзетіп тұрған жігіттер Ерден мен Дүзенге ықыластана сәлем беріп, жарқылдай қарсы алды. Жігіттердің жүздері жарқын. Түн баласына қас қақпай, кіршік ілмей, көз шырымын алмай тұрды дейтіндей емес. Күлім-күлім етеді. Тапсырманы тап-тұйнақтай атқарыпты. Киіз үйдің ішіне еркін енген екеуі біріне бірі қарап, өз көздеріне өздері сенбегендей, аң-таң күйде аз-кем тұрып қалды да, іле-шала ортадағы аша ағашқа байлаулы тұрған күреңқасқаға екі қапталынан жақындай берді.

Бұл жақтағы өздері күнделікті көріп жүрген жылқылардан мұның тұрқы бөлек екен. Күреңқасқаның құйрық-жалы төгілген, кекілі маңдайынан қаққа жарылып жатыр. Басында қырым ет жоқ. Қамыстай қалқиған қос құлағының түбіне жұмылған жұдырық қиналмай-ақ кіріп кететіндей үңірейеді. Жотасы шодырайып, шоқтығы шоқайып, жаясы жалпағынан жайылған. Екі бүйірі қабысып, қос танауы қусырылып, түнімен ышқырынып, бір орында тұра алмай тықыршығаны көрінеді. Байланған ашаның түбіндегі екі аяғының тұрған тұсы тұяқтың тарпуымен тізеге дейін опырылып, ойылыпты. Алыс жолдан келгендегі тұрқы мынау болғанда, мұның бабына келтіре баптаса, жарауы жетіссе, алды-артына қара салмас шын тұлпардың өзі екенін ағайынды екеуі де бірден білді. Білді де, «Япыр-ай» дегендей, көздерімен күреңқасқаны және бір сүзіп өтті. Қаншама жылқының арасынан дәл мынадай тал бойында тарыдай міні жоқ арғымақты көрмеген Ерден ағасына:

– Аға, мынау әлгі Айсараға келген күйеудің мініп келгені ме? – деді. Оның оны неге сұрағанын іштей түсінген Дүзен қысқа ғана:



– Ие, – деп қайырды. Ағасының бұл жауабына көңілі тола қоймағандай болған Ерден:

– Аға, мынау ат қалыңдыққа мініп баратын емес, жорыққа мінер тұлпар ғой. Осы мезетке дейін «Әй, бір тұлпар кезіксе екен» деуші едім, көрдіңіз бе, Алланың сәтін қалай салғанын, – деп ентігін баса бір-ақ тоқтады. Інісінің нені меңзегенін түсінген Дүзен бірден не былай, не олай деп жауап қатпай тұрып қалды. Ерден шыдамады білем, тағы да:

– Аға, мен осындай тұлпар қайдан кездесер деп жүргенмін, білесіз бе? – деді.

– Білем.

– Білсеңіз, сонау Аралдан таң бозынан шығып, ақшам жамырағанша Кеңгірге жеткен мынау күреңқасқа сол, менің көптен іздегенімнің өзі емес пе, ә? Осыны алып қалсақ қайтеді? Осы елден күйеу мінер бір жүйрік табылмай ма? Алып қалсақ қайтеді? – дегенде Дүзен даусын сәл көтере:

– Жоқ, Ерденжан болмайды. Болмайтыны – күйеу бала сонау Аралдан төтелей жүріп, тау бөктерінен өтіп, осында күн асырмай қалай жетсе, ертең еліне де дәл солай, ертелетіп шығып, еркін барып жетуі керек. «Е, бағаналылар баламыздың атына қызыққан екен» дегенді естігеніміз жараспас. Бұл – бір. Екіншіден, бұл тұлпардың да табаны жерімізге тұңғыш тиіп тұрғаны. Тұлпардың киесі болады. Ол жақта да бір қауым ел бар. Кіші жүздің үлкені мен кішісі «Сандыбайдың ұлдары атқа қызығып, алып қалыпты» деп жүрсе, қалың қазаққа үлкі болмаймыз ба?

– Оныңыз да рас. Сонда қалай болар енді?

– Оның да бір жөні болар, мәнісі келер, – деген Дүзеннің сөзі сенімді естілді. Ағасының әр нәрсені де ақылмен, асықпай, байыппен, байсалдылықпен шешетінін білетін Ерден:

– Дұрыс аға, дұрыс, – деп оның сөзін қоштай берді.

Күйеу жігіт:

– Келу бар да кету бар, рұқсат болса қайтайын, – деп рұқсат сұрағанда Дүзен:

– Е, балам, рұқсат – Алладан, жолың болсын. Еліңнің үлкені мен кішісіне дұғай сәлем айт. Ендігі саған айтарым, адамың-



ды алып кетуге келгенде мініп келген күреңқасқан қалмасын. Басқа қалса да қасқа қалмасын, – деп баса айтты.

Дүзеннің батасын алып, Аралға аттанып кеткен күйеу жігіт, айтқанындай-ақ, Айсараны алуға келгенде күреңқасқаны барлық ат-өбзелдерімен жасақтап, бос ұстап, жетекке ала келіпті. Күреңнің үстіндегі ақ жібекке ою салып, әдіптеп бақан таңбалы жабуды жауып, қазақы құранды ердің қасқасын күміспен күштеп, айыл-тартпасына алтын жалатып, жүгенін жезбен жалтыратып, кекіліне үкі тағып, тұяғын тағалатып, терлігін жаңалап, көпшігін түйе жүнімен аптап, үзеңгісін көк темірмен көмкеріп, көрген жанның көзінің жауын алатындай етіп әкелген күйеуді Дүзен де түсінді. Бұл – Дүзеннің сөзінің далада қалмағаны.

Құда жақтың үлкендері Дүзеннің сәлемін естіп: «Е, «Жақсының қарағаны – сұрағаны» деген бұрынғылар, Дүзенде жылқы жетеді. Өкесі Сандыбайдың батырлық жолын ұстап, өсіп келе жатқан інісі Ерденге лайық ат дегені болар. Мұны құдаға барғанда лайықты етіп апарайық», – деген. Сол сөз – сөз. Күреңнің өзі де бір қыздың қалыңына тұрарлық. «Әй, сегіз ұлым – бір төбе, Ер Төстігім – бір төбе» деп айтатындай, Айсараның басқа қалыңмалынан да мына күреңқасқа бір төбе болып, екі елдің де мерейін асырып жіберді.

Айсараны құтты жеріне қондырып, аттандырғаннан кейін, ел аяғы басылып, етек-жеңін жинағаннан кейін Дүзен інісі Ерденді шақырып алды. Өзіне қарасты Сандыбай балаларының үлкені мен кішісінің басын қосып отырып:

– Ерденжан, баяғы әңгіме есіңде ме? – деді. Ағасының қай әңгіменің ауанын айтып отырғанын қапелімде ойына оралта алмаған Ерден оған не дерін білмей таңырқай қарады. Дүзен сұрағын қайталады.

– Ерденжан, не, ұмытып қалдың ба? – деді. Бұл жолы үнсіз қалудың қисыны жоғын ол да түсінді.

– Қайсы әңгімені айтасыз, аға?

– Е, баяғы күреңқасқаның алғашқы келгендегісі ше?



– Ие, ие, есімде, аға, есімде. Ол есімнен ешқашанда шыққан жоқ қой.

– Шықпаса, сонда не деп едім?

– «Күтейік, бұл жолы болмайды» дегенсіз.

– Енді, міне, сол күткен күн келді. Құдалар жарты сөзден түсініпті. Күреңқасқаны қалай әкелгенін көрдің.

– Көрдім.

– Көрсең сол, көрген қалпында, басы бүтін саған соны берейін деп ағайынның басын қостым. Мына туыс-туғандарың да мұны қоштайды деп білемін.

– Дұрыс.

– Дұрыс.

– Әне, бәрі де солай шешіп отыр. Ендеше тұлпарың құтты болсын!

– Рақмет, аға, рақмет, Алладан қайтсын. Бұл ат екі елдің де мерейін көтерді. Бұдан былай енді оны «Күйеуқасқа» деп атайтын боламыз, – дегенде оны көпшілік қоштап: «Күйеуқасқа, Күйеуқасқа!» – деп дуылдап кетті.

Міне, содан бері сол Күйеуқасқа Ерденнің ең бір қажетті, елді елең еткізер іске мінетін атына айналды. Ел ішінде: «Ерден күреңқасқаға мінсе бекер болмағаны», – деп әлдебір жаңалық күте беретін.

Ерден мінген күреңқасқаны енді өз көздерімен көрген жігіттер билер отырған үйге де келіп жетті. Керме ағашқа аттарын байлап, үйге қарай беттей берді.

Төрт босағаның кеңесіне жиналып отырған билерге есіктен ене көтеріңкі көңілмен:

– Ассалумағалейкум! – деген Ерденнің сәлеміне:

– Уағалейкумассалам! – деп сол ырғақпен жауап берген үш бидің үні қатар шықты. Сәлеміне оң жауап алған Ерден енді «Қай жерге отырайын?» дегендей жағалай көз салып өткенде, дәл ортадағы отырған екеудің ортасы бір адам сыятындай бос тұрғанын көрді. Оның солай қарай көзі түскенін аңғарған Шегір би қамшысын көтере:

– Ерден шырақ, тізеңді бүгіп, ортаға отыр, – деді.



Алғашқыда жағалай отырғандардың арасынан орын тиер-ау деп ойлаған Ерден бірден не деп жауап берерін білмей, тұрған жерінде сілейіп тұрып қалды. Осы сәтте Шегір және бір рет:

– Ерденжан, мына алқа-қотан жиналған ағайын саған бөтен емес. Солай ма? – деді. Ерден де тұрған жерінде:

– Солай, – деді.

– Олай болса, ортаға отыр.

– Кінәм не?

– Сені кінәлау үшін емес.

– Енді неге?

– Ежелден келе жатқан жол солай.

– Онда сөз жоқ, – деп, дөңгелене отырғандардың ортасындағы ашық жерге Ерден тізесін бүгіп, отыра берді.

Алпамсадай денесі көпке қалқан болғандай. Оң жақ пен сол жақта отырғандар енді бірін-бірі көре алмай қалды. Ортада шөккен түйедей болып шоқайған Ерден алды-арты мен қос қапталын тұтастай жауып тастады. Әлгіде ғана бірін-бірі көріп, иек қағысып, қолдарын созып, сыбырласып отырғандар енді тым-тырыс. «Кім не айтар екен?» деген сауал бөрінің де көкейін тесіп тұрғандай. «Ал отырдым, енді не дейсіңдер?» дегендей Ерден де үнсіздікке көшкен. Қашанғы әдетінше мұндайда сөзді бастап беретін Шегір бұл жолы да сол ізге түсті.

– Уа, ағайын! Осы отырған бағаналының баласы бірімізге біріміз бауыр екеніміз Аллаға аян. Ата-бабамыз бақан таңбалы бабаларымның бірлігі бұзылмасын деп арқа етін арша, борбай етін борша еткені рас қой.

– Рас.

– Рас.

– Рас болса, бақан таңбалы бағаналы екеніміз де баршаға белгілі. Ата-бабамыз – сонау Кетбұқа бабамыз, одан әрідегі сонау Бесбалық қаласын бес рет шауып алған Ер Үрбі, Ер Қосай осы бақан таңбаны бекер алды ма?

– Жоқ.

– Жоқ.



– Олай болса, бақан таңбаны белгі етудің қисыны бар. Бақан шаңырақты көтереді. Шаңырақ – ердің тұрағы. Ер – елдің ертеңін белгілейтін басы. Ендеше біздің бір шаңырақтың астындағы атадан тарап, тұтас елге айналғанымызға кімнің күмән-таласы бар?

– Жоқ.

– Жоқ.

– Жоқ болса, біздің бағаналы балаларының іргесі берік, шаңырағы биік болуы – бірлігімізге сызат түспеуінде жатыр. «Төртеу түгел болса, төбедегі келеді». Ол төбеден келетін – күннің шуағы, Алланың нұры, шаңырақтың құты. Шаңырақтың тіреуі – бақан. Бақан таңбаны бабаларымыз бүгінгі күнге берік негіз қылады. Рас, соңғы жылдары төрт босағаның бір жағы кемшін түсіп келді. Аты ұранға шыққан батырымыз Сандыбай дүниеден өткелі де не заман. Талай көктем келіп, талай қыс өтті. Бірақ Сандыбайдың орнын басатын, босағаны берік ұстайтын жан алдымызға келген жоқ, – деген кезде Шалабайдың Шегірінің сөзін ортадағы Ерден бөліп жіберді.

– Уа, қадірлі би аға, олай деменіз. Алдыңызға келген жоқ емес, келді. Көрген жоқ емессіз, көрдіңіз. Дүзен ағам «Жол інімдікі» деді. Мені күтті. Мен атқа мінгелі де не күндер өтпеді. Әкем Сандыбай он бесінде жекпе-жек деп жауға шапты. Менің жасым одан асты. Осы отырған үш би, үшеуіңіздің де алдыңыздан өттім. Көзге ілмедіңдер. «Сандекем баласын ортаға алайық» демедіңдер. Содан кейін амал жоқ өзім келдім.

– Өзің келгенде қалай келдің?

– Ия, айтайын. Мен кермеден ат алып кеттім. Неге?

– Ия, бәсе, неге?

– Мен мінетін ат таба алмай кетті дейсіздер ме? Ағам Дүзеннің, әкем Сандыбайдың мыңдаған жылқысы маған жетпей ме? Жетеді. Мен ол екі атты басқа жерден емес, кермеден шешіп алып кеттім. Киіз үйде барлығың тым-тырыс отырсыңдар. Біреуің де «Атты алып кетер-ау, сырттан суық қол ұрынар-ау» дегенді ойға алмадыңдар. Күзеттерің жоқ. Көңілдерің жай. «Ақар-шақар әңгімемен шуылдап отырғандар есін қашан жияр



екен?» деп ойладым. Менің келгенімді білсін дегенімді де жасырмаймын. Кермеден шешіп алып, ақырын аяндап сонау белден асқанша артымнан бір адам «Оу, бұл кім, қайсың, елмісің, жаумысың?» деп шықпағаны қалай? Аң-таң қалдым. Бағаналының бүкіл бетке ұстары бас қосып отырған жердің қауіпсіздігін кім қарайды? Ауыл іші осындай болып, кім көрінген келіп, керегін сұраусыз алып кетіп жатса, анау Қоқанның жаналғыштары не істемейді? Олар құмның бергі бетінде ойына келгенін істеп, ойрандап жүр. Қарсы келер ешкім жоқ. Оған менің келгенім, белдеуден атты алып кеткенімнің өзі де дәлел. Міне, менің келуім. Сендер маған «Ал сен қалай келдің?» дейсіңдер. Мен, міне, осылай келдім. Әкем Сандыбайдың орнына, төрт босағаны берік ұстайын, бағаналының тышқақ лағының сирағы сынбасын, баласы жыламасын, анасы аңырамасын дегенді көңіліме түйіп, жүрегіме қондырып келдім. Міне, менің келісім. Қалай келгенімді көрдіндер. Енді не дейсіңдер? Мен тыңдайын сендерді, – деп Ерден үш биді және төр жағалай отырған игі жақсыларды көзінің қиығымен шолып өтті.

Үш бидің үшеуі де Ерденге «Ой, мұның қалай?» дей алмады. Біріне бірі қарап «Бұған не дейміз?» дегенді көзбен ұғысты. Мұндайда қасындағыларға қарап алып, сөзді соңынан қайыратын Бабыр би орнынан ырғала қозғалып, тамағын кеней сөзді өзі бастап кетті.

– Ағайын, қазақта «Тас түскен жеріне ауыр» деген сөз бар. Ауыл менікі болғаннан кейін әңгіменің ашығын айту – менің міндетім. Билердің кеңесі болатыны күн ілгері белгіленген. Оған мына отырғанның бәрі де шақырылып, айтылған. Өткенде, Ерденжан, өзің келіп, сәлем беріп кеттің. Сонда саған да айттым, білем. «Келерсің» дедім бе? Дедім. Рас, артынан ат шаптырып, арнайы адам жібермедім. Ондағым өз аузымнан айттым, бітті дегенім болар.

Ал әлгі айтқан әңгімең мені қатты ойға қалдырды. Оның рас, ауыл сыртына да, ішіне де күзет қойылмады. Әкең Сандыбайдың кезінде самсаған қалың қол онымен бірге ере келіп, ой мен қырды толтырып, тыныштықты сақтап, сақадай сай тұратын.



Байқасаң, бұл өзімізді өзіміз бағалап, сырт көз дұшпанның сесін алып, мысын басу екен. Оны енді жас болса да Ерденжан еске салды. «Әке көрген оқ жонар» деген. «Қасқа айғырдан қасқа тумаса да, төбел туады» дегенді де қазақ осындайға қарап айтса керек. Ерденжан есейіп, ел тізгінін қолына алуға жарап тұр. Мен Сандекемнің орнын басар, босағаны бекітіп, нығайтатын, жас болса да бас болуға жарайтын, жарамды ұлды көріп тұрмын. Маған салсаңыздар, Сандыбайдың орны енді бос тұрмауы керек, – деп, Бабыр демін тереңнен алып тоқтады. Осы сәтте отырғандардың дені Қарабала Қадір биге қарай қалыпты. Бәрінің ойындағысы – бір-ақ сөз. «Ол не айтар екен?»

Қадір би көпті тостырған жоқ. Отырған жерінде қарсы алдындағы Ерденді жаңа көргендей оған үңіле қарап, отырып-отырып сөзін бастап кетті.

– Білемін. Бәрің де «Қарабала Қадір би не айтар екен?» деп іштей болжап, жобалап-ақ отырған шығарсыңдар. Мейлі ғой. Менің айтарым көп болмас. Бабам Барлыбай хан Сандыбайға батасын бергенде, мен Қарабала Қадір би сол атамнан бата қалған атақты батырдың баласына ризашылықтан басқа не айтам? Бабам берген батамен, Алла жар болып, өсіп-өнген батырдың ұрпағына елдің жүгі – аманат. Елдің ендігі ыстығы да, суығы да, Ерденжан, сенің мойныңда. Біз – базардан қайтып келе жатқан жанбыз. Ал сен сол базарға енді бара жатқан жассың. Алдыңда атқарар іс, тындырар шаруа шаш-етектен, қарағым. Арамызға кел, бір босағаның тірегі, бүкіл бағаналының тілегі бол. Кәне, әкең Сандыбай отырған орынға сен лайықтысың. «Әке көрген оқ жонар» деген. Әкеңді жоқтатпа, оның бастаған ісін тоқтатпа. Кел, кәне, Бабыр би мен екеуіміздің ортамыздан орыныңды ал, – дегенде манадан бері осыны күтіп отырғандар шу-шу етіп қоштап кетті.

– Дұрыс-ақ!

– Бидің сөзінде қате жоқ!

– Елдің жүгі Ерденде! – дегендердің ішінен:

– «Есті жігіт елім дейді, ессіз жігіт елін жейді», тізгініңе ие бол, – деген Ақтаз Уәйіс бидің даусы ерекше естілді.



Оған жалт қараған Ерден:

– Уа, Уәйіс би, өте дұрыс айттың, кел бері, мына көптің алдында өзіңменен төс қағыстырып, енді қалған ғұмырымда қасымнан табылып, екі тізгін, бір шылбырды тең ұстауға септігім тисе екен деген тілегімді қабыл ет, – деді.

Жасы егделікке еңкейе бастаған Уәйіс би орнынан тұрып келіп, Ерденмен төс түйістіріп, достықтың жолын жарастыққа жалғады.

Ендігі кезекте «Ерден Қадір би мен Бабырдың ортасынан орын алатын шығар» дегендер оның Уәйіспен құшақтасқаннан кейін қайта сол орнына жайғасқанына таңғалғандай. Ортадағы орнына отыра салысымен Ерден:

– Ризамын. Қара басым қара жерге енгенше ел ісінен қашпаспын. Ата-бабамның салған жолынан адаспай, барша бағаналы баласын бірдей көріп, ала қойды бөле қырқуға жол бермеспін. Әкем Сандыбайдың отырған орнын ұсынған ағаларыма алғысым шексіз. Бізге бақан таңбаны белгілеп берген Кетбұқа бабамыздың әруағы бір аунап түссін, мен сіздерге ұлы Жолшының өлімін Шыңғыс ханға жеткізгенде бабамыз тартқан «Ақсақ құлан» күйін тартып берейін. Кәне, жігіттердің біреуі Күйеуқасқаның қанжығасындағы қоржындағы қара қобызды жеткізіп беріңдерші, – дегенде бағаналы балалары біріне-бірі қарап, шоқтығы биіктеп, еңселері көтеріліп сала берді.

Қара қобызды қолына алған Ерден:

– Бұл күй енді біздің әр кеңесіміздің басында һәм соңында ойналып отырсын. Кетбұқаның «Ақсақ құланын» домбырамен де, қобызбен де, сыбызғымен де тартатын ұрпақ көбейсін. Әр үйде қобыз бен домбыра барына күмәнім жоқ. Тек ол аспаптар баба күйін қатесіз орындайтын ұрпақтың қолында болса деген тілегімді баршаңыз қабыл алғайсыздар, – деді де, өзі қара қобыздың қыл ішектерін күңіретіп, Кетбұқаның «Ақсақ құланын» боздата тартты. Қобыздың қоңыр үні ішегін тарта ызылдай түскен сайын естігеннің сай-сүйегі сырқырап, тұла бойын беймазалық басып, ет жүрегі елжіреп, еріксізден ебіл-дебіл есі кете егіледі. Күй ойналып болғанда отырғандар «Үһ» деп дем-



дерін тереңнен тарта алып, босаған көңілді енді қайтіп орнына келтіреміз дегендей қобалжығандарын жасыра алмады. Өздерімен өздері әуреленіп кеткендей. Бұрындары да бұл күйді талай тыңдаған үш бидің үшеуі де таңданыстарын жасыра алмады.

– Паһ, шіркін!

– Қайран өмір-ай!

– Ханның алдында қалай тартты екен?

– Екінің бірі хан маңайына бара ма?

– Айтары жоқ. Ерденжан, тартуыңда мін жоқ.

– Өнерің өрлей берсін, – деген қошеметтерді естіген Ерден қобызды жоғары көтерген бойы алғашында өзін ұсынған Бабыр мен Қадір бидің ортасындағы бос орынға келіп тізесін бүгіп, малдас құра отырды. Оның бұл отырысы «Міне, мен келдім араларыңа» дегенді білдіргендей.

Өлгіндегі күйдің құдіретінен әлі де босай алмай отырғандар енді ғана Ерденнің төрден төрт босағаның бірі ретінде орын алғанын сезіне бастағандай. Қатар отырған екі би:

– Ал, Ерденжан, әкеңнің орнына отырдың. Алла орныңды хош көрсін! – деп оған жылы лебізін білдірді. Осы тілекке Шегірдің де:

– Ауыр жүкті арқаладың, қажыр-қайратың кетілмесін. «Елдің ісі – ердің ісі» деген, ұйқың аз, ісің көп болсын! – деп шегендеп, шегелеп айтқаны Ерденнің иығына артылған жүктің салмағын бұл ойлағаннан да ауырлатып жібергендей.

Сөздің парқын білетін Ерден де өзіне тиесіліден кейін қалған жоқ. Қолындағы қобызын көтере ұстап:

– Уай, ағайын, құрмет-қошемет, сенімге ризамын. Мына қасиетті қара қобызды Кетбұқаның көзі дейік. Осы қобызды қолыма ұстай тұрып, Кетбұқадан тараған барша бағаналы ұрпағына жан-тәніммен қызмет етуге ант етемін. Қолымдағы қобызым жақсылықтың күйін шертсін. Әрісі Ер Үрбі мен Домбуыл, Кетбұқа бабалардың ізі болып, кейінгіге жалғайтын ұлағатты ұрпаққа үлгілі іс, өнегелі жол қалсын. Әкем Сандыбайдың орнына – төрт босағаның бірінің билігіне қол жетсе, ол – мына сіздердің сенімдеріңіз. Алланың қалауы. Мен ісіме адал болуға



ант етемін! Ант етемін! Ант етемін! – деп үш қайтара айтқанда, гүрілдеген дауысы кәдімгідей-ақ тарғылданып, жанарының алды суланып, енді болмаса ағыл-тегіл аға жөнелегіндей. Жас жігіттің жан-тәнімен, бар болмыс-бітімімен егіле айтқан сөзі көбінің-ақ көңілін босатып жіберді.

* * *

Інісінің төрт босағаның бірін басқаратын болып, әкесі Сандыбайдың орнына отырғанына Дүзен қуанып, «Бұл енді үнсіз қалатын шаруа емес. Алыс-жақындағылардың басын қосып, әкемнің бейітінің басында ас беруім керек» дегенді көңіліне қондырып үлгерді. Ол ойын орайын келтіріп, інісіне жеткізіп:

– Ерденжан, бұған сен қалай қарайсың? – деп ақыл салды. Ағасының айтқанына құлақ түріп тыңдайтын Ерден бұл жолы да:

– Аға, бұл енді менің жеке өзім шешетін шаруа емес. Өзіме салсаңыз, «ия» деймін. Әйтсе де бұрынғылардың «Ат сатсаң – ауылыңмен» дегені бар емес пе? Бұл істі Қадір, Бабыр, Шегір бидің алдынан бір өтіп, олардың ақыл-кеңесін алып, кімдерді шақырып, қайда, қалай өткізудің жайын анықтап алсақ артық болмас. Алда-жалда «Ас береміз, ал келіндер» дегеніміз олардың алдын орап кеткендей көрінбей ме? Оның сыртында, әр қадамымызды бақылап-бағып отырғандар «Е, Ерденнің қолына билік тимей жүр екен, әне, бұрын бұлар лақ сойса да ақылдасып отырушы еді. Енді өзім білемдікке көшіпті» деп көбікті көпіршітуге жол ашпайық. Алдымыздағы ағаларым не дейді, солардың жайын білейік. Олар бір ауыздан «ие» десе, құдайға шүкір, бәрі де бар ғой. Құран оқытқанның артықшылығы жоқ. «Өлі риза болмай, тірі байымайды» демей ме? Менің ойым осы, – дегеніне Дүзен:

– Оның да дұрыс екен, – деп, үш бидің ойын білу үшін, ас берудің жайын біліп келуге шабарманды жіберді.

Үш бидің де сөзі бір жерден шықты. Үшеуі де Терісаққан бойындағы арғын, қыпшақтың атақты мырзалары мен бектерін және бағаналының төрт босағасын ұстап тұрған ру басшыла-



рын түгелдей шақырып, бірліктің бекемдігін, ниеттің түзулігін, мақсаттың ортақ, ынтымақтың ықыластылығын тағы бір айқындап алудың игі бір шарасы болсын десті. Жан-жаққа жіберген хабаршылар: «Келмейтіні жоқ. Бәрі де келеді. Тіпті осы хабарды көптен күтіп отырғандай. Желпініп, еңтігіп отыр», – дегенде өздерінің де көздері күлімдеп, «Тойдың болғанынан боладысы қызық» дегенді еске алып, естері шыққандай жымың-жымың етеді.

Үш бидің үшеуі де келесі кеңесті Сандыбай шоқысының түбінде өткізуді жөн санағанына Дүзен мен Ерден ерекше қуанды. Терісаққанның бір бүйірінде жатқан Сандыбайдың шоқысы екі жаққа да тең. Аға баласы арғындар мен төскейде малы, төсекте басы қосылған қыпшақ бауырлардың да «Дұрыс болған екен» деген бір ауыз сөзі бұларды ғана емес, бағаналының барлығына да сенімділік пен бірліктің бекемдігін тағы да бір дәлелдеп бергендей.

Туар айдың екінші жұмасының намазын шоқының түбінде оқуға келіскендерді күту үшін Жырықтың балалары тайлы-таяғына дейін жиналып, «Батырдың артындағылардың атқарған ісінен шалалық шықпаса екен» деген ниетпен қарбаласа жұмысқа кірісті.

Дүзеннің өзі күнделікті атқарылып жатқан істің жайын сырттай бақылағаны болмаса, кімнің немен айналысқанында жұмысы болған жоқ. Оның орнына есік пен төрдей болып, жүздің ішінен биік төбедей болып бөлек көрінетін Жанұлы мен Қозыұлы екеуі екі жақтан шапқылап жүріп, қазан-ошақ пен киіз үйлердің орнын белгілеп, ру басшылары мен билерге арналған жеке-жеке ақ ордалардың жабдықтарына дейін көзбен көріп, қолмен ұстап, басқа да керек-жарақты анықтауды қолға алды. Келгендердің аттары тұратын керменің де көрнекі жерде болуын назарға ұстады. Екі алыптың алдына ешкім шығып, «Мынауың не?» дей алмайды. Дүзеннің үлкен ұлы Жанұлының бойы екі кезден асып тұрса, оның кіші інісі Қозыұлының да сырықтай тұлғасы қарсы келгеннің есін алатындай. Екі иықтарына екі кісі мінгендей. Төңкерілген төбедей бастарындағы шашты ұста-



рамен жылтыратып қырып тастаған. Таздың төбесіндей жалтырайды.

Туған айдың екінші сәрсенбісі күні Сандыбай шоқысының түбіне үйлердің бәрі түгелдей дерлік тігілді. Сойыс малы алдырылды. Әр ру мен сыйлы меймандарға арналған үйлердің күтуші-даяшыларының әрқайсысы да өздеріне тапсырылған жұмыстың көлемін анықтап, оны қалай орындайтыны жайлы сұрақтарға толық жауап беріп, кісі күтуге дайын екендігін дәлелдеп шықты.

Көңілде иненің жасуындай да күмән-күдік қалмаған Дүзен түстен кейін інісі Ерденді өзіне жеке шақырып, билерге арнайы тігілген жиырма төрт қанат үйдің ішкі жасауын бірге қарап шықты. Төрт бидің де орны бұрынғыдай тізе түйістіріп, қатарласа отырудан бөлек, жеке-жеке орталары ашық қалдырылыпты. Әрқайсысының да қасындағы ақылшы-кеңесшілері қажет кезінде қасынан табылатындай, оларға да жақыннан орын берілген. Енді тек «Билердің қайсы қай жерге отырады?» дегенге келгенде Дүзен:

– Бұл енді біз шешетін шаруа емес. Билердің өздері анықтайды. Бұлжымайтын бір іс ол енді, бағаналының пірі әрі биі саналатын Қарабала Қадірдің оң жағында Шегір, сол жағында Бабыр би отырады. Себебі Шегірі – шешені, Бабыры – мырзасы, Сандыбайы – батыры саналған.

Қадір бидің әкесі Түрікпенбай да Орта жүзге билік айтқан атақты, аузы дуалы, сөзі уәлі би еді. Оның ұлы Қадір би дін оқуын оқып, оны үздік бітірген, қарилік деңгейдегі білімі бар, сауатты. Сол үшін де оны бағаналының пірі санайды. Сол піріміз әрі биіміз төрден орынды алса, қалғаны өздері-ақ жөнін табады. Ал, Ерденжан, осы жерде сенің бір жайды ұғып алғаның жөн, – деп інісі Ерденге және бір қарады.

Ағасының тектен-текке салмақ салмасын білетін Ерден «Маған тағы не жүктейін деп тұр?» дегендей оған сұраулы жүзін бұрды. Інісінің лып ете қалатын қызбалығын әлі де жас қой деп ойға алған Дүзен:



– Ерденжан, бұрынғылар «Жас кезіңде жан денеге сыймайды» дегенін естіп пе едің? – деді. Оның не айтқысы келгенін енді ұққандай інісі де мырс ете күліп жіберді де, жауабын кешіктірмей қайтарды.

– Қызбалық пен құштарлықтың басымдығы болар.

– Әрине, жастықтағы албырттық әрдайым алға шығара бермейді.

– Оны неге айтып тұрсыз?

– Айтып тұрғаным, сен жас болсаң да, енді бас болдың. Әр сөзіңе қарауыл қой. Не айтсаң да, енді сенің сөзің бағаналының төрт босағасының бірінің сөзі болып естіледі. Осыны білетін шығарсың?

– Білемін, білгенде қандай.

– Білсең, алдыңдағы бұл үш би ағаларың әкең Сандыбайды сыйлады. Бетіне жел болып тиген жоқ. Сөзіне қарсы келмеді. «Батыр, батыр» деуден танбады.

– Оны да білем. Естігенмін.

– Білгенің жөн. Естігеніңді енді көзіңмен көретін кез келді.

– Білемін, аға.

– Білгеніңнің сыртында, сол үш бидің айтқандарынан ой түйіп, сараптай алатын жайға жетуің керек.

– Иншалла, аға, кір келтірмеспін.

– Солай болғай дейік, әлгіде айттым. Қадір биді пірім деп біл. Шегірді «шешен Бозжорға» деп бекер айтпайды. Ал Бабырдың мырзалығының сыртында, алдағыны болжай алатын қасиетін қалың ел бағалайды. Міне, осы үшеуі – бүгінгі бағаналының бағы мен бақыты, құты мен ырысы. Ертең сені де олар «Сан-декемнің орнын басқан батыр» деп беделіңді көтеріп, беліңді бекем буғызар. Сонда, әлгінде айтқанымдай, жастықтың жалынына маздап, «Менің айтқаным – айтқан» десең атыңа да, атағыңа да кір келтіргенің. Піріңе бас и, шешеніңе сөз бер, мырзаңның қасында бол, жауға қарсы тұр. Елдің қай шаруасы болса да бөлектенбе, бөлінбе. Бағаналының ұраны да, ұғымы да – бірлік. Қалың қазақ сонысына орай Кетбұқаның кезінде-ақ «Бағаналы орда – басты орда» деген. Сол атты ардақтау – борыш.



Бізге – бағаналы балаларына сырттан қадалар көз көп. Ел ішін бұзғысы келетіндер бұрын да болған. Қазір де бар. Келешекте де кездесер. Бірақ оларға бел бермейміз деген бағаналының әр баласының бұзылмас берік қамалы – бірлік екені есіңнен шықпасын. Айтайын дегенім саған тіптен де ол емес.

– Нені айтайын деп едіңіз?

– Айтпағым, үш бидің сипатын танып-білдің.

– Білдім.

– Ендігі кезек сенің өзіңде.

– Өзімді өзім танымаймын ба?

– Әлі де танымайсың. Танылған жоқ, танытқан да жоқсың.

– Қалайша?

– Ол солай, ел тану үшін терің төгіліп, еңбегің өнсін. Ерлігің асып, жауың қашып, дәулетің тасып тұрсын.

– Алла қаласа.

– Алла алға ұмтылғанды қолдайды. Сені үш би де, былайғы ел де «Батырдың ұлы, Сандыбайдың сары Ердені» дейді.

– Десін.

– Дегізу үшін ерлігің мен өрлігің, елдігің тең тұруы керек. Сол үшін де саған арнап, ұсталарды жиып, әкем Сандыбайдың сауытындай, алтын баулы, жез жабулы, күміс қынды, тоғыз қабат тор көзді сауытты соқтырдым.

– Әкемнің сауытын кисем де болмай ма?

– Болады, бірақ...

– Не бірағы бар, аға?

– Бірағы сол, әкеңнің сауыты саған кең екен. Найзасы шақкелер. Қорамсағы толық дейік. Қылышы мен қынабы жарқ-жұрқ етеді. Дулығысына таққан үкісі желбіреп, көргеннің көзінің жауын алады. Оның сыртында, Сандыбайдың ұзын бойына, толық денесіне шақталған сауытты бұл маңайда шақтап киетін алып көзге көрінбейді.

– Сонда не, анау Жанұлы мен Қозыұлы ағаларыма да үлкен бе?

– Әңгіменің өзі де сонда тұр. Ол екеуінің сырықтай бойы шамаланғанымен де жалпы тұрқы келмейді. Ол екеуі де мына өзің



шамалас. Екеуі де сенен бойының сәл-пәл ұзындығы болмаса, тұлғалық жағынан өзгешелене алмас.

– Түсіндім. Ол екі ағамның қасында мен өзімді кішігірім көріп жүр едім. Әкемнің сауыты ол екеуіне солай болса, енді айтарым жоқ.

– Сондықтан да барып, өзіңе арнап алтындатып, жарқылдатып, ең бастысы шапса қылыш өтпейтін, атса оғы теспейтін, жаныңды қорғайтын берік сауыт соқтырдым. Ертең билер бас қосқанда ант беріп анттасып, Құран ұстап серттескенде, сенің үстінде соның болғанын қалаймын.

– Ол үшін не істейін? Сауытты киіп қарсы алайын ба? Әлде бәрі аталғаннан кейін барып киіп келейін бе? Қалай дейсіз?

– Соны ақылдасып тұрмын ғой. Әсілі, ас ішіліп, әңгіме ашылып, мәселелерді талқылап болғаннан кейін, «Қорғаным – сауытым, қорғаушым – қауымым» деп, беліңе қылышты тағып, қорамсағыңды иығына іліп ортаға шығарсың.

– Ал шыққаннан соң?

– Үш би бата берер.

– Берсін.

– Қалың ел «Сауытың құтты болсын» деп тілегін айтып, «Орнында бар оңалар, орнында жоқ жоғалар» деп, қошемет пен құрметке бөлер.

– Дұрыс екен.

– Дұрыс болса, сол сауытыңды бүгіннен бастап үстіңе киіп, бойыңды үйрет. Атыңа мініп, ойқастай шап. Ат үстінде шауып келе жатып, жерде шашылған түйенің құмалағын найзаға түйреп өт. Ең бастысы, орыстың бесатарымен нысана атып, оқ дауысына құлақты да бір үйретіп ал.

– Ол не үшін?

– Алдағы ендігі тірлік ақ найзаның ұшына да, қылыштың өткір жүзіне де байланысты болмас. Ойдағы орыстың от қаруына көз де, құлақ та үйреніп, әр ауылда, әр үйде, бағаналы балаларының бәрінде де бір-бірден сол орыстың мылтығы болуына қол жеткізу керек. Сол үшін де оның құдіретті қару екеніне көптің көзі жетсін.



– Ұқтым. Түсіндім. Солай болса, болсын.

Дүзен інісінің «Мақұл» деген сөзінен-ақ ойын түсініп, «Солай болсын» деп көне қалғанына іштей қуанғаныменен де, онысын сыртқа, інісінің өзіне де аңғартпады. Тек:

– Көптің алдында сауытты жаңа көргендей, жаңа кигендей болып, аяқ-қолыңды алып жүре алмай, талтаңдап, жалтаңдап қалмау үшін осы қазірден бастап дайындыққа кіріс, – дегенді қадап айта берді. Ерден шыдамады білем, әлден соң:

– Оның керегі қанша, аға? Бір киіп шығып, қайтадан шешіп қоймаймын ба? Үстіме күнде сауыт киіп, сақылдатып, сартылдап жүрмейтін шығармын, – деді.

– Әрине, бірақ өз денеңе өзің ие болу үшін өз ырқың мен үстіндегі киімің де ыңғайыңа көніп, икеміңе иілуі керек. «Е, мынау әлі шикі екен-ау» демесін. Сол үшін де атқан оқтай, жалындаған шоқтай болып, көзді қарықтырып, көңілді бағындырып алуың шарт. Осыған келісейік.

– Келістік, – деп Ерден де келісті.

Сандыбай шоқысының түбіндегі көк шалғынға жағалай тігілген киіз үйлер көргеннің көңілін көтеріп, «Осындай да «қой үстінде бозторғай жұмыртқалар» ауыл бар екен-ау» дегенді көңілдеріне еш шүбә, күмән-күдіксіз қондырғандай. Дөңгеле-не тігілген ақ үйлердің ортасындағы жиырма төрт қанат ақ орданың төбесінде оюы алыстан көрінетін көкшіл жолақты ақ ту желмен желбірейді. Тудың дәл ортасындағы бақан таңбаны белгілеген жасыл жолаққа кім болса да көзін салмай өте алмастай.

Бақан таңбаны жасыл жолақпен өрнектегенде де шебердің шеберлігі танылып тұр. Жақындап келіп нақтылағанда да сол оюлы өрнекті бақан таңбаның белгісі көтеріп тұрғандай. Бұл бақан таңбалы бағаналылардың алыстан көрінер ақ ордасы екенін баршаға білдіріп тұрғандай.

Дәл кешегі Кетбұқа ноянның кезіндегідей болмаса да, соның көзін көргендердің үлгісін сақтап, соны әкеден балаға жоғалтпай жеткізген ұрпақтың ұқыптылығы да тудың ортасындағы бақан таңбаны шаңырақтың киесіндегі көрінуінде. Ақ ордадағыларға да «Шаңырақ – елдің белгісі, ердің отаны, көктегі



күннің мейірі мен шапағын алғаш қабылдап, содан кейін барып оны елге, жерге құт етіп тарататын кие» деп санап, сол шаңырақты көтеретін, оны шаңырақ етіп ұстайтын көп уықты оған тіреуіш ететін бақанды бақыттың, байлықтың бастауы дейтіндердің тілектері мен армандарының да тоғысы осы бақанға тірелгендей. Қалың ел төрт босағаның еңсесі енді бұрынғыдан да биіктеп, беріктене түсеріне сенімдері тіпті де нығая түскен.

Айтылған мезгілінде бағаналының үш биі үш тараптан бір мезгілде, бірдей келіп жетті. Қайда, қашан барса да бөгелмей, бірін-бірі күттірмей қатар келетін үш бидің бұл үрдісті қалайша берік ұстап жүргеніне, сырттағылар тұрмақ, осы бағаналының өз ішіндегілері де кей-кейде «Бұлар қашан, қай жерде кездесе қалады? Әлде бірін-бірі күтіп, алыстан хабарласып, жақын келе табыса ма?» деп те ойға қалатын. Бірақ олардың алысты жақын ететін, қашықтыққа жылдам жеткізетін қалмаған көңіл, суымаған достық пейілдерінің кеңдігіне көбінің ойы жете бермейтін.

Олардың үшеуі де елдің де, жердің де жағдайына жетік. Баратын жерлерін көзбен шолып, көңілмен болжап, төтесінен өтіп, төбесінен бір-ақ түсетіні белгілі. Жүрер мезгілі де анық. Қайда болса да бозала таңнан тұрып, жолға шығып, шолушылары арқылы жан-жақты барлай отырып, түйісер жерге тоқтамай жетеді. Бұл жолғылары да сол қалыпты іздің бұзылмай сақтағанының белгісі.

Әр босағаның билері өздеріне арнайы тігілген үйлерге жайғасты. Терісаққан бойын тұтас жайлаған арғын аға балаларының да бетке ұстарлары жол-жоралғысымен келіпті. Атқа мінсе, самсаған қалың қол дейтін қыпшақтардың да бергі беттегі ығай-сығайлары: «Ниет қабыл болсын!» – деп ортақ пейіл, ықылас көңілдерін көтере жеткен. Әрқайсысы да ине-жіптен жаңа шыққандай жаңадан жабдықталған, алғаш рет тігіліп тұрған жаңа үйлерге жайғасыпты.

Таң бозындағы намаздан кейін әруаққа арнап құран оқылып, құрбандық шалынды. Енді әңгіменің негізгісіне кірісуден бұрын Сандыбай әулетінің бұл жолғы игілікті істі қолға алып,



ағайынның басын қосуға ұйытқы болғанына алғыс айтып, бағаналының үш биінің атынан, әрі бір жағынан иісі Қожастан келіп тарайтын көп жақындығы бар Бабыр би көпшілікке сөз арнады. Ол қашанғы әдетінше қысқа қайырды.

– Ендігі әңгіме бағаналының төрт босағасының бірі Сандыбай батырдың орны болатын. Саңдекем өткеннен бері бұл орын жетімсіреп тұрған. Енді, билердің өзара шешімі бойынша, сол орынға батырдың ұлы Ерденнің отыруына келіскен едік. Пәтуаға келіп, орнына отырғызудың кішігірім жолын жасадық. Сол жолы бізге Ерденжан үлкен ой салған.

Жас болса да, енді елге бас болған Ерденжан «Әкем Сандыбайға бір құран оқып, басына барып құрбандық шалмай, көрші-көлемнің алғыс-батасын алмай, бұл орынға мен қалай отырамын?» деген болатын. Сол ретімен бас қосып отырмыз. Ендеше, батырдың ұлы Ерденжанды «Төрт босағаның бірінің басшысы» деп қалың елге құлағдар етудің сәті келді. Алла ісімізді лайым да хош көрсін! Жақсылардың батасын алып, Сандыбай батырдың орнына отыратын Ерденжанға «Босағаң берік, шаңырағың биік, бақаның нық, төрт құбылаң тең болсын» деп, билердің қасына құрметтеп отырғызайық. Содан кейін де біздің бағаналының өз ішіндегі шешетін істер аз емес. Осыған «ия» десеңіздер, Ерденжанды орнына отырғызып, әрі қарай бастаған шаруаның қамына кірісу қажет, – дегенде манадан бері дәл осы сәтті күтіп отырған көпшілік ризалықтарын жаудырды. Құтты болсын айта бастады.

* * *

«Сандыбайдың сары Ердені бағаналының төрт босағасының бірінің басшысы болыпты» деген хабар келесі күні-ақ ескен желден, ұшқан құстан, шапқан аттан, атқан оқтан да озатын жылдамдықпен кең далаға тарап кетті. Ойдағы орыс, қырдағы қытай да, оң-солындағы қырғыз бен өзбек те бұл хабардан тыс қалған жоқ. Қайсы болса да: «Бұл қазақтар бір-бірін көтеріп, мақтап, мадақтаудан жалықпайды осы, ө?» – деп, біріккен елдің бірлігіне қалай да сына қағудың жолын іздеп, қызғаныш-



тың қызыл суын селдетіп-ақ жібергендей. Әсіресе, Қоқан хандығына бұл хабар онша жайлы тие қойған жоқ.

Қоқандықтар хандық жариялағаннан бері бағаналыларға қарсы қаншама жорық жасаса, сонша рет соққы жеді. Әйтсе де, «Жығылған күреске тоймайды» дегендей, әлі күнге дейін атқа мінсе «Бағаналыларды шабайық» деп шабынып шыға келеді. Бұл – бір күннің ісі емес. Бастауы сонау ғасырға жуық артта қалса да, Қоқан хандары «Ұлытаудың басын, қос Кеңгірдің жағасын жайлап, Жошының жатқан жеріне туымызды жоғары тігуіміз керек» дегеннен танбай келеді.

Ең алғашқы Қоқанның хандығын жариялаған Шахрух би өзінің тегін Шыңғыстан тарайтынын айтқаныменен де, былайғылар оның хан тұқымынан емес, Мың тайпасынан тарайтынын тайға басқандай етіп, бетіне айтқан. Бірақ ұлық қағанның атына ие болып, «Асыл текті тұқымбыз, әлем бізге бағынуы керек. Біз – Жошының ұрпағымыз» деуден жаңылмаған Шахрух ханның қалың қолы Ұлытауға дейінгі жолдағы елді түгелдей өз дәрғағына бағындырып, алым-салық төлетіп кіріптар етті.

Суы мол, нуы қалың Ферғана жазығындағы Қоқан қаласын мекен етіп, өздерін сол қаланың атымен «Қоқандықтармыз» деп атайтын түп тегі белгісіз немелер елеусіз тайпадан тарағандарды маңайына таңдамай жинай берген. Қазақ даласына «Ақтабан шұбырындыны» ала келіп, жеңіліп тоз-тозы шыққан жоңғарлардың да қашқан-пысқандары осында пана тапқан.

Өздерін «қалмақпыз» деп атаған жоңғардан бөлініп қалғандар, саны жағынан хан әскерінің негізгі басым бөлігін құрағандықтан да, олардың сөзі өтімді. «Бағаналыларды бір бағындырсам-ау» деумен Шахрух би де өмірден өтті. Оның қалың қолын бастап барған қарақалпақ Нұртай батыры Барлыбай ханның қолынан жеңіліп, жас жігіт Сандыбайдан қаза тапты. Бұл кек қоқандықтардың жүрегіне қанжардай қадалды. Былайғы елдің бірде-біреуі дәл оларға осы бағаналы сияқты қарсылық танытқан емес.

Арал мен Шудың бойындағы қазақтар Қоқан хандығына түндік басы алты қой, жиырма төрт қап көмір, төрт өгіз арба



сексеуіл мен жүз бау қамыс буып берумен бірге, атқа мініп, найза ұстап, қылыш шауып, садақ тарта алатын әрбір қазақ хан әскерінде қызмет етуге міндеттелген. Мұның біреуі орындалмаса, сол ауыл үлкен жазаға тартылады. Солай болған.

Шахрух бидің салған бұл салығын одан кейін таққа отырған Ирдеши би де, Әлім хан мен Омар хан да өшірмеген. Тіпті Мұхаммедәлі Мәделі ханның кезінде «Салық төлеуге жағдайы келмегендердің жас қыздарын алуға да болады» деген жарлығы шықты. Содан болар, Мәделі хан өлді дегенде қазақ даласындағылар қуанған. Бірақ оның ісін Әлім ханның інісі Шерәлі жалғап, салықтың түрін оңға дейін жеткізді.

Шу мен Арал, Ташкент пен Бұқараның тұрғындары да салықтан қажып, «Осыдан құтылар күн бар ма екен?» деп зар еңіреп, Аллаға жалбарынып, Қоқаннан құтылудың жолын іздеудеген. «Мына жағы өзбектер мен қырғыздарды да айтқанына көндірген Қоқан хандары бағаналыға келгенде қалайша дәрменсіз?» – дегенді, өзге тұрмақ, қоқандықтардың өздері де бірінен бірі сұрағанда: «Е, қойшы, бір-ақ күнде басып аламыз оларды», – деп жұбататын. Бірақ бір ғасыр бойы арпалысып, ала алмай келе жатқанда іштеріндегі ақыл-есі бүтіндері: «Бұлардың бірлігі, шапшаңдығы бізден басым. Төрт босағасы берік. Төртеуі түгел тізе қосып тұр. Бұларды жеңу үшін арасына жік салып, бірі мен бірін шарпыстыру керек. Тату тірлігін бұзбай, бұларды жеңу оңай емес. Әңгіме әскердің көптігінде емес, ерлерінің еркіндігінде, елінің бірлігінде», – деп, нақты жайдың бетін ашық айтып жүрді. Алғашқыда бұған бәлендей мән бере қоймағандар, келе-келе мұның түбінде шындық жатқанын түсінді. Түсінді де, бағаналының бірлігін бұзу үшін тыңшыларын таңдап, ойдан қиял мен өтірікті біріктіріп, «Бағаналы деген кім?» дегенді желдей естіртіп, нәсердей селдетіп, әр жерде, әр елге таратудың жолын іздей бастаған.

Әлім ханның кезекті кеңесінде алты уәзірін қатар отырғызып:

– Кәне, қайсың не айтасыңдар? Айтыңдар. Бұл бағаналыны қалай жоқ қылуға болады? Не айтасыңдар? – деп жеке-жеке сұрағанда, олардың бәрі де:



– Оның не қиындығы бар? Қолымызда жиырма мың әскер бар. Бағаналыларға күш жетеді. Бір күнде жермен-жексен етейік, – деп гу-гу еткенде хан:

– Оттапсыңдар! – дейді. – Осы отырған қайсың сонау Нұртайдан асқан ер едіңдер, ә? Кәне, қайсың? Барлыбай ханның шамалы қолы үш мың әскерді тас-талқан еткенін естен шығардыңдар ма? Одан кейінгі Өндірдің өлімі ойда ма? Сендерден мен жөні түзу сөз шыға ма десем, баланың сөзін сөйлейсіңдер, – деп ашуланады.

Бәрі үнсіз. Сәлден кейін барып ханың өзі:

– Бағаналылардың қаруы да, күші де бірлігінде. Бәрі де ел бірлігі үшін жан қиюға әзір. Анау Өндірді өлтірген батыр кім еді, ә? – дегенде, әскербасы Әмір ләшкер:

– Ой, ол бағаналы емес, балталы Қашқын батыр ғой, – деп ақталған сыңай білдіргенде, жаяу әскер мен зеңбіректі басқаратын Найып уәзір:

– Бағаналы мен балталы – екеуі ағайынды емес пе? – деп өзінің бұлар жайлы білетінін сездірген. Сонда атты әскер жөніндегі Ынақ уәзірі:

– Менің де түсінбейтінім бар. Тіпті таңым бар, – дегенде басы ханның өзінен бастап оған сұраулы жүзбен бәрі де қарай қалған. Ол ойын әрі қарай сабақтады.

– Менің түсінбейтінім сол, бағаналылар қалайша бірге туады осы? Бақан – ол таңба. Ал ағаш таңбадан адам тарайды деген миыма да кірмейді, – дегенде Ынақ уәзірге хан:

– Уәзір мырза, сен өзің кімсің? Айтшы. Сыртқа өзіңді кіммін деп таныстырасың? Айтшы. Естиік, – деді ежірейіп. Ынақ уәзір бөгелмеді.

– Мен бе? Мен қоқандықпын.

– Қай қоқансың? Бағаналының қоқанымысың?

– Жо, жоға, құдай сақтасын. Қоқан хандығынан дегенім ғой.

– Қоқан деген қаладансың ба?

– Ие, ие.

– Олай болса, сенің тегің, түбің кім? Қоқанмын деп қалай айтасың?



– Енді мекенім, мемлекетім, мәртебе – бәрі-бәрі Қоқандікі болғанда мен қоқандық болмай кім боламын?

– Әне, жобаға келе жатырсың. Бірақ сені осында алып келген күш не?

– Ол – енді менің туыстарым, қандастарым. Бәрі-бәрі осында.

– Олар да қоқандықтар ма?

– Енді қалай?

– Әп, бәлем, өзіңе келгенде бәрін де біліп тұрсың. Ал бағаналы, балталы дегенде «Ағаштан адам туа ма?» деп аузыңды ашып, аспанға қарайсың, рас па?

– Енді қайдам, қалай екенін...

– Білмесең, біліп жүр. Кәне, мұны білмейтін және қайсың бар? – деп хан алты уәзірді көзін жүгіртіп бір шолып өткенде, аса көп сөйлемейтін, әкімшілік мүлік жөніндегі уәзірі Есік ағасы:

– Хан ием, рұқсат болса мен айтып көрейін, – деп орнынан қозғалақтай бергенде хан:

– Ал айта бер, – деп, оған құлақ түрді.

Есік аға лауазымындағы уәзір – қазақ арасында көп болған қарақалпақ жігіті. Даусын кеней бір қырнап алды да, сөзін өзіне тән әдемі әуенмен бастай берді.

– Хан ием дұрыс айтады. Біз өзімізді қоқандықтар дейміз. Ал бағаналы, балталы – ол кешегі Жошының қасындағы Кетбұқа, Келбұқаның ұрпақтары. Жалпы найман елі таңба таратқанда Кетбұқа шаңырақ иесі – бақан таңбаны, Келбұқа – балта таңбаны қалап алған. Нақтылап айтсақ, наймандар ғана емес, иісі қазақ бақан таңбаны көрсе «Е, бағаналы» дейді. Балталы да солай. Ол – енді «Бақан» дегенде Кетбұқаның, «Балта» дегенде Келбұқаның атының аталғаны. Кетбұқаның лақап аты «Бақан» болса, Келбұқанікі – «Балта». Сол Кетбұқаның көп әйелінен тараған ұрпақ өзін бір сөзбен «бағаналымыз» дейді. Оның төрт босағасы Кетбұқадан басталатын Шегедек, Шегелек, Шүрешек, Шәуешектен өрбиді. Жалпы бағаналы болғанымен, осы төртеуден басталатын рудан бүгінгі төрт босағаның іргесі қаланып, сол қалпында ажырамай, Кетбұқадан бері тулары-



на бақан таңбаны ойып салып, аттарының теріс жағынан сол белгіні басып келеді. Балталы да солай. Бұған ешкімнің де еш уақытта да күмән-күдігі болған емес. Болмай келеді, – деп бір тыныстап, ханға «Артық кеткен жоқпын ба, тақсыр?» дегендей күлімсірей қараған.

Оның осы бір мысыққа ұқсап, мұртын ширата, басын шұлғып-шұлғып, көзін ашып-жұмып, дауысын ырғақтата сөйлегенінен әр кезде де ығыр болған хан бұл жолы «Жарайсың» дегендей сәл жымыып, басын изеп, қолын көтеріп «Отыра бер» деп белгі берді де, «Тағы кімнің айтары бар?» дегендей уәзілеріне иек қаққанда, ханның жеке күзетінің басшысы мен сарай шаруасын басқаратын хан кеңесшісі екеуі бірдей сөйлеуге ыңғайлана бергенде, оларға:

– Кезекпен, алдымен күзет басшысы, содан кейін кеңесшіні тыңдайық, – деді.

Егде жасқа келіп қалған күзет басшысы уәзір қысқа қайырды:

– Хан ием, оның көп айтатын ештеңесі де жоқ. Ол бір үлкен, азулы мемлекет емес. Рас, арғы-бергі жағында орысты қалқан етіп, содан қару алып, соны бетке ұстауда. Олардың жанын сақтап келе жатқан, ол – орыстар. Ал жалпы бұл қазақтардың бірін-бірі көре алмайтын бір ауруы бар. Осыны пайдалануымыз керек.

– Ол үшін не істе дейсің?

– «Алтын көрсе, періште жолдан таяды» деген.

– Нақтырақ.

– Нақтыласақ, арасына іріткі салып, тоз-тозын шығарайық.

– Босағасы берік. Сөзге ермейтін, діні қатты бағаналы баласы сен айтты екен деп елп ете қала ма, ө?

– Жоқ, мен айтты деп емес, қазақтардың басқа руларын тарту керек. Билікке, байлыққа құштар қазақтар арасында алтын берсең айтқаныңды асыра орындап шығатындар табылады.

– Мәселен?

– Мәселен, орыстарға тілмаш болып жүрген татарларға пұлын ұсынып, «Анау бағаналы кім ол?» деп басқаратын адамының құлағына құю үшін алтын берсең айтқаныңды істейді.



– Солай ма, кеңесші уәзір, сенің ойың қалай? – дегенде, мап-майда ақ сақалы сөйлеген сайын жалп-жалп етіп, ауыздан шыққан леппен әрлі-берлі желбіреп тұратын кеңесші уәзір:

– Хан ием, осы айтылғанның бәрі де дұрыс. Бірақ, менің білуімше, дәл қазіргі таңда, төрт босағаның билері түгел тірі тұрғанда бұлардың ортасынан сөз өтпейді. Басқаның сөзін олар елең де етпейді. Әңгіме тек сол төрт босағаны басқарып отырған билердің көзін жоюдың жолын іздеп, оны орындайтын жалдамалыны табу қажет. Әйтпесе, бұл бағаналы орыс патшасының өзіне де қолдағы билігін толық бермей, өз тізгінін өздері ұстап келеді. Мұны да ескеріп, жансыздар арқылы орыс билігіне хат жаздырып, көршілес руларды айдап салып, іштен дау туғызсақ, оларды сырттан барып, өзіміз шауып алу оп-оңай болар-ау, – деп демін алып, еңтіге тоқтады.

Оның «тыңшыларды салып» дегені ханның ойын түртіп өткендей.

Екі жағына үш-үштен бөлініп, қаз-қатар отырған алты уәзірді түгел тыңдап шығып, «Енді не айтсам болады?» деп отырғанда кеңесші уәзірдің «жансыздар» дегені тыңнан жол салып бергендей болды. «Шынында да, осы біздің жансыздар, сырттағы көзіміз бен құлағымыз болып жүрген жалдамалы салпаңқұлақтар не бітіріп жүр өзі, солардың жайын да осы жолы анықтап алайын» дегенге тоқтаған ол әкімшілік мүлік реттеуші Есік аға аталатын уәзірге бұрылып:

– Есік аға, осы біздің жансыздар қайда, бар ма? Қайда жүр олар? – дегенше болған жоқ, ол дайындалып келгендігін бідіргендей, баяндай бастады.

– Қадірлі хан ием, біздің құзырымызға қарайтын жерлердің бәрінде де сіздің пәрменіңізбен тағайындалған отыз тоғыз датқа бар. Сол отыз тоғыз датқаның қасында кей жерде төртеу, кейбірінде бесеуден де асатын арнайы дайындықтан өткен жансыздар тұрақты жұмыс істеп, олар қазақтардың не істеп, не тындырып жүргенін дер кезінде бізге жеткізіп келеді. Қазақ даласында не болып, не қойып жатқанын алақанға салғандай, айна-қатесіз біліп отырмыз. Олармен тікелей Дүрәлі



баһадүр өзі айналысады. Сол арқылы мәліметтер жинақталып, сұрыпталып, сараланады, – дегенде Есік аға аталатын уәзірдің үні ерекше бір сенімді, тіпті мақтанышпен естілді. «Мен бәрін байқап, біліп отырмын» дегенді сенімді айтқанда жүзі жадырап, жанары от шашады.

Есік ағаның «Бәрін де Дүрәлі баһадүр біледі» дегеніне құлақ түре қалған хан:

– Шақыр Дүрәліні, – деді. Сол сөз одан әрі сырттағыларға жетті.

Хан іздеп қалар деп елегізіп отырған «Жарқұлақ» атанған Дүрәлі жүгіре жетті. Келген бетте басқаларға амандасып та үлгерместен, ханға қарап:

– Хан ием, – деп үлкен денесімен еңкейе бүгілгенде, басындағы үшкілденіп, үкіленген бөрігі ұшып түсетіндей төбесінен бері бүлк етті. Осынша ірі денесіне орай қимылы ширақ. Сөзі нық. Шапшаң жүріп, бақайының ұшы мен өкшесі жерге кезектесе тигенде жүгірген жан оны қуып жете алмайтындай. Ұғымы зерек. Көргені мен естігенін ешуақытта да ұмытпайды. «Пәлен жылы, пәлен уақытта» деп айы, күні, жылына дейін тақ-тақ еткізіп, сұрағаныңды дәл айтатын оның сөзінде қате жоқ дегенді осы отырғандардың бәрі де ойына әбден орнықтырып, санасына берік сіңіріп алған.

Қалың қабағы, қыртысты маңдайы, иегіндегі шоқ сақалы оны өзінің негізгі жасынан әлдеқайда үлкен етіп көрсетеді. Сөйлегенде дауысы күмбірлеп, бейне бір таудан төмен қарай жартастар құлағандай гүрс-гүрс етеді. Көмейі бүлк-бүлк етіп, сөздің бәрі де оның ішінен буылтық-буылтық болып, бұлқынып шығып, енді қаншамасы тамағында кезек күтіп кептеліп тұратындай. Сөйлеген сайын үні үдеп, жанарынан ұшқан жалын тиген жерін жағып жіберетіндей. Содан да ма, ол ешкімге назар салып, тіктеп қарамайды. Көзінің қиығымен бір шолып өткеннің өзінде-ақ ол кімнің кім екенін танып-білетіндей. Ал сөйлесе қалса, қасындағының ойын оқып тұрғандай. Оның айтарынан бұрын оған ыңғайлы сөздің жүйе-жүйесін тарқата бастайды. Сол әдетімен «Хан ием» деген бойда «Сұрай беріңіз» дегенді бар



болмысымен тұспалдай түсіндіріп өтті. Оның осындай ерекше бір қасиетін жоғары бағалайтын хан:

– Дүрәлі баһадүр, – деді. Ол иілген қалпы бұрынғыдан бетер бүгіле түсті. Тізесін тіке ұстаған қалпы еңкейгенімен, жанары жан-жағындағылардың қимыл-қозғалысын бақылауын тоқтатқан жоқ.

Хан да оны енді бұдан артық бүгілдіре бермейін дегендей, оң қолының алақанын аша көтеріп, «Тұр» дегенді ишаралады. Ол да осыны күтіп тұрғандай бойын жазып, тіктеліп сала берді. Әйтсе де, ханның сауалы ол күткендей болмады. Салған жерден мұның ойында жоқты қозғап өтті.

– Дүрәлі баһадүр, «Бағаналының төрт босағасы түгенделіпті» дегеннен не білесің?

– Ол рас, хан ием, бағаналының төрт босағасының бірі қылып Сандыбай батырдың ұлы Ерденді отырғызды. Сандыбай шоқысының түбінде бағаналының төрт көзі түгел жиылып, балталысы мен арғын-қыпшағының игі жақсыларының алдында Сандыбайдың сары Ерденін босағаға басшы етіп, үлкен кеңесті жиын өткізді.

Ол осыны айтып үлгерместен ханның дауысы қатты шықты:

– Ерден дегенің кім тағы?

– Ерден – Сандыбайдың екінші әйелінен туған ұлы.

– Екінші әйелінен дейсің бе?

– Ие, ие.

– Жә, оның басқа балаларынан артықтығы не сонша?

– Ол – өткір, күшті, ақылды, айлакер.

– Тағы несі бар?

– Жеті тілді біледі.

– Оны қайдан оқыған?

– Ағасы Дүзен Омбыдан, Петербордан ұстаз алдырып, алты жасынан оқытқан. Дін оқуын да молдадан оқып, тәлім алған.

– Тағы несі бар?

– Атқа мықты. Қылыш пен садақ тарту, орыстың от қаруын атудан алдына жан салмайды.

– Одан басқа?



– Шауып келе жатып, жердегі жорғалаған жыланды найзаның ұшымен үш бүктеп, түйреп, іліп алып жүре береді.

– Сонша асыра мақтап жіберген жоқсың ба?

– Жоқ, қайта көбісін айта алмай тұрмын.

– Қайсысын?

– Ол – өте намысшыл. Ұлты үшін жанын береді.

– Кімге?

– Кімнен болса да, ұлтының мүддесін жоғары ұстайды.

– Ал сонда оның осал тұсы жоқ па?

– Осал тұсы неге болмасын. Бар.

– Қандай?

– Намысына шапқанда алды-артына, өлген-тірілгеніне қарамайды.

– Өте жақсы екен. Тағы не айтасың?

– Басынан сөз асырмайтын өрлігі басым.

– Дұрыс, тағы да?

– «Айттым – бітті, кестім – үзілді» дейтін бір беттілігіне ешкім қарсы келе алмайды.

– Кім?

– Кім болса да. Тек...

– Тек дегенің кім?

– Тек үлкен ағасы Дүзеннің айтқанынан шықпайды.

– Одан басқа?

– Одан басқа, төрт босағаның қалған үш биінің сөзінен аспайды.

– Оларың кімдер өзі?

– Олардың аты өзіңізге бұрыннан таныс.

– Сонда да кім-кімдер?

– Төрт босағаның пірі – Қарабала Қадір би, мырзасы – Бабыр би, шешені – Шалабайдың Шегірі.

– Бұлардың ішіндегі бәрінің бас тіреп, тоқтайтыны қайсы?

– Бұлар бірі мен бірінің терезесі тең отырып сөйлеседі. «Менің айтқаным» болсын деуден қашық. Қай істе болса да, сөздің түйінін Орта жүзге билік берген Өтебай бидің немересі Қарабала Қадір би тарқатады.



- Ол әлгі Түрікпенбай бидің бел баласы емес пе?
- Ия, ия, соның дәл өзі.
- Оның інісі Арзықұлдың ұлы Арыстанбай мына Түркістандағы ояздың көмекшісі болып, соның қасында жүрген жоқ па?
- Жүр.
- Жә, соныменен, Ерденнің ендігі ойы қалай болар екен?
- Олар көптен бері әскерін күшейтіп, орысқа кісі салып, от қарудың түр-түрін алдырып, оны атуды меңгеруде. Батырлары атқа мініп, сарбаздарын дайындап, әр ауылы мен аймағына күзетті күшейті.
- Күзетті күшейтті дейсің бе, ә? Онда әлгі біздің шолғыншы топтың барып, шауып кеткенін неге білмей қалды?
- Білді. Бірақ...
- Не бірағы бар, айт.
- Білді, бірақ тұтқиылдан болған шабуылға не қайран жасасын. Үлгермеді. Түбі, бірақ, соның кегін қууға дайындалып жатқандай.
- Не істей алады дейсің?
- Әрине, бірақ...
- Айта бер.
- Орыс патшасының көмегіне арқа сүйеп, солдат алдыртып, төрт босағаға елу-алпыстан орыс әскерін мұздай қаруландырып қойыпты деп естідім.
- Жә, олар олай әлек бола берсін. Сен одан да маған мынаны айтшы, әкесіне өкпелеп, ауылынан бізге қашып келген қазақтың аты кім еді?
- Қай қазақты айтасыз?
- Е, әлгі Қашқын батырдың жалғыз ұлы ше?
- Түсіндім, Жанқор батырдың баласы Қашқын батырдың жалғыз ұлы Селбені айтасыз ғой.
- Сол болса, болар. Сол өзі балтасы ма, бақаны ма, қайсына жатады?
- Ол енді қызық, хан ием.
- Несі қызық?
- Кешегі Шыңғыс ханның ұлы Жошының өлімін күй тартып естірткен Кетбұқа ноян туралы естідіңіз ғой?



- Естігенмін.
- Естісеңіз, найман Домбауыл батырдың үлкен ұлы Келбұқа мен кішісі Кетбұқа да Жошының қасында болған.
- Болсын.
- Шыңғыстан найман ханы жеңіліп, тас-талқаны шыққанда бәрі шілдің боғындай шашырап, тоз-тозы болды ғой.
- Дәл солай.
- Домбауылдың ерлігін бағалаған Шыңғыс хан оған «Ал, батыр, сен найманың басын қосып, біріктірі. Тұтас еліңді түгенде» деп, оған ерік берген.
- Берсін.
- Шыңғыстың үлкен ұлы Жошы Домбауылдың екі ұлын қасына алып, кең далада еркін өмір сүруді өзінің де қалағанын білесіз ғой.
- Оның бұған қатысы қанша?
- Айтайын. Өбден-ақ қатысты. Ең алдымен Жошының алғашқы ордасы найман кете Шыңғыстауда тігіліп, кейін Ұлытауға қоныс аударды. Ұлытау түбіндегі ел оны құшақ жая қарсы алды. Жошының үнемі қасында болған үйсін Майқы би бастап, Домбауыл батыр қостап, Шыңғыстың өзінің көзі тірісінде-ақ оны ақ кигізге отырғызып, хан көтерді. Сол жолы Майқы би «Тақсыр, біз теңдессіз билік иесі Шыңғысқа бас иіп, сіздің құзырыңызға кіреміз. Біз басқаға бағынбаймыз. Төрімізден орын беріп, төбемізге көтеріміз. Ұрпағымыз ұрпағыңызды «төре» деп құрмет тұтады. Біздің төреміз болыңыз» дейді. Оның сөзін барлас Қарашар би, Көкеше шешен, Арғұсым күйші, әкелі-балалы Домбауыл мен Кетбұқа қобызшы да қоштап, күй шертті. Жошы да Майқы биді «Елдің көсемі, ұлыстың ұлысы боласың. Таңбаң – сүргі, құсың – бүркіт, ағашың – қараағаш, ұраның – салауат болсын» деп, сол жолы оған ризалығын танытады. Осы ретпен барлық қазақ тайпасына ру-таңбасын таратады. Содан бері қазақтың ұраны – Алаш, төресі – Жошы, көсемі – Майқы би болып саналды ғой.
- Ал, саналды, содан кейін?
- Міне, содан кейін қазақтың әр руы өзінің таңбасын алды.



– Наймандарды айтсайшы сен.

– Наймандардың шашыраған жұртын Домбауыл жан-жақтан жинап, таңбасын таратқанда, екі ұлы Кетұқа мен Келбұқа да екі рулы ел болып, қанатын кеңге жайып қалған кез болатын. Ол екеуі де «Бізге таңба» дегенде, «Қалауларың не?» делінеді. Сонда Кетбұқа «Шаңырақтың тіреуі – бақан» десе, Келбұқа «Тіресем – тірегім, тұрмыста керегім, ұрыста қаруым – балта» дейді. Міне, осы екі таңбадан барып екеуінің ұрпағы «Балталы, бағаналы» деп аталып келеді.

– Жә, оның бәрін де білемін. Сен енді маған мынаны айт. Әлгі Қашқын батыр балталысы ма, бағаналысы ма?

– Қашқынның әкесі Жанқар батыр балталының басшысы болды емес пе?

– Ұлын айт. Ұлын.

– Ұлы болғанда, сол Қашқын батырдың әлгі біздің Нұртайдың кегін қуамын деп қазақтарды шапқан Өндір батырды жекпе-жекте өлтіргені рас.

– Өндірді өлтірген сол Қашқын батыр болса, оның ұлы Селбе бізде неге тірі жүр?

– Оның мәнісі көп.

– Дегенмен де?

– Дегенде, сол Қашқын батырдың Қарашаш деген қызын екі мың түйе біткен бағаналы шағатай Әйтімбет бай өзінің көзге қораштау ұлы Қырқыға құда түсіп алып берді.

– Қырқы да батыр ма?

– Жо, жо, жоқ. Ол – жәй бір қарапайым көптің бірі. Содан Қашқын батыр сол Қырқыға ақылына көркі сай Қарашашын берді ғой.

– Қашқын оған қызын бермеймін демеді ме?

– Тақсыр, бұл жерде жеке бір үлкен мәселе бар.

– Қандай?

– Айтайын, сонау бағзы заманда осы бағаналы-балталы – ағайынды екі рулы ел ажырамастай болып, көші-қоны, ішер суы, мінер аты ортақ болған деседі. Сол шырайлы шырық қыз айттырудан кейін барып бұзылған екен. Себебі, бағаналы Сары-



бай мен балталы Қарабай бай қияметтік дос болып, төс қағыстырып, «Бірімізден ұл, бірімізден қыз туса, құда болайық» деп, құран ұстап серттеседі. Айы-күні жетіп отырған әйелінің айтқанын тыңдамай, Сарыбай Қарабайдың өтінішімен тауға барып, туайын деп тұрған буаз маралды атады. Маралдың киесі тиіп, сол жолда Сарыбай өледі. Мезгілінде әйелі босанып, ұл туады. Қарабайдан – қыз. Уағда бойынша екеуін қосамыз дегенде Қарабай «Жетімге беретін қызым жоқ» деп, бір түнде елін көшіріп әкетеді. Шығысқа барып қонған жерінде Сарыбайдың ұлы Қозы-Көрпеш артынан іздеп барып, оның қызы Баянды алып кетпекші болады. Қарабайдың сөзімен Қодар батыр Қозыны өлтіреді. Сол жерде Баян да өледі.

Баян мен Қозының моласы Жошының қасындағы Домбауылдың тас моласынан аумайды. Бұл сол замандардағы найман бағаналы-балталының жалғасқан дәстүрлі бейіт салуын дәлелдесе, кейінде ел ішінде Баянның таудан көшкендегі «Балталы, бағаналы ел аман бол, Бақалы, балдырғанды көл аман бол» деп зар еңіреген жыры бүгінге дейін айтылып келеді.

– Ұлытаудағы бағаналы мен балталының бүгінгі бірлігін бұзуға бұл жеткілікті ме?

– Жоқ. Бір туған бауырлардың арасынан әзірге қыл өтпестей. Әлгі Қашқын батырдың бірі садағын, бірі семсерін алған екі жиені Әйтімбет байдың немерелері Есенғабыл, Есенбек Аманбай батырдың соңына еріп, атқа мініп, «Жау қайда?!» деп ақырып жүрген көрінеді.

– Оған онда мына нағашысы Селбені жіберіп, айқастыру керек екен. Ол дұрыс, екінші мәселе – мынау: жан-жақтағы жансыздарыңа бағаналының бірлігін бұзатын жоба әзірлетіп, оны сол қазақтардың арасына ауызша да, жазбаша да таратуды ойластыр.

– Оның пайдасы болмайды.

– Оның пайдасын бүгін-ертең емес, кейін көресің. Анау ақыл айтатын билері мың жасамайды. Қазірдің өзінде-ақ қаусап отыр. Бұлардың бірлігі мен татулығына қасындағы іргелі рулар да қызғана қарайды. Әне, солар күні ертең бұлардың билері кет-



кенде «Міне, мұнда былай жазылған, онда анандай айтылған» деп бірін-біріне айдап салуына жол ашып қойсақ болмай ма?

– Ол жайлы да жүргізген жұмыстар жеткілікті. Саудагерлер мен жансыздар онсыз да Кетбұқа жайлы, Жошы туралы әр түрлі айтып, жазып, кейінгілерге кедергі болар жазбаларды жалғап келеді.

– Бұған уәзірлердің айтатыны бар ма?

– Жоқ.

– Дұрыс.

– Дұрыс, – деп қоштаған уәзірлер ішінен атты әскер басының уәзірі:

– Хан ием, әлгі Селбені Баһадүрдің жасағына қосып, күні ертең-ақ бағаналыларға – әлгі екі жиеніне аттандырсақ қалай қарайсыз? – деді.

Ынақ уәзірдің бұл сөзі ханның өзінің де ойлап отырған ойынан шықты. Ол екі сөзге келместен:

– Барсын, – деді. Ханның осы бір ауыз сөзі бар шаруаны шешкендей.

Ханның әскер басшысы Әмір ләшкер Әбусамих деген жүздік басы Баһадүрді өзіне шақырып, бағаналыға шабуылдаудың жайын ақылдаса келіп:

– Саған Селбені қасыңа қосып беремін. Сен соны оның туған апасы Қарашаштың барып отырған жері бағаналы шағатай Әйтiмбеттің отбасын ойрандауға аямай сал. Егер де ол одан бас тартатын болса, өлтіріп жібер. Құны жоқ. Ал алда-жалда шыныменен де біз ойлағандай болып, айтқаныңды орындап шықса, онда өңгіме басқаша. Ол жағын келгенен кейін айтамыз.

Ханның бұл жарлығы екі күннің бірінде «Жау қайда?!» деп еліріп жүретін Баһадүрдің делебесін әбден-ақ қоздырып жіберді.

Баһадүрдің бағаналы еліне шабуылдауы бірінші рет емес. Бұдан бұрын да екі-үш рет ат ойнатып, қылыш сілтеп, найза тіреген. Жылқысын қуып, қыздарын ат артына өңгеріп: «Бағаналының батырларына сәлем айт!» – деп шаңырақты қиратып, үйлерін өртеп кететін. Бірақ соңғы жолы келгенінде бағаналы-



ның қолы бұларды құмның ішінен шығармай, шыр айналдыра қуып, кіл мерген жігіттері садақ тартып, елу-алпыс адамын опат еткен. «Жан олжа» деп өзі өзер құтылған.

Содан бері «Енді қашан жол түсер?» деп жүргенде, міне, көрдің бе, құдайдың көктен сұрағанын жерден бергенін. Әсіресе, өзіменен өзі болып, басқалардан оқшаулау жүретін Селбені мұның қарауына бергенін айтсайшы. «Енді оның тағдыры басқа ешкімнің де емес, мына менің қолымда» деген Баһадүр жолға дайындықты бастап кетті.

Әскербасының жеке тапсырмасымен іріктелген алпыс жігіт таңдалып, Баһадүрдің қарауына берілді. «Әскербасының жеке өзі шақырып жатыр», – дегенге жылдам жеткен Селбе оның: «Баратын бағытың белгілі, бағаналы-балталы, оны білесің бе?» – деген сауалды дұңк еткізіп қойғанына еш абыржымастан, аспай-саспай, жайыменен: «Е, неге білмеймін? Менің елім емес пе?» – деп, оның өзіне қарсы сұрақпен жауап берді.

Одан дәл мұндай ашықтықты күтпеген әскербасы оған «Осыны айтып тұрған мына сенсің бе?» дегендей, таңырқай әрі таңдана қарады. Оның тайсалмай, тура айтқаны тіпті шамына да тиіп кеткендей. Қоқан хандығының бас әскер бастығына «Менің елім» деп мақтанғандай, маңыздана жауап қатуы «Ал маған не істейсің?» дегенді де айтпай-ақ аңғартып тұр.

Мұны дәл осы жерде осы сөзі үшін де «Ал ендеше!» деп, басын шөп шапқандай қайқы қылышпен қағып түсірсе де «Ой, мұның не, обал болды ғой» дейтін мұнда тірі пенде жоқ. Солай етер еді. Тек ханның «Өзінің елін оның өзіне шапқызып, қызығын біз көрейік» деген сөзі ғана «Бұйрыққа бағынбай, басын алғаның не?» деп, өзіне пәле болып жабысатындай.

Осы жағын ойлаған уәзір: «Селбе, сен, сөз жоқ, жүрек жұтқан батырсың. Саған ханың өзі үлкен сенім артты. Баһадүр бектің жасағына сені арнайы өзі қосты. Бағыттарың – бағаналы-балталы. Тек алдын ала ескертерім сол – «Туған ауылым, қолым көтерілмейді, олармен бетпе-бет соғысқа түсе алмаймын. Қатын-баласын жылатып, шаңырағын ортасына түсіріп, от басын ойрандай алмаймын» десең, айыбы жоқ. Жорыққа бармауыңа



болады. Осы бастан осының басын ашып айт. Онда барсаң, әлгі туған екі жиенің Есенғабыл, Есенбек пен әлі де аттан түспеген туған әкең Қашқын батырмен бетпе-бет кездесуіңе күмән жоқ. Ал кездессең қылыштасып, атысып, найза салысып, бір-біріңді өлтіресіңдер. Бұл – барғандардың басты шаруасы. «Мен білмедім, ескертпедіңдер, ауылымды шабуға шықпаймын» десең жасырма, осы жерде айт!» – деп қайта-қайта шегелеген әскербасының түпкі ойының әріде жатқанын Селбе де түсінеді.

Дәл осы жерде «Ауылымды шабуға бармаймын» десе, онда «Сенің құның – көк тиын» деп дарға асып не ат құйрығына байлап, жоқ ете салу бұларға оп-оңай. Оны көзі күнде көріп жүр. Ал «Мақұл, менде туыс-туған, бауыр да, ауыл да жоқ» десе, әлгіде айтқандай, атойлап алға шауып шығуға мәжбүрлемесе де, шайқас үстінде кімнің кім екенін кім біліп жатыр? Әкесіне оқ атып, жиенін найзаға шаншып өлтірсе, мұның кім болғаны? Осыны ой елегінен өткізе тұрып «Бара көрермін» дегенге көңілі құлай берді. Тіпті болмаса, әкесіне «Міне, мені көрдің бе?» деп өзін-өзі танытуына да бір ыңғайлы сәт туады ма? Қалай болады өзі? Ауылдан ашудың бетімен екі қолын төбесіне қойып: «Ал мен кеттім, әке! Енді сенің мендей ұлың жоқ!» – деп сілкініп, жұлқынып шыққанда дәл бұлай шығандап шығып, шетке кетермін-ау деп тіпті де ойламапты.

Жүгіре шығып, жылқыдағыларға келіп, жүйрік ат ұстатып, бес қаруын асынып, «шу» деп, кең далаға шауып кете бергенде де артынан бірі болмаса бірі іздеп шығып, «Қарағым-ау, жарығым-ау, жалғызым» деп жалынып, жалбарынып, жалбақтап, еркелетіп, елге ерте кететін шығар деген. Бірақ ол ойы аспанға шырылдап ұшқан торғаймен бірге кең даланы шарлап, қуып кете бергендей. Күні бүгінге дейін бір адам «Әй, сен елге қайт» деп іздеп келмегені былай тұрсын-ау, сөлем айтпағаны ойына түскенде елжіреп тұрған жүрегі мұзға айналып, суып, тас болып қатып қалғандай.

Елден безіп, дала кезіп жүріп дәл өзіндей аннан қашқан, мұннан қашқандарға жолығып, екі-үш жыл аттың жалында өмірі өтті. Қарулы да қайсар жігіттің өткірлігі мен өжеттігіне



тәнті болған топ басшысы бірде: «Жігітім, сенің кім екеніңді мен сұрамаймын. Сен менен сұрама. Тағдыр бізді осылай кездестірді. Енді қайтар жол жоқ. Қоқан хандығына барып, соның қалың қолына кіріп сыпайысы болсақ, өлмеспіз. Сол жерде жүріп әйел алып, үй болып, қатарға да қосылып кетерміз. Кім білсін. Ерсең, бірге жүр. Бармасаң, көңілің қаламаса, өзің біл», – деп бұған жөн айтқан. Түп-тегі «Кіші жүз, оның ішінде алшынмын» деген Тортайдың сол сөзінен кейін: «Ердім соңыңнан», – деп осында келіп қосылды. Содан бері де қанша жорық артта қалды.

Ең алғаш тапсырма алып, Арыстың бойындағы қазақтарды шапқанда қаны қарайып, көзі үңірейіп, көпке дейін өзіне-өзі келе алмай қалған. Селбенің бұл түрін алғаш байқаған Тортай: «Байқа, қазақтың қанын төктім деп қамықпа. Бәрібір сен төкпесең де бұлар аямайды. Есесіне өзіңнің де қаның ағады. Жаудың алдында ұнжырғаң түсіп, еңсең езіліп жүрсең, құның мұнда көк тиын. Жарқылдап, жеңіске жеткендей желпініп жүр. Сонда ғана бұлар саған сенеді», – деп арқасынан қағып алға тартқан. Сонысы дұрыс та болғандай.

Содан кейін осындағы «Осы қалай?» деген небір айтулы батырлармен терезесі теңесіп, деңгейлесіп қалған. Келе-келе мұнымен көбісі санаса бастаған. Соңына топты қол ертіп, жеке өзін салық жинауға да жіберген. Абыройы асып, мықты қазақ атанды. Енді, міне, мұны өзінің туған ауылына, туған апасының шаңырағын ортасына түсіріп, қос жиенінің басын алуға жұмсап отыр. «Бар, әкел» дегені – «Бармасаң, басыңды біз аламыз» дегені. Ойдың түбіне жете алмай, «Қалай етсем болады?» деп, қосынға келгенше әр нәрсені бір ой елегінен өткізіп, топтағы сыпайылардың ортасында қашанғысынша серпіле сөйлеп тұрған Тортайды көргенде ғана есін жиғандай болды.

Мұның басы салбырап, бөрігі бір жағына қарай қисайып кеткенін алыстан байқаған ол бұған «Тоқтамай өте бер» дегендей басын кейін қарай бұлғаң еткізіп, сөзін жалғастыра берді. Түсінді. Екеуінің қатар әңгімелескенін сыртай аңдидындар барын білдіргені. Сол бетпен ол да бұған бұрылмай, кермеде тұрған қарақасқаға қарай өте берді.



Тортайдың ойы ұшқыр, кімнің не ойлап тұрғанын оның жарнарына қарап-ақ ұға қалатынын Селбе бұрыннан-ақ білетін. Тіпті оның мұнысын қызық көріп, әлдекімдерді сыртынан көрсетіп: «Ананы көрдің бе?» – деп сынататыны да бар. Оған ол қыңқ етпейді. «Е, анау ма, оның жайы белгілі. Көрдің бе, көзінің іші – тұман, лайлы суға малшынып тұр. Тұнық ой жоқ онда. «Ішсем, жесем, алсам» деген жабайы тірлікті жүрегіне қондырып алған. Кісі қанын нақақтан төгуге шімірікпейді. Шамаң келсе, оған жолама. Қай кезде де сатып кете береді ол сені», – деп басын шайқап, ұқтың ба дегенді аңғарта қалады. Кейін байқаса, оның сол айтқандары шыныменен де тұп-тура солай болып шығатынына таңғалған.

Бірде:

– Осы сенің көріпкелдігің жоқ па? Алдын ала болжайтыныңды айтам. Қателескеніңді көрмедім, – дегенде:

– Е, оны сен сұрама, мен айтпайын. Көріпкелдік дегеннің өзінің аты-ақ айтып тұрған жоқ па? Көріп кел деп. Бар. Біл. Көр. Қайтып кел дегенді ұқтыра ма? Ұқтырады. Ендеше сол барып, көріп келу үшін көруің, баруың керек пе? Керек. Ал осы жерде тұрып, алыстағыны қалай көресің? Білдің бе, біздің қазақ «Мал аласы сыртта, адам аласы іште» дейді. Сол рас. «Сенің кім екеніңді айтайын, сөйлеші» дейтін де біздің қазақ. Оның сыртында, «Жаманың ен-таңбасы жоқ, Сөйлеген сөзі мен жүрген жүрісінде» демей ме? Дейді. Міне, осыны ұғып, ұқыптап ұстап, ойға қондырсаң, кімнің кім екенін барып, көріп келгендей бірден-ақ байқауға әбден болады.

«Мал баққан малын біледі, адам баққан адамды біледі» деген, туғалы аттың үстінде келемін. Қаншама адаммен кездестім. Кімге болса да құшағымды ашып, ағымнан жарылдым. Кейін білдім көбінің көлгір, өтірікші, сатқын екенін. Солардың арасынан шығып, соған ұқсайтын, түрі де, ісі де, сөзі де, өзі де айнымайтындардың арасында еш айырма болмасына көзім жетті, – деп әрі қарай жалғастыра бергенде, Селбе оған:

– Мен қандаймын? – деген. Ол оны құшақтай алып:

– Сен бе, сен мына тура өзім сияқтысың. Аңғалсың. Аңқаусың. Көңілің бір қалғанға қайырылмайтын қатыгездік те аз



емес. Ең бастысы, өтірігің жоқ. Досқа адал, жауға қаталдығың ұнайды, – деп құшағынан босатып, екі иығына қос алақанын асып, күлімсіреп сала берген.

Сол Тортай мұның бірдеңе айтқысы келгенін мана-ақ сезіп, көзінің қиығымен иегін қағып қалып, тұрған жерінде әңгімесін гулете берген. Бір-бірінің сырына әбден қанық болған Селбе мен Тортай көздері түйіскеннен-ақ не айтарын ұққандай.

Ат қораның түпкі жағындағы торытөбелінің жалын тарап, ер-тоқымын сайлап, сыртқа шығуға ыңғайланып жатқан Селбенің атының оң жағындағы тұрақтағы құлагердің кекілінен сипай тұрып, атына әңгіме айтқандай болып: «Естідім Арқаға баратыныңды. Сенің ауылыңа дейін жетер. Оқасы жоқ. Мен оны базардағы өз адамым арқылы хабарлармын. Қазір атымды шығарып, базарға барамын да, Пұшыққа айтамын. Ол ауылға барып, сенің еліңе арнайы жігіттен сәлеміңді жеткізер. Ең бастысы, Ерденің не Аманбайың естісе, қалғанын өздері-ақ білер», – деп құланың жалынан сипап, құлақ түбін қасып, қалтасындағы бір түйір қантты атының тілінің үстіне тастай салды.

Құлын күнінен тілінің үстіне қант тастап үйреткендікі ме, кекілінен сипаған бетте танауын делдитіп, «Қашан қантты бересің?» дегендей басын жұлқып-жұлқып, шайқай беретіні бар. Қант тілінің үстіне қалай түссе, сол бетте ол да тынышталып, тұяғымен жер таршып, өзінше бір ризашылығын білдіреді. Бұл жолы да осынысынан жаңылмады. Тортай да сөйлей жүріп оны ерттеп, сыртқа шығарған бетте ерге секіріп мініп, алға қарай ойқастап кете берді.

Тортай мен Селбе екеуінің де қазақ десе жандары ашып, емешектері үзіліп тұратынын жақсы білетін Баһадүр де екеуін сырттай бақылауын тоқтатқан емес. Әсіресе, дәл осындай жорыққа шығатын кезде екеуінің соңына екі жансызын салып, кімге жолыққанын, не істеп, не дегенін – бәрін-бәрін жіпке тізгендей, тәптіштей түгел біліп отыратын.

Кешеден бері Селбені аңдуды Мұқылға ерекше тапсырған. Мұқылдың түп-тегі – қалпақ. Оң жақ саусағының екеуін қылыш шауып түскен. Содан да болар, оның азан шақырып қойған аты



ұмытылып, «Мұқыл» болып аталып кете берген. Көзі қырағы. Құлағы тықыр еткен дыбысты алыстан естиді.

Кімнің болса да тілін таба алатын майдалығы да оның кімге болса да жұғыса кетуіне жол ашып беретіндей. Сәлемінің өзін жымия күліп, көптен бергі жоғалған жақынын тапқандай жайраң қаға береді. Тілі майда. Жүзі жылы. Кісіге қатты сөйлемей, кішірейген түрде есен-саулығына тілектестігін білдіріп, белін бүге еңкейіп, елпең қағатыны да оны кішіпейіл етіп көрсетеді. Алысқа бармай, қостың қасында жүріп-ақ көп шаруаны шешетін бұл Мұқылды көбі: «Ей, бір мүсәпір. Өттең, қолы қару ұстауға келмей қалғаны. Әйтпесе, қалың қолдың қасқайып ең алдында-ақ жүретін жігіттің нақ төресі еді», – деп жаны ашығандық танытады.

Көптің арасында елеусіздеу жүріп, тың тыңдап, естіген-білгенін шып-шырғасын шығармай Баһадүрге жеткізетін Мұқылдың жансыз екенін Тортай алғашқы сәлем бергенде-ақ білген. Жыпсыған көзі жылмиып, енесін күткен келіндей иіліп-бүгіліп, бас изеп кішірейіп тұрып, өн бойына сұғанақтана қарағанының өзі де оның назарына іліккен. Бірде онысын Селбеге айтқанда, ол да: «Білемін», – деген. Әйтсе де, екеуі де оған «Әй, сен кімсің?» демеген.

Өздерінің соңында аңдып жүретіндердің әлденешеуі барынан хабары бар бұлар көп кездесе де бермейді. Жеке кездесе қалса да амандық-саулықтан әріге бармай, ханының қуаттылығын, әскерінің қаһарлы екенін айтып мақтанатын. Ол сөздердің бәрі де уәзірлері мен жансыздардың жұмысын басқаратын бас сақшы арқылы тікелей ханның өзіне жетерін біледі.

Бұл жолы да Арқаға барып, ондағы бағаналы мен балталыны және жолдағы Кіші жүздің ауылын да шауып, малын айдап, адамын әкеліп базарға салуға тапсырма болғанын Селбе де, Тортай да естіген. Енді досының өз ауылын оның өзіне шапқызуға әрекет еткеніне іштей күйінген Тортай Пұшықты базар ішіндегі тұратын жерінен қиналмай тапты. Сәлемнен соң: «Осы он шақты күнде Арқаға, балталы мен бағаналыны шабуға жүздікті басқарып Баһадүрдің өзі шығады. Мақсаты – алдымен Әйтім-



беттің ауылын шабу. Одан қалды, балталы Қашқының ауылын ойрандау. Кейін, ел қайдан білсін, «Әкесінен Селбе кек алуға келді» деп оны күстөналауы мүмкін. Сондықтан ауылдың жолындағы күзетті күшейтіп, жауды күтіп алудың қамын жасасын. Бұл туралы Аманбай мен Ерденге, Дұтбай батырға тез жеткізу керек», – деп ойын түйдектеп, тәптіштеп түсіндіріп, қоян терісінен тігілген шағын дорбадағы күміс теңгелерді мұның қолына тастай салды. Ондағысы «Осында енді қанша сауда жасап тұрсаң да дәл осындай байлық тие қоймас» дегендегісі екенін Пұшық та түсінді.

Түсінді де басын изеп, заттарын жинап, кетуге ыңғайлана бастады. Ол заттарын жинай бергенде Тортай қамшысын көтеріп, оны күпісінің сыртынан тартып-тартып жіберіп, жер-жебіріне жете сыбап, боқтай бастады. Сөз арасында: «Ой, маңқа пұшық! Енді осы жерден сені көрсем, маған өкпелеме, білдің бе?! Басыңды шауып, итке тастаймын сені!» – деп екпіндеп, еліріп кетті. Еңгезердей қарулы жігіттен жасқанған Пұшық қапшығын арқалап қаша жөнелді.

Пұшық базардан қашып шыққан бетте, өзінің жалдаған пәтеріне тіке бармай, жолдағы өзбектің шайханасына кіріп, демін алып, жан-жағына көз сала қарап отырып, «Аралдан келдім» деген шидем шекпенді сирек сақалдыға зер сала қарай қалды. Қарап отырып оның Қарақұмды жайлап отырған төртқара Тобаш екенін жазбай таныды. Оның қасындағы екеудің кім екеніне көзі жетпеді. Сірә, осы жақтан тапқан танысы болса керек. Дауыстары бәсең, ал Тобаш болса шайхананың ішін басына көтеріп, ойындағысын бүкпесіз ағытып, сөйлеп отыр. Тәрізі, оның айтып отырғандары құлақтарына жақпады ма, әлде шыныменен де асығыс па, кім білсін, екеуі сәлден кейін орындарынан тұрып, қос қолын кеудесіне қойып, иіліп: «Рақмет, рақмет», – деп қайта-қайта айтып, есікке бет алды. Олардың соңынан аңтаң болып қарай қалған Тобаш «Түк түсінбедім» дегендей басын әрлі-берлі шайқап, қозғалмастан отырып қалды. Оның осы бір бей-жай қалпын қалт жібермей қарап отырған Пұшық:



– Ассалаумағалейкум! – деп, оған даусын көтере сәлем беріп, қасына жақын келді.

Алғашқыда оны жөнді тани алмай қалған ол оның даусын естігеннен кейін көзін көлегейлеп күн сала қарап алып:

– Е, Пұшық екенсің ғой, даусыңнан таныдым, – деп қасынан орын ұсынды.

Сөз ауанына қарай оның Арқадағы бағаналылармен құдандалы-жекжаттығын айтып мақтанғысы келіп отырғаны да аңғарылды. Тобашты мақтап қойса, қойын сойып тастайтынын да білетіндер оған сәлем бергеннен кейін қисынын тауып, әйтеуір бір мадақ сөз айтып қалатын. Сол сөз – сөз. Бітті. Қалғанын Тобаш өзі іліп алып кете барады.

* * *

Алғашқыда он шақты күн дайындалып, жорыққа шықпақ болған Баһадүр екі күннен кейін «Атқа қонуға!» деп әмір беріп, соңына ерген елу жігітпен Арқаға қарай аттанып кетті. Бұрындары да жорықтас болған сыралғы сыпайыларының дені еріпті. Кейінгі бір-екі шайқаста көзге түскен Селбе мен Тортай да бұлардың ішінде.

Қашан да атқа мінгеннен кейін көп сөйлемейтін Баһадүр тіптен де тілден қалғандай. Бас уәзір мен ханның өзінен қосымша әмір алғанын бір өзі ғана біледі. Одан басқа жан баласы ештеңеден де хабары жоқ. Оның не айтып, не істе дейтінін қасындағы екі шабарманы қасы мен қабағынан ұғып, солай қимылдайды.

Бұрын-соңды таң бозы атпастан жолға шықпайтын Баһадүрдің асығыс атқа қонуы басқа емес, Селбе мен Тортайға да күдік тудырғаны да рас. Оны екеуі атқа мініп, саппен қаладан шығып бара жатқанда-ақ аңғарған да: «Әттең, ауылдағылар бейқам қалпында қапы қалатын болды-ау», – деп бармақтарын шайнағандай болған. Өздерінен сезіктеніп, бағыты мен мерзімін тез өзгертіп жолға шыққанына қарағанда, әңгіме бұлар ойлағаннан тіптен де күрделеніп кеткендей. «Енді қандай жол бар, елдің обалына қалатын болдық-ау» деп қабырғалары қайысқаннан басқа екеуінің еш амалы қалмағандай.



Таң атар-атпастан-ақ алысқа ұзап шыққан қарулы топтың ішінде кімдер барын енді ғана байқаған Селбе: «Е, қырғынның көкесі болады екен», – деп басын шайқаған. Оның бұл ойын Тортай да қоштап, басын изеп белгі берген.

Бірінен бірі өткен қанішерлерді әдейі таңдап алғандай. Екі-қабат әйелдің ішін жарып, қарқылдай күліп, өз ісіне өзі мәз болатын құба қалмақ аталған Дордимен бірге қасында қарақалпақ Қақан қатар келеді. Бұл екеуі де ешкімнің көз жасына, обалына қарамайды. Қайта кісіні қинап, қанын ағызса, содан рахаттанып, көздері от шашып, еліріп кетеді. Ондайда бұларға ешкім де «Қой» деп айта алмайды. Айтқан адамның өзімен жағаласып, тіпті оның жанын алудан да тайынбайды.

Өткен жолғы қырғыздарды шапқанда жас баланы найзаға шаншып, жанып жатқан киіз үйдің төбесінен асыра лақтырғанда көріп тұрғандардың көбісінің төбе шашы тік тұрған. Бірінен бірі өткен екеуінің сескенетіні де, бетпе-бет қарсы келе алмайтыны да – Тортай мен Селбе. Бұл екеуінің күші басым. Бес қаруды толық меңгерген. Басқаларға ұқсап бұларға қалбақтап құрақ ұшпайды. Тіпті сол жолғыдан кейін өшігіп, әбден жауығып алғандары да қанық. Оңтайлы жер кездесе, қайқы қылышпен қиғаш тартарына күмәндары да жоқ. Мұны осы келе жатқандағылардың бәрі де біледі. Одан Баһадүр де хабардар. Содан да болар Селбе мен Тортайды өз серіктерінен бөліп, мыналардың тобына қосқаны. Мұнысы, сөз жоқ, «Бұл жолы сендердің бірің өліп, бірің қаласың» дегендегісі.

Осы келе жатқан елу шақты аттының ішінде Селбені де, Тортайды да бұрын тек сырттай ғана білетіндері болмаса, жорықтас болғандары шамалы.

Бірге болғандар екеуіне де үлкен құрметпен қарайды. Бетпе-бет шайқасып, найза тіреп, қылыш қағыстырмағанға өз беттерінше барып соқтықпайтын, батырлық бейнелеріне дақ түсірмей, ерлікті үлгі тұтқан қос қазаққа тіпті қайсыбіреулері қызыға да қарайтынын жассырмайды.

Қасына келіп, жағдай сұрайтындардың да білгісі келетіні «Мынандай алып қос батыр өз елінде жүрмей, мұнда қалай жүр



екен? Түбінде бір шикілік бар-ау» дегенді айтпаса да, айтқандай етіп ұқтырады. Бірақ бұл екеуінің мінездері де, іс-әрекет, қимылдары да ұқсас. Басқасын былай қойғанда, сөйлегенде де әбден баптанып, салмақтанып, тыңдаушының төзімін тауысып барып, сыздықтата, майдан қыл суырғандай сыпайылап қалатынын қайтерсіз.

Соңынан ергендердің не ойлағанынымен шаруасы шамалы жорық басшысының басты мақсаты – ханның тапырмасын орындап, қазақтың апшысын қуырып, Қоқанның қуаттылығын танытып, күндердің күнінде түгелімен орыстан ойысып, мұның дәрегейіне бағынуға келтіру. Сол үшін де тұтас елдің әр жер, әр жерінен түртіп, сес көрсетіп, «Менің күшімді көрдіңдер ме? Бағынып, қол астыма еніңдер» дегенді сөзбенен де, іспенен де ұқтыру.

Қанша жылдан бері қазақ даласының ойы мен қырына ат ойната жүріп, дәл осы бағаналылықтар сияқты қисайған жағынан бұрылмайтын, бірбет, қайсар жандарды көп кездестіре қоймапты. Бағаналылар былай сырт қарағанға тыныш, бейбіт жатқан момын болып көрінгеніменен де, ашу қысып, атқа мінгенде айбаты асып, қайраты тасып, жолындағыны тасқын судай жапырып, шайып өте шығады.

Төрт босағасының билері мен батырлары бірлігін бекітіп, сыртқа сырын алдырмай, жолдасын жолда қалдырмай, алыс-жақынның арасын тең ұстаудың әдемі жолын таңдап алып, содан әлі де жаңылыспай келеді. От қаруы мықты орыстың тілін тауып, біріне бірі көмектесуге уағдаласқалы кімге болса да ат үстінен, шекесінен қарайтын болды. Аттан салып, шауып алайын десе де, Қоқанның қорқатыны бір бағаналы емес. Ормандай ұйысқан қалың орыс. «Орыс ойына келгенін істейді» деген. Оныменен байқамаса бас кетеріне шәк жоқ. Осының бәрін ойласа келе Қоқанның хандары «Бағаналының балағынан жұлып қалса да олжа» деп жыл сайын жортып жетіп келгенімен, әзірге айтарықтай жеңіске жете алмай жүр. Баһадүрге де «Тым тереңдеп далақтаймын деп, орыстың құрған торына түсіп қалма» дегенді қадап тапсырған. Тек «Бағаналылардың бір ауылы болса да қаһарлы ханның бар екенін білсін,



басқалары сескенсін» дегенді ұстанған ханның арғы жағында не жатқанын білу де мүмкін емес.

Екі күн, екі түн суыт жүріп, Сырдың сыртына шыққаннан кейін аттың белін босатып, демалуға бұйрық берген Баһадүрдің өзі бірден қалың ұйқыға кірісті. Маңайды байқауға кеткен шолғыншылар шамалы жерде екі-үш ауыл қатар отырғанын айтып келді. Екі ауылдың арасы тым қашық та емес. Қатар жатыр. Араларын басып тұрған шоқының етегіндегі бұлақ суы мол. Көзі тұнық бұлақтан бастау алып, аяғы арнасын кеңейтіп, өзенге құятын бұл жер ежелден-ақ «Басбұлақ» деп аталатын.

Басбұлақтың мөлдір суы елге молынан жетеді. Малға да, жанға да жайлы жерде негізінен қыпшақтармен іргелес Кіші жүздің алшындары да қаншама жылдан бері тату-тәтті тірлік кешіп келеді. Орта жүз бен Кіші жүздің олай-былай өткенінің қайсы болса да мұнда соқпай өтпейді. Қалың жылқысын жазыққа тастап, өздері ауыл арасының күнделікті тірлігіне кіріскен елдің ештеңеден де уайым, мұңы жоқтай.

Қызыл-жасыл киінген, үкілі тақиялы сұлулардың сыңғырлаған күлкісі тыныш ауаның тәтті қиялын тербеп тұрғандай. Оған шырылдаған бозторғай үні қосылып, бүкіл дала күмбірлеген күйге бөленген. Осынау мамыражай тірлікті биік төбенің үстіндегі обаның түбінде тұрған жалғыз қарауыл бір өзі сақтап, күзетіп тұрғандай.

Торы жорға атының шылбырын ұзынынан жіберіп, өзі жан-жаққа көз тастап, елеңдеп тұрған қарауылшы жігіт алыстан бұрқырай көрінген қою шаңның лезде басылып, көзден ғайып болғанынан көңіліне күдік алып, «Сәл күте тұрайын, бәлкім, ыстық күнге шағылысқан су-сағым шығар?» деп те ойға қалған. Жоқ. Қолын шекесіне қойып, көлегейлей және бір қарағанда астарына жарау ат мінгендердің түйдектеле келіп, Шоқының сол жағындағы ойпатқа түсіп, демалуға кіріскенін байқады.

Бұлар тегін емес. Барымташылар болса, мұнша көптің керегі не? Тәрізі, Қоқанның тонаушы, шапқыншылары болар. «Бұлар бір шыққанда осылай қырық-елуден кем жүрмей, дүрмекпен келіп, жолдағыларын қырып-жойып кетеді» дегенді естіген. Енді, міне, «Естігенді көз көреді» деген.



Солар екеніне еш күмөні қалмағаннан соң, үюлі тұрған қа-
лың баялыштың шетіне от қойды. Қою түтін бүрқ етіп аспанға
көтерілді. Бұл – «Ел шетіне жау келді» деген ежелден бергі белгі.

Кейінгі кезде Қоқанның қайқы қылышынан зәбір көрген ел
біріне бірі осылай белгі берудің жолын таңдаған. «Жалын биік-
ке көтеріліп, түтіні аспанға өрлеп, күндік жерден көрінетін
болды-ау» дегенде қарауылшы да ойға қарай, ауылдағыларға
«Аттандап» шапты. Жас жігіттің ащы үні ауылдағылардың
үрейін ұшырды. «Жау келіп қалды!» – дегенді естігендер абыр-
жып: «Енді не істейміз?» – деп үлкендерге қарады.

Үрейленгендердің алдынан шығып:

– Сәл сабыр сақтайық, – деген Әбіл ақсақалдың бір ауыз сөзі-
не аңтарыла қарағандар ойларын ортаға сала бастады.

– Әуелі кімдер екенін білейік.

– Оларға не керек өзі?

– Кімдер бұлар?

– Мал керек болса, жатыр әне далада. Қан төкпестен ала бер-
сін, – деп демдерін іштен тарта тереңнен алып, теңселіп тұрған-
дарға Әбіл:

– Жә, жә, сабыр сақтайық. Сөйлесейік. Білейік. Адам баласы
шығар, – деп және тоқтау айта бастағанда, «Қара тентек» ата-
лып кеткен Қоқыш:

– Бұлар – Қоқанның жаналғыштары. Оларға адам керек.
Базарға апарып, құлдыққа сатады. Басқа түк те емес. Қорған-
басақ, құримыз. Ешкі екеш ешкі де тұяқ серперінде бақырып
өлмей ме? Сол құрлы жоқпыз ба, ә? – дегенде оны қоштағандар:

– Дұрыс, дұрыс! – деп шуылдап кетті.

Көптің бәрі де «Қорғанайық, сөзге тоқтаса, келіп сөйлесер,
дайын тұрайық» деуге келіскендей.

Сан жорықты басынан өткерген Әкіш бұдан әрі шыдап тұра
алмады, білем. Көптен ұстамаған мылтығын қолына алды. Бәрі
де ақ сақалын жел үрлеп желпілдетіп тұрған Әкішке қарай қал-
ды. Кәнігі мерген, асықпай-саспай қолына ұстаған мылтығын
оқтап жатып:

– Дайын болайық. Кім біледі, ай-шай жоқ апырып-жапырып
кететін болса, ең құрыса жастығымызды ала кетейік. Жөн сөз-



ге қонақ берсе, кәнекей, оны көрерміз. Әзірге үй-үйдің арасын бекітіп, арбаларды жағалай қойып қорғаныңдар. Садақшылар мен найза ұстауға жарайтындар қорғанысқа кіріссін, – деп өзі алға шықты.

Оның айтқанын бұлжытай орындауға кіріскен ауылдың бар адамы өгіз арбалар мен қоршау ағаштарды бір-біріне тіреп, шарбақтап, үй-үйдің арасын бекітіп, өздерінше қорғанысқа көше бастады.

Бесін ауа ауылға қарай сап түзеп, желе жортып келе жатқан салт аттылардың легі де көрінді. Алдындағы торы бестінің үстіндегінің көк сауыты жалт-жұлт етіп, дулығасындағы аттың қылы желмен желп-желп етеді. Артындағылардың да аттары жарау. Қолдарындағы қайқы қылыштарын жалаңдатып, «Шабамын сендерді» дегендей екпінді. Бес-алтауы алыстан-ақ садақтарын оқтап, адырнадан жебесін жіберіп келеді. Аты-жөн жоқ, бұлайша атойлап шабу қоқандықтардан басқаларға төн емес. Бұрын-соңды дала соғысында сөйлесіп, тіпті қан төкпей-ақ мәмілеге келісіп, адам шығындамай, керегін алып кететін. Ал бұларда ондай пиғыл жоқ. Қиқуға салып, «Қане, келіндер!» дегендей еліріп алған.

Қаз-қатар тігілген үйлердің арасынан өте алмасын білгеннен кейін жақындап келіп от қару мен садақтан қатарласа оқ жаудырып бір өтті де, кейін серпіліп, қайта шауып, сол әрекетін және бір қайталады. Алғашқы атқандарының өзінен-ақ киіз үйлерге тиген оқтың ұшқындарынан жалын шығып, бір-неше үй отқа оранды. Екінші қайталағанда да солай.

Әбдіреп, есі шығып қалған ауыл адамдары да сәлден кейін, «Еруліге – қарулы» дегендей, садақ тартып, оқ шығара бастады. Екпіндеп келген екі-үшеуі аттан ұшып түсті. Бірақ жалынға оранған үйлерден жылаған баланың дауысы мен әйелдердің ащы айқайлары араласып, ауыл үсті лезде азан-қазан болды. Бұған алаңдағандар бір оқ атып, үйлеріне жүгіріп, қайта оқталып, әрі-сәрі болып, әбігерге түскенде, жырынды жорықшылар көлденең тұрған көк арбаларға арқан тастап жолдан сүйретіп шығарып, шабуылшыларға жол ашып үлгерді.



Алғашқы лектің соңын ала лап қойғандардың қатарында болған Селбе мынадай сұмдықты көргенде көкірегі қарс айырылып, аттан құлап түсуге шақ қалды. «Мына қырғынға мен не істей аламын?» деп есін жиып үлгергенше болған жоқ, алға қарай оза шауып, ілгерілеп еніп кеткен ақ ауыз торы бестінің үстіндегі Баһадүр аттың оң жағына қарай сылқ етіп құлап бара жатқанын көзі шалып қалды. «Япырмай, ә, бұған не болды екен?» – деп оған қарай бұрыла түскенде, қолында мылтығы бар дембелше келген ақ сақалды қара шал тіке шауып төніп қалған құба қалмақты көздеп шүріппесін басып қалды. Мылтық дауысымен бірге құба қалмақ та аттан ауа құлады. Көз алдында құлаған оған қарамастан, Баһадүрге бірінші жетіп, оның басын сүйеп көтере бергенде сығырайған көзін жіпсите ашқан ол: «Селбе, жарайсың, келдің бе, мені елге жеткіз. Тез...» – деді де талықсып кетті. Не істерін білмей қарап еді, төбе шашы тік тұрды.

Маңайдың бәрі отқа оранған. Әр жер, әр жерде – домалап жатқан өліктер. Кішкентай бала да, ана да, шал да қылыш пен оқтың құрбаны болған. Бұдан әрі тұруға төзімі жетпеген Селбе Баһадүрдің дауысы күшті ысқырығын төсінен жұлып алып, ерніне жымқыра қыстырып, демін тереңнен тартып, екі-үш рет боздата созды. Бұл – «Кейін қайтамыз» деген Баһадүрдің белгісі.

«Аяқ астынан не болып қалды?» деп көздеріне қан толған тонаушылар мұның қасына үймелей жетті. Дабылды ысқырықтың дыбысынан есін жинады ма, сол мезетте Баһадүр де сөзге келіп:

– Селбенің айтқанына бағыныңдар, – деді. Сол-ақ екен, бәрі бұған қарап, «Не айтасың?» дегендей тұрып қалды. Селбе де көп күтірген жоқ.

– Болды. Кейін қайтамыз, – деді. Оның мұнысына ешқайсысы да «Бұл қалай?» демеді.

Зембіл дайындап, Баһадүрді соған салып, келген іздерімен кейін кеткен қоқандықтардың артында екі ауыл тып-типыл болып қала берді. Тірі қалғандары біріне-бірі: «Әлгі жігіт қазақ екен. Қазақша «Қайтамыз» деді ғой», – десе, біреулері: «Аты



Селбе екен. Таныс ат», – деп толықтыра айтып: «Ол болмағанда жауыздар бізді түгел өртеп, қырып кететін еді», – деп те өздерін-өздері жұбатқан болды. Бірақ олардың ол сөздерін Селбе естіген жоқ. Бар ойы – Баһадүрді тірідей Қоқанға жеткізу. Оны аман-есен жеткізсе, мұның соңынан ерген сөз, күмән-күдік аз болса да сейілері сөзсіз. Ал сенімдеріне еркін кірсе, содан кейінгісінің құдай өзі бір жөнін тағы да берер деген үмітінің де оты жылт-жылт етеді.

Қасындағылардың апшысын қуырып: «Тоқтамаңдар: Елді мекенге жетіп барып тынығасыңдар!» – деп әмірін қатқыл түрде нығыздай берген Селбенің түрінен де адам шошырлықтай. Еңгезердей денесімен ат үстінде шұғыл бұрылып, тесіле қарағанда кім болса да жүрегі зу етіп, зәресі зәр түбіне кетеді.

Соғыс өнерін жетік меңгерген жігіт ешкімнің де бет-жүзіне қарамайды. Қабағын қарс түйген қалпы топты шыр айнала шығып, алға қарай тоқтаусыз жүріп келеді.

* * *

«Сырдың бергі бетіндегі екі ауылды Қоқанның қарақшылары шауып, шаңырағын қиратып, адамын өлтіріп, түк қоймай қырып кетіпті» деген суық хабар қазақ ауылдарының да үрейін ұшырып, «Құдай-ай, сақтай көр, бұл Қоқаннан құтылатын күн бар ма, сірә?!» деп зар еңірегендердің үні алысқа жеткендей. «Бұл жолғы қарақшыларды бастап келген қазақ екен, аты Селбе дейді» деген сөз де ел ішінде гу-гу етті. Бұл сөз екі күнің бірінде «Баламнан не хабар болады?» деп елеңдеп жүрген Қашқын батырдың да құлағына шалынды. Естіген бетте өзін қоярға жер таба алмай, жанын шүберекке түйгендей болып, күйгелектеніп, «Япыр-ай, бұл қалай болды? Менен туған ұл енді өзіме қарсы қылыш көтермек пе, ә? Бұл қалай болғаны?» деп, ешкімге де еш тіл қатпастан атына мініп, Әйтiмбет байдың ауылын бетке алып жүріп кетті. Ойында – тек бір-ақ жайт: «Енді не істеуім керек?..»

Осы сауал оған маза бермей, аяқ-қолын жерге тигізбей, дедкетіп әкетіп барады. Қаһарланса қамал бұзатын Қашқын батырдың түтіккен жүзіне жан баласы көз тоқтатып қарай алмай-



ды. Көзі аларып, қабағы қатайып, кірпіктері жебедей, жалт қарағанда атып түсердей. Жайшылықта да желе жортып жүретін батыр бұл жолы тіпті қарқынына қарқын қосып, үдеткендей. Демін алмастан, аттың басын Әйтiмбеттің шаңырағына келіп бір-ақ тіреді.

– Батыр келді!

– Құда келді! – деген дауыстарға елең ете алған бай далаға шығып:

– Хош келдің, құда! – деп құшағын ашып, сәлем бере жақындай түсті. Құдасының бұл ықылас-пейіліне оншама елжірей қоймаса да, «Бармысыздардан» артық ештеңе қоспаған батыр құдасының ізіне ілесіп, үйге дауысын көтере, шаңыраққа: «Ассалаумағалейкум!» – деп ашық үнмен жарқын сәлем берді. Қаншама жылдан бері сыралғы болып, сан шараны ақылдасқанда бір мінезінен таймайтын Қашқын батырдың бұл жолғысына түсіне алмай қалған Әйтiмбет:

– Төрлетіңіз, – деп төрді ұсынды. Жайғасып отырғаннан кейін барып батырдың өзі байға қарата сөзін бастап етті.

– Айеке, әрі әкесіз, әрі құдасыз, сізден жақын кім бар маған? – деп бір бастады да, әрі қарай сөзін тоқтатпай сабақтай берді. – Менің басты қателігім не екенін сіз білесіз бе, айтыңызшы? – деді.

Оның бұл сауалының арғы жағында терең сыр жатқанын бай бірден түсінді.

– Е, батыр, біреудің қателігін біреу біле ме? Әркімнің ісі өзіне ғана мәлім. Жаратушы жалғыз хақ қана білер. Мен қайдан білейін оны?

– Ә, Айеке, солай дейсіз ғой. Ол да дұрыс шығар. Бірақ бүгінде бүкіл қазақ білетін бір қателігімді сіз неге бетіме баспайсыз? Әлде басқыңыз келмей ме?

– Қандай қате жасағанын пенденің өзі біледі дедім емес пе? Ең бастысы, Алладан жасыра алмайсың. Алланың қате дегені – қате, адамның қате дегені – ол Алланың қате дегені емес. Сондықтан да пенде бір-бірінің ісіне «Сенікі олай, бұлай» деп баға бере алмас. Біреуге ұнаған біреуге ұнамайды. Ал өзің-



нің көңіліңе көлеңке болып, жүрегіңе шаншудай қадалатыны жалғыз ұлыңның жайы болар, солай ма, батыр?

– Солай, дөп солай.

– Олай болса, оны ойланайық.

– Қайтіп, қалай?

– Көдімгідей.

– Сонда, немене, мен оған барып, аяғына жығылайын ба?

– Оған жете қоймас. Дегенменен де, оған елден бір адам барып жолығып, ауызба-ауыз сөйлесіп, елдің үлкендерінің сәлемін айтқаны жөн.

– Сонда кімді? Кімді тыңдайды ол?

– Меніңше, Селбе – ақылы бар азамат. Намысқой. Сол намысқойлығын ашуға жеңдіріп, кейін қайта алмай жүр. Өкінбейді деймісің. Өкінеді, әрине. Сол үшін де оған оның өзі сыйлайтын, сырын айтып, тыңдайтын қатарласынан болсын, туысынан болсын, біреу баруы керек. Және оны енді кешіктіруге де болмайды. Кім біледі, сенің ұлың мен менің немерелерім шайқаста кездесіп, бірін-бірі жазым етсе, өзегіміз өртенбей ме? Сондай сойқанның алдын алу үшін қамданған дұрыс.

– Е, оны мен білмей жүр дейсіз бе? Жұмсайтын адам көп болғаныменен де, ол тыңдайтын, оған сөзін өткізетін жан таба алмай қиналып жүрмін ғой. «Кімді, кімді?» деп күнді күңіретіп өткізіп келем.

– Онда былай болсын. Ол осы жақтан кетерде ең соңғы рет жолығып, жөн айтып, сөйлескені кім екен? Одан хабарың бар ма?

– Бар. Ол – бас жылқышы Бекет.

– Ендеше, сол Бекетті жіберейік. Сол барсын. Барғанда да сыртқа білінбей, Қоқанның қолына түспей, оның өзімен жеке сөйлесіп, қалың елдің сәлемін айтып, қайтуын сұрасын.

– Оны мен де ойлағанмын. Бірақ...

– Не бірағы бар?

– Бекеттің де беті қайтып алғандай. Кетерінде оған «Мені іздеп келмеңдер» деп кетіпті.

– Ештеңе де етпейді. Ашу үстінде адам не айтпайды? Барсын. Тілдессін. Жүр десең, мен де барып, одан өтінейін. Сұрайын.



– Жо, жоқ. Рақмет. Өзім де бір ретін келтірермін. Сізге келгендегі және бір өтініш бар еді.

– Айта бер, батыр.

– Айтсам, әлгі екі немереңіз – менің екі жиенім Есенғабыл, Есенбекті айтамын да.

– Олар не істепті?

– Өзір ештеңе де істеген жоқ. Бірақ, жағдай дәл осылай кете беретін болса, сөз жоқ, екеуі түптің түбінде Селбеге бір жолығары хақ. Сол үшін де екеуіне ақылыңызды айтыңыз.

– Оу, батыр, атқа мінген жан үйдегінің ақылын тыңдағандай ма? Ол екеуі де күнде өрт сөндіргендей, алаөкпе болып жүрген жоқ па?

– Олардың өздері қайда кеткен? Келіп сәлем бермей ме?

– Ол екеуі бағаналының дәл қазіргі бас батыры Аманбайдың қасында, Сандыбайдың Ерденінің жинаған қолының ішінде. «Күндіз-түні жорыққа дайындалып, қылыш сілтеп, найза тіреп, орыстың от шашар мылтығымен атып, жаттығып жатыр» деп естідім. Екеуін де өз қолыммен Аманбайға қосып, батамды беріп жібергенмін. Содан бері сонда. Естуімше, екеуі Ерденнің қасында. Соның қорғаушы оққағары, сенімді серігі болып жүр дейді.

– Оны мен де естігенмін. Сол үшін де екеуіне «Туған нағашың Селбемен семсерлесіп жүрме» дегенді ертелі-кеш құлағына құйыңыз.

– Құямын. Құйып келемін. Олар да оны ойлап жүрген шығар. Әлгі жігітіңді жіберіп, Селбенің елге тез қайтуына кіріс. Өйтпесе, кім біледі, алда бізді не күтіп тұрғанын.

– Ендеше мен кеттім Бекетке, – деп Қашқын батыр асығып атқа қонды.

* * *

Сібір генерал-губернаторының алдына кешеден бері келген хаттарды бір топтап әкелген көмекшісі иіліп сәлем мезіретін жасап болып, көк пәпкені столының үстіне еппен қойды. Оның осындай бір жасанды ілтисатынан мезі болған губернатор ол кейін шегіншектеп кетіп бара жатқанында:



– Кім, әлгі сенің осы атыңды ұмытып қала беремін. Кім еді? – дегенде кілт тоқтап:

– Менің атым – Тұрлыбек, тақсыр. Мен Тұрлыбекпін ғой, – деді.

Үні дірілдеп шықты. Генерал мырс етті де:

– Сен мыналарды оқыдың ба, кімнен, қайдан келген? Неге мұншама көп? – деп көк пәпкіні көзімен нұсқады. Тұрлыбек те есін тез жиып ала қойды.

– Оқыдым, тақсыр, оқыдым. Бәрін сұрыптап, салып қойдым... – дей бергенде, губернатор оның сөзін әрі қарай жалғастыруға мұрша бермей:

– Кімнен, қайдан келген дедім ғой мен саған. Түсінбедің бе?! – деді. Бұл жолғы үні тым қатқылдау.

Әңгімені өзі де неден бастарын білмей тұрған Тұрлыбек енді бөгелместен сөйлей берді:

– Тақсыр, кейінгі кездері осындай хаттар мейлінше көбейіп кетті.

– Қандай хаттар дейсің?

– Қандай болғанда да, әлгі бағаналылар туралы.

– Оларға не болған?

– Оларға ештеңе де болған жоқ. Тек...

– Немене, немене?

– Бағаналылардың үстінен жазылған шағым-арыздар көбейіп кетті.

– Неге?

– Білмеймін ғой. Сірә...

– Айта бер.

– Сірәсі, оларды біреулер сырттай ұйымдастырып, жамандайтын тәрізді.

– Түсінбедім. Сырттай дегенің қалай?

– Менің естуім мен пайымдауымша, бағаналылардың тату тірлігі, бұзылмас бірлігі біреулерге бөгет.

– Сонда кімдерге дейсің?

– Сырт естуімше, Қоқан хандығы осы бағаналыны қаншама жылдан бері әрі-бері шабуылдап ала алмай жүр.



– Неге?

– Неге болғанда, бағаналының төрт босағасы берік қамалдай. Бірінсіз бірі ас ішпейтін ағайын десе болады. Бір шетінен жау тисе, төртеуі түгел қарсы тұрады. Сыртқы жауға, ішкі дауға бой бермейтін тату тірлігі Қоқанға да алынбайтын қамалдай болғалы қашан.

– Содан?

– Содан кейін ханның өзі арнайы тапсырма беріп, бағаналының бірлігін бұзу үшін жансыздарын жұмсап, қазақтарды біріне бірін айдап салуға арнайы қаражат бөлген деп естігем.

– Сонда қалай? Олар қалай, қайтіп бүлдірмек?

– Оның жолы көп, тақсыр.

– Мәселен?

– Қоқанның көктен сұрағаны жерден табылғандай болды. Әсіресе, айтулы «Сібір қазақтары туралы» жарлық шыққаннан бері бұл тіпті үдеп кетті. Отты үрлегендей гулетіп жіберді.

– Тоқта, тоқта. Сен өзі не деп кеттің? Ол жарлыққа Қоқан жансыздарының қандай қатысы бар?

– Бар болғанда қандай. Өте қатысты. Айталық, бұрын Арқа мен Шудың арасын ен жайлап, еркін көшіп жүрген бағаналылардың көші-қоны мен жайылымы жарлыққа сай тарылды. Бұрынғы жүрген жолдары жабылды. Адамды былай қойып, үйренген мал өрісіне шықса, қуып кету жиіледі. Тіпті кей жағдайда Кіші жүз алшындардың киімін киіп, түн жамылып келіп, жылқыны қуып кетіп жүргендердің шынтуайтына келгенде сол Қоқанның жансыздары екені де белгілі болып жатыр. Бағаналының бақан таңбасын аттарына басып, маңайындағылардың малын шауып кеткен де кездері болып тұрады. Осының бәрін анықтап, білгенше ара ашылып, ашу үдеп, бақастық белден асып бара жатыр. Өткен жолғы біздің шолғыншыларға шабуыл жасаған да бағаналы жігіттері емес, орыс пен олардың арасына сына қағуды көздеген қоқандықтар болып шықты. Міне, осының бәрі – Қоқан жансыздарының арзан пұлына сатылып, олардың айтқанын істеп жүрген сатқындардың ісі. Қоқандықтар бұл жолда еш ақша аямай жұмсап келеді деп естідім. Сөзі өтетін, хат



танитын қазақтарға бұл бағаналыны іштен ірітетін сөз тараттырып, бірінен бірінің атасын асыра мақтатып, бірін кемсітіп, бірін көтеріп айтатын жалғаншылар біздің татар тілмаштарға да «Қағазға былай жаз, былай жазып кет» деп өтірік мәлімет тықпалағанын білемін.

– Тоқта, тоқта, оқыған, хат танитын қазақтарға пара беріп, бағаналыны ірітетін сөз жаздыратын болса, олар саған қалай соқпай кетіп жүр? Әлде олар сені менсінбей ме?

– Неге олай дейсіз, тақсыр? Маған бір емес, бірнешеуі келген. Тыңдағанмын. Бірақ мен мұсылмандық жолынан жаңылмаған жанмын. Тақсыр, бүгін жалған айтып, ертең о дүниеге барғанда Алланың жүзін қалай көремін? Оған не деп жауап беремін?

– Ә, міне, міне, сен шындыққа енді жақындадың. Басқалар неге сен сияқты ойламайды? Әлде олар мұсылман емес пе? Тіпті бар ғой, сол Қоқанның бұл әрекеті кімге керек деп ойлайсың осы? Айтшы маған.

– Айтайын, тақсыр. Қоқан хандығының ойлағаны бүгінгі күннен де алға озып кеткен.

– Қалайша?

– Олар да біліп отыр. Бағаналының бүгінгі төрт босағасының басшылары Бабыр, Шегір, Қадір би мен жас арыстан Ерден тірі тұрғанда бұл бірлік, бұл татулық бұзылмасы хақ. Бірақ туған адамның өлері анық. Жастары келіп, қаусап отырған анау үш бидің де алдағы күндері санаулы. Ал Ерден Сандыбайұлын өздері «батыр» дейді. Қазақта «Батыр – бір оқтық» деген де сөз бар. Олай болса, бұлардан кейінгі келер ұрпақ «Сенен менің атам артық, менің орным жоғары, міне, мында былай деп жазылған» деп, бүгінгі жамандар қалдырған қағазға жармасып, бірінің жағасын бірі жыртуға дейін барсын дегені.

– Ә, әне, қайда жатыр? Сен, Тұрлыбек, бәрін біледі екенсің. Енді біз не істеуіміз керек?

– Уа, мәртебелі тасқыр. Патша ағзамның өзі бұратана қазақтарды іш тартып, Қоқанға бермеуді тапсырып отыр емес пе?

– Міне, дұрыс-ақ. Айта бер.

– Айтсам сол, бағаналыларды бауырға тартып, оларды қамқорлыққа алуды жалғастырған жөн.



– Не үшін?

– Ол енді ең алдыменен Ресей патшалығының қауіпсіздігі үшін.

– Қалай, қалай дейсің?

– Қазақтың Қасым ханының ұлы Кенесары сұлтан азаттық деп атқа қонғанын білесіз. Ал оған бағаналылар қосылса, өрт ұласып кетеді. Сондықтан да Кенесарыдан бұрын олардың бетін бері бұрып алсақ...

– Әй, Тұрлыбек, әй, сен осы өзің әйдік қу болып барасың-ау деймін.

– Оны мен қайдан білейін, тақсыр. Мен – қарапайым көп қазақтың бірімін. Сіздің құзырыңыздағыға менің өрем жетпейді. Менің қолымнан келері – бұйрықты бұлжытпай орындау.

– Оның дұрыс. Бұйрықты орындау да оңай іс емес. Ал сені көптен білемін. Ойың ұшқыр. Мінезің орнықты. Саған қай шаруаны болса да сеніп тапсыруға болады. Бағаналыларға жаның ашиды екен. Ұлытауда салынар бекіністің жайын қадағалап, онда баратындардың тізімін жасауға қатыс. Маған күнделікті мәліметті кезектен тыс жеткізіп отыр. Оған қабілетің жете ме?

– Жетеді.

– Әне, ал сен бұрын мұндай шарадан бойыңды алып қашатын едің. Білесің бе? Осында алғаш келгенің есінде ме?

– Есімде.

– Әрине, есінде болады сенің. Орысша оқыған аз қазақтың бірі едің, көрдің бе, саясатқа да араласа бастадың. Пайымдауың орнықты. Байқайын деген едім, ойыңды анық айттың. Менің өзім де бағаналыларды жақсы танимын. Төрт биіне де көңілім жақын. Сандыбайдың Ердені келіп кеткен. Қарабала Қадір бидің өзіменен сөйлесіп, дидарласқанмын. Сандыбайға бата берген Барлыбайдың ұрпағы емес пе? Бабыр, Шегір билермен де табақтас болғанмын. Көрдің бе, сен соның бәрін біліп тұрып, маған «Бағаналыны қолдайық» дейсің. Қусың сен, Тұрлыбек. Менің ойымды оқып тұрғандайсың. Ендеше «Бағаналылардың жері өздеріне қайтарылсын» деген жарлықты әзірле, – деді. Оған ол қуанып кетті.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

БАҒАНАЛЫ – БАСТЫ ОРДА





Ұлытау бекінісін салу туралы жарлық шыққаннан кейін-ақ шұғыл іске кіріскендердің шоғыры көбейді. Генерал-губернатордың өзі бас болып, онда баратындарды іріктеп, қанша адам, қандай жұмыс атқаратынына дейін жіпке тізгендей етіп, көз алдынан өткізді. Ең алдымен бекініске баратындардың үй саны реттелді. Бірінші кезекте алпыс үй, екінші жолы тағы да сондай дегенде, бас-аяғы үш жылдың көлемінде төрт жүзге жуық қара шекпенділер түтін түтетеді деген есепті бір қорытындылап алғаннан кейін, оларға үй салу, қоныстың тыныс-тіршілігіне қажетті шаруаларды реттейтін, бақылап, басқаратын топтың да құрамы анықталды.

Генерал-губернатордың өзі бекініске баратын мұғалімдерді жеке қабылдады. Оларға, ең біріншіден, қазақ балаларын, олардың ішінде қыздарын оқытуды ерекше қолға алуды баса тапсырды. Алғашқыда оған түсіне алмай: «Неге тек қыздарын дейсіз?» – деген бір-екеуіне: «Білесіздер ме, бүгінгі жас қыздар – ертеңгі бір-бір үйдің отанасы. Балалардың анасы орысша оқыса, орысша оқыған қыз үйде де, түзде де орысшаға жетік сөйлесе, баласының да тілі солай бейімделеді. Ал әйелі мен баласы орысша сөйлеп отырса, отағасы қайда кетеді? Міне, сіздер осындай үлкен міндетпен барасыздар», – дегенде мұғалімдердің мерейі бір көтеріліп-ақ қалды.

Жолға шығуға дайындалып отырған дәрігерлерге де осындай міндеттер жүктелді. Сатушыларға: «Мұсылман дініндегі қазақтар ішімдік пен шылымды тұтынбайды. Арақ пен темекі сатпасаңдар, сауда жүрмейді. Ендеше қазақтарға арақты арзанға, тіпті алғашқы кезде ұзақ мерімге қарызға да беріп үйретіңіздер. Бұл, бір жағы, сіздер үшін пайданың бір мол көзі», – дегенге екпін түсіріп айтты.



Татар молданың екінші бір қызметі тілмаштық екенін оның есіне тағы да бір қайталай түсіріп: «Ғизатулла абзи, сіз мұсылман бауырларыңызға дұрыс, таза жолмен жүруге көмектесіңіз. Ауыл молдаларына христиан дінінің де бөтен еместігінен мағлұмат беріп, қазақтарды жақындастырудың амал-шарттарын алға ұстаңыз», – деді. Ояздың бұл айтқандары бекініске барып қызмет ететіндердің қандай қиын іске бара жатқанын ұқтырғандай.

«Ұлытау бекінісі қай жерден түсуі керек?» дегенді арнаулы топты бастап баратын есауыл Рябцов пен топограф Бородинге айрықша тапсырған губернатор сөзінің соңында: «Байқандар, бара қазақтардың шамына тимеңдер. Алдыменен бекіністің орнын белгілеп алыңдар. Сендер табиғаты ғажап, ауасы таза, суы тұнық, жердің ең бір шұрайлысын табады деп сенемін. Жолдарың болсын!» – деп тілегін білдірді. Бірнеше айдан бері әне-міне шығамыз деп дайындалғандар екі-үш күннің ішінде қасиетті тауды бетке алып жолға шықты.

Рябцовтың қарауындағы отыз солдатпен бірге үй салатын, тас қалайтын, темір соғатын ұсталар мен ағаш шеберлері де «Е, сәт» деп атқа мінді. Салт аттылардың қатарындағы татар молда Ғизаттулланың да қуанышы қойнына сыяр емес. Қаншама жыл «Ұлытауға бір барсам-ау» деп армандап жүрген ойы еді, міне, бір-ақ күнде ол жүзеге асқандай. «Түбіміз бір қақтың қара шаңырағы Ұлытауда болып, онда қызмет етсем» деген ой қашан келгені есінде жоқ. Тек өзі ес білгелі Ұлытау дегенде құлағы елең ете қалатын. Көрші қазақтар да «Ұлытау – үш жүздің басын қосқан жер» деп айтқанда ауыздарының суы құриды.

Әптиекті оқып, құран сауатын ашып, дін оқуында жүргенде оны орыс офицері шақырып алып: «Бізге сендей жігіт керек», – дегені бар. Бұл оған: «Мен әлі жетіншекпін», – деген. Ол күліп: «Мейлі, бүгін бала, ертең дана боласың. Осы бастан бізбен бірлесіп қызмет етуге үйрен», – деп әртүрлі іске тарта берген. Кейін кәдімгідей молда болып, ел алдында шарифат айта бастағанда офицер тағы өзі келіп: «Әбзи, сен біздің құпия қызметте қан-



ша жылдан бері жүргеніңді білесің бе?» – деп мұны әңгімеге тартқан. Бұл оған таңғалып: «Қандай қызмет?» – дегенде ол: «Сен – біздің көзіміз бен құлағымызсың, агентіміз екеніңді есіңен шығарма», – деген. Аяқ астынан оған не дерін білмей тұтығып тұрып қалғанда ол: «Жә, қалғанын кейін білесің. Сені шақырып алып сөйлеседі», – деді де, бұған бұрылып қарамастан кете берген.

Түс көргендей аң-таң болып тұрып қалған Ғизатулла кейіннен барып өзінің Ресейдің құпия қызметінің тапсырмасын орындауға шындап кіріскенін бір-ақ білді.

Былайғы жұрт оны басына сәлде ораған молда деп, оған құрметпен қарап жүрсе, бұл өзінің кім екенін ешкім білмейтіндей сезінетіні бар. Әр шаруаның басы-қасында тек дін уағыздаушы болып көрініп жүргеніменен де, оның арғы жағында құпия тапсырмалардың неше түрін орындауына тура келеді. Бұл жолы да «Ұлытау бекінісі салынады» деген сөз шыққаннан бері мұны шақырып алып: «Ұлытау қазақтары жайлы терең біліп, зерттеп, олардың тыныс-тіршілігімен жете таныс, кейін сол жаққа барасың», – деп арнайы тапсырған. Ұзын бойлы капитан шеніндегі татар жігіті: «Міне, мынада олар туралы бәрі бар. Оқы, таныс», – деп, кішкентай жұқа кітапшаны ұсынған. Сонда бұл тұңғыш рет «Төрт босаға» дегеннің не екенін түсінген. Ұлытаудың төрт жағындағы тұрып жатқан ірі, басты рулардың тарихымен танысқан.

Енді, міне, ойда жоқта топқа қосылғандай болып томпаңдап келе жатыр. Ояздың өзі кетерінде Рябцовқа: «Молданы шаршатып алмаңдар. Оның айтқанына құлақ салыңдар. Ол – дін адамы. Ренжітпеңдер», – деп арнайы жеке шақырып тапсырған. Ояздың сол сөзінен «Бұл молда «құлақ» болуы мүмкін» деп ұққан есауыл үнсіз бас изеген.

Кейінде келе жатқан көк арбалардың да артқан жүктері ауыр. Онда құрылысшылардың құрал-саймандарынан бөлек, осыншама жанның ішіп-жемі, азық-түліктің түр-түрі, ағаш бөшкедегі арақты қоспағанда, төсек-орын мен қару-жарақ, лом темірлер, қалың брезенттердің өзі бір-бір төбе. Балға-балта,



ара мен шегенің өзі бір арба дерлік. Оқ-дәрі. Бірінің соңынан бірі тізілген арбалардың әрқайсысында бес-алты адамнан және отыр. Оның сыртында, барған бетте салынар жатақханаларға жететіндей ұзын-ұзын бөренелер мен қалың-қалың тақтайлар. Салт аттыларға ере алмай артта келе жатқанымен, бұларсыз алдыңғылардың барған жерден орын теуіп орналаспасы және анық.

Талай бекіністе үй салып аты шыққан Тимофей аталатын ағаш шебері ең соңғы арбада екі аяғын екі жаққа созып тастап, шалқасынан түсіп жатыр. Оған ешкім де «Әй, бұл не жатыс?» демейді. Бет-аузын жапқан сақал-мұрттың қалыңдығынан мұрны мен көзінің көлемі көмескіленіп көрінеді. Танауынан бұрқырай шыққан темекінің түтіні де оның дәл осы жатысына сай келіп тұрғандай. Аспанға бұйралана көтерілген шылымның түтіні тұнық ауаға араласып, әп-сәтте жоғалып кетсе, оның соңын ала екінші түтін бұрқ ете шығып, алдыңғысының ізіне түсіп, көзден ғайып болады.

Ең алдыңғы арбадағы еңгезердей, алып тұлғалы Дмитрий Митрофановичтің екі көзі салт аттылар кеткен жақта. Сар желіспен екпіндей жүріп кеткен аттылардың ізінен жаңылыспайын деп қанша жылдамдатқаныменен де, оларға ілесе алмасына көзі баяғыда-ақ жеткен. Содан кейін де: «Осы мен асыққанда қайда барамын?» – деп өзін-өзі сабырға шақырып, ұзақ-сонар көштің алды-артын орай келе жатқан солдаттарға көз салып: «Қайтсін байғұстар, ат мінгендерімен, арбадан оза алмағаннан кейін оларға не айтасың?» – деп көңілін жұбатқан болады.

Солдаттар да «Бұлардың қос ат жеккендерінің түрі» дейтіндей. Арбадағыларға жақындай келіп, тізгін тартып, кейін-деп қала береді. Ондағысы, әрине, «Кәне, жүріңкіресейші» дегенін ат айдаушылар айтпай-ақ ұғып келеді. Бірақ баратын жер жақын емес. Оның сыртында, тауға қарай жүрген сайын адырлы белдер көптеп кездесе бастады. «Мұншама төбесі көп те дала болады екен-ау. Тауы қашан көрінеді мұның?» – деп бәрінің де дегбірі кетіп, мазасыздана бастағаны байқалды.



Қаншама күннен бері шеті мен шегі көрінбейтін ұзақ жолмен жүріп келе жатса да, «Жетсек-ау» деген таудың өзі түгіл, тіпті сұлбасы да көзге шалынар түрі жоқ. Жол бастаушының кеше кешкісін қоналқадағы: «Енді шамалы қалды», – деген сөзін көбісі таң атса болды, шапқылап жетіп баратындай көрген. Жоқ. Кешеден бері де сол ұбақ-шұбақ, шиырланған шимай-шатпақ, айқыш-ұйқыш айқасып жатқан жолдың не басы, не соңы көрінер емес. Анда-санда ән салатын екінші арбадағы Андрей деген орыс жігітінің зор дауысы естілгенде бір серпіліп қалады. Ол да қашанғы шырқай берсін, бүгіндікке үні шықпай қалды. Осылайша жолсоқты болып, шаршағанда Андрейдің:

– Әне, әне, тау көрінді! – деген зор дауысы гүрілдей естілді. Бұл сөз бәрін де ұйқыдан оятқандай.

– Кәне?

– Әне.

– Әне.

– Көкпеңбек қой.

– Көк тау ма?

– Жоқ, жап-жасыл.

– Алыстан солай мұнартып көрінеді, – деп әркім өз білгенін-ше айтып жатыр. Олардың ол даурығуын әлдебіреуінің:

– Асықпаңдар, әлі бір-екі түнеп жетеміз, – деген сөзі су сепкендей басып тастады. Көбісі: «Қалайша?» – деп таңғалғанын жасырмай, қасындағысынан сұрап жатса, енді біреуі: «Ту алыстан солай көрінеді, қасына барғанда олай болмайды», – деп білгішсіне қалады. Кім қалай десе де, «Көрінген таудың алыстығы жоқ» дегендей: «Енді ол қашып кетпейді, жетеміз, жеттік», – дегендер кеш бата: «Тауды көргенімізді жуамыз», – деп аттарын доғара бастады.

Арттағы арбадағылардың тоқтап, қоналқаға қалғанын естіген есауыл Рябцов:

– Мейлі, ал біз оларға бөгет жасамайық. Жүріңкіреп барып тоқтайық, – деп Бородинге бұрыла қарады. Бородин оның сөзіне орай:



– Алдымызда Торғауыт өзені бар. Анау таудың етегіне қарай жүрсек, тура соның жағасына жетеміз, – деді. Оның бұлайша білгішсінуіне тек есауыл ғана емес, басқалары да «Бұл қайдан біледі?» деп таңғалғандай.

Өзінің сөзін нақтылағысы келді ме, Бородин енді атының басын тарта тоқтап:

– Мен бұл жерлерде бұрын да болғанмын. Осы өлкенің тауы мен төбесі, ойы мен қыры, айдыны мен көлі, бұлағы мен өзені – бәрі-бәрі менің мына қоржынымдағы қара былғары папкінің ішінде жатыр. Белгілі көпес Ушаковпен былтырғы жылы бір келгенмін. Демек, мен айтсам, бірдеңені біліп айтамын. Енді шамалы жүрсек, Торғауыт өзеніне жетіп жығыламыз, – деді.

Шынында да, Иван Бородиннің айтқаны айдай келді. Торғауыттың жиегіне жетіп демалған олар ертеңіне айналаға қарап естері шықты. Қарсы алдарында кеше кешке сұлбаланып көрінген тау енді тым зорайып, ап-айқын болып, кербезденіп керіледі. Ат бауырынан келетін қалың шалғыннан жаяу адамның аттап басып жүруі тіптен де мүмкін емес. Мың түрлі шөптің аңқыған жұпар иісі танауды жарып, өкпені үрлеп, кеудені кеңейтіп, бойыңа бұрын-соңды өзіңе де беймәлім ғажап күш құйғандай. Тұрған орнында қозғалсаң болды, табаның жерге тимей, көкке қарай ұшып кететіндейсің.

Кеше кешкілікте байқалмаған тамаша табиғаттың сұлулығына қарасаң көз тоймайды. Шөп басына тұна қалған мөп-мөлдір шық атқан таңның шуағымен шырайланып, жалт-жұлт етеді. Шөп арасынан пырылдай ұшқан шілдердің өзі бір қызық. Дүниедегі барлық ғажайып осында. Бұл тамашаға қараған сайын қарай бергің келеді. Қараған сайын жанарың нұрланып, жаның жадырап, әлдеқайдан бір әдемі әуен – дала күйі күмбірлей құлағына жететіндей.

Талай жерге барып, қос тігіп, дала табиғатына көзі әбден қанық болған Рябцовтың өзі де мынадай сұлу табиғатты, түп-тұнық таза ауаны ешқайдан, ешқашан да кездестірмегенін мойындағандай. Ол:



– Бородин мырза, сіз осында әдейі осы сұлулықты көрсету үшін бұрылдыңыз-ау, сірә, рақмет сізге, – деп екі қолын шапалақтап, оған ризашылығын білдірді. Осы сәтте Андрей Бородин:

– Есауыл мырза, сіз білесіз бе қандай тарихи жерге келіп тұрғаныңызды? – деді күлімдеп. Оның нені меңзегенін түсіне алмаған ол екі иығын қомдап:

– Нені? – деді.

– Бұл – қазақ хандарының ордасы орналасқан жер.

– Қайдағы хан? Қандай хан?

– Пәлі, білмейсіз бе?

– Нені?

– Бұл жер – кешегі Алтын Орда тігілген қасиетті мекен.

– Кімнің ордасы? Қазақтардың ба?

– Мырза, ашығын айтайын ба?

– Ал айта ғой.

– Атағы жер жарған Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошының ұлысы осы жерде орын тепкен.

– Қалай тепкен?

– Алтын Ордаға осы дала түгел, оған Москваңыз да қараған.

– Қалайша?

– Кәдімгідей. Демек, біздің де бұл жерге еш бөтендігіміз жоқ. Әне, анау жазықта бір кездері күмбезді хан ордасы болған.

– Сол жерге неге бекіністі салмаймыз?

– Салдырмайды.

– Кім?

– Бағаналылар.

– Олар кімдер?

– Олар – осы жердің иелері. Осы өзеннің бойы, жалпы мынау Ұлытау – тұтасымен бағаналылардың туды-бітті мекені. Жердің иесі де солар.

– Сонда немене, бұлардың бәрі де түгел бағаналы ма?

– Ия, ия.

– Сонда қалай, бұлар өз іштерінде ата-атаға бөлінбей ме?

– Білмеймін. Бөлінетін шығар. Бірақ біздің патша ағзамға дейін бұларды тұтас бір ел – бағаналылар дейді. Болды.



– Қызық екен. Басқа қазақтар ата-атаға бөлініп тарайды. Солай ма?

– Солай.

– Ендеше бұларды да ата-атасына бөліп айтып, «Сенің атаң мықты, сенің атаң одан да тәуір» деп, бұларды біріне бірін қарсы қою керек.

– Ол не үшін?

– Бұларды осылай бөлшектесек, басқару оңай. Бірімен бірі айтысып, тартысып, бірліктері ыдырайды.

– Мүмкін.

– Жо, жоқ. Мүмкін емес, ол солай. Қазақтың бірінен бірін асыра мақтасаң болды. Осал жері осы олардың. Ал «Біз – бағаналымыз» дегенді бөліп алу қиын.

– Бірақ, біз айтты екен деп, олар бүгін-ертең бөліне қояр ма?

– Бүгін болмаса, ертең, ертең болмаса, одан кейін. Арасына «Сенің атаң» дегенді айтып не жазып, лап еткізіп, тұтатып тастасаң болды. Мейлі, жылдар өтер, түптің түбінде біреуі «Мен» деп кеуде қағып, біздің жазған қағазды көтеріп, өз атасын әспеттеп алға шыға келер. Сонда көресің. Ал қазіргі билер оған әзір жол бермес. Бірақ олар да өтер. Сонда бөлінбейтіннің көкесін көрерсіңдер.

– Иә, енді мына Алтын Орданың иесі кім дедің? Әлгі рулардың қайсысы?

– Е, есауыл мырза, таудың басындағы Едіге мен Тоқтамыстың моласын көрмеген екенсің ғой.

– Олар кімдер?

– Олар – сол Алтын Орданың ең соңғы хандары. Осы жерді жайлап, қоныс еткен. Содан бері қазақ хандары бұл жерді киелі санап, хандарын осы жерде сайлап, ақ киізге көтереді. Ол енді кетті ғой. Хандар жоқ. Кімді көтереді? Ендігі билік патша ағзамның қолында. Мына бізде.

– Қателеспеңіз, мырза. Қасым ханың баласы Кенесары сұлтанның хандықты құрамын деп атқа қонғанынан хабарыңыз бар ма?



– Хандығын білмеймін. Қазақтарды соңына ертуге шақырып жатыр деп естігенім бар.

– Ендеше сол Кенесары хан болып сайланар болса, сөз жоқ, дәл осы жерге келеді. Сонда бүкіл қазақ дүбірлеп келіп бекінісіңіздің быт-шытын шығарары сөзсіз. Сондықтан да мен таудың ішкі бетінен орын таңдауды ұсынамын.

– Олай болса, солай қарай неге бастамайсың?

– Асықпаңыз. Арттағы жүкті тура солай қарай бастап баратын бір жігітіңізді жіберіңіз.

– Кімді?

– Атқосшыңызды болса да. Ал біз сар желіспен жүріп отырып Ұлытаудың Әулиетауына ат басын тірейік.

– «Әулиетау» дегені не олардың?

– Оны барғаннан кейін білесіз, – деп Бородин есауылды біраз желпіндіріп алып, бұлардың сөзін манадан бері үнсіз тыңдап келе жатқан молдаға бұрылып:

– Айтқандарымның қатесі бар ма? – деді. Молда оған еш жауап қатқан жоқ. Тіпті оның не айтқанын естімеген де сияқты. Иегіндегі шоқша сақалын тарамдай сипаған қалпы атын тебініп жүре берді. Өзеннен өтіп, жазыққа шыққанда бұлар аттарының басын еріксіз тартып, кілт тоқтады.

Ат шаптырым аймақтағы шабындықтың ішіндегі мыңмыңдаған киіктер қаннен-қаперсіз. Белуардан келетін қалың шөптен жоталары ғана жалтырап көрінеді. Үстеріне сау етіп келіп қалған салт аттыларды ең бірінші болып байқаған иір мүйізді текелері тұрған орындарында аспанға тік шаншыла көтеріліп, танауларын желге тосып, төстерін кере, мойындарын бұлғаң еткізіп жүйіткіте жөнелді.

Қалың шөптің үсті теңіз бетіндегі толқындай лықсып, тербеле түсті. Қалың киіктердің соңында желмен тербеліп тулаған көк майсалы толқын толастар емес. Самалмен тербеліп, дала әуенімен билейді. Мың-мыңдаған киіктер легі алды-артындағы ештеңеге де қарайтын түрі жоқ. Жолдағының бәрін жапырып, таптап өтетіндей жөңкіп барады. Бірімен бірі жарыса шапқан



киіктердің қызғылт жүндері желмен желбіреп, күн шуағымен нұрланып, көздің жауын алатындай болып жалт-жұлт етеді.

Жөңкіле көшкен киіктердің екпінінен сескеніп, тыныш жатқан жерлерінен шошына ұшқан топ-топ құстар да әртүрлі дыбыста ән салып, аспан астын әдемі әуенге бөлегендей. Аяқ астынан пыр-пырлап ұшқан топ-топ бөденелер мен шілдер де алысқа бармай, әудем жерге барып шөп арасына қонып, сәлден кейін қайтадан көтеріледі.

Бұрын мынандай қызықты көрмегендер ат үстінде тұрып ауыздарын ашып, көздерін жұмып:

– Не деген ғажап!

– Не деген сұлулық!

– Жұмақ қой бұл, жұмақ! – деп таңдайларын қағып, таң-тамаша болып тұр.

Жолды бастап келе жатқан топограф Бородин қасындағылардың қызыққан түрлеріне қарап сәл тұрды да, шыдамады білем:

– Мырзалар, қызықтың көкесін әлі көрерсіздер. Алғаш рет келгенде мен де мына сіздерге ұқсап, аузымды ашып қалғанмын. Бұл әлі ештеңе де емес. Мөлдір бұлақты, жасыл құрақты, саялы теректі, ақ балтыр қайыңның түбінде бұл тіршіліктен баз кешіп, бір сәт мамырлап, мәз болып жатқанда «Бұл өмірдің рақаты мұнда екен ғой» деулеріңіз сөзсіз. Ондай саясы мол, салқын самалды, қайыңы мен терегі, талы мен иілген қарақаты, аршасы қатар өскен тіріліктің жұмағы, басқа-басқа, дәл осы Ұлытауда жетерлік. Бекіністі салып, орнығып алғаннан кейін оязыңыз да, патша ағзамыз да Ұлытауға келіп демаламын десе таңғалмас едім. Қазір бекініс, ертең бұл Ұлытау – берісі дуанның, әрісі ояздың орталығы болуға дайындалып жатыр ма деген ойдамын. Мұны да ойға бір алып қойыңыздар.

Ал енді арттағы арбадағылар әлгіндегі біз өткен жолмен жүре алмайды. Олар Ушаков салған сұрлеумен келсін. Оған мен көмекшімді жіберейін. Оларды Ұлытауға тіке апарар асудан күтіп алайық, – деп, өзінің бұл өңірмен жете таныстығын тағы бір дәлелдей түсті. Бородиннің сөзін бәрі де қоштады.



Салт аттылар тауға қарай желдіртіп жүріп кетті. Арбалардың алды Ұлытаудың биік қырына келіп шыққанда, соңы әлі де сонау Сарының сайының шетіне енді-енді келіп жеткен еді. Биік асудан алдымен Бородин бастап, төменге қарай түсе берді. Байқағаны – осы асудың үстінде тұрып тауға қараған жанның өзінің де көңілі өсіп, төбесі көкке тигендей бір күйге бөленеді екен.

Аспанда шөкімдей де бұлт жоқ. Тап-таза. Көкпеңбек. Шетсіз де шексіз көк аспан. Сонау биік заңғар таудың үстіне қанатын барынша кеңге жайған қыран қалқып, бұларға «А, сендер кімсіңдер, қайдан, неге келдіңдер?» деп қарайтындай. Қалықтай ұшып, бұларды байқап, бағдарлап, сыртынан сынап, алдыға ой жүгіртіп өткендей. Қалың көштің төбесінен шыр айнала ұшып өтіп, қайтадан өзінің биігіне көтеріліп, қанатын жазған қалпы көзден ғайып болды. «Бұл таудың киесі бар, иесі бар» дегенді талай естіген Рябцов соларды есіне алып, көкке қарап, көзін уқалап «Бұл не ғажап, бұл не құс?» дегендей аузын ашып, қасындағы Бородинге бір, одан әріректегі молдаға бір сұраулы жүзін бұра қарады.

Қанша дегенменен де қыранның дәл төбеден зуылдай келіп ұшып өтуі бұл жерде әлдебір тылсым күштің, табиғаттың бойына жиған құпиясы барын баршасына тағы да бір ұқтырғандай. Осы көрініске таңғалғандарға қарап, «Бұлар жаны қысылғанда ғана есін жинайды» деп, әр кезде де іштей ой түйіп жүретін Ғизатулла молда:

– Есауыл мырза, көрдіңіз бе, әлгі қыран – Ұлытаудың киесі де иесі. «Ал байқандар» деп белгі беріп кетті. Ескертті, – деді.

Молданың даусы ерекше екпінді шықты. Оған «Бұл не дегеніңіз?» деп қайта сауал қоюға есауылдың да жүрегі дауаламай қалғандай. Атының тізгінін қолына алып, алға қарай «шу» деп тебініп жүріп кетті. Оның осы бір қимылының өзі-ақ көңілі қобалжып, «Қайда, қандай жерге келдім?» дегенді айтпай-ақ аңғартқан.

Асулы төбеден төмен түскенде, етектегі сарқырай ағып жатқан арналы тау өзеніне келіп тірелгендерге Бородин:



– Болды, осы жерге тоқтап, алды-артымызды бір түгендеп алайық. Содан кейін барып орын таңдармыз, – деді. Оның бұл сөзін есауыл да құп көргендей. Жол ауырын артқа тастаған арбадағылар бірінің соңын бірі ала келіп, жинала бастады.

Қаншама жылдардан бері өзімен-өзі болып, тыныш жатқан асқақ тау беймезгіл келген тосын дүбірге құлағын тосқан қариядай үнсіз ғана мүлгіді.

Тау етегіндегі тоғай шетіне жетіп, дөңгелене тоқтаған арбадағылардың алды-артын бір түгендеп шыққан Бородин оларға енді кімнің қайда қоныстануын таңертеңнен бастап белгілейтінін ат үстінде тұрып, айқындап айтып берді де:

– Ал әзірге өздерің осынау ат шапырым аймақты қаққа жарып ағып жатқан өзеннің екі бетін аралап, кімнің көшіне қай жер ұнайды, белгілей беріңіз. Ең бастысы, алдыменен азық-түлік сақтайтын қойманы, содан кейін солдаттардың казармасын салу керек. Басқа жеке кәсіппен келгендерге ыңғайлы жерден орын белгілеу қиын емес, – деді де, өзі есауыл Рябцовтың солдаттарына қарай атының басын бұрып, шаба жөнелді.

Бородиннің сөзін мұқият тыңдағандар, «Уақытты текке өткізбейік» дегендей, өзеннің екі жағын жағалап, болашақ мекендерінің орнын бүгіннен бастап белгілеп қоюға кірісті. Өзінің соқталдай-соқталдай екі ұлын ерте келген Телегин арбадан түсімен арналы өзенің екі бетіне де қада қаға бастады. Балалары:

– Әке, неге? Екі жақтан да үй саламыз ба? – дегенде ол:

– Біздің жолымыз болады екен. Үндемеңдер. Үйді де, қораны да, бөрін де саламыз. Құдай бізге берді, – деп көңіліне алған ісін жалғастыра берді. Өзеннің тау жақ бетінен үйдің орнын белгілеп болды да, қарсы беттегі жағаға жақындау жерден терең шұңқырды әп-сәтте-ақ қазып шығып:

– Андрей, әкел, балам. Бол, тез, – деп үлкен ұлын өзіне шақырды. Оның нені әкел дегенін ұлы да бірден түсінген. Қолына кенеп қапқа оралған жас теректі көтеріп әкеліп, әкесінің алдына қойды. Әкесі мен ағасының қарбалас жұмысқа кірісіп кеткенін жаңа ғана аңғарғандай болған кіші ұлы Иван:

– Мен не істейін, әке? – деді.



Ұлының уылжыған түріне күлімсірей қараған Терентий Тимофеевич Телегин:

– Сен бе, сен анау өзеннен шелекпен су алып кел, бол, тез, – деді де, қаптан теректі алды. Өзімен-өзі болып дабұр-дұбыр етіп, сапырылысып жүргендердің көбі-ақ Телегиннің терек егіп жатқанын естіп, «Ой, онысы несі, ей?» деген әлдебір қызығушылықпенен «Рас па өзі?» деп бірінен бірі сұрай келіп, оның шыныменен де шұңқырға су құйып, қара топырақ төгіп жатқанын көрді. Келген адам қарап тұра ма? Көңілдеріндегі сұрақты боратты:

– Терентий, сен қызық адам екенсің.

– Мынадай қалың тоғайдың түбіне келіп терек еккенің не?

– Терек еккенің еріккендіктің белгісі ме?

– Сонау алыстан, ит өлген жерден теректі әкелгені түк таппағаны да.

– Өзі тілден де қалыпты ғой.

– Бізге бір ауыз сөзін де қиғысы жоқ, – деп өзеурей түскендердің ащы мысқылдарына шамданып, шыдамдары таусылған оның ұлдары әкесіне:

– Неге үндемейсіз? Бұларды осылай сөйлете бересіз бе? – дегенде, Терентий түсін бұзбаған қалпы басын көтеріп, оларға күлімсірей тұрып:

– Сәл сабыр етіңдер. Қазір айтамын. Шыдаңдар, – деді де, теректің жан-жағын топырақпен қымтай жауып, Иванның әкелген суын жағалай құйып шығып:

– Ал енді тыңдай беріңдер, – деді. – Сендер мұнда қанша жылға келдіңдер? Білесіңдер ме? Кәне, айтыңдаршы.

– Қайдан білейік?

– Қашан кет десе, кетеміз.

– Кел деді, келдік.

– Бізде не билік бар?

– Әне, көрдіңдер ме, өз еріктерің өздеріңде емес.

– Сенің еркің өзінде ме? Өзің қанша тұрасың мұнда?

– Мен бе, мен енді осы жерде мәңгілік тұрамын.

– Не дейді, ей, мынау?



- Жынданатын шығар.
- Жолдан шаршаған ғой.
- Бөшкедегіден көп ұрттап қойған да.
- Жо, жо, жоқ. Сендер әуелі түсініп алсаңдарсайшы.
- Нені?
- Менің айтқанымды.
- Сен жөн сөйлесейші.

– Менің сөзім рас. Мен осында енді мәңгілікке қаламын дегенімді түсінбедіңдер. Кәсіпкер ретінде Ұлытауға өзім сұранып келдім. Менің негізгі кәсібім – тері илеу. Оны бәрің де білесіңдер. Атбасардағы барлық қазақтар да, орыстар мен татарлар да мені таниды. Ептеп қазақшалап нан табарым бар. Түсінемін. Бір қайтарары бар. Ал мына Ұлытаудағы бағаналылар – ең бай ел. Жоқ дегенінің үйінде елу-алпыс сиыр, екі-үш үйір жылқы, отар-отар қойы бар.

Қызығы сол, бұлар мал терісін ұқсата алмайды. Өздеріне кергін илеп, етік-петік бірдеңеге жаратады. Алыстағы Атбасарға, маған әкелуге ерінеді. Сол үшін бұларға, міне, өзім келдім. Тері илейтін станогымды да ала келдім. Көмекке екі ұлым жарап тұр. Келгенімді естіп, қазақтар терісін сүйретіп өздері-ақ әкеліп тастайды. Үш-төрт тері әкелсе, екеуін өзіме, екеуін оларға беріп теңдей бөлемін. Оны естігендердің легі есігімнің алдын босатпайтын болады. Осы жердің ең қадірлісі мен боламын және де, – деп әңгімесін жалғастыра бергенде бас киімін бір жағына қарай қисайта киген жүн сақалды Григорий:

– Сенің кетпеймін дегендігің сол ма? Сен осында мәңгі қаламын дегенің осы ма? – деп гүр ете қалды. Оны тыңдап тұрғандар да қоштап:

– Ия, ия, солай дедің емес пе? – деп манағы алғашқы әуендеріне көшті. Задында мінезі ауыр, терісі кең Телегин аспай-саспай, қолын жоғары көтере «Сөзді бөлмесендерші енді» дегендей ишарат білдірді де, тамағын кенеп, сөзін әрі қарай жалғай берді.

– Мына қазақтарда бір қызық әңгіме бар. Атбасарда естігенмін. Бір байдың Құдайберген деген ұлы болған екен. Есалаңдау. Ұрдажық. Сол базарға атпен кіріп, жолдағыларды қамшымен



ұрып, «Кетіндер, жол беріңдер!» деп айғайлап келе жатса, алдынан бір күш иесі жас жігіт шыға келіп, оның шылбырына жармасады. «Кімсің сен?» дейді. Анау «Ә, мен бе, мен Құдай...» дей бергенде, жігіт әлгіні аттан жұлып алып, жерге салып, соқылап жатып, «Әп, бәлем, қолға түстің бе, ақылсызға ат беріп, ақша беріп елірткен құдай сен болсаң, мә саған, мә, ал саған, құдай қолға түсірмеуші еді, түстің бе, ә, құдай болсаң, әділ бол» деп, текпінің астына алғанда, көпшілік әрең деп жалынып, қолынан босатып алып, «Ау, жарқыным, есің дұрыс па сенің? Құдай сенің ойыншығың ба? «Мен құдай» дегенің не?» десе, анау байғұс жылап тұрып «Дұрысы Құдайберген еді ғой» дейді. Сонда бір үлкен қария «Байғұс-ау, алдымен атым Құдайберген деп жөніңді айтпадың ба?» дегенге ол да саспастан, «Әкей-ау, ол маған құдайын айтқызып, бергенін айтқызбай соққылаған жоқ па?» депті. Сол сияқты, сендер де менің сөзімнің соңын айтқызабадыңдар.

– Ал айтшы.

– Ал «бергенін» сен айтшы.

– Айтсам, міне, мынау егіп жатқан теректі көрдіңдер ме?

– Көрдік.

– Көріп тұрмыз.

– «Е, соны неге егіп жатыр?» деп келіп тұрмыз.

– Сендер «Мына тоғайда терек көп, бұл жерге терек әкелген Телегин Терентий – ақымақ» дегілерің келіп тұр ма?

– Өзің айтып тұрсың ғой.

– Онда, енді шыдап тыңдаңдар. Менің Атбасардағы көршілерім қазақтар еді. Солар айтады «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» деп. Ғажап-ақ. Мал өледі, жұтайды. Жоғалады. «Әкенің малы балаға мал болмайды» дегенді де осы қазақтар айтады. Ендеше мен Ұлытауға терек әкеліп егуді көптен ойлап, армандағанмын. Бүгін соған қол жеткізіп тұрмын. Мына теректің тұқымы, сұрпы бөлек. Ал анау тоғай ішін аралап, ең жуан дегенін құшаққа алып өлшеп көріңдерші. Ең жуаны екі адамның құшағына сыйып кетеді. Ал мынау ондай емес. Мұны мен сонау Сібірден, Тайгадан әдейі алдырғанмын. Мұның тамыры тым



тереңге кетеді, ғұмыры бірнеше жүздеген жылдарға жетеді. Ал енді жуандығын айтсам, сенерсіңдер, бәлкім, сенбессіңдер, бес-алты, тіпті ең ірі деген жеті-сегіз адамның құшағы әрең-әрең жететін болады. Көлеңкесінде елу-алпыс кісі кең көсіліп жата алады. Өне, менің әлгі айтқан «Осында мәңгілікке қаламын» дегенім сол. Бір-екі ғасырға дейін атымды алып шығатын жалғыз терек осы. Білетіндер бұл «Телегиннің терегі», «Телегиннің терегі» деуі сөзсіз. Осылайша, мен Ұлытаумен бірге жасай беремін. Әйтпесе, мұнда терек жоқ дегенім емес бұл. Бұл терек «тері илеген Телегиннің» тарихынан кейінгіге сыр шертеді, – дегенінде, қаба сақал Григорий:

– Әй, сен өзің ғажап ертегі айта алады екенсің, – деді де, – сенің мына терегің ғасырларға жетсе, онда Ұлытауға ең бірінші болып келіп, Американы ашқан Колумбқа ұқсап, мұнда тұңғыш түтін түтеткендер ретінде біздің де атымыз тарихтың төрінен орын алар, – деп оған масаттана қарады.

Қаба сақалдының бұл қылығына Терентин:

– Өте дұрыс айтасың. Солай болғанын мен де қалаймын. Әйтсе де, Ұлытауда тұңғыш түтін түтетіп, үй салған бола алмайсыңдар-ау деген күдігімді де жасырмаймын, – деді. Оның бұл сөзіне жалғыз қаба сақал ғана емес, осында тұрғандар «Не танытып тұрсың?» дегенді көздерімен ұқтырып, түрлері сұрланып шыға келді.

– Сен не, бізге осы жердің іргесін қалағандар дегенді қимай тұрсың ба?

– Ұлытаудың тарихын біз жасаймыз дегенге сенбейсің бе?

– Қызғанып тұрсың ба? – деп бірінен бірі дауыстарын асыра даурығып кеткендерге отты жанарын тіктей қадаған Телегин ұлына:

– Балам, анау үйіндінің бетін ашшы, – деді. Ол жылдамдата барып, жерде жатқан кенеп қапты көтеріп алғанда, астынан бір үйінді шықты. Бәрі де «Бұл не екен?» деген қызығушылықпен оған таңырқай қарады. Олардың бәрінің назары толық соған ауғанда ол:



– Міне, көрдіндер ме, мен емес, мына дүниелер сендерге «Алғаш қоныс теуіп, бұл жерге тіршілік әкелді» деген әдемі атты өлсендер де берер ме екен, ә? Ойлаңдар. Міне, қараңдар. Мынау – көне заманда құйылған, қолданған қыш құмыра. Түрлі тұрмыстық заттардың сынықтары. Бұл жерде өркениетті ел қоныс тепкенін дәлелдеп бермей ме? Демек, бұл таудың Колумбы бола алмайсыңдар. Бірақ, кім біледі, күндердің күнінде әлдебір атақ құған біреу «Ұлытаудың тірлігі бекіністен басталған» деп айды аспаннан шығарып жатса, оған мен таңғалмаймын, – деді.

Екі кештің арасында бір топ жанның жар шегіне жиналып тұрғанын көрген Бородин мен Рябцов бұлардың қасына келіп, үзіліп қалған әңгімені жалғастырғысы келіп:

– Көне, біз де тыңдайық, – деді. Оларға бәрі де Телегиннің терегі мен оның шұқыр қазғанда жер астынан тауып алған қыштары жайлы айта бастады. Оларды мұқият тыңдаған екеуі де:

– Телегиннің терегі тарихқа тіреу болса, бола қойсын, ал құмыраларға талас жоқ. Өткенде жер асты байлығын зертеп жүрген Ушаков мырзаның өзі де «Ұлытауда үлкен қала болған» деп қағазға түртіп түсіргенін білеміз, – деп Телегинді жақтай келіп: – Ана жаққа солдаттар да қазған жердегі топырақ арасынан топырлатып қыштың, пышақтың, қылыштың сынықтарын тауып жинап қойды, – дегенде қаба сақал жалт бұрылып, бұларға қолын бір сілтеп жүре берді. Кетіп бара жатып:

– Көрерміз тоғайдың түбіне әкеліп еккен терегіңнің не болғанын, – деп, онысына өзі ерекше бір риза кейіппен қарқылдай күлді.

Қаба сақалдың бұл қылығына басқалары не дерін білмей, абдырап тұрып қалды. Тек Телегин ғана:

– Көрсек көрерміз. Бірақ бұл терек тамыры тереңге кеткенін, он адамның құшағы жетпес шынар болып өскенін, өзгені қайдам, сен көре алмассың, қаба сақал, – деп, күректтей алақанына жабысқан топырақты сипай қағып орнынан тұра берді.

«Адамның аузына Алланың салғаны қате кетпейді» деген. Телегиннің айтқаны дәл келді. «Телегиннің терегі» деп аталған жалғыз терек сан ғасырды басынан өткеріп, жапырағын жай-



қалтып, тамырын тереңге жіберіп, көргеннің көзін нұрландырып, көңілін жайландырып, таудың тарихынан өзінің әдемі орнын ойып тұрып алғанына кейінгі ұрпақ куә болды.

Таудың тұтас тұлғасымен бірге алыстан көзге бірден шалынып, беріктік пен бірліктің, бейбіт тірліктің белгісіндей жайқалған жалғыз терекке Алланың нұры тигендей. Жыл сайын жапырағын жайып, маңайына сая болып, жастардың тілекшісі, қарттардың сырласындай, сол жердің сәнін келтіріп, көгін жайнатып, кеңге кілем жайғандай.

* * *

Ұлытау бекінісінің салынуына төрт босағаның ішінде тек Шегірдің Абайдлдасы ғана емес, басқалар да реніштерін ашық білдіріп:

– Бұл болмайды. Төбемізге орысты ойрандатып отыра алмаймыз, – деп, әр жер, әр жерден атқа мініп, «Шабайық, шабайықты» көп айта бастады. Олардың ойларын түсініп, біліп отырған ел жақсылары: «Оқыс бір оқиға болып жүрмесін», – деп өз ауылындағыларға басу айтты. Бәрінің де айтары бір сөз: «Бекіністі бұзуға болмайды. Оны шапсақ, патшаның әскері келіп, шетімізден қырып кетеді. Келешекте бұлар мұнда тұра ма, тұрмай ма? Оны бір құдайдың өзі біледі. Әзірге біз үшін мұның аман-есен тұрғаны керек. Бұл тұрса, Қоқан қоқаңдай алмайды. Маңайдағы екі күннің бірінде «барымта-қарымта» деп мазаны алатындар да аяқтарын енді аңдап басатын болады», – дегенді қайта-қайта қайталап айтып, атқа мініп алқынғандарды тоқтатқандай болған.

Бекіністің ішіндегілердің жағдайы жақсы. Алғашқы келген алпыс үйдің үстіне бір-екі жылда тағы да соншамасы келіп, қонысты ұлғайтты. Дүкенін салып, мектебін ашып, саудасын жүргізген орыстар тіршіліктегі жұмақта жүргендей. Тіпті тері илейтін Телегиннің екі ұлының екеуі де:

– Әке, бұл жерден ешқайда да көшпейік. Көрдің бе, әне, екен терегіміз тамыры тереңдеп, бойы көкке өрлеп барады, өзі жуандады, – дегенді қуана-қуана айтатын болды.



Шынында малы көп бағаналының сойған соғымы мен жазғы тоқты-торымының тері-терсегін тиынға алып, кәсібін жүргізген Телегиннің бұл жерден айдаса кетер ойы жоқ. Келген қазақтарды құшақ жайып қарсы алады. Олар да мұның аты-жөнін бір ауыз сөзге сыйғызып алған. Қайсы келсе де «Тері илеген» деп атап, содан кейін шаруасын айтады. Шаруа болғанда да өте көп емес. Әкелген терісін: «Мә, мынаны алып қал», – дейді. Оған «Сен қанша төлейсің?» деген әңгімені айтпайды. Мұның да келісімді бағасы белгілі. Үш тері әкелсе, бір теріні иесіне тегін илеп береді. Қалған екеуі – мұнікі. Бұған теріні әкелуші риза. Үйінің қасында текке жататын теріні өзі илеп беретін Телегинге алғыс айтушылар қатары күнен-күнге артпаса, кемитін емес.

Маңайдағы қазақтардың алдынан шығып қарсы алып, орыстармен сөйлескенде тілмаш болып жүрген Ғизатулла молданы да біраз ауыл тұрғындары «татар молда» деп танып-біліп қалды. Қазақтардың мінезіне әбден қанық молда майда тілімен мақтай сөйлеп:

– Бұлардың оқуы мықты, қаруы күшті, өздері жаман емес, – дегенді екі сөзінің бірінде қайталай айтып, сауда жасауға келгендерге өзінше арзанға алып берген сыңаймен сыпайылап, сыйлаған болады. Ақкөңіл, аңқылдақ қазақтың қай-қайсысы болса да аузында үнемі Алласы жүретін молданың айтқандарына шүбәсіз сенеді.

«Басқа басқа, молда алдамайды» дегенді санаға әбден сіңіріп алғандарды молда да бауырына тартып, жақындықтың лебін білдіреді. Оған риза болғандар оны: «Ауылға жүр», – деп шақырып, мал сойып, қонақ ететінді де шығарды. Барған жерінде мұсылмашылықты насихаттай отырып: «Патшаның айтқанына қарсы шықпау – мұсылманның бір міндеті», – дегенді де құлаққа құя жүреді. Сөз ретіне қарай: «Станицадағы орыс мектебіне балаларыңды оқуға берсеңдер өкінбейсіңдер. Әсіресе, қыз балаларды оқытыңдар. Пайғамбарымыздың өзі «Оқыңдар, білім алыңдар» дегенді баса айтқан», – деп ауыл адамдарына ақыл-кеңесті де аямайды. Алғашқыда оның «Қыздарды оқыт» дегеніне түсінбегендер:



– Оу, олар сонда қайда жатады, кім оқытады? – деген сауалды сауылдата қойғанда, ол еш саспастан-ақ:

– Оған қам жемендер. Онда балалар жатып оқитын үй салынған, – деп, патшаның бұларға айрықша көңіл бөліп отырғанын еске салып кетеді. Оның бұлай деуінің де негізі бар.

Алғашқы жылы келгендер солдаттардың жатақханалары мен тұрғын үйлерді салса, кейінгі келгендер үй салудың сыртында дүкен, дәрігерлік пункт пен интернат салған. Орыстың кішкентай шіркеуі де қоңырауын күмбірлете күнге бірнеше мәрте соққанда жер-жаһанды жаңғырықтырып жібергендей-ақ. Далада беймезгіл соғылған қоңыраудың үнін естімеген қазақтар алғашқыда: «Оу, бұлары несі?» – деп таңғалған. Кейін татар молда: «Олардың шоқынатын күндері ғой. Біздің бес уақыт намазымыз сияқты», – деп түсіндіргенде екі көзі шоқтай жайнап, кішкентай сақалы шошаң-шошаң егіп, селкілдеп кетеді. Қанша дегенмен де орыстан әзірге еш жаманық көрмеген жақын маңдағылардың біртіндеп көзі де, өзі де үйрене бастады. Тіпті, шауып келіп, ат үстінде тұрып сауда жасап, керегін алғанға мәз болатын халге де жетті.

Ел ішіндегі хал-ахуалды әбден байқап, зерделеп, зерттеген татар молда ауқаттылармен әңгімелесе келе орыс мектебіне екі қыз баланы оқуға беруге келісті. Әке-шешесі өліп, жақындарының қарамағында қалған екі қызды да оқуға әкелгенде станицадағы әскер басшысы Рябцов: «Молда молодец!» – деп оны жауырынынан қағып, алғыс айтқан. Бірақ оның бұл ілтипатын Ғизатулла қаперіне де ілмеген сыңай танытып, бетіне әншейін ғана жылы жымыып қараған қалпы, қасынан жылдамдата кетіп қалған. Оған «Әй, мұның не?» деуге Рябцовтың да үні шықпайды. Оған ояздың өзі: «Анау молда – бұл жақтың көзі менен құлағы», – деп қатаң ескерткен.

Осындағы солдаттарды да бір шыбықпен айдайтын поручиктің өзіне батылы жетіп қатты айта алмайтынын молда да біледі. Білгенін сездірмей күле қарап, жылы жүзін суытпай, оны сыйлаған кейіп танытқаныменен де өзінің есеп берер жері басқа екенін ешқашан да естен шығармайды. Молданың өз шаруасы



барын білетін поручик те «Мұнымен алыстан сыйласқан жөн» дегенімен, кейінгі кездері қазақтардың станицаға шауып келе беруі жиілегенінің сырын білгісі келетінін одан жасырмады. Сол ретпен бір жолы:

– Қасиетті хазреті молда, осы қазақтар бір күні болмаса да бір күні бізге атойлап лап қойып шабуыл жасайтын сияқты. Олар өз ауылдарына құйғыта шауып келгендерді дүрелеп жазалайды. Соны біле тұра неге бізге тізгін тартпай шауып келеді? Меніңше, олар біздің оған көзімізді үйретіп жүргендей. Сіз осыдан хабарыңыз бар ма? – деп оны ашық әңгімеге тартқан. Поручиктің оны не үшін сұрағанын іштей ұғып тұрған молда:

– Мырза, оған алаң болмаңыз. Тек анау солдаттарыңызға ие болыңыз. Қазақтардың малына да, жанына да жоламасын. Зиянын тигізбесін. Ал титтей залал болса, онда генералдың алдында өзіңіз жауап бересіз, әрине, егер оған тірі жетсеңіз, – деп үрейін ала қорқытып қойған.

Молданың бұл сөзіне поручик шәк келтірген жоқ. Қазақтармен күнде сөйлесіп жүрген тілмаштың бұл ескертуі жөн деген ол қарамағындағыларға: «Байқандар!» – дегенді бақырып та, батырып та айтудан жалыққан жоқ.

* * *

Үш жүздің басын қосқан жерге әкеліп орыстың бекінісін орнатқанына тек бағаналылар ғана емес, маңайындағылар да іштей ренжулі. Бірақ «Әй, бұл не?» деуге шамалары келмейді. Екі күннің бірінде бағаналымен «барымта-қарымта» деп қағысып қалып жүргендердің арасында «Төрт босағаның сағын қайтсек сындырамыз?» дейтіндер де жетерлік. Олар ойлана келіп, осы орыстың бекінісін өздері шапса көрініп қаларын, ал бағаналылар оларды шаппақ түгілі, қайта қорған тұтатынын біледі.

Аңысын аңдығандар «Мұның жолын бір тапса, сол қоқан-дықтар табар» дегенді алға ұстанып, оларға адам салуды жөн көрді. Ондай адам табылды да. Бағаналыларға қарсылардан тапсырманы алып, Қоқанға барып қайтқан жігіт: «Олар «Иә, шабамыз, бірақ біз екенімізді ешкім білмейді, бағаналылар



шапты деп ойлайды. Орыс генералдары Ерденнен көретіндей етеміз. Тек оның құны қымбаттау болады» деп отыр», – дегенді жеткізді. Бұл бағаналыға қайтсек күйе жағамыз дегендерге іздегенге сұрағанның өзі болғандай.

«Келер, кетер, бір тоқтының жүні кетер» дейтін қазақтар қоқандықтар сұраған мың жылқыны тез жинастырып, оларға айдап апарып берді. Сұрағанын беріп, «Енді қайтер екен?» деп жүргенде, бір күні «Ұлытау бекінісін бағаналылар шауып, солдаттарды өлтіріп, үйлерін өртепті» деген суық хабар бұрқ ете түсті. Мұны естігенде, өзге-өзге, бағаналының төрт босағасын берік ұстап отырған Шегір, Бабыр, Қадір би мен Сандыбайдың сары Ердені де аң-таң қалып: «Бұл қалай болғаны сонда, кім болды екен?» – деп өзіне-өзі сұрақ қойып, ауыл ішіндегілерін түгендеп, «Кім қайда болды?» деген сұрақтың астына ала бастады. Шегір бидің сөзіне ашуланған баласы: «Қой дедің, қойдық. Бізден басқалар жоқ па?» – деп бір-ақ қайырған. Дәл осындайды Бабыр да, Шегір де естиді.

Қасындағылардың ақылдаспай мұндайға бармайтынын білегін билер шұғыл кеңеске кірісті. Төрт көзі түгел отырып кеңескенде бұған бағаналылардың ешқандай қатысы жоғына күдік те, күмән да қалмады. «Бекіністі барып көрейік. Онда не болды? Көрген-білгендер не дейді?» дегенге тоқтаған билер орталарынан Ерденге:

– Өзің барып сөйлес, біл, кім не үшін шапқанын анықта, – дегенді қадап-қадап айтты. Бұған ол да:

– Өзім де солай ойлағанмын. Барайын, – деп келісті.

Ерден келгенде бекіністің астан-кестені шығып, өртенген үйлердің орнында қара күйеге көмілген шала жанған ағаштар мен әр жерде шашылған дүние-мүліктерден аяқ алып жүргісіз, күл-қоқыс көзге бірден түсті. Солдаттардың жатақханасы түк қалмай жанып кетіпті. Ағаштан салынған азық-түлік қоймасының орнында да үйінді.

Ерденнің алдынан шыққан Рябцовтың қабағы қатулы. Жүзі сұрланған. Жараланған сол жақ қолын мойнына асып алыпты. Бетіне түскен тыртық сойқанның оңай болмағанын



айтпай-ақ аңғартқандай. Сәлемдесудің де өзі өзгеше болды. Көзінің отын шаша Ерденді атып жіберердей болып тесірейе қараған оның ашуы басына шауып тұрғанын Ерден де байқады. Оның өзіне жауыға қарағанына зығырданы қайнаған Ерден:

– Поручик, бұл қалай болғаны, кімдер мұны істеген? – деп сауалды төтесінен бір-ақ қойды. Оның бұл сөзіне таңырқай қараған поручик:

– Мырза, мен білмеймін. Мүмкін, сіз өзіңіз айтарсыз. Менің білетінім сіздің қазақтарыңыз сияқты.

– Оны қалай айтасыз? Дәлеліңіз бар ма?

– Бар.

– Қандай?

– Шабуылдағандардың үш-төртеуінің денесі осында қалды.

Екеуі жараланған. Олар қолымызда.

– Кімдер екен? Қайдан келгендер?

– Оны тексеріп болғаннан кейін айтамыз.

– Жақсы. Ал өздеріңнен шығын бар ма?

– Бар. Өте көп.

– Қанша?

– Соның бәрі сізге не үшін керек?

– Керек. Анықтау үшін. Кімдер екенін білу үшін.

– Бізден отыз солдат өлді. Он шақтысы жараланды. Қойма мен жатақхана өртенді. Үйлер жанды. Үш әйел отқа оранды. Жас балалар да жазым болды. Бұл аз ба?

– Аз деп тұрғаным жоқ. Тек әлгі жараланғандармен тілдесуге мүмкіндік бар ма?

– Оны айта алмаймын.

– Олай болса, Омбыға хабар жеткен шығар?

– Әрине, жетті. Айтылды. Жасырмаймын. Күдігім – жау алыстан келген жоқ сияқты.

– Сонда не, бізден – бағаналылардан көрмексіз бе?

– Оны комиссия анықтайды, мырза, менің басқа айтарым жоқ, – деп поручик кейін бұрыла бергенде тері илеген Телегин мен Ғизаттулла молда:



– Поручик мырза, сәл шыдаңыз, – деп бұларға дауыстай сөйлеп жақындай берді. Бұл екеуінің бірдей мұнда жетіп келгенін онша жақтыра қоймаған Рябцов жалт қарап:

– Не шаруа? – деп екеуіне дүрсе қоя берді. Оның бұл жан ашуын түсінген екеуі оған жылы шырайлы жүзбен сәлем беріп:

– Мырза, сізге толық мәлімет керек пе? – деді. Бұл екеуінің бірдей оған «Мәлімет керек пе?» дегені терісіне сыймай тұран поручикті шақ еткізді.

– Қандай мәлімет? Кімнің мәліметі? Ә, қане, оны маған келіп неге айтпай жүрсіндер? – дегенде даусы тарғылданып шықты.

Телегин мен татар молданы біраздан бері танып қалған Ерден екеуінің еңтіге, жүгіре жеткеніне қарап, «Бұлар маңызды бірдеңені біледі» дегенге көңілі тоқтағандай болып, амандық-саулық сұраса келіп:

– Әрине, керек, ал айта беріңіздер. Құлағым сіздерде, – деді. Поручик те:

– Ал айтыңдар, – дегенде, алдымен алға Телегин аттап басып, сөзді бастап кетті.

– Мырзалар, өздеріңіз білесіздер, мен көп жұмыс істеймін. Түн баласы жатпайтын жанмын. Екі ұлымды алып, сол түні отыз-қырық теріні илеуге дайындап жатқанымда, қолдарында отты жалын ұстаған, беттерін бүркеген жүзге жуық салт аттылар «Сандыбай, Сандыбайлап!» лап қойды. Ойладым бағаналылар деп. Бірақ, олар болса, неге өздерін өздері әшекерелеп ұрандайды деп те ойға қалдым. Соныменен, не керек, олар мылтық атып, қолдарындағы тоқпақ таяқшаларын жалынға орап, үйлер мен қораларға, дүкенге лақтырып тастап, тұтас бекіністің ішін отқа орады. Жалын тез тарады. Ағаш үйлер қағазша жанды. Қалың ұйқыдағы солдаттар оянғанша күзеттегілер түгелдей оққа ұшты. Қарсыласып үлгергенше солдаттардың біразы ажал құшты. Ат үстіндегілер алғашқыда «Сандыбайлап» шапқанымен де, ішке енгенде сөздерін анық естідім, әңгімелері тіптен де басқаша. Қазаққа ұқсамағанын былай қойып, тіптен бар ғой, мен айтайын сендерге, олар қазақ емес. Тілдері қысқа ма, сақаулау ма, жоқ, әлде дыбыстары мұрындарынан



шыға ма, түсінбедім. Қанша жыл қазақтармен бірге келемін. Ондай жылдам, жылпылдатып сөз сөйлеген қазақ көрсем, көзім шықсын. Содан кейін, мен айтайын, киімдері де қазақтікіне келмейді. Бас киімдері де қазақтар киетін бөрік емес. Оны анау өліп жатқандарының киімдерінен де анықтауға болады. Солай ма, молдеке? Солай емес пе? – деп Ғизатуллаға қарай берді.

Телегиннің сөзін мұқият тыңдап тұрған Ерден анда-санда поручикке «Тыңдап тұрсың ба?» дегендей көзінің қиығын тастап қояды. Ол да:

– Тыңдай бер, мен мұны естігелі қашан... – деп танауын көтеріп, бір жақты қырындай берді.

Тері илеуші бір демалып, әңгімесін әрі жалғай бергенде Ғизатулла тілмаш:

– Айтып тұрғаны рас. Солай болды. Төрт жақтан құйғыта, жалын шаша келіп, оңды-солды оқ атып, күзетте тұрғандарды тұрған жерлерінде тіл қатуға келтірмеді. Казармаға от қойғанда жартылай жалаңаш, әлі киініп те үлгермеген солдаттар оларға қауқарлы қарсылық көрсетулеріне мұршалары келмеді. Шапқыншылардың екпіні сәл басылған сәтте, естерін жинап үлгерген солдаттар топтаса жиналып, поручиктің әмірімен оқ атты. Сонда ғана олар кейін шегінді. Сөздерін андап, кімдер екен дегенімде байқағаным, олар бұл маңайдың қазақтары емес. Анық айтсам, тіпті қазақ деуге де келмейді. Киімдері қазақтікі. Ал сөздері түсініксіз. Қазақшаға келмейді. Оны жараланып, қолға түскен тұтқыннан да білуге болады. Оның сыртында төрт-бесеуі өліп қалды. Оны да көруге тура келеді, – деп Ерденің көңіліндегі күдікті сейілткендей болды.

Шабуыл жасалған түнде осында болғандардың сөздері бір сарынды. Осыдан кейін Ерден поручикке:

– Ал, мырза, енді не істемек ойыңыз бар? – деп сауалды төтесінен бір-ақ қойды. Ол да түтігіп тұр екен:

– Мырза, ол – енді біздің шаруа, оған сіз араласуыңыз қажет те болмас, – деп кетуге ыңғайлана бергенде, Ерден ызғарлы үнімен:



– Тоқтаңыз. Қалайша ол менің шаруам емес дейсіз? Сіз осы сөзіңізбен осы жердің қазақтарын кінәлап тұрғаныңызды білесіз бе? Білмесеңіз, біліңіз. Бұл – арандатушылық. Бұл туралы мен ояздың тура өзіне ертең таңертең-ақ барып айтып, сіздің немқұрайлы, құлықсыз істеріңіз, сақтық шараларын толық жасамағаныңызды өз аузыммен айтатын боламын. Сіз сонда білесіз, бұған менің қатысуым керек пе, керек емес пе? Біліп қойыңыз. Мен өзімнің елімді, жергілікті қазақтарды жалған жаланың құрбаны ете алмаймын. Ал жақсы, – деп атының басын бұрып кете бергенде, поручикке тіл бітті:

– Уа, Ерден Сандыбаевич, сіз мені түсінбедіңіз. Мен сіздерден, қазақтардан көріп тұрғаным жоқ. Кеше ғана генерал-губернаторға арнайы хат жазып, баяндадым. Онда сіздерді кінәлаған жоқпын, – дегенде манадан бері маңғазданып, кісімсініп, кіржиіп тұрғанынан түк қалмағанына таңдана қараған Ерден:

– Поручик мырза, мен қалай десеңіз де Омбыға барамын. Бұл бекіністі бұдан былай бетімен бос тастауға болмайтынын айтуға міндеттімін, – деді де, бұдан әрі айтарым жоқ дегенді білдіріп, кете барды.

Оның соңынан сүзіле қарап тұрған поручик қасындағы Телегин мен тілмашқа бұрылып:

– Ия, Ерден барса, ояз оны сөзсіз қабылдайды. Сонда жағдай не болмақ? – деп абыржи қалды. Ол екеуі де бұған жұбаныш болар сөздің ретін таба алмағандай иықтарын қиқаң еткізіп, «білмейміздің» белгісін білдірді. Ал поручик болса тас-талқаны шыққан бекіністі орнына келтіру керегін түсінгендей. Алдыменен өлгендерді жер қойнына беріп барып, күлге айналған үйлер мен қоймаларды қолға алу керегін түсінді.

* * *

Бағаналының билері Ерденнің бекіністен оралуын асыға күткен. Ондағылары әрқайсысы да «Шыныменен де біздің біреуіміздің ауылымыздан тентектің ізі шығып, ұятқа қаламыз ба?» деген алаңдаушылық болатын. Оны ешқайсысы сыртқа шығар-



маса да, іштерінде бұғып жатқан ойдан арыла алмай, «Келсін, күтейікті» қайта-қайта айта берген.

«Ерден келді» дегенде олар елеңдей қарсы алды. Бұлардың өзін дегбірсіздене күтіп отырғанын ол да түсініп тұр. Ашуланса, қабағынан қар жауғандай түтігіп кететін оның бұл жолы жүзі жылы, жанары жайдары, жарқын көрінді. Жайғасқаннан кейін болған жай мен естіген-көргендерін ортаға сала келе:

– Бізді орыстармен жауластырғысы келген жаулардың әрекеті. Оған сөз жоқ. Біз енді мұны өзіміздің пайдамызға шешуіміз керек, – дегенде басқалары оған «Бұл қалай?» деген кейіппен қарай қалды. Ерден ойын ортаға салып, «Оу, қалай сонда?» дегенді айтпай-ақ ұғындырып отырғандарға ол:

– Бұл бекініске солдатты көбейту керек, – дегенде олар біріне бірі қарап, көңілдеріндегісін айта бастады.

– Солдаттан онсыз да құтыла алмай отырғанда бұл қалай? – дегенді алдыменен Шегір шиырыға айтты. Оны өзгелері де қоштады.

– Солдаттан пайда жоқ.

– Орыс ойына келгенін істейді.

– Таудың арқары мен аршасын бітірді.

– Адамды да, дінді де бұзатын солар.

– Қайта тірі қалғандарын да барып қырып келу керек, – дегенді естігенде Ерден:

– Сіз не айтасыз? – деп Қадір биге қарады. Қарабала Қадір би:

– Менің айтарымды әлгінде өзің айттың. Бізге бекініс керек. Артық айтып Аллаға күпір болмайын. Дәп осы жолғыға біздің бағаналы балалары кінәлі емес. Бұл – бізді орыспен араздастырып, әлсіреткісі келгендердің ісі. Өзімізге тікелей келіп тиісуге бата алмай, бекіністі бұзып, орыстарды өшіктірген кімге пайдалы дейсіңдер? Алдымен соны біліп алайықшы, ә? Кімге пайдалы екен? Кәне, айтындаршы.

Бидің сөзі көбісін ойға қалдырды. Сөздің ауанын аңғарып отырған ибеске Ырысай қажы:

– Қадір құданың сөзі рас. Бұл – қастандық ойлаған жаудың әрекеті. Ал көзге көріне келіп найзаласқан жауыз кім десек,



Жошының басына жыл сайын келіп кететін және жайдан-жай келмейтін қоқандықтар емей кім дейміз? Талай рет шеттегі ауылды шапты. Тіке келуге орыстан сескенеді. Енді орыс бізден теріс айналуы үшін «Бекіністі бағаналы қазақтары шауып, солдаттарын өлтірді» дегенді айтып та, шығарып та жүрген солар демегенде кім дейміз? Әрине, солар, – деді.

Ел ішінде өзіндік орны бар қажының бұлай айтқандарын басқалардан да бұрын Бабыр би үнсіз қостап, ол сөйлеген сайын басын изеп, «Солай» дегенді білдіріп отырды. Ырысай қажының сөзі – Бабырдың айтқаны деп ұққандар да оған қарсы пікір білдірмеді.

Әр сөзді аңдып, «Кім не дер екен?» деп отырған Ерден Ырысай қажының «Мен құданың сөзіне қосыламын» дегеніне Қарабала Қадір биге бір, Ырысай қажыға бір қарап, «Бұлар қалай құда?» дегенді ойға алып үлгерген жоқ, есіне бекболат руының белдісі Қабыланның туған баласы Андағұлға мәйгелді-қосай Ырысай қажының жалғыз қызы Рабиғаны құда түсіп, алып бергені оралды. Сонда Қабыланның құрдасы әрі туысы Қарабала Қадір би мен асан-шұңғырдың байы Сарт екеуі құда болып барғаны, құйрық-бауыр жеп, «Құда – мың жылдық» дегенді айтып, төске төс түйістіріп, құшақтасудың ішінде болғандар майын тамызып тұрып айтқанда, естігендер: «Дұрыс, Қабылан мен Сарт, Қадір бидің туыстығы рас», – деген.

Қабылан мен Сарттың қай шаруасынан болса да Қадір би әзірге қалмай келеді. Ел ішінде «Ырысай қажының беделі де жоғары. Оны осы төрт босағаның үлкен-кішісі қай істе болса да ортаға салып, ақылдасып отырады» деген сөз бар. Оған Ерденнің өзі де сан рет куә болған. Артық ауыз сөзі жоқ. Бір қалыпты. Біреуді артық мақтап не жамандау оның ойына да кірмейтіндей. Кімге болса да оң шыраймен, жылы ұшырай қарап, білгенін айтып, ойын бүкпесіз жайып салады.

Ана бір жолы Атбасарда жолығып:

– Уай, батыр, жол болсын! – деп сәлем бергенде Ерден оның ер көңілді, қарапайым, көпшіл мінезін аңғарған. Сәлемдесіп, кел-



ген шаруасын бітіріп, енді елге қайтайын деп жиналып жатқанын айтқанда, оған Ерден:

– Е, қажеке, онда бірге қайтайық. Жолай ауылға соғып, бұйырган дәмнен ауыз тиіңіз. Көп кездесе бермейміз ғой, – деген. Ерденнің мұны шын көңілден айтып тұрғанын түсінген қажы:

– Мақұл, болса болсын. Қасыңда кімдер бар? Әлгі сөзшең, шешен байназар Бозай көрінбейді ғой. Қашанда ол қасыңнан табылушы еді. Көрінбеді, – дегенде Ерден мырс ете күліп:

– Е, қажеке, сіз де Бозайды іздедіңіз бе? Мен кейінгі кезде Бозайды ертпей жүрмін. Себебі ел ішінде «Осы Бозайсыз Ерденнің шаруасы бітпей ме, қасынан қалдырмайды. Одан басқа сөз білетін, жөн білетін біреу жоқ па? Елде одан өзге шешен, тілді азамат қалмаған ба?» дейтіндер көбейді. Содан кейін оны бір-екі рет ертпей көрейін дедім, – дегенде қажы:

– Оу, батыр, ел ішінде бұралқы сөз айтатындар аз емес. Бірақ тілдің бәрі Бозай болмас. Ол жағын ойлану керек шығар, – деп сөзінің аяғын оның өзіне тірей тастаған. Қажының бұл айтқанына не «ия», не «жоқ» демеген қалпы:

– Онда ауылға барайық, – деп жол қамына кірісетінін білдірді.

Бұрын атын естіп, есті жігіттің бірі деп бағалайтын Бозай шешенді бұлай шеттетіп жүрген басқа емес, оның маңайындағылар екенін іштей сезіп келе жатқан қажы «Орайы келсе оның өзіменен кездесіп, сөйлесіп, сұхбаттасудың мүмкіндігі қалай болар екен?» деп те ойға беріле берді.

Есілдің жағасындағы жасыл жайлаудағы Ерденнің ауылы мамыражай тірліктің құшағында. Қаз-қатар тігілген бірыңғай ақ шаңқан үйлер. Олардан бөлектеу көк шалғында он сегіз қанат ақ орда келген-кеткеннің көзіне бірден түседі. Бұл – Ерденнің ордасы. Қасындағы кісілермен келіп ат басын тіреген үй егесін қарсы алып зыр жүгіріп жүрген жігіттер әп-сәтте бір ту биені әкеліп, қажыдан бата сұрады. Бәрін күтсе де, дәл мынандай ту биені жығады деп ойламаған қажы Ерденге қарағанда, ол:

– Ал, қажеке, батаңызды беріңіз, – деп қолын жайды. Биязы үнімен қажы батасын берді.



Меймандар жайғасып отырғаннан кейін Ерден атқосшысына:

– Әкел, – деді.

Ол лезде бір қорапты ішке алып енді де, оны ашып, ішінен бауы салбыраған үлкен дәу сағатты шығарды. Сатып алғанда оны қалай жүргізіп, қалай ілуді үйренген жігіт оны төрдегі керегенің басына әкеліп көтере бекітті де, шынжыр бауларын сырылдата тартып, жүргізді. Манадан бері «Бұл не?» деп оған қарап отырғандар енді ғана оның сыртылдаған үніне құлақ түрді.

Сағаттың үстіндегі екі тетіктен екі көз жылтырап, жыпың-жыпың етеді. Әлгіде тартып сыр еткізген шынжыр баудағы екі домалақ темір олай бір, бұлай бір қозғалып, бір орында тұра алмай, салбыраған бойы теңселеді. Ауылдағы «Осы қалай?» деген кілең жақсы-жайсаңдар ауыздарын ашып, оған қарап:

– Ой, Алла-ай, бұл қалай болғаны? – деп, демдерін ішке тартып, тілдерін жұтып қойғандай, тамақтарын қырнай кенеп, бастарын шайқап-шайқап қояды. Бәрінің назары соған ауып, көздерімен көріп, тамсанып отырғандарға Ерден дауысын көтере:

– Оу, ағайын! – деді.

Ерденнің бұлайша дауысын ерекше көтеруі некен-саяқ болатынын білетіндер оған бәрі бірдей жалт қарады. Осы сәтті пайдаланған Ерден:

– Мынаны көріп тұрсыңдар ма? – деді. Бәрі де бір ауыздан:

– Ия, ия, – деп бастарын шұлғи берді.

– Көрсендер, айтыңдаршы, анау теңселіп, салбырап тұрған екеуі не, не нәрсе, кәне, кім айтады? – деді.

Осы сөзді естігендер естері ауғандай есеңгіреп, есіней берді. Ешқайсысы да «Ол анау, ол мынау» деп айтуға батылы бармай, үнсіз қалуды жөн көргендей. Үнсіздік созылып бара жатқанын аңғарған үй иесі:

– Білмейсіңдер ме? – дегенде бәрі де:

– Ия, ия, біле алмадық, – деп, арқаларынан үлкен жүк түскендей естерін жинай бастады.



– Білмесеңдер, әлгі Бозай қайда, шақырыңдар. Неге келмей жатыр? Келсін, – деді.

Ерденнің кеткенін де, келгенін де біліп отырған Бозай өзі шақырмаса елпілдеп жетіп барғысы келмей, қисайып жатқан. «Батыр шақырып жатыр», – дегенде орнынан тұра жүгіріп, шапанының бір жеңін киіп, бірін жүре кие, есіктен:

– Ассаламағалейкум! – деп аттай бергенде Ерденнің:

– Тоқта! – деген әмірлі үні естілді. Екі аяғы табалдырықтың екі жағында қалған Бозай «Не болып қалды?» деген кейіппен оған тіктей қарағанда, ол сыртылдап жүріп тұрған сағаттың салбырай теңселіп тұрған екі бауын нұсқап:

– Сен сол жерде тұрып айтшы, мынау не? – деді. Оның бұл сөзі отырғандардың бәрінің де өн бойын дір еткізді. Осындай ойда жоқта қойылған оқыс сұраққа Бозай не дейді?

«Дұрыс жауап айта алмаса, оны қандай жаза күтіп тұр?» дегендей сауалдар әр көңілде көлденеңдей қалды. Өзіне тікелей қойылған сауалды естіген Бозай даусын шығара күліп:

– Батыр, осыны менен сұрап тұрсыз ба? Бұл өзіңіз қоныс бермей, тұртпектеп жүрген байназар мен қоқанның шошаңдаған көті емес пе? Қонар қонысы, өрлер өрісі жоқ байназарлар мен қоқандардың шошаң-шошаң етіп тұрған көтін енді керегеңізден салбыратып қойыпсыз. Құтты болсын! – дегенде, қаралы хабар естігендей, жағалай малдас құрып отырғандар дем ала алмай тына қалды. «Енді не болар екен?» деген сауал көбінің денесін мұздатып, тұла бойларын тітіркендіріп жіберді. «Мұның аяғы немен тынар екен?» деп, бәрін көзбен көріп, көңіліне тоқып отырған Ырысай қажы Бозайдың өткір тілі мен өрлігіне, беттілігіне таңғалды.

Бозайдың дәл осылай өзіне тайсалмай, батыл айтарын Ерден де біледі. Оның тура көзбе-көз бетіне былш еткізіп айтқанын талай көрген Ерден орнынан атып тұрып:

– Әй, Бозекем-ай, айтасың-ау, айтасың. Көрдiңдер ме, елдің жайын екі ауыз сөзбен-ақ жеткізген жоқ па? Ол рас, Байназар, Қоқан, Жырық болысында алдыңғы екеуі қыс қыстаудан, жаз жайлаудан тарыншылық көріп жүргені рас. Бірақ соны



мына отырған біреуің маған неге ертерек айтпадыңдар? Оның орнына «Осы Бозайды қасынан қалдырмайды» деп сыртымнан пыш-пыштайсыңдар. Кәне, қайсың осы Бозайға тең келесіңдер? Дұрыс айттың, Бозай шешен. Байназар мен Қоқанның көтін шошаңдатпай, отырықшы орын берілер. Кел, өзің төрге шық. Мына Ырысай қажының қасынан орын ал, – деді.

Бозай:

– Оу, Ырысай қажы келген екен. Хош келдің, қажеке! – деп оған қос қолын жая жақындады. Бозайдың сәлемін жылы шыраймен ықыластана алған Ырысай қажы:

– Бір ауыз сөзбен екі рудың мәселесін шешкеніңе ризамын, – дегенде Ерден:

– Оныңыз рас, қажеке, сол үшін де «Бозай», «Бозай» деп алға ұстап, ақылын тыңдап келемін. Бірақ үнемі қасымда ащы-тұщымды бірге татып жүргенін көре алмайтын көп күншіл «Бозайдан басқа адам жоқтай» дегенді ара-тұра айтып жүргенін құлақ шалады. «Солардың айтқаны қалай екен?» деп шешенді шеттетіп көрсем, оның орнын басатын біреуі көрінбейді. Оған, міне, өзіңіз де куә болдыңыз, – деді.

Ерденнің бұл сөзі осында отырғандардың көбінің-ақ жамбасына қызған темірді қарып алғандай, қозғалып, «Кімді меңзеп отырсың?» деп айта алмай қипандай қалды. Атқан оғы дәл тигендей, айтқан сөзінің әсері ойлағанындай болғанына кәдімгідей-ақ масаттанған Ерденге Бозай шешен:

– Батыр, бұл отырғандардың қайсы болса да дәл менің айтқанымнан асыра айтпаса, кем айтпасы анық. Олардың үндемей отыруы орындары жайлы, жегендері майлы, күзеуі мен қыстауы, жайлауы мен жайылымы жайлы, жамандағанды көрмек тұрмақ, естімегендер болса, қайдан айтсын. Бер жағы айтқысы келгенімен, арғы жағы «Үндеме, шошаңдама, шошаңдасаң шоршып кетпей, шолтаң ете қаларсың» деп тұрғаны анық. Бұлардың жайы дәл байназар мен қоқандікіндей болса, ой, ой, қайдам, онда шошаңдағанның сыртындағы шоқиғанын да айтар-ақ бұлар, – деп, оларды бір жағы жақтаған болып, бір жағы



«Бұлардың бәрі де өзіңнің аталас ағайының болса, олардың шаруасы түгел» дегенді бір түйреп өтті.

Оның осы бір отты сөзіне Ерден ықыластана күліп:

– Бозай шешен дегенде, Бозай шешен, солай-ақ болсын, өзін солай десең, – деп, келген мейманның алдында енді бар сырымызды ақтара бермейік дегенді де ескертіп өтті.

Ырысай қажы сол жолы ауылдан аттанарда:

– Батырдың қасында батыр адам жүреді. Серігің сенімді екен, – деген.

Сол Ырысай қажы осы жолы да Ерденнің: «Бекіністі нығайтып, солдатты көбейтемін», – дегенін қостағанын сол бір сыйластықтың да жалғасындай сезінген батыр:

– Піріміз де, қажымыз да қолдаса, орысты қорған етіп, Қоқанның қарақшыларына қарсы тұратын жағдайымыз жақсарады. Соған «ия» десеңіздер, мен ояздың тіке өзіне барайын, – деді. Оның бұл ойын билер құптап:

– Ал жолың болсын! – деп батасын беріп, ел тірлігінің тыныштығын тілеп, ауыл-ауылдарына аттанды.

* * *

«Ерден Омбыдан олжалы оралыпты» деген жылы сөзді естіген бағаналының үлкен-кішісіне дейін «Әп, бәрекелді!» десіп, қуанып қалды. Қуанатыны – «Орыстың солдаттары мен алысқа атылатын оқ қаруы бар, жасақты жақтасы бар елге кім батып тиісе алады?» деген түпкі ойдың енді басқаларға да айқындала бастағаны.

Ұлытау бекінісін, бағаналыны бетке ұстап, екі ортаға от тастағысы келген Қоқан хандығының жымсысқы әрекеті екеніне генералдың көзін жеткізіп, көңілін сендіріп:

– Оларды біржола тұншықтыру үшін көп күш бер, бекіністі нығайтып, сырттың есін алуымыз керек, – деген Ерденді құптаған ояз сұрағанының бәрін берді. Осының бәріне өзін сырттай бақылауды күшейтуді, солдаттардың қарны тоқ, аш-жалаңаш қалмауына да көңіл бөлуді оған мықтап тапсырып, әскерді бастап баратын офицерге:



– Қай істе де сен Сандыбайұлымен кеңесіп ал, соның айтқанын екі етпе, оның ордасын жеке күзететін отыз солдат кезектесіп сонда болып тұрсын, – дегенде Ерден:

– Солдаттарыңыздың тұрмыстық жағдайы, ішіп-жеміне еш алаң болмаңыз, – деп, оған екі-үш рет иіле құрмет көрсетіп, алғыс айтып: – Мен енді жүрейін, – деді.

Ояз оны одан әрі ұстамады. Тек кетерінде:

– Сандыбайұлы, әр солдаттың тағдырын енді мен сізден сұраймын. Осы ойыңызда болсын, – деп қайталап айтты. Оған ол:

– Оған еш алаң болмаңыз. Ұлытауға бір жетсе, арғы жағы менің мойнымда, – деп сенімді түрде оның көңілін орнықтырды.

Ерден елге келген күннің ертеңіне Қарабала Қадір бидің атқосшысы Жолдыаяқ оған суыт жетті. Сәлемнен соң:

– Биекем жіберді. Өлгі балталы Жанқор батырдың ұлы Қашқын батырдың баласы Селбе көптен бері әкесіне ренжіп, елден қашып кеткен. Қазір Қоқанның әскерінің ішінде. Әкесі Қашқын батыр баласына кісі жіберген. Сол елге қайтып келіп, Селбенің әкесіне сәлемін жеткізіпті.

– Жә, жә, оның бәрін мен білемін. Сен оны ащы ішектей шұбатып соза бермей, тоқ етерін бір-ақ айтшы. Не депті? – деген Ерденге Жолдыаяқ:

– Ол «Қоқандар ауыр қолмен ауылды шабуға аттанғалы жатыр. Хабар айт» депті.

– Сол ма?

– Ия, ия, сол. Би Төртқара, Қарабала, Сарғалдақ болысының жарамды жігіттерін жинастырып, Аманбай батыр мен Әйтекемнің екі немересі Есенғабыл, Есенбектің қасына топтастырып жатыр, – деген Жолдыаяқ «Мен айтарымды айтып болдым» дегендей, демін тереңнен тыныстай алды. Оның сөзінен «Ел шетіне жау келе жатыр» деген суыт хабардың арғы жағын «Өзің білесіңді» бұған тапсырғанын ұқты. Түбі осындай хабар бір күні болмаса бір күні келер-ау деп жүрген. Енді, міне, сол хабар да келіп жетті.



Бұрынғылар «Ұрыста тұрыс жоқ» дегенді осындайдан шығарып айтқан екен ғой. «Өзінің оязға барып, солдат алып келуге кеткенін олар да естіп, бұл жеткенше ауылын шауып, күлін көкке ұшырайын деген екен кәззаптар» деп кіжінген Ерден Жолдыаяққа:

– Биге сәлем айт. Мен де қолды бастап жетемін. Жігіттері дайындала берсін, – деді де, өзі Шегір би мен Бабыр биге де бұл жайды айтуды жөн деп тауып, солай қарай сенімді жігітінің бірін шұғыл аттандырып: «Дүтбай мен Уәйіс екеуіне сәлем айт, Бабыр ауылының да жігітерін ала шықсын», – дегенді қадап-қадап тапсырды.

Өзі қасына орыс солдаттарының сыртында жүз елудей жігітті ертіп Қадір бидің ауылына келді. Шыңғыс ханның кезіндегі төте жолмен Қоқанның қалың қолын тосып алудың жоспарын ойша жасап үлгерді. Бұл екі ортада Ұлытау бекінісіндегі Рябцовқа да: «Қоқандықтардан кек қайтаратын ең қолайлы кез келді. Оларды іздеп әуре болмай-ақ өздері келе жатыр. Біз оларға қарсы соққы беруге дайындалып, жорыққа аттанып барамыз», – деген хабарды жіберді. Рябцовқа бұл хабар «Іздегенге – сұраған» дегендей естілді де, зеңбіректерін түйеге теңдеп, солдаттарын бастап, Ерденнің бағытымен жолға шығып, Қоқан ханының қалың қолына қарсы аттанды.

* * *

Жан-жақтан аққан судай жөңкіле жеткен қалың қолды көрген Қадір бидің көңілі толқып: «Япырай-ай, осыншама күш біріксе, бір жерден шығады екен-ау. Кешегі Кетбұқа бабамның әруағы қолдап, бағаналы, балталының балалары атқа қонғанда мына жердің танабы қуырылғандай болды ғой. Е, Алла, осынау өрендердің ақтың жолында болуын нәсіп ет. Бірлікке береке бер!» – деп іштей толғанып, толқыны жағаны ұрғылап, тынымсыз тулай аққан асау Кеңгірге қарап тұрып он сегіз мың ғаламның иесі Аллаға сансыз шүкіршілік етті. «Осыншама қалың қол жинала қояр-ау» деп те ойлап үлгермепті.



Енді, міне, төрт босағаның сыртында, балталының жасағын басқарып Қашқын батыр да жетті. Қарауындағы екі жүз елу сарбаз бірінен бірі өткендей. Астарындағы аттары да бір түстес. Ауыздықтарын қарш-қарш шайнап, бір орында тұра алмай шыр айналып, аспанға шапшығанда ұшқан құстың қанатын тістеп түсетіндей-ақ.

Топ-тобымен келген сарбаздарды реттеп, әрқайсысына не істеу керегін айтып, ұқтыра түсіндіріп жүрген Аманбай батыр Ерден келгенде оған мән-жайды баяндап берді. Аманбайдың іскерлігі, қол бастаудағы тәжірибесі молдығына әбден қанық болған ол:

– Батыр, қанша жасақ болса да басын бір жерге жиыстырып, әрқайсына басшыларын белгілеуді Дүтбай батыр екеуің атқарсаңдар, – деді.

Ерденнің бұл айтып тұрғанын Аманбай түсіндім дегендей басын изеп:

– Батыр, төрт босағаның төртеуінен де нағыз «Сен тұр, мен атайын» дегендері келіп болғандай. Көбісінде – ескі шиті мылтық. Бабалар қаруы – садақ ұстағандары да бар ара-тұра. Басты қару – қылыш пен найза. Одан қалды қайың шоқпарлар да аз емес. Ең бастысы, бәрінің де көңілдері көтеріңкі. «Жау қайда?! Жау қайда?!» деп екпіндегенде тау қопарғандай қайраттары тасып тұр.

Төрт босағаның өзінен, өз іштерінен сарбаздардың басшыларын бекіттік. Оны өздері де алдын ала дайындап келген екен. Ал солардың ішінен іріктеп, бас сардардың қасында болатындарын да таңдадық. Олар бөлек жаттығуда. Мұның сыртында, балталы Қашқын батыр өзінің жасағымен келгенін білерсіз. Оның жігіттері де өздерімен өздері. Олардың бәріне ортақ тапсырма сол – «Ерден батырдың бұйрығынсыз артық қимыл, артық сөз болмасын» деген қатаң талап қойылды. Олардың бәрі де соны құптап отыр. Енді бұл жердің шаңын шығарып жата бермей, жаудың алдын алып, қарсы аттану ғана қалды, – дегенде Аманбай батырдың дауысы гүрілдеп, екі иығы ұшқалы отырған қыранның қос қанатындай қомданып, қопаң-қопаң ете түсті.



«Әруағы қысып, тұла бойын күш кернегенде Аманбайдың алдында тұрмақ, оның маңайына баруға болмайды» дейтіндердің сөзінің рас екеніне енді Ерденің де көзі осы жолы айқын жеткендей. Аманбайдың әр сөзін мұқият тыңдап, ой елегінен өткізіп отырған Ерден сәлден соң барып:

– Дұрыс, батыр. Ойың анық. Енді, өзің айтқандай, жауға аттану үшін Қадір би пірімізден бата сұрайық та атқа қонайық. Ұлытау бекінісінен шыққан орыс солдаттары да алдымыздан кезігер, – деді де, орнынан арыстандай «аһ» ұрып атып тұрды. Дауысы киіз үйдің түндігін жалп-жұлп еткізердей екпінді.

«Әкесі Сандыбай жауға шабарда аспан астын жаңғырта, бар дауысымен айқай салатыны бар еді» дегенді естігендер де «Е, қасқа айғырдан қасқа тумаса да, төбел туады» деген, жұққан екен, әкесінің әруағы қолдайды оны» дегенді біріне бірі жылы көзқараспен-ақ білдірді.

Орыс солдаттарын бастап шыққан Рябцов пен топограф Бородин Ерденге: «Шайқас болатын жерді белгілеп, оларды күтіп алудың жоспарын жасайық», – деп ақылдасу керектігін айтқанда: «Оның қайда, қалай келе жатқанын біліп отыратын шолғыншылар жібердім», – дегеніне ол екеуі де бірдей: «Мырза, ол дұрыс. Әйтсе де, картадан кездесетін орынды белгілейік», – деді.

Бородин Алаша ханнан тура Түркістан мен Созаққа апаратын ең қысқа, төте жолдың сұрлеуі түскен белгілерге қарай отырып: «Міне, бізге мына жерден күткен ыңғайлы», – деп түрлі түсті сызықтармен айқыш-ұйқыш түскен белгілердің бірінен соң бірін дөңгелектей салды.

Ерден қоқандықтардың қалың қолын Арқа жеріне кіргеннен кейін адырлы төбелердің арасындағы қылпуытты жылғалы сайдың ашық аңғарынан өткізіп барып, олардың соңғы күші енгеніне көздері әбден жеткенін қалады. Жау аңғарға келіп кіргенде шолғыншы тобына оқ атпай, еркін өтуіне мүмкіндік беруге келісті. «Жаудың негізгі күшін күтейік», – дегенді алға тартқанда, Ерден қасындағы Аманбай мен Лепесбайға, Дұтбайға «Ал сендер не айтасыңдар бұған?» дегендей иегін көте-



ре, қасын кере қарай қалды. Дала шайқасының талайын көрген батырлар, әйтсе де, мынадай қағазға қарап жол сызып, кімнің қайда, қалай тұруы керек дегенді бұрын-соңды көрмегендерін бірінен соң бірі жасырмай айтып, ойларын ортаға салды.

– Оларды жеке-жеке қонақ күткендей несіне әспеттеп төрге отырғызамыз? Келген-келгенінше қарсы алып, қырып тастайық та, – деген Аманбайды Дүтбай батыр да қоштады.

– «Аз келсе, аз өледі, көп келсе, көп өледі» деген екен бабаларымыздың бірі. Сол айтқандай, оларды сұрыптап жататын уақыт қайда? – дегеніне Лепесбай батыр:

– Біз бір жерде топырлап, тосып жатамыз ба? Келгендерді қоршап күту керек. Басқа не әңгіме бар? – деп сөзін тіптен нығыздай түсті.

Қазақтардың не айтып тұрғандарын өздері толық түсінбесе де, әйтеуір бұлардың айтқандарына «Иә, бәсе» демейтіндерін де сөйлеген сөздерінің дыбыстарынан аңғарып қалған Бородин:

– Ерден Сандыбайұлы, соғыс тактикасын жігіттеріңіз әлі де меңгере қоймаған-ау деймін, – деп, оған сұраулы жүзбен сынай қарағандай қадала қалды.

Бұл екеуінің жоспары ұнағаныменен де, оны бірден қолп етіп қолдай қоймайын деген ойға келген ол:

– Қателесесіз. Далалық шайқас – ол енді бекініс ішіндегі шабуылдауға шыққандағыдай емес. Даланың өз ұстанымы, өзінің жолы бар. Менің батырларым ашық айқасқа дайындалған. Бізде жан алып, жан берісте әділдіктен аттамайды. Бұқпантайлап, бұғып соғысу қорқақтың ісі болып табылған. Ал сендердікі – алдаусыратып, алдап өткізіп жіберіп, желкесінен басып қалу тәсілі. Бірақ маған жоспарларыңыз ұнап тұр. Мен келісемін. Тіпті қосар едім оған. Шағын шолғыншы топ олардың бүйірінен тиіп қашып, сол ашық алаңға алып шығатын адырлы сайға әкелуін ойластырсақ қалай болады? Әйтпесе, олар қылпұйтты тар аңғарға біз келгенше кеп қоя ма? Адырлы төбелерді айналып өтіп, алдымызды орап кетсе қайтеміз? Сонда «Әй, біз мұндамыз, қайда барасыңдар?» деп шақырамыз ба? – дегенде екі орыс



ішек-сілесі қатқанша қарқылдай күліп, іштерін басып отырып қалды.

Сәлден кейін барып Бородин:

– Мырза, ойлауыңыз дұрыс. Шолғыншы топты біз көздеген жерге олар жақындағанда ғана тұтқиылдан тигізіп, тез арада, естерін жиғызбай апыл-ғұпыл қимылдап, кейін бұрылып, із тастай қаша ұрыс жасаса, онда олар күдіктенбей соңдарынан тұра қуады. Одан арғысы – зеңбіректің жұмысы, – деп енді істің негізі мәніне көшкендей болды. Осы сәтте әңгімені тек тыңдаушы ғана болып тұрған Қашқын батыр:

– Менің ойымша, айтылғанның бәрі де дұрыс сияқты. Бірақ ескеретін бір жайт бар, – дегенде бәрі де оған ошарыла қарады. Көңілдерінде «Ал ол не?» деген жалғыз сауал тұрғаны байқалады. Бұлардың «Ал айтшы» деген алаң көңілін толық түсініп тұрған батыр:

– Келе жатқан жаудың да жоспары барын ойға алған дұрыс болар. Олардың бүйірінен тас атып, «Ал мені қуып жетіп көрсей» деген баланың ойыны сияқты жайды көріп тұрып, «Әй, сен қайда қашып барасың, ей?» деп соңынан тұра қуады дейсіңдер ме? Жоқ. Олай-бұлай далбақтап көзге түспей, аңысын аңдып, қуыстан өткізіп алып, атысты бастаған жөн, – деп ойын жинақтап айтып: – Өрі мына бір жайды да есте ұстайық. Бізге олар жайлы хабар салған кім, білесіңдер ме? – дегенінде ғана Аманбай батыр:

– Дұрыс айттың. Өте дұрыс. Біздің осындай күшті жағдайымызды Селбе біледі. Демек, ол шамасы келсе, Қоқанның қолын осы жолмен өткізеді. Оның алдын орап, қоқандықтарды шошытып алмайық, – деуі мұң екен, оны Дүтбай мен Уәйіс те қоштады. Бұлардың сөзін көңіліне қондырып алған Ерден:

– Мен де осыған келістім, – деді де, Бородинге бұрылып: – Зеңбірекертерді көзге көрінбейтін, бірақ оқ жетер жерден орын алатындай етіп орналастырыңыздар. Оған ертеңгі таң атқанша уақыттарыңыз бар, – деп енді тізгінді өз қолына алған сыңайда оларға бұйрық бере сөйледі. Бұл оның шешімі екенін енді бәрі



де түсінді, сол бойынша алдағы шайқасқа дайындыққа кірісіп те кетті.

Қоқан қолын басқарып келе жатқан Шоң Лобы Селбені жеке шақырып алып:

– Сен маған мынаны айтшы, осы сенің әкең Қашқын батыр алдымыздан шыға ма қарсы? – деп төтесінен сұрағанда, Селбе оған жауабының орнына мырс ете күліп:

– О не дегенің? – деп көзіне күлімсірей қарады. Оның осындайда тура жауаптан жалтарып, ешкім білмейтін әлдебір жайды ойлап таба қоярын бұрыннан білетін Шоң:

– Сен жалтарма, тура айт. Шыға ма, шықпай ма? – деді.

– Батыр, тап қазір менен мұны сұрауыңыз түсініксіздеу.

– Неге?

– Негесін айтайын ба?

– Айт.

– Себебі, мен дәл қазір әкем Қашқын батырдың емес, құба қалмақтың қаһарлы батыры Шоң Лобының қасындамын. Ал әкем Қашқын батырды мен, ол мені көрмегелі не заман өтті? Ол көрсе де тани қоймас-ау.

– Ал егер ол алдымыздан шығып, найзасын көкке көтеріп, «Жекпе-жек!» деп айғайлап тұрып алса, сен оған шығасың ба?

– Неге шықпаймын? Шығамын. Сауыт-сайманын, қаруын екі жиеніне беріп, мені ескермегенін есіне түсіру үшін де шығамын. Шыққаныммен қоймай, атынан аударып жығамын, көк сүйгіні кеудесіне тығамын.

– Ой, бәрекедді! Ер екенсің. Ал ол сені танып қалып, «Ұлым» деп аттан түсіп, алдыға жығылса ше?

– Мен оны аттан түсірмей құлатамын. Ол мені танымайтын-дай боламын.

– Қалайша?

– Бетіме арнайы бетперде дайындатқанмын. Соны киіп алғанда, ол тұрмақ, мына қолды басқарып келе жатқан Шоң Лобының өзі тани қоймас, – деп Селбе бұл жолы манағыдан да қаттырақ даусын көтере күлді. Оның күлкісінен тұла бойы түршігіп кеткен Шоң Лобының аузына оған айтар сөз түспей



қалғандай әбден әбдіреді. Алдындағы қазақтың алабұртқан жүзі, көмейінен күмбірлей төгілген ашық күлкісі бұған «Мен кімін, сен кімсің?» дегенді ұқтыртқандай. «Бұл шіркінің астамшылығын қарасайшы» деп ойлаған Шоң:

– Сен, Селбе, олай-бұлай бұлтақтама, алдыңғы лектегі жүздіктің басында болып, қолдың басына шық. Кім біледі, хабар алып қалса, олар алдымыздағы адырлы асудан тұзақ құрулары әбден мүмкін. Сол үшін жер жағдайын барлап, шолып, алға түс, – дегеніне Селбе бірден елп ете қоймай:

– Батыр, біз неге сол тар қуыстағы жолға түсуіміз керек? Анау адырлы төбелерді алыстан айналып неге кетпейміз? – деді. Селбенің рас не жалған айтып тұрғанына көзі анық жетпеген Шоң:

– Жоқ. Алыстан айналсақ, жолдан ұтыламыз. Біз тез, шұғыл жетуіміз керек. Білдің бе? – деп, әңгіменің қақпағын тарс еткізіп жапқандай болды да: – Солай, Селбе, сен жүздігіңмен алға шық. Ұзап та кетпе, бізге хабар жететіндей жерде бол. Ал адырлардың арасынан өтер кезде біздің келуімізді тос. Қалың қол жеткен кезде сен алға жылжып, адырлы асудың арасынан өтерсің, – деп әмірін тағы бір қайталай айтты.

Оның түпкі ойын анық түсініп тұрған Селбе де енді салмақтанған қалпы:

– Мырза, еш алаң болмаңыз. Мен білетін қазақтар біз келе қояды деп ойға да алмай, үйлерінде қаннен-қаперсіз жатқаны анық. Олар біздің келерімізді қайдан, кімнен естіп біледі? – деді.

Селбенің бұл сөзі Шоңның шамына тигендей. «Мұның сөзін қарасайшы» деп ойын жинақтай үлгерген ол:

– Бар! Сөзді доғар! Алға түс! Жоғал! – дегенде дауысынан үрей мен күдік аралас әлдебір түсініксіз үн шықты. Оны Селбе де, оның өзі де сезді. Бұдан артық мұның қасында тұруға енді болмасын түсінген Селбе:

– Мақұл, мақұл, ал мен кеттім, – деп, оның алдында екі бүкте теле иілген қалпы кейін шегініп кете берді.

Селбе жүздігімен алға озып кеткеннен кейін Қоқанның негізгі қолы оның ізін ала өкшелей жүріп отырды. Олардың бар



ойы «Бағаналылар шапса, ең алдымен Селбені шабар, қалғанын көре жатармыз» дегенге саятынын Қашқынның ұлы әу бастан-ақ білген. Дәл солай болар-ау деп өзінің хабар айтып жіберген жігіттеріне де: «Әкеме айтсаң түсінеді», – дегені де осы болатын. Оның бұл жоспарын Қашқын батыр хабаршының сөзінен-ақ аңғарып: «Алдынан шығып, бүйірлей шабудың керегі жоқ», – деп шыж-быжы шыққаны да содан. Оның айтқанындай, Қоқан қолы көрінгенде бағаналылықтар бой тасалайтын төбелердің екі жағын ала қақ жарылып, ортадағы қасқа жолды ашық тастаған.

Екі жаққа қақ бөлінген қазақ жасағы орыс солдаттарының түйенің қомына артып әкелген зеңбіректерді тұғырға берік орнатқанын көздерімен көріп: «Бұл шіркін жерді ойып, миын шашып жіберетін шығар-ау», – деп таңырқағандарын жасырмай: «Көрерміз күшін», – деп біріне бірі жымың-жымың етіп, ертеңгі шайқастағы жеңіске жетерлеріне күмән келтірмеді. Тек «Сол сәт тез келсе екен» деген бір әуестікке бой ұрғандай.

Қашқын батыр баласы Селбеден хабар алып отырғанын қаншалықты білгеніменен де, дәл мынандай майдан даласын таңдауға дейінгі көзқарастарының сайма-сай келуін көңіліне ала тұрып, «Әкесі мен баласының мінезі де, ойы да бірдей екен, әйтпесе, бірін бірі қашықтан қалай ұғады? Бұл ортақ қасиет – оларға Алланың бергені. Осы шайқаста Селбе аман қалса, оны қалайда ел ішінде алып қалу керек-ау» дегенді әзірге ешкімге айтпаса да, ойына мықтап түйіп-ақ алды. Бірақ бір адамға да «Селбені тірі қалдырыңдар» деп әзірге айтқан жоқ. Айтқысы келсе де, оны айта алмайтын еді. Айта қалса, «Ал оны қалай тірі ұстаймыз? Алдынан шығып, «Селбе, кел, үйге қайт» дейтін кішкентай бала емес. Ол «Ал мен, міне, келдім» деп алға шықса, қасындағылар оны екі-үш қадам бастырмай-ақ не атып, не шаншып тастамай ма?» дейтіні анық. «Сондықтан да шайқас үстінде оны тауып алып, қақпайлап алып шығу керек. Оның да кезі келер...» деген Ерден ертеңгі шайқастың жобасын осы жерде тұрып көз алдына келтіргендей күй кешті.



Соңындағы Шоң Лобы өзінің басқан ізін аңдып келе жатқанын көзін жұмып тұрып-ақ көргендей болған Селбе сыпайыларына: «Сақтана жүріп, тоқтамай, жалтақтамай жылжыңдар. Қай кезде де өзір болыңдар», – дегенді қадап-қадап, қайта-қайта қаттырақ айтты. Алдағы өркеш-өркеш төбелердің етегіне жеткенде атының басын іркіп, Шоңның келуін күтуге бел буды да, өзі алдын ала дайындатып алған жұмсақ былғарыдан өзіне ғана арнап өлшей тігілген бетпердені: «Аллам, өзің қолдай көр, біс-сіміллә», – деп, маңдайы мен иегін тұтастыра жауып, мықтап тартып киіп алды.

Әлгінде ғана күн көзімен нұрланып, алаулап тұрған ақ жүзді жас батырдың орнына күйген томардай домалақ басты, түрінен адам шошырдай алапатқа айналып шыға келді. Бұл – оның алдағы шайқаста өзін ауылдастарының ешқайсысы да таныма-сын дегені. Әсіресе, туған әкесі Қашқын батыр мен екі жиені Еенғабыл, Есенбекпен бетпе-бет кездеспес үшін, оларға өзін танытпас үшін тапқан тәсілі болатын.

Бұрын қаншама шайқаста өзіменен бірге болған сыпайылары оның бұл шешімін өзі айтпаса да іштей түсінгендей. Ештеңеден сескенбейтін Селбенің бүгінгісі басқалар үшін жұмбақ күйінде қалғандай. Шоңның қолынан ұзап кетпеуінің де өзіндік сыры бар. Негізгі қол артта қалып, шамалысымен бағаналылардың ортасына түссе, Қоқанның қолы шегініп, қашып кетуі әбден-ақ мүмкін. Не болса да ол алда құрылған тұзаққа жалғыз өзі ғана емес, Қоқанның қолын бірге түсірудің осы мүмкіндігін құр жібергісі келмеді.

Селбеден келген шолушыға:

– Ал не айтарың бар? – деген Шоң Лобыға ол:

– Алдымыз ашық. Тәрізі, бағаналылар бізден хабарсыз. Білмейді. Білсе де, әлі қол жинап үлгермеген болу керек. Осынау адырлардан бірге өтіп, арғы жазыққа шығып, шатыр тіккен дұрыс сияқты. Селбе сізді күтіп отыр, – деді.

Селбенің бұл хабарын ой таразына салып, «Бұл қалай болады сонда?» деп қабағын түйіп, алдын болжағандай болып, көзін ашып-жұмып, сәл отырғаннан кейін барып Шоң Лобы:



– Дұрыс. Селбенің айтқаны дұрыс. Адырлардан іркілмей тез өтіп алсақ, онда арғы жолымызда бөгет бола қоймас. Кеттік алға, – деді де, атын «шу» деп тебініп жүре берді. Сәл кідірістің сырын әлі ұға қоймаған қалың лек лықсыған судай алға қарай жанталаса, екпіндей ұмтылды.

Шоң Лобының қалың қолы келген бетте Селбе де жүздігін жүргізіп, адырлы жолдан тез өтуге асығып: «Тез, жылдам!» – дегенді қаттырақ айтып, өзі алға оқ бойы озып шығып, бөлекте-не берді. Оның мұнысын алыстан байқаған Шоң Лобы:

– Қайтсін, қаны әбден қарайып қалған екен. Бұл бетте ол қарсы алдында туған әкесі тұрса да турап тастап жүре беруден еш тайынбасы анық, – деп оның сырт тұлғасы мен шалт қимылына сүйсіне түсті.

Мың қаралы қалың қол түгелімен адырдың тар жолымен ішке толық енгенін көрген Ерден қасындағы батырларға «Ал не істейміз?» дегендей сұраулы жүзбен сұстана, сұрлана көз салды. Оның ойын ұққан Бородин:

– Мырза, бұлардың да зеңбіректері бар екен. Бірақ біз оларға оны құрып, соғысқа қосуына мүмкіндік бермей, зеңбірекпен атып, жапырып алып, олардың тірі қалғандары жазыққа қашып шыққанда жалаң қылышқа жол берейік. Екі-үш мәрте зеңбірек зіркілдеп, солдаттар тасадан тұрып оқ жаудырса, бұлардың тірі қалғандарының өзі-ақ қол көтеріп, бағынары сөзсіз. Мұны тек енді кешіктірмей атқарайық, – деді. Бородиннің ойын ұққан Ерден:

– Олай болса, соны жасаңдар, тек олар мына адырлы төбеге тіке шауып шыға алмасы анық. Алға шауып не артқа қашатындарының жолын тосып алуға төрт босағаның батырлары ие болсын. Естерінен танып, жазыққа ұмтылғандардың қылыш сермегенін де көрейік. Шіркіндер арманда, ғапылыста кеттік демесін, – деп, Аманбай мен Дүтбайға: – Солай дұрыс болар, – деді. Ол екеуі де:

– Сол дұрыс. Біз де бір құрыс-тырысымызды жазып алайық. Көрсін бағаналыларда да батырлар барын. Бағаналының балалары бірінен бірі бөлінбей, жұмылған жұдырықтай болып,



жаудың танауын бұзып, басын қалай шауып аларына көздерін жеткізейік, – деді.

Бірінің сөзін бірі жалғап, жарысып тұрған қос алыптың жаудыраған, жайнаған түрлеріне сүйсіне қарап қалған Ерден:

– Ия, біздің бірлігіміз – тірлігіміз. Біз – бағаналымыз, – деп, олардың сөзін толықтыра жалғағандай болып, орнынан тұрып, етек-жеңін қағып, бойын тіктеп: – Ал онда, Бородин мырза, ендігі сөз өзіңде, – деді. Сол сол-ақ екен, ол солдаттарын орналас-тырған төбеге қарай жүгіре басып кете барды.

Өркеш-өркеш адырлы төбелердің екі ортасынан қақ жарып өтетін төте жолдың қызығын кезінде Арқа мен Сырдың арасын шарлаған саудагерлер көрген деседі. Сырдың сұрғылт жазығы мен Арқаның осынау адырлы төбелері екі өңірдің белгіге қойған белдеулі шекарасы да сияқты.

Саудагерлер «төте жол» деп қызыққанымен, ықпыл-жықпылы көп жыра-жыраларының арасынан ирелеңдеп өтетін бөлігі – бас-аяғы бес-алты шақырымдай-ақ. Осы қысқа жолда қарақшылар саудагерлер мен жекелеген әрі-бері көшкендерді аттан түсіріп, тонап кететінін де ел біледі. Әйтсе де, ашық деп төбелерді сырт айналып өтер болса, екі қапталына қанатын кең құлаштай жайған шоқылы төбелерді айналып өту үшін екі-үш күнді шығындаудан қашқандар нар тәуекел деп, өзіне өзі сеніп, ештеңеден де сескенбей-ақ, осы төте жолмен өтеді.

Әсілі, арғысы Сыр мен бергісі Арқаның құба жолын жалғайтын жотаны әдейі белгі үшін табиғат арнайы қалдырғандай. Селбенің де осы жолды көздегеніне Шоң Лобы қанша күдіктенейін десе де, жол тарихынан хабары болғаннан кейін лажсыздан да оған «ия» деген. Енді сонысына еш өкінбейтіндей. Шұбатылмай, жедел жүріп өте шыққанға бұл ең таптырмас төте екенін өзі де сезді. Жер жағдайын жақсы білетін Селбенің осыны таңдап тапқанына риза болған ол: «Оған енді әбден сенуге болады», – деп өзін-өзі тағы да бір рет көңілдендіріп алды.

Әр жүздіктің басшыларына: «Тез, созбалақтамай өтуге дайындалыңдар», – деп қатаң тапсырған. «Сол тапсырмасының



орындалысы қандай болды екен?» деп соңғы жаққа шолушы жібергенде ол тез оралды. Оның айтқаны бір-ақ сөз:

– Қалың қол толық өтіп келеді. Артта ешкім қалған жоқ, – дегенде Шоң:

– Дұр-ы-с, – деп демін тереңнен тартып, атын тебініп жүре бергенде жер дүниені қопарғандай, қатар-қатар гүрсілдей атылған зеңбіректердің үнінен шошыған аттар аспанға шапшып, адамдардың жан ұшырып, шыңғырған дауыстары төбелердің етегінен көк аспанды жарып өткендей болып, алысқа естілді.

Қас пен көздің арасында, айтып ауыз жиғанша болған жоқ, Қоқан қолының астан-кестеңі шықты. Бірінен кейін бірі кезектесе атылған зеңбіректің боздаған үні Қоқан қолының үрейін ұшырып, берекесін қашырып, қорқыныштарын тіпті де үдетіп жіберді.

Алдын ала өздеріне құрылған тұзақ екенін бірден сезген Шоң Лобы: «Шегінуге!» – деп әмір етті. Ұзындығы сала құлаш кернейдің үрейлі үні «Шегін, шегін» дегендей, «Уп, уп» деп күңірене сарнағанда, зеңбірек оғынан аман қалғандар екі айырылып, ашық алаңға қарай қылыштарын жалаңдата шапты. Бұл сәтті күтіп жатқан солдаттар енді мылтықтарын кезей қалың топқа төбеден қорғасын оқты жаңбырша жаудырды.

«Қайда барса да бір өлім» деген, енді олардың көңілдерінен үрей біржола ұшып, «Өзекті жанға – бір өлім» деген пейілмен аттың басын бос жіберіп, ашық айқасты аңсап, омырауларын ашып, ащы айқайға ойбайларын қосып, өлермендікпен бірін бірі баса-жанша, беттері ауған жаққа бейберекет қаша бастады. Әлгінде ғана тойға бара жатқандай салтанатты түрде үзеңгіге аяқтарын нықтай тіреп, ер үстіне бар салмақтарын салып, мейлінше шіренгендер енді, міне, кейін қарай жөн-жосықсыз жосылтып келеді.

Айналасы алты шақырымдық адырлы алқапта айқастың өні енді ғана шырқалғандай. Адыр ішінен қашып шыққандарды бағаналының қолы қарсы алып, алмас қылыштарын ой-



ната, олардың ортасына келіп кірді. Зеңбірек оғы жетпейтін жерге шыққан Қоқанның қолы естерін тез жиғандай.

Атой салып, қылыштарын жалаңдатып, бағаналының бәрін бір сәтте қырып тастардай қарқынмен қимылдарын ширата шапты. Дәл осылай боларын білгендей, адырдың қос қанатына бағаналының қолы екі бүйірден келіп тиді. «Әруақ!» – деп ұрандай шапқан Дүтбай мен Аманбайдың зор дауыстары даланы жаңғырықтырды. Жан-жақтан аққан судай болып адыр-адырдың арасынан шыға лап қойғандар да Қоқан қолын айнала өтіп, алдын орап, қылыш, найзаның кімнің қолында екенін дәлелдегендей.

Шайқас басталған бетте қылышын көтере шапқан Ерден Шоң Лобының өзін іздеп, жан-жағына қайта-қайта қарап қояды. Бірақ ол көзге түспеді. Есесіне қарақасқа атты, бетперде таққан батыр қарсы келгенді шөп шапқандай жаусатып барды. «Ойпырмай-ай, мынаны тоқтатпаса болмас...» – дегенінше болған жоқ, оң қапталында қатар келе жатқан Аманбай батырдың соның соңына мылтығын кезей түскенін аңғарды. Аңғарды да, қасындағы атқосшысына: «Бар, айт Аманбайға, бұқпантайлап артынан атпасын. Кейін «Аманбай батыр жауын артынан атты. Бетпе-бет келуден секенді» деген сөзге қалар. Беттесуге бармаса, мылтығын қасындағыға берсін. Артынан атса, сол атсын», – дегенді айтып жіберді.

Аманбай батыр шайқастың қызығына батып кеткенде ғана қарақасқа атқа мінген батырдың қимылын байқаған. Олай бір, бұлай бір судағы жайынға ұқсап, жолындағысын жайпап, қарсы бетке дейін тағы солай жарып өтеді. Оған тосқауыл боламын деп ұмтылған үш-төрт батырдың басы допша домалап түскенін көріп, «Қой, бұл болмас» деп, күні кеше Бородиннен ат-түйедей қалап алған мылтығын оқтап, оның соңына түскен.

Қарақасқа аттының артында да көзі бардай. Соңына мұның түскенін сезіп қалды. Жалт-жұлт етіп, қылышын ойнатып, біресе оңға, біресе солға бұрыла шауып, тоқтамастан жүйткіді. Екі айналымда қасына жақындай алмаған Аманбай батыр «Енді сені ме...» деп тіке салуға бекінгенде Ерденнің хабары



жетті. «Оның мұнысы несі, ә?» деп аңтарылып қалған батыр «Қой, оның да бір білгені бар болар. Қолбасшының әмірін екі өткеннің жазасы ауыр болады» деп тежеле берді.

Кезінде өзі қалың жасаққа: «Ерденнің бір сөзін де далаға тастамайтын болайық. Бұл маған да, бәрімізге де қатысты», – дегенінде Ерден бұған риза болып, басын изеп тұрып қоштаған. Енді сол Ерденнің бұйрығын бұл қалай бұзарын білмей дел-сал бола тұрып: «Мә, сен бар онда», – деп, үнемі қасында болатын таубұзар Белгібайға қолындағы мылтықты беріп: «Анау қарақасқа атты, бетперделі Қоқан батырын атып түсір», – деді. Оның бұл сөзін Белгібай қағып алғандай болып: «Е, жарайды», – деді де, атын тебініп солай қарай тұра шапты.

Қарақасқа аттың да тұрқы бөлек. Есік пен төрдей. Жотасы биік, сирағы ұзын, сауыры жалпайып, танауын желге төсеп, жәй тұрғанның өзінде де тебініп, осқырынып, аспанға шапшып, шабыс тілеп тұратын тұлпар тұқымдас дүлдүлдің өзі екенін екі көзі бардың қайсы болса да аңғармай қалмайтындай. Үстіндегі иесінің әр қимылын қалт жібермей, сақ қарап, оның тақым қағысынан-ақ «оңға, солға» дегенін ұғынып алған.

Бетперделінің екі қолы да бос емес. Бір қолында – жалаңдаған алмас қылыш, екінші қолында – қалыбы берік, қорғаны қалың қалқаны. Қалың топты бір шауып өткенде екі жағындағылардың аттары ойнап, шылбырын сүйретіп шыға келеді. Өлдекімдерге ұқсап, бір жерде, бір орында шыр айналып шиырланбайды. Екпіндей келген бетінде кейін шегінбей, қара жерді қақ айырып, соқа тартқандай, артына қанды жол салып өтеді. Алдында кім тұрса да қалқанымен қағып, қылышымен шауып, атымен таптап өте шығады.

Бұл жолы да екпіндей кіргенде мына жақтан мылтығын кезеніп, «Қапысын енді қалай табамын?» деп қипақтап келген Белгібай оның қарсы алдына көлденеңдей тұра қалып, қылыш жетпес жерден оны көздеп тұрып шүріппені басып қалды. Мылтық даусы шаңқ ете түскенде ат үстіндегі бетперделі де ерден ауа, жерге қисая құлады. Қарақасқа ат оны тастамай, қайырыла бұрылып келіп, иіскелеп, киімінен тістелей тартып, «Тұр, тұр»



дегендей тұрғызуға әрекеттенгенін көргендер: «Ат – иесімен» деген-ау, қарашы мына жануарды. Адамнан да асыл екен. Жолдасын тастап, жан сауғалап қашып кететін әлдебір жамандардан мынаның қара жерді нық басқан тұяғы артық екен», – деді.

Алдарындағы бастап жүрген батырының құлағанын көрген қоқандықтар тізгіндерін тартып, майдан даласын тастай қашып, бейберекет жан-жаққа шашырай шауып, пышырай бастады.

Ерденнің қасына келген Аманбай батыр:

– Жай шақырдың ба? – деді. Үнінде ештеп салқындық бар. Ерден:

– Батыр, атың Арқадан асып, алысқа кеткен жансың. Бүгін болмаса, ертең, болмаса одан кейін «Е, әлгі Аманбай батыр Қоқанның перделі батырын тіке шаба алмай аңдып, бұқпантайлап барып қапылыста атты» деген сөз айтылса, елге де, ерге де жақсы ма? Мен алдыменен соны ойладым. Әйтпесе, басқа бөтен ой болған жоқ. Жүр, одан да сол батырды Белгібай құлатты, барып, кім екенін көзімізбен көрейік, – деп өзі солай қарай бет алды.

Қарақасқа аты әлі де иесін тастап кете алмай шыр айналып, шыңғырып жүргенін көрген Амабай батыр: «Мынау нағыз текті тұлпар екен, жауға жібермей ұстау керек», – деп қасындағы жігітті Ерденнің жауабын күтпестен-ақ жұмсап жіберді. Оның бұл ісіне ол «Әй, бұның не?» демеді. Қайта «Әлгіндегі шамалы өкпесі осыменен де тарқаса дұрыс болар» деп іштей құптап та қойды.

Бетпердесін әлі ешкім шешпепті. Тәрізі, Ерден мен Аманбайдың келуін күтіп тұрғандай. Ол екеуі келіп, аттан түсіп жатқанда балталы Қашқын батыр да: «Бұл кім болды екен?» – деп шауып келді. Оның іздегені, әрине, Қоқан қолында жүздікті басқарып жүрген өзінің ұлы екенін осы тұрғандардың бәрі де айтпаса да біліп тұр.

Ентіге жеткен батырдың ішкі алай-дүлей құбылысын бұдан әрі құбылта бермейін дегендей, Аманбай батыр бетпердені ал



тын сапты кездікпен екі тіліп алып, ашып тастағанда, манадан бері өзін-өзі әзер ұстап тұрған Қашқын батыр: «Ұлым! Селбем!» – деп аттан ауа құлады. Туған нағашысының өкіре құлағанын көрген Есенғабыл, Есенбек екеуі де оны қолтығынан сүйемелдеп, көтере берді. Ерденге үнсіз бұрыла қараған Аманбай:

– Бұл – Қашқын батырдың жалғызы Селбе, – деді. Сонда Есенғабыл, Есенбек екеуі бірдей:

– Бәсе, шайқас үстінде беттесе қалатын екі-үш мүмкіндікте ол жалт бұрылып, бізден аулаққа қаша беріп еді, – дегенде Қашқын да:

– Мені де сырт айналып кетіп еді, білген, таныған екен-ау, сабазым, – деп, енді «Болған іске болаттай» дегендердің сөзіне құлақ асып, «Ойбайлап жаман бас салар» деп бұрынғылар айтқанын еске алып, бойын тіктеді.

Басы Ерденнің өзі болып, бәрі де Қашқын батырға да, оның екі жиені Есенғабыл мен Есенбекке де: «Алла алдынан жарылқасын», – деп көңіл айтты. Сол жерде «Мұны қайда жерлейміз?» деген де сөз айтылмай қалған жоқ. Қаумалаған көптің ішінен әлдебіреуі Қашқын батырға қарата:

– Батыр, қайғының түбі – терең, байқамасаң, өзіңе де өлім келер деп ойламайсың. Алланың жазуы солай. Одан да енді Селбені жер қойнына берудің қамын жасайық, – деді. «Бұл кім өзі суырыла сөйлеп тұрған?» деп оған тесіле қараған Ерден ауылдағы Әбілқас молданың күреңітіп кеткен жүзін көрді.

– Е, сауаты бар молда жерлеуді айтқан екен, – деп Қашқынға бұрылғанда ол:

– Бұрынғы-соңғының жолы бар емес пе? Шайқаста өлгенді сол қаны төгілген жерге беретін. Одан бөтен жолды көрмей тұрмын, – дегенде Қырқының ұлы Есенбек:

– Нағашы, сөзіңіз орынды. Әйтсе де, Селбе нағашымның сүйегін айдалаға тастап кете алмаймын, – деді. Оны Есенғабыл да:

– Ә дегенде мына екеуімізге өкпелеп кетіп еді. Енді осы екеуіміз мұның мәйітін елге, үлкен қорымға жеткізсек дейміз, – деп қоштай сөйледі. «Бұл екеуі менің өзіме де қарсы сөз айтатын



болғаны ма?» деп оларға жабырқай қараған Қашқынға Аманбай мен Ерден екеуі де:

– «Батырын қаңғытып жіберіп, далаға тастап кетті» демесін. Шайқасқан жерге көметін ол елден бірге шыққан жоқ. Сол себепті де оның денесі ауылға жеткізілсін, – деп сөздің тоқ етерін айтқандай болды. «Осы сөз – сөз» дегендей оған бәрі де келісті.

Асығыс, апыл-ғұпылда Селбенің қасқа тұлпары ойға келмегендей, сүйекті зембілге салып, орнынан көтере бергенде манадан алашапқын болып, ешкімің құрық-тұзағына түспей жүрген айқасқа екпіндей келіп, иесінің кеудесіне тұмсығын тірей кілт тоқтады. Аттың жалы екі жағына қақ жарылған. Мөлдіреген қос жанарынан аққан жас екі жақ самайынан сорғалап ағып барады. Қанша мықты болса да, осы сәтте Қашқынның әл-дәрмені кетіп, тұрған жерінде сылқ етіп құлай кетті. Аттың мына адам түсіне бермейтін қылығына таңғалғандар тілге енді ғана ерік бергендей.

– Ой, шіркін-ай!

– «Есті жануар иесін қимайды» деген.

– Мұндай батыр да, батырға лайық тұлпар да сирек болар.

– «Ерге лайық ат туар» деген.

– Тұлпарды тастамай ала жүрейік, – дегендердің сөздері көбейіп кеткенде Аманбайдың:

– Болды, жетер! – деген қатты дауысы олардың сөздерін кілт үзді.

Селбенің сүйегін алып Қашқын батыр бастаған балталының жігіттері елге кеткенімен, Қоқанның қалың қолын түбегейлі талқандауға бекінген бағаналылар жаудың соңына түсіп, оларды өкшелей жүріп, Сырдың ашық айтақырында қуып жетті.

Селбенің қазасына бүкіл бағаналы, балталының аза тұтып қалғанын Шоң Лобы кейіннен барып білді. «Жаудан құтылдық, ендігі жоспар қалай болады?» – деп жасақ басшыларымен кеңес өткізіп жатқанда шолушылардан хабар жетті. «Бағаналылардың жер қайысқан қалың қолы келіп қалды», – дегенді естігенде Шоң Лобының тілі байланып қалғандай, көпке дейін үні шықпай тұншығып, орнында тұтығып отырып қалды.



Айтақырдағы шайқастың жағдайын да Бородин алдын ала ойластырғандай. Ерденге:

– Мырза, бұлар қаннен-қаперсіз, алаңсыз жатқанда олардың арғы жағына білдірмей өтіп, от қару жетер жерден оқ жаудырайық. Сол кезде олардың үрейі ұшып, қайда, қалай қашарын білмей сасады. Он шақты дүркін зеңбірек атылғанда лап қойсаң, қоғаны жапырғандай жарып өтесің, – деді. Осыған тоқтады.

Зеңбірекшілерін басқарған офицер Шоң Лобының қосынын қоршауға ала айналдыра зеңбіректерді орналастырып, қас пен көздің арасында-ақ нысаналарын көздеп, оқтың түсер жеріне дейін айқындап үлгерді. Жан-жақтағы жағдайды әлі толық айқындай алмаған Шоң Лобы: «Қалың қол келе жатыр», – дегенді естігенде: «Ойпыр-ай, бұл бағаналыларда мұнша қол бар деп кім ойлаған, бұларға күш қайдан келіп жатыр?» – деген таңданысын жасыра алмаса да, қасындағылары байқаса да байқамаған сыңай танытып, оның ендігі бір ауыз сөзін күтті.

Сәлден соң орнынан тұрып, сыртқа шығып, алысқа дүрбі салғанда жан-жағындағы сансыз қолды көріп, соғып тұрған жүрегі тоқтап қала жаздады. Демі жетпей, көзінің алды қаруытып, миының ішін құрт жеп жатқандай жыбыр-жыбыр етіп, екі құлағы шуылдап, тұрған жерінде теңселе барып құлап түсті. Бас қолбасшының әмірін күтіп тұрғандар «Енді не істедік?» дегендей біріне бірі үрейлене қарай қалды.

Өздерімен бірге жүрген емші дереу Шоңның тамырын ұстап, танауына дәрі иіскетіп, кеуде тұсына құлағын тосып, өзінің бар білгенін жасай берді. Емшінің емінің шарапаты болды ма, әлде тынысы ашылды ма, Шоңның кірпігі қимылдай бастады. Енді бірер сәттен кейін басын көтерді. Ең бірінші айтқаны:

– Маған не болды? – деді. Оған болған жайды емші айтып:

– Сізге атқа мініп жүруге дәл қазір болмайды. Демалуыңыз керек, – дегенде орнынан жұлқына тұрған ол, оны жағасынан алып, анадай жерге итере лақтырып жіберді. Қасындағыларға қарап:

– Маған тұрма дейді. Ал мен жатайын. Сонда не болады? Бағаналыларды... – дей беріп, тағы да құлап түсті. Бұл жолы оның дыбысы да, тынысы да білінбеді.



Оның о дүниеге аттанғанын білгендер бұрынғыдан бетер үрейлері ұшып, басшысыз қалғандарын сезінгенде орындарынан қозғалуға шамалары келмей, есеңгіреп тұрып қалды. Осы бір алмағайып сәтті бағаналы қолы әбден-ақ тиімді пайдаланғандай. Межелі жерінен орын алып, атуға әзірленген зеңбірекшілер бұйрыққа сай гүрсілдетіп, домалақ оқты Қоқан қолының оңынан да, солынан да ойқастата тастап, әлем-тапырақ, ойран-топанын әп-сәтте-ақ шығарды. Естерін әлі жиып үлгермеген Қоқан қолына екі бүйірден Дүтбай мен Аманбай бастаған бағаналылар лап қойды. Өзінің жеке арнаулы жасағымен шеттеу тұрып бақылауға көшкен Ерден бұдан әрі шыдап тұра алмады. Қиғаштай шауып, Дүтбай мен Аманбай қолының арасына сыналай енді.

Батырдың өзі де қосылғанын көрген Аманбай мен Дүтбай оған жетуге ұмтылды. Маңайындағыларын жапыра жеткен екеуіне тісін ақсита күлген Ерден:

– Келдіңдер ме? – деді. Екеуі де «ие» дегендей дулығыларын изең еткізді. Үшеуі тізе қоса қылыш сілтеп екі арасынан өткенде Қоқан қолының қақырап қашып бара жатқанын көрді. Қашқындарды орыс солдаттары ұзатпай атып, аттарынан аударып, құлатып жатқанына сүйсінген Ерден екеуіне де:

– Бұларды Бұқар мен Хиуаға дейін қуайық па? – деп жымия қарағанда ол екеуі де:

– Батыр, «Қашқан жауға қатын ер» деген, өздерінің де саудасы бітті. Біз жеңдік! – деп, еңселерін көтеріп, ат үстінде шірене шалқайды.

«Қоқан әскерін Ерден басқарған бағаналы қолы тас-талқан етіп кетіпті» деген сүйінші хабар арғы-бергідегілерге ескен желмен бірге жеткендей. «Е, бұл Қоқанды да жеңуге болады екен ғой», – деп басқалардың да көңілдеріне сенім ұялай қалды. «Ал бұл жеңіс – біздің бірлігіміздің, татулығымыздың жемісі», – деп шайқасқа қатысқан әр бағаналылықтар көңілдерін көтеріп: «Алла бірлігімізден айырмасын», – деп тірі қалғандары құшақтарын ашып, бауырмалдықтың шынайы келбетін көрсетіп берді. Бағаналы батырларының жеңісін елге



барып жария етіп, құрбандық шалуға сол жерде бәрі де бір ауыздан бөтуа жасады.

* * *

Барған жерін жаулап, малын айдап, ұлын құл етуге, қызын күң етуге алып кететін Қоқан қолының тас-талқаны шыға жеңілгені, үш жүзді былай қойғанда, сонау Ташкент мен Түркістан өңіріндегілердің құлағын елең еткізді. Мұздай қаруланған Қоқан қолының бұрын-соңды жеңіліс таппағанына көздері үйреніп, көңілдері сеніп қалғандардың ішінде «Ә, бұл қалай болған?» деп күдік пен күмән аралас сұрақтар көлденеңнен тұрып алса, енді біреулері: «Е, бұл бағаналылардың бірлігіндей бірлік, ұйымшылдық пен бауырмалдық көп кездесе бермейді», – дегенді көлденең тартса, қайсысының аузынан: «Оның еш құпиясы жоқ. Орыстың от қаруы мен солдаттарын қосып алған. Өлгі Ерден дегеннің ісі», – деп білгішсінді-ай келіп. Кім қалай десе де, бағаналылардың жеңісі алып даланың ұшы-қиырына жеткендей.

Тіпті елең етпейді деген Кенесарының өзі де: «Апыр-ай, ә, бұл бағаналылармен енді байқамаса болмас», – деп Арқаға, Ұлытауға алған бетінен кейін қайтпастан, бағаналының төрт босағасының билеріне арнап хат жазуды жөн көрді де, кешіктірмей шабарманын аттандырып:

– Әрқайсысының өздерінің қолдарына апарып тұрып бер. Олардың хатты оқығандағы бет-бейнесіне назар салып, ойларын оқуға тырыс, – дегенді қатаң тапсырды да, өзі негізгі қолдан бөлініп, шағын жасақты ертіп, бағаналылар мен балталыларға, олармен іргелес жатқан Кіші жүздің тамалары мен Арғанаты бойындағы арғындардың тамырын басып көруге бет алды.

Кенесарының шабарманының келуі төрт босағаның үлкені мен кішісіне дейін ой тастады. Ақтаз Шалабайдың Шегірі, Жылкелді Бөкеншінің Бабыры, Қарабала Қадір би мен Сандыбайдың Дүзені, Ердені ендігі жағдайды анықтап алу үшін кесекке кірісті.



Қарабала Қадір би бір сөзінде:

– Ол өзі шағын қолмен жүріп, бізбенен шайқаса қоймас. Бірақ артынан алдаусыратып, түбі бір айналып соғуы мүмкін, – дегенде Бабыр би:

– Кенесарының, әрине, айы оңынан туып тұрған жоқ. «Адам бер» десе, «Берейік» дегеннен қашпайық. Берейік. Менің болжамым бойынша, бұл – негізі өзінің ажалына асығып жүрген жан. Елдің басын біріктіріп, үлкен хандық құрғысы келеді. Бірақ оған патша жол бермейді. Ендеше оны сыртқа теппей, сойыстығы мен мініс аттарын әзірлеп, алдына салып беруіміз керек. Одан кейінгісін Алла тағы бір жөнін берер, – деп бір тоқтағанда Шегір:

– Арғы жағы – Шыңғыс, – деп, – анау Уәлиханның Шыңғысы мен Құдайменденің Қоңырқұлжасы екеуі екі күннің бірінде қырық пышақ болып, қырқысып жүр. Бұл Кенесарының сонда сенері кім? Сүйенері кім? Әрине, үш жүздің балалары болар. Ендеше «Ел мен жер» деп атқа мінгенді қолдауға қарсы емеспін, – деді.

Алдындағы үш бидің сөзін үнсіз тыңдаған Ерден ағасы Дүзенте қарағанда ол:

– Ерденжан, мүдірме, бөгелмей айта бер. Мен сенің сөзіңді құптаймын, – деп, ол не айтса да, соған пейілді екенін білдірді. Алдындағы екі бидің айтқандарынан көңіліне көп ой түйіп алған Ерден де бөгелген жоқ.

– Кенесары келсе, келсін. Оған «Сен неге келдің, бұл келісіңнің мәнісі не?» демейік. Келер, келген ізімен кейін кетер. Қалай дегенде де, үш жүздің басын қосқан Ұлытаудың ортасында қан төгуге дәті жетпес. Дәті жетсе де дәрмені келмес. Орыстың от қаруы барын, төрт босағаның ел таныған мықты белгілі батырлары барын ол да біледі. Бағаналыға соқтықса, онда оның өзінің ойраны шығады. Ұлы жүз, Кіші жүздің екеуі де оны дәл мына біздің ортаның қолдауындай қолдап отырған жоқ. Қылыштың жүзінен сескеніп, соңына ергендердің өзі де сонда ойланар. Ол жағын Кенесары да жақсы біледі. Сол себепті де оның бізге келіп, бір тыныстап күш жинап, тыңайып алып, алысқа атта-



нуына қолдау күтері хақ. Қолдауымыз – ішер асын, мінер атын берейік, ал «Қалың қол ертіп қос» десе, «Оны ойланайық» деп ат өтті жауаппен айналдырсақ та бір төбенің шеті көрініп қалар.

Ендігі мәселе – оның алдына шығып, құшақ жая қарсы алып әуреленудің қажеті жоқ. Мен білетін Кенесары атының тізгінін тартып, тоқтаған жеріне шатырын тігіп, жеке-жеке шақырып, «Дәм татыңдар» дер, ондағысы бізді бір байқауы болар. Алдында жекелей сөйлескенде де осы сөзіміз сөз болсын, шабарманын «Қош келдің» деп жіберейік. Алғашқы жолға сол да жетер, – дегенде Ерденнің түрі бозарып, демі тарылып, дауысы тарғылданып шықты.

Мұнысы – оның түпкі ойын іркіп, бергі жағындағысын әншейін сыздықтата, сыпайылап жеткізгендегі түрі. Оның өзінде де «Соқтығып көрсін» дегенді тісінің арасына қыстырып, сыртқа шығармай, тұншыға сөйлегенінен-ақ билер мен батырлардың барлығы да іштей сезіп, біліп отыр.

«Оның түпкі ойы – ол орысқа қарсы аттанбақ. Ал мен оязбен жақсы бола тұрып, мұны ашықтан-ашық қолдасам, онда келешек не болады? Бір емес, екі Кенесары қатарласса да, дәл қазіргі жағдайда аюдай ақырған орысқа қарсы тұра алмасы анық. Әйтсе де, оған «Әй, Кене, қалың ел түгел тұтаса көтерілсе де орысқа шамаң келмейді. Сібір халқы мен Қап тауындағы, одан қалды Қазандағылармен жең ұшынан жалғасып, сөз әбден пісіп, жетілгенде ғана атқа қонған жөн» десе, оған ол өлсе көне ме? «Кенеке, күш жинап алайық, қазір қол емес», – деген талай ауылды: «Соңыма ермедің, қарсы шықтың», – деп шауып алғаны – соның дәлелі. Ендеше оған ақыл айтып, жөн сілтегеннен де жолына ат, алдына ас, қалтасына қаражат салып, «Ал жолың болсын» дегеннен артығы жоқ» деген ойды ішіне тоқып, оны ашық айта алмай демігіп тұрғанын тыныстағанының өзі-ақ ұқтырып үлгерді.

Кенесарының жіберген хабаршысын да қабақ шытпай қарсы алып, шығарып салды. Бағаналылардың «Келсін» дегені хабаршыларды да қуантты. Келгеннен бері «Бұл бағаналылар не



айтар екен?» деп жатқан Кенесары жігіттері «Келсін» дегенді естіп, енді қуанышты хабарды төресіне жеткізуге асықты.

– Бұлар неге кешікті? – деп алаңдап отырған Кенесары олардың «Құшағымыз ашық, төріміз кең, келсін, қалаған жеріне шатырын тігіп, демалсын. Ел мен жер – Кененің өз елі, өз жері» деп айтты» дегенін естігенде орнынан атып тұрып:

– Бесе, «Бағаналы – басты орда» деп бабаларымыз бекер айтпаған екен, – деп қасындағыларға масаттана, мақтана қарады. Тек Наурызбай ғана:

– Соншама оларды неге әспеттейсің? Қажет десең, қазір-ақ барып шауып, шаңырақтарын ортасына түсірейін, – деді. Оған ағасы:

– Науанжан, ол – бөлек әңгіме, – деді де: – Кеттік бағаналыларға! – деп, жолға шығуға әмір берді.

* * *

Сырдың бойын шарлай өтіп, Арқаның кең жазығына шыққан Кенесары ең алдымен басқа жаққа ат басын бұрмай, тура Кеңгірдің бойында жатқан Алашахан мазарына барып бір-ақ тоқтауға ниет етті, соңындағы қалың қолға оңтүстікке, Алатауды бағытқа алып жылжи беруін тапсырды. Ондағысы – Орта жүздің ең бір құйқалы жері Ұлытау бөктеріндегілердің тамырын басып, өзіменен бірге ілесетіндері болса қолға қосып, қосынының санын көбейту.

«Ә» деп атқа мінгенде Көкшенің бойындағы өзінің түбі бір төрелері: «Бізді бұл іске араластырма», – деп безектеп, бұдан бойларын ала қашқан. Тіпті Қоңырқұлжаның ауылын шабуына да тура келген. Оның бұл ісін Шыңғыс төре не «жөн», не «қате» демей іштен тынып, тым-тырыс жатып алған. Адам салып, хабар жібергенде бұрыннан ілік-шатыс, жекжаттығы бар абақ керейдің биі Есеней: «Мырза маған жоламасын, пәлесінен аулақ», – деп, барған жігітін аяққа отырғызбай қайтарған. Оған «Сен солай десең, мен саған былай жасайын» дегендей, жігіттерін жіберіп, Есенейдің жылқысын айдатып алып еді, сайдың тасындай іріктелген ыңғай бура сан, бұқа мойын, шойын желке



дүр жігіттерін бастаған Еселей кеткенін екі еселеп қайтарып, айдап әкетіп қана қоймай: «Енді бұлай қарай аяқ бассандар өлесіндер», – деп доқ көрсетіпті. «Онымен әлі де толық есеп айырысармын» деген ойын ішіне бүгіп, содан кейін сырғып Сырға шыққан. Оның арғы жағындағы қаптаған Кіші жүздің жігіттері: «Уай, ердік соңыңнан!» – деп атқа мінді. Қоқан ханының жасаған қастандығы да жүрегіннің түбінде тұр. Осының бәрін ойға сала келе Ұлытаудағы балталы-бағаналының бетін байқау үшін арнайы келгенде, соңынан қалың нөкерін көрсетпей-ақ, өзінің шағын жасағымен шығып кетуінің де мәнісі осы.

Жер қайысқан қолмен келсе, былай қарағанда жайдары, жайлы көрінетін бағаналы мен балталының билері мен батырлары «Оу, бұл соғыс іздеп келді ме?» деп, «Еруілге – қарулы» деп едірейіп қарсы шықса, онсыз да үш жүздің ішіндегі көтеріле қоймаған азғантай беделі мен абыройы тіптен төмен түсері анық. Оның сыртында, бағаналылар орыс патшасына бас ұрып, соның дәрегейіне бағынып, оның солдаттарын қастарына алып, оны қорған етіп отырғаны да белгілі. Осының бәрін ой таразысына салып: «Шошытып алмай барайын», – дегені өзгеден бұрын өзінің көңіліне қона қалған.

Сол ойымен ол төрт босағаның билеріне хат жазып, келгенін айтқан. Олар да мұны күндіз-түні күтіп, әбден сағынып отырғандай-ақ құшақ ашыпты. Осыны пайдаланып, арғы жақ, бергі жағына көз жібергендегісі, алдымен Алашаханның іргесіне жетіп, шатырын тігіп, аңысын аңди отырып әрекетке көшу. Мұны қасындағы батырлары да толық қолдаған. Тек туған інісі Наурызбай ғана:

– Несін мәймөңкелей бересіз? Қарсы келгеннің басын кесіп, алдыға түсірейін. Кәне, айтшы маған. «Бұл қазақ қорықпаса сыйламас» деген. Қылыштың жүзі, найзаның ұшымен сөйлесу керек бұлармен, – дегенді қайта-қайта екпіндете айтқанда бұл:

– Жә, болды, араласпа бұған, – деп оны басып тастаған. Ағасының даусындағы ызғардан тұла бойы түршігіп кеткен Наурызбай:



– Ең болмаса біреуінің ауылына ат ойнатып өтейік, – дей бергенде:

– Болды, күшінді кейінге сақта. Әлі де шабатын бас, шағатын шаңырақ табылар, – деп тоқ етерін бір-ақ айтты. Содан көпке дейін ешкім тіс жарып үн шығармаған.

Көк шалғынды Алашаханның іргесіндегі, Кеңгір өзенінің жағасындағы бергі бетіне өтіп, шатырын тіктіріп болғаннан кейін Наурызбайды жеке шақырып, әңгімеге тартты. «Неге шақырдың мені?» дегендей, едірейе қарай қалған інісіне жылы ұшырай қарап, әңгімесін айта бастады:

– Науан қарағым, тым қызбалаусың. Ол болмайды. Себебі не екенін айтайын ба?

– Айтыңыз.

– Айтсам, ол енді былай. Осылай қарай Бұланты өзенінен өткеніміз есінде ме?

– Есімде.

– Сонда «Сонау жаққа көз салшы» дедім бе?

– Дедіңіз.

– Десем, сонда саған не айтқаным есінде шығар?

– Нені айтасыз?

– «Ой-дөйт» деген екен-ай! Ай, «Батыр – аңқау, ер – күдік» деген. «Анау кең жазық, ат шаптырым аймақ – Жошы бабамыздың серігі, найман бағаналы Кетбұқа ноянның ордасы тігілген жер» дедім бе?

– Ие, ие, дедіңіз.

– Десем, саған оны мен неге айттым?

– Қайдан білейін-ау оны?

– Білмесен, білсін дедім. Кетбұқаның ордасының орны – оның төрт босағасының берік қорғаны, өткені мен бүгінгінің арасын жалғайтын алтын көпір емес пе? Тек осы маңай ғана емес, басын әріден алатын Бұлантының бір саласындағы Қарғалы өзеннің арғы бетіндегі, жазықтың үстіндегі жалпақ төбенің басында Жошының нояндары бас қосып кеңес өткізетін, өздері «Кіші Қарақорым» атап кеткен орынды мұндағылар киелі жер санайды. Міне, бұл жерді атой салып, қылыш сермеп, найза



шаншып, аспанға шапшып, «Шауып алам» деген талайлардың талқаны шыққан. Біздің бауырларымызды алдап шақырып алып, өлтірген Қоқан хандығының қалың қолы да күні кеше дейтіндей осы жаққа келіп, ойсырай жеңіліп қалғанын жолай қаншама рет естідің. Рас па?

– Рас, рас.

– Рас болса, сол Қоқаннан біз кегімізді әлі де ала алмай жүрміз. Ал бұлар оларды қойдай қуып, қынадай қырып салды. Ондай күші бар бағаналылар біз келді екен деп қол қусырып қарап отыр дейсің бе?

– Не істей алады?

– Не істей алатынын білмеймін. Білетінім, біз ештеңе де істей алмаймыз. Ия, әзірше. Қазір күшіміз толық емес. Қалың қолды толық жасақтап, содан кейін келіп, бұлардан жөн сұрасақ болады. Бұл жолы сыйластықты алға ұстасақ ұтылмаймыз.

Ұлытауда орыстың солдаты от қаруын оқтап, осылардың өмірін күтіп, әзір отыр. Төрт босағасында кем дегенде қырық мың түтіні бар бағаналы бір дегенде соншама қолды атқа мінгізе алады. Олардың кім біледі қайда тұрғанын? Олай-бұлай бола қалса, көкте ойнаған жасындай, жер астынан шыққандай, жыпырлап көктен түскендей, күпіге жабылған кедейдің битіндей қаптап қоршап алса, қашатын жер таба алмаспыз.

– Сонда не істейміз? Бір бағаналыға әліміз келмесе, орыс патшаға шауып не бітіреміз?

– Сол үшін де тұтас қазақты тік көтеруге шықтық. Үш жүздің басын қосқан ұлы жерде хандықты қайта көтерсек, осы бағаналыдан бастап, басқалары да бізге мойын ұсынатын болады. Иісі қазақтың қалың қолын жасақтап, от қаруды қолға алып, «Алла!» деп атқа қонсақ, орысың да, орманың да, оның арғы жағындағылары да сөз емес. Тек бұйығы қазақты ұйқысынан ояту ерек. Ол үшін енді сонау Ұлы жүздің ұлдарымен де тіл табысу біз үшін өте маңызды.

– Түсіндім. Ұқтым. Бірақ, басқа-басқа, әлгі Есенейдің құдасы Қарабала Қадір бидің үрейін бір алып, «Жан сауға» дегізсек қалай болады? Анау Есенейдің де сонда есі кіреді.



– Жо, жо, жоқ. Қайта сол Қарабала Қадір биге арнайы хат жазып, өзін қонаққа шақырып, достық пейілмен қарсы алып, иығына шапан жауып, астына жүйрік ат мінгізейік.

– Не үшін?

– Ол Қарабала Қадір би – бағаналылардың әрі биі, әрі пірі.

– «Пірі» дегені не тағы?

– Ол, ол ма, түйінді сөздің түбі де сол Қадір биде. Ал пір дегені – тұтас бағаналының алдына ұстаған басшысы, діни сауаты мол білімдары, ақылманы, орданың басшысы болып саналады. Төрт босағаның тірегі – дін ұстаған пірінде. Өне, әңгіме қайда. Менің түсінігімде, бұлар бергі жағыменен жылы қабылдағаныменен де, арғы жағы тас түйін отыр. Сондықтан да таңертең бас алқа биді тұп-тура сол Қадір бидің өзіне жіберейін. «Бидің тілін би білер» деген. Сөйлессін. Шақырсын.

– Ал біз не істейміз?

– Біз бе, біз сол Қарабала Қадір бидің жақыны, туысы, Асанұлы Есалының ел аузына аты ерте ілінгені Құлшық мырзаның ауылына ат басын тірейміз. Оның бізді күтіп алатындай жағдайы бар ма, жоқ па, көреміз.

– Оның ауылы алыс па?

– Жоқ. Осы Кеңгірдің бойында. Біздің келгенімізді ол елден бұрын біліп отырса керек. Соған баратындарды іріктеп, ертең таң намазынан кейін жолға шығайық. Ерте барып, өзін састырып, әбігерге бір салайық. Құлшықтың қол қусырып алдымызға келуінің өзі де біздің пайдамызға шығар іс. «Өне, Құлшықтың өзі Кенесарыға қол қусырып, бас иді» десе, өзгелеріне сес.

– Ендеше, сонда тез барайық. Мен мұнда қамалып отыра алмаймын. Шығайық жолға, – деген Науанның көзі шоқтай жайнап сала берді. Інісінің бір жерде байыз тауып отыра алмайтынын жақсы білетін Кенесары:

– Ал онда таң ата барайық. Бүгінгі бесіннен кейін жігіттердің бірі Құлшықтың ауылына атансын, – деп, жан дегендегі жалғыз інісі, жанына ерген серігі, арыстан жүректі Наурызбайға дем беріп, оның көңілін көтере түсті.



Бағаналының төрт босағасының ішіндегі іргелі бұтағы саналатын Қарабала – Төртқара – Сарғалдақ болысының сөз ұстаған игі жақсыларының алға ұстаған, үлгі тұтарларының бірі – сол Асанұлы Есалының шаңырағы. Үш ұлының үшеуі де ерте есейіп, ел тізгінін ұстауға ұмтылып, «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дегендей, ауыл-аймақтың қай шаруасына болса да еркін араласқан кезі.

Әсіресе, Құлшықтың ширақтығы, пысықтығы мен сөзге ұсталығы кімді болса да өзіне бірден тәнті етіп, өзінің соңына ертіп ала қоятын. Содан да шығар, оның маңайына жиналып, айтқанын екі етпейтін жақын-жуықтары да жетерлік. Қай-қайсы болса да: «Құлшық айтты – сөз бітті», – деп оның айтқанынан шықпайды. Ал Құлшықтың өзінің бас тіреп, ақыл-кеңес алары – аталас ағасы Қадір би.

Екі күннің бірінде болмаса да, Қадір бидің алдына барып, атқарғаны мен ендігі атқаратын ісінен хабардар етіп, ой тоғыстырып алудан ол әзірге жаңылған жоқ. Бұл жолы да Қадір биге сөлем бере барғанда, би оған:

– Артында қалың қолы бар Қасымның ұлы Кенесары келе жатыр. Одан не білдің? – деген. Өзі де осы мәселені қауза келген ол бөгелмеді.

– Кенесары «Қалың қазақтың басын қосып, хандық құрамын» дейтін сияқты. «Сол үшін атқа мініп, орыстан құтыламыз» дейтін көрінеді. Менің естігенім де, білгенім де осы.

– Естуіңнің де, білуіңнің де қателігі жоқ. Елдің қамын жеген ер туса, оған қуана бер. Алда-жалда, бүгін-ертең демейін, әйтеуір осы жаққа да аттың басын бұра келсе, ойың қалай?

– Би аға-ау, мендегі ой – сіздің айтуыңыз. Сіз не десеніз, біз сол жақтамыз. Өзім де сол үшін әдейі келгенмін.

– Келсең, келгенің өте дұрыс. Әңгіме былай: оны ойдағыдай қарсы алып, күту керек. Ол, білуімше, маған тіке келе қоймас.

– Неге?

– Негесі сол, ол әлгі біздің Есеней құдамен қырғи-қабақ болып жүр. Соны бетіне шіркеу етеді білем. Алдымен саған ат басын бұрар. Хал-жайыңды сұрар. Байқар. Сыр беріп, сырғақта-



ма. Арнап үйінді тік. Ол ертелі-кеш, беймезгіл бір уақытта сені сынау үшін келіп қалар. «Пәленше дұрыс күте алмапты» деген атқа қалып, атың аталып, сүйек сындырма. Екіншіден, үйінді жаңа жұртқа қондыр. Ыдыс-аяқ, сүлгі-орамалыңа дейін бұрын ұсталмаған болсын. Үшіншісі – оны күтетін жігіттер атан жілікті, арыстан жүректі, жұмыр білекті, бұлшық еттері бұлт-бұлт ойнап, бұла күшті сыртқа сұратпай-ақ сездіретін, көздері шоқты, сөздері отты болсын. Батыры да, бағыланы да көздерімен көріп, «Пәлі, мыналардың мынауысы мынадай, ал атқа мінгендері қандай?» деп таңдайларын қақсын. Төртіншіден, оны тек жігіттерің күтіп, солар аттандырсын. Қыз-келіншек, бала-шағаны шуылдатып алдынан шығарма. Ту биені дайындап, келген бетте көлденеңдете тартып, батасын алып, алдынан өткіз. Енді басқа не қалды? Кенесарының басына құндыз бөрік кигізіп, иығына шапан жауып, астына көз сүйсінерлік сәйгүлікті мінгіз. Одан әрісін өзің білерсің, – деп бір дем алған Қадір бидің сөзін бөлмей тыңдаған Құлшық:

– Өзім де дәл солай ойлағанмын. Осыған қоса, «Ол ауылға жақындағанда атқа мініп, сыртқа бет алсам» деп те ойладым. Ондағым – «Ол оған қандай мінез көрсетер екен?» деген ой. Әкіреңдеп, айғайға баса ма, әлде бағаналының іргесіне кіргенін біліп, аяғын кейін тарта ма, аңысын аңдып көрейін дегенім. Бұған қалай қарайсыз?

– Ауылға ол кіріп келе жатқанда алыстан із тастап, көрініп кеткенің жөн. Әйтпесе, «Құлшық қорқып қашып кетті» деп жүрер. Көре тұрып, көрмеген кейіппен кете берсең, өзі бір ыңғай танытар, – деп би өзінің ойын қосты.

Қарабала Қадір бимен бар шаруасын келісіп келгенде, оны күтіп отырған Кенесарының шабарманы: «Ертеңгі күні Кенесары осында ат басын тірейді», – деген сәлемін жеткізді. Оған: «Мақұл», – деп ризашылық пейілін білдіріп, шығарып салысымен жігіттерін жинап, ұсталмаған, бұрын тігілмеген он екі қанат ақ үйді шалғынды жазыққа тіктіріп, ту биені алдырып, ертеңгі мейманды кім қалай күту керегін тапсырып, тиянақтап



болысымен, маңайына күзетті күшейтіп, өзі аз-маз дамылдауға кетті.

Күндегісінен ертерек тұрып, атын ерттетіп, жігіттеріне кешегі берген тапсырмаларының жайын анықтап, күзетке қойғандардан: «Алыс-жақыннан көзге не шалынады?» – деп нақтылады. Құлшықтың кімді қонақ етерін білмесе де, «Әйтеуір тегін емес, өзінен де ірі біреу болды ғой» деп топшылаған жігіттер: «Кенесарыны күтеді екен», – дегенді естігенде, естерінен танып қала жаздады.

Олардың бұрынан бері: «Кенесары ұнамаған ауылды шауып, шаңырағын ортасына түсіріп, ойран-асырын шығарып кетеді», – дегенді естігендері де қобалжыған көңілдерін тіпті де аударып-төңкеріп жібергендей. «Құлшықтың өзі бір жөнін табар», – деп іштеріндегі әлдебіреуі басу айтқаннан кейін барып сабыр сақтап, кешегі күні: «Ешкімнің алдында бүгіліп, бүкшендемеңдер. Еркін, осы ауылдың еркесі, серкесі екендеріңді ұмытпай жүріңдер», – деп Құлшықтың неге қайрап айтқанын енді ғана ұққандай болған олар лезде бойларын тіктеп, «Келсе келсін, көрсін» дегендей кейіппен байыптанып, бипазданып қалды. Құлшықтың көптің ішінен не үшін өздерін таңдағандарын да енді түсінгендей.

Қыр басында қарауылда тұрған жігіт: «Келе жатыр», – деп белгі бергенде Құлшық торы жорғаны мініп, олардың алдын орай, көлденеңдете, көз алдарында көрінетіндей болып кете берді. Алдарынан қиғаштай өткенді құр жібермейтін Наурызбай:

– Мен барып, оның басын алайын, – деп атын солай қарай бұра бергенде Кенесары:

– Науан, – деді. Ол кілт тоқтады. – Ол сенің жолың емес, жігіттерді жібер. Біз жолдан қалмай, жүре берейік. Анау ауылға алып келсін. Кім екенін сонда көріп, сөйлесеміз, – деді де, өзі тоқтамай, алға қарай «шу» деп жүре берді.

Аршыған аппақ жұмыртқадай болып, алыстан көзді арбай көрінген ақ шаңқан үйлерге екпіндете келіп, ақ ордаға ат басын тірегенде, ортадағы үйден ақ жаулығы көзді арбап, өзі бапта-



нып, бипазданып, ырғала басып Құлшықтың бәйбішесі Бибіа-
жар меймандардың алдынан шығып, келгендерге иіле сәлем
беріп: «Хош келдіңіздер», – деп, бүгілген белін жазбастан, ықы-
ласты пейілін танытты. Даусы сыңғырлап тұр. Үні таза. Тілі
майда. Киген киімі дәл өзіне құйып қойғандай, сәні мен салта-
натын асырып, абыройын биіктетіп тұр. Алдарынан ер азамат-
тың бірі шықпай, әйелдің қарсы алғанына іштей қаны қайнап
тұрса да, онысын сыртқа сездірмей Кенесары:

– Уай, бәйбіше, бұл қай ауыл, кімнің ауылы? – деп даусын
көтере тіл қатты. Осылай сұрарын білгендей, ол да кідірмеді.

– Бұл ауыл – алдымен бір құдайға, одан қалды Құлшыққа
қарап отырған ауыл, – дегенде Кенесарының түрі өзгеріп, жақ
жүні үрпиіп кетті. Қаншама өзін-өзі ұстайын дегенімен де,
кеше өзі баратынын айтып, адам жіберген Құлшықтың мұны
қарсы алуға өзі шықпай, қатынын қалдырғаны намысын осып
өткендей.

– Құдайдан кейін қарап отырған сол Құлшықтарыңның
өзі қайда? – деді. Бұл жолы Кенесарының даусы тым қатал
әрі ызғарлы шықты. Келбеті келіскен, тұлғасы толыққан, ақ-
жарқын да ашық мінезді Бибіажар бәйбіше де ештеңеден қысы-
лар емес.

– Ол кісі «Ауылға мейман келеді» деп жолға шығып кетіп
еді, – дегенде үнінде еш абыржу не жалғандық байқалмады.

– Ә, солай ма? – деп, Кенесары жігіттерін жіберген жаққа қа-
рағанда орталарына манағы жеке кеткенді алып келе жатқан-
дарға көзі түсті. Манадан бері «Келетінімді біле тұра қашып
кеткеннің не екенін көрсетейін мен саған» деп түтігіп тұрған
түрі әлгіндегі бәйбішенің «Мейман келеді деп...» деген сөзінен
кейін сәл жібігендей болғаныменен де, онысын сыртқа сездір-
гісі келмеді. Сөйткенше су төгілмес жорғасын тайпалта жеткен
Құлшық жақындай бере:

– Асалаумағалейкум! – деп даусын көтере сәлем берді. Оның
сәлеміне жауап орынына:

– Оу, сен кімсің өзі? – деп оған жанарын тіктей қарағанда ол
күлімсіреген қалпы, сыпайылығын сақтап тіл қатты.



– Мен – Есалының ұлы Құлшықпын.
– Оу-и-ай, сен ауылыңа менің келетінімді біліп қаштың ба?
– Жоқ. Келетініңізді біліп, қасыма өзгені ертпей, алдыңыздан өзім жеке шығайын деген едім.

– Е, онда неге алдымнан шықпадың?

– Менің топшылауымша, мына бағыттан келер дегенмін.

– Сөйтсең?

– Ие, сөйтсем, сіздер төменнен шықтыңыздар.

– Әй, әй, тарт тіліңді. Кім төменнен, кім жоғарыдан шыққанын ажырататын сен бе едің? Мен – өрісі сонау Шыңғыс ханың тұқымымын. Төремін. Осыны ұмытайын деген екенсің, ә?

– Жоқ, төрем, жолдың ретін айтқаным, хош келдіңіз. Күтіп алудың бар жайы жасалып, арнап үй тігіліп, жігіттер батаңызды беруді күтіп тұр. Арнап тігілген ақ ордаға ат басын тіреңіз, – деп, Құлшық бұл жолы даусын сәл болса да көтеріңкірей шығарды.

Оның дауыс ырғағының бұлайша құбыла қалуын өзінше топшылаған Кенесары енді оның отты жанарынан көзін алмай, тіктеп қарай қалды. Екеуінің де көздері арбасқандай. Кірпіктер қимылдамай, қас-қабак қозғалыссыз, алған демнің ырғағымен тұла бойдағы қан тамырларында асау толқын ойнағандай, кеуде тұстарының шымыр-шымыр еткізгені байқалып-ақ қалды. Осынау қас қағым сәт кімнің кім екенін де аңғартып өткендей. Өзінен тайсалмай, көзін тіктей қараған Құлшықтың бойында қуат, ойында таусылмас терең суат барын аңғарған Кенесары қасындағыларға бұрыла қарап:

– Бұл бір аруақ қонған текті ауыл екен. Түсейік, көне, Құлшық, бастай бер бізді, – деп, өзінен өмір күтіп тұрған оған жылы ұшырай қарады.

Сайдың тасындай, бірінен бірі өткен, мықты жігіттердің қимылдары ширақ. Кенесары мен оның қасындағы игі жақсыларды төрге оздырып, күтімнің барлық талаптарын сақтай отырып, тік тұрып қызмет көрсетті.

Осының бәрін көзбен көріп, өзіне-өзі есеп беріп отырған Кенесары «Құлшықтың қиғаштай шығып, «Күтіп едім» дегені де,



әлеңкедей жалаңдаған жігіттерін маң-маң бастырып, бұларға жатып жастық, иіліп төсек болуы да, түштеп келгенде, бағаналының, әсіресе, Еснейдің құдасы Қадір бидің «Қалай етер екен бұған, алдынан жеке, бөлек, қиғаштай шық» деп арнайы тапсырғаны шығар, «Қайтер екен, шу шығара ма, әлде қалай боларын байқайық» деген-ау...» деген ойға тоқтап, «Бұлардың бірлігіне бір күні балта шабармын, ол күн де туар-ау» деп, бұзыла бастаған көңілін лезде өзгертіп:

– Құлшық мырза, Қадір би ауылында ма екен? – деп оған және бір көз салды. Оның бұл сұрағының арғы жағын ұғынған Құлшық та:

– Әрине, ауылында. Қайда кетуші еді? – деп байланысы барын байқатты.

Құлшықтың бұл жауабы оған «Барсаң, ауылы орнында» дегендей болып естілді. «Одан артық бұдан енді ештеңе де сұрап әурелемей-ақ қояйын» деп, қайтуға рұқсат сұрағанда ол да артық сөз қоспай:

– «Рұқсат – бір Алладан» деген, – деп бұрынғы үлкендер айтатын аталы сөзді алға тартты.

Кенесары ауылдан аттанарда Құлшық, алдындағы Қадір би тапсырғанындай, алтын зерлі, күміс ерлі, мінсіз ақбозды алдына тартып:

– Кенеке, мынау су төгілмес боз жорғаны сыйластықтың белгісі ретінде қабыл алыңыз. Иығыңызға жабылған құндыз шапан – қалың елдің қолдауы деп білерсіз, – дегенде талайдан алып, талайға беріп жүрген Кенесарының жүзі гүл-гүл жайнап шыға келді. Әсіресе, Құлшықтың «Қалың елдің қолдауы» дегенін естігенде адами көңіл мен пендешілігіне басып:

– Рақмет! Рақмет! – дегенді екі мәрте даусын шығара айтқанда артында тұрған Нарызбай:

– Аға! – деді. Наурызбайдың осы бір ауыз сөзі оның есін тез жиғызғандай. «Не болды сонша түк көрмегендей? Бұл бағаналы бізді сыйлап беріп тұр дейсің бе? Қорыққанынан, бір жаны үшін беріп отыр. Оған несіне алғыс айтып әспеттейсің?» дегенді



«Аға» деуге сыйғызып, тісін шықырлатып, түрі сұрланып шыға келді.

Інісінің кей-кейде осылай бір оқыс мінез шығаратынын білетін Кенесары енді бұл ауылдан жылдам аттанып кетпесе, Науанның әлденені бүлдірері анық екенін біліп, Құлшыққа қарата мойнын бұрып:

– Рақмет! Алладан қайтсын! Енді біз аттанайық, – деді.

– Рұқсат – Алладан, – дегенді Құлшық бұл жолы дауысын бұрынғыдан да көтере айтты.

Атына мінгені сол, енді бір қарағанда Кенесары қасындағылармен бірге сонау алыста, көз ұшында құйғытып, құйындай ұйытқып бара жатқанын көріп тұрып Құлшық еріксіз ойға шомды: «Апыр-ай, мынаның түрі қандай суық болса, жүрісі де суыт екен. Біразға барар, бірақ, «Шапқан аттың да, ұшқан құстың да бір тоқтайтын кезі болады» деуші еді, қашан, қайда барып тоқтар екен? Маңдайы тасқа соғылып, қанаты қайырылып қалар ма екен-ау?

Қайран сабазым! Өттең, мына заман ырқына сені көндірер ме, әлде сен заманның тізгінін қолыңа алып, көктен жұлдыз қағарсың ба?..»

Осының бәрін де түптеген Құлшық қалың ойдың құшағына ене берді. Қалай десе де, көз алдында Кенесарының келуі мен кетуі әлдебір таң алдындағы тәтті ұйқыға берілген кездегі көрген түстей көзінде жатталып, көңілінде кетпестей болып сақталып қалғанын білді. Білді де: «Әр кезеңнің бір заңғары болады» деген. Бұл кездің сұңқары да, тұлпары да, бөлкім, осы Кенесары болар. Бірақ біз оны біліп, бағалай алсақ жақсы, әйтпесе, бұл да алдындағыларға ұқсап, өз кеудесін өзі ұрып, «Аллалап» аттан құлап түспесе, кім білсін... Қайран сабаз-ай!» – деп, оның кеткен жағына тесіле қарап, көпке дейін орнынан қозғалмай тұрып қалды.

Кенесары бағаналының төрт босағасының билерімен жеке-жеке әңгімелесіп, сыр алысып, кеңескенін жан-жақтағылар да, орыс патшалығының жансыздары да айқын аңғарып, онда не айтылып, кімнің не дегеніне дейін біліп отырды. Әйтсе де,



Кенесары мен Ерденнің жеке, көзден таса, оңашада жүздескені жайлы ол екеуінен басқа жан баласы ештеңені де біле алмай дал болды. Кенсарының Ерденге:

– Қазақтың хандығын көтеріп, өз алдына ел болуын қалайсың ба, жоқ па? – дегеніне Ерден мырс ете күліп:

– Өзің қалай ойлайсың? – деп жауап берді. Оның қара сөзден қамшы өретін шешендігінен хабары бар Кенесары:

– Өкең Сандыбай, оның әкесі Төлек батыр бабам Абылайдың кезінде азаттық үшін атқа мінгені белгілі. Ендеше сен де сол жолда болар деген сенімім мол, – деп оның жүзіне қарағанда, Ерден бұл жолы еш бүкпесіз, ашық түрде:

– Сонда қалай, өзіңді Абылай мен Төлек дегенің бе? Олардың кезі мен бүгінгінің сөзі де, өзі де өзгергенін көз көрді. Атқа мініп, атой салып, найза тіреп, қылыш шабатын соғыс артта қалды. Ормандай көп орыстың от қаруы бір атылғанда ондап, жүздеп құлатады. Сенде ол әзірге жоқ. Барының өзі мардымсыз. Оның сыртында, үш жүздің қазағы бірі қалмай атқа мініп, ұрандатып орысқа шапса, сүйектері далада шашылып қалады. Ол үшін дәл осы бетте қарсы шабу емес, қару жинап, арғы-бергі елмен тілдесіп, ормандағы мен тау бөктеріндегілердің де атқа мінуін күту керек. Бастаманды қолдаймын. Орыстың үрейін алуға қазіргің де жарап тұр. Басқа елдің ерлері де осының соңын күтуде. Ендеше, қазақтың басын қосып, бір жерге біріктіріп, екі-үш жыл дайындық жүргізсе, бұратана атанып, танауы тесіліп, өмірі өксікпен өтіп бара жатқандар қатарыңа өздері-ақ іздеп келіп қосылады. Тіпті орыстың өз ішінен де қаруын алдына алып, «Кенесары» деп келетіндердің легі көбейеді. Міне, сондай сәт туғанда ғана ормандай орыстың шаңырағын ортасына түсіруге болады, – деп, көптен көңілінде жүрген ойын ащы запырандай бір ақтарып салды.

Ерденнің айтқандарын оның сөзін бөлмей тыңдаған Кенесары сәлден кейін барып:

– Батыр, Қоқанды шапқаныңды естідім. Орыстың от қаруын қолданыпсың. Өзің орыстың қызметіндесің. Оны бүкіл ел біледі. Менімен кездесуіңнің өзіне де жасырын келуің – сырт көзден,



тілден сақтанғаның. Дұрыс та шығар. Бірақ «Қазақтың күні туар сәтте шегініп, бұғып қалатын азамат сен болады» деп үш ұйықтасам түсіме бір кірмейтін еді. Ендігі сөзіңді естіп, өзіңді көріп тұрып «Мұның не ойлағаны бар?» деген ойға қалғанымды жасырмаймын.

Рас, қол астыңда орыстың сақадай сай әскері барын білем. Ауылыма тіке шаба алмайды дерсің. Төлектің ордасын шапсам, онда менің кім болғаным? Оның бер жағында, ұранға шыққан әкең Сандыбайдың әруағына қалай қарсы келемін? Ал, әйтпесе, Ерденнің Ерден екеніне қарап аттың тізгінін тартып тұр екен деме. Бірақ аталарың соңына ерген Абылайдың ұлдарын сен қолдамасаң, оны кім қолдайды, ә? Маған осыны айтшы.

– «Кенесары келе жатыр» деген хабарың өзіңнен бұрын жеткені рас. Жолыңды да, жөніңді де жақсы білеміз. Бағаналының батырларының ішінен жасағыңа қосылатындары болса, ол – олардың өз еріктері. «Олар неге оның соңынан кетті?» деп орыс маған айта алмайды. Ал мініс аттары, сойыс малдары, қаражат-қаржы жағынан төрт босаға түгел қолын созады. Бұл – бір, екіншіден, Абылай бабамыздың атын атап қалдың. Үш жүздің хандары таққа отырған Ұлытауға босқа келмегенің де белгілі. Хандықты жаңғыртып, орыстың үрейін аламын десең, құба-құп. Менің өзім ол шаруаның қасында болмасам да, төрт босағаның игі жақсылары, барғысы келгендер бара берер. «Оларды да сен неге жібердің?» деп орысың да, одан әрісі де маған өкпе айта алмас. Ендеше, «Хан ордасында ақ киізге отырамын» десең, ақ тілегім ортақ. Өкініштісі – мен ол жерде бола алмайтыным, – деп Ерден енді әңгіменің екінші жағына бет бұрды.

Оның бұл сөздері әлгінде ештеп жасыңқырап қалған Кенесарының көңілін сәл болса да көтере түсті. «Осының айтып тұрғаны рас па, өтірік пе?» дегендей, ішкі түйсігі түрткілеп, ойдағы сұрақты кейін сырып тастап:

– Ойымнан дәл түстің. Алашаханның ақ ордасы тігілген хан аралындағы «Хан ордасын» білетін боларсың?

– Білемін.



– Білсең, сол жерге күні ертең ордамды тігем, үш жүздің мені қолдайтындарының бәріне «Келіндер» деп сәлем айтылған. Сәрсенбінің сәтінде, аманшылық болса, көптің қолдауымен, Алланың қалауымен ақ киізге отырып, хан тәжін кисем деген ниеттемін. Ішінде боларсың.

– Алла ниетіңді қабыл етсін! Бірақ мен ол жерде болмаймын. Оған алаңдама. Орыстың өріп жүрген жансыздары, өзіміздің аузын бусаң, арты сөйлейтін жағымпаздары «Бұл Ерденді енді бір тұрмастай сүріндірейік» деп ізімді бағып жүргенін білерсің. Өзім сыртта болғаныммен, көңілім бірге. Әлгінде айтқаным – айтқан, күні ертең ағам Дүзеннің жігіттері үш жүз сәйгүлікті алдыңа апарып салар. Алтын мен күмісті де жеткізер. Қайда жүрсең де амандық-саулығыңа тілектеспін. «Көптің ішінде болмады-ау» деп көңіліңе алма. Қайта былайғы жұрт «Бұлардың арасы жақсы емес екен» десе, ол да дәл қазіргі жағдайға дөп келер, – деп Ерден Кенесарыға ішкі сырының бар қыртыс-тыртысын жайып салды.

Кенесары оның әр сөзін мұқият тыңдай отырып, «Япырай-ай, бұлар бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай сөйлеуін қарашы» деп қайран қалды. Осының алдында қасындағы бас алқа биін жіберіп, Қарабала Қадір бидің тамырын басып көргенде, ол да:

– Келсін. Ел мен жер өзінікі, – деп емен-жарқын мінезін білдірген.

Сол бетпен оған барғанда, ол өшкені жанып, өлгені тірілгендей қуанып:

– Асылдың сынығы, тұлпардың тұяғы, – деп, жатып жастық, жайылып төсек болып құрақ ұшқан. Сонысына орай әңгіменің төтесіне көшкенде, ол да дәл осы Ерденге ұқсап:

– Қолдаймын. Құптаймын. Мал мен қаражаттан қысылма. Бірақ хан сайлауына қатыса алмаймын. Жігіттер түгел барады. Өзім көптен бері сырқаттанып, енді-енді ғана көтеріліп келемін. Осыған орай, ауылдан алты қадам аттап басуға мұршам келе ме, келмей ме, біле алмаймын. Алда-жалда тәуір бола қалсам, қасыңнан табылармын. Ал ат үстінде қисайып отырып, бел майыстырып, жақ қарыстырып қайтсам, әлдебіреулер «Әне қарашы,



өлейін деп отырып...» деп сұқ саусағын шошайтса, атыма да, абыройыма да дақ түсер. Тілегіңді төңірім қабыл етсін! – деп, сақалын сыпайы сипай шығарып салған.

Ол сол күні алдын ала дайындалып қойған үш жүз сөйгүлікті: «Бұл – біздің Қарабала-Сарғалдақ-Төртқара болысынан», – деп шұбырта айдатып, Кенесарының қосына жеткізген. Енді, міне, мынау Ерденнің сөзі менен Қадір бидің келісімдерінің бір екеніне мұның көзі бұрынғыдан да бетер жете түсті.

Төрт босағаның билерінің ішінде мұны:

– Келер деп күтіп едім. Келдің бе? – деп, Бөкеншінің Бабыры алдынан өзі шығып қарсы алды. Бабыр жайлы ел ішінде жылы-жылы сөздерді көп естігендігінен бе, оған бұл да ерекше бір ықылас-пейілін төге амандасты.

Бабырдың әкесі Бөкеншінің де елге қызметі үлгілі болғанын құлағы шалған. Ал Бөкеншінің әкесі Бектемір Арқа мен Сібірдің арасын еркін аралап, сауда сүрлеуін салып, алыс-берістің керуен жолын қалыптастырған, замандастарының алдында жүрген жан болған.

Осы бағаналының ішінде өзіне жеке мөр жасатып, келісім-шартқа қолын қойып, мөрін басып, растауды, рәсімдеуді де қалыптастырғанын оның көзін көргендер аңызға бергісіз әңгімелегенінен хабардар. Атаның даңқы, өзінің адал қалпынан таймаған Бабырдың айтқаны әділ, болжауы дәл болатынына да қалың ел тәнті. Сол Бабыр онша-мұншаға орнынан тұрып, қозғала қоймайды. Тек бұл жолы Кенесарыны өзі күтіп, атынан қолтықтап түсіріп алғаны да құрметтің, ықыласының ерекшелігін айқындағандай.

Бабырдың күтімі мен пейіліне мейлінше тәнті болған Кенесары аттанарда хан ордасына келуін, одан әрі қырғызға асып кетерін айтып, «Рақмет» дегенді ашық көңілмен жадырай жеткізді.

Бабыр би:

– Хан ордасына барамын. Ал қырғызға аттансаң, жиырма төрт ұлымның ішінен ержүрек он бірін соңыңнан ертемін, – дегенде Кенесары:



– Алла жар болсын! Қасыма балаларыңды қосқаның – маған, менің ісіме сенгенің деп білейін. Екі дүниенің қызығына кенелуіңді дұға етіп тілермін, – дегенде көзінің алды кілкіп шыға келді.

Қанша қатал, қатыгез дегеніменен де, ет пен сүйектен жаралған пенде емес пе, Бабырдың өзінің қанынан жаралған он бір ұлын көрер көзге ажалды сапарға жіберуі Кенесарының көңілін босатып, жүрегін елжіретіп жіберді де:

– Шіркін-ай, бар қазақ осылай қолдаса, тау қопаруға болар еді-ау, – деп тебірене теңселді.

«Бағаналының төрт босағасының бозжорғасы» атанған Ақтаз Шалабайдың Шегірі өзіменен бірге Уәйіс пен Дүтбай батырды ертіп келді.

– Шегірі келді, – дегенде ол:

– Кірсін, – деген. Кенесарыға даусын шығара:

– Ассалаумағалейкум! – деп сәлем бере есіктен еркін енген Шегірдің бітім-болмысын көзімен бір сүзіп өткен Кенесары:

– Уағалейкумассалам! – деп сәнімен жауап қатып, қасынан орын ұсынды. Бұл «Осы жерге отыр» дегенін түсінген Шегірі тізесін бүге, қисайып келіп, нығыздала жайғасты. Өлдекімдерге ұқсап, елп ете қалған жоқ. «Ұсынған орның осы болса, ал отырдымның» кейпін ұқтырды. Қол бастаса – көсем, сөйлеп кетсе – шешен, боз жорғадай көсіліп сала беретін Шегірдің сәл нәрседен кірпідей жиырылып, кірпияздана қалатынын сырттай естіген Кенесары енді оның өзін көріп, «Мынау алысса алатын, жарысса озатын нағыздың өзі екен-ау» деп бір ой түйіп, артынша «Е, кешегі Тәуке ханның Аталығының ұрпағы осылай болмағанда, бұл енді қалай болушы еді?» деп ар жақ, бер жағын және бір шолып өтті.

Кенесарыға «Ал келдім, сәлем бердім. Айтарың болса, айт. Сұрайтының болса, сұра. Келген ізім суымай тұрғанда, ашық-жарықта мен қайтайын» дегенді отырған орнынан әрлі-берлі бір-екі рет ырғала қозғалақтап-ақ аңғартып өткен биді бұдан әрі үнсіз қалдыруға болмасын ұққан Кенесары:



– Уа, Шегір би, төрт босағаның билерінің соңынан кешігіп келдің. Жол алыс па, әлде көңілің алыста ма? Айтшы осыны, – деді.

Оның өзінен осылай сұрар-ау деп алдын ала ойлағаны болды ма, әлде сауалына сай келгеннен кейін бе, Шегір шегінбеді:

– Уай, төрем, жер алыс емес, көңіл қалыс емес, келгендер есіктен топырлап кірді ме, әлде бір-бірлеп, жеке-жеке енді ме – осының басын бір ашып берші, – дегенде дауысы құлынның мойнына таққан күміс қоңыраудың дыбысындай күмбірлей шықты. Сұрағына сұрақпен жауап тосқан оның әлдене ойлағаны бар дегендей, Кенесары:

– Е, төренің табалдырығын топырлай басып, төрге озатынды қайдан көріп, қайдан естідің? Төре тұрмақ, қаймана қазақтың есігінен ентелей енген кімді көріп едің, ө? – дегенде, Шегір де жұлып алғандай:

– Өне, төрем, өзің айттың, есігіңнен бір-бірлеп енсе, оның бірінші кіргеніне, болмаса соңынан енгеніне берер бәйгең, салар айыбың қандай?

– Әй, сен не айтып кеттің? Не айтқың келіп отыр? Былжыратпай ашып айт.

– Әңгіменің ашығын айтсам, менің алдымда келіп саған сәлем бергендер есігіңнен бір-бірлеп кіргенін білдім. Ендеше, кезектің маған келгені осы болды. Сонау белдің арғы жағында менен бұрын келіп, сәлем беріп, қуана шыққандарға қызыға қарап, «Мені төре қашан қабылдап, қашан «келсін» деп айтар екен?» деп, күнге күйіп, желге қақталып, орнымда тұра алмай, ұшып кетуге шақ қалып, күте-күте күдерімді күйдіріп, үмітімді үздіріп, «Қой, енді болмас» дегенде жасауылың «Кір» деді. Есігіңді ашып, дидарыңды көрдім, үніңе құлақ түріп, дауысыңды естідім. Менен бұрынғылар да «Қош келдіңіздер» деген шығар. Мен де соны қайталап айтсам айып етпе, жолыңды Алла оңдасын, періштелер қолдасын, алдыңда не артыңда еш жамандық болмасын. Ғайып ерен, қырық шілтен әр кезде болсын жолдасың. Қастық еткен әманда екі дүниеде де оңбасын. Алла осы тілеген тілегімді қабыл етсін. Міне, бізден тілек осы.



Тілек тілеу – пендеден, қабыл ету – Алладан. «Атқа мінгенің – ажалға мінгенің» дейтін бұрынғылар, бұл тілегімді «Тұлпарың жүйрік, қылышың өткір, қалқаның берік болсын, алдыңнан қазылған ор кез болмасын» дегені деп білгейсің, – деп Шегір енді ентелей, екі тізесіне салмағын сала, шарт жүгінген қалпында екі иығын кезек-кезек көтеріп, қанатын қомдаған қырандай қозғалақтай берді.

Бұл «Бұдан әрі отыра бермейін, келдім, кетемін» дегені екенін тағы бір байқатқанын түсінген төре:

– Жігіттер, дәмді әкеліндер. Би отырып қалды. Жайлап, жайғап әкелгендерінше сол болып жатыр. Қалай дегенде де, шаңыраққа сәлем бере енгеннен кейін үй егесі мейманын күтіп, ренжітпей аттандыру міндеті емес пе, солай ма, биеке? – деген Кенесарыға:

– Бұл айтып тұрғаныңыз – әр қазақтың бойындағы қасиеті, оны, төре, сіз де қолдап, солай етемін десеңіз, оған кім «Әй, мұның не?» дейді? Қазақы дәстүр төреге де жат емес шығар, – деген Шегірдің көзі оттай жайнап шыға келді.

Сөйткенше болған жоқ, ағаш астауға үйемелетіп салынған үйітілген қойдың еті буы бұрқыраған қалпында жетті. Табақ көтеріп келген екі жігіт есіктен шыққан бетте Кенесары:

– Биеке, сыбағаңыз, – дегенде ол:

– Төре, бұл анық маған дайындалған болса, мұны менің жалғыз өзімнің көзім көргенде не болар дейсіз? Өзіммен бірге келген екі жігіт сыртта тұр. Олар да келсін, шақырыңыз. Әйтпесе, мынау етті олардан ұрлап, тығылып жегендей болармын, – дей бергенде, оны әрі қарай сөйлетпестен Кенесары дауысын қаттырақ шығарып:

– Кірсін, – деді. Сол сәтте еңгезердей-еңгезердей екі алып есіктен еңкейе:

– Ассалаумағалейкум! – деп сәлем бере енді.

Екеуінің дабырлай шыққан даусынан табан асты қозғалып, жер теңселіп, желбау желбіреп, уықтар сықыр-сықыр еткендей болды. Өзінің қосынындағы мыңдаған батырлардың талайын көзімен көріп, басын шайқап: «Мұндай да адам туа береді екен-



ау?» – деп жүргенде, мына екеуін көргенде Кенесарының тамағы бітеліп, үні шықпай, тұншығып қалғандай, екеуіне кезек-кезек қарай берді. Бірақ, қанша дегенменен де «Ханда қырық кісінің ақылы бар» деген Шыңғыстың өзіне тірелетін төре сырын алдыртпастан, ағаш астаудағы ара-жігі ажырамай піскен қос белдемені алақанына салған бетте:

– Кәне, – деп алдағы алыпқа ұсынғанда:

– Төре менің қолым бүгіліп-жазылмайды ғой, – деп жалпақ қалақтай бірігіп қалған саусақтарын жайып көрсеткенде, хан қолындағысын екіншісіне ұсынды. Ол шегінбеді. Ханның алақанынан алған бойда, аузына салған бетте қос белдеменің майлы қалың етін сүйегімен күтір-күтір шайнап, қарш-қарш еткізіп, бір-екі рет толғап-толғап, тоқтамастан әрі қарай жұтып жібергенде төре елден бұрын:

– Міне, жігіт! Атың кім сенің? – деді. Ол Шегірге қарады. Екеуін де енді Шегір би Кенесарыға таныстыра бастады:

– Алдыңғы саусақтары бірігіп біткен – атақты Уайыс би, Уайыс батыр. Кіші жүз Есет батырдың жиені. Бағаналы ақтаз Бабас бабаның ұрпағы. Ал белдемені екі бүктеп бір-ақ жұтқан – Дүтбай батыр. Ақтаз, айтулы Мамай атадан тарайды. Бұл екеуі де менің бауырым. Бағаналының ақтаз бұтағынан. Сәлем беруге менімен бірге келді, – дегенде Кенесары ол екеуін де дастарханға шақырып:

– Келіндер, – деді. Шегірдің қасына екеуі қатар жайғасқанда кеңге жайылған дастархан қос алыптың тізелерінің астында қалғандай. Малдас құрып отырғанда бірінен бірі өтетін екі батырдың иықтары керегемен тұспа-тұс деңгейленіп, төбелері уықтың ұшына тірелгендей. Үстеріндегі алтын зерлі, тор көзді сауыттары мен құрыштан құйылған дулығалары олардың бітім-болмысын тіптен де зорайтып, бейтаныс жанның үрейін ұшырғандай. Түрлері сұсты. Екеуінің де тұлғасы тым ірі әрі епетейсіздеу болғанымен, Дүтбайдың шоқтығы ерекше. Жалт қарағанда жанарына іліккен жан жанып кетердей. Оның отты, өткір көздеріне тіке қарау мүмкін емес. Кім болса да онымен оңаша, айдалада жеке кездесуге құлқы соға қоймас.



Бұл екеуі қатар тұрып қиқуласа тау қопарып, тасты талқан-дайтындай қауқары барын Кенесары енді білгендей. Әлгідегі Шегірдің өзінен еш шегінбей, терезесін тең ұстай сөйлесуінің де астарында, ар жағында арттағы күшіне сенгені барын да енді ғана түсінді. «Е, ел мен жер менікі, төрем, қане, сен қандай, мен қандай, Алла екеуімізге де жанды бірдей етіп берген. Кімнен кімнің несі артық? Сыйласаң – сыйласайық. Қинасаң – қинасайық. Сыйға – сый, сырға – сыр» дегенді алға ұстай келгенін өзінше қабылдаған Кенесары дәмнен кейін барып ел жайлы әңгімесін қайта жалғастырды.

– Уай, Шегір би, менің мұнда келудегі мақсатымды естіп жатқан шығарсың. Әйтсе де, оны өз аузымнан айтайын. Орыстың боданынан құтылу үшін азаттық алуға атқа міндім. Кешегі хандық дәуірдегі берекелі де мерекелі, «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманға» оралсақ деген ойда бар. Сол үшін Алашаханның түбіндегі Әбілқайыр ордасы тігілген жерде үш жүздің басын қосып, хан сайлауын өткізбекпін. Соған қатысарсың. Бұл – бір. Екіншіден, орысқа аттанамын. Оған қалай қарайсың? Оң-терісі болса, бүкпесіз ашық айт. Мына қасыңдағы қос батырың маған қосыла ма? Бұл – екі. Үшінші – жауға шабар ат керек. Ерлердің соңынан еретін ержеткен еркін жас керек. Осы үш керектің қайсына халің келеді? Осы жайлы ойыңды айт. Бұл менің жеке басым үшін емес. Қалың елім – қазағым үшін керек іс. Әйтпесе, бір өзіме ішіп-жерлік, киер киім, мінер ат пен ас жетеді. Елдің ертеңі солардың бәрінен де биік маған. Осыған қосар ойың қандай?

Шегір би Кенесарыға ойлана қарап, сәл отырып барып:

– Сенің ойың менің ойымнан алыс емес. Сенің де, менің де ойым – «Иісі қазақтың бар баласы қашан жеке ел боламыз?» деген ой. «Өз қотырымызды өзіміз қасуға қолымыз қашан еркін жетеді?» дегенді ойына алмайды деймісің? Ойлайды, бірақ тәуекелге бел буып, басын бәйгеге тігуге қайсы бар? «Шөп те шыққан жеріне шығады» деген. Тектілігіңнің белгісі өзінді үйде жатқызбай, атойлатып атқа мінгізді. Бұл жолыңда не күтіп тұр – ол бір Аллаға ғана аян. Қолдаймын. Бағытың да, бетің де



дұрыс десем, саған өзім еріп соңыңнан шығуға шамам қайсы? «Ал сендер оның соңынан еріңдер» деп кімнің өміріне өмір ете алғандаймын? Ал «Соңынан ереміз» дегендер болса, жолың болсын деймін. Себебі, жолың ауыр.

Бұл жолда кім дегеніне жетеді? Кімнің ғұмыры қиылады? Оны да ешкім білмейді. Сондықтан өзімнің қолымда барға ғана есеп жасасам, сайдың тасындай жігіттеріңе жарамды, жал-құйрығы төгілген, тұяғы кетілмеген, қолтығы сөгілмеген жүз елу жүйрікті дайындаттым. Мына отырған қос батырдың жігіттері қосыныңа жеткізер. Ал өзімнің хан ордасына барғым келгенімен, бара алмаймын. Кейінгі кезде бір сырқат айналдырып, алысты көре алмай, қасындағының даусынан аңғаратын жайға тап болдым. Тек айтарым, көптің өзінді қолдаған тілегінің ішінде Шегір бидің де үні бар дегейсің, – деп бір дем алғанда, Кенесары:

– Биеке, мына екі алып інің ше? – деп қалды.

Оның осылай айтарын ішке түйіп отырған Шегір:

– Е, бұл екеуі менің бірі – көзім, бірі – құлағым, бірі – қолым, бірі – аяғым емес пе? Бұл екеуі болмаса, мен өзіңе бүгін келе де алмас едім ғой. Ал көзсіз, құлақсыз, қолсыз, аяқсыз қалсын демесең, екеуінсіз таңым атып, күнім батпайды ғой, төрем, – деп қасындағы Уайыс пен Дүтбайға бұрыла қарады.

Манадан бері әр шаруаның шегін шолып, сынай байқап отырған Кенесары:

– Жөн, жөн екен, – дегенді екі-үш мәрте қайталай айтты. Бір сөзді тісінің арасынан сыздықтата сілтей айтқанын Шегір түсінді. Оның «Осыдан барып, ораламын, келісімен қол-аяғыңды шауып, кескен томардай домалатып, допша тепкілермін» деген сөздің тілінің ұшында қалғанын ұқты. Бірақ оның оған жауап қайыруға ықыласы да, зауқы да соқпады. Ішкі түйсігінде «Е, барарсың, барсаң, сонда қаларсың, оған дейін де талай су ағар, талай жауын жауар» деген бір ой күмбір-күмбір етіп жүрегінің түбін тырналай берді.

Өзінің әлгіндегі «Жөн, жөн» дегенінің астарын Шегір бидің түсінгенін Кенесары да білді. Десе де, екеуі де бір-біріне сыр ал-



дырмай: «Амандық-саулық болсын», – деген тілек айтып, құшақтарын айқастыра төс қағыстырып қоштасты.

Шегірді шығарып салып тұрып Кенесары қалың ойға қалды. «Бағаналының бетке ұстарларының ымы-жымы бір екен. Мұнда бұл келгенше өздері ақылдасып, келіскен. Жарайды. Бұл жолы бұлардың дегені-ақ болсын. Алла жазса, қайтып келсем, қылыштың жүзінде, найзаның ұшында сөйлесермін» деп өзін-өзі демеп, аптыққан көңілін басқандай болды.

* * *

Алашаханның Ұлытау жақ беткейіндегі, хан аралының ортасына тігілген ақ ордаға қарай өтетін аспалы көпірдің бойында тұрған күзет күндегісінен әлдеқайда күшейтілген. Дулығалары күнге шағылыса жарқырап, төбесіне түйілген шашақ желмен желбіреп, ырғай сапты найзаларының ұшы жарқ-жұрқ етіп, көрген көзді қарықтыратындай. Бірінен бірі өткен біркелкі ірі жігіттердің арақашықтықтары да бірдей. Бір-бірінен таяқ тастамдай алшақ тұрғанымен, араларынан тышқан жорғалап өте алмастай берік екені бірден-ақ байқалады. Жайшылықта келгендер жөнін айтып, рұқсатын алып, Кенесарыға жолығып, шаруасын шешіп кететін болса, бүгін ондай емес.

Аралдың ортасындағы жиырма төрт керегелі ақ орда да ерекше салтанатты. Орданың өзі де бұл жерге кешелі-бүгін тігілгені анық. Оған бару үшін жиналмалы көпірден бастап табалдырығына дейін жайылған қалы кілемнің түгі әлі жығылмаған, жан адамның аяғы баспағаны көзге бірден көрінеді. Кілемнің өзіне де, оның екі жағындағы жап-жасыл шалғынға да мал тұяғы не жан баласының табаны тимеуінің сыры мол. Жайшылықта да ордаға ешкім ентелей енбейтін, ал бүгін осы кешегі Әбілқайыр ордасын тіккен орынға Кенесары келіп, ордасын тігуі – бабалар салған ізді жаңғыртудың алғашқы жолы деп қабылдаған дала дүлдүлдері түгелдей бұл маңды бақылауға алған.

Орданың төбесінен құс ұшырмай, сақ тұрған сарбаздардың сыртында үш жүздің «Осы қалай?» деген батырлары қатарласа



ат үстінде тұр. «Мұны көрген де бар, көрмеген де бар» деп Алладан медет тілеп, айтулы сәтті асыға күткен Кенесары:

– Аллаға шүкір, – деп, тәубасын қайта-қайта жаңалаудан жаңылмады.

Алдындағы айтылған уағда бойынша, қасына өзінің кіндігінен тараған он бір ұлын ертіп келген бағаналы Бабыр биді алыстан таныған Кенесары қасындағылардың біріне:

– Анау келген Бабыр биді бөгелтпей, тура осында алып кел, – деп тапсырды. Ол сол бетте-ақ күзетшілерге енді ғана жетіп, «Әрі қарай не болар екен?» дегендей атының басын ірке тартқан биге:

– Биеке, бері жүріңіз. Сізді күтіп отыр, – деп жасауыл басышы оның алдынан шықты. «Барған бетте тұрып қалмасам екен» деп алдын ала ойлап келе жатқан Бабыр би он бір ұлы мен олардың соңына ергендерге бұрыла қарап:

– Сендер жіктеріңді жазбай, бірге, бөлінбей, басқаға қосылмай, осы жерде болыңдар, – деп, Кенесары отырған биік шоқыға қарай жол бастаған жігіттің соңынан ерді.

Арнасын бұзбай толқындай тулап келіп, екі айырылып барып, ат шаптырым жерді айналып келіп қайта қосылған Кеңгір өзенінің қос қапталындағы қалың нудың төбесінен төніп, үңіле қарап тұрған биік-биік шоқылардың бітім-болмысы да бөлек. Қаз-қатар, біріне бірі тізбектеле жалғасқан шоқылардың биіктігі де шамалас. Төбелердің үсті де төселген кілемдей құлпырып тұр.

Сонау жазықтағы жорғалаған жылан мен көкке самғаған қыранды да шоқыға шыққан жан дәл алақанына салғандай анық көре алады. «Өз заманында осы үш шоқының ортасындағы жоталысының басына шығып, Әбілқайыр ойын жинақтап, ұзақты күн батқанша толғанып, ойланып отырып, өзімен өзі тілдескендей күй кешеді» дегенді Кенесары бала кезінен естіген. Сонда ол: «Шіркін-ай, сол биік шоқыға шығып, Әбілқайырға ұқсап, ұзақты күнімді соның басында өткізсем», – деп армандайтын. Енді, міне, сол арманына жетіп, шоқының үстінен келгендерді алыстан бақылап қарап тұр.



Алдын ала белгіленген үйлерге келгендерді орналастыру жайы да сырт қалмаған. Шақырылғандардың қалыс қалғаны жоқ. Тек Жетісу бойындағылар, неге екені белгісіз, кешігіп жатыр. Түркістаннан келгендер қылаудай қылшығы жоқ аппақ ақ киізді алып келсе, Кіші жүздің шеберлері бояуы қанық, оюы анық, арқар мүйізді, өрнекті тақтың қос қапталын алтынмен аптап, арқалығын күміспен қақтап әкеліпті.

Орта жүздің алты руының да игі жақсылары атынан қыпшақ Иман батыр мен арғын Ағыбай батырлар Кенесарының екі тізесін баса отыр. Енді, міне, өзінің он бір ұлын ертіп келген Бабырға ерекше құрметін көрсетіп, қасына шақырды. Ондағысы – «Өзгелер көрсін. Біреулері берген малын, алтыны мен ақшасын қосқанын бұлдаса, міне, бағаналы Бабыр би көрер көзге белгісіз бағытқа бет алған, атылған оқ пен айқасқан қылыштың арасынан кім тірі шығарын ешкім болжап білмесе де, соған өзегін жарып шыққан өз ұлдарын өз қолыменен әкеліп тұр» дегені еді. Бұл Кенесарыға үлкен күш, үлкен жігер сыйлағандай және оны өзге әлдебіреу емес, аты алысқа кеткен бағаналы Бабыр бидің өзі әкелсе, ол – бастаған ісіне қалың елдің сенгені, қолдағаны дегенге көңілін әбден сендіруіне септігін тигізгіндей.

Биік төбенің үстінде тұрып алысқа көз тастағанда манаураған Ұлытаудың көгілдір шыңдары сағымға оранып, сылаңдай түседі. Екі ортадағы шағын төбелер мен шоқылардың өзі де жазықтықпен жалғасып, жымдасып кеткендей. Былай қарағанда мидай жазық дала сияқты болғанмен, ара-арасындағы сай-салаларын, ой-шұңқырын мынау биіктік білдіртпей жібергендей.

Ұлытауға қарап тұрып, енді бір сәтке сол жақ бүйіріне бұрыла беріп, алыстан мұнартқан Арғанаты сілемдерінің сұлбасын байқағандай болды. Сол-ақ екен, тұла бойы түршігіп сала берді. Кенесарының сырына әбден қанық болып қалған Ағыбай батыр:

– Кенеке, – дегенде, оның қасындағы Иман батырды көріп «Уһ» деп, демін тереңнен алып, жүрегінің тұсын басып:

– Мен таңғалдым, – деді. Оған екеуі бірдей:



– Неге? – деген сауалды қосарлана қойды. Сол сұрақ басқаларының да көңілінде тұрғанын анық сезген Кенесары даусын енді көтере түсіп:

– Айтайын, – деді де сөзін жалғады. – Қос Кеңгірдің қосылған осынау тұсы талай сырды бойына сақтап жатқаны анық. Анау арналы өзеннің ортасындағы Хан аралы – кешегі Әбілқайыр ханның ақ ордасы тігілген жұрт. Мынау біз шығып тұрған биік төбе – Әбілқайыр мен қарақыпшақ Қобыландының Қотан бидің баласы Ақжол бидің тағдырын шешкен жер. Әбілқайыр тура осы жерде Қобыланды батырға Ақжол бидің жанын алуға өмір беріп, оны сөзсіз орындаудың жолын тапты. Аңғал батыр Ақжолды өлтіріп, оғаштық жасағанын аңғарып, елден безіп, сыртқа кетті. Кейін Орта жүздің игі жақсылары оны кешірді. Қобыланды елге оралды. Арғын-қыпшақ арасындағы алауыздық, қанды кек кешірілді. Соның бәрі бірлікке жол ашты. Енді менің ойыма сол Әбілқайыр отырған хан аралына әкеліп орда тігіп, қасыма қыпшақ Иман батыр мен арғынның Ақжолтай Ағыбай батырын қос қанатымдай қасыма алып, «Алла» деп атқа бірге мінгені түсіп, бүкіл әлемді жаратқан бір Аллаға сансыз шүкіршілік айтып, «Азаттықты аңсаған елді арманына жеткіз» дегенді жалбарына, жалына, ақ ниетімменен тілеп тұрмын. Алла сол тілекке тезірек жеткізсе екен.

Төбеде тұрып төмендеуге енді менің хақым жоқ. Үш жүздің «елім» деген ерлері түгелге жуығы келді. Ендеше нені күтеміз? Алла хош көрсе, ата-баба салтымен ақ киізді, алтын тақты алға шығарар кез келген жоқ па? – деп, қасындағы ыңғай «Сен тұр, мен атайын» дейтіндей кіл батырлар мен аузы дуалы билерге көз жүгірте қарады.

Осы сөзді күтіп тұрғандар «Е, Аллалап», ақ киізді Кенесарының табанына жайып, алтын таққа отырғызудың қамына кірісіп кетті. Биік төбенің басына Түркістаннан арнайы әкелінген ақ киіз Кенесарының алдына кеңінен керіле жайылды. Осы сәтті асыға күтіп тұрған Кенесары оң қолына қошқар мүйіз ою-өрнекті, алтын сапты ақ таяқты нық ұстаған қалпы:



– Е, Алла, жаратушы жалғыз хақ, тілегімізді қабыл, ісімізді әділ ет, – деді де: – Біссіміллә рахмани рахим, – деп, оң аяғын киіздің үстіне аттап басып шыға берді.

Етекке дейін қаз-қатар сапқа тұрған қалың топ қақ жарылып жол ашты. Ақ киіздің үстіндегі Кенесарыны тік көтерген мықты жігіттер аралдың дәл ортасына тігілген ақ орданың ішіндегі алтын таққа қарай төбеден төменге түсе берді. Өздері алтын таққа ханын отырғызып, азаттыққа қол соза бастағандардың жүздері бал-бұл жайнап, қуаныштан көз жастарына ие бола алмай: «Ақсарбас! Ақсарбас!» – деп шуылдай бастағанда, таң атқаннан бері шайдай ашық тұрған көк жүзіне шөкімдей ғана бір ақ шарбы бұлт ойнап шыға келді де, ақ киіздің үстіндегі Кенесарының төбесінен төне келіп, ұзатылған қыздың көз жасындай сыздықтата екі-үш рет тамшылата өтіп, артынша ақ жауынға ұластырды. Осы бір адам баласы болжап біле бермейтін ғажапты көріп тұрғандар таңданысын жасыра алмай, тасырлата жауған жауының өзін жақсылыққа балап жатты.

– Аланың нұры – жақсылықтың нышаны!

– Кенесары хан ғұмырлы болсын!

– Азаттықтың ақ бұлты бұл! – дегендерде шек жоқ. Мына нөсерден үстерінің су болғандарына қарамай, ақ тілекте тұрғандарды көріп Кенесарының да көңілі босап: «Алла, ұзағынан бер!» – деп, көк жүзіне көзін тіге қайта-қайта қарай берді.

Ол қарағанда көзіне манағы ақ ұлпадай үлбірей шыққан бұлттың бірте-бірте қою қалың қара бұлтқа айналып, тұтас аспанды құшағына қысып, нөсердің соңы тіпті де еселеп бара жатқанын байқады. Оған «Бұл қалай?» деп көңілі кілки қалды. Ағашқыдағы ақша бұлт Кенесарының төбесінен түйіліп келіп тамшылай бастап, соңын нөсерге ұластырған қара бұлтқа айналғанын, көк жүзін тұтас тұмшалап алғанын Бабыр би де көңіліне түйе қалды.

Адамның өзі мен сөзіне орай табиғаттың тылсым сырларына да үңіле ой қорытатын Бабыр би толасыз жауған нөсердің жуық арада басыла қоймасын білді. Осындай бір алмағайып шақтағы табиғаттың тылсым мінезі кеуде тұсын шымыр ет-



кізіп, жүрегін шымшып өткендей. Шелектеп құйғандай жауған жауын астында тұрып, бетін сүртіп, қос қолымен сақалын саумалай сипағанда көз жасының тамшылары жаңбыр суымен араласқанын аңғарды. Аңғарды да, «Аһ!» деген өз даусынан өзі шошып, селк ете түсті.

– Япырай-ай, шыныменен де солай болғаны ма? Алла хош көрсе, алдындағы ақ шарбы бұлт бір бүркіп өткені жөн еді. Ал арты қою қара бұлтқа ұласып, соңы сойқанды селге жалғасқанын қай жақсылыққа жориын? Бәлкім, Арқаның ақ жауыны Кенесарысымен соңғы рет қоштасуы ма, бұл табиғаттың оны қимай төккен көз жасы ма, әлде қараңғы қапастағы қалың қазақтың алдағы қанды шайқаста боздақтарынан айырылып, көлдей ағар көз жастарының белгісі ме бұл? Қалай болғаны бұл? – деп, салалы саусақтарымен ақ сақалын тарақтай түсіп, көзінің жасы араласқан жауынның ірі тамшылары ерніне жабысып, тілінің ұшына тигенін, одан таңдайына ащы бір кермек дәмнің кетпестей болып тұрып қалғанын аңғарды.

Ащы дәмді тата тұрып, ой құшағынан босана алмай қалған Бабыр би өзін-өзі көпке дейін жұбата алмай, жаңбырмен араласқан көз жасына ерікіз ерік берді. Бабырдың қобалжуы, көз жасының ақ жауынмен араласып, аппақ сақалын жуып өтуі бекер емес екен. Ағыл-тегіл жауған ақ жауын шынында да хан Кенемен қоштасыпты. Арқаның ақ жауынын бұдан кейін хан Кене көрген жоқ.

«Орысқа қарсы шығуға соңымнан еріңдер!» – деп қалың елге сауға айтып, атқа мінген Кенесары Жетісуды бетке алып, қырғыздың Кекілік ауылына келіп тірелгенде алдынан патша әскерінің көмегіне сүйенген қырғыздың бай-манаптары қарсы шықты. «Шықсақ төбеміз бір» деген Ұлы жүздің жасағы қырғыздардың тіліне еріп, бір түнде қолды тастап шығып кетті. От қарумен қарулаған қырғыздар Кенесарыны қоршауға алып, өзін қолға түсірді.

Оның соңынан інісі Наурызбай өзі барып: «Ағамнан жаным артық па?» – деп берілді. Ханның соңынан ерген көп жасақтың жартысына жуығының денесі сол Кекілік тауының етегінде



қалды. Елге қайтқандардың өзі орыс әскерінің қуғынына түсті. «Басшыларыңның басы сонда қалар-ау, сендердің бәрің де елге аман-есен келерсіңдер», – дегені рас болып, Бабырдың он бір ұлы түгелдей отбасыларына оралды. Ал оралмағандардың аналары мен жарларының, аға-іні, қарындастарының көз жасы хан таққа отырғанда тоқтаусыз жауған жауындай сел болып төгілді.

«Он сегіз мың ғаламды жаратқан Алла Кенесарының енді қайтып Арқа төсіне аяқ баспасын сол жолғы ақ жауынмен-ақ аңғартқан екен-ау...» деп ой түйген Бабыр би:

– Құдайдың құдіреті шексіз. Барды жоқ етеді, жоқты бар ететін де бір Алла, – дегенді сансыз қайталап, ел үшін жанын қиған ерлердің рухына бағыштап, Кенесары мен Наурызбайдың атын атап, арнайы Құран-қатым түсіріп, дұға арнап, көңілін бір демдегендей болды. Әйтсе де, тілінің ұшында сол нәсер күнгі тиген ащы кермек дәм әлі де кетер емес. «Бұл тағы ненің белгісі?» деп ой тереңіне бойлай берген Бабырдың ойы онға, санасы санға бөлінгендей. Әлі де бір мамыражай, шуақты күннің шығарына асыққандай арманы алға тартып барады.

* * *

Қадір бидің ауылына кеше бесін ауа келген Тоғанас палуанды құда күткендей-ақ қарсы алды. Қысырдың тайын сойып, бағаналының бал қымызын алдына қойды. Бөлек тігілген ақбоз үйде еркін демалған палуан бидің бұл құрметіне ерекше тәнті болып: «Мені бұлай күтуі, сөз жоқ, Есағамның құрметі ғой. Әйтпесе, мені қайтсін» деп, Еснейдің атына іштей ризашылығын білдіріп, «Қайда барсам да мырзаның беделінің үстем тұрарына көзім әбден жетті» деп еңсесін бір тіктеп алды.

«Қадір биге келген шаруамды айтып, ауылға тез қайтамын» деген. Бірақ ол ойы енді өзгерді. Киіз үйден сыртқа шыққанда көк шалғынға қалы кілем төсеп, соның үстінде алқа-қотан отырған жақсы-жайсаңдарды көрді.

Манадан бері Қадір биден: «Бұл келген дәуіңіз кім еді?» – деп әр нәрсені бір сұрап, мазасын алып отырған ауылдастары алты



қанат ақ үйдің алдында керіле бой жазып тұрған алып тұлғалы жігітке бәрі бірдей тесіле қарап қалыпты.

– Әлгінде сұрадыңдар, айтайын, бұл жігіт – құда Есенеидің атақты Тоғанас палуаны. Алып күштің иесі. Шу асауды құйрығынан ұстап, кілт тоқтатады. Нар түйенің бауырына кіріп, тік көтеріп кете береді. Есенеидің алты айғырдың терісінен тіктірген «Тайжүзген» деп аталатын сабасын да осы Тоғанастан басқа тірі пенде пісе алмайды. Есенеи мұны анау-мынау шаруаға жібермейді. Өте маңызды, шұғыл іске жұмсайды. Ел ішінде «Тоғанас барса, шаруа бітеді» деген сөз де бекер айтылмайды, – деп Қадір би қасындағыларға оны сырттай сипаттап, таныстырып өтті.

Атына қанық болса да Тоғанасты бірінші рет жолықтырып тұрғандар оның пошымы мен бітіміне риза болып, сүйсінгендей.

– Паһ, шіркін!

– Бұлшық еті бүйрек тастай ойнап тұр екен.

– Бура сан, бұқа мойнын айтсайшы.

– Бойы да шаңыраққа тіреу болардай ғой.

Кілем үстінде шынтақтай жатқандар енді еңселерін көтеріп, тіктеліп отыра бастады. Қастарына жақын келіп:

– Амансыздар, ағайындар? – дегенде, оның қоңыр үні сыңғырлай естілді. Манадан бері сырттай байқап отырғандар сыпайы сәлемге:

– Бар бол! Армысыз! – деп, қазақы салтпен сәлем қабылдап, сырылып оған ортадан орын ұсынды.

Жайғасып алған Тоғанас қарап отырғандарды көзбен бір шолып өтіп, Қадір биге қарата:

– Құда, бозала таңнан атқа қонып, аттанбақпын, – деді. Оның осылай дерін айтпай-ақ біліп отырғандай, Қадір би сырын алдырмаған қалпы:

– Тым асығыссың ғой, бір-екі күн жатып демалмадың ба? – деп салмақты оның өзіне тастады.

Қадірдің сөзіне жымың ете қалған палуан:

– Дұрыс-ақ қой, әйтсе де, қайту керек. Шаруа көп. Келгендегі шаруам мынау. Есаға сізге «Келсін, ақылдасар шұғыл ша-



руа бар. Мына жақтан Алшынбайды да шақырдым» деді. Басқа біреуді жібермей, арнайы мені аттандырды. «Алдағы жұма намазын Қызылшілік жайлауында бірге оқысақ» дегенді де сізге арнап айтуды тапсырған еді, – деді, иығынан ауыр жүкті түсіргендей болып.

Палуанның сөзін қатар отырғандар түгел естіді. Бірақ біреуі де «Бұл не шақырыс?» демеді. Қадір бидің өзі де не «ия», не «жоқ» деген белгі бермеді.

Қаншама жылдан бері құда болғалы Еснейдің бұлайша шұғыл шақырғанын естіген де, білген де емес. Тек мінезі тез, қаны қызба Еснейдің ойына алған шаруасын бітіргенше тыным таппайтын мазасыздығын алғашқы күні-ақ аңғарған. Оның өзінде де ұлы Құдайқұл Атбасар жақтағы бір тойда абақ керей Естеместің Еснейінің туған інісі Еменәлінің қызы Гүлжанмен танысып, көңілдері жарасып, сөз байласқаннан соң қазақы салтпен құда түсуге тура келген. Сонда Еменәлі: «Қыз менікі болғаныменен де, аттың басын Еснейдің ордасына тіресін. Әйтпесе, Есағаң жонымнан таспа тіледі», – деп сәлем айтқаны әлі де есінде.

Сол ретпен інісі Арзықұлды ертіп, қарабаланың игі жақсыларын бастап, сыбан-керейлердің жаз жайлауы Шар-Құрбан бойындағы Қызылке өзенін жайлаған ашамайлы керейдің сыбанының ауылына барған. Алғашқыда қабағы кіртіңкіреп, бойына кісілігін жинап, «Бұлар кімдер?» дегендей кіржиіңкіреген Есней Қадір бидің өзін көргеннен кейін қанатын қомдаған қыранша құлпырып сала берген. Сөз ретіне қарай келген шаруасын айтуға ыңғайлана берген Қадір биге:

– Биеке, «Қызы бардың назы бар» деген, ептеп түксие қалғанымды ғафу етіңіз. Арқа төсіндегі Ұлытауды жайлаған қалың найман-бағаналымен құда болсақ, «Ол – құдайдың бергені» дейік. Бүгінгі иісі қазаққа «Бағаналының төрт босағасы» деген – бірліктің, татулықтың тұтқасындай көрінеді. Бір атаның балалары босағасын бекемдеп, шаңырағын шайқалтпай, түтінін түзу шығарып отырғаны – кімге болса да үлгі-өнеге. Біздің қазаққа үлгіні басқа емес, осы бағаналылардан алу керек



десек, қателеспейміз. Оның ішінде кешегі Кетбұқа бидің салған жолын жалғап, «Бағаналы – басты орда» деген атқа лайық болып отырғандарыңызға тәттіміз. Содан да болар, бұрынғылардың «Жақсының қарағаны – сұрағаны» дегеніндей, құда түсіп келгендеріңізді құптаймын. Рас, туған құдаларыңыз – Гүлжан баламның әкесі Еменәлі. Ол – інім, анасы – Айтолқын келінім. Солар «Алдымен ағаның алдынан өтіңіздер» деген шығар. Дұрыс-ақ. Сөзіңізді бөліп, айтарыңызды өзім айтып бергенімді сөкпеңіздер. Жақсы жермен құда болу – құдайдың бергені. «Құданы құдай қосады» деген бекер емес, – дегенде даусы күндік жерге жетердей саңқылдап кетті.

Ә дегенде қабағын кіржитіп, артынша алдына түсіп, сөздің көрігін қыздыра үрлеген Есенейдің беттесе алмай қоймайтынын, алысса жықпай тынбайтын тынымсыздығын Қадір би сол жолы-ақ байқаған. Қалай лап ете қалса, солай басылып, оң-солын тез байқайтын байқампаздығын да пайымдаған. Тіпті, бағаналыларды талдап-талдап тарқатып бергенде ғұмыр бойы осы ортада өскен бе деп те қалғандай әсер берді. Шежірені терең білетіні де бөлек.

Салт-дәстүрді сақтап, інісінің қызы Гүлжанды Қадір бидің ұлы Құдайқұлға өз қолымен ұзатқан да – осы Есенейдің өзі. Содан бері қаншама жыл өтсе де, бір-біріне артық салмақ салып көрмеген, бөтен шаруа жүктемеген Есеней енді келіп, Тоғанас палуанды өзіне арнайы жіберіп, «Шұғыл келсін» деуінің астарында атан тарта алмас ауырлық жатқандай.

Оны өзге сезбесе де, Қадір би бірден-ақ аңғарған. Тоғанас палуанның «Мені арнап жіберді» дегені де – шақырудың жәй еместігінің белгісі. «Құдалық жолмен дәм ішуге емес, елге, жерге қатысты қабырғалы кеңеске кел дегені» деп қабылдаған Қадір би «Не айтар екен?» деп алаң көңіл болып отырған Тоғанас палуанға:

– Алла құп көрсе, айтылған жеріне уақытында жетейін. Есекеңе сәлем айт, қам жемесін. Барамын, – дегенді Қадір би сенімді әрі нық айтты.



Айтқандай-ақ, Тоғанас палуан таң намазынан кейін-ақ атқа қонды. Арнайы келген мейманын шығарып салған Қадір би Аманбай батырды шақыртты. Кешеден бері «Не айтар екен?» деп елеңдеп отырған Аманбай батыр:

– Биеке, – деп сәлем бере енгенде:

– О, батыр, сәлемші болсаң төрге шық, – деп жоғары жақты нұсқады. Отырғанда бойы керегеге жетеқабыл жетіп қалатын Аманбай батырға сүйсіне қараған Қадір би:

– Батыр, осы сен Арзықұлдың ұлы Арыстанбайды білесің ғой, ә? – деді. Бидің неге бұлай сынай сұрағанына таңғала қараған батыр тосылмады.

– О не дегеніңіз? Танығанда қандай.

– Танысаң сол, оның қай жақта жүргенінен хабарың бар ма?

– Білемін. Түркістан жақта емес пе?

– Ия, ия, сол жақта, Түркістан генерал-губернаторы Фон Гауфманның көмекшісі ол. Орысша судай ағып тұр.

– Қара қырғыздарды орыстарға қосуға қосқан үлесі үшін патшадан алтын қылыш пен алтын сағат алғанын естідің бе?

– Естігенмін.

– Естісең, сол Арыстанбайға барып қайтсаң.

– Не үшін?

– Алдымен оған айтарың, генерал-губернатормен тікелей сөйлесіп, бізге кем дегенде жүзге жуық от қару – мылтық алудың қандай жолы бар? Соны біл. Қаражаттан қиналмасын. Бұл – бір. Екінші, елге арнайы келіп кетсін. Ақылдасар маңызды шаруа бар. Түсіндің бе, батыр? – деп Аманбайға қарағанда батыр:

– Түсіндім, – деді. Оның жүзіне және бір рет көз тоқтата қараған би:

– Түсінсең сол, мен таңертең Есеней құданың ауылына аттанамын. Мен онда барып келгенше сендер де оралыңдар. Арыстанбайға осыны қатты тапсыр, – деп, осымен әңгіме бітті дегенді аңғартты.

«Бидің бір ойлағаны бар шығар» деп атқа қонған Аманбай батыр оңтүстікті бетке алып, аттанып кетті. Қай тапсырманы алса



да, оны кешіктірмей орындауға бар жанын сала ұмтылатын Аманбайдың ширақтығын би де қатты бағалайтын.

Бұл жолы да, әлдекімдерге ұқсап «Анауым, мынауым» демей, атына секіріп мініп, «шу» деп шауып кете беретін әдетінен жаңылмады. Батырдың қайда, қашан барарын білмей, оны сырттан күтіп тұратын екі інісі Есенғабыл, Есенбек екеуі де оның соңын ала аттарына қамшы басып, ілесе шапты. «Ал жүріңдер» демесе де, Есенғабыл мен Есенбек Аманбайды ұстаз санайды. Оның да сыры бар.

Шағатай руының белгілі байы Әйтiмбетке екі мың түйе біткен. Жылқысы мен қойын санамайды. Сол Әйтiмбет бай балталы Жанқор батырдың ұлы Қашқын батырдың үріп аузына салғандай, әлпештеп отырған қызы Қарашашқа құда түсіп, баласы Қырқыға алып берген. Сол Қырқыдан туған Есенғабыл, Есенбек екеуі де нағашысы Қашқын батырдан жиен құрыққа бір қылыш, бір найза алыпты деген сөз бар. Сол сөздің шындығындай, екеуі де атқа мығым, күші мол, алысқанын жығатын, атқанын құлататын алапаттың нағыз өзі болып өскелі Аманбайдың соңында.

Аманбай қайда барса, бұл екеуі сонда. Бұл жолғысы да сол. Үшеуінің ауылдан ұзай түссе де дыбыстары даланы жаңғыртып барады. Біріне-бірі сай үшеуінің жүрісін үйде отырып-ақ білген Қадір би миығынан күліп:

– Бұлар ауылға сыймайды, далаға аңсарлары ауып тұратын алыптар ғой, – деп жымың-жымың ете түсті. Онысы – риза болғаны.

Әсілі, Қадір би көп сөзге жоқ. Аз сөзбен көптің көңілін таба біледі. Әлгіндегі «Ауылға сыймайды» деген бір ауыз сөзінің өзі де батырларға берген бағасындай. «Ел қорғайтын ерлер үй айналып жүрмейді», – дейтін де осы Қадір би болатын. Енді, міне, тапсырмасын алған бетте Аманбайдың ырғалып-жырғалмастан, «шу» деп тартып отырғаны.

Отырған орнынан тұрып, сыртқа шыққан оны інісі Арзықұл:

– Маған айтарың бар ма? – деген сауалмен қарсы алды. Оның бұл сөзі «Мені ала барасың ба, әлде құдаңа жеке кетесің бе?» дегені екенін би түсініп тұр. Түсіне тұра:



– Е, мен не, құдалық жолмен бара жатыр ма екенмін? Ел ішінің әлдебір дау-шары мен шешілуі қиын жанжалына бола шақырған шығар. Даудың ішінен сен не табасың? Қасыма атқосшыны алсам да жетер. Сен ауылға ие бол, – деді.

Бұл – «Сөз осымен бітті» дегені. Ағасының осылай дерін әу бастан-ақ іші сезген Арзықұл:

– Өзім де білгенмін. Атқосшы жігіт дайын. Бозала таңнан жүрем депсіз. Жол болсын. Құдаңа сәлем айт, – деді де, Қадірдің жауабын күтпестен бұрылып жүре берді. Бір жағына қисайса жуық арада түзеле қоюы екіталай болатын інісінің таң бозында тағы да алдында тұрып, «Ал жақсы» деп өзі шығарып салатынын білетін би де «Әй, қайда барасың?» демеді. Ондағысы – бозала таңда басқа емес, осы Арзықұл аттың шылбырын шешіп қарсы алдында тұрарына сенімді болғаны.

Бидің ойы қате кетпеді. Шынында да, таң намазынан кейін тас түйін жолға шығуға әзірленіп, сыртқа шыққанда атқосшыдан да бұрын: «Ассалаумағалейкум!» – деп інісі құшағын аша ұмтылды. Сәлемін алып, көлденең тартылған көк жорғаға лып етіп мінген би: «Ал жақсы», – деп жүріп кетті. Артынан қарап қалған інісіне іші елжіреп, өн бойы дуылдап сала берді.

Сырт көзге сұсты, айтты – бітті дейтін Арзықұлдың үй-күйі қанша бөлек болса да, ағасы дегенде ішкен асын жерге қояры рас. «Қайран бауыр осы ғой» деп көңілін бір босатып алған би, «Жолаушының ақысы жүрсе бітеді» дегендей, абақ керейдің мақтанышы Еснейдің ауылын бетке алды.

Маңайына айтқан әмірін жүргізіп, билігін күн-күн сайын нығайтып келе жатқан Есней бағаналылармен құда болғаннан бері кәдімгідей-ақ «Қолым ұзарды, өрісім кеңейді» дегенді ойына әбден орнықтырып алған. Ондағысы – бүгінгі таңда Арқадағы әзірге ешкімнің де айтқанына көніп, айдауына жүрмеген, өз биліктері өздерінде тұрған – осы бағаналылар.

Найманның бір баласы бағаналылар әрі жомарт, әрі сақ, бірінсіз бірі ас ішпейтін бауырмалдығымен де өзгелерді өздеріне тәнті етіп келеді. Қос Кеңгір мен Жездінің бойын жайлап, Сарысуды өрлей келіп, Бетпақтың жазығына өтіп, кенттің қалың



құмына дейін малын жайып, Шудың кең сағасына қыс қыстап, алты ай жаз Ұлытау, Кішітауда тыныстайтын, «Бірлігі бекем, батыры бетті, билері текті елдің – өрісі кең, төрт босағасы тең» деп, төрт құбыласын түгендеп, сырын жаудан, ішін даудан сақтап, бар мәселені төрт көздері түгел отырып шешетін атадан қалған жолдан айнымас адалдықтары да айтарлықтай.

Қандай қиын іс болса да, төрт биі түгел отырмай шешім шығармайтын шыдамдылықтары да ғажап-ақ. Ол шыдамдылықтары естігенді де, көргенді де таңғалдырады. Сырттағылардың «Е, төрт босаға бағаналыда ғана ма?» деп қанша сұқтана қарағаныменен де, жеме-жемге келгенде олардың ұстанымы мен ұйымшылдықтары «Болсаң біздей бол, болмасаң бордай тоз» дегенді айтпай-ақ аңғартады.

Төрт түлігін тең өргізіп, төрт құбыласын тең ұстап, төрткүл дүниенің дүбіріне құлақ түріп, «Бірлігім – берекем, тыныштығым – тірлігім» дегенді нық ұстанған бағаналының бүтіндігіне сына қаққысы келгендер де аз емес. Ондайлар көп. Қазір де азайған жоқ. Бірақ сонау бабадан қалған салты мен дәстүрін, жолы мен жоралғысынан жаңылмаған бағаналы балалары бірлігіне сызат түсірмей келеді. Төрт босағаның беріктігі Бабыр, Шегір, Сандыбай мен Қадір бидің әділдігінен бастау алып, бүгінге жетті.

Аты ұранға шыққан Сандыбай батырға бата берген Барлыбай ханның тәртібін көзбен көрген көнекөздер отырса да, тұрса да «Бірлік, татулық» дегеннен жазбаған. Төртеуі түгел тұрмай бір шаруаға да кесімді шешім шығармайтын ұстанымдарын өзгертер емес. Вәзбіреулердің: «Е, бұлардың ең бастысы кім өзі?» – дегеніне: «Төртеуі түгел тұрса – тұтастығы, үшеуі бірге тұрса – үшкірлігі. Төртеуінің де өз орны, өз салмағы тең», – деп білетіндер бағасын берген. Оны Есенеі де талай естіген. «Естігеннен көрген жақсы» дегендей, сол дақпыртты әңгімеге Қадір бимен құда болғалы да көзі жеткен. Шындығында, төрт босағаның пірі саналатын Қадір бимен сан тақырыпқа сөз қозғағанда үнсіз тыңдаудан оның бір жалығып, қасын қағып, көзін шұқып не есінеп, маужырағанын көрмеген. Әңгімені тындап отырғаны



да, бей-жай бос жіберіп жатқаны да түрінен еш білінбейді. «Әй, бұған не дейсің?» деп дауыс көтере айтудың да еш қисынын таппай Есенеі бұдан бұрын да талай қиналған.

Енді сол Қадір биді өзі қолқа салып шақырып отыр. Оның бұл жолы не айтып, не шешіп берері және белгісіз. Белгілісі – Тоғанас палуанға: «Барамын. Айтқан мезгілінде ауылына жетермін», – дегені. Демек, оның келетіні анық. Ал аузы алты қарыс Алшынбайдың келеріне де, айтқан сөзіне ереріне де көңілінде титтей күмән жоқ.

Ендігі әңгіме – сол Қадір биді қарсы алудың жайы. Оны өзі шығып қарсы алсам ба деп бір ойлады да, артынан бұл ойынан айныды. «Қой, ол болмас, қалай дегенде де ол енді інім Еменәлінің құдасы ғой. Оны қарсы алып, аттан түсіріп, күтуді соған тапсырғаным жөн» деп шешті де, сырттағыларға естірте:

– Шақыр, – деді. Есенеідің даусынан-ақ оны кімді іздегенін бірден білген күтуші жігіт, сонда да болса анықтап алғысы келіп:

– Мырза, кімді дейсіз? – деп есіктен еңкейе енді. Оған ожырая қараған Есенеі:

– Кімді болушы еді, әлгі еріншек Еменәліні деймін. Бар, тез жетсін, – деп зілдене қалды.

Күн батар-батпастағы екі кештің арасында ағасы шақырып жатыр дегенге ентіге жеткен Еменәлі оның қар жауардай болып түтігіп отырған түрін көріп, шошып кетті. Сәлеміне де жауап берместен Есенеі:

– Әй, осы сен кімсің, ә? – деп дүрсе қоя берді. Қапелімде не дерін білмей, абдырай қалған ол:

– Е, оны мен қайдан білейін? Бір құдай біледі де кім екенімді. Күдігің бар ма әлде? – деді.

Інісінің бұлайша ентіге тіл қатуынан өзінің тым артықтау кетіп бара жатқанын аңғара қалған ағасы:

– Жә, болды. Отыр, ентігіңді бас. Сабаңа түс, – деді де, – туған інім болсаң да жаттан бетер жауығатыныңды айтамын. Әйтпесе, сенде менің нем бар дейсің, – деп дауысын сәл-пәл бөсеңдеткенде ол да:



– Мен не істеппін жауығатындай? – дегенді үзіп-созып әрең айтты. Енді сәл болса бұдан да бетер түтігер түрі бар. Жақ жүні үршип, мұрнының астындағы қияқ мұрты түп-түгел тікірейіп кетіпті. Көзі шатынап, сүзеген бұқалардай жотасы жонданып, күжірейе қалған. Інісінің де бойында адам қаратпас алапат күш барын бұрыннан-ақ білетін ол әңгімені соза бергісі келмей:

– Сенің маған басқа-басқа емес, туған інім ретінде де ертелеу келіп, еркелей беріп, «Аға» деп арсалаңдап сәлем бермегеніңе қанша болды осы, білесің бе? – деп, оған қасынан сырғи орын ұсынды.

Бұл маңайда Есенейдің алдына шығып, бетінен алған әзірге ешкім болмағанын білетін Еменәлі де меңзеген орынға бір жам-бастай қисая отыра беріп:

– Білемін ғой сені, күнде ертемен келіп, есігіңнен бері аттап, «Ассалаумағалейкум» деп сәлем беріп тұрсам, онда «Әй, осы саған не керек өзі, таң атпай сәлем беріп, мазамды алып не көрінді?» деріңе сөз жоқ. Енді келіп сәлем бермедің дейсің. Жә, сөзің де, өзің де өзіңе, одан да сен мені осы екі кештің арасында неменеге шақырдың? Соны айтшы. Тәңірдің таңы атпастай, келер күн шықпастай бұл не сонша асығыстық? Жау шапты ма? Өрт болды ма? Әлде тоған бұзылып, топан су қаптады ма, ә? Айтшы маған, – дегенді қадап-қадап айтқанда кеудесі кеңіп, маңдай терісінің қырысы жазылғандай жайланып сала берді. Інісінің қайнаған қазандай осылай бір бұрқ етіп барып басыла қаларына бұрыннан қанық Есеней енді оған тіктей бұрыла қарап:

– Сен менің қонаққа кімді шақырғанымды білесің бе? – деді.

Оған ол да дайын отыр екен, шақ етті:

– Оу, мені әулие дейсің бе, көріпкел, бақсы-балгермін бе, ә? Мен сенің кімді шақырып, кімге баратыныңды иіскеп білемін бе, қайдан білемін? Білмеймін, білгім де келмейді, – дегенде ағасы езуін тарта күліп, «Ашуың әлі де басылған жоқ па, мен ашулансам не боларын көрер едің» дегендей сынай қарап, сәл-пәл демін алып, қайтадан сөзін жалғады.

– Рас, сен білмейсің, енді біл.



– Нені?

– Кімді шақырғанымды.

– Кімді шақырған едің?

– Құданы.

– Қай құданы?

– Қай құданы болушы еді...

– Қайдан білейін.

– Білесің, менің бәйбішемнен туған – екі ұл, екеуі де ерте шетінеді. Сонда мен қай құданы айтып отыр дейсің?

– Қайдан білейін.

– Әй, былжырамай сен маған мынаны айт. Мен сенің туған ағаң болсам, сенің туған қызыңның атасы маған құда бола ма, болмай ма?

– Е, неге болмайды? Гүлжанды өзің қолыңнан ұзаттың. Менікі – жай аты. Бәрін өзің атқарып, құйрық-бауырды өзің жедің. «Құда, құда» деп наймандарды жаңа көргендей төбеңе көтергеніңе осы аймақта таңғалмаған жан қалды ма?

– Міне, енді жобаға келдің. Мен әлгі сен айтқандай, «құданы құдайдай күткенде» оны сенің қызыңның барып отырған жері деп емес, найманның ішінде де ең бір бағалысы – бағаналы деп құрметтедім. Сол құрметім сол қалпында. Содан шығар, бағаналы ішіндегі төрт босағасының бірі әрі солардың пірі Қадір биді бұрын атын естігеннен бері қадірлейтінмін. Сол құрмет тұтқан қадірлі кісім құда болғаннан кейін, оны төбеге көтеретінім рас. Ендігі әңгіме онда да емес. Әңгіме былай. Ертең бесінге қарай ауылға сол Қадір би келер. Шақырған – мен. Алдынан шығып, оны күтіп алатын – сен.

– Мен бе?

– Ие, ие, сен.

– Содан кейін?

– Құданы арнайы тігілген үйге орналастырып болғаннан кейін сенің жұмысың бітеді.

– Неге?

– Негесі сол, құдамен сөйлесетін сен емес, мына мен. Білдің бе? Одан кейін Алшынбай мен Құнанбай мырза келеді. Оларды да дәл солай күтіп алып, орналастыр.



– Содан кейін?

– Содан кейін боссың. Үйіңе бар да, жат.

– Жатқаны қалай?

– Жатқаны солай, қайта-қайта жылтындап, көзің мөлдіреп, нан сұраған балаға ұқсап, босаға жағалап, жылтындай берме.

– Мен сиқыңды бұзатын болсам, оларды өзің-ақ қарсы алып, өзің түсіріп, өзің күте бермейсің бе?

– Сен былжырақтата берме. «Сырт көзге көрініп, төбе көрсет. Одан кейінгі ел тірлігіне қатысты сөзге қатыспа, бөгет болма» дегенді де ұқпай тұрсың ба? Жоқ... Әлде...

– Ұқтым. Жарайды. Айтқаның болсын, – деп орынан тұруға ыңғайлана бергенде ағасы:

– Сен бұл әңгімені әлгі әйелің Айтолқынға да айтпа, – деді.

– Неге?

– Еркектің ісінде әйелдің шаруасы болмауы керек. Әңгіме сыртқа тарап кетеді. Ұқтың ба? – дегенде, бойын тіктеп алған Еменәлі үнсіз ғана басын изеп, мақұл дегенді ишарамен білдірді.

Ағасы айтқандай-ақ, Еменәлі ауылға ат басын тіреген бағаналының төрт босағасының бірі әрі пірі саналатын Қадір бидің алдынан шығып, қолын қусырып, қарсы алып, арнайы тігілген ақбоз үйге жайғастырды. Дәл солай Құнанбай мен Алшынбайды да күтіп алды.

* * *

Шақырған кісілері түгел келгеніне көңілі көтерілген Есеней мырза «Тайжүзгеннің» бал қымызын мейірлене жұтып, демін бір алып барып:

– Енді әңгіменің де тиегін ағытатын кез келді-ау деймін, – деп меймандарына жымия қарап, әрі қарай сөзін жалғай берді. – Хабарымды қабыл алып, алыстан ат арытып арнайы келген Қадеке құдаға алғысым шексіз. Алшекең де көңілдің бірлігін білдірді. Құнеке, сізге де ризамын. «Ә» деп шақыруымды естіген бетте «Бұл қалай?» демей келгеннің өзінде де не жатыр дейсіз. Рас, естіген бетте «Бұл не шақырыс?» деген де шығарсыздар. Жөн-ақ. Шынында да, ойға маза бермей, ұйқыны қашырған



мына бір жағдайды сіздермен ақылдаспасам болмайтын болды, – деп, қасындағыларға «Сөзім қалай әсер етіп отыр?» дегендей көзінің қиығын бір жүгіртіп өтті. Түгел тісқаққандар емес пе, жүздері жайнап, «Тыңдап отырмыз» дегендей үнсіз. Олардың ықылас-пейілдерінің өзіне толық ауғанын сезген Есенеі тосылмады.

– Айтайын дегенім мынау болатын. Иісі қазақ түгел біледі десем артықтау болар, бірақ осы Арқа төсінде менің төре тұқымымен тұзым жараспай жүргенін білмейтіндер кемде-кем болар-ау. Оның себебін білесіздер. Ол – ұзақ әңгіме, оған тоқталмай-ақ қояйын, ендігі айтарым мынау. Сол төрелер тек менің ғана төбемде ойнаса оқасы жоқ. Жалпы қазақты жапырып барады емес пе, ә? – дегенде Алшынбай:

– Мырза, мұндайда сөзден де дәлел қымбат тұрарын естен шығарып алмаған дұрыс. «Өкпем бар» деп өктемдегеннен пайда таппайсың, – деп, көңіліне келгенді бүкпей лық еткізді. Алшынбайдың бұл сөзін Қадір би де иегін қағып құптағанын білдірді. Құнанбай да жымың етті. Ол Есенеіді шапқа түрткендей тулатып жіберді. Ышқынып кеткен Есенеі енді бұрынғыдан да еселене түсті:

– Дәлелді алысқа бармай-ақ, жақыннан-ақ айтайын. Кең даланы Кенесарының жігіттері дүбірлетіп өтті, жәй өтпеді, ырқына көнбегендердің ауылын шауып, атын тартып алып, соққыға жыққанын кімнен жасырамыз? Менің жылқымды қуып кетті. Әрине, менің малым ізсіз кете ме? Жоқ. Мен атқа қонып, атойлап барып, жылқымды түгел, тұяғына тұяқ қалдырмай қайтарып алдым. Не дей алады? Сонда не деді ол маған, ә? «Білмей қалдым. Жігіттер байқамапты» деді ғой міз бақпай. Сонда маған осылай істеген ол басқаға теңдік берді ме? Қайдан берсін. Бермеді. Менде де қалың қол тұр. Керей-уақтың сойыл ұстауға жарайтыны менің қасымда. Маған ол тікелей келіп тиісе алмады. Ал басқаның бәрі бірдей Есенеі ме? Жоқ. Елдің бәрінде мендегідей жасақты қол жоқ. Қара қазақ талауға түсіп, талғажаусыз қалды. Бірақ ол оған қарамады. Ол қазақтың қамын жемеді. Жеке өз басының қамы. Мақсаты – хан болу. Орысқа қарсы ша-



уып, тағы да қазақты қырғынға ұшыратты. Арқа мен Алатаудың игі жақсылары оған айтты ғой. «Орысқа қарсы шығу үшін күш керек» дедік. Орыстың ішіндегі татарларға, естектерге, Сібір халқына хабар салынды. Олар келісті. «Тек мұқият дайындалып, бір мезетте іш пен сырттан соққы жасайық» дегенді айттық оған. Ол оны тыңдамады, ойға-қырға найзасын көтеріп шауыпты. Орыс ормандай көп. От қаруы жетерлік. Күші басым. Бір қазақтық әлі бар. «Оны басқалармен бірігіп барып жеңейік» дегенге көнбеді. Ақыры не болды?

Жә, менің айтайын дегенім тіптен де ол емес. Айтайын дегенім тіптен басқа. Басқа болғанда да бөтеннің жайы емес, өзімізге қатыстысы. Арқадағы алты дуанның ең ірісінің бірі Атбасар болар, солай ма?

– Солайы солай.

– Оның солай екені даусыз.

– Солай болса, жаңадан Атбасар дуаны құрылды ма?

– Құрылды.

– Соған төрт босағасы түгел тұрған бағаналылар кіре ме?

– Кіретініне кімнің күмәні бар?

– Күмәні болмаса, сол дуанға алда аға сұлтан сайлауы өтеді.

– Өте берсін, онда кімнің не шаруасы бар?

– Пәлі, деген-ау, ей, әңгіменің өзі де сонда жатқан жоқ па?

– Қалай сонда?

– Уәлиханның Шыңғысы осы жақтың аға сұлтаны болғаны аздық еткендей, енді сол Атбасар дуанын да қолына алғысы келеді.

– Оны қайдан білдің, өзі келіп ақылдасты ма сеніменен, әлде ояз сәлем айтып жіберді ме? Қайдан, кімнен, қашан естідің? Біреулердің арандатуы болып жүрмесін, – деп Алшынбайдың сүбелей сұрағаны Еснейдің ескі жынын қозғап жібергендей. Көзі ежірейіп:

– Мені бостекі сөз айтатындардың қатарынан дейсіңдер ме? – дегенде даусы да жарықшақтана шықты. Еснейдің сырын бұрыннан жақсы білетін Алшынбай:



– Жо-жоға, түге, олай емес, тек әншейін нақтылай түсейік дегендік, – деп оның ашуын басқандай болды. Өзі шақырып отырып, өзі дау шығарудың қисынсызын білген Еселей де ыңғайға тез көне қалды. Өттең, өзінің шаңырағы, әйтпесе Еселей кімге есе жібергендей?

Үнсіз отырып қалған үй иесіне қарата Алшынбай:

– Ия, қалай болды өзі? – деді, әлгіндегі сөзді жалғастыруын өтінгендей. Осыдан кейін Еселей де шешіле берді.

– Омбыдағы алты дуанды басқарып отырған ояздың кеңесшісі Көшеннің Тұрлыбегі дегенді естулерің бар ма? Білесіңдер ме? – деп Еселей қасындағы екеуіне сұраулы жүзбен қарағаны сол, ол екеуі де салған жерден, мүдірместен:

– Білеміз, білеміз, – деп, бастарын изей қоштай түсті. Екеуінің де лезде өз ыңғайына жығыла қалғанына іші жылып сала берген Еселей:

– Білсеңіздер, сол Тұрлыбек – менің бөлем. Бөле болғанда да өте жақын. Сол жақында маған арнайы келіп кетті. Сонда оның айтқаны мынау:

Шыңғыс төре аға сұлтандыққа ұлы Шоқан Шыңғысұлының кандидатурасын ұсыныпты. Ояз «Ойланайық, қазақтар өздері басқа біреуді ұсынбай ма?» дегенде, ол «Шоқанжанның алдына қарсы шығар қазақта әзір ешкім туған жоқ. Шықпайды» деп кесіп айтыпты. Ояз басын шайқап, «Олай болса жақсы, көрейік. Көмектесеміз» дегенді де екіұштылау білдіріпті. Тәрізі, «Береріңнің көлеміне қараймын» дегені болар. Көмейі көрініп-ақ тұрған жоқ па? Аллаға шүкір, бір емес, екі ояздың болса да аузын жабатын жағдай бар ғой қазір біздің де қолда. Солай емес пе, ә? – дегенде екі көзі оттай жайнап шыға келді. Үні де манағыдай емес, ашық-жарқын. Меймандарына «Бұған енді не дейсіңдер?» деген сауалдың да басын ашып алды. Сөзі оларға ой салғанын түсінді. Түсінді де, тағы да нақтылай түскісі келгендей:

– Осыны ортаға салып, ақылдассақ деген едім. Не қосарларыңыз бар? – дегенде, назарын алысқа салып отырған Алшынбай алдыменен тіл қатты:



– Ал естідік, білдік, сонда дәл қазір не істеуіміз керек біздің? Оның үстіне, Атбасар дуанына негізінен мына құдаңыздың елі – бағаналылықтар жатады. Бұл – бір. Екіншіден, қазақта Шыңғыстың орысша оқуды тауысқан Шоқандай ұлына қарсы шығар кім бар? Шыңғыстың мұнысы «Шаппай бер, бөйге менікі» дегені болар, – дегенде, Есенеі «Ендігі үміт өзіңізде» дегендей Қадір биге бұрыла қалды.

Әңгіменің айналып келіп өзіне тірелерін «ә» деп Шыңғыс төреге ауыса бастағанда-ақ аңғара қалған Қадір би Есенеідің түпкі ойын түсінген. Бірақ салмақты мінезіне басып, сыртқа сырын алдырмай, сыпайы қалпын сақтап, кеудесін тік ұстап, шалқақ отырған бойы тіл қатар түрі жоқ.

Қадір бидің бұл отырысына қарап оның арғы жақ ойында не бар екенін білу тіптен де мүмкін еместей. Оны Есенеі де, Алшынбай да, Құнанбай да түсінді. Ел арасында «Бағаналы Қадір би арбасқанды сөзбен емес, көзбен түсіреді» деген сөз айтылып келе жатқалы қашан. Оны бұл екеуі де талай адамнан сан рет естіген. Енді, міне, соны өз көздеріменен көріп отыр.

Бұлардың қандай күйде отырғанын ішінен біліп, үнсіз отырған бидің әлі қанша тіс жармасын ешкім де білер емес. Төзімі таңнан кешке, кештен келер таңға жетердей-ақ. Әсілінде, алдындағы кісінің сөзіне құлақ аспағандай болып, оны жауапсыз қалдырғанын қаламайтын Есенеідің лездің арасында-ақ қабасы түйіліп, жұтқыншағы жұмырлана қалды. Оның енді сәл болса ашудың асау толқынымен айқаса кетерін білетін Алшынбай тамағын кеней сөзді бастап жіберді.

– Есенеі мырза, айтуың орынды. Шыңғыс пен Қоңырқұлжа да алдына жан шығармай жүргенін көріп-ақ жүрміз. Амал не бірақ? Қара қазақ айтуға шебер де, істе шорқақ, қорқақ екеніміз өтірік пе? Қадір би де тереңнен ойланып, ой түбіне жете алмай отыр, білем.

Ол рас, Шоқандай оқыған, Шыңғыстай шіріген байменен кім тең келіп, кім қарсы шыға қояр дейсіз? Қадір бидің қолын байлап отырған да сол болар. Әйтпесе, аға сұлтан сайлауы басқа емес, сол бағаналы ағайындарға тікелей қатысты. Біз білетін



қазіргі бағаналы балалары арасында суырылып, «Мен» деп шыға қояр кім бар? Бидің қиналысын да түсінейік, – деп бір тоқтады.

Алшынбайдың бұл сөзі Есенейге от бергендей. Қадір биге қарата:

– Құдеке, не айтарыңыз бар? – деді. Сонда ғана Қадір би орнынан ырғала бір қозғалып алып, сөзді түйдектете-түйдектете, төгіп-төгіп жіберді.

– Мырзалар, сөздеріңде қате жоқ. Дұрыс-ақ. Жан ашығандық та шығар. Ағайындық та бар. Ақылдасқанның айыбы жоқ. «Ойды ой түртеді» деген ғой бұрынғылар. Ортаға ой қосу – бірліктің белгісі. «Алдағы сайлауда кім аға сұлтан болады?» десек, оны ең алдыменен бір Алла білер. Жаратушы жалғыз хақ ол тақты кімге бұйыртса, сол болар. Оған кімнің дауы бар?

Әрине, қол қусырып үйде отырып, «Әпер, құдай, балтамы» деген де бекершілік, білем. Талаптанып, талпынбағанға талғажау қайдан келсін? Атам қазақ «Жыламаған балаға тамақ қайда?» демей ме? Ендеше, аға сұлтан сайлауына түсетін кімдерің бар десендер, айтайын. Бұл Шыңғыс тұрмақ, сонау хан Шыңғыстың кезінде де бағаналы балалары бұғып көрмеген. Енді мына Шыңғыстан кейін шегінетін қай ретіміз бар біздің? Шыңғыс ханның өзі Кетбұқа бабама төрт таңбалы мөрін басып, аса құрмет хатын беріп тұрып:

*Төрт құбылаң сай болсын,
Ұрпағың түгел бай болсын.
Төрт босағаң тең болсын,
Жайлауың жасыл бел болсын,
Тұнығың айдын көл болсын.
Бағаналы – басты орда
Бас қосатын төр болсын, –*

дегенін есті қазақ есте сақтап келеді емес пе? Ендеше, сол «Бағаналы – басты ордада» туып, өсіп-өнген бүгінгі ұрпақтың ішінде кім жоқ дейсіздер. Атағы алты алашқа жеткен небір дүлдүлдер



мен бұлбұлдар шыққанын білесіздер. Таңдайынан інжу-маржан жыр төккен ақындар да, найзасына жау түйреген батырлар да болған, әлі де ортамыз ойсыраған емес. Жаттың тілінде сөйлегенде олардың өздерін сүріндіретін нешеме шешен ғұламалар бар. Бір орыстың ғана тілінен бөлек, француз, неміс, ағылшынша сөйлегенде мүдірмейтін жастар жетерлік.

Біздің бағаналы балалары бабамыз Кетбұқа айтқаннан айнымай келеміз. Төрт босағамыз тең, жан-жағымыз кең. Сыртты жауға, ішімізді дауға бермейміз. Жесіріміз қаңғымаса, жетіміміз жыламаса дейміз. Шыңғыстың Шоқан төресі туралы бөтен сөз естігеніміз жоқ. «Орысша оқып, орыс тірлігіменен өмір сүруге бейімделген» дейді ғой. Ал енді ол келіп, «Аға сұлтандыққа түсемін» десе, түссін. Кім оған «Түспе» дей алар? Түсе берсін, – дегенінде Есеней:

– Қадеке, құда, бұл не дегеніңіз? Сонда елімде оған теңдес ер жоқ дегеніңіз бе бұл? – деп дік ете қалды. Құдасының мұнысына Қадір би үнсіз жымыып:

– Жо-жо-жоқ, мырза, тіптен де олай емес, – деді. Оған «Түсінбедім» дегендей Алшынбай да аңтарыла қарап:

– Бағаналының ішінен кімге жіп тағасыз сонда? – деп, оның ойын білуге асықты. Екеуінің білгісі, естігісі келіп отырғаны «Кандидатураң кім?» дегенге тіреліп тұрғанын іші сезіп отырған Қадір би бұл жолы екеуіне алма-кезек жанарын тоқтата қарап:

– Елдің тізгінін ұстайтын мықты-мықты жігіттер бар, – деді. Осы сөзді тосып отырғандай, олар жан-жақтан сауалды сауылдата бастады.

– Шоқанға қарсы кімді саласыз?

– Атын ел танитын азамат па өзі?

– Ата-тегі қай жақтан? – деп сүбелей түскендерге бірдей естілетіндей етіп:

– Оны мен бүгін айта алмаймын, – деді Қадір би. Олар сонда да тоқтар емес.

– Сіз айтпағанда оны кім айтады?

– Қашан айтасыз?



– Кімнің атын ұсынасыз?

– Шоқанның атынан шошитын біреу болмаса етті.

– Адамнан адам шошымаса керек. Шоқан – тым жас. Елдің ішінің ырың-жырыңын біле қояр ма екен? Жас тұрмақ, тісқаққандардың да сан соғып қалып жатқаны қаншама? Оң мен солын еркін танитын азамат табылар-ау. Шыңғыс төре «Жастың меселін қайтарып аламын» деп қорықпай ма екен-ау, – деп бір тоқтаған Қадір биге:

– Оу, биеке, сіз жұдырықтай Шоқанның жайын ойлайсыз ба, әлде төрт босағасы берік тұрған бағаналының қамын жейсіз бе? – деп, сауалды енді ашық қойды. Қадір би оған да саспай сыпайылады:

– Еншісі бөлінбеген қазақтың бөтендігі бола ма? Атам қазақ «Болар баланың бетін қақпа, белін бу» демеуші ме еді. Жас дегенде топқа түсіп, томағасы сыпырылмағанның жүзі жасып, сағы сынып, көңілі басылып, «Әй, қазағым» деп қалың елге назалы болып қала ма дегендігім де.

– Қадеке, оны анау Шыңғыс ойламаса, сіз несіне қиналасыз оған? – деп Есенеі ежірейе қалды. Әңгіменің ауанын бағып отырған Құнанбай:

– Қадір бидің айтып отырғаны рас. Алыста, шетте «Қазағым, қазағым» деп жүрген ұл ауылға келіп, аттан құлағандай ауып түссе, өсер жастың басы тасқа тигендей болары анық. Қадекеңнің айтпағы осы. Әйтсе де, Шыңғыс төре осыны білмей отыр дей аласыздар ма? Жоқ. Біліп отыр. Біле тұра баласын отқа итеруде. Анық жаны ашып, оны билікке тартқысы келсе, сол оязға барып, «Менің жасым келіп қалды, орныма баламды қой» демей ме? Олай демеді. Себебі – «Маған кім қарсы шығады, айттым, болды, кестім, үзілді» деген кеудемсоқтық. Ендеше баланың жолын біз емес, Шыңғыс төренің өзі байлауда. Міне, гәп қайда, – деді.

Құнанбайдың осы сөзі түрткі болды ма, әлде басқа бір ойлағаны бар ма, Қадір би:

– Олай болса, аға сұлтан сайлауына бағаналыдан кандидат түсері анық. Ал оның кім екенін қосымша хабарлаймын. Осы-



дан барысымен төрт босағаның басын қосып, бұл жәйді ортаға салып қараймыз. Көргеннің көзі, айтқанның аузы тоятын азаматтар бар. Бір емес, дәл қазірдің өзінде бірінен бірі өткен екі арыстанның келбеті көз алдымда тұр. Солармен сөйлесіп, екеуінің біріне ен тағармыз, – деді.

Қәдір бидің бұл сөзі бар әңгіменің тоқтамындай әсер етті. Есеней де, басқалары да: «Алла хош көрсін!» – деп алақандарын жайып, Қәдір биге қарады. Оларға би де қосылып, Аллаға тілек дұғасын оқып, ықылас етіп: «Әумин!» – деп беттерін сипады. Бұл Алланың атын ауызға алып анттасқандықтың жол-жоралғысындай көрінді.

Бас қосқандағы негізгі әңгімеге көңілдері толған меймандар ертесіне: «Ал енді көріскенше күн жақсы», – деп, бір-бірін құшақтай көрісіп, қоштасып аттанды. Қәдір би де аттың басын елге қарай бұрып, жолай Есіл бойын жайлап отырған Сандыбайдың сары Ердені мен Дүзеніне соға кетуді жөн көрді.

* * *

Қәдір би аттың басын Есілдің бергі бетінде отырған Сандыбай балаларының ауылына бұрды. «Қайтарында соғады-ау» деп ойлаған Дүзен мен Ерден екеуі де оны күтіп отыр екен, қысырдың тайын сойып қарсы алды. Елдің жайын әңгімеге өзек ете отырып, сөз орайына орай Қәдір би:

– Ерденжан, осы жолы мен бір ой түйгенімді білесің бе? – деді.

«Бидің өзі бір сөздің шетін шығарар-ау» деп, аңысын аңдып отырған екеуі де саспастан, оған жанарын тіктей қарап:

– Жо, жоқ, биеке, айта отырыңыз, білмесек білейік, естиік, – деді. Қай шаруаға болса да Ерденнің бірден елп ете қалмайтынын білетін би дауысын сәл-пәл көтере түсіп:

– Ендеше тыңда, Ерденжан. Мен мынандай ойға келдім, – деді де, өзі сөзін әрі қарай жалғай берді. – Керейдегі құдам Еменәлінің туған ағасы, елге белгілі Есенейдің шақыруымен соның ауылына барып қайттым. Онда ел мен жерге қатысты көптеген әңгіме айтылды. Ол – енді өз алдына бөлек әңгіме. Оны



кейін төрт көзіміз түгел отырғанда айтармын. Қазіргі айтарым ол мына тікелей өзіңе қатысты, – дегенде Ерден:

– Біздің арамызда жеке, бөлек әңгіме болмаушы еді ғой, – деп қалды. Оның бұл сөзін би де далаға тастамады.

– Сөз жоқ, Ерденжан, айтайын дегенім мынау: бағаналының қазіргі жері жылдан-жылға тарылып бара жатқандай. Неге дейсің ғой?

– Ия, ия.

– Сарысудың бойы біздің уыстан шығып барады. Осылай кете берсек, Сарысудың арғы бетіндегілер жылжи-жылжи бергі бетке өтіп кетсе, санымызды соғып қалмаймыз ба, ә?

– Мүмкін.

– Әне, әңгіме қайда жатыр...

– Сонда не істеуіміз керек?

– Ештеңе де.

– Қалайша, қол қусырып қарап отыра берсек, әрине, жерден айырыламыз.

– Дұрыс айтасың, бірақ сойыл сүйретіп, қылыш көтерудің еш керегі жоқ.

– Енді не дейсіз?

– Айтарым мынау: кешегі Сандыбай батырдың ауылыменен арамыз алыстап барады. Алыс-беріс, барыс-келіс те азайды.

– Тоқ етерін айтыңызшы.

– Айтайын, сәл ғана шыда.

– Дегенмен де...

– Біздің ауыл – әкең Сандыбайдың қайын жұрты.

– Білем, білем.

– Білсең, оны естен әсте бір шығарма.

– Әрине, әрине.

– Солай десек, Есілден көшіп, қос Кеңгірдің бойына келіп қосынды тік.

– Сөзіңіздің жаны бар, бірақ...

– Неге күмілжідің, бөгелмей айт, айта бер.

– Айтқанда-айтпағанда, менің соңымда қаншама ел бар. Тыпырлаған тұсақ, тасырлаған тұяқ дегендей. Кеңгір кең болға-



нымен де жайылым тарылып, жайымыз жақсара қойса кәне. Бұрынғылар «Ағайынмен алыстан сыйлас» деп бекер айтты дейсіз бе? Анық елге қарай көшті бұр десеңіз, тура сол Сарысудың арғы бетіне бір-ақ неге өтпеймін? Алдымнан кім қарсы шығар екенін көрейін, – деп Ерден орнынан қозғалақтай бастағанда Қадір би:

– Батыр, сабыр етіп, соңын тыңда. Мен сөздің басында не дедім, есінде ме?

– Не дедіңіз?

– Ендеше тағы бір қайталап айтайын, есінде болсын, «Қылыш көтеріп, найза тіреп, сойыл сүйретудің керегі жоқ» дедім емес пе?

– Ия, ия, солай дедіңіз. Әйтсе де, соңы соған бәрібір апарып жүрмей ме?

– Апармайды.

– Қалайша?

– Оның әдісі бар.

– Қандай?

– Ол былай болады. Мәселен, Кеңгірге келіп, көшіңді тірейсің.

– Содан кейін?

– Мен елімді алып, Сарысуға қарай жылжимын.

– Оу, би аға, бұл болмайды ғой.

– Неге?

– Негесі сол, ел түсінбей, «Сандыбай сыйлаған Барлыбай ауылын оның балалары ығыстырып шығарды» деген сөз бізге оңай болмас.

– Ә, эне, көрдің бе, елдің солай дейтінін мен білмей отыр дейсің бе? Білемін. Білгеннен соң да саған осылай дедім. Ел ішіндегілер «Қайтсін-ай енді» дейді. Ал сен Сарысу жаққа бірден барсаң, алдыңнан сойыл көтеріп, еліріп шығатындар табылады. Оның соңы сойқанды соғысқа ұласса, одан кім ұтып, кім ұтылады? Білдің бе?

– Білгенде де...



– Әрине, бұл «Бүгін барып, ертең көш» деген емес. Ақырын жинақтала берсең болады. Ең бастысы, жан баласына жақ ашып, «Кеңгірге көшемін» дегенді өзiрге айтпа. Әбден ойымыз жүзеге асқаннан кейiн жата-жастана айтыла жатар, – деп Қадiр би Ерденге: – Бұған не дейсiң? – дедi. Осыны күтiп отырғандай, Ерден де:

– Ойыңыз құптарлық. Бiрақ бұған Шегiр мен Бабыр би қалай қарар екен? – деп қарсы сауал тастады. Ерденнiң бұл сөзiне жымия бiр күлiп алған Қадiр би сәлден кейiн барып:

– Ол екеуi де бұдан тыс қалмас, бiлем. Оған алаң болма. Тек өзiрге әңгiме өз iшiмiзде қала тұрсын, – деп тамағын кенеп алып, жан-жағына және бiр назар сала қарай қалды. Көзi оң жақ керегенiң ұшына iлiнген сегiз өрiм дойыр қамшыға түстi де, Ерденге қарап:

– Мынау қорғасын қоса өрiлген қамшы Сандекемдiкi ме, жоқ, әлде өзiңдiкi ме? – дедi. Өзiне арнап айтылса да, бiразға дейiн жауап қайтаруға онша да мұнша асыға қоймаған Ерден сәлден соң:

– Сiз кiмдiкi дейсiз? – деп қасын кере, маңғаздана бұрылды. Ө дегенде-ақ көзiнен от шаша қулана қалғанынан жалтарма жауап берерiн бiлген Қадiр би:

– Мен кiмдiкi екенiн бiлсем сұраймын ба? Ыңғайыңа қарағанда, тәрiзi, сенiкi болар-ау, ө? – дегенде:

– Дәл таптыңыз, бұл – менiкi. Атбасарда арба жасайтын Әбдiрей деген орыс шеберiм бар. Соның жасағаны. Қыздың бұрымындай бұрай өрiп, арасын қорғасынмен көмкергенi сырт көзге көп байқала қоймайды. Сiздiң әлгiнде «Сандекемдiкi ме?» деуiңiздiң астарында сол жатқан сияқты ғой, – деп бiр қайырып тастады.

Ерденнiң қамшыны қолына ұстап, әрлi-берлi сiлтеп алғанына сүйсiнген Қадiр би:

– Ерденжан, мен осы барысыменен төрт босағаның кеңесiнде әлгi әңгiменiң жалғасын ортаға салармын. Соған сен де дайын болып, бiр шешiмге бекiп кел. Саған соққанда осыны ойыңа салып кетудi ойлағам. Ендi Кеңгiрде кездесейiк, – деп, алдағы



болар кеңестің маңызды мәселелерді қарарынан да хабардар еткендей болды.

Қадір бидің бұл сөзі Ерденді де ойландырып кетті. Айтылған мерзімнен кешікпей, келесі кеңеске жетуге Ерден де асықты. «Бидің айтып кеткеніне қандай жауап қайтарсам болады?» дегенді әлденеше рет тіл ұшына оралта берді. «Не болса да, төрт босағаның кеңесінде әңгіменің ауанына қаралық» деп шешкен ол үш бидің алдында айтарын жүйелей берді.

* * *

Әр сапардан оралғаннан кейін билердің кеңесінде барған жерінің хал-ахуалы мен шаруасы жайлы ортаға ой тастап, көңілге түйгені мен болжаған болжамы жайлы айтудың бұл жолғы реті Қарабала Қадір бидің өзінде қалды. Кеңес басталысымен Қадір би:

– Құда Есенеидің атан түйедей қалап не үшін шақырғаны жайлы кеңірек, кеңейтіп айтамын, оның алдында, осы жолы жолдың қашықтығы мен ауыл арасы ағайынның бір-біріне барыс-келісінің алшақтап бара жатқанына көзім жетті, – деп бастады да, одан әрі: – Бұрынғы бабаларымыз «Бармасаң, кел-месең, жақының да жат болар» демеп пе еді, міне, осы сөздің шындығына иландым, иландым да терең ойға берілдім. Алдыменен төрт көзіміз түгел отырғанда осының басын бір ашып алсақ қайтеді? – деп ортаға ой тастап, қасында отырған Шегір мен Бабырға, төбесі төңкерілген қазандай болып, шүйдесі шоқайып, екі иығын кезек-кезек қозғалақтатқан Ерденге қарап алды.

Әдетте қандай қиын-қыстау іс болса да дәл бұлай алыстан орағытып, айналдырып тастамайтын бидің бұл жолғысына таңырқай қараған Бабыр би:

– Уай, биіміз әрі піріміз, қадірменді Қадеке, сөзді тереңнен тебірене тастағаныңа қарағанда, керей-уақтан көп нәрсені көңіліңе түйе келгендейсің бе, ә? Қалай? Ел орнында, жер орнында, Есенеиге барғанда «Ананы анандай, мынаны мынадай етіңдер» деп бетіңді басқа бір жаққа, біз білмейтін бағытқа бұрып жібергеннен сау ма өзі? Не болса да тұспалдамай, тура,



ашығын ашып айтсаңшы. Білейік. Естиік. Ортаға салып ақылдасайық. Солай ма? – деп екі көзі ежірейіп, қос құлағы тікірейіп, астыңғы ернін тістене жымқырып отырған Шегірге қарады. Шегір де:

– Солайы солай-ау, әйтсе де дәл бұл шаруаға, менің білуімше, абақ керей Есенейдің еш қатысы жоқ болар. Сөздің төркініне қарағанда, биекем «Ағайынның жат болмағы» деп қалды және «Жер шалғай, барыс-келіске қиын» дегенді де бекер айтқан жоқ деймін. Демек, бұл бағаналының төрт босағасына тікелей қатысты тамырлас іс шығар. Әйтпесе, негізгі шаруаны сырып тастап, әңгімені төменнен жоғарыға қарай бастауына себеп не? Оны Қадекенің өзі айтсын, – деді. Шегір қашанғысынша «Бүтіндіктің басы – бірлікте» дегенді алға ұстап, ағайын арасында артық сөз шығып кетпесін деген негізгі ойын ірікпеді.

Екі бидің де дәл осылай айтарын күн ілгері біліп отырған Қадір би енді Ерденге қарағанда, ол:

– Екі ағамның ойына қосыламын, – деп иегін көтеріп, басын изей берді. Қадір би ендігі бөгелудің еш мәні жоғын сезгендей болып, іркілмеді.

– Уай, ағайын, сөзді асқанымнан емес, қатты сасқанымнан бастап отырмын. Күні кеше дегенде Есенейге барып келдім. Оны білесіңдер. Бұрын желдіртіп, жетіп барып келгенде аттан секіріп түсіп, секіріп мінетін едік. Атсоқтылық па, дене ауырлады ма, жолдың қашықтығы ма, болмаса осы үшеудің бірлескен әрекеті ме, қайдам, әйтеуір шаршағандай күй кештім. Қайтар жолда Сандекемнің шаңырағы деп Ерденжанның ауылына ат басын тіредім. Солай ма, Ерденжан?

– Солайы солай, би аға.

– Солай болса, саған айтқан сонау бір әңгімем есінде шығар?

– Есімде, есімде.

– Ендеше, менің айтарым да соған байланысты. Жер шалғайлығы қол байлаулығына әкеледі. Алыста ағайын бар деп сырттай иемденіп, еміренгеннен де, «сіз-біз» деп қатар отырып, шыж-быж болған дұрыс па дедім. Бұлай деуім де бүгінгі бағаналының төрт босағасының жаз жайлауы, қысқы қыстауы, күзгі



күземі, көктемгі төлін өргізетін мекенінің межесін қайта қарап, жердің бөлісін ішкі-сыртқы жайға қарай жайғастырсақ дегеннен шығады.

Олай деуімнің астары, мына жақтағы Сарысудың бергі бетіне өткен Кіші жүздің жігіттері жылма-жыл таяқ тастамдай болса да бізге қарай сұғына, ішкерілей еніп келеді. Алдынан шығып, «Оу, мұның не?» дегенге олар «Бір-ақ аттам аттадық» деп кішірейіп, шегініп, келесіде енді екі аттап алға ұмтылып келеді. Бұл ауыл арасындағы барымта-қарымтаға да жол ашады. «Мал ашуы – жан ашуы», ел мен елдің ортасына сызат түспеудің жайын қарап, жолын табайық. Сол үшін жерді өзіміз реттесек. Оны алдыменен іргедегілерге ескертуіміз қажет. Сол үшін де осыны бір пәтуласып алсақ қайтеді?

Пірдің сөзі бәрін де ойландырды. Осыншама жыл еркін көшіп, ен жайлаған даланы анау бір жылдары ұлықтың өзі басы ояз болып, көші-қонды рұқсатсыз жүргізбеу туралы бұйрық шығарып, ақыр соңында Орынбор губернаторы мен Сібір губернаторы арыз-шағымның астында қалып, амал жоқтықтан «Бұрынғы жөндеріңмен жүре беріңдер» дегенге келіскен. Солай болып келе жатқан. «Әлі де солай бола берейік» дегенге Қадір бидің өзі «Енді ойланатын кез келді. Бүйте берсек, бар жерімізден аз жылда айырылып қаламыз. Басыбайлы жерді еншілеп, соны көздің қарашығындай сақтайық» дегенді көлденең тартып, көңілге түрлі ой тастаған. Сонда да болса, Қадір бидің сөзі де жерде қалмауы тиіс. Не істеу керек?

Билер біріне бірі қарады. Дәл осы жолы, бәрін күтсе де, жер бөлісі ауызға алынады деп біреуінің де үш ұйықтаса түсіне енбеген. «Ал мен айтарымды айттым. Сендер не дейсіңдер?» дегендей, Қадір би үшеуін де көзбен сүзіп, бақылап, барлап, сөз тосып отыр. Бұдан әрі үнсіз қалудың еш мәні жоғын білген Бабыр би:

– Қадекеңнің айтқаны – жөн. Олай болса, осы жерде оны Шалабай Шегір би шешіп айтсын. Сол не айтса, соған көнейік, – деді.

Оған Ерден де, Қадір би де:



– Дұрыс, дұрыс, Шегірдің шешіміне талас болмайды, – деп оны қоштағанда, Шегірдің өзі:

– Ау, ағайын, осындай бір қиын-қыстау шақ болғанда жаулалатып мені тауып ала қоятындарың қалай? Бәрімізге ортақ жерді неге мен жалғыз өзім бөлуге тиіспін? Ертеңгі күні «Ананың айтқанымен болды» деп келер ұрпаққа көзтүрткі болып қалмаймын ба? Бұған не дейсіздер? – деді. Оның сөзін мұқият тыңдаған Ерден де, Бабыр да, Қадір би де:

– Сөз реті сіздікі.

– Жол да, жөн де сіздікі.

– Айтқаныңа талас жоқ.

– Не айтсаң да, бізге сол мақұл, – деп бірін бірі көтермелей, Шегірге былай-былай бұлтаратын жол қалдырмады.

«Бұлар қинай берсе, мен не айтамын?» деп отырған Шегір енді шегінген жоқ. «Шешінген судан тайынбас» дегендей, шарт жүгініп отырған қалпында оң қолындағы қамшысын жоғары көтере беріп:

– Е, Алла, жаратқан ием, аузыма әділ сөзінді сал! – деді де сөйлей берді. – Уай-ау, ағайын, не дейін? Сөйлесем, сөйлеп кетейін. Артық сөйлеп не етейін. Арқаның ақ самалындай аңқылдап бір есейін. Ұлытаудың саласы, бағаналының бар баласы, бөлінбеген еншісі, берекесі-бірлігі, татулығы-тірлігі тамсандырған талайды, таңғалдырған маңайды. Бәрі бүгін ал енді «Бұларға не болды?» деп те қарайды. Тартысқа, бөлкім, санайды. Тұлпарлардың тұяғы дүбірлеткен даланы, асқар тулар асқақтап, жекелеген дараны, үлгіге іні ұстаған, ардақ тұтып ағаны, ағасы ерткен соңына өсетін жас баланы. Берекелі, еселі, бауырмал ерлер кешегі, кең даланың төсінен мынау таулы даланы мәңгілік мекеніне балады. Бүгінгі оның ұрпағы өсиетке адалды, жастар өсіп келеді абыройлы, саналы. Олай болса, уа, Қадір би піріміз, құрмет тұтамыз бірімізді біріміз. Сыйластықтың белгісі, қимастықтың белгісі – қатар аққан қос Кеңгір болсын сіздің еншіңіз, – дегенде Қадір би:

– Оу, Бозжорға, – дей бергенде Шегір:



– Биеке, қалағаныңды өзің ал, тастағаныңды ініңе бер, – деді.

Мұнысы «Қаракеңгір мен Сарыкеңгірді Қадір мен Ерден алсын» дегенін бәрі де түсінді. «Маған не дер екен?» дегендей бұрыла қараған Бабыр биге:

– Уа, Бабыр би мырзамыз, екі Жезді сіздікі, сіз осыған ырзасыз, – деді. Мұнысы «Екі Жездіні ибеске мен жұртшы алсын» дегені екеніне Бабыр ризалық танытады.

«Ал мұның өзі өзіне не айтады?» дегендерге Шегір мүдірместен:

– Ырғайлы мен Байқоңыр өзені – алты ата ақтазға, – деді.

Ердің құнын екі ауыз сөзге сыйғызар Шегір бидің жер бөлісіне бәрі де бір ауыздан:

– Ризамыз, Бозжорға. «Жерді Алла жаратты, Шегір бөлді» дегенді ұрпақтан-ұрпаққа айта жүрейік, – деп, біріне бірі: – Бөлінген жер берекелі, ырысты, жұғысты, майлы, жайлы, құтты болсын! – деп құттықтап, Аллаға шүкіршілік етісті.

Бағаналы билері бір тоқтамға келіп: «Е, Алла, бірлігімізді бекемдеп, сыйластығымызды арттырып, мал мен бастың амандығын бер», – деп пәтуаға келді.

«Қай жерімнен қате кетті, мүлт кеткен жерім бар ма?» дегендей енді қасындағыларға сынай көз тастаған Шегірге Қадір би:

– Уай, Бозжорға, билігіңе, оның туралығына, әділдігіне ризамыз. Енді бұдан былай қалың елдің ішінде «Жерді құдай жаратты, оны Шалабай Шегір бөлді» деген бір ауыз сөз қалатын болды. Менің қалауым да осы еді. Ерденжан, манағы айтқанымды тағы да көптің алдында ашып, қайталап айтайын. Сен енді анау Есілді жағалап, Арғанатының бөктерін аралап жүргенің жетер. Қос Кеңгірдің бойы – екеумізге де ортақ, айтқан сөзім – сөз. Мен Сарысуға қарай елді жайлап, бір қадамнан аттатып, әрі қарай жылжимын. Ол жаққа сен бірден барсаң, екі жақтан от шығар. Ал мен іргелес, қоныстас отырып, олардың өздерінің айласын өздеріне қарсы қолдансам айыбым не? Ата-бабамыздан қалған Сарысудың екі жағын еркін жайласақ, жер кеңейіп, мал тоғайып, өріс өсіп, жайлау жайылып сала бермей ме? Менің



осы ойыма қалай қарайсыздар енді? – деп қатарласып, тізе түйістіріп отырған билерге көз салды.

Ерден сөздің төркінін ә дегенен-ақ түсінген. Содан да болар:

– Би аға, өткен жолы да өзіңізге айтқанмын. Мен көшіп келсем, жалғыз үй емес, соңыма тасырлаған тұяқ, топырлаған жан ереді. Сіздің ауыл көтеріле Сарысуға, әрісі құмға ошарыла көше бастаса, мынау қалың ел не дейді? «Ой, мынау Ерден Қадір биді қонысынан қуды. Басқаға енді не істемейді дейсің бұл? Көрдің бе озбырлығын» деп, маған сұқ саусағын шошайтып, жеті атамның жер-жебіріне жетіп жатса, жағаға жармасып, әбжыландай арбасқан өмір басталып кетпей ме? Мен осыдан қауіптенем. Келешек дәл осыны біздің түсінгеніміздей қабылдаса жарар еді, бетіме күйе жағып, тіл тигізбей ме? Міне, мен осыған мазаланамын, – деді.

Оны басқалар да тыңдап, Қадірге қарады. Өзінен шешімді сөз күтіп отырғандарға:

– Ерденжанның айтқанында да шындық бар. Бірақ бұл біздің бүгінгі бағаналы балалары үшін қажет болғаннан кейін, солай жасауың үшін керек. Әйтпесе, күні кешеге дейін Кіші жүздің іргемізге көшіп келгені есімізде емес пе? Онда олар қай жерден орын теуіп еді? Енді қазір қайда келді? Қазіргі отырған жер – бағаналының атам заманнан бергі мекені. Бірақ оны осы отырған қайсың оларға беріп едіңдер? Бергендерің бар ма?

– Жоқ.

– Жоқ.

– Жоқ болса, әр көктемде малын төлдете қаптатып, жылы сөлем беріп, жақындап жылжып келеді. Арада қаншама барымта болды. Енді мұның бір шегі болу керек емес пе? Әлде олардың қос Кеңгірге дейін келуін күтіп, күрмеліп отыра береміз бе? Қалай ойлайсыңдар, ө?

– Ойыңыз дұрыс.

– Сіздің сөзге тоқтадық.

– Тоқтасаңдар, аздап болса да алды-артымызға қарап, ойнайық. Онсыз да қаншама жеріміз қалып барады. Ал оларға атын ойнатып Ерден көшіп бара жатса, олар да ел, оған қарсы



шаппай ма? Шабады. Екі жақ шайқасса, шығын болады. Ол кімге пайда? Ешкімге де жақсы болмас. Сол үшін Қарабала, Сарғалдақ, Төртқара болысына қарайтын ағайынға солай – Сарысудың бойына жайлап көшуді өзім айтып, ұғындырамын. Бір айтарым, төрт босағаның осы ұстанымы өз ішімізде қалсын. Сыртқа, тіпті ағайынға да бас-аяғын түгендеп, түгелдеп айтып жатудың қажеті жоқ. Ел не демейді? Ерденнің атына қисық сөз айтылса, ол да кейін түзелер. Ең бастысы, жерімізді сақтап, басқаны басымызға шығармау үшін осылай еткен жөн. Бұған қарсыларың бар ма? – деген Қадір бидің тереңінен ойлап, істің байыбына сай байлам жасай білетін көрегендігіне тәнті болғандар оны қоштады.

Осыменен бұл әңгіме біткен шығар деп қозғалақтай бастағандарға Қадір би:

– Оу, ағайын, менің әлгі айтайын дегенім Есенеі құдаға барып келуім жайлы емес пе еді, осы жолы тіс жармай кетсем, «Бидің ішінде бір бүкпесі кетті-ау» дерсіңдер. Оны да айтайын, – деді. Сонда ғана олар:

– Рас, рас, ал, биеке, құлақ сізде, – деп қайтадан жайғаса бастады.

– Әсілі, құдаға барған қашаннан-ақ жақсы ғой. Құдайдай сыйлап, құрдасындай күтеді. «Ойдың ашықтығы араның қашықтығын жақындатады» деген рас. Есенеідің дастарханы мол, өзім дегенге өзегін жарып берер жайы бар. Жомарттығы мен мәрттігі қатар екені жалпы елге белгілі. Шақыруының мәнісі құда табақ емес, құдалық жайлы сөз қозғалған жоқ. Әңгіменің басы ашық айтылды. Онда Алшынбай мен Өскенбайдың Құнанбайы бар, сол үшеуі алда болатын аға сұлтан сайлауы туралы сыр шертті. Тоқ етері – Атбасардың аға сұлтандығына Шыңғыс төре өзінің орысша оқыған ұлы Шоқанды ұсынып отыр екен. Маған «Сен бұған қалай қарайсың?» деді. Мен «Дұрыс екен» дедім.

– Дұрысы дұрыс.

– Солай болғаны жөн.



– Жә, артын тыңдаңдар. Олар «Бұл Атбасарға ең алдыменен басқа емес, бағаналы елі қарайды» деді. Солай ма?

– Солайы солай емес пе?

– Солай екені рас болғаныменен де, Есенеі мен Құнанбай, Алшынбайлар «Ойланьңдар» дегенді қадап-қадап, тіреп айтты.

– Несін қадайды?

– Нені ойлан дейді?

– Айтып отырғандары – жасы келсе де Шыңғыс төренің өзі аға сұлтандықты ешкімге бермей отыр. Бұл – бір. Екіншіден, Атбасарға аға сұлтан етіп Шоқанды сайлатып алса – «Арқаны түгел уысымда ұстаймын» дегені. «Осы уақытқа дейін төрені төбеге көтеріп келдік. Енді Шоқанды аға сұлтан еткісі келсе, өзі орнын берсін. Екі дуанды қатар билеп, екі жеп биге шыққысы келгені – бізді кемсіткені» дейді олар. Тіпті «Шоқаным тең келер бұлардың кімі бар? Шоқан шаппай бер, шашасына шаң жұқпас хас тұлпар ғой» деп оязға да ой тастап кетіпті. «Осыған орай, басқа-басқа, бағаналының төрт босағасынан аға сұлтандыққа кімді түсіресіңдер? Соны айтыңдар. Біздің де оязбен уәдеміз бар» деді олар маған.

Оларға бірыңғай төре тұқымының билікке ұмтылғаны да ұнап тұрмаса керек. Сол жерде мен ен тағып, ешкімнің атын атап, түсін түстемедім. «Төрт көзіміз түгел тұрып талдайық, талқылайық» деп ой түйдім. Қайтып келе жатып Ерденжанның ауылына, Сандекемнің шаңырағына соқтым. Ерденжанның қорғасын құйып өрілген дойырын көріп, ой тастап кеттім. «Үлкен дойыр қамшы үлкен биліктің иесінің қолында болу керек» дегенді айттым ба, Ерденжан?

Оқыс қойылған сауалға Ерден еш саспастан:

– Айттыңыз, айттыңыз. Есімде, – деп жауап бергенде Қадір би:

– Сондағы көздегенім – «Аға сұлтандыққа қалайсың?» дегенім еді. Енді, міне, соны ортаға салудың реті келіп тұр. «Адамнан жасырғаныңды Алладан жасыра алмайсың» деген, несін жасырайын, ойыма алдыменен інім Арзықұлдың Арыстаны оралды. Түркістандағы ояздың тілмашы, кеңесшісі болып жүр ғой. Оған да кісі салып сөйлестім. Ол «Мен Түркістаннан кете



алмаймын. Бұл ояз ол жаққа хабар айтса, тіптен жаяу қалармын. Алла разы болсын» деп сәлем айтты. Сонда ойға ой қосылып, Сандыбайдың сары Ерденін аға сұлтандыққа ұсынуды жөн дедім.

Әңгіменің аяқ астынан басқа, тіпті де бұлар ойға алмаған арнаға ауысып шыға келгенін енді аңғарған Шегір мен Бабыр Ерденге «Сенің ойың қалай?» дегендей, оған еңсеріле қарады.

Естігенін тез қабылдап, тез ой қорыта қалатын Шегір би бұл жолы Бабырға «Сіз не дейсіз?» дегенді иегін көтере қағып, аңғартып өтті. Шегірдің «Бастай беріңіз» дегенін ұққан Бабыр би тосылмады:

– Піріміздің әрі биіміздің айтқаны көңілге қонып-ақ тұр. Бағаналы да өзін-өзі билеп, меңгере алатынын білдіргені жөн. Шынында да, кешегі Тұран ойпатын түгел алып жатқан бағаналының кімнен кемдігі бар? Әрісін былай қойғанда, Абылайға жөн айтқан Бұқар жыраудың өзі:

*Бағаналы орда – басты орда,
Байсал орда қонған жұрт.
Қара түлкі – қармалжық
Қас сыпайы киген жұрт.
Ақ сары атан аспалап,
Ел жайлауға шыққан жұрт.
Хақтың жолын күзетпей,
Жамандықты ұққан жұрт.
Бас, аяғың бай болып,
Бәсеке дәурен сүрген жұрт...
Бай төбетің маңқылдап,
Байсал тауып үрген жұрт.
Туырлығың – қара кіс,
Түтінге салса саспаған,
Тұра-тұра болған жұрт.
Шоралар сауықпен ішсе тауыспаған,
Ағар бұлақ, сүтті жұрт,
Көп жылдарға бек сақтап,
Есен де есен болған құтты жұрт, –*



деп жырға қосқан бағаналыда небір бағылан мен баһадүрлер, даналар мен данышпандар шыққаны әмбеге аян. Оның соңы сарқылған жоқ. Ендеше Есенейдің ой тастауы орынды. Ал Шоқанның орысша оқығаны, тоқығаны зор шығар. Бірақ бағаналының бүгіні мен өткенін, ертеңін екшеп, ерекшелеуге келгенде жас неме түріліп, түйіліп, тұрып қалмас па екен? Сандыбайдың сары Ердені де оязбен тілмашсыз-ақ сөйлесіп жүр. Петерборға барып оқымаса да, сол Петербордың «Осы қалай?» деген орыс мұғалімдерін Дүзен мырза жалдап әкеліп, оны оқытты емес пе? Олай болса, Ерденжанды қолдайық. Дайындайық. Оязға да айтып, бар жағдайды жасайық. Құдайға шүкір, орыстың кешегі жүргізген санағында «Бағаналының әр үйінің жоғында екі-үш үйір жылқы бар» деп тіркепті. Ол бер жағы болар. Ендеше кімнен шегініп, кімнен сескеніп, кімге жол бергендейміз? Мен піріміздің сөзіне қосыламын. Сайлауға не керек, бөріне де дайынмын, – дегенді Бөкеншінің Бабыры ерекше бір шабытпен, жігерлене жеткізді.

Алдындағы екі ағасының сөзін мұқият тыңдап отырған Шегір би сөзді көшке созбады:

– Мен Ерденжанның өзі қалай ойлайтынын білгім келеді. Бұл бір болса, екінші, бағаналы-балталының қазіргі дәулеті де, қуат-күші де бір сайлауды алуға жетеді, шегінбейік, – деп шірене түсті.

Үш бидің сөзі бір ауыздан шыққанын естіп, көріп, тыңдап отырған Ерден:

– «Шешінген судан тайынбас», түсейін. Бірақ «Иісі қазаққа ортақ ұл Шоқанның мысы басылып, тауы шағылып қала ма?» деген ой мені мазалайды. Әйтпесе, елге қызмет ету – ердің міндеті, борышы. Сіздер қалай шешсеңіздер, мен соған «ия» деймін. Осы уақытқа дейін бағаналы билерінің сөзі бөлектеніп шыққан жоқ. Сол үрдіс, сол дәстүр, сол жол жалғасын тапсын, – деп, сөзінің соңын аяқтамай тоқтай қалғанда, «Оу, бұл неге қысқа кілт қайырды? Ойында бүккен бірдеңесі қалды ма?» дегендей, үш би оған ентелей, ежіктей төне қарай қалды. Бірақ Ерденнің олардың ол ойына да жауабы дайын екен.



Бағаналының төрт босағасының бұл бөтуалы шешімінен былайғы жұрттың еш хабары болған жоқ. Төрт бидің шешімі бойынша, әйтсе де, бағаналылардан Ерден Сандыбайұлы Атбасар дуанының аға сұлтандығына сайлануға ниетті екені көп кешікпей көпшілікке мәлім болды. Оны ең алдымен естіген Есенеі: «Дұрыс болған екен. Ерден – әрі батыр, әрі би, әрі ақын, әрі сал, қобызшы, палуан, жеті жұрттың тілін біледі. Ол аға сұлтандыққа бірден-бір лайық», – дегенді өз маңайына, таныс-туыс, туғандарына, Атбасарға қарасты аймақтағыларға жеріне жеткізе айтып, мақтауын асырып: «Соған дауыс бергендерің жөн», – дегенді айтудан жалыққан жоқ.

Есенеідің сөзін Алшынбай да қоштап: «Шыңғыстың Шоқаны орысша оқыған қазақты «қырғыз» деуден әлі де танбай келеді. Ерденнен қолайлыны таба алмайсыңдар», – деп айналасына өзінің көзқарасын аңғарта бастады.

* * *

Қашаннан бері бірін-бірі сырттай бақылап, аңдысып отырған төрелер мен Есенеі ауылы қайсында не болып, не қойғанын арнайы хабарламаса да біліп отырады. Бұл жолы да дәл солай. Екі-үш күннен бері Есенеі мен бағаналы Қадір би алқа-қотан отырып мәжіліс құрып, ешкімге білдірмей, былайғы жұрттан жасырын жиын өткізгенін Қоңырқұлжа төреге сонда жүрген жансызы: «Есенеі төрелердің түбін қазып, алдағы сайлауда алдын орап кетудің қамына кірісіпті. Сол үшін де Ұлытаудағы бағаналылардың төрт босағасының бірі, өзінің інісі Еменәлінің туған құдасы Қадір биді арнайы адам жіберіп, атан түйедей қалап шақырыпты», – деді. Қоңырқұлжаның тапсырмасын екі етпей орындайтын жансызы естіген-білгенін төресіне ауызба-ауыз айтқан. Жансызының хабарынан кейін ол дереу Шыңғыс ауылына қарай бет алды.

Шыңғысқа келіп, сәлемнен соң әңгіменің төтесіне тіке көшкен. «Есенеідің ауылына бағаналының төрт босағасының бірі әрі пірі саналатын Қарабала Қадір би келіпті, «Атбасар дуанына аға сұлтандыққа сайлауға түсетін Шыңғыс төренің ұлы Шоқан



ның алдын ораймыз» депті», – дегенді Шыңғысқа жерден жеті қоян тапқандай ентіге, желпілдей жеткізген. Оның бұл хабары кеше түс ауғанша-ақ Шыңғыс төренің құлағына шалынған. Оны жеткізуші – өзге емес, сол Еснейдің өзінің туысы. Сол Еснейдің ауылындағы әңгіменің негізгі ауанын естіген бетте жедел атқа қонып, Шыңғысқа жеткенше асыққан.

Енді, міне, өзіне асыға жеткен Қоңырқұлжаның айтары да аз болмады. Естігенінің үстіне өсіре қосып:

– Анау бағаналы Қадір би мыналарды желпінтіп, дем беріп кеткен сыңайлы. «Шыңғыс, Шоқан дегенді екі-үш мәрте даусын көтере айтыпты» деп естідім. Бірақ оны неге негіздегенін біле алмадым, – дегенде Шыңғыс:

– Біле алмайтын жөнің бар. Оған сенің өрең жетпейді. Өрең жетсе, «Анау Қоңырқұлжа шауып отырып Шыңғысқа барыпты» дегізбей-ақ, бұл шаруаны өзің сол жақта-ақ ойлап, шешіп алар едің ғой. Оған да, әрине, ойлану үшін де ми керек, – деп мырс етті.

Оның мұнысы «Елдің көзіне түсіп, тапа-тал түсте шауып жетіп келгеніңе жол болсын» дегені екенін Қоңырқұлжа да түсінді. Сонда да болса оны жауапсыз тастамады.

– Мен жетіскеннен желіп келді дейсің бе? – деді. Оның бұл жолғы үні бұрынғысынан қоюлана шықты. Есесіне Шыңғыс төре жымия күліп:

– Келісінде қате жоқ. Келгенің жөн. Десек те, анау Алшынбай мен есі кеткен Еснейге жел беріп, желпінтіп жүрген Қарабала Қадір бидің жайын өзің шешетін жолды тауып келуің керек емес пе еді? Соны да саған мен айтайына ба? – деп оған бұрыла қарады.

Оның ойының арғы жағын ұғына қойған Қоңырқұлжа:

– Мен оның жолын тауып келдім, – деуі мұң екен, Шыңғыс оған қарап иегін қағып:

– Қандай жол тапқаның? Батпақ па, әлде даңғыл ма? – деді.

– Жол – сол бұрынғы Шыңғыс бабам салған, тізесі барды бүгілдіріп, басы барды илдіру жолы.



– Ол қай заман, бұл қай кез екенін есіңнен шығарып алған-сың-ау, шамасы.

– Әңгіме заманында да емес-ау сол. «Атадан ұл туса игі, ата жолын қуса игі» дегендей, Шыңғыстың тұқымы қаймана қай қазақтан қаймығатын еді? Қашаннан бері төренің алдына қара қазақ шығатын болған? Тәубасына түсіріп, тас-талқан етпесең, осы басынғандары – басынған. Балақтағы битті басқа шығарып отыра берсек, төре атымызға таңба емей немене? Бетімен кетіп бара жатқан бағаналылардың мойнын қайырып, жағын айырып, басын бұрып қоймасақ, басқалары төске шығып, төбеге ойнақ салмай ма, ө?

– Сөзіңнің жаны бар, бірақ сол сенің менсінбей отырған бағаналыларыңды Шыңғыс ханның өзі «Бағаналы – басты орда, төрт құбылаң тең, төрің кең болсын, сыртыңды жау, ішінді дау алмасын» деп жалпақ жұртқа жариялап, «Дұшпаның қашық, жолың қашанда ашық болсын» дегені есті құлақтың түбінде әлі де ызыңдап тұрғанын естен шығарасың ба?

– Жоқ. Оны мен ұмытпадым. Бабамнан бата алған сол Кетбұқаның ұрпақтары неге алдымызға ойқастап шығып, оқырандайды. Бұған не дейсіз?

– Мен не дейін мұныца, бірақ төрт құбыласы тең, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаратын бағаналылар «Ойбой, Қоңырқұлжа төре бізді шабайын деп келіпті, жаздық-жаңылдық» деп елп ете қалса, кәнеки. Ал олай болмай, табаныңды тіліп, шашыңды жұлып, басыңды кесіп, найзаға шаншып, іліп қойса не етерсің?

– Бұрынғылар бекер айтпаған «Айдаһарды үш кессе, кесірткедей әлі бар» деп. Мына жағымда орыстың оязы тұр. Орыстың қырық солдаты қолымда. Олардың от қаруы, түйеге теңдеген зеңбірегі бар. Өзімнің қарулы сарбаздарымның қолы қышып «Жау қайда?!» деп жалаңдап тұрғандарына да көп болды. Топты қолды бастап, үстеріне сау етіп жетіп барсам, бастарын көтере алмай аяғыма жығылып, жан сауға сұрамаса маған келіңіз, – деп Қоңырқұлжа Қарабала Қадір бидің ауылын тұтқиылдан барып



ойран-ботқасын шығарып, шауып алғысы келетін жоспарын Шыңғысқа жайып салды.

Қоңырқұлжаның ойын ұққан Шыңғыс шошып қалды. Үнсіз отырып қарсы алдындағы Қоңырқұлжаға және бір рет қабағын түйе қарап, сәлден соң:

– Сен осыны өз миыңмен ойладың ба, жоқ, әлде құлағыңа әл-дебіреу сыбырлады ма, ә? Сен барып Қадір бидің ауылын шаптың дейік, солай ма?

– Солай.

– Ал солай болсын, соның аяғы немен тынарын ойладың ба?

– Оның не ойлайтыны бар? Кім қарсы шықса, ол да соның кебін киеді.

– Жоқ, ол олай бола қоймас.

– Неге?

– Бағаналының төрт босағасы әлі ешкімге де кегін жіберіп көрген жоқ. Қазақтың ішінде бірлігі бұзылмай, ымырасы ыдырамай келе жатқан бір ру болса, ол – осы бағаналылар. Бірі үшін бірі жанын беретін бауырмалдығына таңғалуға да, таңдануға да болады. Осындай босағасы берік, шаңырағы шайқалмаған, жаужүрек жігіттері жетерлік елмен шайқасамын деп басың шабылып, шатың айырылып, тоз-тоз болып, тарыдай шашылып кетпесең не қылсын?!

– Сонда маған не істе дейсің? Бұлай қорқатының бар, Шоқанжанды сайлауға салып нең бар?

– Шоқанжанның жөні тіптен де бөлек. Бүгінгі қазақтың ішінде Шоқандай оқыған, көне, кімі бар? Көне? Ешкімі жоқ. Жоқ. Оның алдын орап, оныменен деңгейлесе алатын бір адамының атын атай алсаң, айтшы. Айта алмайсың. Оныменен шарға түсуге қай қазақтың жүрегі дауалай қояр дейсің. Сондықтан да ол дауысқа түссе, шаппай бер. Оның сыртында, ояздың да аузы майланды. Қалтасы қалыңдады. Кім қалай тыраштанса да маған теңесе алар деймісің? Ал алда-жалда сен «Бағаналыларды бағындырамын» деп ниеттеніп қалсаң, онда артыңа із тастамай, бір түннің ішінде опай-топайын шығарып, Қадір бидің шаңырағын ортасына түсір. «Қолымнан осы келеді, оларға



қауқарым жетеді десең» оған қарсы емеспін. Тек есінде болсын. Оларды шапқан кімнің қолы екеніне еш дәлел қалдырма. Рас, күдіктенер. «Осылар шығар-ау» дер. Бірақ қолдарында айғақ қалмаса, несіменен дәлелдейді? Былайғы жұрт бізден екенін онсыз да біліп, арттарын қысқанның үстіне қыса түсер. Осының бәрі қолыңнан келсе, әне, жолың болсын. Менің айтарым осы саған.

Сыртқа сырынды алдырмай, көзге шалынбай, жолды шұбырынды шаң қылмай, жымын білдірмей атқарып шықсаң, ойыңның орындалғаны. Ал олай болмаса, менен саған қайыр жоқ. Оған еш өкпең болмас, білем, – деп, Шыңғыс өзіне тән тәсілменен тұлкібұлаңға салып бір сыдыртып өтті.

Шыңғыстың «Із қалдырма» дегені көңілін түрткілей түсті. Мұның ойы «Әне, төремен тірескендердің көретіні осы деп, басқалар аяғын тартатын болса» дегендік еді. Ал мынаның әні басқаша естілді. «Қалай етсем болады?» деп, ой түбіне жете алмай отырғанында Шыңғыс:

– Әлден-ақ жер шұқып қалдың. Шаппай тұрып шаршадың, шапқандағы күнің не болар-ай? – деп, әрі-сәрі күйде отырған Қоңырқұлжаны сөзбенен түйреп өтті.

Шыңғыстың шыны қайсы, өтірігі қайсы екенін екінің бірі біле бермейді. Тек сыралғы сырластары ғана оның құйтырқы ойынының құнын түсінеді. Бұл да біліп отыр. Бергі жағыменен жорғалап, «Әй, әй, байқа» дегенімен, ар жағы «Неге тосылдың, бар да шауып кел» деп отырғаны анық. Тек онысын байқатқысы келмейді.

Қоңырқұлжа да осал емес. Ол бір жағына қарай қисайса, жуық арада түзеле қоюы да екіталай. Оны Шыңғыс жақсы біледі, содан да барып оны әрі-бері айналдыра беретіні. Енді болмаса Қоңырқұлжа «Ал жақсы, ақыл сұрай келіп едім, ешкімге бермес ақылыңды айттың. Рахмет» деп, атына мініп, ауылына тартып кетері хақ. Олай болса, оны одан кейін оңға бұрып орнына келтіру – қиынның нағыз қиыны. Содан да болар, Шыңғыс енді оны көтермелеуге, қолпаштауға көшті. Ондағысы – оның қолымен от көсеудің қызығын көру.



Ол бағаналылардың бірінің ауылын ойрандаса, ойындағысының орындалғаны, ал олай болмаған жағдайда «Төремін» деп төрге таласатын біреуінің саны кемиді. Әлгі «Екі жеп биге шықты» дейтін тас тақтадағы ойыншының шеберлігін көрсететіндей, бұл да ойнақтап сала бермей ме? Осыны ескерген Шыңғыс мұны қайтсе де бағаналыларды шабуға көндіруді көздеді, бірақ оны бірден лақ еткізіп айта салмай, «Өзің білге» сала тұрып, оңтайына келген сәтте «Әп, бәрекелді!» деп демеп жіберсе болды.

Осылайша ішкі ойын тез жинақтап алған ол Қоңырқұлжаға қарата:

– Соныменен қандай тоқтамға келдің? – деп, алдағысын қайталай сұрады. Қоңырқұлжа мырс етті де:

– Өзің қалай ойлайсың? Шап десең, шабамын. Шаппа десең, шаппаймын. Өз бетімше іс жасайтын болсам, осында келемін бе? Төре атымыз бар, бәрібір бізді бірге қосып айтады. Артынан «Маған айтпағаның-ай» демесін деген оймен келіп, алдыңнан өттім, – дегенде, ол да:

– Дұрыс. Бізді құдай айырмаса, адам айырмасы анық. Ойыңа алғанды орындау керек. Ең болмағанда соның ырымын жасап, олардың үрейін бір алып қойсаң, кімнің кім екені естеріне түсіп, «Төрем» деп аттан түсіп сәлем бермесе де, атыңнан аттары үркіп тұрары хақ. Мұны да есіңе ұстап қойсаң артық болмас. Екінші, алдағы айтқанымдай, алдын ала адам жіберіп, шолу жасап, жылқысының жусауы мен жігіттерінің ұйықтауын біліп ал. Әбден анықтап алып, бір түнде құйын соққандай қиратып кел. Болды. Одан кейінгісін көрерміз. Ең бастысы, ояз сөзімізді аяққа тастамас, – дегенге Қоңырқұлжа кәдімгідей-ақ арқаланып:

– Мақұл. Маған ең керек сөзді соңыңа сақтап тұр екенсің. Оны да естідім. Дәл айтқаныңдай етермін. Енді елге жетіп, жорықтың қамына кірісейін, – деп шешті.

Ауылына келісімен орыс солдаттарына жорыққа дайындалуға тапсырма беріп, өзінің жігіттерінің ішінен пысықтау екеуін Ұлытаудың бойындағы қос Кеңгірді жайлап отырған баға-



налы Қадір бидің ауылына барып, жолдың жайын кісі көзіне түспей байқап, барлап қайтуға жіберді.

Қоңырқұлжаның ауылындағы әр жайды біліп отыратын Есенең, оның әлдебірдеңе ойлағанына еш күмәні қалмады. Әсіресе, Шыңғысқа барып келісіменен қолындағы орыс солдаттарын күн сайын атқа мінгізіп, әрі-бері шапқылатып, ат үстінде қылыш сілтетіп, жаттықтыра бастағаны көңіліне кәдімгідей-ақ күдікті ұялата түсті. Әрі ойлай, бері ойлай келе «Оның мұнысы бекерден-бекер емес» дегенге тоқтады. «Сонда оның ат ойнатып, қылыш сілтері кім?» дегенге келгенде, «Бұл маңайда ол еркін қимылдап, орыс солдатын одыраңдата алмасы анық, сонда оның нысанаға алғаны ауыл арасы емес, алыста болса ше?» дегенге ойы кете берді де, «Олай болса, бұлардың көздегені мұның өзінің құдасы бағаналы Қадір би болмағанда кім болады?» дегенге тоқтам жасап, ол жаққа дереу кісі жіберу керек деп шешті де, Тоғанас палуанға:

– Жолды өзің жақсы білесің, бар да Қадір биге ескерт, қапы қалмасаң болды, – деп сәлем айтуға жұмсады. Есенеңнің сәлемін алып, ол Сарыкеңгірдің шұрайлы жері – Ұшпаның жайлауында отырған Қарабала Қадір биге жеткізуге асықты.

* * *

Ерденнің Атбасар дуанының аға сұлтандығы үшін сайлауға түсуге ниеттенгенін естігенде Шыңғыс төре «Оу, бұл қалай болғаны сонда?» деп қалың ойдан шыға алмай, «Бұйығы жатқан бағаналыларды желіктіріп, жел беріп жүрген – Естеместің Есенеңі, одан басқа ешкім емес» дегенді тістене отырып, тіл ұшына оралта берді. Өткенде Қоңырқұлжа:

– Бағаналыдан сайлауға адам түсіретін сияқты, – дегенде:

– Е, олары бола қоймас. Біздің Шоқанжанға онда қарсы шығар кім бар? – деп көңілін кеңге жайған. Енді, міне, қарап отырса, үш жүзге аты танылған Төлек батырдың немересі, бағаналының бүгінгі батыры аталып жүрген Ерденді қалай тауып ала қойғанын қарасаңдаршы.



«Орыстың тіліне жүйрік Ерден ояздың өзіменен дос-жар болып алған», – дегеннің түбі расқа айналды. «Кеңгірдің суынан сүзіп алған сары алтынды генерал-губернатордың алақанына салып риза етіпті», – дегенді естігенде: «Көрерміз әлі», – деген. Сол «көрермізді» көрсететін кезі келді. Ол үшін алдыменен Шоқанның өзін бұл жаққа алдыру керек.

«Ояздың өзі де Ерден кім, Шоқан кім, таразының қай жағы салмақты екенін білсін. Әлі бүлінген ештеңе де жоқ. Бағаналыда бар байлық төрелерден де табылар», – дегенде алдынан үлкен үміттің шырағы жылт ете қалғандай көрінді. Әйтсе де: «Алдымен генералға барып қайтайын», – деп атқа мінген.

Батыс Сібір генерал-губернаторы Шыңғысты тостырмай қабылдады. Бұрынғы қалпыныша жарқылдап, жалпылдап, амандық-саулық сұрасып, шаруаның өзіне келгенде қолындағы қаламұшымен алдында жатқан ақ қағаздың бетін әрлі-берлі шимайлай берді. Не жазу емес, не сызық емес, не әлденені бейнелейтін ирекке де ұқсамайтын бейберекет, мақсатсыз, қисық-қисық сызықтарға назар салған Шыңғыс төре оның ойы бір жерге тұрақтамай, әрі-сәрі болып отырғанын аңғарды.

«Қайтсін, бұл байғұс та тамағынан өтіп кеткенді қалай қайта құсады? Сол ғой оған қағаз бетін шимайлатып отырған» деп, ойлағанын жасыра алмай:

– Мырза, – деді де, ояздың жүзіне жымия қарады. Шыңғыс төрені бұрыннан жақсы білетін ол:

– Төре, қысылмаңыз, айта беріңіз, – деді.

Бұрындары да екеуі әр шаруаға келісер алдында бірін-бірі аңдысып, жылан мен мысықтай арбасып алатын. Сол жолдан жаңылмады. Бос сөзді бұдан әрі соза беруді жөн көрмеген төре енді әңгіменің төтесіне көшті:

– Уай, тақсыр, бағаналылардың сізге қандай қызметі өткенін қайдам, Шоқанжан патшаның бар шаруасына жанын салып атқарып келеді. Оны өзіңіз де білесіз. Ал әлгі Ерден дегеніңіз, ол – малы көптің бірі. Ондайлар аз емес. Шоқан – қазақта жалғыз. Осы жағын да таразы басына бір тартып көріңіз. Патша ағзам үшін Шоқан – асқар шың. Ал әлгі кім еді, ия, ол әншейін бір жел



айдаса ұша түсетін даланың жеңіл қаңбағы емес пе. Осы жағына назар аударсаңыз. Шынына келгенде, бүкіл бағаналының байлығындай байлық, алтын мен арғымақ мына бізден, төрелерден қалған. Мен төгілсем сел болар. Тек сіз сол тоғанның қақпағына ие болсаңыз жетіп жатыр, – деп төре бір тоқтады.

Шыңғыстың нені меңзегенін ол да түсінді. Әйтсе де, арғы жағында әлдене оның көмейіне келген сөзді бөгеп тұрғандай. Аспан түстес көк көзі де ойнақшып, бір орында тұрмай, жылт-жылт етеді. Өзінен әлдебір ыңғайлы жылы сөз дәметіп отырған Шыңғыстан оңай құтыла салмасы және анық. Көпті көрген генерал жымия күліп, сөзін сыбырға бергісіз етіп, ақырын бастай берді.

– Шыңғыс Уәлиханович, сіз өте дұрыс айттыңыз. Шоқан Шыңғысовичтің орны біз үшін өте жоғары. Оның тек сонау Қашқарияның қақпасын ашып келгенінің өзі неге тұрады? Ол – енді бөлек әңгіме. Ал Ерден Сандыбайұлының да аты бүгінде патша ағзамға өте жақсы таныс.

– Қалайша?

– Айтайын деп келемін. Өзіңіздің бауырыңыз Кенесары Қасымұлы патша ағзамға қарсы шықты ма, ә?

– Ия, ия, шықты.

– Міне, сол Кенесарыны қазақ даласы түгел қолдады ма?

– Ия, ия.

– Жо, жо, жоқ. Қателесесіз. Сіздің ол бауырыңыз бес жүзге жуық ауылдың шаңырағын өртеп, қаншама кемпір-шал мен бала-шағаны өлтіргенін білесіз бе?

– Оның бізге не қатысы бар?

– Әбден қатысы бар, төре. Кенесарыңызды сол әлгі сіз менсінбей отырған Ерден Сандыбайұлы есігінен де қаратқан жоқ. Оны қолдамады. Жасақ қоспады. Ерден Сандыбайұлы мен Қарабала Қадір би екеуіне патша ағзам өз қолымен алтын шапан жауып, алтын жалатқан төсбелгімен не үшін марапаттады дейсіз? Білесіз бе?

– Білгім де келмейді.



– Білгіңіз келмесе де, келсе де айтайын, ол екеуі де патшаны қолдап, Кенесарыға қосылмағаны үшін, тек өздері ғана емес, тұтас бағаналы оның соңынан ермеді.

– Е, ондай-ондай аз болған жоқ. Сол Кенесары төрелерге оң қарады ма? Қоңырқұлжаның ауылын шапты. Сондағысы – «Маған қосылмадың» дегені. Ал оған қосылмағандарды шапқанын айтсаңыз, онда ол Ерденнің ауылын, бағаналыны неге айналып өтті? Оған шамасы жетпесе, орыс патшалығына қалай күш көрсетеді дейміз? Осыны бір ойға салып көрдіңіз бе? Менің білетінім, Ерден мен Кенесары – ауыз жаласқан жемтік-тестер. Ал сіздер оны марапаттап, мақтайсыздар. Түрікпенбайдың Қадірі – Естеместің Есенейімен құда, бұлар да сол тамырлас. «Оларға сену – адасу» деймін, тақсыр. Оның қасында Шоқанжанның өзі қандай, сөзі қандай, білімі қандай, білігі қандай. Салыстыра аласыз ба?

– Шыңғыс Уәлиханович, о не дегеніңіз? Шоқан Шыңғысұлының біліміне, өзіне, сөзіне тең келер кім бар? Ондай жігіт сирек. Патша ағзамның өзі де оның Қашқар сапарын үлкен ерлікке балап отыр. Тіпті екінші рет оған сол Қашқарға елші болып баруға өзі ұсынды. Шоқан «Денсаулығым жарамайды» деп одан бас тартты. Орыс әскерінің офицері. Батыл. Батыр. Ғалым. Мен білетін Шоқан Шыңғысович сондай ғажап. Ол жағына ешқандай да күмәніңіз болмасын. Болуға да тиіс емес. Тек денсаулығы осал.

– Мақтауыңыз орынды. Онда оған Атбасардың аға сұлтандығын неге қимайсыз? Айтыңызшы.

– Шыңғыс Уәлиханович, сізге тағы да қайталап айтам. Әлі сайлау басталған жоқ. Дауыс қорытындысы, ол өздеріңізге байланысты. Кім көп дауыс алады, сол – жеңімпаз. Қалай ойлайсыз, Шоқанға дауыс бермейді дейсіз бе? Меніңше, олай болмас. Бүкіл қазақтар оны мақтан етеді. Сыйлайды.

– Олай болса, оған бағаналылардан Ерденді неге қарсы шығардыңдар?

– Міне, қызық. Шаппай бердің кезеңі кеткен. Сайлауда кемінде екі адам қатар түсуі керек. Ол – заңның талабы. Ал



Шоқандай заңғарға ешкім білмейтінді қалай қарсы қоймақпыз? Ерден Сандыбайұлы Арқаға, бүкіл иісі қазаққа танымал. Әне, енді екеуі шарға таласады. Бар гәп сонда. Одан да сіз дауыс беретіндердің жайын бақылаңыз. «Байлығым көп» деп қалдыңыз. Соны шашыңыз да, шырт түкіріп жатыңыз. Ол сіздің қолыңыздан келеді, солай емес пе? – деп генерал-губернатор «Ендігі сөз төмам» дегенді сездірді.

Әңгіменің бәрін сөзбе-сөз, дәлме-дәл көз алдында аударып айтып беріп отырған Шыңғыстың өзінің жеке тілмашы да «Осымен бітті» дегендей басын изей берді. Оның бұл ептілігін ерсі көрген Шыңғыс оған:

– Сұра, Шоқан қашан келсін мұнда? – деді.

Дауысы қатқылдау естілді. Тілмаштың аударуын күтпей-ақ, Шыңғыстың сөз орайын аңғарған генерал:

– Айтыңыз. Қашан келсе де есік ашық, – деп жауап бергенде оны Шыңғыс та ұқты. Десе де, тілмаштың өзі не дер екен дегендей оған бұрыла қарай қалды. Тілмаш:

– Шоқан төреге төр дайын деп отыр, – дегенді ерекше бір қуанышты үнмен көтере жеткізді.

«Әңгіменің соңы ойлағандай болды-ау» деген Шыңғыс төре де үйіне көңілді қайтты. Генерал-губернатордың алдына өзінің жеке тілмашын ерте келгенімен де, олардың араларында не айтылғанын, қандай сөз болғанын Есенеі ертесіне-ақ естіді де, енді Шыңғыстың Атбасардың алты болысына адам салатынын ойға алып, оның алдын ораудың жолын ойластыра бастады.

Ол туралы Алшынбай мен Құнанбайға да арнайы сәлем айтып, өзіне сенімді адамдарын атқа мінгізді де: «Сандыбайдың сары Ерденіне елдің бетін бұрудың қандай тәсілі болса да аянбаңдар. Шығынына сөз жоқ», – дегенді әрқайсына баса-баса айтып, қалталарына: «Алғашқы жолға», – деп қомақты қаржыны бет-жүзіне қарамай өзі салып берді.

Шыңғыс Омбыдан көңілді оралған бетте Қоңырқұлжаны іздетіп, онымен жеке әңгімелесті.

– Сенің болжамың дұрыс шықты. Енді атыңа қамшы бас. Мына қара қазақтар төресі кім, қарасы кім екенін білсін. Са-



рыкеңгір мен Қаракеңгірдің арасындағы Ұшпаның бойында отырған Қарабала Қадір бидің алдын тақырлап, жайлауын жапырып, жылқысын айдап, қарсы шыққандарын байлап алып кел. Білсін бағаналы кім, Шыңғыс кім екенін, – дегенді оған қадап-қадап айтып, соңында:

– Тек абай бол, ауылын шапқан сен екенін ешкім білмесін. Жігіттерің де батыстан, болмаса іргедегі Сарысудағылар жағынан барып, келген іздерімен қайтатын болсын. «Қадір биді Қоңырқұлжа шауыпты» деген сөзді естімейін, – деп салмақтың соңын оның өзіне тастады.

Шыңғыстың айтқаны былай тұрсын, ымына түсініп жүгіретін Қоңырқұлжа: «Мақұл», – деп орнынан тұрған бетте күнделікті «Жау қайда?!» деп алақандарына түкіріп, ақырып отырған жігіттеріне жетуге асықты.

Қатты жүрсе қара жер опырылып кетердей болып, екі аяғын маң-маң басып, ырғала қозғалатын Таймас палуанға:

– Енді сенің кезегің келді. Өзің көзіңмен көріп, байқап келген Кеңгірге он солдат пен отыз шақты жігітті ертіп, бір түнде Қарабала Қадір бидің шаңырағын ортасына түсіріп, тігерге тұяқ қалдырмай қуып кел, – дегенде, ол өлген әкесі тірілгендей қуанып:

– Мақұл, төрем, мақұл. Осы қазір-ақ атқа қонайын, – деп құнжыңдап кетті.

Көп нәрсені тереңнен ойлауға шамасы жетпейтін Таймас кейде қожасы айтақтаса, алды-артына қарамай гәупілдеп шыға келетін Алыпсоққа да ұқсап кетеді. Ол үшін Қоңырқұлжа не десе де болды. Өлері бар, оның жұмсаған шаруасын орындамай оралмайтыны анық. Бұл жолы да құлшына түскені содан. Талай қиын істі қиналмай атқарып, әбден ел шабу мен барымтаға машықтанған Таймастың жігіттері оның тісін шұқып, күлімсіреп келе жатқанынан жорыққа аттанатындарын түсіне қойды.

Орыстың солдаттары да жата-жата әбден зерігіп кеткені соншалық, бастықтарының өзі оларға күнделікті әскери дайындық жасатуды ұмытып қалғандай. Қалаған кездерінде тұрып,



қалауларынша ішіп-жеп, әбден семіріп алған. Таймастың: «Ал кеттік!» – дегенін естіген бетте командирі бастаған он солдат иықтарына мылтықтарын асып, аттарының айылын мықтап тартып, құйындата шауып ала жөнелді.

Қоңырқұлжаның тапсырмасымен өткенде бір келіп, жолдың жайын барлап кеткен Таймас төтелей жүріп, Кеңгірдің кең қолтығына шаршамай жетті. Қарабала Қадір бидің қалың жылқысының жайылымын аңдып, ол жақты өзгеге сенбей, өзі барып бір тексеріп келді де, ертең кешке ымыртта ауылды шапқан бетте жылқыны қуа кететін он бес жігітті сол жаққа қалдырып, Есілге қарай шығатын Атбасардың қара жолының сыртын айналып өтуге келісті.

Күнделікті әдетімен жылқыны бір байқап қайтатын Арзықұл Ұшпаның сыртын орай қосқа келгенде, ондағылар: «Шақырылмаған қонақтарың келді», – деп оны күліп қарсы алды. «Қоңырқұлжа шабуға дайындалып жатыр, сақ бол», – деп Есеней екі-үш рет арнайы адам жіберіп ескерткен. Талай сойқанды қолымен атқарған Есенейдің бос сөз айтпайтынын білетін Қадір би күзетті күшейтіп, Аманбай батырға Арыстаннан әкелген мылтықтарын беріп: «Дұрыстап күтіп алыңдар», – деген. Жылқышылардың сөзін естіген Арзықұл қасындағы шабарманына: «Ауылға сақтансын дегенді жеткіз», – деді.

Шабарман жота-жотаны қуалай өтетін қысқа жолмен ауылға тездете жетті де, Арзықұлдың сөзін бидің өзіне ауызба-ауыз айтты берді.

Қарсы беткейдегі ашық жақты ауыр жүк таситын көк арбалармен тізбектей жауып, аптығып келгендер асыла құлайтындай қоршау жасалды. Бидің жігіттері қас пен көздің арасында қандай жау келсе де қарсы алуға сақадай-сай болды. Түркістаннан Арыстанбайдың арнайы жіберген мылтықтарын атып, әбден машықтанған мергендер бекіністерге ыңғайлана орналасты. Кеш бата ауылдағылардан қару ұстауға жарамдылары түгелдей дерлік алдағы болатын айқасты күтіп, өздеріне көрсетілген орындарға орнықты. Жасы келген үлкендер мен балалар көзден



таса, қауіпсіз жерге жасырынды. Дәл бұлардың дайындығы біткен сәтте ымырт қараңғылығы да өз күшіне мінген еді.

«Ел орынға отырды-ау» дегенде Таймастың бастап келген солдаттары мылтықтарын кезене ұстап, ауылға лап қойды. Үрей тұғызу үшін бе, әлде өздерінің айла-тәсілдерінің бірі ме, лапылдаған отты таяқты көтере, жалынын молайта, шауып келе жатып құлаштай лақтырып, мылтықтарын гүрсілдете атып, атой салғандардың алдыңғылары қаз-қатар тізбектеле тұрған арбаларға келіп қалғанда бидің мергендері алғашқы оқты шығарды.

Екі жақтан да қорғасын оқтар бұршақша жауды. Әйтсе де, орнығып, көздеп атқан мергендердің оғы нысанаға дөп тиіп жатты. «Ә» деп лып етіп келгендердің үш-төртеуі аттарынан ұшып түсті. Екінші рет қайта шабуға беттері қайтып қалғандар аттарын борбайлай қамшылап, кейін қарай шаба жөнелді. «Қарсылықты дәл мынандай мылтықпен көрсетеді» деп ойламаған Қоңырқұлжаның жігіттері бас амандап қашқанын көрген бидің мергендері орындарынан да қозғалған жоқ. «Тағы келсе, тағы атам» дегендей, кезенген мылтықтарының аузын алға ұстап сақ отыра берді.

«Жылқыны алдына салып, тігерге тұяқ қалдырмай кетеміз» деп құлшынғандардың да жолы болмады. Аттан салып келіп тигенде, қалың жылқылардың арасына аттарын жетектей еніп, жаяулатып кірген Аманбай батырдың жігіттері оларды кезенген мылтықтарынан оқ шығарып қарсы алды. Ендіге жеткендердің бес-алтауына оқ тиіп, сол жерде қалды. Істің бұлар ойлағандағыдан әлдеқайда, тіптен де бөлек сипат алғанын енді ғана аңғарған шапқыншылар бұдан әріге қауқарлары келмейтініне көздері анық жетіп, «Есің барда елің таптың» күйін шертіп, кері қашты. Батырға да жан керек.

Қаншама жорыққа шығып, қаншама ауылды шауып жүріп, дәл мынандай қарсылық көрмеген Таймас таңғалғанын жасыра алмады. Оған еріп шыққан орыс солдаттарының командирі де:

– Бұлардың дайындығы мықты әскері бар екенін неге айтпадың? – деп Таймасты кінәлай сөйледі. Екі күннен бері «Жау



қайда?!» деп еліргендердің жүні жығылып, жан басын түгендей бастағанда, солдатты бар, барымташылары бар, оннан астамын жоғалтқаны белгілі болды. Әсіресе командир:

– Бұған кім жауап береді? Әр солдат есепте тұр. Қоңырқұлжа ма, әлде бізді бастап келіп, қырғынға ұшыраған сен бе? – деп Таймасқа тістене тіл қатқанда, оның қасындағылар да:

– Ең болмаса «Оларда мылтық бар. Атады» дегенді неге айтпай жасырасыңдар? Мақсаттарың бізді қырғызу ма? – деп жан-жақтан шуылдап, алқымнан алғанда Таймас кірерге жердің тесігін таппағандай төлтіректеп, дегбірі қашып, дірілдеп кетті.

Алып қара күштің иесі тұтығып, тұншығып, тілі байланып, түсі бұзылғанын көргендер ендігінің артық екенін түсінді. Ауылдан шығардағы «Із тастап кету керек» дегендері де жайына қалды. Бет-беттерінше бастары ауған жағына қарай қашқан Қоңырқұлжаның шапқыншылары таң әбден ағарып атқаннан кейін барып, Атбасардың қара жолында бір-ақ жолықты.

Қоңырқұлжаның жігіттері жеңіліп, қашып келгенін, орыстың бес солдаты өлгенін естігенде Шыңғыс төре жанын қоярға жер таба алмағандай қиналды. Өзінің күші жетпегенімен қоймай, Қоңырқұлжа оязға:

– Қадір би солдаттарды қырып кетті, – деп жылап-өңіреп барғанда, ол жайлы Есенеиден біліп, Тұрлыбектен қанық болып отырған генерал:

– Солдаттардың сүйегі қайда? – деді. Қапелімде не дерін білмей тұрып қалған төре:

– Атысқан жерде қалды, – деді. Оны одан әрі сөйлетпеген губернатор:

– Бағаналының жеріне сенің жігіттерің не үшін барды? Атыс сол жақта болған. Ол емес, сен оның ауылына шабуыл жасадың. Жауапқа өзіңді тарту керек, – дегенде Қоңырқұлжа көзіменен жер шұқып, үндей алмай отырып қалды. Тек «Өзек өртеген өшпенділік отын қайтсем, қалай аламын?» деген ой оның дәл сол сәтте ақылын алып кеткендей есеңгіреп, есі кетіп, оның алдынан аман шығудың жолын іздегендей есікке қарай берді. Генерал-губернатор да оны әрі қарай сөйлетуге құлқы болмай:



– Бар, шық! – деп қатқыл түрде, әмірлі үнмен бірге қолын сілтеп, шығар жақты нұсқады.

Жердің үстімен келіп, астымен қайтқандай болып, түтігіп кеткен Қоңырқұлжа: «Ендігі ісім сенімен болсын, Қадір би!» – дегенді айтқанда қайта-қайта тістене берді.

Ойына алғанын орындамай тынбайтын Қоңырқұлжа орыс әскерінің ішінен ең мерген дегенін таңдап алып, оған: «Таймасқа еріп бар», – деді. «Қайда барамыз?» – деп сұрай бастаған мергенге: «Анау айтады», – деді де, қоян терісінен тігілген қалтаны оның алақанының үстіне тастай салды. Оның ішінде не бар екенін орыс жігіті біліп тұр. Осындай түйіншекті ол бұрын да алған. Енді, міне, тағы да сондай тапсырыс екенін түсінді. Палуан ақырын ғана «Жұр» деп ым қағып, басын сыртқа қарай бұлғаң еткізді.

Таймастың мергенді алып қайда кеткенін жан баласы білген жоқ. Оны Қоңырқұлжаның өзі ғана біледі. Тек енді ол екеуінің келуін асыға күтуде.

«Таймас қайда?» – дегендерге: «Аңға кетті», – деп қысқа қаыйрған Қоңырқұлжа үш-төрт күндей сыртқа шықпай, үйінде жатып алды. Ойы оңға, санасы санға бөлініп: «Ұсталып қалмаса екен», – дегенді қайта-қайта айта берді.

Бесінші күні бозала таңда сырттан: «Төрем», – деген Таймастың даусын естігенде төсегінен тұрып, сыртқа көйлек-дамбалшаң күйде жүгіре шықты. Шығыстан жаңа ғана атып келе жатқан алтын күннің шапағы ат үстіндегі Таймасты бұрынғысынан да тіпті зорайтып, ірілендіріп жібергендей.

Сәлемнен бұрын төренің:

– Болды ма? – дегеніне ол қысқа ғана:

– Ия, – деп жауап қатты. Оның осы бір ауыз сөзіне риза болған Қоңырқұлжа тұрған орнында:

– Жарайсың! – деп қос қолымен төбе құйқасын қысқан бетте жерге сылқ етіп отыра кетті. Аттан секіріп түсіп, жүгіре жеткен ол:

– Төрем, – деп басын сүйей бергенде, ақырын ғана: – Кек қайтты, – деп көзін сығырайта ашып, күлімсірей түсті. Оның дәл



бұлайша шаттанып, қуанғанын бұрын-соңды байқай қоймаған палуан аң-таң. Көзін ашып, орнынан жылдам тұрған төрені қолтықтай сүйеп үйіне кіргізіп, қайта өзі сыртқа шыққанда барып:

– Ой, Алла-ай, мұндай да адам болады екен-ау, ә? Ой, Алла-ай, адам өлтірткеніне осыншама қуанған Қоңырқұлжа түбі оңбас. Мен енді мұнда қала алмаспын, – деп кішкентайынан өскен төресінен біржолата кетуге бел буды. Сол ойымен, ешкімге де тіс жармастан, атын қамшымен бір тартып, батысты бетке алып, құйындатып шаба жөнелді.

Қарабала Қадір бидің ауылын шабамын деп барып, өзі ойсырай жеңілген Қоңырқұлжаның масқарасы Арқаға түгел жайылды. «Қаскөй жанның түбі бір айналып соғары анық», – деген би жақын-жуықтарына: «Сақтықты күшейтіндер», – деген. Десе де, «Аңдыған жау алмай қоймас» деген. Бір кеште Қадір бидің інісі Арзықұл мен туған ұлы Қадірқұлды Жыландының бойындағы ашық далада белгісіз біреулердің атып өлтіргені бір бағаналының емес, естіген көптің жанын түршіктірді. Қадір биге көңіл айта келгендердің шет-шегі жоқ.

Алыс-жақыннан осынау жан түршігерлік жайға көңіл білдіре келгендер: «Кім болса да Алла жазасын берсін!» – деп қайғыға ортақтасып, биге: «Мықты болыңыз!» – деп демеу, қолдау көрсетіп, көрісіп, көңілін аулады.

Бағаналының төрт босағасының биі әрі пірі Қарабала Қадір бидің сағын сындыруды көздеген қаскөйдің кім екенін көбісінің іші сезгенімен, шап беріп қолдан ұстап, үстінен шыққан ешкім болмағаннан кейін долбармен күдік келтіре алмасын білгендер: «Артын күтейік», – дегенге тоқтала берді.

Алғашқы бетте жеткен Ерден батыр Қадір биге:

– Қазір барып, Қоңырқұлжаның шаңырағын ортасына түсірейін! – дегенде би:

– Ерденжан, Алла әр нәрсеге де сабырлық берсін. Көңілдегі күдік айыптауға сеп емес. Оның айтар жауабы дайын. «Мен емеспін» дейді. Әрі-бері тергей түссең, «Ә, мүмкін, Қоқанның жансыздары шығар» деп жалт етеді. Тіпті болмаса, «Іргеңдегі көршіңе қара» дер. Қалай болғанда да, болған іске болаттай бо-



лайық. Бағаналы балаларына басу айтып, артық әрекетке бармауын қолыңа алғайсың, – дейді. Қадір бидің бұл сөзін Шегір де қоштады.

Екі бидің де уәжі орынды. Кімнен көресің? Ат арытып, арнайы келген Есенеидің де айтқаны сол.

– Дөп басып, үстінен түскен ешкім жоқ. Бірақ мұндай зәлімдікті тек Қоңырқұлжадан күте бер. Шыңғыс төренің тапсырмасыменен алдағы сайлаудың алдында елдің шырқын бұзып, Ерденді арандатып, орға жықпақ болған ойлары бұл. Әліптің артын күтейік. Сайлауды өткізіп алғаннан соң, Шыңғысы мен Қоңырын қоса қатарлап сою керек болар-ау. Бұл екеуі осы ісіменен де өздеріне ғана емес, Шоқанның да аяғына тұсау салғанын түсінбей отыр. Берісі генерал-губернатор, әрісі патша ағзамға дейін бұл іс жетіп отырғаны анық. Алдымен сайлаудың шырқын бұзып алмаған жөн, – деп бұл істің аяғы барын аңғартып өтті.

Соңғы кездері атқа мініп, алысқа жүріп-тұруы қиындап қалған Шегір би Қадір бимен оңаша отырғанда:

– Осы жолы келуін келдім. Енді қашан кездесерімізді Алла білер. Сырқаты асқынған Бабыр келе алмай қалды. Келешекті ойласам, ұйқымнан шошып оянатын болдым, – деп мұңын шаққандай болды. Лапылдаған оттай бет қаратпайтын Шегірдің көзден қалғанымен де сөзден қала қоймағанын іштей медет тұтқан Қадір би:

– Е, ол – енді Алланың қолындағы шаруа. Келдің. Демедің. Ауырды көтерістің. Одан басқа не көмек керек? Кімнен көріп, кімді кінәлағандаймын? Алланың берген ғұмыры осы болса керек. Тек уайымым – «Құдайқұлдың артында бұғанасы қатпаған жалғызы Шауыпкеліне қиын болар-ау» деп қиналамын. Менің де ендігі түрім осы болды, – деп Шегірге іштегі шерінің шетін шертті.

«Тас түскен жеріне ауыр» деген. Інісі мен ұлының қазасы Қадір биді кәдімгідей-ақ теңселтіп жіберді. Көпке дейін сыртқа шыға алмай, қайғының кермек дәмін татып, аяқ-қолын жинай алмай қиналған би елдің жайын ойлағанда: «Қой, бұлай омалып



отырып, жылай бергеннен ұтылмасам, ұтпаспын. Ерденжанның сайлауына қатысып, көптің көз алдында жүрмесем, «Әп, бөлем, қалай екен?!» деп қол соғып, қуанатындардың күні туып, төбелері көкке жеткендей көңілдері көтерілер. О бастағы олардың ойлағаны да сол болар. Қайғыға шомылып, шонтиып қаларың мен емес», – деп, белін бекем буып, атқа мініп, бұрынғысынша көптің ортасына оралды.

Есенеі құдасы да оған: «Қадір би» деген атың бар. Ерденінді алға ұстап, Атбасар мен Ұлытаудың ортасындағы елдің «Осы қалай?» дегендерінің алдынан өткендерің жөн. Мен де Есілдің арғы-бергі жағына сөзімді өткізермін. Бекем бол, құда», – деп жігер беріп, орнынан тұруын қалаған.

Әсіресе, оның: «Қадеке, інің мен ұлыңды атқандардың қалағаны не екенін білесің бе?» – дегені ойын қозғап жіберді. «Олардың көздегені – күйеу баламды атып мені, ұлыңды атып сені мұқатқаны. «Отырып қалса» дегендеріне жол берме», – деп қайта-қайта айтқаны қабырғасына батып кеткен. Бағаналының үлкені мен кішісі бір өзіне қарап: «Енді не істейміз?» – деп отырғанда мүжіліп, мүлгіп қалғысы келмей, жігерін жанып, екі көзінде кектің оты жайнай түсті. «Ауырды нар көтерер» дегендей, бағаналының батырлары мен билеріне:

– Артық қимылдың керегі жоқ. Сайлау өтсін. Құныкеріміз нақты кім екеніне бұлтартпас дәлел болмай, жобамен, күдікпен қолға түсіре алмаймыз. Тентектік танытып, ат ататып, түс түстепеңдер, – дегенді баса айтып, – бұл бірлігімізді нығайтпаса, бұзбасын. Біздің күшіміз – бірлікте. «Бағаналыны осылай бір сынайық» деген дұшпанның ойына от бермейік. Өзінен өзі тұншығып, тынысы тарылып, түптің түбінде алдымызға өздері-ақ келіп, көздерінің жасын көл етер, – дегенде өзгелерден бұрын өзі көдімгідей-ақ жеңілдеп қалды.

* * *

Қадір бидің інісі мен баласының қазасына бара алмай, төсек тартып жатып қалған Бабыр бидің халі күннен-күнге төмендей берді. Күздің қара басында төсекке таңылған бидің екі сөзінің



бірі: «Олай-бұлай болып кетсем, Түркістанға апарарсыңдар», – дегенге сая берді. Енді алғашқы қар қыламықтағанын көргенде ұлдарына: «Қыстың түскені мынау. Қар қалындаса, жол ауырлар. Онда анау Усабайдың қырына құрымға орап, аманаттап қойып, жер аяғы жібiгенде Түркістанды бетке аларсыңдар», – дейтiн болды. Әкенiң сөзiне құлақ түрiп өскен ұлдары оның қай сөзiне болса да қарсы келмей: «Айтқаның болсын», – деп иiлiп қабылдап, iзетiнен жаңылмады.

Алғашқы келгенiнде Шегiр биге:

– О жаққа түбi сендерден бұрын барып, ол жақтың жайынан хабар берермiн. Менiң өзiм кетсем де, рухым бiрге өздерiңмен, – деп, бiр жағы шыны әрi әзiлдегендей болып, ой тастай сөйлегенiн Шегiр түсiндi. Сөз орайына қарай:

– Оу, Бозжорға-ау, балалар балалықпен бiлмей қалар. Менi аманаттап қойып, қайта алғанда денем сол қалпында, бұзылмай сақталар, тек сол жақ жауырын тұсынан бес саусақ iзi байқалар. Ол да бiр ойда болсын. Жауырынымнан жақсы көрер бiр жеңгем жас кезiмде «Қайным-ау» деп қағып қалып едi. Сол жерде дақ тұрса тұрар. Оған қарамасын. Осыны мыналарға ескертерсiң, – дегенде Шегiр:

– Билiктiң майын iшкен Бабыр едiң. Маған шаруа тапсырғаның сол баяғы бұзылмаған көңiлiң болар. Менiң де көзiм көруден қалғалы қашан. Аттың тiзгiнi де өзiмде емес. Ал өз тiзгiнiне өзi ие бола алмағанды бүгiнде кiм тыңдар дейсiң? Өзгенi былай қойғанда, өз ұлыңның өзi де жүре тыңдайтын кезге келгендеймiн-ау, – дегенде көкiрегi қарс айрылғандай болып, даусы қоңырлау шықты. Шегiрдiң бұл сөзiнен кейiн кезiнде қатар, бiрге жүрiп, үзеңгi қағыстырып, төрт құбыласын түгелдеген Бабыр үнсiз отырып қалды.

Сәлден соң Шегiр би тағы да тiл қатты.

– Төрт босағаның түтiнi түзу шықсын дедiк. Соған күш салдық. Солай болып келедi. Сары белдей болған Сандыбай да кеттi. Оны қолымызбен қойдық. Батырдың орнын ұлы Ерден басты. Оны олқы деп ешкiм айта алмас. Пiрiмiз әрi биiмiз Қадiр бидiң ақылы мен парасаты бағаналының беделiн көтердi. Сiз бенен



біздің де көтерген жүгіміз жеңіл болды деп ешкім айта алмас. Өкінетін де, өкситін де ештеңе жоғына көз жетті. Бұрынғылар салған ізбен кім кетпес? Тек алаңдататыны – бағаналы балалары бізден кейін осы бірлікті бұзып ала ма деп қорқамын. Жан-жақтан жалаңдаған қорқаулар көбейіп келеді. Осыған алаң көңіл абыржи береді, – дегенде көзін ашып-жұмып, басын көтере екі-үш рет қозғалған Бабыр би тарамысы шығып, еті қашқан қолын жоғары көтергісі келіп, алға созғанда сорайған сау-сақтарды жауып тұрған жейдесінің жеңі кейін сырғып, иығына жиналып, жиырыла түсті.

Әбден еті арыған қолдың сүйектері тарамысқа ілініп, біріне бірі жалғанып, түсіп қалмай әзер-әзер тұрғандай. Би қолын бұдан да жоғарылатса, анау сояудай-сояудай болып, сойдиган қолдың сүйектері түгелдей жерге сау етіп төгілетіндей. Десе де, Бабыр би басын көтере берді. Әкесінің қасында отырған ортаншы ұлы оның кеудесінен демеп, басын жастыққа жоғарылатып жатқызды. Осы бір аз-кем қимылдың өзіне шаршап қалған Бабыр би шамалыдан кейін:

– Е-ей, Бозжорға-ау, сенің нені айтып, нені көздегенінді түсіндім. Болжағаның келетін көрегендігің бар еді, «Бізден кейін бұл бағаналының халі не болмақ?» дегенді тұспалдап отырсың. Білем. Айтайын. Кейінгілер «Бабыр би өтерінде не айтты?» дер. Айтайын. Білсін, өзіңнен соңғыларға жеткізерсің, – деді де, демі жетіңкіремей, даусы қарлығып барып, сәлден соң қайтадан сөзін жалғады. – Көңілге түйгенім, көзімнің көргені – Алланың бергені дейін. Менен бұрынғылар да «аһ» ұрып өткен. Кім кетпейді дейсің-ау... Дәуіттің отыз ұлын бір сәтте алған Жаратушы иемнің қолында ғой бәрі де. Келуін келіп алып, «Кетпеймін» деп кім айтар?

Мен де келдім, қайтарымды енді күтіп жатырмын. Соңымдағыларға ең басты айтарым: елдің ішінің бірлігінен, татулығынан айырылмаңдар дейін. Бағаналының бірлігі үшін күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан қалдық. Жағаласқан жау жағадан алғанда сол тірліктің, бүтіндіктің арқасында аман-есен бүгінгі күнге келдік. Біздің бағаналының бірлігін көре алмаған көп



иттер балақтан тартып, басқа шапқанын көрдік. Бірақ төрт босағаның шегесі босамады. Шаңырағы шайқалмады. Бір анадан туғандай, бір атадан шыққандай, үлкенді кіші сыйлады. Былайғы жұрт бізді бөлмей, жіктемей, жекелемей «Бұлар – бағаналылар» деп бір-ақ айтты. Бұл бірлікті нығайтты.

Енді ертең біз кеткенде сол бірлігімізге сына қаға алмағандар сыпсындап, сөз тасып, түрлі алааяқтарды араға жіберіп, жік салатын болар-ау. Оларға өз ішімізден де екі ұрықты, екіжүзді жағымпаздар жалаңдап қызмет етер ме? Бір атаның баласын бөле-жара алалап, бірін мақтап, бірін қаралап, жақынның жүрегін жазылмастай жаралап, шайтанның шырмауына оралатындар шығып, қилы-қилы кез келер. Ақ пен қызыл түсті ашып, бірі қуып, бірі қашып, тыныш елді дүрліктіріп бір өтер. Бағаналының төрт босағасының жаз жайлауы, қыс қыстауы болған Ұлытаудың етегі, екі Жезді, қос Кеңгірдің жағасында ел қызыққан өмір кешер. Ел қысылып, тарыққанда осы Едігенің бауырындағы бағаналы балалары аштыққа ұрынбас. Жерінің байлығы басына бақыт құсы болып қонар. Біз аңсаған азаттық таңы атар. Гүлдей жайнап жастар өсер. «Ата көрген оқ жонар» деген, біздің билікті істі солар жалғар.

Рас, ол да оңай болмас. Бізден ала алмаған өшін ұрпағын тұқыртып, ақшаға арын сататындарды азғырып, атаның атын өшіріп, болғанды жоқтай етіп, өзінен басқаны танымайтын жылпостар шығар. Одан өте сақ болындар.

Ал ұрпаққа аманатым – бірлігім. Оны бағалаңдар. Соңғы айтарым осы болса, менің анау жаққа қайтар мезгілім де таяды, білем. Ақ қар, көк мұзда Түркістанға жету оңай емес. Күні ертең қандай боларын кім білер? Байқаймын, ертеңгі бесіннен қалмаспын. Дайын болындар. «Әкем-ай» деп шулап, мазаны алып, өкірмеңдер.

Мен бұл дүниеден өткеннің алғашқысы да, соңғысы да емеспін. Алла өзі қолдаса, бесіннен кейін, мен қайтар кезде күн шуағын маңайға мейлінше төгер. Одан кейінгісін айта алмаймын. Көздеріңмен көрерсіңдер. Алланың салғанына көнерсіңдер. Қадір би мен Ерденге дұғай сәлем дерсіңдер. Екеуі қатар ке-



лер. Бірақ сәл кешігер. Оқасы жоқ. Дұғай сәлем айтыңдар. Жасың кіші дегенмен, кейде үлкендерше сөз айттың, оу, Бозжорға-ау, жақсы-жаман кезді қатар өткіздік. Басы-қасында өзің бол. Екеуі келгеннен кейін үшеулерсіңдер, үш жүзден кімдер келсе де түгендерсіңдер. «Бағаналының босағасы босап қалды» демесін, – деді де, екі иығы төмен түсіп, оның әр сөзіне құлағын тосып, тыңдап отырған Шегірдің оң қолының үстінен тарамыс саусақтарын сала сипай берді.

Қанша топта суырылып сөйлегенде мүдірмейтін Шегір би тамағы тығылып, қабағы түйіліп, тіл қата алмай отырып қалды. Кірпіктері дірілдеп, жанарынан қос тамшы тізесіне тырс-тырс тамғанын да аңғармады. Арғы жағында айтқысы келіп, лықып келген сөздері де тамағына кептеліп, тіл ұшынан ұшып шыға алмай, ұясын қимай тұрған торғайдай шыр-шыр етеді. Көмейі бүлкілдеп, көзінің алды тұманданып, оң қолының үстінде жатқан Бабырдың терісіне жабысып тұрған саусақтарын екінші алақанымен бұл да үнсіз сипай берді. Оның не айтқысы келгенін Бабыр да түсінгендей. «Айтарыңды айттың» дегендей, екі көзіне ерік беріп, еңкілдегенін өзі де аңғармай қалды. Бірақ оны басқадан бұрын байқаған Бабыр:

– Оу, Бозжорға, – деді.

Оның осы бір ауыз сөзінен кейін Шегір де:

– Мен де кешікпей барармын, – деп, ағасының артынан тайға мініп, тойға баратын інісіне ұқсап, еркелей, ерекше бір екпінде-те, сеніммен тіл қатты. Осы сөзді күтіп жатқандай, Бабыр оның қолының сыртынан қаттырақ қысып:

– Асықпа, – деді де, қолын кейін қарай тартып ала берді. Бұл екі бидің бір-бірімен бақұлдасқаны екенін ұққан молда Бабырды сүйемелдей көтеріп, төсегіне шалқалай жатқызып, иманын айта бастады.

Молданың үні қоңырланып, үйдің ішіндегілерді баурап ала бергенде Бабыр бидің әлсіз ғана:

– Әне, олар келді ғой, – дегені анық естілді. Оны молдадан бастап, басқалары да:



– Әке-шешелерін айтып жатыр-ау, шамасы, елестеп жатқан шығар, – деп өздерінше жорып үлгергенше даладағылардың бірі:

– Үш-үштен пар ат жеккен екі күймелі шана келіп тоқтады, – деп есіктен ентіге енді.

Ол айтып аузын жиғанша, сырт киімдерін шешіп, есіктен еңкейе кіргеннің алдыңғысы Қарабала Қадір би, оның ізін ала енген Сандыбайдың сары Ердені екенін бәрі де білді. Екеуін орындарынан тік тұра қарсы алғанда, ол екеуі:

– Отыра беріңдер, – деп қолдарымен төменді нұсқап, төсектегі Бабырға қарай беттеді. Әлгіде ғана кіршігі ғана қимылдап, еріндері кезеріп, түрі бозарып бара жатқан Бабырдың бойына қан жүгіргендей болып, алдыменен көзін ашып, содан соң басын көтеруге ұмтылды.

– Биеке, – деп құшағын аша ұмтылған Қадір би мен Ерденге: – Келдіңдер ме? – деді.

Оның бұл сөзін үй ішіндегілер түгел естіді. Әлгінде «Олар келді» деп кіршігін қимылдатқанда, оның кімдерді айтқаны енді белгілі болғандай. Көптен бері бұларды сарыла күтіп жатқандай. Жүзі жайнап, бойы жеңілдеп, басын көтере тіреген жастыққа қисая сүйеген Бабыр:

– Бүгіннен қалмас-ау дегенмін. Келдіңдер. Сендермен қоштаспай ол жаққа қалай кетемін? Енді кетуіме болады, – деп әзіл-шыны аралас екеуіне ризашылықпен көз тоқтатты.

Бабырдың оң жақ қапталына өтіп, жайлана отырған Қадір би:

– Қар жаумамай тұрып Омбыға кетіп, оралғанымыз осы. Жеттік. Көрдік. Ризамыз, – деп, оның екі қолын кезек-кезек сипалап, жүзіне үңіле берді. Қадір биден төмендей келіп, тізесін бүккен Ерден де:

– Қалайсыз, биеке? – дегенде:

– Е, Ерденжан, қалай болайын? Уақытша мекеннен мәңгілікке өтетін жанның жайы қалай болушы еді? Пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа ғалейкум-ассалам өткен жайға Алла сендердің алдында алса, ол да бір жақсылығы шығар. Көре алмай



қаламын ба деп едім... Көрдім. Сәлемімді Бозжорғаға айтып кете берейін деп едім, Жаратқаным сендерді тостырды. Шүкір. Енді алаңдамаймын, – деп аяқ-қолын созып, шалқалай берді. Қарабала Қадір би молдаға қарағанда ол:

– Піріміз сіз тұрғанда... – деп күбіжіктей берді. Қадір би сақалына тарам-тарам болып тамған көз жасын тарақтай сипай түсіп, дұғасын мақамына келтіріп оқи бастады. Әр қайырым сайын «суф», «суф» деп салған демінен кейін кеудесін кере бір тыныстап, содан соң сұлқ түсетін Бабыр би үшінші рет дем салғаннан кейін тұла бойы керіліп, аяқ-қолын созып сала берді. Қадір бидің:

– Аллаға аманат жанын тапсырды. Иманы жолдас болсын, – дегенде есік жақтағы:

– Әкем-ау! – деген келіндері мен немерелерінің дауыстары төрт қабырғаны солқылдатып, төбені төңкеріп тастардай екпінді естілді. Дауыс бірте-бірте үдей түсті.

Сол күні маңайдағы ағайын «Биеке!» деп жетті. Ағайын-туыстың бәрі де:

– Ойпырым-ай, мына күннің қыста да мынадай шуақ шашқанын көргеніміз, – деп даланың аппақ қарының көзге шағылысып, жарқ-жұрқ етіп, жалтырап жатқанына таңданысын жасыра алмағандарын әлдебір ғажапқа балап айтып жатқанда, дем салған молда:

– Жә, тұра тұрындар. Бидің айтқаны келсе, мұның артын күтейік, – деді. Молданың онысы Бабырдың: «Күннің шуағы шашылып, май тоңғысыз жылының артынша ат құлағы көрінбес алай-дүлей басталар», – дегенін еске салғаны болатын. Сонда ғана басқалары:

– Ия, солай деп еді, – дегенді ойларына алып, даладағы шаруаларын жинақтай берді.

Өлгінде ғана көз қарықтырған ақша қардың бетіне қиыршық қар жапалақтай жауа бастады да, артынша суық жел үрлеген дүлей дауыл соққанда, аспан мен жердің арасын бұрқыраған қара түнек жауып кетті. Арқаның ат құлағы көрінбейтін



ақ бораны ішін тарта солқылдай соқты. Алғашқыда: «Бұл қалай?» – деп абыржып қалғандарға Шегір би:

– Берекені алмандар. Бұл – Бабыр бидің дүниеден өткенін сыршыл табиғат бар әлемге әйгілеп жатқаны. Оны бидің өзі «Бесіннен кейін ат құлағы көрінбес ақ түтек соғар. Оған дайын бол» деді емес пе? Деді. Ендеше ертеңгі таңға дейін табиғат та аңырап, аңсап, мауқын бассын. О дүниеге қандай адам кеткенін боран арқылы білдіргені, «аһ» ұрып, өксіп, өкіріп соққан боран – Алланың бұйрығымен болып тұрған құбылыс. Алла мұндай текті де байламы таза, уағдасы берік, адал пендесін белгісіз қалдырмайды, – дегенде, оны ешкім де бөлмей, іштей қоштап, үнсіз бас шұлғып, құптай түсті.

Бесін ауа басталған боран түн баласы толастаған жоқ. Сәл тыншығандай болып, артынша қайтадан үдете үрлеп, маңайын түк көрсетпей ақ түтекке орап алғанда:

– Бұл шіркін енді қашан ашылар екен? – деп қызылтаз, ибеске, жұртшы руының игі жақсылары білген дұғаларын оқып, Аллаға жалбарынып: – Биіміздің сүйегін аманаттап қойсақ жарар еді, – деп, Шегір мен Қадір биден жөн сұрағанда Шегір:

– Айтылды ғой. «Күтіңдер, таңертең аспан шайдай ашылады» дегенді бидің өзі өтерінде ескерткенін неге естен шығарасыңдар? Таңның атуын күтейік, – деп тағы да басу айтты.

Шынында да, таң бозарып ата бастағанда аспан әлемі аппақ нұрға бөленіп, кең даланың төсін күміс моншақтар ине шаншар жер қалдырмай жауып кеткендей. Өлі жерге еркін жабысып үлгермеген ақ ұлпа кіршіксіз жаңа өмірдің бетін енді ашқандай жымың-жымың етіп, жанар жасқап, күн көзіне күлім-күлім ете қарайды.

* * *

Батыс Сібір генерал-губернаторы Дюгамельдің көмекшісі:

– Шоқан Шыңғысұлы келіп тұр, – деп хабарлағанда, ол ештеңе де естімегендей, алдындағы қағазына шұқшиып, үңілген



қалпы оған көңіл бөлмеді. Жауап күтіп тұрған көмекшісі сәлден соң:

– Шоқан Шыңғысұлына не деп айтайын? – дегенде ғана, оны жаңа көргендей мойнын бұра қараған ояз:

– Күте тұрсын. Өзім айтамын, – деді ақырын ғана. Дауысы бөсең. Әлдебіреу естіп қоймасын дегендей, сыбырға бергісіз сызылта тіл қатқаны «Күтсін, күтіп көрсін» дегені екенін көмекшісі Тұрлыбек те бірден түсінді. Әйтпесе, бұрын: «О, келсін, келсін», – деп қалбалақтап қалатын бастығы жақында патша ағзамға барып келгеннен кейін көңілі бір орынға түспей, Шыңғыс төренің аты естілсе, есікке үрке қарайтын әдет тауып алғанын байқаған. Енді, міне, «Шоқан келді» дегенге де селт етпей, оны есік сыртында телміре күттіргенімен де бір ойды оған аңғартқысы келгендей.

Ояздың сөзінен кейін есікке бет алған Тұрлыбек сыртқа енді шыға бергенде артынан «Тоқта!» деген әмірлі дауыс естілді. Кілт тоқтап, артына жалт бұрылғанда ояз: «Кірсін», – деді. Көмекшісі «Ол ойынан айнып қалмай тұрғанда айтайын» дегендей, қабылдау бөлмесіне атқан оқтай зу етіп өте шықты да, тосып тұрған Шоқанға иіліп, ізет көрсетіп:

– Кіріңіз! – деді.

Орнынан тұрып, Шоқанға қарай маң-маң басып келе жатқан ояз құшағын кеңінен ашып:

– Шыңғысович, қуаныштымын. Келуіңізбен! – деп жақындай берді. Қызыл еменнен жасалған ауыр есіктен еркін, именбей енген Шоқан генерал-губернаторды көрген бетте екі өкшесін тық еткізіп, оң қолын шекесіне жеткізіп:

– Саулығыңызды тілеймін, генерал мырза! – деп, сымдай тартылып, оның қарсы алдында қалт тұра қалды. Орыс офицерінің кәдімгі генералға көрсететін құрметті сәлемін сәнімен берген Шоқанға ояз сүйсіне қарады.

Өн бойында титтей де мін жоқ. Қияқ мұртты. Кең иықты, жалпақ жауырын, ат жақты, ақ маңдайлы, бұйра шашты, сұлу жігітті ғұмырында тұңғыш рет көріп тұрғандай. Осыдан төртбес жыл бұрын Петерборда үлкен жиында кездескенде, мұртты



енді тебіндеп келе жатқан балаң жігіт сияқты еді. Енді есейіп, өмір көрген, оқыған зиялы қауымның белді бір өкілі кірпік қақпай, тік тұрып сәлем бергені кәдімгідей-ақ көңілін көтеріп жіберді. Оған риза болғанын білдіргендей, тап қасына келіп, оны екі иығынан қапсыра қыса ұстап, бауырына тарта құшақтады.

Шоқан да оны өзіне тарта, ықыласты пейілінің ортақтығын танытты. Шоқанды құшағынан босатып, өзі кейін қарай бірекі аттап, шегініп барып:

– Міне, қандай болғансың сен? Қуаныштымын, келуіңмен! – деді де, қарсы алдындағы үстелдың екінші бетіндегі орындықты нұсқап, өзі оныменен қапталдаса отырды. Бір-біріне кездескендеріне риза пейілдерін білдіріп болып, енді әңгімеге көшкен сыңайда сөз бастаған генерал-губернатор:

– Шоқан Шыңғысович, қалайсыз? – деді. Бұл сұрақтың ауқымы өте кең екенін Шоқан бірден-ақ аңғарды. Оның нені меңзеп, нені сұрағанын да түсінді. «Оған жауапты қалай қайтарсам?» дегендей, жанарын одан бұрып алған бойда:

– Ауылға асыға жеттім. Жағдай жақсы, – деп, күлім-күлім етіп, «Естіін дегенің осы болар» деп жымия қарады. Көпті көрген генерал енді сауалды төтесінен қойды:

– Асыға жеткенің дұрыс болған. Қалай дегенде де туған үй, туған ауыл жақсы ғой. Алыс жол шаршатқан шығар? Қалайсың? Денсаулығыңыз сыр берді деп естіп едім, сауықтыңыз ба?

– Денсаулықтың сыр бергені рас. Бірақ қазір жақсы. Айтпақшы, тақсыр, айып болмаса, мен ешкімге де денсаулығым туралы шағымданған жоқ едім. Сіз оны қайдан, кімнен естідіңіз?

– Әрине, мен көшеден сөз естімеймін. Өзіңіз ойлаңызшы, көшенің өсегін теретін жанға ұқсаймын ба, ә?

– Жо, жоқ, тақсыр. Айтайын дегенім, кім сізге менің денсаулығым жайлы айтты? «Менің саулығым тілектес, алаңдаған кім болды екен?» дегенім ғой.

– Ә, ия, солай болса, солай шығар. Сіздің денсаулығыңызға патша ағзамның өзі назар аударғанын айта кетейін. «Шоқан Шыңғысұлының денсаулығы нашар. Сол үшін де әскери қыз-



меттен бас тартты. Елшілікке де денсаулығы жарамсыз болды. Сауығып кетуін тілеймін. Орыс патшалығы үшін атқарған қызметі өлшеусіз» деп, сізді жоғары бағалағанын мен де өз құлағыммен естідім, патшаның өзінен, өз аузынан естіп тұрып, сізден денсаулығыңызды қалай сұрамайын, ә? Айтыңызшы?

– Дұрыс-ақ. Патша ағзамға денсаулығымның төмендегенін айтқаным рас. Әскери қызметтен де сол үшін шеттетілдім. Ал Қашқарға қайтадан елші болып бару – өлімге бас байлау ғой. Мені онда «саудагер Әлімбай» деп танығандар «Е, бұл орыстың жансызы екен, тағы келді, көзін құртайық» дейтініне сөз жоқ. Сол үшін де денсаулығымды сылтауратқаным рас. Патшам оны дұрыс түсінген шығар десем, көңілінде күмәні мен күдігі қалған екен ғой.

– Жо, жо, жоқ, төре, олай емес. Ол маған «Денсаулығына қарасын. Оған ауыр міндет жүктемендер. Өзімен-өзі, денсаулығын күтуге мүмкіндік беріңдер» деді. Сізге қандай көмек керек болар деген ғой.

– Рақмет, мен еліме қызмет етсем дедім.

– Дұрыс екен. Қай қызметті қалайсыз?

– Жаңадан ашылған Атбасар дуанына аға сұлтандыққа сайлауға түскім келеді.

– Өте дұрыс. Сіз оған әбден де лайықсыз. Ол туралы біз Шыңыс Уәлихановичпенен отырып әңгімелескенбіз. Сізге айтқан шығар?

– Жоқ. «Өзің барып сөйлес, ақылдас, не керек, не істеу қажеттігін біл» деді. Сол үшін де келдім.

– Дұрыс істегенсіз. Шоқан Шыңғысович, айып етпеңіз, айтыңызшы, денсаулығыңызға күш түсіретін аға сұлтандыққа не үшін қызықтыңыз? Айтыңызшы, билік үшін бе?

– Олай десеңіз қателесесіз. Маған билік керек емес. Мен сияқты оқыған ұлы бар мына халықтың, хат танымайтын ағайындардың көзін ашып, сауаттандырып, европалық білім алуына, өркениетті өмір сүруге бастасам деймін. Әйтпесе, маған байлық та, билік те мақсат емес. Осы жаққа келер жолда мен Түркістанға соғып, Сырды бойлап, Арқаға өттім. Үш жүздің



басын қосқан Ұлытауда болдым. Тау басында Едіге мен Тоқтамыс қатар жатыр. Алашахан, Жошыхан мазарлары – теңдесі жоқ, сәулет өнері. Оларды тұрғызған да – осы жергілікті халық. «Тарихтың атасы» атанған Геродоттың жазбаларындағы «егін егіп, мал бағып, мыс балқытқан» халықтың бүгінгі күнгі тұрмысымен таныстым. Сіздің арнайы рұқсатыңызбен қос Кеңгір мен екі Жездінің бойымен жер асты байлығын іздеп жүрген көпес-саудагер-геологтармен де сөйлестім. Сонда ойыма келгені, осы округқа қарайтын осынау бай жерді иеленіп отырған жабайы бағаналы қырғыздарды қараңғыдан жарыққа алып шығу үшін аға сұлтан болуым қажет екеніне көз жеткіздім. Сөздің тоқ етері – сайлауға түсемін. Мені сіз қолдайды деп сенемін. Сіз қолдайсыз ба, әлде қолдамайсыз ба? Ашық айтыңызшы.

– Ә, әрине, әрине, мен сізді әр кезде де қолдаймын. Бірақ нәтижесін айта алмаймын.

– Айта алмағаны қалай? Сайлау қорытындысында мен жеңіп шықсам ше?

– Әрине, әрине, Шоқан Шыңғысович. Сіздің көп дауыс аларыңызға титтей де күмәнім жоқ. Сіздің сайлауда жеңетініңіз анық. Дұрыс айтасыз, көп дауысқа ие болған – жеңімпаз. Оған сөз жоқ. Дегенмен де...

– Неменені айтасыз? Әлде менен бірдеңені бүгіп тұрсыз ба?

– Жо, жо, жоқ. Дауыс қорытындысы бәрін де шешеді. Жеңімпаз болуыңызға шын көңілден тілектеспін. «Дегенмен де» дегенім, сіздің әлгі жабайы қырғыздар деген бағаналы қазақтары өте ұйымшыл. Төрт босағасының бірлігі берік. Оның бер жағында, қазақтар қазір бұрынғыдай болмай барады. Дегенмен, оған сіз еш қапаланбаңыз. Сайлаудағы дауыс сіздікі болар, – деп, генерал-губернатор орындығынан көтеріле тұрып: – Шоқан Шыңғысович, жеңіс тілеймін сізге, – деді.

Генералдың қолын алып, іліпат-ниетіне рақмет айтқан Шоқан манағы өзі кірген қызыл есікке жеткенше асықты. Аяғын жылдамдата тез-тез басып, қабылдау бөлмесіне шыққан-



да, қарсы алдында кішігірім төбедей, еңгезердей ірі денелі, құндыз бөрікті, оқалы шапан киген, қой көзді, ұзын сары:

– Ассалаумағалейкум, Шоқан төре! – деп, оған қолын соза ұмтылды. Есіктен екпіндей шыққан Шоқан оның сәлеміне, екі өкшесін бір-біріне тигізе тақ еткізіп, оң қолын күнқағарлы қалпағының шекесіне тигізе басын сылқ еткізді де, оған тоқтамай, әрі қарай жылдамдатып өте шықты.

Ояздың қабылдауына келген Ерден Шоқанның қолын алып, сәлемдесіп, жөн айтысып, «Екі қазақ бір орынға таласқанымыз қалай болар? Бұрынғылар «Болам деген баланың бетін қақпай, белін бу» деген. Ойласайық» деп шын ықылас-ниетін айтуға бекініп-ақ келген. Ал Шоқанның оны менсінбей, шекесінен қарап, өкшесін тақ еткізіп өте шыққаны өкпесін қабындырып, талағын тарс айырғандай. Туғалы бетіне жан баласы қарсы келіп көрмеген оған Шоқанның мынау ісі бұзауғіс қамшымен қақ маңдайдан тартып жібергендей болды. Ұсынған қолын кері қайтарып алудың өзі оған ауыр тиді. «Әкесі Шыңғыстың артына тығылса да жанын суырып алайын ба? Бұл кім өзі, сәлемімді алмайтын? Мұсылманның сәлеміне сәлем салу борышы екенін білмейтін мынау Шоқан шоқынған болмасын өзі...» деп тұла бойы дірілдеп, қалшылдай бастағанда, іштен шыққан Тұрлыбек:

– Ерден батыр, генерал сізді күтіп отыр, – деп, оның алдынан емен есікті кеңінен аша берді.

Тұла бойы селкілдеп, қаны басына теуіп, түрі өрт сөндіргендей түтігіп кеткен Ерден қаншама өзін-өзі ұстағысы келгенімен де ашуын жасыра алмады. Екі көзі от шашып, қияқ мұрты екі жаққа қарай едірейе көтеріліп, маңдайы қырық қыртыс болып, қабағының үстіне түсіп кетіпті. Бұрын Ерденнің дәл мынандай қаһарлы түрін көрмеген ояз:

– Ерден Сандыбайұлы, хош келіңіз! – деп, оның алып денесіне жабыса құшақтағанда да ол міз бақпай, бір орында қозғалмай, қаққан қазықтай қаздып қалды.

Ашуына бой алдырып, абдырап тұрған Ерденнің Шоқанды көріп, араларында келеңсіз бір жай болғанын ұға қойған ояз:



– Ерден Сандыбайұлы, оны ойыңызға да алмаңыз. Ол осы жүрісіменен де, сізге көрсеткен оспадарлығы үшін де тиісті жазасын алады. Оның үкімі сайлау басталмай тұрып-ақ шығып қойған, – деп ашық әңгімеге тартты. Ояздың бос сөз айтпайтынын жақсы білетін Ерден енді ғана сабасына түсе бастап:

– Қандай үкім? Кімнің кімге шығарған үкімін айтып тұрсыз? – деп оған қарсы сауал қойды. Үнінде әлі де ызғар, ыза басым.

Ерденді қолтықтай келіп, орындыққа қатарласа отырған ояз:

– Оның үкімін патша ағзамның өзі шығарған, – деді.

– Не деп?

– Ол енді Атбасардың аға сұлтаны болмайды.

– Неге, сайлауда жеңсе де ме?

– Ия, сайлау, ол – әншейін көз алдау.

– Қалайша?

– Солай. Сайлауда Шоқан Шыңғысұлы көп дауыс алғанымен, оны аға сұлтандыққа патша ағзамның ризалығынсыз ешкім де бекітпейді. Ал патшамен сөйлескенімде Шоқанның емес, Ерден Сандыбайұлының аға сұлтан болғанын қалайтынын айтты.

– Не үшін?

– Оның екі-үш түрлі себебі бар. Ең бастысы – Шоқан Шыңғысұлы патшаның бұйрығынан бұлттарып, елшіліктен денсаулығын сылтау етіп бас тартты. Ал патша өзінің дәрегейіне бас имегенге құшағын ашпайды. Бұл – бір. Екіншіден, Кенесары Қасымұлы патшаға қарсы шықты. Бұл – екі. Төрелердің қолы билікке жетсе, жеке хандық құруды көксейді. Бұл – үш. Содан кейін білімді, әскери өнерді меңгерген ғалым Шоқан сияқты оқыған жан билікке бағынбай, айдалға басын ала қашқан асау аттай бой бермей кетсе, кімге абырой? Міне, осының бәрін ойлаған патша Кенесарыға қосылмаған бағаналының төрт босағасының ішкі шаруасына өте риза. Оның белгісі ретінде Қарабала Қадір би екеуіңе алтын жалатылған лентамен, құндыз шапан жауып марапаттады. Ол – үлкен сенімнің белгісі. Сол үшін де «Аға сұлтандыққа Ерден Сандыбайұлы баруы керек» дегенді ол бізге қадап тапсырды. Біз оны орындаймыз.



– Егер де дауысты көп алса ше?

– Бәрібір де өтпейді.

– Даусын көтеріп, сотқа барса?

– Бара алмайды. Себебі ол – патшаның бұйрығына қарсы келіп, «Денсаулығым жарамайды» деп әскери қызметтен де, елшіліктен де бас тартқан жан. Денсаулығы жоқтың аға сұлтандықты алып жүруі мүкін бе? Ел тағдырын ауру, денсаулығы жоқ адамға патша қалай сеніп тапсырады? Ал ол «Жоқ, мен онда өтірік айтқанмын, денсаулығымда кінәрат жоқ» десе, патшаны алдағаны болмай ма? Алдампаз болып жазалануы бек мүмкін. Сондықтан да, Ерден Сандыбайұлы, бұл жолғы жеңіс сіздікі. Енді сіз маған мынаны айтыңызшы, аға сұлтан болып сайланғаннан кейінгі бірінші жұмысты неден бастамақсыз?

– Алдымен сайланайын да. Әрине, дәл осы сіздің алдыңызға, құзырыңызға келгенше «Шоқанды ел сыйлайды. Оқыған жас деп, оның алдына шығып, тосқауыл болуым қалай болар?» дегенді ойға алғаным жасырын емес. Әлгінде өзін көріп, көркіне көзім тойды. «Жасы кіші болса да, жолы үлкен, төре ғой» деп орнымнан тұрып, «Ассалаумағалейкум» деп сәлем бергенімде, ол маған мойнын да бұрмастан, қасымнан селтиген қалпы, өкшесін сарт-сұрт еткізіп өте шықты. Үлкенді сыйлау, сәлемдесу, есен-саулық сұрасу – қазақтың жақсы қасиеттерінің бірі болса, ол одан мақұрым қалыпты. Қаным басыма шауып, қуып жетіп, ит терісін басына қаптап, жонынан таспа тілгендей жазалағым келді де, оны былайғы жұрт «Ерден дауысқа түскен Шоқанға сөйтіпті дейді ғой» деп тосылдым. Жұрт оның ақ-қарасын қайдан білсін? «Ояздың кеңсесінде ойран болыпты» дегеннен қаштым. Содан кейінгі келген ой – «енді аяғына дейін айқасу» болды. Бұл – бір. Екіншіден, Алла қолдап, сайлана қалсам, онда дуанның орталығын Атбасардан үш жүздің басын қосқан, иісі қазаққа тең орталық Ұлытауға көшіру. Ұлытаудағы ел Атбасарға қолы жете бермейді. Тең орталықта отырып елді басқару да жеңіл. Содан кейінгінің қисыны мен мүмкіндігіне орай, ақылға салып атқара береміз. Бұған не дейсіз?



– Ойыңа қосыламын. Ұлытауға көшіру біздің де ойда тұрған. Бекініс салғандағы түпкі мақсат – Ұлытауды орталыққа айналдыру. Қазір бекініс нығайды. Енді алдағы жаздан бастап аурухана, мектеп, дүкен салу, базарды кеңейту ісі қолға алынбақ. Оған дайындық жүріп жатыр. Округтік кеңсенің де құрылысы қолға алынды. Оған дейін де онда атқаратын іс жетер. Жергілікті болыстар мен старшиндерді де іріктеп, елге сөзі өтетін, белсенді, белгілілерден сайлау керек. Ол енді аға сұлтанның құзырында дегенмен, бізбен келісуің – шарт. Бұл ретте сіз, Ерден Сандыбайұлы, қателеспейсіз деймін.

– Қазақ айтады «Асатпай жатып құлдық деме» деп, сол айтқандай, алдын ала «Олай етемін, бұлай болады» деуге менің тілім келмейді. Бәрі де – болар іс те, болғаны да Алланың қалауымен. Ендеше уақыттың алдына түсіп, шаба жөнелу де жақсы емес. «Жеттің де, ұрғаның қалды ма?» деп түлкі құған жігітке қыздың айтқаны сияқты, сайланбай тұрып сайрағаным жөн болмас, – деп, Ерден әбден сабасына түсіп, сабырға көшкен пейілде көңілін кеңге сала серпілді.

Ерден ояздың алдында көптен бері бұлай шешіліп сөйлеспеген. Әлгіндегі Шоқанға деген өкпесінің де ізі қалмағандай. Жүзі жадырап, жанары оттай жалындап, еңсесі көтеріліп, еркін дем алғанын аңғарған ояз:

– Ерден Сандыбайұлы, өзіңіз де білесіз. Сайлау туралы болған әңгіме әзірге арамызда қалсын. Дауыс беретін ағайындарыңыздың белін босатпаңыз. Қолдаған дауыстың көп болғанын көздеңіз. Ең басты айтарым – Шоқан Шыңғысұлына тілмен де, қолмен де, іспен де зәбір беріп, жазалауға асықпаңыз. Қалама саңыз, кездеспеңіз. Тілдеспеңіз. Жағаға қол салынбасын. Жігіттеріңіз қызбаланып, біреуі болмаса біреуі дөң айбат танытса, ол сіз бен біздің пайдамызға емес. Оны ол жақсы пайдаланып кетуі әбден мүмкін. Тіпті, «Сайлау тәртібі бұзылды» деп дау тудырса не етесіз? Осыны есте ұстаңыз, – деді.

Ерденге оның айтқандары терең ой тастады. Расында да, «Шыңғыстың Шоқанын жеке алып кетіп, сәлем беруді үйретсем қайтеді?» деген алғашқы ойдан лезде айныды. Ояздың



«Одан айналып өтіңіз» дегенінде көп мән барын ұқты. Енді сайлау болатын күнді күтіп, дауыс жинаудың жолына шығу керегін білді.

Төрт босағаның мықты жігіттері атқа мініп, Ұлытау мен Есілдің арасын аралап, болыстардың жайын біліп, ертеңгі болар сайлауда қай жаққа жұмыс жасайтынын анықтауға аттанды.

* * *

Қазақ ат бәйгесі мен палуан күресінің қызығына тоймайтыны сияқты, сайлауда да «Кімнен кім озады?» дегенді күндіз күнімен, түнде түнімен таласа талдаудан жалықпайды. Біріне бірі сөз бермей, қызбалана келе «Ой, оны қойшы» деп, кейде жаға жыртысып, қамшы сілтеуге дейін баратыны бар.

Бұл жолы да қалың ел екіге жарылғандай. Бір жағы оқыған, білімді, жас, төре тұқымы Шоқанды қолдаса, екінші жағы ұранға шыққан Сандыбайдың баласы Ерден батырды мақтап, қызылкенірдек болып, керілдесе-керілдесе кеш батырып, айтыса-тартыса таң атырады. Мұндайда сөз ұстаған шешендер, аузы дуалы билер суырылып алға шығып, Шоқанды да, Ерденді де таныстыра жырлауға көшкен. Тілінен бал тамған ақындар Ерденді де, Шоқанды ды бірінен бірін асыра мақтап, жырға қоса бастады.

– Ақындардың ішінде Орынбай Кертағыұлының өзіңізге арнаған жырын тыңдайсыз ба? – деген Бозайға:

– Е, ол әлгі біздің Уайыс батырдың туған құдасы ма, білем, ол үйге арнайы келіп, ертеректе сайлауға түспей тұрғанда-ақ арнау айтып, ат мініп, иығына шапан жамылып кеткен. Білемін, – дегенде ол да:

– Онда әлгі Шеген мен Шөженнің жырынан не хабарыңыз бар? – деп, ойын жинақтатпай, сауалын сауылдата түсті. Бозайдың бір сөздің соңына түссе, оны түптетпей, түгендетпей қоймасын білетін Ерден оған:

– Жо, жоқ. Сырт естуім бар. Не депті? – дегеніне ол:

– Әншейін менің көңіліме қарап айттыңыз. Әйтпесе, Атбасарда әңгіме-дүкен құрғанда Құлтума мен Шөже сізді мақтап



сөйлегенде «Қалай-қалай төгіледі, ей, ә?! Бұл ақындарға құдай тіл мен жақты берген» деп едіңіз. Ұмыттыңыз ба? – деп өзіне кері сауал қойғанда Ерден қарқылдай күліп:

– Ой, Бозай аға, сіз де ақынсыз. Сіз қашан мені мақтап өлең шығарасыз? Мені сізден толық білетін басқа кім бар? Басқалар мақтап тұрып, ішінен боқтай салар. Сырттың мақтағанынан да іштің боқтағаны артық. Сырттікі – өтірік, іштікі – боқтаса да шындық. Сондықтан да мақтады деп аспайық, боқтады деп жасымайық. Ауылдағыларға барғанда сайлау жайлы жақ ашпайық. Кімнен кімнің несі артық? Шоқанды да кешірейік. Оған дауыс беретіндерді жолдан қақпайық. «Дауыстан жеңілдім. Бағаналы бағымды байлады демесін, қолдайық» дегенді сөз ұғарларға құлаққағыс етіп айта бер. Ел ішінде «Ерден Шоқанды аяқтан шалмақ» деген сөз шықпасын. «Жас неменің жолын жаппаймын деді» десең, саған ел сенеді. Менің өзім де қисынды жерінде келістіріп өтермін, – дегенде Бозай атының тізгінін тартып, кілт тоқтап:

– Батыр, сонда сайлаудан бұрын-ақ жолыңды Шоқанға бермекшімісің? – деді. Оған Ерден:

– Ия, берер едім, оған ояз қарсы болды. Дауысқа түспесем, сайлау жалғыз адамға бола өтпейді екен. Тәртіп солай. «Екі адам болуы – шарт» дегенді бүгін ғана естідің бе? Бұрыннан бар емес пе?

– Бары бар. Бірақ...

– Не бірағы бар?

– Ел не дейді? «Ерден батыр бір боқмұрыннан жеңілді» демей ме?

– Дей берсін. Әуелі сайлау өтсін. Содан кейін кімнің не дегенін көрерміз, – деп, Бозайдың атының сауырынан қамшыменен тартып жібергенде боз жорғасы алға түсіп, жорғалып жүре берді. Оқыс қимылдан ат үстінен ұшып кетердей қоқаң ете қалған Бозай, алды-артына қарамай, тізгінді бос жіберді де, жорғасына ерік берді.

Екеуінің соңынан ергендер бұлардың бірі тоқтап, бірі атын қамшылап, алма-кезек ауысып, бірі озып, бірі тосып, бөкен желіспен озып кеткендерін аңғармай қалғандай.



Есілдің бергі бетіне өткенде алдағы екеудің алдынан бір топ аттылы кездесті. Алыстан көрінгендерден бұрыла кету – қашқанмен тең. Кең далада түзу тартылған жол болмаса да, көз жетер жерден жалт бұрылып, қиғаштай кету бұрын-соңды болмаған. Ондайлар болса, дүбірлете жүріп, «Сәлем бермей қашып кетті, жолымды кесті» деп, биге шағым түсіріп, айып тартқызатынын далалықтардың бәрі де біледі. Сол бұзылмаған үрдіспен екі топ біріне бірі тіке тартып, жақын келгенде Ерден қарсы келген топтың алдыңғысы Шоқанның нағашысы Шорманның Мұсасы екенін жазбай таныды.

Атақты Шорман бидің ұлы Мұса мырза. Болыс Мұса. «Сөзге ұста, шешен Мұса, би Мұса» атанған Мұса Шыңғыстың әйелі Зейнеппен бірге туады. Шоқанмен бірге Ерденнің де аға сұлтандыққа сайлауға түсуге ниеттенгенін білетін Мұса жылы жүзбен:

– Оу, жол болсын! – деп дауысын көтере тіл қатқанда, Ерденнің оған жауап қайтаруын күтпестен, Мұсаның үнемі қасынан табылатын Шоқай би Ерденді қамшы ұшымен нұсқап:

– Оу, Мұса мырза, сонша даусыңды көтеріп, көтермелейтіндей мынау сұмырай бөрік, сүп басың кім? – дегенде Ерден одан:

– Ақсақал, білсеңіз айтыңызшы, осы ит қалай жүзеді? – деді. Көңілінде иттің қалай жүзетінін сұраған оған таңырқай қараған би «Бұл не деген надан, иттің осы уақытқа дейін қалай жүзетінін көрмеген көрсоқыр ма өзі?» деген оймен:

– Е, ей, шырақ, соны да білмейсің бе? Ит малтып жүзеді, – дегенде Ерден:

– Е, онда солай малти беріңіз, – деді де, атын сипай қамшылап, алға қарай жүріп кетті. «Сұрақты өзі қойып, өзі оның жауабын тыңдамай кеткен бұл кім?» дегендей Шоқай Мұсаға қарап:

– Бұл кім болды? – дегенде, ол тоқтамастан:

– Е, ол әлгі біздің Шоқанжанмен дауысқа түсіп жатқан Сандыбайдың сары Ердені ғой, – дегенде Шоқай қамшымен өзінің санын өзі бір соғып:

– Қап, әттеген-ай, өзімнен де болды. «Иттің қалай жүзетінін иттен сұра» деуім керек еді. Өзімнен болды. Мынаның әруағы асып, екі иығынан екі жылан ызындап, жалыны бет қаратпай



шарпып тұр екен. Шоқанжан бұл сайлаудан өте алмайды екен, – дегенде Мұса:

– Биеке, бәрі де Алланың қолында. Қазіргі бұл далада дәл осы Ердендей ер дейтін жігіт кездеспес. Иісі қазаққа Ерденді берген Алла Шоқанға да бір жөн берер. Түңілмейік, – деп, қастарынан өтіп бара жатқан, салтанатын асырып, кіл жарау ат мінген бағаналы жігіттеріне сүйсіне қарап:

– Е, төрт босағасы қасына түгел еріпті. Бұл енді бүгінгі таңда ешкімге де теңдік бермес, – дегенді ашық айтып, Шоқайға: – Кетейік, – деді.

Ерденнің бір ауыз сөзі қабырғасын күйрете өткен Шоқай би:

– Шіркін-ай, болсаң мына бағаналылардай болған жөн. Болмасаң бордай болып, тозған жөн. Ерденнің аты озып, бәйгеден келсе, оған құдайдың бергені дейік. Енді біздің қолдан ештеңе де келмейді. Гәп Аллада. Ерденің өрттей өршіп барады екен, – дегенді тоқтамай қайталай айтқанымен, Мұса оның сөзінің бірін естісе де, бірін естімей, өзімен өзі:

– Қап, екі арыстанның қатарласуын-ай, бұл да патшаның бізді ыдыратуының құйтырқысы болар. Жақсыларды билікке таластырып, жағаластырған заман-ай, – деп, көкірегі қарс айырыла күңіренуін даланың желі де іліп ала жөнелгендей.

Ел іші гу-гу. Екінің бірінің айтатыны да – сол сайлау. Тіпті, Орта жүзді былай қойып, Кіші жүзге де, Ұлы жүзге де «Шыңғыс Уәлиханұлының оқымысты ұлы Шоқан мен бағаналы Сандыбай батырдың ұлы Ерден батыр екеуі Атбасар округінің аға сұлтандығына таласып жатыр» деген сөз бірден-бірге өтіп: «Е, Шоқан кім, Ерден кім?» – деп жорамал жасаушылардың құдайы беріп қалғандай.

Орта жүздің ішінде де: «Шыңғыс төренің тамыры тереңде ғой, оған кім қарсы тұра алар?» – дегендердің желі оңынан тұрғандай. Көкше мен Арғанаты төңірегіндегілердің арасында: «Е, бұл бағаналылар осал емес. Кезінде он мың жылқы біткен нәнжіл қыпшақ Шашанбайдың Рахметі бағаналылар туралы Сандыбайдың көзі тірісінде-ақ «Бұлардың мәйегі – төрт босағасы тең тұр. Қарабала Қадір би – ол бағаналылардың пірі, Шала-



байдың Шегірі – биі, Бөкеншінің Бабыры – мырзасы, Төлектің Сандыбайы – батыры ғой. Бұл төртеуі төрт міндетті тең атқарып, елін тең ұстап тұр. Олар басқаға теңдік бермейді» деген жоқ па? Содан бері не өзгерді? Сандыбайдың орнын ұлы Ерден басты. Одан олар күшеймесе, әлсіреген жоқ. Ерденің ояздың тілін тапты. Қарсы келгеннің басын шапты. Қоқан хандығының өзі бұл жаққа келуін доғарды. Шыңғыстың да жолын табар-ақ», – дегені «Сайлауда кім жеңеді?» дейтіндердің есін алғандай ерекше екпінмен естілді.

Жан-жақтан кеулеген сөзден бірде жасып, бірде қуана тасып, «Әліптің артын күтейік» деген бағаналының үлкені мен кішісі Қарабала Қадір биге ертелі-кеш келіп: «Биеке, біз үнсіз осылай омалып отыра береміз бе? Сайлауда көп дауыс алу үшін басқалар шауып жүр. Жәй жүрген жоқ, дауыс жинайды. Біз әлі тым-тырыспыз. Бізге не болды?» – дегенді ашық айтып, «Көңілдеріндегі қобалжудың соңы неге соқтырады?» дегендей ойларын жасырмайды. Бірақ Қадір би олардың бірде-біреуіне «Былай-олай» демеді. Айтқандарын тыңдайды да: «Шапқан жетпейді, бұйырған кетпейді» дегенді мен айтқан жоқпын. Бұрынғылар солай деген. Ендеше артын күтейік. Сайлауда да Алланың қалаған адамы алға шығады. Иншалла, дұғадан тастамай, Алладан тілек етіңдер. Бабаларымыз «Күштіге сиынсаң – Құдайға сиын» демеді ме? Деді. Солай. Бәрі де адамнан емес, Алланың қолында», – деп, ентігіп келгендерді сабасына түсіріп, сабырға шақырды. Қадір бидің еш қобалжусыз, еркін, байыпты, байсалды отырысын көргендер, сенімді сөзін тыңдағандар «Рас-ау, Алланың ісіне кім қарсы келген? Биіміз әрі піріміз бірдеңені біліп отырған шығар» дегенді көңілдеріне медеу тұтқан.

Өткен жолы Омбыға барып келген Ерден басқа жаққа мойын бұрмай, тіпті өзінің үйіне де соқпастан, тұп-тура осында, Қадір биге келіп, атының басын бір-ақ тіреген. Екеуден екеуі ұзақ отырып, әңгімелескенде не айтып, не шешкенін жан баласы білмейді. Ерденнің қасынан ертелі-кеш екі елі қалмайтын Бозайдың өзі де сыртта, алыста қалды. Ет пісірімнен артық әңгіме шерткен екеуінің ешкім де тыныштығын бұза алмай, «Күте-



йікпен» күнді өткізген. Ауылға бесін намазы басталғанда келген Ерден екінтінің кезі келгенде ғана сыртқа шықты. Оның соңын ала Қадір би де төбе көрсетіп, жан-жағына қарап, жігіттерінің сақ тұрғанын көріп: «Бұлар тұрғанда босағадан жылан да жылжып өте алмас», – деп, өзен табанына қарай түсе берді. Содан кейін-ақ Қадір би «Алла қолдаса, адам адаспайдыны» жиі-жиі айтатын болды. Бұрын сайлаудың аты аталса, құлағы елең ете қалатын. Енді біреу «сайлау» деп қалса: «Әй, қойыңдар, кім жеңіп, кім жеңерін бір Алла білер. Сендер мен менің қолымнан не келеді? Бос сөзді сапырғаннан сусын болмас», – деп тыйып тастайтынды шығарды.

Бағаналылардың сайлау алдындағы тыныштығына күмәнмен қарайтындар да үндемей қойған жоқ.

- Е, Ерден оязға екі барды.
- Неше барса да еркі.
- Бостан-бос бармайды.
- Ат басындай алтын берген ғой.
- Берсе берсін.
- Неге?
- Е, ондай алтын Шыңғыста жоқ дейсің бе?
- Онда да бар.
- Мейлі, ендігі әңгіме оязда десейші.

– Қалай дегенде де Ерден тырс етіп үндемей жатып алғанын айтсайшы, – деп бірі бастап, бірі қоштап, болашақтағы жеңімпаз болатынның қаражат қауқарына дейін жіпке тізе сөйлейтіндердің де аузында тыным жоқ.

Қазақтар күніне мың түрлі болжам жасағанымен, Батыс Сібір генерал-губернаторының өз есебі өзінде. Аға сұлтан сайлауы жайлы патша ағзаммен бір емес, бірнеше рет сөйлескенде де одан «Шоқан Шыңғысұлы – Кенесарының туысы. Төре емес пе?» дегенді екі-үш рет естіген. Естіген сайын бұл да «Дәп солай» деп тақ еткізгенде, «Ендеше оны біліп қой. Билік қолына тисе, қазақты бөліп алуға кірісері сөзсіз. Ескертіп қоямын» дегенде мұның денесі мұздап қоя берген. Енді, міне, сайлаудың



қорытындысын күтіп, «Кім қанша алды екен?» деп санақшыларды тосып отырғанда көмекшісі:

– Санақшылар келді, – дегенде бұл орнынан екі тұрып, екі отырған. Денесі қалтырап, «Кім көп дауыс алды?» дегенді іштей қайталай берді. Бұрыннан осындай сайлауды өткізіп, әбден оған машықтанып алған комиссия төрағасы, шақша бас Семенович есіктен енген бетте:

– Саулығыңызға тілектеспін! – деп даусын көтере ізетті сәлем бергенде ғана генерал бойын билеген үрейден енді ғана арыла бастағандай. Ондағысы – оның дауысы ашық, еркін, жайдары шыққаны. «Демек, нәтиже өзі күткендей болғаны» деп ойлаған ояз оған:

– Кел, бері жақында, – деп қарсы алдындағы бос орынды нұсқады.

Санақшының мәліметіне көз жүгіртіп қарап шыққан ояз:

– Бұл қалай болғаны? – деп оған ажырая қарағанда, оның демі жетпей, тұншығып, оң қолымен жүрек тұсын сипай ұстап:

– Біз қайта дұрыстаңқырадық... – дегенді күмілжіп айтты. Оның мүләйімсіген түріне қарап, «Не істесем болады сені?» дегендей, отты жанарымен оны өңменінен түйреп өтті де:

– Мұны олар біле ме? – деп сұрады. Ол:

– Жоқ, – дегенде ғана ояз дауыс қорытындысы толтырылған қағазды қолына ұстаған бетте орнына сылқ етіп отыра кетті. Дәл осылай боларын күні бұрын сезгендей, санақшы да ләм-лим деп тіс жармай, күндіз көрмей, түнде ғана ұшатын жапалақтай екі көзі жыпылықтай берді. Осылайша оның әлі қанша отырса да, оған әбден көнген көңілін ояздың:

– Олардың өздері қайда? – деген үні бұзып жіберді. Ұйқысынан шошып оянғандай, селт ете түскен санақшы:

– Шоқан Шыңғысович қабылдауыңызға келіп тұр. Ал Ерден Сандыбаевич енді келуі керек, – деді.

«Екеуін бірге шақырып, қабылдайын ба, жоқ, жеке сөйлесейін бе?» деген ойға батқан ояз өзін-өзі дайындауға көшті. Бір ойы «Екеуін де бірге» десе, екіншісі жекеге сүйрей берді.



– Жә, ойланайын, – деді де, санақшыға: – Сен ұзап кетпе, мен шақырғанда олармен бірге кірерсің, – деп, үлкен терезенің алдына шірене тұрып, сыртқа көз салды.

«Сайлау қорытындысын естіртеді» дегенге Шоқан ертелетіп келген. Қалай дегенменен де, ауыл арасының жақындығын білдірді. Кеңгірдің жағасында жатқан бағаналылардың батыры Ерден де кеше кешкісін келгенін естіген Шоқан оған осы жерде жолығуды жөн көрген. Ертелеп келуінің бір жағында сол да бар. Ерденмен жеке сөйлескісі келгенін әкесінен де жасырмады. Оның мұнысын Шыңғыс төре де қоштаған.

– Балам, Ерденнің қаһарына ұшырасаң, ол оңай болмайды. Оған қарамай кеткенің болмаған, – деп реніш білдірген. Содан бері Шоқан Ерденмен жеке жолығудың жайын көп ойлаған.

Туған нағашысы Шорманның Мұсасы да:

– Шоқанжан, сайлау болса өтер, кетер, ал Ерденнің көңілін қалдырсаң, ертең бұлдыр, келешегің кемшін бола ма деп қорқамын, – дегенде ол ойланып қалған.

Бұрын: «Саған қарсы оқымаған, жабайы, білімсіз біреуді салып отыр», – дегендердің сөзін естігенде «Шыныменен де солай шығар» деп ойлаған. Ал бағаналы елін аралап шыққанда, қазақы бітім-болмысы бұзылмаған, кішісі үлкенін тыңдайтын, сыйластығы мол елді көріп таңғалған. Сандыбайдың Ерденін оқымаған деп кекшиіп қасынан өте шықса, оның орыс, ағылшын тіліне жетік екенін біліп, басын шайқаған. Содан бері «Реті қалай келер?» деген ойдан арыла алмаған. Соның қисыны осы жолы келетіндей.

Манадан бері ояздың қабылдауын күтіп отырғанда, «Ол қашан келеді?» деп екі көзін есіктен алмаған. Міне, сол сәті келгендей. Қос жапсарлы қызыл емен есік екі жақ қанатын жайып ашылғанда, арғы жағынан екі иығына екі кісі мінгендей, еңгердей Ерден кіріп келе жатты. Қатар тұрған екі адам айқара құшақтаса қолдары бір-біріне жетпейтін алып тұлғаның алдына барып, бетпе-бет кездесуге де үлкен жүрек керектей-ақ. Келген бетте сәлем беремін деген Шоқан, сол ойынан айнымай, орнынан салмақтана тұрып, оған қарай екі аттап басып:



– Ассалаумағалейкум, Ерден аға! – деген Шоқанды көріп, оған таңырқай қарап:

– Уағалейкумассалам! – деп сәлемін алды да: – Шоқанжанбысың? – деді. Ол да үнсіз ғана басын изеп:

– Ия, аға, Шоқанмын, – дегенде, Ерден оның сәлем берген қолын босатпай, өзіне қарай тарта түсіп, құшағына ала берді.

Ел мен жерді көп көре жүріп, мынадай қарулы да қауқарлы, сұсты да сұрапыл қимылды батырды бірінші рет көргендей, Шыңғыстың ұлы да оның кеудесіне басын қойып, иіле берді. Шоқанды құшағынан босатқан бетте Шоқан:

– Ерден аға, сізден сұрайын деген едім, – дегенде ол:

– Ал сұрай бер, – деді. Шоқан асықпай бастап кетті.

– Аға, ана жолғым үшін кешірім сұраймын. Ояздың алдынан ашулы шығып, сізге көңіл бұра алмағанымға өкінемін.

– Оқасы жоқ. Жассың ғой. Жастықта не болмайды? «Өз қатесін өзі білген – екі адамға жөн айтар» демей ме? Екінші ондайды қайталамасаң болды.

– Ерден аға, бағаналының төрт босағасында да болдым. Едіге мен Тоқтамыстың басына шықтым. Алашахан, Жошыханға соқтым. Қос Кеңгір мен екі Жездіні араладым. Сарысудың бойындағы Кенттің құмының құпиясына қызықтым. Жері бай, елі қонақжай екен. Ең бастысы не ойлағанымды айтайын ба, аға?

– Айта бер.

– Бағаналының бауырмалдығына сүйсіндім. Төрт босағаның балаларының бірлігі ғажап. «Барлық қазақ дәл осы бағаналыдай болса ғой» дегенім рас. Қызықтым. Мұнда жетімді жылатпау, жесірді жібермеу, аға ініге, іні ағаға қарау қалыптасқан. «Көшетұғын сай үшін, өлетұғын тай үшін» таласпайтын татулықтың сырын түсіндім. Ол – бірліктің күші. «Бірлік бар жерде ырыс бар, тыныс бар» дегенді бағаналы елінен көрдім. Көрдім де «Осы елге аға сұлтан болса, Ерден ағам болсын» деген ойға келдім.

– Неге?

– Себебін айтайын. Атбасарға аға сұлтан болсам, елге себім тие ме дедім. Ауылға оқу, білім әкелсем дедім. Бірақ ол болмайды екен.



– Шоқанжан, неден түңілдің?

– Түңілгенім емес. Сіздің өзіңізді көріп, ісіңізді байқап, «Міне, елді осындай ақылды батыр басқарса» дегенді бірнеше рет өзіме өзім айттым. Тіпті, сонау Петербургтегі достарыма «Қарсыласым – даланың нағыз батыры, ірі феодал Ерден батыр» деп хатқа жаздым да. Бұл – менің шын сөзім.

– Шоқанжан, әлі сайлаудан кім жеңгені белгісіз. Дауысың асып, жеңіп кетсең не дейсің? Енді әңгіме кімнің қанша шар алғанында шығар.

– Жоқ, аға, мен жеңіп тұрсам да, мені аға сұлтандыққа бекітпейді. Оны өзім білемін.

– Қалайша?

– Ол солай, аға, мені патша ағзам Қашқарға елші етіп жібермек болды. Мен «Бармаймын» дедім. Ол «Неге?» деді. Мен «Денсаулығым жоқ» деп бас тарттым. Қашқарға барсам, сол күні-ақ мені бауыздап тастайтыны белгілі. Сол үшін денсаулығымның жоғын алға тарттым. Патша «Онда барлық қызметтен боссың» деген. Енді, міне, аға сұлтан болғым келді. Ол оны қаламайды. Сондықтан да сіздің мүмкіндігіңіз мол. Мені «Аға сұлтан болса, елді өзіне ертіп алады» деп сенімсіздер қатарында санайтынын сеземін. Айтарым, аға, сіздей елдің бетке ұстар батыры аз. Байқаңыз, бұл патшаның билігі ештеңеден де тайынбайды. Суға у қоса ма, кім білсін? Сақ болыңыз. Елге сіздей тұлға керек, – дегенде Шоқанның екі көзі шоқтай жайнап, даусында әлдеқандай бір ғажап, сыңғырлаған елдіктің, ерліктің ерке күйі төгіліп жүре бергендей. Кең маңдайы, қияқ мұрты, сұлу жүзі нұрланып, жүрегіннің нұрыменен маңайға жылылықтың лебі ескендей.

– Шоқанжан, – деп Ерден оның сөзіне қосыла бергенде іштегі есік ашылып:

– Кәне, бір-бірлеп кіріңіздер, бірінші – Шоқан Шыңғысович, содан соң Ерден Сандыбаевич, – деген ояздың көмекшісінің үні естілді. Өзінің аты алдымен аталған Шоқан:

– Ал, Ерден аға, мен кеттім, – деп ішке ене берді.



Есіктен енген бетте өкшесін сарт еткізіп, тартылған сымдай, сіресе, қалт тоқтаған Шоқан күнқағарының оң жағына сау-сақтарының ұшын тигізе:

– Саулығыңызға тілектеспін, генерал мырза, – деп сәлем бергенде, ол да ризашылықпен:

– Келіңіз, төрлетіңіз, Шоқан Шыңғысович, – деп алдындағы орындықты иегімен нұсқады. Жайғасып отырғаннан кейін ол санақшыға:

– Кәне, сайлау нәтижесін оқыңыз, – деп әмір бергені сол, ол мүдірместен:

– Сайлау өз мәнінде, заңға сай өтті. Кедергі, кемшін болмады. Нәтижесінде аға сұлтандық қызмет үшін сайлауда екі кандидат төмендегідей дауыс алды. Бірінші Шыңғысұлы Шоқан мырза 25 (жиырма бес), Сандыбайұлы Ерден мырза 16 (он алты) дауыс жинады. Сонымен сайлау қорытындысында Шоқан Шыңғысұлы басым дауыспен жеңімпаз деп танылды. Ал Ерден Сандыбайұлы белгіленген межеден аса алмады, – деп, қағаздағы жазылғандарды дауыстап оқып шықты.

Генерал-губернатор орнынан көтеріліп:

– Шоқан Шыңғысұлы, жеңісіңізбен! – деп оны құттықтап, қолын созды. Құрметке ізетті жауаппен Шоқан да:

– Рақмет! – деп, оның қолын алып, басын изеп, ризашылығын таныта орнына отыра бергенде ояз:

– Қалай дейсіз, Шыңғысұлы, осыменен сайлау қорытындысы бітті дейміз бе, ә? – деп сауал тастай қарады. Оның бұл жолғы көзқарасы қаңтардың қақаған аязындай суық сияқты сезілді. Мұп-мұздай болып, сіресіп тұрған көкшіл көздерден әлдебір бұрын-соңды сезілмеген суық жон арқасын бүріп өткендей, тұла бойы дір ете түскен Шоқан орнынан өзінің қалай атып тұрғанын да сезбей қалды. Ояз:

– Шоқан мырза, сайлау нәтижесіне ризасыз ба? – деп қайталап сұрады. Бұл жолы Шоқан тосылмады.

– Рақмет, ризамын.

– Осыменен сайлау бітті дейсіз бе?

– Оны енді, мәртебелім, сіз білесіз?



– Қалайша мен біледі екенмін?

– Енді сіз, сізден жоғары кім бар мұнда? Әрине, қорытынды сөз сізден деп білемін.

– Жо, жоқ. Менен де жоғары патша ағзам бар екенін естен шығармаңыз. Әлде сіз патша ағзамды мойындағыңыз келмей ме?

– Неге олай дейсіз? Патша ағзамның айтқаны – заң. Оған мен неге бағынбайды екенмін?

– Олай болса, сіз оның бұйрығынан бас тартып, жұмсаған жеріне «аурумын» деп бармағансыз. Оны қалай түсіндіресіз?

– Енді денсаулығым нашар кезде солай болды.

– Шыныңызды айтыңызшы, сіз денсаулығыңыз үшін емес, «Қайтып барсам, Қашқарда ажал құшамын» деп қорықтыңыз. Содан соң өтірік айтуға тура келді.

– Жо, жо, жоқ. Ия, қайтып барсам, мені танитын еді. Әрине, аяғы қайғылы болуы да мүмкін болатын. Оны жасырмаймын. Сол себепті денсаулығыма да алаңдадым.

– Шоқан Шыңғысович, өзіңіз білесіз, патша ағзамды алдау абырой әпермейді. Ол – әрі-беріден кейін, ауыр жазаға тартылатын үлкен қылмыс. Оны өзіңіз де жақсы білесіз. Мемлекет басқарған патшаның өзіне көзбе-көз қарсы сөз айтып, оны «Денсаулығым жоқ» деп алдау – әрі-беріден кейін, опасыздық пен сатқындыққа тең. Демек, ондай қылмыс жасаған жазалануы керек. Солай емес пе, әлде сіз қалай ойлайсыз? Айтыңызшы. Ақылдасайық. Бұдан шығар жол бар ма? Білесіз бе?

– Түсіндім. Менің денсаулығым сыр бергені рас. Осы қазірдің өзінде де өзімді-өзім әзер ұстап отырмын. Денсаулығыма байланысты әскери қызметтен де босандым.

– Сонда сіз аға сұлтандық қызметке толық жарамды денсаулығым бар дейсіз бе?

– Мен олай деген жоқпын.

– Енді қалай дейсіз?

– Ашығын айтайын. Аға сұлтан болсам, елге көп пайдам тиер ме дедім. Сайлау кезінде де өзімді байқадым. Шынымды



айтайын, бұл қызметке менің денсаулығым жарамайды екен. Мен оны ойдағыдай атқара алмаймын.

– Онда не істейміз? Патша ағзамға «Шоқан Шыңғысович сайлауда жеңіске жеткенімен де, денсаулығына байланысты ол қызметті атқарудан бас тартты» деуім керек пе?

Ояздың бұл сөзді айтқанда дауысы манағыдай емес, ептеп көктемнің алғашқы жылымығындай жіби естілді. Манадан сөзді алыстан тастап, ызғарын шашып, көзінен от ұшып отырған ояздың өзінен қандай жауап күтетінін Шоқан да түсінді. Тіпті, «Патшаға «денсаулығына байланысты» дегенді айтайын ба?» деп тұспалдағанын да ұқты. Енді бұдан әрі егестің жеміс бермесін білген Шоқан жүзін жылытып:

– Мәртебелім, сіз өте дұрыс айтасыз. Бұл қызметті толыққанды атқаруыма денсаулығым кедергі келтіреді. Сондықтан мен сайлау нәтижесінің қорытындысына қарамастан, Атбасар округінің аға сұлтаны қызметінен бас тартамын, – дегенде генерал орнынан ұшып тұрып:

– Міне, мәрттік! Міне, тектілік! Сіз шынында да мықты екенсіз, Шоқан Шыңғысович. Енді осы айтқандарыңызды мына қағазға түсіріп берсеңіз болды. Рақмет! – деп, оны көптен бері жоғалтып, енді тапқандай мәз болып, сүйсінгенін шын көңілмен білдіруге тырысты.

Оның көңілі көтеріліп, иығына артқан жүгі түскендей жеңілдегенін байқаған Шоқан еріксіз мырс етіп күліп жіберді де, алдындағы ақ қағазға өтініш жаза бастады. Шоқанның өтінішін қолына алып, тағы бір рет оқып шыққан ояз:

– Міне, бұл енді дұрыс. Шақырыңдар, келсін Ерден Сандыбайұлы, – деп көмекшісіне белгі берді.

Ішке енген Шоқанның соншама айналғанына алаңдап, әлгінде Шоқанның «Олар мені өткізбейді. Мың түрлі сылтау айтып, қорқытып-үркітудің түрлі айласын тауып қойған шығар. Аға, аға сұлтан болсаңыз сақ болыңыз. Патшаның аңдушылары, көрінбейтін жансыздары көп. Сізді де бұлар көп ұстамайды. Бұларға құлақкесті құл керек. Оған сіз бен біз көнбейміз ғой»



дегені көңілінен кетпеді. «Мен нені күтіп тұрмын осы?» деп тыпырши бергенде көмекші:

– Кіріңіз, – деп шақырды. Ерден «Бұлар не істемек өзі?» деп, емен есіктің табалдырығынан еркін аттап әрі қарай өте берді.

Генерал-губернатор Ерденді құшақ жая қарсы алып:

– Сізге үлкен сый ұсынбақпыз, – деп, қасындағы Шоқанға күлімдей бір қарап алып: – Шоқан Шыңғысұлы сайлау қорытындысында көп дауыс алғанына қарамай, аға сұлтандық қызметтен бас тартып, ол орынды сізге ұсынып отыр. Көнекейіңіз. Құттықтап қоюға болады сізді! – деп, оған оң қолын созып, жақындай түскенде Ерден оның арғы жағындағы тұрған Шоқанға «Бұл қалай?» деген сауалды көзімен жолдап, иегін көтеріп қалды. Оның не айтқысы келгенін Шоқан да түсінгендей. Басын изеп:

– Жол сіздікі, аға, – деп қолын ұсынды. Шоқанды бауырына құшақтай тартқан Ерден:

– Бұл қалай болғаны? Сен жассың. Келешек сенікі емес пе еді? – деді. Оған:

– Өмір болса, алда әлі талай сайлау өтер. Ал бұл жолы, өзіңізге айтқанымдай, менің денсаулығым сыр берді. Биліктің айтқаны болды. Көнбесең, көндіреді. Иілмесең, иілдіреді. Сіздің де алдыңызда ауыр сын тұр, аға, абай болыңыз. Құтты болсын! Сіздей аға тапқанымға қуандым. Менің жемісім де, жеңісім де сол. Мен соған қуаныштымын.

Шоқан мен Ерденнің жеке сөйлесіп кеткенінен секем алған губернатор көмекшісіне:

– Болыстарды түгел шақыр, – деді де, Ерденге арнайы бұрылып: – Міне, Ерден Сандыбайұлы, сіздің жақсы көретін ініңіз Шоқан Шыңғысұлының өз қолыменен «Денсаулығыма байланысты аға сұлтандық қызметтен бас тартамын» деген өтініші. Олай болса, сайлауды өткізу тәртібіне сай, екінші кандидат Ерден Сандыбайұлы Атбасар округінің аға сұлтаны қызметіне тағайындау туралы шығарған жарлығыма екеуіңіздің көз алдарыңызда салтанатты түрде қол қойып, мөр басамын. Келісесіздер ме?



– Ия.

– Ия.

– Онда, Ерден Сандыбайұлы, аға сұлтандық лауазымыңыз құтты болсын!

– Рақмет!

– Жүріңіздер, енді шақырған игі жақсыларға осы қуанышты жеткізейік. Ал, кәне, – дегенде, Шоқан:

– Мәртебелім, мен денсаулығыма байланысты ол жиналыстарыңызға да қатыса алмаймын. Кешірім етіңіз, – деп жалт бұрылып, өкшесін тық еткізіп, оның рұқсатына да қарамастан кете берді. Шоқанның осы бір шалт қимылына қарап сүйсінген ояз:

– Көрдіңіз бе, Шыңғыстың тұқымы бас игісі келмейді. Тік қалпын ұстап кетті. Өне, тектілік, – деп, оның ізіне қарап тұрып қалды.

Атбасарға қарайтын болыстар мен игі жақсылардың алдында генерал-губернатор аға сұлтандыққа Ерден Сандыбайұлының сайланғанын жариялап, өзінің жарлығын оқып шықты. Генералдың өзінен бастап құттықтаушылар бірінен соң бірі көңілдерін білдіріп: «Ұзағынан сүйіндірсін!» – дегенде де Ерден серпіліп, шешіліп кете алмады. Қанша жылы сөздер мен мақтаулардың бірде-бірі оның көңілін көтеруге қауқары жоқтай. Қайта «Құтты болсын» деген бір ауыз сөз жүрегін жаралап, жанына маза бермейтіндей. Әсіресе, Шоқанның: «Аға, бұларға сенбеңіз», – дегені құлағының түбінен ызылдап кетер емес.

Ояздың «Сайлаудың қорытындысына сай, аға сұлтандыққа Ерден Сандыбайұлы сайланды» дегені мұны әбден мазақ еткендей естілді. Әсілі, қандай шайқаста болса да ашық, әділ айқасты қалайтын Ерденді мына оқиға дәл осы жолы ұрлық жасағандай, жан-жағындағылар оны біліп тұрғандай жалтақтатып, жасытып жібергендей. Дәл қазіргі көңіліне салса, «Мә қызметтерің, алыңдар өздерің» деп, Шоқанға ұқсап шығып жүре бергісі де келді. Тек ондай қадамға елімен ақылдаспай, төрт босағаның пікірін естімей, өзімен-өзі жеке шеше салмайтыны ғана жолын бөгеп тұр. Әйтпесе, Шоқанның жасыған түрін көріп, «Жасқа



қиянат жасадым-ау» деген ойдан шыға алмай, шырғалаңы мен шиырлы жолда қиналғанын сыртқа сездіргісі келмегенімен де, ішкі қопарылысынан құтыла алар емес.

Жайшылықта да қасына еркін басып ешкім келе алмайтын Ерденнің мына түрін көргендер «Құтты болсынның» өзін кекештене, сескене, сасқалақтап, қалбалақтап, асыға айтып жатқандары да қабырғасына батады. Не болса да, қос Кеңгірге бір жетіп, Қадір би мен Шегірдің алдынан өтіп барып ой қорытуды қалаған көңілі оны асықтыра түсті.

Қаншама жылдан бері өзі келіп, ат басын тіреп жүрген үйдің егесі татар әйел мұны көрген бетте:

– Ерден мырза, құтты болсын! – деп алдынан жүгіре шыққанда, «Бұл қайдан естіп қойды? Менің өзім енді ғана біліп тұрғаным бұған жаңалық болмай қалыпты. Кім жүгіріп келіп айтып кетті?» деген сауал да алдынан кес-кестеп, кесе-көлденең тұрып алғандай. Оған рақметті тілінің ұшымен ғана айтып, тез арада ауылына аттанды.

Жолай ат басын тіреп түсетін татар әйелдің еңселі бес бөлмелі үйіне ең алғаш рет Ұлытау бекінісін салуға барғандардың ішіндегі татар молда бастап келгені түсті. Татарша мен қазақшаны судай сапырып, араластырып сөйлейтін молда:

– Ерден мырза, бұл – менің өте жақын қарындасымның үйі. Енді осында келген сайын, басқа жаққа бұрылмай, тура келіңіз. Сізді күтіп алады. Үйі таза, өзі адал. Сөзі жоқ. Күйеуі саудагер болатын, марқұм. Сібірге саудаға кетіп, оралмады. Балалары да болмады. Өзім қарайласып тұрамын. Бағаналының осындағы бекеті етсеңіз де болады, – деген.

Міне, содан бері Ұлытаудан кім келсе де, басқа жаққа мойын бұрмай, осында ат басын тірейді. «Артық сөзі жоқ татар келіншек өзінің аға сұлтан болғанын қайдан естіді?» деген сауал Ерденнің ойын онға бөлді. Ояздың алдынан шығып, ешкімге де бұрылмай, жан баласымен тілдеспедім дегенде татар әйел Рабиғаның «Құтты болсыны» көңіліне күдікті ұялатты.

Ел ішінде «Татар молда орыстың құпия қызметінде тыңшы екен» деген бір сыпсыңды құлағы шалған. «Мүмкін, кім біледі,



бұл да... – деді де, – жә, қойшы, көрерміз. Не болса да, қалай дегенде де аға сұлтан деген ат алдым. Ал оның өзіме не берерін, еліме одан қандай пайда боларын алдағы күн көрсетер. Алдымен дуанның орталығын Ұлытауға бір жеткізсем, кейінгісі одан кейін ойға оралар», – деп өзін-өзі жұбатып, Кеңгірдің бойына жеткенде еңсесі көтеріліп, жүзіне қан жүре бастады.

Қаракеңгірдің арнасынан асып, толқи аққанын бұрын-соңды байқамапты. Жаз бойғы үзбей жауған жаңбыр Кеңгірді кемеріне келтіріпті. Бозтұмсықтың бергі бетіндегі Қадір бидің ақ ордасына жеткенде әкесі Сандыбайдың шаңырағына жеткендей қуанды. «Келіп қалар-ау» деп күтіп отырған Қадір би қасындағылардың қолтықтауымен, қояр да қоймай аттан түсіп жатқан Ерденнің алдынан шықты.

* * *

Атбасардың аға сұлтаны болып Ерденнің сайлануының қуанышты хабарын «сүйіншілеп» жеткізген бағаналының жігіттеріне Шегір:

– Ұзағынан болсын! Сүйіншіге әрқайсыңа құлынды биеден бердім. Жылқыдан соғып алып кет, – деді.

Қуанышты хабар оны сергітті, көптен бері бүгін ғана төсегінен басын көтерген ол сүйемелдей бергендерге:

– Жә, болды. Жас балаша өбектей бермендер. Одан да сыртқа шығарындар, – дегенді айтты. Шегірдің көңілі көтерілгеніне қуанған інісі Байсеңгір:

– Аға, жылқыға барам десеңіз, ол жазықта жатыр. Жол ұзақтау болмай ма? – деп, ағасының сыртқа шыққысы келгеніне орай, «Денсаулығың көтере ме?» деген сауалды астарлап жеткізгендей болды. Оны Шегір де түсінді. Түсінді де:

– Сеңгіржан, онда ат ерттеп әуре болмай, көтеріп кете берсеңдер қайтеді, ә? Ол қалай? Қолдарыңнан келе ме, ә? – дегенді екпіндете айтқанда үні тұншығып, әр сөзді бөліп-бөліп, әрең-әрең жеткізді. Ағасының мінезіне қанық Байсеңгір:

– Жо, жоқ, аға, ат дайын. Жігіттер бірге барады, – деп жік-жаппар бола түскенде Шегір:



– Әй, Сеңгір, сен нені айтып тұрсың? Бағаналының біз күткен күні туып, Ерденжан аға сұлтан болды. Осындай қуанышты күні мен төсекте сартап болып жатқаным дұрыс па?

– Құдайға шүкір, бас көтердіңіз. Тұрдыңыз. Ал енді жүріңіз, – деп, оның оң жағынан демеп сыртқа беттегенде, алдарынан әлеңкедей жалаңдаған жігіттер:

– Көне, бермен қарай, – деп, ағалы-інілі екеуін қаумалап ала кетті.

Атқа мінгеніне қуанған би тізгінді қолына ұстап тұрып:

– Әй, әлгі Сеңгір, сен қайдасың? – деп дауыстады. Інісі:

– Оу, аға? – дегенде:

– Сен ермей-ақ қой. Мені мыналардың біреуі алып барар. Сен ауылда қал, – деді. Ағасының бұл сөзді неге айтқанын Сеңгір түсінбей қалды.

– Маған не тапсырайын дедіңіз? – дей бергенде, ол:

– О-о-ой, саған енді көп жұмыс қарап тұр. Біріншіден, әлгі Тіней Бұғыбайұлы Оразай ишанды алдыр. Ауылы онша алыста емес, білдің бе? Екіншіден, оң жаққа шымылдығымды құрғызып, төсекті қағып салдырып, ағаңды жайлап жатқызуға дайындала бер. Үшіншіден, әлгі інің Абайділдаға хабар жібер. Келсін. Содан кейін Қадір би мен Ерден де үлгерсе келер. Үлгермесе сәлем айтыңдар. Тағы не бар? Е, әлгі осыдан төрт-бес жыл бұрын Қайрақтөбеден әкелген үлкен қалақ тас есінде ме? Соны саған көрсеткен едім. Сол жерді шөп басып кеткен шығар. Тауып, белгілей бер. Ал мен кеттім, – деп, атын тебініп жүре бергенде Сеңгір оған «Бұл қалай, не деп кеттің?» дегенді айта алмай қалды.

«Обалының адырларын әрі өтіп, жазықта жатқан қалың жылқыға оң жағынан бастап, орала айналып шығайын», – дегенді ауылдан шыққанша үш-төрт рет айтқанын жадына сақтап қалған атқосшысы сол ретпен, аттың басын оңға бұрған.

Шегірдің қашаннан бері жылқы санауға шыққандағы әдеті – осы. Ол әлдекімдерге ұқсап, үйірлеп не бір-бірлеп санамайды. Жайылып жатқан қалыңды айналып өткенде-ақ оның қарасын анықтайды. Бір ғажабы, бір айналып шыққанда оның не көбейгенін, не азайғанын қолмен санап бергендей дәлме-дәл



айтып бергеніне, атқосшысы тұрмақ, бас жылқышы Жоламан-ның өзі: «Япырай-ай, – деп, талай рет басып шайқап, таңдайын тақ еткізген. Оң жақтан шығып, жорғалатып, қалыңның орта шенінен аса бергенде ат тұяғының дүбірін құлағы шалған Шегір:

– Біреулер келе жатыр ма? – деп сұрады. Даусы ап-анық. Атқосшысы кілт тоқтап:

– Ие, аға, келе жатыр, – деді. Шегір демін терең тартып тыныстады да, оған қарата:

– Келе жатқан кім болды екен? – деп, бұрынғы әдетінше ат үстінен алға мойнын соза ұмтыла қарады да, екі көзі де көрмей қалғаны ойына енді түскендей болып, орнына қайтадан отыра кетті. Бидің сұрағын атқосшысы жауапсыз қалдырмады.

– Келе жатқан – ұлыңыз Абайділда мырза, – деді.

– Ә, Абайділдажан ба? Ол не, жалғыз ба?

– Жо, жо, жоқ. Жалғыз емес.

– Қасындағысы кім?

– Қасында болғанда, ерінің алдына немереңізді мінгізіп алыпты.

– Қайсысын?

– Зілғараны.

– Ә, дұрыс екен. Ендеше солай қарай аттың басын бұр, – деді де, өзі атын тебініп қалды.

Әкесі ауырып, төсек тартып қалғаннан кейін көңіл сұрай келіп: «Енді қайтып атқа мініп жүре алмайсың. Осы көзің тірі тұрғанда мені төрт босағаның биі етіп, орныға көптің алдында белгілеп беріп кет», – дегенде, ол жұлып алғандай: «Жә, шыда, мен кеткеннен кейін анау Сандыбайдың Ердені сияқты әкенің орнына отырарсың. Оған асықпа. Әуелі мен өлейін. Сен көм. Со-сын орныма кел де, қозғалмай, малдасыңды құрып отыр. Кім саған тұр дер екен?» – деп, мұның сөзін құптамаған сыңай танытқан.

Сонда Абайділда: «Тағы да анау тоқалдан туған томар бас Ерденді алдыма көлденеңдетпе. Сол неменің қара сорпасын ішсем екен», – деп орнынан тұра бергенде, Шегір: «Шық, көзіме



көрінбе! Осы еркін есіріп отырғаның – сол Ерденнің ерлігінің арқасы. Әйтпесе, Қоқанның қойын бағып, жылқысын қайырып жүрер едің. Бар, шық! Көрінбе көзіме!» – деп, үйден қуып шыққандай жекіріп, жер-жебіріне жеткен.

Содан бері әкелі-балалы екеуі бетпе-бет жүздескен жоқ. Әкесі «Кел» демеген. Бұл бармаған. Енді, міне, көрмейсің бе құданың құдіретін. Айдалада, бірнеше мың жылқыны айналып келе жатып, екеуін кездестіргенге не дейсің? Әрі-сәрі ойға беріліп, «Не айтайын? Не дер екен?» деп көңілі қобалжыған Абайділда әкесінің тап алдына келіп қалғанын аңғармай да қалды.

Екі аттың маңдайы түйісер тұсқа тап келгенде Абайділда есін жиғандай болып:

– Ассалаумағалейкум! – деп дауысын көтере сәлем бергенде, әкесі:

– Ағалейкумассалам! Бұл қайсың? – деді. Танып тұрып сұрағанын білген Абайділда:

– Бұл мен, ұлың Абайділда ғой, – дегенде, оның сөзінің соңын күтпестен:

– Кім бар қасыңда, жалғызбысың? – деп үстемелете түсті. Баласы да саспады.

– Жалғыз емеспін.

– Е, кім бар сонда?

– Қасымда болғанда, немереңіз Зілғараны алдыма мінгізіп алып шыққанмын. Сол.

– Е-ей, шырақ. Баламды алдыма алып шықтым де, солай ма?

– Солай.

– Ой, шіркін, заман-ай, ә... Сені де біреу солай алдына мінгізіп алып жүрді ме екен, ә? Ой, заман-ай, ә? – деді де, әрі қарай оның сөзін күтпестен, атын тебініп жүре берді. Ал бидің сырына әбден жетік болған атқосшысы да жетекті тарта берді.

Әкесінің әлгі: «Ой, шіркін, Абайділдажан-ау, сені де біреу солай алдына мінгізіп алып жүрді ме екен?» – деген сөзі өн бойын езгілеп, жүрек тұсын оқ тигендей шымыр-шымыр еткізді. Есеңгіреп қанша тұрғаны белгісіз. Алдындағы ұлы: «Әке, жүрмейміз бе?» – дегенде селт етіп, ұйқысынан ояғандай болып:



«Апыр-ай, «Сені мен де анау ұлыңды алдыңа алғандай алып жүріп едім, енді сен де маған ұқсап, Зілғараның қабағына қарап қалармысың?» дегені ғой оның, қателік менен екен. Кешірім сұрайын», – деп, оның соңын ала, ауылға қарай атының басын бұра берді.

Абайдлда келгенде ауылдағылар абыр-сабыр болып, әбігерге түсіп жатқанының үстінен шықты. Жылқыны шолып, баласы мен немересіне жолығып, ауыл шетіне жеткенде атқосшыға:

– Тез жеткіз, – деп, ат үстінде теңселе бастаған. Астындағы күрең, су төгілмес жорғасына салып, бүлкілдеп-ақ келеді. Жүрістері өздеріне қанша қатты көрінгенімен де, сырт көзге сылбыр. Ауыл шетіне жеткенде Сеңгір:

– Алдынан шығындар, – деп жігіттерді жұмсап, өзі оның орнын және бір байқау үшін ішке кірді. Бидің өзі айтқандай, оң жаққа құрылған жібек ақ шымылдықтың бір жақ шетін жоғары түріп, ағасын жатқызуға ыңғайлана берді.

Атқа мініп жүргенді көтере алмады ма, әлде титықтатқан сырқаттың да әбден діңкелеткенінен бе, Шегір би аяқ-қолын созып, жайланып жатып, бірғауым сәттен кейін есін жиып, басын көтергісі келіп еді, оған шамасы келмеді. Байсеңгірдің арнайы шақыруымен келген Тіней Оразай ишан:

– Би аға, қалайсыз? – деп, еңкейе құлағын тосқанда, Шегір:

– Келдің бе? – деді. Ол:

– Ия, – дегенде, Шегір:

– Өзің аттандырарсың. Алланың қолында ғой. Сәл күткеніңе ренжіме, – деп, ишанның ұсынған қолының үстінен тарамыс қолымен сипап өтті. Оның мұнысы риза көңілінің белгісі екенін ишан да жылы қабылдап:

– Алланың айтқаны болар. Елдің тұтқасы, ақылшы ағасы болдыңыз. Алладан жеңілдік болар. Біздікі – тек тілек, – деп оның көңілін жайландырды. Ауру жанына батса да, сәл күлімсіреген би:

– Ризамын Аллаға, ризамын, – деп, көзі бардағыдай үйдің ішін бір сүзіп өткісі келгендей мойнын толғай бұрып, жан-жағына қарай берді.



Әкесін ғұмыр бойы «аға» деп, оған еркелеп, шалдың баласымын дегенді алға ұстап, ақылына бірде тоқтап, бірде жүре тыңдап өскен Абайдлда ауыл үстіндегі қарбаласты көріп, «Кешігіп қалдым ба?» деп жан ұшыра жеткенде іштен:

– Келді ме? – деген Шегірдің үні құлағына шалынды.

Құс жастыққа жауырынын тірей жатқан Шегірдің қасына келген бетте қос қолдап, оның алақанын сипай құлаған Абайдлданың:

– Әке, – дегенін естіген Шегір:

– Уай, бұл қай балам? – деді. Абайдлданың дауысын таныса да, әдейі «Уай, бұл кім?» дегеніне ол ренжіген жоқ.

– Әке, мен ғой, Абайдлдамын. Ес білгелі «аға» деп, шалдың бауырында өскендігімді алға ұстап едім, манағы «Сені де біреу алдына мінгізіп, алып жүрді ме?» дегеніңіз есімді жиғызды. Еркелікпен жіберген қателігімді кешір, әке. Тентектігімді де кешір. Әке, кешірдіңіз бе мені? – дегенде көзінен омырауына тырс-тырс тамған жастың дыбысын Шегір елден бұрын еститіндей:

– Ой, сен не, мен өлмей жатып жылайын дедің бе? Ал сен жыласаң, мынау ел не болмақ? Шаруаны кім атқарады? Өзің де елдің тұтқасы болып қалдың. Саған айтарым мынау. Ең алдымен біздің төрт босағаның беріктігіне ие бол. Ерденнің алдына да шықпа, соңында да қалма, қатарында аяғыңды тең басып жүр. Бағаналының бар баласын бөтенсітпей, беттен қақпай, бірлігін нығайт. Бұл – саған «әке» дегенің үшін берген аманатым. Соны орындасаң, менің ризалығымды алғаның. Қалғанын өмір өзі алдыңа тартар. Ұқтың ба? – деді.

Бидің сөзін тыңдап отырғанның біреуі де үн қатқан жоқ. Би екінші қайтара:

– Ұлым, естідің бе? – дегенде ғана Абайдлда:

– Әке, аманатың ауыр, атан түйе де тарта алмас. Қабыл алдым. Төрт босағаның босамауына жанымды саламын. Басқа не айтасыз? – дегенде, Шегір шалқалақтай беріп, оң қолының үш саусағын жоғары көтеріп, шошайтты. Манадан бері оң жағында отырған Оразай ишан жеңілдік дұғасын оқып, екі-үш рет бетіне



төніп, «суф-суф» деп дем салды да, әлден кейін ұзақ бір сүрені мүдірмей оқи берді.

Сүрені аяқтап, бидің тыныс алып жатқан танауына құлағын тосып, тағы бір қысқа сүрені қайырып болып, өзіне қарап отырғандарға: «Алла алдынан жарылқасын», – дегенді бөліп-бөліп айтты.

Әкесінің қадірін енді ғана білгендей, Абайділда өкіре жылап, оның кеудесіне бетін баса құлады.

* * *

Қадір биге Шоқанмен болған әңгімені айтып тауыса алмағандай, бірін айтып, біріне қайта түсіп, естігені мен көргені жөнінде сыр бөлген Ерденнің аға сұлтандыққа қызықпағанын пірі бірден байқады. Сөз ретіне орай:

– Ал ендігі ойың қалай? – дегенді де сұрап үлгерді. Ерден биге ашық айтты.

– Білем, Шоқанды билікке жолатпаған патша мені де көп ұзатпас. Сол үшін де дуанды Ұлытауға тез көшіріп, орналастыру. Осылай шығарда орынбасарым Көшекке «Көшті бастауды қолға ал» деп кеттім. Қайтып барысымен өзім бастап келемін. Осы жолы сізге жетуге асықтым. «Шегір бидің сырқаты бар» деп естігенмін. Барып қайтамыз ба? – дегенде Қадір би:

– Ертелетіп Обалыға қарай шығайық, – деп кесімді сөзін айтып, ендігі әңгімені ертеңге қалдыруға келісті.

Обалыдан келген хабаршының қаралы хабары Ерден мен Қадір бидің қабырғасын күйретіп кетті. «Ертең таң атсымен барып, көңілін сұрап, сәлем беріп қайтармыз» деген екеуі енді жаназаға жетуге асықты.

Әкесін соңғы сапарға шығарып салудың барлық жайын ойластырып, сырттан келетіндерге арнайы тігілген үйлерді өз көзімен көріп, аралап шыққан Абайділда «Қадір би мен Ерден келе жатыр» дегенді естіген бетте күтіп алудың қамына кірісті. Шегірдің өзінің ордасына ат басын тіреген билер Абайділдаға көңіл айтып, ендігі жайдың жағдайын сұрағанда:



– Ол өзі бәрін айтып кетті. Мен соны атқаруға тиіспін. «Қадір би мен Ерденге дұғай сәлем дегейсің» деді. «Артығым болса, қате кеткен жерім болса кешірсін» деді. Бұл – бір. Екінші, «Бағаналының төрт босағасының шегесі босамасын. Осыған ие болсын. Біздің орынды жоқтатпас жастар бар. Билікті енді солар алсын» дегенді ауызша айтып, ең соңында тілі сөзге келмей, маған үш саусағын жоғары көтере көрсетті. Онысы – «Үш жүзге сауын айт» дегені деп қабылдадым.

Абайдлда солай дегенде Қадір би:

– Оу, жалған дүние-ай! Бозжорға қайтпас жолға түскен екен. Алды ашық, тұрағы жайлы, иманы жолдас болсын. «Бозжорға» десе дегендей еді. Өтерінде де елдің бірлігін балаларға аманаттаған екен ғой. Ой, пай-пай-ай, Бозжорға-ай, енді сендей шешен, сендей көсем шығар ма екен арадан, шықпас па екен арадан? «Бір Алла өзі қолдаса, хан шығар» деген қарадан. Үмітімізді үзбейік кейін туған баладан. Бағаналы – басты орда, иісі қазақ санаған. Іні үлгі алушы еді ақылды артық ағадан. Құлазып қалдым мен қазір, қатарлас сыйлас дарадан. Ойхой, дүние-ай, кім кетпей жатар арадан? – дегенде омырауы жасқа толып, өксігі киіз үйдің түндігін көтеріп, желп-желп еткізгендей.

Қаншама жыл қиын-қыстау істерді бірігіп өткізген үзеңгілес жолдас, әрі інісі, әрі сыйласы, досы Шегірдің қазасы Қадірді де айдалада жападан-жалғыз қалдырғандай. Қадір бидің еңсесі түсіп, егілгені үй ішіндегілердің көңілдерін босатып, өксікті үнді ұлғайтып жіберді. Қақ ортада төңкерілген төбедей боп отырған Ерден сәл үнсіздіктен кейін:

– Биді қайда қоймақшысың? – деп Абайдлдадан сұрағанда, ол қысқа қайырды.

– Өзінің бұрыннан белгілеген жерінен үйі қазылып жатыр. Сол жерге қойылады. Алысқа апаруды қаламады, – деп, бұл істің де шешіліп қойғанын сездірді.

Қалың елдің қыруар шаруасын екі-ақ ауыз сөзбен бітірген, «Бозжорға» атанған Шегірдің намазына құлақ естіп, көз жетер жердегі игі жақсылар түгел келгенін көңіліне медет тұтқан Қадір би кетерінде Абайдлданы жеке шақырып алып:



– Шегірдің орнын жоқтатпа. Бағаналының бір босағасы еді ол, сен оны құлатпай, қолыңа ал. Өзіңе өзің келгеннен кейін бас қосып, бір кеңес өткізерміз. Дуанды Ұлытауға орналастырумен Ерденнің де қолы тимей жүр. Ол да оны бір жайлы етсін. Енді бұл жақтағы салмақ өзіңе түседі, – деп, алдағы жайдың мәнінен хабардар етіп өтті.

– Алла иманынан жарылқасын, – деп, атқа мініп, қоштасарда Ерден Абайділдаға қарады:

– Ау, Абайділда замандас, «Билікке жету үшін әкеміздің өлуін күтейік пе?» деуші едің. Әкең өлді. Кезің келді. Енді ел тізгінін қолыңа ал. «Әкенің ісі – елдің ісі» болатын. Мен мұны саған аға сұлтан ретінде арнайы тапсырамын. Аға сұлтан болғаннан бері алғашқы бұйрығым – осы. Ол – сені осы жерге ие еткенім. Ал Алла биге иман берсін. Кездескенше, – деді де, Абайділданың сөзінің соңын күтпестен, атын тебініп жүріп кетті.

Осы уақытқа дейін кісіге сөз жіберіп көрмеген Абайділда әлгінің «Билікке жету үшін әкеміздің өлуін күтейік пе?» деген өз сөзін көлденеңдете тартқанына: «Қап! – деп, санын бір соғып, – ой, Алла-ай, кісінікін кісіге жібермейді екенсің-ау. Ой, Алла-ай, не деген шебер едің?» – деп тұрған орнында сылқ етіп жерге отыра кетті.

Ғұмырында көзіне жас алып көрмеген Абайділда тұңғыш рет омырауына аққан жасты сүртпестен: «Қайран әке, жоқтығың енді осылай алдымнан шыға береді екен ғой...» – деп, екі иығы солқылдап, сезіміне ерік берді.

* * *

Атбасардың басындағы жалдамалы ағаш үйге келген Ерденнің бар ойы «Дуанды көшіру неге кешеуілдеп жатыр?» дегенге келіп тіреле берген. «Басқа шаруаның бәрін енді жиып тастап, таң атсымен көштің алдын Ұлытауға жіберермін» деп өзін-өзі қажағаныменен де, арғы жағында «Осыған бөгет болып жүрген біреулер де бар шығар. Ол кім екен? Оны да білу керек-ау» дегенді де есінен шығармады.



Қашан да өзіменен үнемі бірге жүретін Бозай шешенге де соңғы ойы жайлы айтып еді, ол:

– Батыр, кім сіздің алдыңызға түседі? Жанынан безген кім бар-ау осы күні? – деп күліп, – Еш нәрсеге де уайымдамай, Рәзияның дайындаған асын ішейік, – деп жымың-жымың етті.

Шынында да, Рәзияның асы тәтті әрі дәмді екен.

– Ерден батыр, арнайы сіз үшін асты өзім дайындадым. Міне, мынау бал қымызды өз қолыммен ұсынайын, – деп, бетінің майы кілкіген сап-сары қымызды еңкейе ұсынды. Асқа әсте қомағайланбайтын Ерден алдымен ауыз тигізіп, дәмін алып, Рәзияға қарағанда, ол:

– Ішіңіз, ішіңіз, өте жақсы қымыз, – деп, көзін ойнатып, қасын керіп, кербездене түсті. Ерден оның шын көңілмен ұсынған қымызын сарқып, түк қалдырмай жұтып салды.

Ертесіне кеңсені көшіру шаруасымен айналысқан Ерден Бозайды көп күткен жоқ. Ол тез оралды.

– Есік жабық екен. Рәзия үйінде жоқ. Күтеміз бе? – дегенде, Ерден:

– Жоқ, кеттік, – деп, үзеңгісіне шірене түсті. Ауылға қайтар қасқа жолға шыққаннан кейін де Ерден ойланып, «Ол татар қатын қайда кетеді? Қашып кетті деуге келмейді. Үйінен ұзап кетпейтін қатынның жоқ жерден жоғалуы қалай өзі?» деген сайын жон арқасы шымырлап, иығының үсті шаншып, екі табаны шоқ басқандай күйіп-жанып, бойы балбырай бастағанын байқады. Қасындағы Бозай оны бірден байқап:

– Батыр, не болды? – дегенде Ерден:

– Болары болды. Енді елге тез жетейік. Алла тілекті берді, – деді.

Дауысы бұрынғыдай емес, үні баяу шықты. Ат үстінде тік отыратын Ерденнің ер үстінде теңселіп, басы бір-екі рет екі иығына қарай бұлғақтағанын көзі шалған Бозайдың:

– Батыр! – деген ащы даусы даланы жаңғырықтыра шықты. Оның дауысын естіген соңындағылар жеделдете жүріп, қастарына келгенде Ерден өз бетінше ат үстінде отыра алмайтын халде еді.



Аяқ астынан не болғанын түсіне алмай тұрғандар оның атының да теңселіп, екі бүйірін солқылдай соғып, қос жанарынан жас тамып, аяқ алысы шатаса бастағанын байқады. Әлдебір оқыс оқиғаның болғанын білген Бозай:

– Тез елге жетейік. Кәне, батырды зембілге салып алып, жеделдетейік, – дегенде Ерден көзін ашып:

– Бозай, Бозай шешен, көрдің бе, Алла қалай әділ, ә? Мен баяғыда «Жасымды берсін» деген жүзге жеткен биге «Соның жартысы да жетеді. Жүзге келіп, түйенің қомына таңылғанша, өлгенім артық» деп едім. Көрдің бе, міне, елуден асқанда айта беретін жаққа аттанатын болдым. Мұны ешкімнен көрмендер. Алланың жібергені. Бәрібір жазалағанда Ерден енді қайтып тұрмайды. Сәлем айтыңдар елге, бағаналының бірлігі үшін аз атқардым ба, көп атқардым ба, білмеймін. Тек білерім, төрт босағаның беріктігі болды. Қалың елге, елім деген ерлерге сәлем деңдер. Бірлікке бекем болыңдар, – дей бергенде арғы жағынан бір толассыз келген ықылық сөзін аяқтауға мұрша бермеді.

Көз алдында сөніп бара жатқан қос жанарға қарай қалған Бозай жеңілдік дұғасын оқи берді. Бозайдың сыбызғыдай сызылған үніне бозторғайдың шырылы қосылып, тұтас дала өзгеше бір әуен, өзгеше бір күй төккендей. Бозай екінші қайтара дұғасын бастай бергенде Ерденнің демі үзіліп, қос жанары жұмылып, кеудесі бір көтеріле түсіп, басылды.

Атбасар мен Ұлытаудың арасындағы қара жолдың үстіндегі қаралы топ, «Енді қалай болады?» дегендей, Бозайға қайта-қайта қарай берді. Сол сәтте Бозай шешен Ерденнің көк жорғасының да анадай жерде теңкиіп құлап жатқанын көрді. Көк жорғаның езуінен жылымшықтанып аққан қан тамшылары көк шөпке тырс-тырс тамып жатыр. Сонда ғана Бозай аттың да ауыздығының уға суғарылғанын байқады. Алтынды ердің үзеңгісі де көгілдірленіп, түрін өзгертіп үлгеріпті.

– Е, татар қатынды жаулар жалдап алған екен. Үзеңгі мен ауыздықты да улапты. Ұзақ жолда у бойға тарап үлгергені осы болған екен, – деп, көк жорғаның адырайып жатқан жанарын жауып, – «Ер қанаты – ат» деген. Иесімен бірге кетті. Бұл да



болса Алланың берген белгісі шығар, – деп Кеңгірге қарай бет алды.

Ерденнің қайтыс болғаны жайлы сол күні-ақ қазақ даласына суық хабар тез жетті. Бастауын Ұлытаудан алатын Кеңгірдің бір бүйіріндегі Қарағанды сайдың басындағы құжынаған адамдарда есеп жоқ. Әр ауыл, әр ата өзінің үйін тігіп, сойысын асып, азаға келіпті. Шегірдің мазарын салдырып, сол жерде құрылыстың басында жүрген Абайділдаға шауып келген ауыл жігіті:

– Абайділда аға, Ерден өлді. Өлді Ерден! – деп ентіге сөйлеп, екілене жеткен. Онысы Абайділданың әлгі «Әй, осы Ерденнің қара сорпасын ішсем» деген сөзін естігеннің біреуі екенін бірден байқаған Абайділда:

– Ұстандар ананы! – деді де, құрылыстың басындағы қос жетекті көк арбаға байлатып: – Мынаған жиырма бес дүре соғындар. Бейбастақ неме, Ерденнің өлгеніне қуанған екен. Алсын сыбағасын, – деді де, – ал орны толмас қазаға барайық. Қысырақтың үйірін айдаңдар. Менімен бірге бір-екеуің еріңдер. Қалғаның батаның жүгін алып жетерсіңдер, – деп, айқасқаның шылбырын қолына алып, біраз жер жүріп барып, оң жақ қапталынан «Әуп» деп көтеріле мініп, Қарағанды сайға тіке тартты. Оның соңынан ергендер де қалысар емес.

Қарағанды сайға келгенде Ерденнің ауылының о шеті мен бұл шетіне көз жетпестей тігілген ақ шаңқан үйлердің арасынан ордасын табу да оңай емес. Тек кең далаға Ерденді жоқтаған жеке дауыс елден ерек естіледі. Келген бетте атының тізгінін тартпастан, ас дайындалып жатқан ошақтың қасына тіке келіп, кілт тоқтаған Абайділданың бұл қылығын көп адам түсінбей қалғандай. Атын ентелете келіп, қазан басындағы жігітке қарата:

– Әкел, ана қара сорпадан бір ұрттайын. Сертім бар еді, – деді. Оның сөзін жерге тастағысы келмеген жігіт ағаш ожаумен ыстық сорпаны іліп алып, оған ұсынды. Сабы ұзын ағаш ожауды қолына алып тұрып Абайділда көпшілікке естірте:

– Е, Алла, менің тілеген тілегім көп еді ғой. Соның ішінде дәл осы «Ерденнің қара сорпасын ішсем» дегенді қалай ғана қабыл ете қалдың екен? Ашу үстіндегі тілекті де тыс қалдырмағаның



ба? Елге керек ерімнен айырдың. Қайыспас, қайтпас, бүгілмес белімнен айырдың. Бағаналының бірлігі үшін жанын да, жолын да аямаған ардағым, иманың жолдас болсын! Е, құдіреті шексіз Алла. Күшің мол, енді бір тілегімді бер. Ерденіңдей ерге иман бер. Еліме береке-бірлік бер, – деп ыстық сорпаны сораптай бергенде көзінен аққан ащы жас оған тырс-тырс етіп тамып жатты.

* * *

Бұрыннан да кісіге аса көп ашыла қоймайтын Қадір би Ерденнің қазасынан кейін сөзден мүлде қалғандай. Ешкімге де тіс жарып, ештеңе де демейді. Ат басын тіреп, арнайы сәлем бере келгендердің де бәріне бірдей ақтарылмайды. Көбіне-көп өзімен өзі тұйықталып, қаумалаған қалың ойға беріліп, өткеніне көз жүгіртіп, жүріп өткен жолына қарайлай беретіндей. Сондайда есейген шағындағыдан да кішкентай ойын баласы кезіндегілері көз алдына орала береді. Бірде әкесі Түрікпенбайдың алдына жүгіріп келген бетте тізесіне отыра қалып:

– Мені неге аналар «Қара бала», «Қара бала» дей береді? Мені апам «Әппағым», «Әппағым» дейді. Мен не, қап-қарамын ба? – деп, аузы томпайып, жыламсырай айтқаны бар. Сонда әкесі мырс етіп бір күліп алып, мұрнының ұшынан бір шөкіп:

– Жо, жоқ. Сен әппақсың. Анаң дұрыс айтқан, – дегенде, бұл шыдамай:

– Онда неге қара дейді? – деп қайталап сұраған.

– Қара дегені сенің түріңе айтылған емес.

– Енді неге айтылған?

– Ол – ұзақтау әңгіме, айтайын, ойыңда жүрсін.

– Ал тыңдадым.

– Ол сен тумай тұрғанда айтылған. Менің әкем Өтебай – Орта жүзге билік айтқан үлкен би болған кісі. Дәулетті. Байлығы басынан асқан. Алты ай қыс, алты ай жазда көшіп-қонып, мал мен жанын баққан. Сол кездің үрдісі бойынша, бір жолғы көште өзбек байының көшімен тау етегінде бетпе-бет кездесіп, тікетірес



болып қалады. Өзбектер де – бай. Өзбек байының көшіндегі мес-мес қымыз, айран көзге бірден түседі. Қатарласа келгенде атаңның қасындағы бір жігіт шыдамай, өзбектердің бір-екі месін қылышпен тіліп жіберіп, аттан секіріп түсіп, местен төгілген айранды жата қалып жалай бастайды. Мұны көрген бабаң «Әй, тұр былай, артымызға сөз ерттің-ау сен» дейді. Шынында да, содан бері сол көштегілерді былайғы ел «Тас жалаған қара бала» деп атап кетеді. Әйтпесе, атамыз Сары Аталықтың он екі қатынынан туған ұлдардан тоғыз рулы ел тарайды. Мұны біліп жүр, – деп, желкесінен иіскеп-иіскеп: – Ал бар енді, «қара бала», – деген.

– Күні ертең сен де «Қарабала Қадір би» атансаң, атаңның бізге артқан аманатын орындағаның болар. «Қарабала» десе, атаң еске түсер. Атаң есіңе түссе, аманатың есіңде жүрер. Бар, ойнай ғой, – дегенде, бұл кәдімгідей-ақ есейіп кеткендей сезінген.

Ат жалын тартып мінгеннен бері әлдебіреу, қатарластары «Қадір би» десе, атасы Өтебайдың өзі айтып тұрғандай арқаланып, айбары асып, мерейлене қалатын. Соның бәрі енді, міне, елес пе, түс пе, көз ұшында ойнаған сағымдай сырғып, сусып барады. «Бағаналының басын қосып, бүтін билікті тең ұстаған билердің қиын-қыстау күндерді бастан өткергені кейінгілерге ертегідей естілер-ау...» дегенде жүрегі шаншып, көзінен парлап жас ағатынын қайтерсің?

Бұрынғыдай билікке араласпаса да, «Бөленше солай депті, анау ананы айтыпты» дегенді құлағы шалып қалады. Естиді де: «Е, шіркін, бізден кейінгілердің күні не болар?» – деп іштей күбірлейді. Бірақ онысын сыртқа шығарғысы да келмейді. Бағаналының бар баласын тең көрген, төрт босағаның теңдігін сақтаған Бабыр мен Шегірдің, ұранға шыққан Сандыбайдың, ерлігін елге танытқан Ерденнің бар істі бауырмалдыққа жұмылдырғанын есіне түсіріп: «Паһ, шіркіндерім-ай!» – деп егіледі.

Әсіресе, Ерден: «Би аға, анау Арзықұл мен Қадірқұлды Қаражыландыда атып кеткен орысты таптым. Оларды аттырған, болжағанымыздай, Қоңырқұлжа екен. Әттең, ауылын шауып,



басын кесіп әкелейін деп едім. Дінсіз неме өліп кетіпті. Өлтірген орыстың басын шаптым», – дегенде бұл: «Өтті, кетті, қайтесің? Жазасын Алла берсін», – деген.

Ел үшін ештеңеден тайынбайтын сол Ерден де өтті. Оның құнын енді кімнен, кім сұрайды? Бағаналының ендігі бас көтерері кім? Өнебір жолы билікті қолына алған Жолдыаяқ: «Аға, бағаналының төрт босағасын енді кім ұстайды? Ел ішінде әңгіме гу-гу. Әрқайсысы «Мен, мен» деп кеуде қағатындар біріне бірі қарайласа қояр ма? Бір бағаналыны төртке бөлгісі келетіндерді не істейміз?» – дегенде бұл ойланып қалған. Содан бері сол сөз көкейінде тұр. Кетпейді. Тек кешеден бері ғана «Ел болса, оны қорғайтын ер де болады» деген бабасы Өтебайдың сөзі ойына оралып, еңсесін тіктеді.

– «Елдің қорғаны – ері, ердің тірегі – елі» деген Кетбұқа бабамыздан бері кетілмей келе жатқан бақан таңбалы бағаналының ендігі тірлігі – татулығында, бірлігінде. Біріккен елдің берекесі бар. Былайғы жұрт бізді бөлмей, «бағаналылар» деуші еді. Енді екі ұрықты, екі рулы, жағымпаз, жылпостар шөре-шөре болғысы келсе, оны да орнына қояр, біздің ісімізді әрі қарай жалғар ұрпақ табылар. Бақан көтерген шаңырақ құламас.

Бағаналының болашағы – үлбіреп өскен ұл-қызда. Бірлігімізді бұзбай, түтінімізді түзу ұшыру – ұрпаққа үлкен аманат. Бізге берген баба аманатын алып жүрер ұрпақ бар. Шүкір, – деп төубасын және бір жаңалаған Қадір би өзіне қарай келе жатқан немересі Шауышкелдің:

– Ата, – деген сөзін естіп:

– Балам, – деді.

Ол кілт тоқтап:

– Әу, ата? – дегенде:

– Біздің төккен теріміз, аққан қанымыз осы бағаналының төрт босағасын бекітуге бағытталды. Сол іс – енді сендерге аманат. Соны айтайын деп едім, – дегенде немересі:



– Білем, ата, білемін. Аманат жүгін бағаналының төрт босағасы түгел теңдей көтерер. Оған алаң болмаңыз, – деп жақындай берді. Қадір бидің көзінен аққан жасты көріп:


– Ата! – деп құшақтай алды.

Немересінің құшағында тұрған Қадір би:

– Аллаға шүкір, – деп күбірлей берді.

Соңы

Ұлытау – Жезқазған



МАЗМҰНЫ

Бірінші тарау

Бақан таңбалы ел3

Екінші тарау

Бағаналы – басты орда195

*Роман «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС-ның қолдауымен,
«Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық бірлестігінің
тапсырысымен жазылып, кітап болып шықты*

Батырбек МЫРЗАБЕКОВ

АМАНАТ

Роман



*Редакторлары Ғазиз Ештанәев, Қуат Құрмансейіт
Техникалық редакторы Ақбота Жан
Көркемдеуші редакторы Вячеслав Козлов
Корректорлары Айман Иманғалиева, Маржан Абсалықова*

Басуға 03.08.2020 қол қойылды.
Пішімі 60x90 $\frac{1}{16}$, Қағазы офсеттік.
Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 24,0.
Тапсырыс №18. Таралымы 2000 дана.

«Кәусар» баспасы.
010000. Нұр-Сұлтан қаласы.
Мәскеу көшесі, 40. 220-офис.
Тел.: 8 776 198 63 51; 8 777 323 25 47; 8 776 191 69 98